



РУХАНИ  
ЖАҢҒЫРУ

ЖАНА ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМ.  
ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ  
100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ

# ТАРИХИ БІЛІМ ТАРИХЫ



Л.П. Репина  
В.В. Зверева  
М.Ю. Парамонова



---

«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық»  
жобасы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті –  
Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен  
«Рухани жаңғыру» мемлекеттік  
бағдарламасы аясында  
іске асырылды

Л.П. Репина  
В.В. Зверева  
М.Ю. Парамонова

# ИСТОРИЯ ИСТОРИЧЕСКОГО ЗНАНИЯ

УЧЕБНИК ДЛЯ АКАДЕМИЧЕСКОГО БАКАЛАВРИАТА

Под общей редакцией Л.П. Репиной

4-е издание

Л.П. Репина  
В.В. Зверева  
М.Ю. Парамонова

# ТАРИХИ БІЛІМ ТАРИХЫ

АКАДЕМИЯЛЫҚ БАКАЛАВРИАТҚА АРНАЛҒАН ОҚУЛЫҚ

Жалпы редакциясын басқарған Л.П. Репина

4-басылым

«Жаңа гуманитарлық білім.  
Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық»  
жобасының редакциялық алқасы:

Редакция алқасы:	
Төраға	<i>Көшербаев Қ.Е.</i>
Төрағаның орынбасары	<i>Аймағамбетов А.Қ.</i>
Жауапты хатшы	<i>Кенжеханұлы Р.</i>
Редакция алқасының мүшелері:	<i>Жаманбалаева Ш.Е. Күреңкеева Г.Т. Қарин Е.Т. Құлсариева А.Т. Құрманбайұлы Ш. Масалимова Ә.Р. Мұтанов Ғ.М. Нұрмұратов С.Е. Нұрышева Ғ.Ж. Раев Д.С. Саңғылбаев О.С. Сеңгірбай М.Ж. Сыдықов Е.Б.</i>

Кітапты басуға әзірлеген  
«Ұлттық аударма бюросы»  
қоғамдық қоры

Бас редактор	<i>Сеңгірбай М.Ж., саясаттану бойынша философия докторы (PhD)</i>
Аудармашы	<i>Ұстағалиев Е.Ұ., тарих ғылымдарының магистрі</i>
Әдеби редактор	<i>Мұхамедиев Д.Б., филология ғылымдарының кандидаты</i>
Ғылыми редактор	<i>Көкебаева Г.К., тарих ғылымдарының докторы, профессор</i>
Жауапты шығарушы	<i>Мұхамедиев Д.Б.</i>
Пікір жазғандар	<i>Әбжанов Х.М., тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі; Сманова А.М., тарих ғылымдарының кандидаты, доцент</i>

Абай атындағы ҚазҰПУ тарих және құқық институты  
әлем тарихы кафедрасында ғылыми талқылаудан өтті.

**Р 41** Репина Л.П., Зверева В.В., Парамонова М.Ю.

**Тарихи білім тарихы.** Академиялық бакалавриатқа арналған оқулық, 4-басылым. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020. – 236 бет.

ISBN 978-601-7943-79-0

Кітапта архаикалық дәуірден біздің заманымызға дейінгі тарихи сананың қалыптасуы мен тарихи ойдың эволюциясы, тарихи білімнің кәсібилену процесі, оның ғылым пәні ретінде орнығуы кешенді түрде қарастырылып, тарихнама бойынша негізгі мектептер мен бағыттардың сипаттамасы беріледі әрі тарихты зерттеудің мәселелері, әдіснамасы, пәні мен міндеттерін түсінудегі өзгерістер жан-жақты зерделенеді. Бұған қоса еңбекте өткенді қабылдаудың түрлі формалары, тәсілдері мен деңгейлері, әртүрлі дәуірлердегі тарихи ой өкілдерінің концепциялары, орыс және шетел тарихшыларының әйгілі туындылары, тарихи білімнің табиғаты, шынайылық критерийлері, ғылыми және қоғамдық мәртебесі туралы заманауи пікірталастар талданады.

Оқулық жоғары оқу орындарындағы тарих факультетінің студенттеріне, магистранттары мен докторанттарына, оқытушыларға және тарихқа қызығатын жалпы оқырман қауымға арналған.

ӘОЖ 94 (574)  
КБЖ 63.3 (5 қаз.)

ISBN 978-601-7943-79-0

© Репина Л.П., Зверева В.В., Парамонова М.Ю., 2006  
© Репина Л.П., Зверева В.В., Парамонова М.Ю., 2012,  
с изменениями  
© ООО «Издательство Юрайт», 2018  
© «Ұлттық аударма бюросы» ҚҚ, 2020



*...Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу.*

*Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады.*

*Біз алдағы бірнеше жылда гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты әртүрлі тілден қазақ тіліне аударып, жастарға дүниежүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасаймыз.*

*Жаңа мамандар ашықтық, прагматизм мен бәсекелестікке қабілет сияқты сананы жаңғыртудың негізгі қағидаларын қоғамда орнықтыратын басты күшке айналады. Осылайша болашақтың негізі білім ордаларының аудиторияларында қаланады...*

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы  
Н.Ә. Назарбаевтың

**«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты еңбегінен**



# МАЗМҰНЫ

<i>АЛҒЫ СӨЗ</i> .....	10
<i>КІРІСПЕ</i> .....	11
<b>БІРІНШІ ТАРАУ. ТАРИХ ДЕГЕН НЕ?</b> .....	<b>14</b>
Терминдер мен проблемалар .....	14
Тарихи сана және тарихи жады .....	16
Тарихи жады және ұмытылу .....	16
Тарихи жады және өткенді пайымдау .....	18
Тарихи жады және тарихи факт .....	20
Тарихи сана және тарих ғылымы.....	22
Тарихи білімнің объективтілігі мен шынайылығы .....	22
Тарих айрықша және дара құбылыстар туралы ғылым ретінде .....	27
Тарих және әлеуметтік теория.....	29
<b>ЕКІНШІ ТАРАУ. ТАРИХ ҚАЛАЙ ЖАЗЫЛАДЫ?</b> .....	<b>33</b>
Тарихи дерек .....	33
Оқиға және факт .....	36
Хронология және кезеңдеу.....	38
Жалпы тарих.....	41
Тарих және әдебиет.....	44
<b>ҮШІНШІ ТАРАУ. АНТИКАЛЫҚ ТАРИХНАМА:</b> <b>ТАРИХИ БІЛІМНІҢ ПАЙДА БОЛУЫ</b> .....	<b>47</b>
Жаңа білімнің бастауы .....	47
Геродот – Еуропа тарихының атасы .....	48
Фукидид: тарих көзкөргеннің баяны ретінде .....	51
Эллинизм дәуіріндегі грек тарихнамасы .....	54
Рим тарихи шығармаларындағы грек мұрасы .....	57
Дүниежүзі тарихының жанры .....	60
Ерте империяның тарихшылары .....	63
Антикалық дәстүрдің құлдырауы .....	65
Антикалық тарихи сана және тарихты жазу .....	67
<b>ТӨРТІНШІ ТАРАУ. ОРТА ҒАСЫР ТАРИХНАМАСЫ</b> .....	<b>69</b>
Тарихтың христиандық концепциясы .....	69
Тарихи уақыттың ортағасырлық концепциясы .....	72
Ортағасырлық тарихшы еңбегінің пәні мен әдістері .....	75

Орта ғасыр тарихшылары және олардың аудиториясы .....	79
Қайта өрлеу дәуірінің гуманистік тарихнамасы .....	85
Антикалық дәуір Қайта өрлеудің тарихи санасы мен тарихнамасында .....	85
Тарихи сананың зайырлануы және тарихи сынның тәсілдері .....	89
Византиялық тарихнама .....	94
Ежелгі орыс тарихи шығармалары (XI–XVII ғасырлар) .....	101
<b>БЕСІНШІ ТАРАУ. ЕРТЕ ЖАҢА ДӘУІРДЕГІ ТАРИХИ БІЛІМ .....</b>	<b>106</b>
Ғылыми революция және XVII ғасырдағы тарихи білім .....	106
Ағарту дәуіріндегі «философиялық тарих» .....	112
Прогресс және тарихи циклдер теориялары .....	118
«Философиялық тарих»: тарих жазу тәжірибелері .....	122
<b>АЛТЫНШЫ ТАРАУ. XIX ҒАСЫРДЫҢ ТАРИХШЫЛАРЫ МЕН ФИЛОСОФТАРЫ: ӨТКЕН ТАРИХ ТУРАЛЫ ТҮСІНІКТЕР .....</b>	<b>130</b>
Романтизмнің тарихи мәдениеті .....	130
Романтикалық тарихнаманың бағыттары .....	135
XIX ғасырдың бірінші жартысындағы философиялық жүйелердегі тарихи процестің интерпретациясы .....	140
XIX ғасырдың екінші жартысындағы философиялық жүйелердегі тарихи процестің интерпретациясы .....	144
<b>ЖЕТІНШІ ТАРАУ. XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ МЕН XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ТАРИХИ ОЙ ЖӘНЕ КӘСІБИ ТАРИХНАМА .....</b>	<b>149</b>
Позитивизм және ғылыми тарих .....	150
Тарихнамалық мектептердің қалыптасуы .....	154
Тарихтың пәні мен мәртебесі туралы пікірталастар .....	156
Ресей тарихнамасы және «орыс тарихи мектебі» .....	161
Ғылыми зерттеудің сыни әдісі мен принциптері .....	167
<b>СЕГІЗІНШІ ТАРАУ. XX ҒАСЫРДАҒЫ ТАРИХ: ТАРИХИ ТАНЫМДАҒЫ ДАҒДАРЫСТАР МЕН РЕВОЛЮЦИЯЛАР .....</b>	<b>172</b>
Тарихи білімнің салыстырмалығы .....	173
Экономикалық тарих .....	178
Өткенді зерттеуге өркениеттік және мәдени-тарихи тұрғыдан қарау .....	181
«Идеологияның қызметшісі» .....	183



«Тарих үшін шайқас». Тарих мәселесі .....	187
«Жаңа тарих ғылымы» .....	189
Әлеуметтік тарих және тарихи антропология .....	191
«Жаңа жергілікті тарих» және микротарих .....	197
<b>ТОҒЫЗЫНШЫ ТАРАУ. МЫҢЖЫЛДЫҚТАР ТОҒЫСЫНДА: ЖАҢА МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ЖАҢА ТӘСІЛДЕР .....</b>	<b>199</b>
Әлеуметтік тарихтан әлеуметтік-мәдени тарихқа дейін .....	199
Гендерлік тарих деген не? .....	208
Тарихи биография және «жаңа биографиялық тарих».....	214
Қазіргі интеллектуалдық тарих: мәселелері және перспективалары .....	217
<i>ҚОРЫТЫНДЫ</i> .....	224
<i>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР</i> .....	228

# АЛҒЫ СӨЗ

Оқу құралында тарихи білімнің ғылыми пән ретінде қалыптасуы мен даму эволюциясы сипатталған. Оқырмандар тарихи дамуға қатысты өткенді тану мен қабылдаудың әртүрлі формаларымен танысады. Сонымен қатар қоғамда тарихтың алатын орны туралы қазіргі пікірталастар мен тарихи ой тарихының өзекті мәселелерін жан-жақты зерделеп, тарихи жазбаның түрлі формаларының ерекшеліктері, зерттеу жүргізу ұстанымдарының пайда болуы, таралуы және ауысуы, тарихтың академиялық ғылым ретінде қалыптасуы мен даму жолдары жөнінде мол мағлұмат алады.

Бүгінгі таңда тарихнама тарихының пәні, тарихи-тарихнамалық талдау моделі мен пәннің мәртебесі туралы көзқарастар айтарлықтай өзгерді. Проблема-лық тарихнама кейінге ығыстырылып, тарихи білімнің әлеуметтік-мәдени бағыттағы қызметі мен өзгерістерін зерттеуге баса назар аударылды. Оқу құралы қоғамның дамуы барысында мәдени және әлеуметтік ұйымдастыру түрлерінің негізгі ерекшеліктерімен байланыста бола отырып, өткенді тану формасының қалай өзгергенін көрсетеді.

Оқу құралы ежелгі өркениеттер мәдениетінің түп негізінен бастап қазіргі күнге дейінгі (XX–XXI) тарихи білімнің дамуын сипаттайтын тоғыз тараудан тұрады. Тарихтың өзге де білім салаларымен қарым-қатынасына, тарихи дамудың кең таралған концептуалдық модельдеріне, тарихи деректерді талдау принциптеріне, тарихтың әлеуметтік қызметіне, тарихи білімнің ерекшеліктеріне назар аударылады.

Оқу құралында ұсынылған эмпирикалық материалдарды, ғылыми-тарихнамалық талдау әдістерін, негізгі ұғымдарын, категорияларын, өткен дәуір мен қазіргі кезеңнің алдыңғы қатарлы тарихшыларының айрықша тұжырымдары мен әдіснамалық принциптерін меңгеру зерттеу әдістері мен оның нәтижелерін бағалауға қатысты болашақ тарихшылардың сыни тұрғыдан ойлау жүйесі мен кәсіби этикасын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Пәнді зерделеу нәтижесінде студент тарихи ойдың түрлі бағыттарына, тарихи зерттеулердің алуан түрлі мәселелері мен модельдерін түсіне білуге; тарихи білімнің әртүрлі саласындағы теориялық және әдіснамалық мәселелер төңірегіндегі пікірталастарды талдай білуге; эвристикалық әрі түсіндірмелік әлеуетті, дәлелдік негізді, дәлелдеме жүйесін салыстыру мен өзара бәсеке жолындағы тарихи тұжырымдардың ғылымға қосқан үлесіне баға бере алуға; нақтылы-тарихи және теориялық-әдіснамалық мәселелер төңірегіндегі талқылауларда өзінің ұстанымын қалыптастыра білу мен оны негіздей алуға тиісті.

# КІРІСПЕ

Оқу құралы «Тарих ғылымының тарихы» немесе, нақтырақ айтсақ, «Тарихи білім тарихы» оқу курсының негізінде құрастырылды. Оның мазмұны тарихи танымның табиғаты мен міндеттерін қазіргі көзқарас тұрғысында түсінумен анықталады.

Курстың әдіснамалық негіздемесі гуманитарлық білімнің табиғаты жөніндегі пікірталастар барысында ұсынылған бірқатар идеялармен анықталып отыр.

Біріншіден, бұл – тарихи зерттеулердегі шынайылық пен нақтылық критерийлерінің салыстырмалығын және тарихи танымның ерекшеліктерін көрсету. Тарихи білімнің салыстырмалылығы бірқатар факторлармен, атап айтсақ, тарихи зерттеудің негізгі үш құрамының: тарихи факті, тарихи дерек пен тарихи зерттеу әдістерінің маңыздылығымен айқындалады. Зерттеуші өткен кезең туралы «объективті шындықты» анықтауға тырыса отырып, өзінің «субъективтілігінің», сондай-ақ рационал талдау әдісінен өткізген дәлелдердің «субъективтілігінің» тұтқынына айналады. Тарихи білімнің шегі мен мүмкіндіктері сақталған деректердің толық еместігімен, дерек мәліметтеріндегі ақиқаттың зерттеу дәуірінің шынайы бейнесін ашып көрсететініне кепілдіктің болмауымен және зерттеушінің интеллектуалдық білік дағдыларымен сипатталады. Тарихшы өткен оқиғаны түсіндіру мен оны қалпына келтіру барысында үнемі еріксіз немесе ерікті түрде субъективті болады: кез келген интеллектуалдық модельдерді, жеке қалауы мен субъективті таңдауын басшылыққа алып, өз дәуірінің концептуалдық әрі идеологиялық құрылымын басты назарда ұстай отырып, оқиғаны түсіндіреді. Сонымен тарихи білім ұсынған өткен кезеңнің бейнесі әр уақытта субъективтілігімен, толық еместігімен және салыстырмалы шынайылығымен ерекшеленеді. Шектеулі екенінді мойындау тарихи білімнің өзіндік әдісі мен тілін қалыптастырып, оның әлеуметтік маңызға ие болуына кедергі жасамайды.

Екіншіден, тарихи зерттеудің пәні мен әдістерінің, яғни жалпы тарихи білімнің өзіндік ерекшелігі аса маңызды болып саналады. Тарих ғылымының қалыптасу процесінде зерттеудің нысаны мен әдістері туралы түсініктердің айтарлықтай өзгеріске ұшырағаны белгілі. Тарихи зерттеулердің қазіргі таңдағы тәжірибесі тек өзінің зерделеу алаңының кеңістігін ғана емес, өткен кезеңнің құбылыстарын пайымдау мен оларды түсіндірудің әртүрлі тәсілдерінің мүмкіндігін де мойындайды. Тарих мемлекеттік құрылымдардың даму сатыларын көрсететін, жеке фактілердің арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды анықтайтын, саяси маңызы бар оқиғаларды зерттеуді басты мақсатына айналдырған эмпирикалық ғылымның деңгейінен қоғамның даму динамикасын зерттейтін пәнге айналды. Тарихшы назарында елдің шаруашылық және саяси өмірінен жеке тұлғаның өмір сүру мәселесіне дейінгі, ауа райының өзгерісінен әлем туралы адамдардың түсінік-танымын анықтауға дейінгі құбылыстың ауқымды кеңістігі қамтылған. Оқиғалар, адамдардың мінез-құлық модельдері, олардың ұстанымдары мен мотивациялық құндылықтарының жүйесі зерттеу нысаны болып саналады. Заманауи тарих – оқиғалардың, процестер мен құрылымдардың, адамның жеке өмірінің тарихы. Зерттеу алаңының осыған ұқсас әртараптандырылуы нақты зерттеу бағыттарының таңдауларына тәуелді емес, *тарихи білімнің*

нысаны көзқарас пен қатынас тұрғысынан қарастыруға болатын, табиғаты мен мінез-құлқы әр алуан және әртүрлі адаммен байланысты. Тарих жаңа дәуірдегі барлық гуманитарлық пәндердің арасында анағұрлым әмбебап әрі ауқымды сала болып шықты, оның дамуы әлеуметтану, психология, экономика және басқа да ғылыми білімнің жаңа бағыттарының қалыптасуымен қатар жүрді. Бірақ олардың әдістері мен мәселелерін өзінің міндеттеріне бейімдеумен де байланысты болды. Тарихи білімнің ауқымы кең болғандықтан, оның өзіндік ғылыми пән ретіндегі өміршеңдігіне зерттеушілердің күмәнмен қарауы – қалыпты жағдай. *Тарих мазмұны жағынан да, формасы бойынша да өзге ғылыми салалармен (география, халықтарды сипаттау т.б.) және әдеби жанрлармен тығыз байланыса отырып қалыптасты; ерекше пән ретінде қалыптасқан ол қайтадан пәнаралық өзара байланыстардың жүйесіне енді.*

Үшіншіден, тарихи білім қалыптасқан уақытынан бері ешқашан нағыз академиялық немесе интеллектуалдық құбылыс болған емес. Тарихи білімнің қызметі әлеуметтік сана мен әлеуметтік тәжірибенің маңызды салаларын қамтитын кең қоғамдық ауқымымен ерекшеленеді. Қоғамның өзекті мәселелері тарихи білімге және өткенге деген қызығушылықты тудырып отырды. Сондықтан жас ұрпақ өткеннің бейнесін қалпына келтіруден гөрі, оны жасаумен көбірек айналысады, олар осылайша алдыңғы буын өкілдерінің іс-әрекетіне оң немесе теріс баға беріп, жеке шешімдері мен өзіндік әрекеттерін негіздейді. Қазіргі кезеңнің саяси және әлеуметтік тәжірибесінде үстем болып отырған идеологиялық құрылымдар мен схемаларды өткен дәуірлерге анахрондық тұрғыдан ауыстыру өткеннің бейнесін өзектілендірудің ең шектен шыққан формасы болып саналады. Тек өткен тарих қана идеологиялар мен анахронизмнің құрбанына айналып жатқан жоқ, сонымен бірге бүгінгі күннің өзі де белгілі бір дәрежеде өз тарихының көрсетілген бейнесіне тәуелді. Қоғамға «шежіре» мен маңызды тәжірибе ретінде ұсынылатын тарихи көрініс – әлеуметтік санаға ықпал ететін қуатты құралдың бірі. Социумда үстемдік ететін өзінің өткен тарихи жолына қатысты көзқарас оның өзі туралы түсінігін және болашақтағы міндеттерін білуді анықтайды. Осылайша тарих немесе өткеннің бейнесі әлеуметтік сананың бір бөлігі, саяси-идеологиялық көріністердің элементі және әлеуметтік даму стратегиясын анықтау үшін бастапқы материал болып саналады. Басқаша айтқанда, тарихсыз жеке қауымдастық немесе жалпы адамзат әлеуметтік бірегейлігін және болашақ бағдары жөніндегі түсініктерін қалыптастыра алмайды.

Төртіншіден, тарихи білім – әлеуметтік жадының өте маңызды элементі, ол – аса күрделі, көп деңгейлі әрі тарихи құбылмалы феномен. Өткеннің мағлұматтарын сақтаудың қалыптасқан дәстүрлі түрінен басқа ұжымдық әлеуметтік жады, сонымен қатар өткенді белгілі бір деңгейде субъективті әрі эмоциялық түрде қабылдауға негізделген отбасылық және жеке жады бар екенін айта кеткен жөн. Біршама айырмашылықтарына қарамастан, жадының барлық түрлері өзара тығыз байланысты, олардың шекаралары шартты және ашық. Ғылыми білім өткен туралы ұжымдық көзқарастың қалыптасуына әсер етеді және жаппай таптаурын ұғымдардың әсерін сезінеді. *Қоғамның тарихи тәжірибесі – өткенді нақты пайымдаудың, сондай-ақ оны интуитивті және эмоциялық қабылдауының нәтижесі.*

Курстың дидактикалық және педагогикалық мақсаттары бірқатар ұғымдармен анықталады.

Біріншіден, бұл оқып зерделенген материалдардың өзектілігін арттыра түсетін мамандандырылған гуманитарлық білім беру курсына тәжірибеге енгізу қажеттігімен түсіндіріледі. Материалдардың өзектілігін арттыру тек маңызды ақпараттық блоктарға ғана назар аудармайды, сонымен қатар білім жүйесіне өзінің қозғаушы механизмін – өткенді зерттеу әдісін енгізеді. Тарихи танымның техникасымен танысу тарихи білімнің маңызды имманентті ерекшелігін – объективтілік пен шарттылықтың оғаш үйлесімін түсініп, оны сезінудің тәжірибелік мүмкіндігін береді.

Екіншіден, бұл курс тарихи білімнің қуатты және әлсіз тұсын, оның көп деңгейлігі мен мәдени контекстке тәуелді екенін көрсете отырып, «өткен тарихтың ғылыми бейнесінің» қасиетін төмендетеді. Онда тарихи зерттеулердің шекарасын, оның әлеуметтік қызметі мен қоғамдық санаға ықпал ету мүмкіндігін көрсететін бағыттары белгіленген. Курстың басты педагогикалық мақсаты – әлеуметтік дамудың заңдылықтарын анықтауға және өткен кезеңге нақты баға беруге қатысты қуатты скептицизм мен сыни көзқарасты ояту.

Курстың құрылымы тарихи білімнің көне дәуірден осы күнге дейінгі қоғам мен мәдениет аясындағы тарихи даму логикасына сәйкес түзілген. Курста тарихи білімнің негізгі формалары мен деңгейлері зерделенген. Олар: аңыз, өткенді жаппай қабылдау, рационал білім (тарих философиясы), академиялық тарихшылық, тарихи әлеуметтану, мәдениеттану, тарихи зерттеулердің жаңаша бағыттары. Курстың міндеті – тарихи және өркениеттік перспективада өткенді тану формаларының әртүрлілігі мен өзгергіштігі фактісін көрсету. Өткенді қабылдау және тану, сондай-ақ оның бүгінгі күн үшін маңызын бағалау ежелгі Рим халықтары, ортағасырлық Еуропа тұрғындары мен индустриялық қоғам өкілдері үшін әртүрлі болды. Еуропа және Шығыс өркениетінің мәдени дәстүрлеріндегі тарихи сананың да айтарлықтай айырмашылықтары бар. Курстың маңызды бөлігі отандық тарихи білімнің қалыптасуын талдауға және, ең алдымен, Ресей және Еуропа дәстүрінің даму жолдары мен өзара байланысының механизмдерін салыстыруға арналған.

Курстың тарихи құрылымдардан басқа «тарих», «тарихи уақыт», «тарихи дерек», «тарихи ақиқат» және «тарихи заңдылық» сияқты тарихи білімнің негізгі категориялары мен тұжырымдамаларына жіті назар аударатын құрамдас бөлігі бар. Курста тарихи білімнің күрделі құрылымы, атап айтқанда, өткенді тұтастай иррационал тұрғыдан қабылдау және ғылыми рационал дәстүрдің жіктелуі, сондай-ақ олардың өзара байланысы көрсетілген. Тарихи мифтер мен жалған наным-сенімдердің қалыптасуы, олардың санада орнығуы мен саяси идеологияға әсері өзекті тақырыптардың бірі болып саналады.

# БІРІНШІ ТАРАУ

## ТАРИХ ДЕГЕН НЕ?

Әдетте адам өзгелердің пікірінен гөрі,  
өзінің дәлелдеріне  
анағұрлым сенімді болады.

*Блез Паскаль*

### Терминдер мен проблемалар

«Тарих» сөзі еуропалық тілдердің басым бөлігінде негізгі екі мағынаны білдіреді. Біріншісі – адамзат тарихының өткен кезеңі, екінші мағынасы әдеби баяндау, әңгімелеу жанрына жататын, көбіне ойдан шығарылған оқиғаларға қатысты. Алғашқы мағынасындағы тарих адамзат іс-әрекеттерінің жиынтығын қамтитын кең ауқымды өткен тарихты, сонымен қатар «тарих» термині өткен кезең туралы білімді және бұрын өткен уақыт туралы әлеуметтік түсініктердің жиынтығын білдіреді. Осы тұрғыда «тарихи жады», «тарихи сана», «тарихи білім» мен «тарих ғылымы» ұғымдары тарихтың синонимдері ретінде де қолданылады.

Бұл түсініктермен сипатталатын құбылыстар өзара байланысты, олардың аражігін ажыратып, қандай да бір межені белгілеу өте қиын, тіпті мүмкін емес деуге болады. Алайда осылардың ішіндегі алғашқы екі ұғым көбіне өткен кезеңнің стихиялы түрде қалыптасқанын білдірсе, соңғы екеуі оны мақсатты түрде әрі сын тұрғысынан танып-білу мен оған баға беру тәсілдерін қамтиды.

Өткен кезең туралы білімді білдіретін «тарих» термині айтарлықтай деңгейде әдеби мағынасын сақтайтынын да айта кеткен жөн. Өткенді танып-білу және осы білімді ауызша немесе жазбаша мазмұндау арқылы жеткізу олардың қалыптасу, даму жолдарын, ішкі драматизмі мен маңызын айқындайтын бірқатар оқиғалар, құбылыстар туралы баяндауды қамтиды. Тарих адамзат ілімінің ерекше формасы ретінде әдеби шығармашылық аясында қалыптасып, әлі күнге дейін онымен тығыз байланысын сақтап келеді.

Тарихи деректер сипаты бойынша алуан түрлі, оған жазба ескерткіштер, ауызша тарих айту дәстүрі, материалдық және көркем мәдениет туындылары жатады. Кейбір дәуір бойынша дерек өте аз болса, ал өзгелерінде қомақты әрі алуан түрлі. Алайда кез келген жағдайда олар өткенді қалпына келтіре алмайды, өйткені олардың мәліметтері нақты емес. Ұрпақтар үшін бұл тек өткен



дәуреннің келмеске кеткен бейнесінің үзінділері іспетті. Тарихи оқиғаларды, өткен кезең туралы мәліметтерді қайта қалпына келтіру үшін деректерді анықтап, мәтінін оқып, мазмұнын талдап және мән-мағынасын айқындау қажет. *Өткенді тану оны қайта қалпына келтіру әрекетімен тікелей байланысты.* Тарихқа қызығушылығы бар кез келген адам сияқты, ғалым да белгілі бір нысанды зерттеп, зерделеп қана қоймай, оны қайта қалпына келтіреді. Кез келген зерттелмеген не анықталмаған құбылысты сөзсіз шындық деп қабылдайтын нақты ғылымдардан тарихи білім пәнінің айырмашылығы да осыдан байқалады.

Тарихи білім ерте дәуірде, қоғам мен әлеуметтік сананың дамуы барысында қалыптасты. Адамдар қауымдастығының өткеніне деген қызығушылығы өзін-өзі тану және өзін анықтау қажеттілігінен көрініс тапты. Оның негізінде өзара байланысты екі себеп жатыр – ұрпақ үшін өзі туралы естелік қалдыру ниеті мен ата-баба тәжірибесіне арқа сүйеу арқылы өзінің қазіргі мәнін түсінуге деген ұмтылысы. Адамзат тарихының барлық кезеңінде түрлі дәуірлер мен өркениеттердің өткенге деген қызығушылығы алуан түрлі формада ғана емес, әртүрлі деңгейде де аңғарылып отырды. Антикалық грек-рим дәуірінен бастау алатын еуропалық мәдениетте ғана өткенді тану айрықша әлеуметтік және саяси мәнге ие болды деген ұйғарымды қазіргі ғылымның ортақ әрі әділ пайымдауы деп айтуға болады. Батыс өркениетінің қалыптасу кезеңдерінің барлығында – антикалық, ортағасырлық, жаңа дәуірлерде – қоғам мүддесі, оның жеке топтары мен индивидтерінің өткенге деген ерекше ықыласы айқын көрінеді. Өткенді сақтау, оны зерттеу мен ол туралы баяндау тәсілдері қоғамдық даму процесі барысында өзгеріп отырды. Тек өткен тарих беттерінен қазіргі заманның өзекті мәселелерінің жауаптарын іздеу дәстүрі ғана өзгеріссіз қала берді. Тарихи білім еуропалық мәдениеттің құрамдас бір бөлігі ғана емес, оның қалыптасуының маңызды қайнар көздерінің бірі болды. Идеология, құндылықтар жүйесі, әлеуметтік мінез-құлық замандастардың өз тарихи өткенін қалай ұғынғаны мен түсіндіре алғанына сай қалыптасты.

XX ғасырдың 60-жылдарынан бастап тарих ғылымы және тарихи білім жаңаеуропалық қоғамда XVIII–XIX ғасырлар бойына қалыптасқан дәстүрлер мен таптаурын ұғымдар дағдарысының аласапыран кезеңін басынан өткеруде. Соңғы онжылдықтардың барысында тарихты зерттеудің жаңа бағыттарының қалыптасуымен қатар, ол арқылы өткенді шексіз түсіндіруге болатыны туралы түсініктер мен ой-пайымдар қалыптасты. Өткеннің көпқатпарлығы идеясы біртұтас тарихтың жоқтығы туралы, тек көптеген жекелеген «тарихтың» ғана бар екені жайындағы ойға жетелейді. Адамзат санасының бір бөлшегі болған кезде ғана тарихи факті шынайылық дәрежесіне жетеді. «Тарихтың» көптүрлілігі өткеннің күрделілігінен ғана емес, тарихи білімнің ерекшелігі арқылы да қалыптасады. Тарихи білімнің тұтастығы, таным әдістері мен құралдарының әмбебап кешенін иеленетіні жайындағы тезис көптеген ғылыми қауымдастықтардың тарапынан қабылданбай қалған еді. Тарихшының зерттеу пәні мен интеллектуалдық әдіс-тәсілдерді таңдау еркі бар.

Қазіргі таңда тарихтың мәні туралы пікірталастарда екі мәселе айрықша маңызды болып отыр. Тарихшы шындықты айтуға тиіс ортақ өткен тарих бар ма немесе олар талқылап, зерттеуге арналған көптеген «тарихтарға» бөлініп кете ме? Өткеннің шынайы мәнін тануға әрі ол туралы шындықты айтуға, жариялауға



зерттеушінің мүмкіндігі бар ма? Екі сұрақ та тарихтың әлеуметтік мазмұны мен оның қоғам үшін «пайдасы» жөніндегі көкейкесті мәселеге қатысты. Қазіргі таңда өзгермелі күрделі әлемдегі қоғам тарапынан тарихи зерттеулерді пайдалану мүмкіндіктері туралы ой-пікірлер ғалымдарды ауық-ауық тарихи сананың механизмдерін талдауға оралуға, алдыңғы буын өкілдерінің өткенді танумен қалай және қандай мақсатпен айналысқаны туралы сұраққа жауап беруге мәжбүрлеуде. Бұл курстың мақсаты – тарихи өткенді тану.

## Тарихи сана және тарихи жады

Тарих өткенді тану процесі ретінде өзі туралы ақпараттарды іріктеп, сақтайды. Бұл – әлеуметтік жадының қасиеттерінің бірі, адамдардың жеке тәжірибесі мен алдыңғы буын өкілдерінің тәжірибесін сақтайтын әрі ой елегінен өткізетін құбылыс. Жады адамды жануарлар әлемінен ерекшелеп тұрған маңызды қасиеттердің бірі ретінде қарастырылады. Бұл – өзінің өткеніне деген саналы қатынас, жеке ой-сана мен өзін анықтаудың өте маңызды негізі. Жадысын жоғалтқан адам өзін-өзі тану, өзге адамдар арасында өзінің орнын анықтау мүмкіндігінен айырылады. Жады адамның дүние туралы түсінігін, кез келген сәтте басынан өткеретін түрлі оқиғаларға қатысты сезімі мен эмоциялық әрекетін, қалыпты әрі төтенше жағдайларда өзін дұрыс ұстай алу ақпараттары туралы білімін нығайта түседі. Жадының абстракт білімнен айырмашылығы: жады – адамның жеке басынан және ой елегінен өткен білім, оның өмірлік тәжірибесі. Қоғамның тарихи тәжірибесін сақтап, оны ой елегінен өткізуді білдіретін тарихи сана оның ұжымдық жадысы болып саналады.

Тарихи сана немесе қоғамның ұжымдық жадысы адамның жеке жадысы сияқты бірдей емес. Тарихи жадыны қалыптастыру үшін маңызды үш жағдай қажет: өткенді ұмытпау, бірдей фактілер мен оқиғаларды әртүрлі тәсілдермен түсіндіру, бүгінгі өмірдің өзекті мәселелеріне қызығушылық тудырған өткен тарихтағы құбылыстарды ашу.

## Тарихи жады және ұмытылу

Кейбір оқиғаларды ұмытып, ал басқаларының маңызын асыра бағалау (яғни олардың өзектілігін арттыру) – адамдарға тән қасиет. Әлеуметтік жады мен тарихи сананы зерттеушілер түрлі қоғамдар мен мәдениеттердің өткен кезең туралы өзіндік түсініктерін зерттеу барысында адамдардың нені ұмыт қалдырғанын және неліктен ұмытқанын ескеріп отыру керек деп санайды. Қандай да болмасын қауымдастықтың жекелеген фактілер мен оқиғаларды ұжымдық жадыдан өшіруінің себептері сол қауымдастықтың тарихтағы өз орнын қалайша белгілегенін түсінуге мүмкіндік береді. Өткеннің кез келген тұстарын санадан өшіру әртүрлі себептерге байланысты жүзеге асады.

Біріншіден, адамдарға жеке жағдайлар мен оқиғалар ғана белгілі болып, ғасырлар қойнауында аймақтар мен халықтардың тұтастай бір тарихи дәуірлері ұмыт қалуы мүмкін. Әдетте оқиғаларды жазба түрінде бекітіп қалдыратын жазбаша дәстүр дамымаған кездегі тарих біртіндеп жадыдан өшіп жатты. Мысалы,

қазіргі еуропалық ұлттарды қалыптастырған тайпалар мен халықтардың тарихы гипотезалар жолымен, жорамалдар мен логикалық құрылымдардың, қажырлы еңбектің нәтижесінде қайта қалпына келтірілуде. Біздің қолымызда кельттердің, герман және славян тайпаларының әлеуметтік әрі саяси ұйымдары, діни нанымдары туралы, даму барысына ықпал еткен маңызды оқиғалар мен тұлғалар туралы сыртқы бақылаушылардың қалдырған үзік-үзік мәліметтері ғана бар. Ал мұндай мысалдар әлемнің түрлі аймақтары мен бөліктерінде көптеп кездеседі. Атап айтқанда, Африка мен Оңтүстік Америка халықтары уақыт кезеңіндегі тіршілігінің нақты сипаттамасына тек соңғы ғасырларда ғана қол жеткізе алды. Өткені туралы жүйелі түрде баяндалған тарихы жоқ халықтарды «тарихынан айырылғандар» деп атайды. Бұл олардың өткен тарихының жоқ екенін білдірмейді, алайда өткені туралы жадының жоғалғанын меңзейді.

Екіншіден, өткен туралы жадының жоғалуы белгілі бір құбылыстар туралы мәліметтердің адамдық және әлеуметтік санадан жоғалуы сияқты табиғи процеспен де байланысты болуы әбден мүмкін. Жеке адамның жадысы мен ұжымдық жады аса мол және алуан түрлі тарихи фактілер жайындағы ақпараттарды сақтап қала алмайды. Ұмыту – адамзаттың өзін-өзі сақтау құралы. Қауымдасстықтың жадысын жекелеген мәліметтердің шарасыз түрде жоғалу процесімен қатар, адамдар үшін маңызды деп есептелген ақпараттың сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа берілетін саналы сұрыптау процесі де қоса жүрді. Есте сақталуға лайықты ақпараттарды іріктеу техникасы мен артық мәліметтерді шығарып тастау принциптері әртүрлі. Олар қоғамның немесе оның топтарының әлеуметтік даму деңгейі мен түріне тәуелді болды. Өткен кезең туралы ортағасырлық еуропалықтар немесе біздің замандастарымыз, ертедегі иудейлер немесе антикалық тарихшылар сақтап, жеткізген мәліметтер түрлі критерийлер бойынша іріктелген. Ақпараттың барлық түрлері монастырлық жылнамашылардың, ақсүйек отбасы өкілдерінің немесе жаңа заман тарихшыларының назарын аударды. Алайда тіркелген оқиғалар мен құбылыстардың маңызын мойындау және қалған барлық фактілердің жиынтығын назарынан тыс қалдыру жалпыға ортақ әрекет болды. «Ұмытылған» оқиғалардың қайта оралып, әлеуметтік сана мен тарихи жадының нысанына айналуы жиі кездеседі.

Үшіншіден, өткеннің санадан өшуі қоғамдық сананы әдейі манипуляциялаудың саяси әрі идеологиялық негізделген нәтижесі болуы мүмкін. Отандық тарихтың осыдан аз уақыт бұрынғы мысалы тарихи жадының осылайша жойылуының анық әрі қайғылы шындығын көрсетеді. Ресми тарихнама ғана емес, сонымен қатар тарихи сана да репрессияны, адамдар мен тұтас топтардың тарапынан кемсітілу, жойылу фактілерін ұжымдық жадыдан бірнеше онжылдықтарға ығыстырды. Алайда «Ресей – өткен тарихын болжап білуге болмайтын ел» дейтін зілді әзілдің мағынасы әлдеқайда ауқымды. Түрлі дәуірлер мен халықтардың тарихы өткенді санадан өшірудің мысалдарын жақсы біледі. Жадыны «жоюдың» міндеттері әртүрлі болуы мүмкін. Тарихтың «жағымсыз» фактілерін жасыру арқылы ұлттық сана-сезімін арттырып, намысын күшейту керек болды. Жаулап алушылардың жеңілген қарсыласы жөніндегі жадыны жоюы қалыпты жағдай деп санауға болады: олардың өмір сүруінің кез келген белгісін ұрпақтардың жадысынан түбегейлі өшіру дұшпанын тізе бүктірген жеңіске нақты әрі теңдессіз сипат береді.

Санадан өшу – тарихи жадының ажырамас элементі. Бұл құбылыстың табиғаты мен қызметтері бір мағынада бағалана бермейді. Бір жағынан, ол санада тұрақтаған немесе қалпына келтірілген өткеннің бейнесін бұрмалайды. Екінші жағынан, санадан өшпей, «артық ақпараттан» ажырамай, ішкі логикасы бар оқиға бейнесінің біртұтас жүйесін қалыптастыру мүмкін емес, ал тарих қолжетімсіз әрі бейберекет фактілердің үйіндісіне айналады.

## Тарихи жады және өткенді пайымдау

Қоғамдық санадағы өткеннің бейнесі сақталған мәліметтердің жинақталуымен ғана емес, оларға берілген мән-мағынамен де айқындалады. Тарихи құбылыстың мәні – жоғары деңгейдегі күрделі ұғым. Оның негізгі модальдығы былайша анықталады:

- тарихи құбылыстың өзіндік мәні, оның тарихи контексті;
- ұзақмерзімді перспектива мен оқиғалардың кейінгі барысын ескере отырып, ұрпақтардың тарихи құбылысқа беретін мәні;
- өздерінің саяси немесе идеологиялық мақсаты үшін өткеннің беделін пайдалануға ұмтылатын жекелеген адамдар мен арнайы топтардың оған беруге тырысатын мағынасы.

Оқиғаның тарихи мәнін анықтаудың бұл тәсілдері тәжірибе жүзінде әрқашан бір-бірімен қабыса бермейді. Оқиғалардың немесе тарихи құбылыстардың өзіндік мәні дегенде нені түсінуіміз қажет? Ықтимал жауаптардың бірі – оны замандастардың қалай түсініп, бағалағаны. Алайда олардың пікірі қаншалықты шынайы, жан-жақты болды және өткенді қаншалықты өзінің тарихи тәжірибесі тұрғысынан қарастырып, өзге интеллектуалдық мүмкіндіктерді иеленген ұрпақтарын қанағаттандыра алады? Сонымен бірге замандастардың пікірлері де алуан түрлі болуы мүмкін, ол пікірлер бір-біріне қарама-қайшы, сондай-ақ бір құбылысты қабылдаудың мүлдем алшақ сипаттары да орын алады. Батыс Рим империясының аумағына варвар тайпалардың басып кіруін тарих оқулықтарында дәстүрлі түрде антикалық өркениеттің жойылу процесі және «Халықтардың ұлы қоныс аудару» дәуірі деп атаған. Қазіргі заманғы тарих ғылымының осындай үйреншікті формаларынан оқиғаға қатысушылар мен замандастардың оларды (оқиғаны) екіжақты қабылдағандарын аңғарамыз. Антикалық мәдениеттің шеңберіндегі адамдар үшін варварлардың жеңісі үйреншікті әлемдік тәртіптің мызғымастығының ақыры деп қабылданды. Олар Римнің құлауына әртүрлі пікір білдірді. Бірі өркениеттің құлдырауы әсер етті десе, енді бірі олардың төкаппарлығы мен имансыздығы үшін Құдайдың ұлы империяға жіберген әділ жазасы ретінде қабылдады. Дегенмен қандай жағдай болмасын, олар Рим империясының күйрегеніне куә болды. Бұл оқиғаларды герман халықтарының әлеуметтік-тарихи жадысы өзгеше түрде сақтады, олар батырлар мен көсемдер туралы, олардың ерлігі мен табандылығы жайындағы аңыздар мен әңгімелерді туғызды. Бұл аңыздар ғасырлар бойы ортағасырлық Еуропаның фольклоры мен әдеби дәстүрлерін сусындатып келді. Әлеуметтік жадыдағы өзінің өмір сүру фактісімен олар варварлық жаулау дәуірін герман тайпаларының тарихындағы ұлы және батырлық кезең ретінде қабылдады. Тарихшының замандастарының

қайсысы оқиғаны бағалауда анағұрлым адал? Білімді римдік пе, шіркеу апологеті ме немесе варварлар ма? Кімнің қабылдау қабілеті мен ой-толғам логикасы қазіргі әуесқой тарихшыны немесе кәсіби зерттеушіні толықтай қанағаттандыра алады?

Зерттеушінің замандастары, куәгерлері, сол кезеңде өмір сүрген буын оқиғаны жан-жақты сипаттап бере алмайды. Олар әдеттегідей болған шындықтың жекелеген тұстарын суреттеуге бейім болғанымен, басқа құбылыстарға немқұрайды қарайды. Қалай болғанда да, олар тарихи кезеңнің шындығымен тығыз байланысты болғандықтан, оны объективті түрде және бейтарап бағалай алмайды. Келешек ұрпақтың өткенді бейтарап көзбен қарауға зор мүмкіндігі бар. Олар оқиғаны, адамдардың іс-әрекетін, адам өмірінің жекелеген қырларын толықтай көре отырып, олардың алғышарттары мен оқиғаның салдарын анықтай алады. Ал олардың бағасы құбылыстың «өзіндік мәнінің» дәлме-дәл сипаттамасы бола ала ма? Жай адам да, кәсіпқой зерттеуші де тарихи құбылыстарға ой жүгірткен өзара байланысты фактілер мен факторларды көп байқауы мүмкін: олардың түрі де, әрқайсысының рөліне берілетін баға да әртүрлі болмақ.

Рим империясының құлауы мен варварлық жаулау дәуіріне қайта орала отырып, бұл оқиғаны антикалық мемлекеттіктің, әлеуметтік әрі шаруашылық жүйенің ішкі дағдарысының көрінісі ретінде; варварлық басқыншылықты басынан өткерген және ортағасырлық еуропалық қоғамның құрылымдарына еркін сіңіп кеткен римдік институттардың беріктігінің айнасы ретінде; варварлық тайпалардағы ішкі өзгерістердің дәлелі ретінде, сонымен бірге герман халықтарының дәстүрлі өмір салтының инерциясын еңсеруге септігін тигізген қуатты толқын ретінде қарастырылуы мүмкін екенін ескеру қажет. Германдық ұлтшылдық идеясын қолдаушы зерттеушілер варвар тайпалардың іс-әрекеттерінен германдықтарға этнос ретінде тән батырлық рух пен жауынгерлік даңқтың бейнесін көрді. Ал жай ғана қызығушылық білдірген жалдамалы зерттеушілер ежелгі германдықтардың жауынгерлік этикасы туралы бейтарап пайымдауы мүмкін немесе олардың іс-қимылдарынан варварлық сана мен әлеуметтік ұйымның белгілерін көруі әбден ықтимал.

Бұл бағалаулар бір-біріне қарама-қайшы, олар қарастырылып отырған оқиғаларды тудырған тарихи процестердің мәнін әрқалай сипаттауда. Іс жүзінде олардың арасындағы пайым түрлері мен пікір алшақтығы әлдеқайда маңызды. Өткен кезеңде тамыр жайған көзқарас пен тарихтың барысына ықпал етуі тұрғысынан қарастырылған оқиғаның мәні олардың арасындағы өзара байланыстың қалай анықталатынына және олардың қарастырылып отырған мәсеleden өткенге немесе болашаққа – қаншалық алыс алып кете алатынына байланысты айқындалады. Оқиғаның мәні адамдардың олардың себептері мен салдарын қалай анықтағанына байланысты (тарихи сана әлі күнге дейін құбылыстардың өзара сабақтастығын айқындайтын нақты тәсілді білмейді). Өткен кезең туралы ой-пікірлер конфессиялық қатыстылығы, әлеуметтік доктриналар мен саяси теорияларға бүйрек бұрушылық, қоғам дамуының белгілі бір теорияларына арқа сүйеу сияқты дүниетанымдық және идеологиялық басымдықтарға белгілі бір деңгейде сәйкес болады. Осыған орай заңды бір сұрақ туады: өткеннің оқиғасы жалпы ерекше бір тарихи мән-мағынаны білдіре ме, олар түрлі жағдайлардың кездейсоқ тоғысуының нәтижесі ме? Оқиғаның тарихи мәніне берілетін баға

шынайы әрі нақты бола бермейді. Тарихи санада өткеннің құбылыстары үнемі идеялардың, түсініктердің, саналы түрде немесе ойластырылмаған қалау еріктерінің ықпалымен қалыптасып, қоғамды зерттеу үшін немесе қалпына келтіру үшін өзекті болады. Өткеннің бейнесі – қаласақ та, қаламасақ та, әрдайым біздің қызығушылықтарымыздың айнасы.

## Тарихи жады және тарихи факт

Тарихи жадының мазмұны адамның және олардың қауымдастығының өткеннің белгілі бір оқиғаларын есте сақтау немесе ұмыту қабілетімен ғана анықталмайды. Есте сақтау процесі жаттанды емес: маңызды әрі шынайы саналатын ақпаратты ғана ұрпақ жадында сақтайды және кейінгі ұрпаққа өсиет етеді. Тарихи шығармаларды зерттеу барысында әртүрлі қоғамдардағы шынайылық критерийлері әрқилы болатынына көз жеткіздік. Өткенді білудің маңызы туралы түсініктер де әлеуметтік топтардың мақсат-мүдделеріне байланысты өзгеріп отырды. Қауымдастықтың бір түрі үшін қызығушылық тудыратын мәліметтер өзге ұжымдық бірегейлікті ұстанған топ үшін назар аударуға тұрмайтын, лайықсыз ақпарат есебінде қабылдануы мүмкін.

Орта ғасыр жылнамашылары еңбектеріне соғыстар мен қарулы қақтығыстар туралы, билеушілер мен зайырлы және діни мәртебесі бар әйгілі адамдардың іс-әрекеттері жайындағы әңгімелерді енгізіп отырды. Сонымен қатар олар ірі апаттардан (жер сілкінісі, құрғақшылық т.б.) өзге де табиғат құбылыстары туралы мәліметтер мен қазіргі заман өкілдерінің көзқарасы бойынша маңызы төмен тарихи фактілерді де қосып отырды. ХІХ ғасырдағы еуропалық тарихшылар ежелгі және ортағасырлық алдыңғы буын өкілдерінен аса алмады, олар да саяси мазмұндағы оқиғаларды баяндауды жөн көрді. Соғыстар, көтерілістер, саяси өзгерістер, мемлекет өкілдерінің өзара қарым-қатынастары – осылардың бәрі, олардың пікірінше, тарихтың негізгі нысанын құрады. Оларды шаруашылық өмір, күнделікті тіршілік, қарапайым адамдардың қарым-қатынастары қызықтырмады. Олар жасаған тарихтың түрін іс-әрекеттер туралы әңгіме деп бағалауға болады.

Қазіргі таңда анағұрлым танымал бағыттардың бірі күнделікті тарих болып саналады, оның зерттеу нысаны – жеке өмір, туыстар, достардың қарым-қатынастары, күнделікті еңбек шарты мен тіршілік негізі, адамдардың эмоциялық өмірлерінің бейнесі және дүние туралы түсініктері. Күнделікті өмір жаңа заман ғалымдарының жаңалығы емес: жазба дәстүрі дамыған көптеген қоғамдарда жекелеген отбасылардың, діни әрі зайырлы қауымдастықтардың өмірі туралы баяндайтын жеке жылнамаларды жазып қалдыру тәжірибесі болған. Адамдарға арғы аталарының даңқты және лайықсыз істерін, жерленген жерлерін, қандай да бір маңызы бар оқиғаларға қатысқаны туралы естеліктерді сақтау маңызды болды. Алайда жекелеген қауымдастықтардың тарихында болған оқиғалардың көп бөлігі ресми жылнамалар мен тарихи шығармаларға енбей қалған. Өткен кезең мен оның танымы туралы жадыны сақтау тәсілі ретінде тарих бастапқы кезден алуан түрлі «тарихтардың» жиынтығы ретінде қалыптасты: олардың әрқайсысының көлемі қауымдастық мүддесімен, авторлардың



талғамымен, тарих ұғымының өзіне қатысты тәсілдемелерімен анықталып отырды. Тарихи жадының құрамына өткеннің оқиғаларының шынайылығы мен нақтылығы туралы түсініктердің жүйесі айтарлықтай ықпал етеді. Әртүрлі қоғамдарда пайда болған тарихи шығармаларда фантастикалық және адам сенгісіз әңгімелер де болды, оның шынайылығына күмәнсіз сенген адамдар оларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуді жөн санады. Көп халықтың әрі ауқатты әулеттердің тарихы арғы бабаларынан және болашақтағы барлық игі істердің бастамашысы ретінде қабылданатын құдайлар мен батырлар туралы әңгімелермен басталады. Ортағасырлық Еуропадағы тарихи шығармалардың міндетті элементтерінің бірі – оқиғалардың ішіндегі ең маңыздысы ретінде қарастырылған таңғажайып құбылыстар тарихы. Осындай адам нанғысыз ғажайып оқиғаларға илануға жұртты не итермеледі? Олар соншалық сенгіш пе, білімдері мен интеллектілері төмен бе? Әлемнің ең дамыған елдерінде ұлттық мифтерге деген сенім неліктен аса өміршең? Ал өткеннің жекелеген оқиғалары мен тұлғаларын ежелгі дәуірлердің кейіпкерлерімен, ерекше жаратылыс иелерімен байланыстыратын ерекшеліктерді жаппай қабылдауға не себеп болды? Бәлкім, өткеннің оқиғаларының шынайылығы мен мән-мағынасын түсінудің өзі қазіргі тарихшылардың беретін мәнінен әлдеқайда өзгеше. Барлық фактілерді ықтимал әрі таңғаларлық деп бөлуі және осы мәліметтері туралы хабар беретін деректердің шынайылығы олар үшін негізгі өлшем болып саналады. Ежелгі және орта ғасыр кезеңдерінің адамдары қазіргі заман адамдары секілді шынайы оқиғаны ойдан шығарылғаннан ажыратуға, фактілердің растығын бекемдеуге талпынбады деп әсте айта алмаймыз. Дегенмен ақиқатты жалғаннан, шынайылықты ойдан шығарылғаннан ажырататын шекара түрлі қоғамдар мен әлеуметтік топтар тарапынан әрқалай анықталады. Көптеген дәуірлер үшін таңғажайып және тылсым күштің соғыс, қуаңшылық пен храм құрылысынан да кем түспейтін шынайы фактілері болды; адамдар ғажайып құбылыстың шынайылығын іздеді, ол дәлелдерді анықтаған кезде оны сөзсіз шынайы факті деп есептеді. Бабалардың аңыздары мен әңгімелері ең бір қызық, таңғажайып тарихтың шынайылығын растайтын толық негіздеме болды. Осылайша тарихи жады мен тарихи сананың ерекше формасы саналатын мифтер мен аңыздар қалыптасты. Сондай-ақ өткен тарих туралы жадыға «түзетулер» де енгізіліп отырды: ортағасырлық монах монастырьлық жылнамаларды құрастырғанда жергілікті әулиелердің өмірі мен монастырьлық архивті қайта жазу барысында оның замандастары сақтамаған оқиғалар туралы мәліметтерді қосуы мүмкін. Ол дәлелдермен расталған тарихи фактілер тізбегіне өз жанынан ой қосқан жалған ақпарат беруші ме, әлде оған шындық пен әділдік туралы өзінің жеке түйсігі әсер етті ме? Өткеннің қандай да болмасын бір оқиғаның шынайылығына көз жеткізіп, оған сенімділік ұялатуы соңғысының растығына сенім артуына түрткі болуы мүмкін. Жылнамашы ойдан құрастырылған оқиғаларды жаза отырып, оны бұрмалаумен емес, тарихи ақиқатты қалпына келтірумен айналысып отырмын деп ойлауы да ықтимал. Тарихи жады және оған негізделген тарихи сана түрлі қоғамдар мен әлеуметтік топтардың шынайылық, ақиқат пен нақтылық туралы ұғымдарымен анықталатын әлеуметтік әрі мәдени өмірдің құбылыстарына жатады. Түсініктер уақыт өте келе өзгерді және жеке халықтар мен өркениеттердің дүниетанымдары мен интеллектуалдық

дәстүрлерінде тамыр жайды. Әртүрлі қоғамдар, оның ішіндегі жекелеген әлеуметтік топтар тек өздеріне ғана тән тарихи сана мен тарихи жадыны қалыптастырып қана қоймай, өткенді пайымдаудың түрлі деңгейін анықтайды. Атап айтқанда, өткенге даму процесі ретінде қарау қазіргі заманды түсіну үшін маңызды. Бұл сабақтастығын қазіргі заманғы тарих ғылымы мойындайтын грек-римдік және иудей-христиандық дәстүрлердің өзіндік ерекшелігі болып саналады. Бұл мәдениеттерде жеке тарих туралы жадыны сақтау мен өткеннің бейнесін анықтау өзекті мәселелерді шешу тәсілі ретінде қабылданды, ал тарих «өмірлік ұстаз» және өткенді тану құралы ретінде маңызды болды.

## Тарихи сана және тарих ғылымы

Тарихи сана – өткенді еске алу мен оған деген қызығушылық білдірген барлық адамдар мен халықтарға тән құбылыс. Сонымен қатар өткенге қатысты пікірдің өзі және ол туралы ақпаратты алу тәсілдері айтарлықтай әртүрлілігімен ерекшеленеді. Мұның өзі тарихи сананың алуан түрлерінің бар екені туралы сөз қозғауға мүмкіндік береді. Олардың арасындағы айырмашылық негізгі екі фактормен: біріншіден, өткенге қатысты эмоциялық және рационалдық қатынастың түрлі өлшемдерімен; екіншіден, жекелеген тарихи деректердің негізінде қалпына келтірілген оқиғаның шынайылық деңгейімен анықталады.

## Тарихи білімнің объективтілігі мен шынайылығы

Тарихи жадының құрамы көп жағдайда субъективті және эмоциялық аспектілерге байланысты: қауымдастық ерікті немесе еріксіз түрде ақпараттық дерек ретіндегі өткенге назар аударады. Бұқаралық сана өткенді эмоциялық түрде қабылдайды, өткеннен өзінің жеке үміттері мен артықшылықтарының нәтижесін көргісі келеді де, оқиғаның шынайы және жалған бейнелерінің арасындағы шекараны оңай жояды. Әлеуметтік немесе мәдени жады ұрпақтардың тығыз байланысын көрсетеді, бүгінгі күнде жүзеге асыруға болатын тәжірибелік мысалдарын береді. Ғылыми тарихи сананың негізінде өткен мен бүгінгінің арасындағы айырмашылықты тану, өткенді қалпына келтірудің негізі болатын ақпараттың шынайылығын талап ету, тарихи құбылыстарды қаншалықты дәрежеде қазіргі өмірдің фактілерімен салыстыруға болатынына үнемі күмәндану жатыр. Тарих – әлеуметтік өмірдің теңдессіз тәжірибесі, онсыз қазіргі қоғам өзін түсінбейді және даму жолдарын анықтай алмайды, ғылым тарихты осы тәжірибесін қолдандудың тәсілдері мен мүмкіндіктері тұрғысынан сыни көзқараста бағалап отыр. Бұқаралық немесе сыни емес тарихи санаға тән үш ерекшелік:

- өткенді қазіргі заманмен сәйкестендіру;
- қазіргі таңдағы әлеуметтік өмір құбылыстарының пайда болуына қатысты көзқарасты аталған контексте ұсынатын өткенге деген рестроспективтік тәсіл;
- өткеннің біртұтас бейнесін қалпына келтіру үшін ойдан шығарылған қиялды еркін қолдану.



Бұқаралық сана еліктеу немесе айыптау үшін өткен кезеңнен мысалдар іздейді. Бұл тарихтың нақты бір дәуірдің этикалық ұстанымдарының бейнелік иллюстрациясы ретінде қабылданатынын білдіреді. Тарихи кейіпкерлер әлеуметтік мінез-құлықтың үлгісі ретінде бейнеленеді, оларға жекелеген қауымдастық өкілдері өздерінің мінез-құлықтары үшін маңызды деп есептейтін сапа мен мотивтерді жатқызады.

Еуропалық орта ғасыр тарихынан мысалдар қарастырып көрейік. XII ғасырда Германияда (қазіргі Австрияның құрамындағы жерлерде) керемет әдеби шығарма – «*Нибелунгтар туралы жыр*» поэтикалық эпосы дүниеге келді. Ол шығармада герман халықтарының тарихи жадысы көрініс тапқан, алайда ортағасырлық рыцарьлық пен зайырлы ақсүйектердің этикалық және әлеуметтік көзқарастарының ықпалымен мазмұны өзгеріске ұшыраған. Эпостың негізіне билік пен құдіреттіліктің нышаны болған таңғажайып алтын қазынаға ие болу жолындағы құдайлардың, аңыздағы кейіпкерлер мен адамдардың дамылсыз, аласапыран күресінің барысын әңгімелейтін аңыздар, мифтер мен шежірелердің топтамасы енген. Бұл әңгімелердің құрамдас бөлігі «Халықтардың ұлы қоныс аудару» дәуірі туралы трансформацияланған хикаялар, соның ішінде ертедегі бургунд корольдігінің ғұндардың соққысынан кейін құлағаны туралы фактіні баяндау еді. Бұл аты аңызға айналған түпнұсқа ортағасырлық дәуірде айтарлықтай өзгеріске ұшыраған. Ерте кезең оқиғаларының барлық жағдаяттары – кейіпкерлер, іс-қимыл орындары, мінез-құлық мотивтері – сол тұста қалыптасқан рыцарьлық және сарай қауымдастығы шындығының жүзеге асырылуы ретінде көрсетілген.

Эпостың басты кейіпкерлері – бургунд корольдары, Зигфрид, сиқырлы корольдіктің ханшайымы Брунхильда «*Нибелунгтар туралы жырда*» құдіретті және ақсүйек батырлардың қалыптасқан нормаларының талаптарына сәйкес бейнеленген. Ертедегі германдық аңыздарда сиқырлы кейіпкер ретінде бейнеленген Зигфрид – тылсым күштің бірқатар қасиеттеріне бөленген русыз және тайпасыз адам – билеушінің мүлтіксіз бейнесіне: жаужүрек рыцарьға әрі шебер жауынгерге, сарай әдебінің білгіріне айналады. Сонымен «*Нибелунгтар туралы жыр*» Германияның ортағасырлық аристократиялық аудиториясын ежелгі уақытқа саяхат жасатып қана қойған жоқ, ол өздерінің батырларының мүлтіксіз бейнесін және рыцарьлық қоғамның үлгісін көрсетті. Тарихи және аңыз кейіпкерлерінің өзгерістері ортағасырлық сананың қалыптасқан құбылысы болды.

Мұндай мазмұндағы туындыларды тек орта ғасыр авторлары ғана емес, антикалық және жаңа заманның қаламгерлері де жазды. Қазіргі күнде өте танымал болған тарихи романдар, тарихи фильмдер немесе көпшілікке арналған тарихи-публицистикалық мақалалар мен кітаптарда өткеннің адамдары, өмірде болған немесе ойдан шығарылған кейіпкерлер моральдық қасиеттердің үлгісіне айналады. Өз шығармаларында авторлар сол қасиеттерді замандастарына насихаттағысы немесе, керісінше, сол қасиеттерге жиіркеніш сезімін тудырғысы келеді. Кейбір кезде кейіпкерлер ұлттық батырларға айналады: олардың мүлтіксіз бейнесі кез келген халықтың туа біткен қасиеті ретінде көрсетіледі, ал олардың іс-әрекеттері ұлттық немесе саяси қауымдастықтың мүдделерін қорғауға бағытталған қайрат ретінде баяндалады.

XIX–XX ғасырлардағы Еуропада ұлттық кейіпкерлердің өзіндік «қоры» қалыптаспаған бірде-бір ұлт жоқ еді. Қиялмен өзгерген бұл тарихи кейіпкерлер

қоғамда белгілі бір саяси-идеологиялық және әлеуметтік идеяларды насихаттау мақсатында қызмет етті. Мысалы, орта ғасырларда христиандық билеушінің мүлтіксіз үлгісі болған Ұлы Карл жаңа заманның бұқаралық және айтарлықтай деңгейде ғылыми санасында Франция мемлекеті мен «біртұтас Еуропаның» негізін қалаушы ретінде қабылданды. Американың тәуелсіздік үшін соғысының басшылары АҚШ-та ұлттың негізін қалаушы «әкелер» мәртебесін алды, олардың болмысынан қуатты, тәуелсіз және демократиялық мемлекет идеясының іске асу бейнесін көреді. Кейде осындай мінсіз үлгінің қазіргі қоғамды әшкерелеуде, кемшіліктер мен моральдық құлдырауды толыққанды әрі сабақтастығы берік сақталған өткенмен салыстыруда өзіндік мақсаты да бар еді. Ұлттық кейіпкерлерге берілген қасиеттер әдетте шынайы тұлғалар мен олардың заманында орын алған нақты тарихи жағдайлардан анағұрлым алыстау тұратыны белгілі. Керісінше, тарихшылардың «қайта жасаған» бейнелері қазіргі заманауи қоғамның идеалдарын немесе саясаткерлер мен идеологтардың бұқара халықтың негізгі бөлігіне сіңіргісі келген идеяларын жүзеге асырады.

Өткен кезең тарихи білімнің моральдық және саяси-идеологиялық тәжірибелерінің асыл қазынасы ретінде ғана қолданылмайды. Одан қазіргі құбылыстардың түп-тамырын анықтауға ұмтылады. Мұндай тәсілдеме модернизацияға, ерікті және еріксіз түрде өткеннің бейнесін бұрмалауға әкеліп соғады. Өткен дәуірді қазіргі заманауи қоғамның шыққан бесігі ретінде ғана қабылдайды. Соның нәтижесінде жасанды түрде белгілі бір құбылыстардың сабақтастығының тізбегі құралады да, ал бұл құбылыстарға өткенмен ешқандай да байланысы жоқ, бүгінгі таңда қалыптасқан сипаттар беріледі.

Мысалы, XIX ғасыр Еуропада ұлттық мемлекеттің идеологиясын қалыптастыру ұранымен өтті: біртұтас саяси ұйымның шеңберінде біріккен ұлт қоғамның өміршеңдігінің басты әрі ең жетілген формасы ретінде тұжырымдалды. Ұлттық және саяси біртұтастық мәдени дамудың негізі, ортақ міндеттер мен талпыныстардың құралы ретінде түсіндірілді. Ұлттық және саяси мүдделердің айырмашылығы өзге халықтармен қарым-қатынастарының сипаты мен формаларын анықтады. Аталған концепция өткеннен қандай да бір негіз іздеді, соған орай Еуропаның тарихи дамуының жалпы бағыты мен мән-мағынасы ұлттың қалыптасуы және оның біртұтас саяси ұйымының аясындағы қарқынды дамуының айнасында қарастырылды.

«Халықтардың ұлы қоныс аударуы» дәуіріндегі герман тайпалары, варварлық корольдіктер, ортағасырлық мемлекеттер мен кейінгі орта ғасырлардағы монархиялардың әрқайсысы этностық сана мен саяси ұйымның дербес формалары тән қоғамның ерекше интеграциясы ретінде қабылданбай, тек ұлттық және мемлекеттік бірігудің кезеңдері ретінде ғана қарастырылды. Ортағасырлық соғыстарды жаңа кезеңдегі қақтығыстармен теңдестірді, олардың себептері де ұлттық мемлекеттердің өз мүдделері үшін күресі деп саналды.

Қазіргі кезеңнің тарихи тамырын іздеудің тағы бір мысалы өткеннен бүгінгі демократияның алғышарттарын табуға деген ұмтылысы болып саналады. Мұндай алғышарттар санатында антикалық қала-мемлекеттердің құрылымы, Рим республикасы, ортағасырлық қала-коммуналар, рыцарьлықтың сословиелік ұйымы қарастырылды. Осындай әртекті және түрлі дәуірлерге жататын құбылыстарға қауымдастық мүшелерінің еркіндігі мен теңдігі принциптері, маңызды

мәселелерді ұжымдық әрі көпшілік негізде қабылдау институттарын насихаттау қағидаттары тән деп саналды. Қазіргі Ресейде демократиялық әрі еркін қоғам идеологиясына бетбұрыс жасау мәселесі өзіндік тарихтың дәстүрлерін табу ұмтылысынан көрініс тапты: ежелгі саяси демократияның мысалы ретінде Новгород вечесін атауға болады.

Қазіргі әлемде кез келген қауымдастық немесе әлеуметтік қозғалыс өздерінің «тарихи ата-бабаларын» анықтауға ұмтылуда: феминистік қозғалыс өздерінің мақсаты ретінде, біріншіден, тарихтан әйелдердің айтарлықтай ерекше рөлін танытатын үлгілерді табуды, екіншіден, алдыңғы дәуірлердегі әлеуметтік және саяси өмірде ер адамдардың толықтай үстемдік етуінің моральдық әділетсіздігін әшкерелеуді көрсетіп отыр. Құқық немесе саяси бостандық үшін ұлттық қозғалыстардың, этностық азшылықтың күрестерінің идеологтары өткен дәуірлерде халықтың тиісті құқықтары мен бостандықтары өзге халықтар мен мемлекеттердің әділетсіз іс-әрекеттерінің нәтижесінде тартып алынғанын дәлел ретінде пайдаланды. Бір сөзбен айтқанда, тарихқа бүгінгі күн үшін маңызды идеологиялық, әлеуметтік, саяси ұмтылыстарды ақтайтын дәлел ретінде назар аударады. Осы ұмтылыстардың моральдық негіздемесі бар және ежелден келе жатқан құбылыс деп есептеледі. Осыған ұқсас өзекті идеялар мен ұмтылыстардың тарихи алғышарттары кейде әсірелеп баяндалады, өткенге мән-мағынасынан айырылған белгілер телінеді.

Сондай-ақ өткеннің барысы біржақты және теріс баяндалады. Мысалы, қандай да бір халықтың белгілі бір аумаққа иелік ету талабының тарихи әділдік идеясы осы аумаққа басқа да халықтардың тарихи құқықтарын растайтын фактілерді өткеннің дерегі ретінде жоюды қажет етеді. Өткенді жекелеген халықтар мен әлеуметтік топтардың жерге көз тігуі мен талап қоюын ақтайтын тарихи дәстүр ретінде түйсінуге бұқаралық санада иррационал, тіпті қауіпті ойларды тудырады. Ол тарихи процестердің күрделілігін ескермейді, кейде түрлі дәуірлерге тиесілі құбылыстардың арасындағы байланыстарды бұрмалайды, өткен кезеңнің елесі мен қазіргі заманның ахуалы тудырған идеяларды қалыптастырады.

Шынайылық принциптерін ұстанған және фактілерді дұрыс талдауға талпынатын зерттеуші-тарихшылар үшін өздерінің өткенді қабылдау түйсіктерін эмоциялық бояудан тазарту мен өткен оқиғаларды бүгінгінің тікелей алғышарттары ретінде баяндаудан бас тарту аса қиын. Тарихшы әділ бола ала ма? Бұл сұрақ қазіргі ғылым үшін басты негіз болып саналады. Алайда осы сауалды өткен мен ол туралы білімнің бірдей еместігін сын тұрғысынан ойлауға қабілетті өткен дәуір адамдары да қойған еді. Тарихшы өзінің зерттеу материалын ешқашан дайын күйде алмайды: деректердегі (өткеннің куәгерлері) фактілер алдымен жинақталып, содан соң мұқият талданып, түсіндірілуі қажет.

Жоғарыда аталған екі әрекет те (соның ішінде материалды жинау кезеңі де бар) тарихшының алдына қойған міндеттерімен байланысты болады. Қазіргі тарихнамада жаратылыстану ғылымдары саласындағы маманға қарағанда, зерттеу жұмыстарына қажетті материалдарды тарихшылар өздері қалыптастырады деген идея кең тараған. Бұл олардың дерек мәліметтерін бұрмалауы немесе өздерінің еркін ойларымен толықтыруы мүмкін дегенді білдірмейді. Алайда алуан түрлі деректердің арасынан олар белгілі бір ақпараттарды іріктеп алуы керек.

Қайсысы бірінші – деректер (фактілік материал) ме немесе интеллектуалдық схема ма деген мәселе тарихшының еңбегінде тауық пен жұмыртқа туралы әйгілі парадокске ұқсайды. Зерттеуге кірісе отырып, тарихшыда теориялық және концептуалдық түсініктердің алғашқы гипотезалары мен жүйесі болуы керек, тарихшы оларсыз өткеннің деректерімен жұмыс жасай алмайды. Іріктелген әрі жүйеленген мәліметтердің мағынасын талқылау кезеңінде оның еңбегінің нәтижелері одан сайын ғылыми, этикалық және моральдық артықшылықтарға көбірек тәуелді болады. Тарихшы өзінің өткенге қатысты тек қана шынайы әрі бұра тартпас талдауының талаптарын басшылыққа алса да, тарихи ақиқатты қабылдау түйсігін тарихилық принципке толықтай бағындыра алмайды. Зерттеуші басқа дәуірлер мен қоғамдарды өз заманымен салыстырмалы талдауға қызығушылық білдіреді. Кез келген тарихқа қызығатын адам ғылымилық пен тарихилықтың принциптерінен хабары жоқ буынның көптеген өкілдері сияқты, өз заманындағы қоғамының анағұрлым маңызды әлеуметтік өмір құндылықтары мен формаларының түптамасын өткеннен іздейді. Зерттеуші тарихтан өзінің заманында іргелі саналатын ұқсас немесе айырмасы бар әлеуметтік ұйымдардың белгілерін табады. Қазіргі заман тарихшыны өткенді түсіндіруге бағыттайтын мүлтіксіз модель болып қала береді.

Мысалы, демократиялық құндылықтар мен тұлға еркіндігін мойындайтын қазіргі кезеңнің тарихшысы антикалық дәуірдің әлеуметтік және саяси өмірін зерттеуде бейтарап бола ала ма? Антикалық Грекияның полистік демократиясы мен Шығыстың деспоттық монархиясы берген сипаттамалары мемлекеттіктің әртүрлі формаларының болғанын дәлелдеп бере ала ма? Ерікті немесе еріксіз түрде ол антикалық әлемде өзінің әлеуметтік өмірінің ұйымына ұқсас және ол үшін маңызды болған белгілерді байқайды. Сол себептен антикалық кезеңді қазіргі қоғамның алғышарты ретінде қабылдаса, сол мезетте шығыстық дәстүрлерді анағұрлым жат, қалыпты даму жолынан ауытқыған кейіпте зерделейді. Зерттеушінің әуесқой қызығушыдан айырмашылығы – оның өткенді қабылдаудың осындай эмоциялық және құндылық бағамынан саналы түрде қашық болуында. Алайда ол бұл күйден толығымен босап кете алмайды. Тарихшының моральдық әрі саяси біржақтылығы қазіргі қоғаммен әлі де болса байланысын жоғалтпаған өткеннің жақын кезеңін зерттеу барысында анағұрлым айқын көрінеді. Үшінші рейхтың тарихын немесе Отан тарихының кеңестік кезеңін зерттеу әртүрлі бағыттарда жүзеге асырылуы мүмкін, бірақ жалпы ой түйіндері әдетте зерттеушінің идеологиялық бағытын көрсетіп береді. Фашизм мен сталинизмді тудырған объективті және күрделі себептерді терең талдау көп жағдайда сол режимдердің тұсында өмір сүрген әрі оны қолдаған адамдарды моральдық жауапкершіліктің ауыр жүгінен босатады, бірақ мұның өзі зерттеушіні осы кезеңді ұлттық және әлемдік тарихтың қасіретті кезеңдері ретінде сипаттау құқығынан айыра алмайды. Бағалау шынайы саяси-идеологиялық жағдайлармен байланысты болуы да мүмкін. Гитлерлік Германияда ұлттық социализм идеологиясын қолдаған тарихшылар герман халықтарының және немістердің айрықша ұлт ретіндегі артықшылығының тарихи тамырларын өткеннен жүйелі түрде іздеп, тапқан еді. Кеңестік тарихшылар революциялық күрестің айрықша маңызды идеологиясын басшылыққа ала отырып, Ресей тарихындағы үстем режимнің негізін қалаушыларын тапты. Бұл – халық

көтерілістері және шаруалар соғыстары, декабристер, халықшылдар, революционерлер мен лаңкестер – әлеуметтік күрес пен революцияны бейнелейтін күштер. Сонымен қатар басты міндеті ішкі жаулармен күрес болған тоталитарлық мемлекеттің идеологиясы кеңестік билік үшін жаңа тарихи генеологияны қажет етті. Алғышарттар мен еліктеу үлгісі ретінде Сталиннің сүйікті тарихи кейіпкерлері, қаталдығымен және деспотизмімен ерекшеленген монархтар Иван Грозный мен І Петр ұсынылды.

Жалпы алғанда, әлеуметтік-мәдени шарттылығы бар және тарихшының өткенге қатынасын анықтайтын факторлардың үш тобын көрсетуге болады:

- тарихи фактілерді іріктеу, талдау және мағынасын талқылау барысында зерттеуші басшылыққа алатын әлеуметтік дамудың ғылыми концепциясы;
- зерттеуші өткенді түсінудің негізі ретінде қабылдайтын қоғам құрылымының саяси әрі идеологиялық принциптері;
- зерттеушінің дүниетанымдық және идеологиялық жеке ұстанымдары. Тарихшы – өз уақытының тұлғасы, ол әлеуметтік идеялар мен саяси идеологиялардан алыстап кете алмайды.

Тарих ғылымы бұқаралық сана тәрізді, өткен кезең туралы өзіндік мифтерді қалыптастыра отырып, оны белгілі бір өзекті түсініктерді дәлелдеу үшін қолданады. Бірақ тарихшының тазалығы мен кәсібилігі одан өткенді және бүгінгіні тікелей дәріптеуден бас тартуды талап етеді. Тарихшы шынайылық пен бұрмалаушылықтың арасында тепе-теңдік ұстайды, алайда тек ол ғана саяси идеологиялар мен жалған әлеуметтік мифтер үшін өткенді материал ретінде пайдалану жолына тосқауыл қоя алады.

## Тарих айрықша және дара құбылыстар туралы ғылым ретінде

Тарих – адамзат қоғамын даму аясында зерттейтін ғылым. Зерттеу пәніне байланысты ол әлеуметтік ғылымдардың қатарына жатады әрі онда айрықша орын алады. Адам туралы басқа ғылымдардан тарихтың айырмашылығын көрсететін негізгі екі ерекшелік бар. Біріншісі – тарих айрықша және қайталанбас оқиғалармен, нақты құбылыстармен айналасуы керек. Шындығында, Александр Македонскийдың жорықтары, Ұлы француз революциясы, Екінші дүниежүзілік соғыс пен өзге де көптеген өткеннің оқиғалары мен құбылыстары қалпына келтірілуі мүмкін емес және олар дара фактілер болып қала береді. Тарихтың мақсаты – осындай фактілерді табу, олардың себептері мен салдарын анықтау. Нақты және дара құбылыстар тарихшының ой қорытуына материал беріп қана қоймайды, оларды зерттеу тарихшы жұмысының негізін құрайды. Осының бәрі тарихты эмпирикалық ғылым деп санауға мүмкіндік береді, яғни тарих – өткеннің фактілерін толықтыратын, анықтайтын, жіктейтін және сипаттайтын пән. Тарихтың тағы бір ерекшелігі – оның зерттеу ауқымының шамадан тыс кеңдігі. Тарихтың фактісі және зерттеу пәні адамзат қызметінің кез келген көрінісі болуы мүмкін. Тарихшының басқа әлеуметтік ғылымдардың мамандарынан айырмашылығы – әртүрлі құбылыстармен айналысуында:



- экономикалық құбылыстармен – адамдардың шаруашылық өмірінің фактілерімен;
- әлеуметтік құбылыстармен – қоғамның топтары және жіктерінің, олардың арасындағы өзара байланыстың принциптерімен, әлеуметтік институттармен, негізгі мекемелер және тұрақты ережелерге сәйкес қоғамдық өмірді реттеумен;
- психологиялық құбылыстармен – адамдар мен ірі қауымдастықтардың эмоцияларымен және сезімдерімен;
- саяси әрі құқықтық құбылыстармен – қоғамның дамуы барысында қалыптасқан саяси оқиғалармен, мемлекет пен басқару ұйымдарының формаларымен, әлеуметтік мінез-құлықтың құқықтық нормалары және ережелерімен;
- мәдени құбылыстармен – әдебиет, өнер, ғылыми білім саласында адамзат рухы тудырған құбылыстармен, сонымен қатар нақты қоғамға тән дүниетаныммен.

Зерттеу пәні тарихшыны экономика, құқық, әлеуметтану, әдебиеттану және өнер тарихы саласындағы мамандармен жақындастырады. Тарих барлық әлеуметтік ғылымдардың ішіндегі әмбебабы болып саналады. Себебі олардың барлығы тамырлас әрі адамзат қоғамының өзінің өткеніне деген қызығушылығынан туындайды.

Кейінгі тарихтың айқын мысалдарының бірі – Екінші дүниежүзілік соғыс. Бұл оқиға өзінің формалды өлшемдерімен саяси тарихқа жатқызылуы мүмкін. Көптеген еңбектерде соғыс қимылдарының барысы, соғыстың қарсаңындағы және барысындағы дипломатиялық шаралар жан-жақты қарастырылған. Алайда Еуропаның әлеуметтік өмірінің соғыс өртін тұтандыруға алып келгенін немесе сол соғыстан туған құбылыстардың ауқымды кешеніне назар аудармай, бұл оқиғаның мәні мен тарихи маңызын түсіну мүмкін емес.

Соңғы жылдары пайда болған көп зерттеулер тарихтың барысына ықпал еткен Гитлер, Сталин мен Черчилльдің және басқа да саяси көшбасшылардың іс-әрекеттері, сондай-ақ ірі әскери қимылдар мен дипломатиялық келіссөздер миллиондаған адамды қамтыған ірі тарихи оқиғаларды үстіртін ғана көрсететіні туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Еуропаның бірқатар елдерінде ұлтшыл-социалистер мен фашистердің билік басына келуі кездейсоқ жайт емес, ол еуропалық қоғамның экономикасын, саяси әрі құқықтық институттарын, ұлттық және әлеуметтік сана сияқты түрлі салаларындағы күрделі, әртүрлі мәні бар процестерді қамтыды. Әлеуметтік сана мен мінез-құлық саяси институттардың және құқықтық нормалардың ықпалымен ғана қалыптаспайды. Ол барлық халықтарды ғасырлар бойы дамып келген ақылға қайшы құндылықтардың мәні мен жүйесіне негізделген идеологияның құрбанына айналдыратын бұқаралық психологияға, иррационал сезім мен түсініктерге тәуелді. Бір қарағанда, саяси жетекшілер мен партиялардың іс-әрекетінен бастау алатын оқиғалар уақыт өте келе сан алуан және әртүрлі мәндегі фактілерді ескере отырып түсіндірілуі мүмкін.

Тарихшы өткенді зерттеу барысында оның әртүрлілігін ескеріп, өзге де әлеуметтік ғылымдар қалыптастырған идеяларды, ұғымдар мен нәтижелерді назарға ала отырып қолдануы қажет. Кез келген тарихи фактінің көптеген өлшемдері

мен мағыналары бар, сонымен қатар ол қоғамның даму процесінде өзінің орны бар дара оқиға ретінде қызығушылық тудырады. Тарихшы үшін шаруашылық өмірдің тарихы экономиканың қызмет ету заңдылықтарын анықтауға қажетті материал емес, ол, ең алдымен, белгілі бір кезеңдегі адамдардың өмір сүру аспектілерінің бірі ретінде маңызды. Әлеуметтік ұжымдар мен тұтастай бір халықтардың жекелеген белгілі бір жағдайлардағы мінез-құлықтары бұқаралық психология заңдылықтары туралы ілімнің қалыптасуындағы негіз болып қана саналмайды. Нақты бір кезеңнің әлеуметтік топтары мен таптарын, оларды ажыратқан және біріктірген қақтығыстар мен ынтымақтастықтарды зерттеу тарихшы тарапынан қоғамның әлеуметтік құрылымының жалпы теориясын жасау үшін жүзеге асырылмайды. Тарихшыға күрделі теориялық схемаларды құрастыруға айтарлықтай шектеу қоятын материалдармен жұмыс жасауға тура келеді.

Әлеуметтану, философия, психология салалары тарихшының өз зерттеулерінде қолдана алатын теориялар мен ұғымдарды жасайды, ал зерттеуші оларға заңдарды жалпылау әрі анықтау үшін «өңделген шикізатты» ұсынады. Тарихтың эмпирикалық сипаты туралы пікірдің анағұрлым жағымсыз салдары бар. Яғни тарихшыны тарихи оқиғаларды түсіну мәселесі қызықтырмауы керек, оның міндеті – оқиғалардың шынайылығын анықтау мен дәлдікпен сипаттау.

## Тарих және әлеуметтік теория

Тарих – жекелеген оқиғалар мен құбылыстарды зерделейтін эмпирикалық ғылым. Бұл оның қоғамдық дамудың жалпы заңдылықтарын зерттей алмайтынын білдіре ме? Тарихи зерттеулер қоғам тарихының кезеңдері мен олардың жүйелі ауысуының механизмдерін сипаттайтын теориялық қорытынды жасауға үміткер бола ала ма екен? Олардың кәсібінің мақсаты тек қана фактілерді анықтау мен өткенді мұқият қалпына келтіру деп есептейтін ғалымдар – кәсіби топтың айтарлықтай бөлігін құрайтындар. Алайда мұндай ұстаным – өзін-өзі алдау. Кез келген өткеннің құбылысы оның әлеуметтік міндеттері тұрғысынан қарастырылуы керек. Мысалы, тарихқа «жәдігерлік» қызығушылық аясында белгілі бір дәуір адамдарының киімдері мен тұрмыстық бұйымдарды қайта қалпына келтіретін жұмыстар жасалуда. Олардың авторлары қоғамды ұйымдастырудың жалпы мәселелеріне әдейі назар аудармаса да, белгілі бір әлеуметтік топтардың өзіндік ой-санасы мен оның уақыт өте өзгерістерге ұшырауының күнделікті тұрмыстық заттарда көрініс табуы, адамдардың әлеуметтік белгілері бойынша бөлінуі, сыртқы белгілері арқылы адамдардың әлеуметтік мәртебесін паш етуі сынды мәселелерге жауап береді. Басқаша айтқанда, зерттеуші-антикварлар өздерінің алдына теориялық міндеттер қоймаса да, олардың нақты бір кезеңдегі қоғамның ұйымдық принциптері туралы өзінің жеке түсініктерінің болуы қажет. Саяси тарихты зерттеушілер, өз кезегінде, оқиға барысын жан-жақты зерделеп, оның бейнесін толықтай қалпына келтіре алады. Сонымен қатар олар саяси жетекшілердің іс-әрекеттерінің қарапайым адамдар тарапынан қалай қабылданғаны, неліктен белгілі бір оқиғалар барысына көптеген адамдардың (кейде тұтас халықтың) тартылғаны, соғыстың немесе саяси реформалардың қоғамның ахуалына қандай ықпал жасағаны сияқты тура әрі жанама түрдегі мәселелерді қозғайды.



Өткенге деген жүйелі түрдегі қызығушылық пен тарихи білім мынадай сұраққа жауап беру ниетінен туындағаны белгілі: адамзаттың дамуының мақсаты бар ма, мұнда қандай да бір ой немесе жоспар бар ма? Егер болса, онда олар қандай? Өткен кезең адамдардың моральдық даму процесі, Құдайдың жоспарының жүзеге асырылуы, өркениет пен прогреске қадам басу немесе мемлекет пен ұлттың қалыптасуы ретінде қарастырылуы мүмкін. Бұл түсініктер жаңа замандағы еуропалық философтардың, экономистер мен әлеуметтанушылардың концепцияларында негізделгенге дейін-ақ алдыңғы буынның шығармаларында – библиялық мәтіндерді құрастырушылардың, антикалық және орта ғасыр тарихшыларының еңбектерінде жүзеге асырылды. Уақыт өте келе, бір жағынан, тарихи зерттеулердің міндеттері, екінші жағынан, адамзат қоғамының ұйымдастырылуы мен дамуының жалпы концепцияларының қалыптасуы интеллектуалдық қызметтің түрлі салаларына жататын жеке сала ретінде түсіндірілді.

Қоғам туралы ғылымдардың арасында әлеуметтану – тарихқа өте жақын ғылым салаларының бірі: екеуінің де пәндері, жалпы алғанда, қоғамды және әлеуметтік мінез-құлықтардың түрлі формаларын зерттейді. Бұл тұрғыда олардың экономикадан, саясаттанудан, психологиядан, дін мен мәдениет тарихынан өзіндік айырмашылығы бар. Тарихшылар мен әлеуметтанушыларды зерттеу пәні емес, адамзат қоғамын зерттеудің міндеттері мен әдістеріне қатысты тәсілдемелері бөліп тұр. Өте маңызды айырмашылықтардың қатарына жалпыламалық концепциялар мен теориялық құрылымдарды қарқынды пайдаланудың әртүрлілігін жатқызуға болады. Әлеуметтік тарихшы үшін модельдер мен схемалар – тарихи ақиқатты танудың құралы. Бұл – өткенге жаңа сауалдарды қоюға мәжбүрлейтін, соның нәтижесінде оның мағынасы туралы соңғы әрі нақты жауапты алуға мүмкіндік беретін гипотезалар.

Әлеуметтанушының мақсаты – қоғам дамуының құрылымы, заңдылықтары туралы түсініктерді жалпылау, әлеуметтік тіршілік иесі ретіндегі адамдардың мінез-құлықтарының негізгі және әмбебап заңдылықтарын анықтау.

Тарихшы әлеуметтік өмірдің көптүрлілігіне назар аударады. Оның міндеті – нақты бір уақыт кезеңіндегі, нақты жағдайлардағы, нақты бір жердегі қоғамның өмір сүруінің ерекшеліктерін анықтау. Әлеуметтанушыға қарағанда, тарихшы барлығына ортақ қабылданған жалпыламамен емес, айырмашылықтармен айналысады.

Әлеуметтік теория мен нақты тарихи зерттеулердің тәсілдері өзара қарама-қайшы немесе өзара толықтырушы болып санала ма? Бұл сұраққа жауап бірдей емес.

Жекелеген фактілер мен оқиғаларды талдай отырып, тарихшы оларды алуан түрлі тарихи құбылыстармен және процестермен байланыстыруы қажет. Ол зерделеніп отырған материалды себеп-салдарлық байланыстар жүйесінде қарастырады, өзге аймақтарда әрі басқа жерде орын алған ұқсас құбылыстармен салыстырады. Кейбір кезде тарихшы логикалық іс-шараны автоматты түрде жүзеге асырады.

Өзара ұқсас бірнеше жағдайды қарастырып көрейік. Соғыстар мен ірі қақтығыстарға арналған зерттеулерде олардың пайда болу себептерін көбінесе саяси көсемдер мен әскери басшылардың іс-қимылдарымен, яғни басты фактордың негізгі мәнін жекелеген тұлғалардың ерік-жігерімен, бастамасымен, амбициясымен

және көрегендігімен байланыстырып жатады. Мұнда қоғамның ахуалы қандай деңгейде және қалайша Александр Македонский жорықтарын, Наполеонның әскери экспедицияларын немесе Гитлер бастаған Екінші дүниежүзілік соғысты тұғызды, осыдан кейінгі барлық дамуды осы саяси әрекеттердің тікелей салдары деп есептеуге бола ма деген мәселе қойылмайды. Эмпирикалық және фактографиялық тәсіл жекелеген тарихи тұлғалардың өзіндік ерік-жігері мен әскери қақтығыстардың әлеуметтік-экономикалық алғышарттарының арақатынасы мәселесін елемейді. Сондай-ақ бұл зерттеулер аталған оқиғаның осыған ұқсас оқиғалардан бөлек өзіндік бейнесі туралы басты сұраққа жауап бермейді. Тарихтағы ірі әскери қақтығыстардың бір-бірінен саяси әрекеттері, әскери қимылдардың ауқымы, жаулау мақсаттары және нәтижелері сияқты сыртқы әрі формалдық аспектілері тұрғысынан ғана айырмашылығы бар.

Өзге бір мысал ретінде шаруашылық өмірді зерттеу бағытын атап көрсетуге болады. Антикалық немесе ортағасырлық экономикаға арналған кейбір зерттеулер өндіріс пен ақша айналымы саласындағы адамдардың мінез-құлық логикасын қазіргі күнгі экономикалық өмірдің логикасына ұқсатып жібереді. Әртүрлі дәуірлер мен аймақтарға, соның ішінде бүгінгі әлемге жататын фактілер экономикалық заңдылықтардың әмбебаптығы жөніндегі көзқарастармен түсіндіріледі, ал шаруашылық өмірдегі айырмашылықтар жекелеген институттардың немесе өндіріс деңгейінің қарқындылығымен ғана өлшенеді. Дегенмен бір қарағанда әмбебап болып көрінетін экономикалық заңдылықтар жан-жақты зерделенген кезде анағұрлым шектеулі болып шыға келеді. Олар экономикалық даму ерекшеліктері мен жаңа заманның батысеуропалық қоғамындағы адамдардың мінез-құлықтарын ғана ескереді, бірақ оны өзге дәуір мен аймақтардың экономикалық тарихына қолдануға келмейді. Жоғарыда қарастырылған әскери қақтығыстар сияқты, фактілерді басты бағдар ретінде ұстанатын зерттеушілер тарихты еріксіз жаңғыртумен айналысады: өз дәуірінің түсініктері мен әлеуметтік категорияларын өткеннің оқиғалары мен құбылыстарына қолданады. Нақты оқиғаны қоғам дамуының ерекшеліктерінің тұрғысынан талдау міндетін қоймайтын зерттеу тәсілі «тарих – тек жеке және ұқсас белгілері бар фактілердің жиынтығы» деген түсініктен туындайды. Бұл көзқарастың негізі антитарихи сипатқа ие, өйткені ол тарих қоғамның уақыт аясында өзгеру процесі екенін, даму деңгейі әр алуан заңдылықтармен анықталатын қоғамдардың тек әртүрлі тарихи дәуірлерде ғана емес, бір мезгілде де өмір сүре алатынын ескермейді.

Кез келген құбылыстың тарихи мән-мағынасын сол қоғамның ерекшеліктерін есепке алмай анықтау, шын мәнінде, мүмкін емес. Өз кезегінде, қоғамның құрылымдық сипаттамасы мен оның даму заңдылықтарын көрсететін ұғымдар мен концепцияларды қолданбай, бұл ерекшеліктерге анықтама бере алмаймыз. Бұл ұғымдар мен концепциялар барлық социумдар үшін әмбебап болып саналатын элементтерді анықтауға жол ашады. Абстрактілі модельдерге сәйкес келетін жекелеген қоғамдарды зерттеу тарихи фактілердің шексіз әртүрлілігінің бейберекетсіздігін еңсеруге көмек береді. Оларды белгілі бір өлшемдер жүйесінің аясында жүйелеуге және зерттеуге болады. Тек осылай ғана әлеуметтік өмірдің түрлі құбылыстары мен формаларын салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын дұрыс анықтай аламыз. Сонымен қатар концептілер мен теориялық құрылымдар тарихи ақиқаттың дәлме-дәл бейнесі бола алмайды. Олар – тек

бұл шындықты зерттеуге және фактілердің өздігінен белгілі бір мәселені көтеріп, оны шеше алмайтын жағдайларына жауап беруге мүмкіндік беретін құрал ғана. Тарихшы гипотезалар ретінде кез келген әлеуметтік модельдер мен схемаларды қолданады, олардың өміршеңдігі тек нақты материалдарды талдау нәтижесінде тексеріледі. Бастапқыда қоғамның қалыптасу заңдылықтарын түсінуге деген ұмтылысымен тығыз байланысты болған тарих ғылымы екі ғасыр бұрын қоғам туралы дербес ғылымдардың тұтастай бір кешенінің негізін қалаушыға айналды. Қазіргі таңда ол қоғамды тану құралы ретінде әлеуметтану, антропология, экономика және психологияның теориялық модельдері мен схемаларына назар аударады әрі сонымен бірге бұл теориялардың шынайылығын сынайды.

Тарихи талдау әдісі қоғамның құрылымын сипаттайтын және оны зерттеудің ережелерін белгілейтін абстрактілі модельдердің үш категориясына сүйенеді. Бұл категориялар өзінің нақты шындықты жалпылайтын деңгейіне қарай бөлінеді. Біріншісі – қоғамның ұйымдасуының және оның дамуының жалпы заңдылықтарын баяндайтын концепциялар. Екіншісі – кез келген қоғам үшін адамдардың ортақ мінез-құлық принциптері мен формаларының анықтама-сына лайықты және сонымен қатар олардың жүзеге асырылуының әрбір нақты жағдайда өзіндік ерекшеліктерінің болғанын білдіретін ұғымдар. Үшіншісі – қоғамды тану әдістері, яғни тарихи фактілердің терең мазмұнын ашуға мүмкіндік беретін мәселелер мен оларды шешу тәсілдерінің жиынтығы.

## ЕКІНШІ ТАРАУ

# ТАРИХ ҚАЛАЙ ЖАЗЫЛАДЫ?

Тарих – заттар немесе құбылыстар туралы емес, адам, адамзаттың өткені туралы ғылым. Оларды ұстанатын адамдарға тәуелсіз қандай да бір идеялар бар ма? Тек бір ғана тарих бар – адамның тарихы, бұл тарих – кең мағынадағы тарих.

*Люсьен Февр*

Кең мағынадағы тарих өткен заман туралы жүйелі баяндауды білдіреді. Тарихшылар қандай да бір кезең мен мәдениетке тиесілі екеніне қарамастан, жадыда сақтауға лайықты мәліметтерді табады және іріктейді. Авторлар тиесілі мәдениетте қалыптасқан әртүрлі түсініктерді басшылыққа ала отырып, өткен кезеңнің әңгімелері қалай көрінуі керек, қандай ережелерге бағынады, оқырманды қандай мәдени құндылықтарға баулиды, тарихи еңбектің мақсаты қандай деген сұрақтарға жауап береді. Кез келген тарихи жанрдың мәтінінде, мейлі ол оқиғалардың жыл сайынғы жазбалары болсын, философиялық тарих немесе ғылыми монография болсын, әртүрлі формада ойы, сюжеті мен кейіпкері болады. Автор әңгіменің желісін сөзбен әрлей отырып, баяндаудың белгілі бір тілін таңдайды. Тарихи еңбектің осындай элементтері тарихшының тиесілі болған мәдениетін сипаттайды және оны тарихи білімнің тарихы саласындағы мамандар зерттеуі мүмкін.

## Тарихи дерек

Тарихи дерек – тарих пәнінің аса маңызды ұғымдарының бірі. Дерек – зерттеушінің назарына ілінетін өткеннің куәлігі (мүмкін ол қолжазба, бейне, құжат, әдет-ғұрып, құрал т.б.), ол өткен кезең туралы қандай да бір тұжырым үшін негіздеме ретінде қолданылуы ықтимал. Зерттеушілердің жалпы түсініктері бойынша, дерексіз тарихты білу мүмкін емес. Оны көбінесе өткеннің тарихи куәлігін зерделейтін білім саласы ретінде сипаттайды. Деректерге талдау жұмысын жасау нәтижесінде алынған ақпараттардың негізінде тарихшы өткеннің өзіндік бейнесін қалыптастырады.

Өткеннің бейнесі көп жағдайда тарихшының деректі қалай анықтайтынына байланысты. Әртүрлі кезеңдегі тарихи білімде деректі бағалаудың түрлі критерийлері болған. Мысалы, XIX ғасырдың тарихшы-позитивистері құқықтық, заңнамалық актілер, дипломатиялық материалдар сынды оқиғаны анағұрлым дәл

сипаттайтын ресми құжаттарға басымдық берді. Сонымен бірге дереккөздердің өзге де түрлері – мемуарлар, жеке тұлғалардың хат алмасулары, басылымдардағы мақалалар – көп жағдайда субъективті түрде қарастырылып келді. Сондықтан оларға толықтай сенім арта алмаймыз, әрі олардың шынайылығы күмәнді.

Ұзақ уақыт бойы тарихи білімде тек жазбаша куәліктер ғана дерек бола алатыны, ал өзгелері сенімді ақтай алмайтыны туралы түсінік орын алған еді. Сол себепті ғалымдар кез келген халықтың тарихын олар туралы жазбалардың пайда болу кезеңінен бастау керек деп есептеген. Тек жазбаша деректер мәліметтерге нақтылық береді, ал ауызша әңгімелер әр кезде оған өзгерістер мен толықтырулар енгізетін баяндаушының жеке басына байланысты болады деп саналған. Сонымен қатар көптеген зерттеушілер халық аңыздарын, өлеңдер мен жырларды құнды дереккөздер ретінде қолдануға болады деп есептеді. Өйткені олар өзінен кейін ешқандай із қалдырмаған өткеннің құбылыстарының мәнін айқындауға мүмкіндік береді. ХХ ғасырда бұл көзқарас жазу дәстүрі болмаған халықтардың фольклорын зерттеу нәтижесінде дәлелін тапты. Этнологтар ауызша дәстүрдің бұрынғыдан анағұрлым тұрақты, қатаң канонға негізделген сипаты бар екенін анықтады. Әрине, халықтың ауызша жеткізу дәстүрінің шығармаларын пайдалану айрықша тиянақтылықты және жан-жақты талдауды талап етеді. Дегенмен барлық деректерге, соның ішінде жазбаша деректерге де қатысты осындай көзқарас ұстану өте орынды.

Деректердің аясын кеңейтудің шешуші факторы – тарих ғылымындағы өзгерістер, яғни оның пәнінің қайта анықталуы мен ғылыми зерттеудің әдістерін жетілдіру болды. Тарихшылар саяси оқиғалармен ғана айналысқан кезде, тек заңнамалық актілерге, дипломатиялық құжаттарға және т.б. ғана назар аударған еді. Кейінірек экономикалық саланы зерттеу үшін, әртүрлі шаруашылық құжаттарға, есептерге, қолхаттарға, қаржылық есептерге, салыққа қатысты жазбаларға, рухани өмірдің бейнесін қалпына келтіру үшін – әдебиет пен өнер шығармаларына, ал күнделікті тарихты зерттеу үшін – тұрмыстық заттарға, киім-кешектерге т.б. жүгінуге тура келді. Қазіргі заманауи тарихи білімде деректерге деген иерархиялық көзқарас айтарлықтай сынға ұшырады.

ХХ ғасырдағы француз тарихшысы Льюсен Февр: «Тарих, сөзсіз, жазбаша деректердің негізінде жазылады. Егер олар бар болса. Бірақ жазбаша деректер болмаған уақытта да тарих жазылады және жазылуы керек. Әдеттегі гүлдер болмаған кезде, тарихшы тапқырлық қабілетіне сай кез келген жерден бал жинай алады. Бұл сөздер мен белгілер, пейзаждар мен кенеп маталар, даланың конфигурациясы мен арамшөптер, айдың тұтылуы мен қамыттың формасы, тастың геологиялық талдамасы мен семсерлер жасалған металдардың химиялық сараптамасы болуы мүмкін. Бір сөзбен, адамға тиесілі, байланысты, оған қызмет ететін, оны білдіретін, бар екенін көрсететін адамзат тұрмысының қызметі, талғамы және тәсілдерін бейнелейтіннің барлығы» деген пікір білдірген еді.<sup>1</sup>

Басқаша айтқанда, дерек ретінде өз заманының мәдени мәні сақталған кез келген тарихи мәліметтер зерделенеді. Әртүрлі деректер – жазбаша және бейвербал, яғни сөзбен берілмеген – тарихшы тарапынан ерекше мәтін ретінде «оқылуы» мүмкін. Мәтіннің әрбір элементінің мағынасы қозғалмалы, ауыспалы, ал дерек қалыптасқан тарихи-мәдени контекспен байланысты. Зерттеушінің міндеті – өткеннің идеялары мен оқиғалары туралы мәліметтерді анықтау ғана

емес, белгілі бір жағдайдың, іс-әрекеттің, заттың, сөздің қандай мағына бергенін түсіну, яғни өткеннің құндылықтар жүйесін ұғынуға талпыну.

Тарихшының деректерден қандай ақпаратты алатыны осы мәліметтерден іздеген дүниесіне тікелей байланысты. Дерек «өз атынан сөйлемейді». Ағылшын тарихшысы әрі философы Р.Дж. Коллингвудтың сөзімен айтсақ, «Әлемдегінің барлығы – белгілі бір заттың әлеуетті куәліктері». Алайда тарихшы белгілі бір сұрақтарды қойған жағдайда ғана ол зат куәлік беруші қызмет атқара алады. Егер ол дұрыс сұрақ қоя білсе, онда «оның қабылдайтын барлық заттарының ішінде кез келген мәселе бойынша пайымдауға куәлік ретінде қолдана алмайтын дүниелер болмас еді. Тарихшылардың осы күнге дейін пайдасыз деп есептеген белгілі бір фактілерді, тарихи дәлел үшін куәлік ретінде қолданатын тәсілдерді іздеп табуы – тарихи білімді байытудың ең басты жолы. Қабылданатын барлық дүние әлеуетті әрі ол тарихшының дәлелдері үшін куәлік ретінде қызмет етеді».<sup>2</sup>

Белгілі бір құжат зерттеу міндеттеріне байланысты әртүрлі оқылуы мүмкін. Деректің соңғы, түпкілікті оқылымы болмайды. Сондай-ақ әрбір зерттеуші куәліктерді өзінше түсінеді, оны түсіндіреді, өзінің танымдық жүйесіне, құндылығына бейімдей отырып пайдаланады. Интерпретацияны тарихи мамандықтың ережелері мен нормалары шектей алады.

XIX–XX ғасырлардағы тарихи білімде деректерді сын тұрғысынан талдау әдістері жасалды, ол деректердің мазмұнына терең бойлауға, олардың түрлі мәндік деңгейін анықтауға мүмкіндік берді.

Тарихшының іріктеліп алынған деректермен танысу жұмыстарына кіріскен кездегі бірінші міндеті – мәтінді дұрыс оқу мен мазмұнын игеру, оның шығу тегі (авторы, уақыты, құрастырылу орны, мақсаты) мен шынайылығын анықтау. Әдетте деректің сыртқы сынына жататын бұл операцияларда зерттеушіге палеография, эпиграфика, текстология, сфрагистика, дипломатика мен тарих ғылымының басқа да қосалқы пәндері көмектеседі. Сыртқы сынды аяқтағаннан кейін зерттеуші деректе сақталған мәліметтердің толықтығын, шынайылығын және дәлдігін тексеруге кіріседі. Жұмыстың бұл кезеңі деректің ішкі сыны немесе герменевтика деп аталады.

Деректі түсіну үшін оның пайда болуының әлеуметтік-тарихи шарттарын және нақты жағдайларын ескеру қажет. Барлық деректерде авторлардың түсініктері, ұстанымдары мен идеалдарының нышандары, олардың жеке көзқарастары мен дәуір мәдениетінің қырлары көрініс береді.

Кез келген деректі зерделеу барысында зерттеуші оны талдайды. Яғни уақыт тұрғысынан оның семантикалық өзгерістерін, сондай-ақ бірқатар кемшіліктерін ескере отырып, алғашқы мән-мағынасын қалпына келтіруге тырысуы керек. Өткеннің мәліметтері тарихшыға жетер ұзақ жолда өзіндік сұрыптаудан өтеді, осындай әрбір кезеңдерден кейін ақпараттар азая береді. Осылайша жекелеген фактілер түпкілікті жоғалып кетуі мүмкін. Дегенмен кейбір мәліметтердің жеткіліксіз тұстарын деректердің түрлі категорияларымен толықтыруға мүмкіндік бар. Дәуірдің сипатты құбылыстары мен процестері, оның маңызды оқиғалары сияқты, әдетте замандастарының алуан түрлі куәліктерінде тіркеледі, демек, кейінгі ұрпақтар үшін сақтап қалуға мүмкіндік бар.

Барлық кезеңдердегі тарихшылар өздерінің еңбектерінде өткеннің шындығын ғана жазуға ниет білдіргенін айтады. Алайда жазылғанның барлығы



өткеннің барысын нақты сипаттай бермейді. Бұл авторлар тарихты «көшіре» білмегендіктен немесе «көшіре» алмағандықтан шындықты ойлап тапты немесе бұрмалады деген ұғымды білдіре ме?

Шындық пен ойдан шығарылған дегеннің мәнін әр уақытта тарихшылар әртүрлі түсінген. Мәселен, әдебиетті жасайтын құбылыстың жалпы қырларын, сипаттарын ашатын типтік бейне шындық болып саналуы мүмкін. Бұл жағдайда тарихшылар өтпелі сипаттағы мардымсыз материалдарға ғана қол жеткізеді. Оқырман қауымды сенімге бағыттайтын моральдық құндылық мәселелері шыннайылық ретінде түсіндірілуі ықтимал. Тарихи баяндаулардағы шындықтың табиғаты туралы түрлі түсініктерді білумен қатар, оның авторының дүниетанымы мен пікірін де ескеру қажет. Ортағасырлық жылнамашы үшін әулиелердің жасаған ғажайыптары белгілі бір шындықтың құрамдас бөлігі болды. Жаңа заман тарихшысы үшін адамзат моралінің дамуы мен прогрестің жақын уақыттағы салтанаты туралы түсініктер айтарлықтай қалыпты деп қабылданды. Сондай-ақ баяндаудағы мағыналық басымдық және мәтіндегі басымдық пен үнсіздікті анықтайтын идеологияның элементтері – барлық деректерге тән сипат.

Осы тәрізді барлық жайттарды өткеннің куәліктерімен жұмыс жасау барысында ескеріп отыру қажет. А.Я. Гуревичтің сөзімен айтқанда: «Тарихшы деректермен үнемі күресіп отырады, себебі, бір жағынан, танымның жалғыз құралы болса, екінші жағынан, табиғатын мүмкіндігінше тереңірек зерттеуді қажет ететін кедергі іспеттес... Ол қажет болған жағдайда тарихи деректердің авторларының түсінік аясына, олардың шығармашылығының ажырамас бөлігі саналатын мәдени мәселелер мен ой-пікірлерінің жүйесіне бойлауы керек».<sup>5</sup>

## Оқиға және факт

Оқиға мен факт – маңызды тарихи категориялар. Өзінің қарапайымдылығына қарамастан, бұл ұғымдарды анықтау аса күрделі. XIX ғасырдың екінші жартысынан бүгінгі күнге дейін тарихшылар тарихи оқиғалар мен фактілердің табиғаты әрі мәні жөнінде пікір таластыруда.

Оқиға – орын алған, жүзеге асқан дүние, зерттеушінің назарына іліккен құбылыс. Тарихты көбінесе оның оқиғаларға қатыстылығымен байланысты түсінеді. Сөздіктерде тарихқа өткеннің оқиғаларын тіркейтін әрі түсіндіретін білім саласы ретінде немесе оқиғаларды жүйелі түрде әңгімелеу ретінде анықтама берілуі мүмкін.

Антикалық уақыттан бері тарих *res gestae* (іс-әрекет) – ірі саяси оқиғалар туралы баяндама ретінде топшыланды. Бүгінгі қоғамда «тарихшының міндеті – өткеннің оқиғаларын шынайы сипаттау мен түсіндіру» деген ұғым кеңірек тараған.

Тарихи білімде оқиғалардың алуан түрлі интерпретациялары бар. Шартты түрде оларды реалистік және конструктивтік деп бөлуге болады.

Кең тараған реалистік интерпретацияға сәйкес, өткен уақытта болғанның барлығының өз құрылымы бар әрі ол деректерде тіркелген. Осылайша оқиғалар тарихшы үшін «шикізат» болып саналады. Осы ұстанымға сәйкес, зерттеушінің жұмысы өткен оқиғаларға қатысты баяндалған материалдың шынайылығы мен дұрыстығы туралы көзқарасымен бағаланады.



Конструктивті интерпретациялаудың жақтаушылары оқиғалар зерттеушіге тәуелді болады деп мәлімдейді. Тарихшы алуан түрлі деректермен жұмыс жасай отырып, өткен оқиға туралы қорытынды жасайды, оқиғаның интеллектуалдық құрылымын қалыптастырады. Осылайша оқиғаны белгілі бір деңгейде тарихшының шығармашылық еңбегі ретінде қарастыруға болады. Зерттеуші көпшілікке белгілі жағдайларды сипаттамайды, алайда өткеннің жекелеген «дауыстарын» топтауды, деректердің куәліктеріне мән-мағына беретін оқиғаны «негіздейді».

XX ғасырдың ортасындағы америкалық философ Луи Минк адамдар өткеннің кез келген оқиғаларының барлық шынайы формалары сақталған «айтылмаған тарихтың» бар екенін болжауға бейім деп жазады. Тарихшылар оның үзінділерін тауып, мағынасын ашып, оқиғалардың шынайы көрінісін қалпына келтіреді деп күтеді. Бірақ бұл сезімдер алдамшы, себебі айтылмаған оқиғалар болмайды, өйткені тарихтың өзі – әңгіме. Ғалымның өткеннің оқиғаларына тікелей қол жеткізуге мүмкіндігі болмайды: тарихшы олар туралы әртүрлі деректерден біледі. Қалпына келтірілген оқиғаның көрінісі мен құрылымы оның шынайы табиғатына байланысты емес, оның оқиға енгізілген тарихи-әдеби контекстіне тәуелді болады. Сондықтан бір сәттік әрекеттер немесе жекелеген адамдардың қылықтары, сондай-ақ ұзаққа созылатын күрделі процестер (мысалы, реформация немесе Француз революциясы) осындай дәрежеде жүргізілетін болады. Оқиғаның «көлемі» тарихшының белгілі бір көзқарасына және ол жұмыс жасайтын жанрға байланысты: мемлекеттердің тарихын баяндайтын микротарихи зерттеулер мен ірі шығармаларда оқиғалар әртүрлі көлемде болады, ал олардың логикасы алуан түрлі негіздемелер арқылы құрастырылады.

XIX–XX ғасырлардағы тарихшылардың ой-пайымдарында көбінесе «оқиға» ұғымы «факт» түсінігімен терең астасып жатады. Жалпы алғанда, егер оқиға орын алған қандай да бір жайтты тіркесе, фактіні оқиғаны растау ретінде қарастыруға болады. «Факт» ұғымының (лат. *factum* – жасалған) кем дегенде екі мағынасы бар: біріншісі болған, орын алған жағдайды білдірсе; екіншісі болған жайт туралы куәліктердің шынайылығын, нақтылығын білдіреді. XIX–XX ғасырларда Батыстың интеллектуалдық мәдениетінде кәсіби тарихтың өткенді баяндайтын әңгімелердің басқа да түрлерінен айырмашылығы оның фактілерге негізделуіне байланысты болды. Бұл базис тарихты мифтерден, аңыздардан, ойдан шығарылған оқиғалардан бөліп тұрады деген түсінік орын алған еді.

XIX ғасырда позитивистік тарихнамада фактінің өзіндік культі қалыптасқан. Зерттеуші керамикалық бөлшектерді топырақтан тазартқан археолог сияқты, нақты емес, маңызсыз, кіріктірілген барлық дүниелерді фактілерден сыни талдау жұмысының көмегімен бөліп алу арқылы деректерден қажетті мәліметтерді табуы қажет болды. Фактілерсіз тарих түптамырынан айырылады; олар тарихқа объективтік, дәлелдік, ғылыми пән мәртебесін береді. Өз кезегінде, тарихшының қызметінсіз факті өзінің маңызын жояды.

Шынайы факті ұғымы XIX ғасырда кәсіби тарих ғылымының іргетасына айналды. Неміс тарихшысы Леопольд фон Ранкенің пікірі бойынша, тарихи куәліктер Вальтер Скотт сияқты жазушылардың романдарынан да анағұрлым қызықты. Тартымды немесе жағымсыз болса да, фактілерге қалтқысыз жүгіну Ранке үшін «ең жоғарғы заң» болды. Болмашы ғана маңызы бар тарихи фактінің өзі ойдан шығарылған керемет оқиғадан әлдеқайда тартымды.

Ұзақ уақыт бойы бұл ұғым проблемалық талқыға түспеген еді. Тарихшылардың көпшілігі үшін тарихи факті физикадағы атом секілді, білімнің іргетасы іспеттес ішкі тұтастыққа ие болды. Дайын фактілер тарихшы оларды жинақтап, баяндау үшін жүйелегенше «күтеді». Олар «өздері үшін куәлік берді» және тарихшының сөзімен тарих баяндалды.

Бұл көзқарастардың әртүрлі нұсқалары қазіргі кезде әлі де қолданылуда. Алайда XX ғасырда тарихи факті ұғымы соншалықты нақты әрі анық болудан қалды. Италия философы Бенедетто Кроченің пікірінше, фактілер өздігінен дайын күйдіңде орналаспайды, олар тарихшылар тарапынан олардың мақсаттарына сәйкес қалыптастырылады, ұсынылады. Белгілі бір факті зерттеушінің ой-санасынан тыс, өзінен-өзі қалыптаспайды, ол тарихшының ақылы мен ой-қиялынан пайда болады. Сонымен факті тарихшының жұмысының жемісі саналады. Бұл ереже фактінің интерпретациядан бөлек болатыны туралы кең тараған идеяға күмән туғызды.

Б.з.д. 49 жылы Цезарьдың Рубиконнан өтуі жеке бір факті ретінде қарастырылуы мүмкін. Бірақ ол өз алдына бірнеше ұсақ фактілерге бөлінеді. Факті – тарихшының «маңызды» немесе «іске қатысты», яғни белгілі бір контекстке жатқызылған таңдау негізінде жасаған әлде бір қорытындысы. Фактінің құрылымына ғылыми әдістер ықпал етеді, олардың көмегімен тарихшы мәліметтерді, олардың топтамаларын іріктейді, куәліктерді өзара сәйкестендіреді. Маманның деректерді сын тұрғысынан зерделеудің іс-шаралары мен әдістерін меңгергеніне қарамастан, оның қойған сұрақтары, сондай-ақ мәдениетінің, этикалық әрі эстетикалық құндылықтарының артықшылықтары оның мәтініндегі фактілердің көрінісіне тікелей әсер етеді.

## Хронология және кезеңдеу

Өткенді зерттеуші ғалымдар жұмыс барысында хронология және кезеңдеу мәселелеріне тап болады. Тарихшы өз еңбегінде белгілі бір мәдениет пен замандыққа тиесілі уақыт туралы түсініктермен қатар, уақыттық өлшемнің тәсілдері мен оқиғалардың арақатынасына қатысты әртүрлі тарихи көзқарастармен жұмыс жасайды.

Адамның үйреншікті тәжірибесі уақытты үздіксіз қозғалыстағы ағын ретінде қабылдауға және оларды шартты кезеңдерге бөлуге мүмкіндік береді. Бүгінгі Батыс мәдениетінде әлемнің иудейлік-христиандық бейнесінен бастау алатын көзқарас кең тараған. Бұл тарихтың өткеннен болашаққа бағыт алған оқиғалардың тізбегі екенін білдіреді. Христиандық ілімге сәйкес, адамзаттың жер бетіндегі тарихының басталуы, аяқталуы бар және ол бір мақсатқа – Құдай патшалығына жетуге бағытталған. Әлеуметтік прогресс теориясы осыған ұқсас бейнеде құрастырылған, онда тарих анағұрлым кемел қоғамдық құрылымға бағытталған адамзаттың бірбағыттық дамуы ретінде қабылданды. Шектеулі уақыт кеңістігіндегі үздіксіз сызықтық процесс ретіндегі тарих туралы түсініктер қазіргі таңдағы көптеген ғылыми жаратылыстану теорияларынан қолдау тауып отыр.

Қазіргі мәдениетте тарихтың сызықтық көрінісімен қатар, күн мен түннің немесе жыл мезгілдерінің ауысуы сияқты табиғи циклдерге негізделген

хронологиялық циклдік түсініктердің элементтері бар. Дегенмен олар сызықтық қозғалыстың идеясына бағынады: әрбір жыл өткен жылға қатысты жаңа болып саналады. Аталған идеялар тікелей уақыттың табиғатынан туындамайды. Мәселен, ежелгі гректердің түсінігіндегі циклдік уақыттың мәні өзгеше: мәңгілік ғарыш белгілі бір кезекпен отқа оранып жойылады да, кейін қайта пайда болып, тарихи оқиғалардың кезекті қайталануы орын алды.

Түрлі мәдениеттерде оқиғаларды уақытпен өлшеу қажеттігі болған. Оқиғаларды уақытпен сәйкестендіру тәсілдері айтарлықтай әр алуан болды: олар әр түрлі мәдениеттерде қабылданған уақытты өлшеу әдістеріне, ай мен күннің күнтізбесіне, жер өңдеу циклдеріне, әулеттің билік кезеңдеріне т.б. негізделіп жасалады. Жыл санау әдетте белгілі бір маңызды атаулы оқиғалардан бастап жүргізілген. Мысалы, Римнің негізінің қалануы немесе әлемнің жаратылуы, Будданың өлімінен кейінгі бірінші жыл немесе Христостың дүниеге келуі. Әртүрлі хронологиялық жүйелерді зерттеу мәселелері тарихи хронология сынды пәннің зерттеу алаңын құрайды.

Егер жыл санау немесе тарихи уақыттың бейнелерінің мәселелері тарихқа пән ретінде ғана тәуелді болса, кезеңдеу мәселесі тарихи біліммен тікелей байланысты.

Кезеңдеу – өткенді уақыт бөлшектеріне бөлу (тарихи кезеңдер, ғасырлар, дәуірлер және т.б.) – тарихты жазудың ең күрделі мәселесі. Тарихи оқиғаларды реттеу мен талдау үшін мұндай бөліністің қажеттігі зерттеушілер арасында күмән тудырмайды. Алайда көп жағдайда кезеңдеу тәжірибесі дау-дамайға алып келетін еді. Тарихшылар өткенді біртұтас фрагменттерге бөлудің айтарлықтай шарттылығына назар аударады.

XIX ғасырдағы тарихи білімде кең тараған оқиғаның мерзімдік аясы ретіндегі уақыттың шынайылық идеясы XX ғасырдағы уақыттың шарттылығы туралы түсініктерге орын берді. Тарихи уақыт күрделі құрылым ретінде пайымдалады, ол көп жағдайда өткен оқиғамен немесе оқиғалар топтамасымен «бекітілген». Кезеңдеу мүмкіндігінің өзі тарихты шартты түрде үздіксіз және біртұтас бейне ретінде көрсетуге негізделеді. Адамзаттың даму процесінің жалпы идеясына сүйене, ондағы белгілі бір дәуірді көрсете отырып, бір дәуірді екіншісімен салыстыруға болады.

Тарихты зерттеу үшін уақытты нақтылау, болған оқиғаны уақыттың белгілі бір сәттерімен байланыстыру ғана емес, сонымен қатар тарихи құбылыстардың өзара ұқсас дәуірлерінің шекараларын белгілеу маңызды мәселе болды. Осы ұқсастықтардың негізінде тарихи дәуірлерді, мысалы Қайта өрлеу немесе Ағарту дәуірлерін т.б. нақтылауға болады.

Өткеннің мәдениетінде, мифологиясында және діндерінде тарихты кезеңдеудің түрлі тәсілдері, мәселен, өткен кезеңді жыл мезгілдерінің, адамның жас мөлшерінің жүйесі бойынша бөлу қабылданған. Грек ақыны Гесиод б.з.д. VII ғасырда өтіп кеткен төрт ғасыр туралы жазған, олар: алтын, күміс, қола және темір ғасырлар. Белгілі бір ұрпақтар, саяси биліктер мен әулеттерге сәйкес кезеңдеу мәселесі тарихты ретке келтірудің ежелгі тәсілдеріне жатады.

Орта ғасырларда Батыста шіркеу әкелерінің еңбектерінде дүниежүзі тарихын кезеңдеудің екі ірі жүйесі ұсынылды. Біріншісі адамзаттың өткені мен бүгінін төрт монархиямен байланыстырды. IV ғасырда Кесариялық Еусебиус (Евсевий

Кесарийский) пен стридондық Иероним көне өсиеттегі «Даниял пайғамбардың кітабы» негізінде дамытқан осы жүйеге қарағанда, адамзат тарихында барлығы төрт империя ауысты. Рим империясы жер бетіндегі ең соңғы мемлекет ретінде зерделенді, одан кейін тарих аяқталады. Монархиялардың кезекпен ауысуы адамдарды саяси әрі діни ынтымақтастыққа бастап бара жатқан Құдайдың ойын бейнеледі. XI–XII ғасырларда неміс тарихшылары ортағасырлық Батыста кең тараған «монархияны ауыстыру» теориясын ұсынды. Бұл концепцияға сәйкес, Рим империясының құлауынан кейін Құдай Рим императорларының билігін алдымен Ұлы Карлға (сондай-ақ Франктер мемлекетіне), содан соң Герман империясына табыстады.

Ортағасырлық тарихшылардың көпшілігі тарихты Аурелий Аугустин сипаттап берген алты дәуір бойынша кезеңдеуді лайық көрді. Әлем жаратылған сәттен бастап өткен ғасырлар адамның жас мөлшері мен жаратылыс күнделігіне ұқсас болды. Алтыншы әрі ең соңғысы – адамзаттың қарттық кезеңі. Ол Христостың дүниеге келген уақытынан басталады. Ертедегі жылнамашылар Жаратылыстың әр күнін тарихтың мың жылына сәйкестендірді; алтыншы ғасыр ақырзаманмен және «мәңгілік сенбінің жетінші күнімен», өлілердің қайта тірілу күнімен аяқталады деп санады. Бұл негіздемеге сәйкес, Еуропада 1000 жылы ақырзаман болады деген түсінік белең алды; осы күннен соң тарихшыларға әлемнің әрбір «жасының» ұзақтығын есептеуде өзгерістер енгізуге тура келді.

Қазіргі уақытта қолданылып жүрген тарихи дәуір түсінігі салыстырмалы түрде кейін пайда болды. Ол Қайта өрлеу және Реформация мәдениетінің контекстінде, қоғамда христиандық эсхатологияның ықпалы, жақын күндерде болатын ақырзаманды күту әсері әлсірей бастаған кезеңде бекітілді. Гуманистер ежелгі тарихты жаңа тарихтан бөліп тұрған негізгі кезең ретінде христиандықты қалыптастыру мен Батыс Рим империясының құлауы болып саналатын тарихты осындай көрінісін ұсынды. «Орта ғасырлар» анықтамасы тарихнамаға біртіндеп санадағы қазіргі кезеңнің жақын уақыттардағы өткеннен алшақтау ахуалымен байланысты енген еді. Еуропалық ғылымда орта ғасырлар туралы түсініктер тек XVII ғасырдың соңында неміс университетінің профессоры Х.Келлердің өзінің үш оқулығының біреуін «*Орта ғасырлар тарихы*» деп атағаннан кейін бекітіле бастады. Ол, өз кезегінде, тарихтағы Ұлы Константинге дейінгі уақытты «ежелгі», түріктердің христиан әлемінің орталығы Константинопольді жаулап алған 1453 жылға дейінгі кезеңді «ортағасырлық» және сол уақыттан кейін басталған дәуірді «жаңа» кезең деп бөлді.

Тарихты ірі дәуірлерге бөлу зайырлау процесі жүріп жатқан қоғамда тарихи сананың қалыптасуына септігін тигізді. Өткенді, бүгінгіні және болашақты әртүрлі кезеңдер ретінде айырмашылықтарын белгілеуге мүмкіндік туғызып, тарихи процесі бір арнаға тоғыстырды. Дүниежүзі тарихын ерте дәуір, орта ғасыр және жаңа заманға бөлу Ағарту дәуірі (XVIII ғасыр) тарихшыларының еңбектерінде басым болды. Уақыт өте келе кезеңдеудің бұл тәсілі айтарлықтай түзетулермен XIX–XX ғасырлардың кәсіби тарихнамасында бекітілді.

Аталған бөлу схемасы шартты болып саналады. Әрбір дәуірдің шекарасы туралы таластар жүргізілуде, сол себептен ежелгі, орта ғасыр мен жаңа заманның межелері екі немесе үш ғасыр шегінде ауытқиды. Бұдан басқа, дүниежүзі

тарихын кезеңдеудің мұндай негіздемесіне оқиғалары Қытай мен Үндістанның өткенін сипаттау үшін бағдар бола алмайтын Еуропа тарихы алынып отыр.

XIX ғасырдың ортасынан бастап әртүрлі экономикалық теорияларға байланысты әлемдік тарихтың кезеңделуі кең өріс алды. XX ғасырдағы марксистік әдебиеттерде К.Маркс пен Ф.Энгельстің еңбектерінен бастау алған бес қоғамдық-экономикалық формация (алғашқы қауымдық, құлиеленушілік, феодалдық, капиталистік, коммунистік) схемасы бекітілді. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін әлеуметтік әрі экономикалық тарихтың салаларында ұсынылған индустрияландыру мен модернизация теориялары барлық тарихи процестерге таратылды. Дүниежүзі тарихы әртүрлі типтегі – индустриялыққа дейінгі (аграрлық, дәстүрлі), индустриялық (модернизацияланған), постиндустриялық (ақпараттық) қоғамдардың ауысымы ретінде қарастырылды. Қазіргі тарихшылар мен әлеуметтік философтардың еңбектерінде тарихтың постиндустриялық кезеңін зерттеуге ерекше көңіл бөлінеді.

XVII ғасырда жүзжылдықтар бойынша кезеңдеудің бастамасы жасалады. Уақытты бөлшектеудің бұл тәсілі бойынша, әрбір жүзжылдық өзінің ішкі бірлігіне, жеке өзіндік бірегейлігіне ие болады.

Дәуірдің жекелеген бір сипатын бүкіл кезеңнің мәніне ауыстыру барысында метафора ретінде қолданылатын жалпылама атаулар («барокко дәуірі» немесе «либерализм ғасыры») пайда болады. Алайда олар ерекше сақтықты талап етеді, өйткені XVII ғасырдағы өмір сүрудің барлық тәсілі барокко стилінің ерекшеліктерімен сипатталатынын білдіреді. Жаһандық дәуірлер теориялары да сын тұрғысынан қарастырылуы мүмкін. Өйткені тарих – адам жеке тәжірибесі арқылы қол жеткізетін пайымға негізделген әлемдік біртұтас дүние.

Сонымен дәуірлер мен кезеңдер – тарихшылар еңбегінің жемісі. Бұл конструкциялар өткеннің құбылысын зерттеуге жәрдем береді, бірақ оларды сөзбе-сөз түсінбеу керек. Р.Дж. Коллингвуд жазғандай, барлық адам тарихтың тартымды немесе жағымсыз кезеңдері туралы оқып-біледі. Алайда берілген қандай да бір бағалардың көпшілігі тарихшылар зерттейтін өткен өмір туралы емес, олардың өткенді қалай зерделейтіні жайында.

## Жалпы тарих

Таным процесінде тарихшы үнемі пәнді зерттеудің көлемі мен бағытын таңдайды. Мұндай таңдау белгілі бір тарихи өткенді түсіндіруге мүмкіндік береді. Тарихнамада «ірі» оқиғаларды жазудың бірқатар тәжірибелері бар. Оларда, авторлардың ой-пайымы бойынша әлемдік тарихи кеңістік пен уақыттағы адамзат болмысының түрлі аспектілері қамтылады. Тарихты жазудың негіздері қалыптаса бастаған ерте кезеңнен бүгінгі күнге дейінгі аралықта ғалымдар адамзат тарихын тұтас бір сипатта көрсету ниетінен бас тартқан жоқ. Мұндай жобаның ірі міндеттері мен олардың орындалмауының алдын ала белгілі болуы жалпы (дүниежүзі) тарихты жазуға бел шеше кіріскендерге ешқандай кедергі бола алмайды.

Бүкіл адамзаттың тарихын жазу идеялары антикалық авторлардың еңбектерінде көрініс тапты. Дегенмен оның ортақ негіздемелерін іздеп табу нәтижесінде



Жерорта теңізі халықтарының тарихы жазылды, ал эллиндік әлем, өз кезегінде, олардың «үлгі» аларлық орталығы болды. «Варварлық» аймақтар сол өлшем бойынша қарастырылды.

Еуропалық ортағасырлық мәдениетте жалпы тарихты жазу тәжірибелері христиандық ғалымдардың (Кесариялық Еусебиус [Евсевий Кесарийский], Аурелиус Аугустин [Аврелий Августин], Реймстік Рихерус [Рихер Реймский] т.б.) Ескі және Жаңа өсиеттің негізінде адамзаттың өткені, бүгінгі мен болашағының сабақтастығы әрі тұтастығы идеясын дәлелдеу ниетімен байланысты болды. Осы бейнеде жалпы немесе дүниежүзі тарихы барлық халықтың жабайылықтан (пұтқа табынудан) христиандыққа қарай беталысының процесі ретінде көрініс береді. Құдайдың жоспары бойынша, христиандық тарихтың орталығы – «Құдайдың таңдаулысы» болған халық, ал «варварлардың» немесе «өзге діндегілердің» өткені толығымен әмбебап әлемдік тәртіпке сәйкес жалпы тарихтың логикасына бағындырылды.

Әлемнің рационал ғылыми бейнесінің қалыптасуы жағдайындағы жаңа заманда, XVI ғасыр мен XVII ғасырдың соңындағы гуманистер (мысалы, Боден, Боссюэ, Рейли және т.б.) мен XVIII ғасыр философтарының (Вольтер, Монтескье, Гиббон және т.б.) ізбасарлары ұсынған жалпы тарихтың схемасы бүкіләлемдік тарихи процестің өзге негізде – әлемдік рухтың дамуы немесе әмбебап ақылдың прогресі арқылы жүзеге асатынын меңзеді. Мұндай концепцияларда адамзаттың орталығы Еуропа болды, өзге халықтардың өткені «үлгілі» тарихи тәжірибеге сәйкес қарастырылды. Жалпы тарихты жазудың мұндай еуроцентристік принципі (зерттеушілер тарапынан сынға ұшырағанына қарамастан) XIX ғасыр мен XX ғасырдың бірінші жартысындағы кәсіби тарихнамада біраз өзгерістермен қабылданған еді.

XIX ғасырда Еуропада ұлттық мемлекеттердің қалыптасу процесі аяқталды. Соған байланысты ғалымдардың тиянақты ғылыми өңдеулері мен ұлттық тарихты жалпылау нәтижесінде жазылған еңбектерінің өзіндік соңғы әрі нақты өнімі болған ортақ жалпы тарихты қалыптастыру мүмкіндіктері қарастырыла бастады. Мұндай позицияны Леопольд фон Ранке ұстанды. Ол жалпы тарихтың жазылуында белгілі бір идеалдың (Құдайлық жоспар) жүзеге асуын көрді. Бұл идеалға ұлттардың, тілдердің, азаматтық институттардың, діндердің өзара байланыстарын, соғыстардың себептері мен салдарын және басқаларын жан-жақты зерттеу нәтижесінде ғана қол жеткізу мүмкін болды.

Жаңа және қазіргі заманның тоғысында жалпы тарихтың концепциялары өзінің тартымдылығын жоғалта бастады. Бұл, өз кезегінде, ұлттық-мемлекеттік және жергілікті тарихтың концепцияларын жасаудағы қоғамдық талаптар мен қажеттіліктерге байланысты туындады. Алайда тарихнаманың кәсібиленуіне байланысты ғалымдардың назарын біртіндеп басқа салаларға аударуға түрткі болған ішкі себептер де бар еді. Олардың қатарына тарихи білімнің мамандануының кең өріс алуы, саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени тарих секілді жекелеген салалардың қалыптасуы жатады. Пәннің түсіндірмелік аппаратына «мәдениет» пен «өркениет» ұғымдары нық бекіді, олардың көмегімен адамзат тарихын жаңа ауқымда және өзге ракурста қарауға мүмкіндіктер туды.

Я.Буркхардт, К.Лампрехт, Й.Хейзинга, Н.И. Кареев, Л.П. Карсавин және XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші жартысындағы өзге де әйгілі



кәсіби тарихшылардың еңбектерінде ұлттық, аймақтық әрі жергілікті тарихқа мәдени-тарихи тәсілдемені қолдану жалпы тарихтың концепциясына айтарлықтай ықпал етті. Тарихшылардың әлемдік-тарихи процестің мазмұны мен даму қарқыны туралы түсініктері біраз күрделенді.

Жалпы тарихтың мазмұны мен сыртқы келбетін өзгерту үшін тарихи уақыт пен кеңістіктегі ұзақтығымен ерекшеленетін күрделі қоғамдар ретінде жергілікті өркениеттердің концепцияларын әзірлеудің маңызы зор болды (Н.Данилевский, О.Шпенглер, А.Тойнби, К.Ясперс т.б.). Мұндай концепциялар адамзат тарихының «күрделі» теорияларында еуроцентристік және сызықтық прогресс принциптерінің әлсіреуіне септігін тигізді.

XX ғасырдың ортасында жалпы тарихтың концепциялары айтарлықтай жаңаланды әрі экономикалық өсудің, модернизацияның қоғамдық теорияларымен нығая түсті. Батыс елдері тарихи, әлеуметтік-саяси, мәдени дамудың үлгісіне айналды. Дегенмен жалпы тарихты жазудың жаңа қадамдарында әлемдік процестерге батыстық емес аймақтардың тарихи тәжірибесін енгізу ұмтылысы ғана емес, сонымен қатар оны біртұтас әлемнің ажырамас бөлігі ретінде көрсету белең алды. Жалпы тарих модернизациялық схеманың негізінде құралды, оған сәйкес қоғамның үш формасы болды: индустрияға дейінгі (дәстүрлі), индустриялық, постиндустриялық.

XX ғасырдың екінші жартысында әлемдік экономикадағы, саясат пен мәдениеттегі күрделі өзгерістер, сонымен қатар ғылымды, ақпараттарды түсіну, қоғамдық әрі гуманитарлық таным табиғаты, жалпы тарихты жазу идеялары дүниежүзі (әлем-жүйелік) тарихының жаңа теорияларына (Ф.Бродель, И.Валлерстайн, У.Макнилл және басқалары) жол берді. Әлемдік-тарихи процестің сызықтық тәсілі мен әмбебап қоғамдық заңдардың қоғам сынына ұшырауына байланысты, тарихшылар адамзаттың «үлкен» тарихын жазуға, әлемнің басқа да аймақтары мен халықтары үшін еуропалық және батыстық «үлгілердің» дүниежүзілік рөлі туралы түсініктерді қайта зерттеуге септігін тигізді. Дүниежүзі (әлем-жүйелік) тарихының жаңа концепцияларында сызықтық дамудың және прогрестің үйреншікті схемасынан мүлде өзгеше әртүрлі тарихи-мәдени әлемнің өзара тәуелділік принциптері бекітіледі.

Бүгінгі әлемнің (жаһандану процесінде көрініс тапқан) экономикалық, саяси, ақпараттық бірлігін ұғыну мәселесі әлемдік қауымдастықтың қалыптасқан жалпы және ұлттық-мемлекеттік тарихының әмбебап концепцияларынан өзгеше жаһандық тарихты жазу қажеттігін туғызды. Сонымен қатар жаһандық тарихтың күрескерлері «әлем-жүйешілдердің» көптеген құрылымдарын пайдалана отырып, көпмәдениеттілік идеясына баса назар аударуға құлықсыздық танытады. Жаһандық тарихта бұл идея әлемнің түрлі аймақтарында өмір сүретін әр алуан халықтардың бірлігі мен ұқсастықтарын іздеу дағдысына бағынады. Кішкентай нәрседен үлкенді көруге ұмтылу макротарих саласының мамандарына «Еуропа», «Латын Америкасы», «Африка», «христиан әлемі», «ислам әлемі», «адамзат» т.б. үйреншікті ұғымдардың мазмұндарын жаңаша түсіндіруге әрі олардың бүкіләлемдік тарихи процестегі орнын айқындауға мүмкіндік береді.

## Тарих және әдебиет

Тарихи шығармалар мен көркем әдеби туындылардың қандай ортақ тұстары болуы мүмкін? Екеуінің де белгілі бір авторлары мен оқырмандары бар, екеуі де жазбаша мәтіндер түрінде беріледі. Ал негізгі айырмашылықтары тарихшы мен көркем шығарма авторының алдында тұрған міндеттерінде екен. Тарихшының міндеті – өткеннің шынайы бейнесін жасау. Ол сақталған құжаттық деректермен шектелуге мәжбүр болады. Көркем шығарманың авторы үшін ең маңыздысы – өзінің шығармашылық ойын сәтті жүзеге асыру мен оқырмандарын қызықтыра білу. Ол шындық немесе шынайы деп қабылданғанның бәрін ескеруге міндетті емес.

Тарих пен әдебиеттің өзара байланысына қатысты мұндай көзқарас кең таралған. Ол көзқарас кез келген адамға жазбаша мәдениеттің пайда болған уақытынан бастап шындық пен ойдан шығарылғанның, тарихи сипаттау мен көркемдік баяндаудың айырмашылығын ажыратуға мүмкіндік берді. Алайда әрдайым бұлай бола бермеген. Біз келтірген кең қолданыстағы көзқарас тек ХІХ ғасырдың екінші жартысына жататын ғылыми және гуманитарлық білімнің дамыған салыстырмалы қысқа ғана кезеңіне тән болды. Сол кезеңде «тарих – өткеннің оқиғаларын қайта қалпына келтіретін ғылым» деген түсініктер бекітілген. Аталған ғылыми бағытты ұстанушылар әдебиет пен тарихқа байланысты қандай да бір ортақ әрекеттің болуына қарсы болды немесе тарихшыларға өздерінің еңбектерін оқырман қауымға анық әрі түсінікті тілде жазуды ұсынды.

ХХ ғасырдың басында тарихи білімнің сипатын түсіну бағытында өзгерістер орын алды. Өткенді қалпына келтіру ісінде тек деректерге ғана сенім арта бермеу туралы пікірлер айтыла бастады. Көпшілік жағдайда олардың материалдары тарихшыны қызықтыратын дәуірдің толық бейнесін сипаттауға жеткіліксіз болып шығады. Сол себепті оларға әрдайым тек өздерінің түйсіктеріне ғана сенім артып, қорқынышын жеңіп, тәуекел ете отырып әрекет етуге тура келеді. Бұдан бөлек, гуманитарлық ойда орын алған құрылымдық революциядан (ХХ ғасырдың 60-жылдары) кейін жазбаша мәтін тарихи зерттеудің негізі болып саналатыны туралы ой-тұжырым жасалды. Бұл дегеніміз – өткенді зерттеу тарихи деректердің жазбаша мәтіндерін түсіндіруден басталады деген сөз. Мұндай интерпретацияның соңғы нәтижесі – жазбаша мәтін, яғни тарихи мақала немесе монография. Зерттеуші өзінің заманындағы әдеби мәдениетте қолданылатын көркемдік құралдардың жинағы мен риторикалық тәсілдерді пайдаланған жазушы сияқты еңбек етуі керек. Осы көзқарас тұрғысынан қарағанда, тарихи шығарманы әдеби туындының ерекше түрі ретінде қарастыруға болады. Оның арнайы міндеті – өзінің оқырмандарын оқиғада бейнеленгендердің сипаты шынайы екеніне сендіру.

Осылайша тарих пен әдебиеттің арасында өте тығыз байланыстың бар екені байқалды. Кез келген прозалық шығарманың (әсіресе тарихи роман немесе реалистік новелла) авторы белгілі бір тарихи детальдарды білгені жөн. Егер тарихшы өз еңбегінде қазіргі әдеби тәсілдерді пайдаланбаса, өткеннің оқиғалары туралы қандай да бір тұтас ой-түсініктерді жеткізе алмайды.

Антикалық кезеңнен бері тарихпен шұғылданудың шеберлікті талап ететіні белгілі болды. Алайда ежелгі гректер мен римдіктерде бүгінгі мағынасындағыдай

көркем әдебиет түсінігі болған емес. Ауызша шығармашылықтың (ауызша немесе жазбаша, поэзиялық немесе прозалық) барлық түрлері мимесистің (грек. *mimesis* – еліктеу) әртүрлі типтерін білдіреді деп саналған. Сол себепті тарихшының ақыннан айырмашылығы – ең алдымен, екіншісінің сол шындықты әсірелеп, әспеттеп жеткізетінінде емес, зерттеушінің шындықты алғашқы болып айтуында. Оларға әуел бастан еліктеудің түрлі нысандарымен жұмыс істеуге тура келді. Аристотель «Поэтика» атты еңбегінде былай деген еді: «Тарихшы мен ақынның айырмашылығы – біреуінің өлеңмен, ал екіншісінің прозамен жазғанында емес (Геродоттың туындысын да өлең шумақтарына жатқызуға болады, бірақ оның шығармалары бәрібір тарих болып қала бермек), бірінің – болған жағдайды, ал екіншісінің болуы мүмкін жайтты баяндауында... Өйткені поэзия жалпы туралы көбірек айтса, ал тарих жеке жайында көбірек сөз қозғайды. Жалпы дегеніміз – ол белгілі бір мінезге тән қажеттіліктен туындаған сипатта айту немесе жасау ықтималдығы... Ал жеке – бұл, мысалы, Алкивиадтың жасағандары мен қиыншылықтарды басынан өткеріп, теперіш көруі».<sup>4</sup>

Ертедегі тарихшылар жекелеген фактілерді жинау мен оларды тексеруге ерекше көңіл бөлген. Олардың пайымынша, тарих – моральдық және өмірлік-тәжірибелік тұрғыдан көмек көрсету үшін жинақталған мысалдарды сақтаушы. Алайда тарих тек бұл міндеттермен ғана шектелмеген. Тарихпен айналысу шешендік өнердің бір бөлігі деп танылды. Фактілерді жинау мен тексеру тарихшы жұмысының тек бастапқы кезеңін ғана құрады, оның еңбегі осы фактілерді қаншалықты кәдеге жарата алатынымен өлшенді. Лукиан өзінің «Тарихты қалай жазу керек» атты шығармасында «тарихшының басты міндеті – материалды нақты түсіндіре алуында, оған мәнерлілік бере білуінде» деп жазды. Тарихшы нені айтуды емес, қалай айтуды мұқият ойластыруы қажет: оның міндеті – оқиғаларды дәлдікпен орналастыру және оларды көркем түрде жеткізе білу.

Антикалық дәуірде өткеннің фактілерін шынайы баяндау мен тарихи шығармалардың мәтіндеріндегі өзара байланыс әрі көркем түрде жеткізу ұстанымдарының арасында айқын қарама-қайшылық болмаған. Ал егер қайшылықтар туындаған жағдайда, ол көркемдіктің пайдасына шешіліп отырды. Бұған мысал ретінде Цицеронның «Тарихтың бірінші заңы – қандай жағдай болмасын, жалғандыққа жол бермеу керек. Одан кейін шындықтан ешқашан қорықпау, сондай-ақ әділетсіздік пен ашу-ызаға бой алдырмау қажет» деген пікірін алуға болады. Дегенмен оның досы – тарихшы Лукцей Цицеронның консул қызметін атқарған уақыты туралы тарих жазуға ниет білдіргенде, Цицерон көркем бейнеленген әңгіменің жазылуына баса назар аударып, оған «тарихтың заңдылықтарынан бас тартуға» кеңес берді. XVIII ғасырдың соңына дейін тарих риторикалық өнердің бір бөлігі болып қала берді. Ағарту дәуірінің көрнекті тарихшыларының бірі Вольтер өзінің хаттарының бірінде XIV Людовиктің билігі туралы жазған шығармасының ойын баяндайды. Ол Лукианның ұсыныстарын басшылыққа алған деп ойлауға болады: оқиғалардың ірі картинасын жасауды және оқырман назарын өзіне аударуды мақсат ете отырып, бір жағынан, тарихты экспозицияны, кульминация мен шытырманды талап ететін трагедия ретінде көрсе, ал екінші жағынан, оның ауқымды туындысында қызықты әзілдер мен қалжыңдарға да орын берілген.

XIX ғасырдан бастап тарих бұдан былай жалпы әдеби шығармашылық сияқты риториканың бір бөлігі ретінде қарастырылмайтын болды. Дегенмен ол өзінің көркемдік қасиеттерінен толық айырылған жоқ. Бір көркемдеу тәсілінің орнына басқасы келді. Тарихшы енді өзінің шығармасының тақырыбы мен оқырмандарына қатысты сыртқы артықшылық позициясын ұстануға тырыспады, кейіпкерлерге моральдық баға беруден бас тартты. Сонымен қатар ол өзін оқиғалардың қатысушысы ретінде бейнелеуге ұмтылды. Ағарту дәуірінің тарихшылары «қашып құтыла алмайтын бақытсыздық» ретінде мойындалған ұсақ нақтылықтар мен маңызсыз фактілер романтизм дәуірі тарихшыларының еңбектерінде сипаттаудың негізгі нысанына айналды. XX ғасырдың екінші жартысындағы француз философы әрі әдеби сыншысы Ролан Барт өзінің «*Шынайылықтың әсері*» атты еңбегінде XIX ғасырдағы романтикалық мектептің тарихшылары мен жазушы-реалистер қолданған бейнелеу құралдарына талдау жасай отырып, тарихи әрі әдеби шығармашылықтың өзара байланысы мен осы арқылы оларда бірін-бірі байыту процесінің болатыны жайындағы фактіні дәлелдеп шықты.

Шығармашылықтың мұндай түрлерінің тығыз байланысы кейінгі кезеңдерде де сақталып қалды. О. де Бальзактың немесе Л.Толстойдың стилінде жазылған роман-эпопеялар мен тарихшы-позитивистердің көптомдық еңбектерінің арасындағы стильдік ұқсастықты аңғару қиын емес. М.Блоктың пікірінше, XX ғасырдың бірінші жартысында «Анналар мектебінің» тарихшылары позитивистік тарихнамадағы «баяндаудың алғашқы кезеңінде қалып, жетілмеген күйі қартайып, мағынасыз өмір сүріп жүргендеріне» қарамастан, өздерінің көпқабатты аналитикалық әрі құрылымдық тарихи жобаларын ұсынды. Шамамен сол уақыттарда жазушы-модернистер Дж. Джойс, Ф.Кафка, Р.Музиль жаңа үлгідегі романдар жазған еді. Бірақ бұл туындылардың композициялық ерекшеліктері оқырмандарға ортақ сюжеттік тізбекті анықтауға мүмкіндік бермейді. Бұл романдардың құрылымдық жүйесі анық емес, өйткені шығармалардың нақты белгіленген басы, ортасы мен соңын айқындау өте қиын еді. Олар оқу процесінде ғана «өмір сүреді». Бірақ XX ғасырдың екінші жартысында тарих пен әдебиеттің өзара байланысы мәселесі «жаңа интеллектуал тарихшылардың» еңбектерінде өзінің теориялық мәнін тапты.

## ҮШІНШІ ТАРАУ

# АНТИКАЛЫҚ ТАРИХНАМА: ТАРИХИ БІЛІМНІҢ ПАЙДА БОЛУЫ

Тарих – уақыттың куәгері,  
ақиқаттың нұры, жадының тынысы,  
өмірдің тәлімі, көненің хабаршысы.

*Цицерон*

Қалыптасқан анықтама бойынша, антикалық тарихнама – ежелгі дәуірде жазылған грек пен латын тілдеріндегі тарихи шығармалардың жиынтығы. Бұл тарихнама дәстүрінің жоғарғы шегі жазу мәдениеті пайда болғанға дейінгі кезеңмен, ал төменгісі анағұрлым аморфты әрі біраз қиындықтар арқылы айқындалатын постримдік ортағасырлық дәуірмен анықталады. Бұл кезеңді хронологиялық тұрғыдан б.з.д. 1000 жыл мен б.з. 500 жылдардың аралығы деп белгілеуге болады.

## Жаңа білімнің бастауы

Тарих өзінің бастапқы дамуы барысында көркем прозаның жанры болды. Оның пайда болған жері – кішіазиялық Иония, нақтырақ айтсақ, архаикалық дәуірдегі грек мәдениетінің әйгілі орталығы болған Милет қаласы. Ионийдің әйгілі философтары табиғат әлемін (космосты) біртұтас, ал адамзат қоғамын оның бір бөлшегі деп қарастырды. Алғашында олар эпикалық дәстүрді жалғастыра отырып, поэтикалық формада жазды, бірақ кейінірек сыни және ғылыми ойдың дамуына ерекше ықпал еткен жаңа әдеби жанр пайда болды. Б.з.д. VI ғасырда космос, құдайлар, гректерге белгілі елді мекендер мен халықтар туралы эпосқа тән көптеген ұғымдар қайта зерделенді. Оның орнына дәстүрлі поэзия мен мифологияға қарама-қайшы жаңа үлгідегі туындылар – прозалық сипаттамалар пайда болды. Аталған туынды авторларының мүддесі айналасындағы шынайы өмірге ғана емес, бүгінін түсінуге жәрдемдесетін өткен өмірге де бағытталған еді.

Мифтер мен эпостар өткенді қалпына келтірудің негізі болды. Дәстүрлі хикаялардың прозалық жазбасы оларды тек қайталап баяндауды ғана емес, сонымен қатар сын тұрғысынан зерттеуді – іріктеу мен оның мағынасын қайта түсінуге деген ұмтылысты білдірді. Осылайша алғашқы жылнамалар, елді мекендер мен қалалардың этнографиялық сипаттамалары пайда болды. Бізге жеткен бұл туындылардың үзінділерінен белгілі болғандай, олардың авторларының басты

назары қалалардың негізін қалаушылардың шежіресіне, түрлі халықтардың қонақжайлығы мен әдет-ғұрыптарына бағытталды. Барлық авторларға тарихи хикаялар, көне аңыздар мен мифтер сәл ғана көркемделген шындықты сипаттайды және ақиқатты анықтау үшін, тылсым дүниелер мен шындыққа жанаспайтын әсірелеуді жою керек деген аңғал түсінік тән болды. Егер фактілер мағынасыз болып көрінсе, оларға өзгеше, ақылға қонымды түсініктеме беруге тырысты. Бастысы «ақиқатқа жетуге» ұмтылу, сондай-ақ қандай жағдай болмасын, аңыздардан тексеретін мәлімет алу болды. Мұндай жұмыс қос мағына беретін «тарих» сөзімен анықталды: белгілі бір оқиғаны көзімен көргендердің куәлігі мен ол жайында сұрастырып, жан-жақты мәлімет жинау. Мұндай шығармалардың авторларын логографтар (грек. *logos* – сөз, шығарма) деп атаған. Кейінірек бұл термин көптеген мағыналарға ие болды, бірақ алғашында ол прозаны поэзияға қарама-қарсы қою үшін қолданылды. Әдеби жанр ретінде әңгіме-логос мысалдан, ертегіден және мифтен өзгеше болды.

Логографтар мәліметтерді ауызша әрі жазбаша деректерден алды. Ауызша деректер қалалық фольклордың новеллалары, Құдай мен батырлар туралы эпостық хикаялар болып саналады. Ал жазбашаға лауазымды тұлғалар мен Олимпиада ойындары жеңімпаздарының ауа райы туралы жазбалары, сонымен қатар саудамен айналысатындарға және суда жүзушілерге арналған құрлық пен теңіз саяхаттарының сипаттамасы жатады. Осы негізде логографтар көлемі бойынша анағұрлым ірі әрі кең тынысты еңбектер жазды: шығу тегі әртүрлі әңгімелер халық, ел, қала, ақсүйек рулардың шежіресі сынды ортақ тақырыптар төңірегінде топтастырыла бастады.

V ғасырда логографтар тұтастай бір елдің өткені туралы әңгімелерді жинақтаған көлемді туындыларды жариялады: Харон Парсы елінің, Ксанф Лидияның сипаттамасын құрастырды. Бұл авторлардың жазушылық әдістерінің бір ерекшелігі фактографиялық сипатта болды. Яғни олардың белгілі бір материалдармен жұмыс істеу тәсілдері оқырман қауымды нақты әрі шынайы ақпараттармен қамтамасыз ету ниетіне бағытталды: бір тақырып төңірегіне жеке-жеке әңгімелерді, олардың арасындағы ішкі байланыстарын ашуға және жинақтауға тырыспай, тек механикалық түрде ғана топтастыруға тырысқан әрекеттері жатады.

## Геродот – Еуропа тарихының атасы

Геродоттың (шамамен б.з.д. 490/80–425) өмірі туралы мәлімет өте аз. Болжам бойынша, ол б.з.д. 484 жылы дүниеге келген және он жылға жуық (б.з.д. 455–447) уақыт бойы гректердің сауда-саттық жүргізген елдеріне саяхат жасаған. Геродот өзі жүріп өткен жерлердің табиғаты жайында, түрлі халықтардың өмір сүру дағдылары мен тарихы туралы мәліметтер жинады. Өзіндік зерттеулер жүргізіп, куәгерлердің әңгімелерін хатқа түсірген. Б.з.д. 440 жылдың ортасында өмірінің біраз жылдарын Афинада өткізіп, Периклдың үйірмесімен жақын қарым-қатынаста болды. Бәлкім ол сол жерде жүріп, өзінің еңбегінің жекелеген тараулары бойынша дәріс оқыған да болар. Афина тарихы оның еңбегінің негізгі өзегі болды. Геродот өмірінің соңғы жылдарын Италияның оңтүстігінде орналасқан Грекияның отары болған Фурииде өткізді.



Геродоттың не үшін саяхат жасағанын анықтау – қиындық туғызатын мәселелердің бірі. Тек танымдық мүдделер ғана ма немесе оның негізгі мақсаты сауда болды ма? Ол грек отарларынан бөлек Египетте болды, Нілден Элефантинаға дейін жүзіп өтіп, Алдыңғы Азиядан Вавилонға дейін аралады. Аталған аймақтар гректерге жақсы таныс болды. Бұл жерде гректердің сауда-саттық орындары орналасқан еді. Осында үнемі грек саудагерлері мен жалдамалылары жіберіліп отырды. Геродоттың саяхат жасаған өзге жерлері гректік елді мекендер болды. Бұлар Кіші Азия, Финикия, Сирия, Геллеспонт, Қара теңіздің батыс жағалауы мен Ольвия еді.

Геродот өзінің ізашары милеттік Гекатейден баяндаудың көптеген білімдері мен тәсілдерін қабылдаған еді (рационал дәлелді, әлемнің әмбебап картасын, этнографиялық экскурстарды), бірақ ол адамды зерттеулерінің негізгі нысаны ретінде алды, бұл оның ең басты жетістігі еді. Геродот өзін белгілі бір мемлекеттің немесе халықтың шеңберінде шектемеген ең алғашқы әмбебап тарихшы болды. Мәселен, жоғарыда атап өткен милеттік Гекатей білімінің тереңдігі мен әмбебаптығына қарамастан, тарихшы емес, мифограф әрі географ болды. Геродоттың «Тарих» атты еңбегі «жерлерді сипаттаудан» тура мағынасындағы тарихқа көшудің батыл қадамын білдіреді.

Геродоттың логографтардан (олар әдетте жекелеген аймақтар мен халықтардың үзік-үзік сипаттамаларын беріп отырған) айырмашылығы – Шығыс пен Батыстың күресі тақырыбына қатысты әртүрлі сипаттағы материалдарды біріктірген еді. «Тарих» атты еңбегін Азия мен Еуропаның арасындағы қақтығыстың себептерін анықтаудан, соғыс өртінің тұтануына айыптыларды іздеуден бастайды.

Тарихшы өз дәуіріндегі мәдени әлемнің барлық елдерінде болып, ежелгі халықтардың салт-дәстүрін, мінез-құлықтарын, өткені мен діни ғұрыптарын зерттеді. Жергілікті тілдерді білмегендіктен, Геродотқа делдал аудармашылардың, жолсеріктер мен абыздардың әңгімелерін пайдалануға тура келді. Сол себептен оның хабарламаларын көбіне фольклор саласына жатқызады, сондай-ақ кейде тарихи фактілерді бұрмаланған күйде жеткізеді. Алайда бұл фактілер, негізінен, археологиялық қазба материалдарымен және басқа да деректердің мәліметтерімен расталып отыр.

Цицерон Геродотты «тарихтың атасы» деп атады. Поэзияның Гомерден бастау алатыны сияқты, оның еңбегі арқылы грек тарихнамасы басталады. Ол адамзаттың іс-әрекеттерінің барысы туралы баяндау мақсатында «тарих», «зерттеу», «тану» ұғымдарының байланысын бекітті. Тарих нақты бір себептер мен белгілі бір салдарға негізделген, көбінесе күтпеген жайттарға әкеліп соқтыратын өзара байланысы бар оқиғалардың тізбегі жайында баяндау түрінде қалыптасты.

Геродоттың еңбегінде сипатталған грек-парсы соғыстары ширек ғасырға жуық уақытты қамтыған. Бірақ бұл оқиғаларды сипаттау үшін оған орасан зор тарихи уақытты алуға тура келді: ол қақтығыс орын алған елдер мен халықтардың өткеніне бойлай отырып, оның тарихи тамырын зерделейді. Геродоттың «Тарих» атты туындысы әскери-саяси тақырыпта жазылса да, бұл еңбекте тарих, география, археология, этнография, суға жүзу және сауда тарихы, дін мен мифология жайында құнды әрі көлемді мәліметтерді молынан кездестіреміз. Мұндай экскурстардың барлығы баяндалатын негізгі оқиғалар үшін айтарлықтай аздық

ететін еді. Дегенмен оларда тарихтың пәндік шекарасы (автордың қаншалықты деңгейде түсінгеніне қарамастан) белгіленген еді. Геродоттың пікірінше, тарих пәні – ұлағатты әрі таңғалуға лайықты істер, ал тарихшының өткен кезең туралы білімді сақтаудағы міндеті – «өткен оқиғалардың уақыт ағысымен санадан өшуіне жол бермеу».<sup>5</sup>

Геродот – тарихи әдіс саласының негізін қалаушы: ол эллиндер мен варварлар неге өзара соғысты деген сұраққа жауап іздеу арқылы алдына нақты танымдық міндет қоя отырып, тарихи желі (сюжет) мәселесін көтерді.

Алдын ала нақтыланған танымдық мақсат жиналған мәліметтердің шынайылығын тексеру, сондай-ақ мәліметтерді іріктеу мен реттеу, яғни тарихи баяндаудың элементтерін анықтауға айрықша назар аударды. Геродотта тарихты жазудың екі түрі – рационал және мифологиялық принциптер өзара астасып жатыр. Біріншісі – тарихшының өзі куә болған оқиғалардың фактілеріне, екіншісі, негізінен, ауызша баяндау дәстүрінен алынған алыс өткен кезең туралы мәліметтерге негізделген. Геродот таңғажайыптар туралы кейбір әңгімелерге күмәнмен қарап, оларды сынға алады. Алайда адам өміріне Құдайдың араласатыны жайындағы факті тарихшы үшін ақиқат болды. Геродоттың пікірінше, әлемге құдіретті Құдайдың күші үстемдік етеді. Бір жағынан, құдіретті Құдай адамдарды жалғандығы мен тәкаппарлығы үшін жазалайды. Екіншіден, адамның бақытын қызғанады. Құдайлардың жазасы мен қызғанышы – тарихи процестің шынайы факторлары. Әлемдік тәртіптің басты принципі – адамның өмір белестерін анықтайтын өлшем, шекаралар (мойралар)<sup>6</sup> заңы. Шектен шығуға, белгіленген шекараны бұзуға болмайды. Парсыларға Азияға иелік ету үлесі берілді. Алайда олар құдайлардың тарапынан эллиндіктерге берілген Еуропаға менмендікпен қадам басты. Бірақ олар жеңіліс тапты. Эладаға баса-көктеп кірген Ксеркс тәкаппарлық танытып, одан да көп елді мекендерді жаулап алуға тырысты, яғни қолынан келмейтін іс-әрекетке ұмтылды. Ол ауыр қылмыс жасап, сол үшін Құдайдың қаһарына ұшырады. Геродоттың пікірінше, әркім өзіне бұйырған несібесіне риза болмай, одан да көбірек алуға ұмтылса жазаға ұшырайды. Бұл тарихтың негізгі заңы болып саналады.

Бізге жеткен «Тарих» атты еңбек тоғыз кітапқа бөлінген. Әрбір кітапқа музалардың есімдері берілгендіктен, бұл шығармалар кейде «Музалар» деп те аталады. Геродоттың еңбегінің бірінші бөлігі (I–IV кітаптар) кіріспеден, оған енген фольклорлық сипаттағы үзінді-новеллалардан тұрады. «Тарихтың» екінші бөлігіне (V–IX кітаптар) автор тарапынан қосымша новеллалар мен бірнеше көлемді тарихи шегіністермен берілген грек-парсы соғысының сипаттамалары енгізілген. Тарихшы өзінің эллиндер мен варварлардың іс-әрекеттері жайындағы әңгімелерінде оқырмандарға эпикалық дәстүрге сай ләззат сезімін сыйлағысы келді. Дегенмен оның басты мақсаты уақыт өте келе белгілі бір оқиғалар мен ұлы істердің санадан өшуіне, біржолата жоғалуына жол бермеу еді. Геродот уақытты оқиғалармен өлшейді. Оның тарихының әрбір эпизоды оқырманның назарында біртұтас әрі толыққанды, сонымен бірге жиналған әртүрлі фактілерді қамтыған ауқымды тарихи концепцияға негізделген сипатта бейнеленеді.

Аңыздар жөнінде сөз болғанда, Геродот мүмкіндігінше өзі лайықты деп санған («әлі де болса үшінші аңыз бар, мен оған басқаларына қарағанда көбірек сенім артамын») барлық нұсқаларын көрсетіп отыруға тырысады, олардың көпшілігін

ықтималдығы төмен, шындыққа жанаспайтын деп теріске шығарады. Алайда «айтылғанның бәрін» жеткізуді қажет деп санайды. Бірқатар жағдайларда автор жеке зерттеулерін естіген жайттардан бөлек қарастырады. Геродот материалдарды іріктеудің және тарихи сынның өзге әдістерін пайдаланбайды.

Ол өзінің замандастарына жақсы таныс хикаяларға олармен келісетіндіктен ғана сілтеме жасамайды. Геродот үшін олар белгілі бір оқиғаларға өзінің жеке көзқарасын білдіру мақсатында қажет болған.

Геродот варварларға қатысты менмендік пен дұшпандық сияқты жат пиғыл танытпаған еді. Ол гректер үшін түсініксіз болған әдет-ғұрыптарды (мысалы, египеттік мәдениеттің көне ескерткіштерінің ықпалымен) ешбір қоспасыз әрі байыппен баяндайды және кейбір жекелеген тұстарда эллиндерден «варварлардың» артықшылықтары бар екенін де мойындайды.

## Фукидид: тарих көзкөргеннің баяны ретінде

Тарихи жанр б.з.д. V ғасырдың соңында Фукидид шығармашылығында (шамамен б.з.д. 460–396) шарықтау шегіне жетеді. Фукидид ақсүйек әулетінен шыққан, шешендік әрі философиялық салалар бойынша терең білім алған. Б.з.д. 424 жылы ол он стратегтер коллегиясына сайланады (яғни, афиналық үкіметтің мүшесі) және Фракияда афиналық әскери күштің қолбасшысы болады. Бірақ олар спарталықтардан жеңілгеннен кейін Афинада сатқындық жасағаны үшін сотталып, қудалауға ұшырайды. Ғұмырының қалған бөлігін Фракияда өткізіп, тарихи еңбек жазуға арнайды. Фукидидтің Геродоттан айырмашылығы – зерттеу пәнін анықтағанда ол эллиндік әлемнің шекарасынан шықпайды. Оның еңбегі – *«Пелопоннес соғысы туралы баяндау»* (б.з.д. 394/3–391/390), яғни жақын күндерде болған «бүгінгі» тарих. Бұл шығарманың атауы болмаған секілді.

Тарихшының пікірінше, ол бұл еңбегін соғыс басталған сәтте, оның айрықша мағынасына көзі жеткен кезде бастаған және соғыс барысында материалдар жинауды жалғастыра берген. Фукидид өзі өмір сүрген кезеңдегі тарихты куәгер ретінде жазды. Ол белгілі бір келісімшарттардың түпнұсқа мәтіндері мен өзге де деректерді келтіреді, ақындар мен логографтардың еңбектеріне сілтеме жасайды, Геродотпен пікірлеседі, бірақ оның есімін атамайды. Фукидид алғашқы болып кезіккен адамнан естігеннің бәрін жеткізе беруді дұрыс емес деп санайды.

Фукидидтің еңбегінде барлық антикалық дәуірге тән көркемдік баяндау сипаты сақталған, тек *«Археология»* атты бөлімнің ғана ерекшелігі болды. Оның кіріспе бөлімінде таңдалған тақырыптың маңызы, сондай-ақ Пелопоннес соғысының тарихы баяндалған. Оның мақсаты – «терең себептері» бар парсы соғысында жеңіске жетіп, күш-қуаты артқан Афинадан сескенген Спартаның оған қарсы соғыс ашуы жайындағы автордың көзқарасын түсіндіру.

Фукидид еңбегінің композициясы соғыс оқиғаларын жаз уақытында жасалған жорықтар негізінде баяндау принципімен ерекшеленеді. Автор оқиғаларды қарама-қайшы топтастыру мен жекелеген эпизодтарды өңдеу арқылы баяндау драматизмінің шарықтау шегіне жетеді: Периклдің жерлеу кезінде айтқан сөзі, оба індетінің сипатталуы, Сицилия апаты. Соңғы екі эпизод әлемдік әдебиеттің жауһарлары деп есептеледі.

Тарихи баяндауға енген кейіпкерлердің төл сөздері – Фукидид шығармаларының өзіндік ерекшелігі.

Сөздер көбіне субъективті – оқиғаны тарихи тұрғыдан мағыналаудың құралы әрі олардың өзіндік психологиялық түсіндірмелері. Кейде бұл сөздерде автордың концепциясы баяндалады. Сонымен қатар ол барынша өзін-өзі шеттету принципіне адал болу мақсатында әрі мәселені қарама-қайшы көзқарас тұрғысынан бейнелеу үшін өзінің жеке пікірін түрлі кейіпкерлер арқылы білдіреді. Мұндай жағдайда автордың ұстанымы нақты көрсетілмейді, оның мақсаты – кейіпкерлерінің айта алғанын немесе айтуы қажет болғанын көрсету ғана. Бұл жерде баяндау дәлдігі емес, тарихи ақиқат маңызды. Фукидид өзінің кейіпкерлерінің сөздері арқылы саяси ділмарлықтың керемет үлгісін көрсетеді.

Автор тарихтың өзіндік нұсқасын, әдіс пен тақырыпты Гомер мен логографтардың және Геродот сынды саяхатшылардың еңбектері мен әдістеріне қарама-қарсы қояды. Фукидид өзінің әдісін – «сипаттау» сөзімен, ал логографтар мен Геродоттың әдісін «құрастыру» сөзімен анықтайды. Ол логографтар табылған мәліметтерді механикалық түрде, тек ақпараттың тартымдылығын ғана басшылыққа алып, оның дәйектілігіне мән бермей, сын тұрғысынан тексерместен «бірлесіп құрастырады» деп көрсетеді. Фукидид олардың белгілі бір оқиғаларды аса көркемдейтінін және асыра әспеттемейтінін тілге тиек етеді. Ол өзінің еңбегіндегі миф пен күлкіге негізделген барлық әңгімелерді алып тастады.

Фукидид өз дәуірінен бір ғана буын бұрын болған оқиғаны алыс деп санайды. Сонымен қатар олар туралы мәліметтерге толықтай сенім артуға болмайды деп есептеді. Фукидид сол заманның өкілі әрі қатысушысы бола тұра, өзінің тақырыбын Пелопоннес соғысының тарихымен шектеді. Сонымен қатар автор жабайы тайпалардың тарихы мен этнографиясын зерделеген Геродот пен логографтардың еңбектерін сипаттаудан бас тартты. Фукидидтің еңбегінде бүгінгі оқиғаның себептерін іздеу барысында жақын арадағы өткенді зерттеу қажеттігі тарихшының басты міндеті ретінде қарастырылған.

Фукидид – оқиғаларды түсіндірудің тиімді әдістері мен нақты куәліктерді мұқият іріктеуге негізделген прагматикалық, ғылыми тарихнаманың негізін қалаушы. Оған тән екі ерекшелік бар. Біріншісі – тарихты индивидтердің билікке қол жеткізіп, мемлекетті билеуге ұмтылу жолындағы күрестерін бейнелейтін оқиғалар тізбегі ретінде түсіну. Ортақ сипат ретінде мынадай қорытынды шығарылды: барлық адамдар жеке немесе қоғамдық өмірлерінде билік пен мансапқа, байлыққа қол жеткізу үшін және қолдары жеткен «игіліктен» айырылып қаламын ба деген үрей мен қорқыныштан әрекет етеді. Басқаша айтқанда, адамның табиғаты үнемі өзіне сай болғандықтан, саясаттағы итермелеуші мотивтер соғұрлым өзгеріссіз, теңбе-тең болып қала береді. Прагматикалық тарихтың екінші ерекшелігі – оның өмірлік сабақтарының мәңгілік құндылықтарына негізделген «тәжірибелік пайдалылық».

Тарихнама үшін тарихшылардың назарын оқиғалық деңгей арқылы аударудың кем дегенде үш салдары болды:

- саяси және әскери тарихты зерттеудің дара нысанына айналдыру;
- мемлекетті мағынасы әртүрлі екі бөліктің бірлігі ретінде қарастыру: елдің тарихи тағдырын анықтайтын белсенді азшылық (лауазымды тұлғалар) ретінде

және алғашқылардың жоспарлары мен іс-әрекеттеріне кедергі жасайтын ен-жар көпшілік (халық) немесе «мойынсұнғыш құрал» ретінде пайымдау;

- тарихи процесті белгілі бір тұлғалардың психологиялық мотивтерімен түсіндіру.

Фукидид оқиғалар барысын ұғынықты ету мақсатында биографиялық әрі саяси түсініктемелерден бас тартады. Ол үшін адам болмысының психологиялық, моральдық және әлеуметтік жағы оқиғаның соңғы себептері болып саналады. Егер Элладаның өзара күресуші партиялары соғыстың басталу себебін бір-бірінен көрсе, Фукидид соғыстың басталуы туралы мәселені басқаша зерделейді. Ол соғыстың тұтану себептері мен түрткі болған жайттарын ажыратады (дәл солай антикалық медицина аурудың «шынайы себебін», оның «сыртқы» және қарапайым белгілерін ажыратты). Фукидид Гиппократтың шәкірті ретінде құбылыстың «диагнозын» анықтайды және қайталанатын қасиеті бар полистің «ауруының» нақты көрінісін береді.

Соғыстың объективті себебі – Элладаның саяси өмірін ауыр дағдарысқа ұшыратқан қарама-қайшы күштердің жасырын күресі. Осы себепті білу тарихшыны партиялық күрестен де жоғары деңгейге көтереді және соғыстың тұтануына кінәлі болғандар туралы мәселені күн тәртібінен алып тастайды. Осыдан кейін өткен кезең мен бүгінгі уақыттың оқиғаларын зерттеуде нақтылықты басшылыққа ала отырып, куәгерлердің жауаптарын сын тұрғысынан пайымдау талабы туындайды. Соңғысын кездейсоқ таңдамау керек, алайда қателіктерге жол бермеу үшін жеке пікірден бас тарта отырып, олардың теріс түсініктері мен еске сақтау қабілеттерін ескеру қажет.

Фукидидтің пікірінше, оның мақсаты – «ақиқатты табу». Алайда өзі жариялағандай, нақтылық пен әділдікке ұмтылғанына қарамастан, ол жиі субъективті болған еді. Біз одан оқиғалардың біржақты жинақталғанын және де бірқатар фактілерді (мысалы, афиналықтардың парсылармен жасаған келісімшарттары) әдейі айтпағанын аңғарамыз. Афинаның рухани артықшылығы – Элладада оларға үстемдік орнатуға құқық береді. Бұл – Фукидидтің оқырмандарын иландыру үшін ұстанған өзіндік қағидасы еді. Соғыс не себепті жеңіліспен аяқталды? Периклдің ізбасарлары өздерінің міндеттерін орындай алмады. Фукидидтің сөзімен айтсақ, ұзаққа созылған соғыс адам болмысының құлдырауына алып келді. Перикл мұрагерлерінің мансапқорлығы, дүниеқоңыздығы, нәпсіқұмарлығы Афинаны грек мемлекеттері арасындағы ең жиіркенішті қалаға айналдырды: енді бүкіл Эллада афиналық қуаттың жойылуын бірауыздан тіледі.

Адамдық болмыстың өзгермейтін қасиетін зерделеген Фукидид еңбегінің келешек ұрпақ үшін пайдалы әрі жемісті болатынына кәміл сенеді. Ол өз алдына тәжірибелік міндет қояды: мемлекет қайраткерлеріне жекелеген тұлғалар мен саяси топтардың психологиясы, іс-әрекеттері туралы қажетті білімді баяндау. Тайпаға, руға, жынысы мен жас мөлшеріне қарамастан, адамдық болмыстың бірқатар ортақ белгілері бар: еркіндікке ұмтылу, өзімшілдік, көреалмаушылық, кекшілдік, қатігездік, жалған наным-сенім, өзгелерге үстемдік етуге деген ниеті. Адами болмыс әрдайым өзімшіл. Ол адамның жасына қарай дамиды және әртүрлі жағдайларға байланысты өзгеріп отырады, олардың әрекетімен «айуандық» пен құлдырау бағытына қарай өзгереді немесе периклдік Афина сияқты



еркіндікке ұмтылысының ықпалымен көркемделе түседі. Адам болмысының маңайындағыларды қанау қасиеті (күшті үнемі әлсізге үстемдік жасайды) – Фукидид бекіткен тарихтың психологиялық принципі.

Саяси тарихта (сондай-ақ космоста) тарихи оқиғалардың себептік байланыстарын бұзатын табиғат апаттары (күтпеген жерден орын алған жағдайлар, жер сілкінісі, әртүрлі індеттер және т.б.) үстемдік етеді. «Күтпеген жағдай» табиғат апатынан ғана емес, адамның іс-әрекетінен де көрініс береді. Ол иррационал және этикалық ережелерге бағынбайды. Мұндай күш адам ойының жетістікке жетуіне айрықша ықпал етеді, ол адамдарға қауіп төндіреді немесе оларға көмектеседі. Керісінше, адамдардың тарихтағы қабылданған барлық жоспарлары мен шешімдерін тарихшы олардың ақыл-ойының, болжамдары мен ерік-жігері заңдылықтарының аясында қарастырады. Алайда, Фукидидтің пікірінше, ұлы адамдар, әйгілі мемлекет қайраткерлері тарихи оқиғалардың барысын болжап, оларға ықпал ете алады. Егер олар уақытша болса да демостың «менмендігі» мен тобырдың «наразылығын» ауыздықтаса, онда өркендеуге қысқа мерзімде қол жеткізуге болады. Бірақ кейін оқиғалар қайта күш алып, соғыстар мен өзара қақтығыстар барысында өзінің шарықтау шегіне жетеді, содан соң қан төгіспен, апатпен аяқталады.

Фукидидтің тарихшы ретіндегі еңбегі құжаттық деректердің (келісімшарттардың, ресми қаулылар мен басқа да құжаттардың мәтіндерінің) хронологиясын анықтау болды. Сонымен қатар сақталған сарқыншақтардың сипаттамасына негізделген ретроспективті тұжырымдар арқылы анықталған өткенді қайта құру әдісін пайдалануы еді. Фукидид Пелопоннес соғысы тарихының кіріспесінде Ежелгі Элладаның мәдени бейнесі туралы өзінің ой-пайымын анағұрлым артта қалған тайпалардың әдет-ғұрыптарына, қорым орындарына, эллиндік қалалардың орналасу аймақтарына сілтеме жасай отырып дәйектей түседі. Фукидид, ең алдымен, өткен дәуір туралы эпостардан алынған дәстүрлі түсініктерден бас тартады және олардың орнына батыл түрде грек-парсы соғыстарының кезеңіндегі Афинаның рөлін анықтаудың негізінде жасалған өзінің «кері қорытындыларын» қояды. Ол Афина күш-қуатының қайнар көзін Марафон мен Саламин түбінде Элладаны құтқару барысында атқарған олардың тарихи тұрғыдағы қажырлы еңбектерінен байқайды. Фукидид Афина мен Спартаның бақталастығының тарихын баяндайды және Афинаның күшеюі екі мемлекеттің арасындағы қауіпті қақтығысқа алып келгенін көрсетеді. Фукидид бейіт басында Периклға арнап сөйлеген сөзінде (эпитафия) ұлы көсемінің билік құрған кезіндегі Афина демократиясының «алтын ғасырын» сипаттайды. Осы тарихи сәт Афинаның рухани қуатының шыңы еді. Фукидид ол арқылы соғыстың барысын, алдағы уақытта келе жатқан қайғылы оқиғалардың қарсаңындағы өткеннің жарқын бейнесіне деген көзқарасын білдіреді.

## Эллинизм дәуіріндегі грек тарихнамасы

Классикалық дәуірдегі гректің тарихи санасы гректер мен варварлардың арасындағы жаугершіліктің мән-мағынасын ұғынуға негізделсе, эллиндік кезеңде ол адамзат әлемінің бірлігін тарихи тұтастық ретінде түсінуге бағытталған. Ұлы Александрдың жаулап алу мақсатындағы соғысының нәтижесінде



құрылған оның алып империясы грек әлемінің біртұтас тарихына қосылды. Б.з.д. V ғасырда Геродот пен Фукидид қалыптастырған өткеннің жарқын бейнелерімен танысу кейінгі ұрпақтардың тарихи ойының көкжиегін кеңейтті және бұл идея Полибийдің (б.з.д. 210–128) әйгілі *«Жалпы тарих»* еңбегінде көрініс тапқан жаңа үлгідегі тарихтың пайда болуына ықпал етті.

Полибий тарихты алғашқы бейнеде, яғни өткеннің оқиғасын геродоттық мағынада сипаттау түрінде емес, қазіргі мағынада – адамзаттың іс-әрекеттеріне арналған ерекше түрдегі зерттеу ретінде, адамзаттың рухы үшін әмбебап құндылықтары бар ойлардың формасы ретінде түсінген. Оның пікірінше, өткенді тану көбінесе адамдарға пайда әкелу үшін қызмет етуі керек.

Полибий ақсүйек әрі дәулетті әулеттен шыққан. Оның әкесі ахейлік одақтың саяси және әскери қайраткері болған, төрт мәрте одақтық стратег жоғары лауазымын иеленген. Полибийдің әскери әрі саяси мансапты иеленгені таңғалдырмайды. Б.з.д. 167 жылы ол басқа да мыңдаған отандастарының қатарында Римге тұтқын болып барады, ол тек отанына он жеті жылдан кейін ғана оралған. Полибийдің әскери білімі Римде жоғары бағаланды, ол бірнеше рет әскери сарапшы қызметін атқарған. Оның Карфаген қаласын қоршау іс-шарасына қатысқаны және римдіктерді ашуға булықтырған қаланы шабуылдауға (б.з.д. 146) атсалысқаны, ахейлік одақтың жеңілісінен кейін өзінің жерлестерін тыныштандыруға қатысқаны да белгілі. Сондай-ақ оның ұзақ ғұмыр кешкені және 82 жаста қайтыс болғаны да мәлім. Дегенмен Полибийдің дүниеге келген және қайтыс болған уақыты тек болжамдық тұрғыдан ғана қалпына келтіріледі.

*«Жалпы тарихтың»* негізгі бөлімі б.з.д. 220–146 жылдар кезеңіне арналған. Ал алғашқы екі кітап бүкіл шығарманың кіріспесі саналады және ол б.з.д. 264–220 жылдардың аралығын қамтиды. Сонымен антикалық автор өзі баяндаған көптеген оқиғаларды көзімен көріп, куә болған. Полибийдің туындысын оқу барысында оның қай дәуірде жазылғанын естен шығармау қажет. Сондай-ақ оның басты мақсаты эллиндіктердің алдында римдік жаулап алушылықты ақтау екенін ұмытпауымыз керек. Полибийдің өзі куә әрі қатысушысы болған эллиндік әлемнің Римге бағынуы, бір жағынан, оны алдыңғыларынан ерекшелейтін жаңа саяси әрі мәдени шындықты қалыптастырса, екіншіден, осы шынайылықты түсіну мен бейнелеудің өзге тәсілдерін қолдануды талап етті. Полибийдің айналасындағы әлем үнемі өзгеріп отырды: өзара ұдайы жаугершілікте болған бытыраңқы және бөлшектенген эллиндік монархиялар мен одақтық бірлестіктердің орнына римдік мемлекеттіктің тұтас әрі тұрақты саяси жүйесі орнады. Римдік үстемдіктің орнауы еркіндік сүйгіш эллиндіктердің бағыныштылығы мен олардың патриоттық сезімдерінің қорлануына алып келді. Алайда оның терең салдары да болды. Бөлшектенген әлемнің бірігуі жүріп жатты, саяси билік үшін жекелеген мемлекеттердің күресін тудырған қарама-қайшылықтар жойыла бастады. Көптеген бытыраңқы аймақтар бірнеше онжылдықтар ішінде біртұтас мемлекетке айналды. Мұның бәрі, біріншіден, грек федерациясының бірігу принциптерінің негізінде тәрбиеленген Полибийдің сүйіспеншілігін оятса, екіншіден, оның бұрынғы Элланың шағын мемлекеттерінің тарихында баяндалған ізашарларының қолданған әдістері ендігі кезекте Жерорта теңізі жағалауындағы елді мекендер бірлестігінің ауқымы мен ішкі заңдылықтарына сәйкес келмейтіні туралы ойға жетеледі.

Полибий өзінің «*Жалпы тарихында*» тарихи шығарма жазудың өзіндік қағидаларын қалыптастыра отырып, мынадай принциптік талаптарды ұсынады: тарихтың жалпы сипаты болуы қажет, яғни өзінің баяндауларында бір мезетте Батыста да, сондай-ақ Шығыста да болып жатқан оқиғаларды қамтуы керек. Ал баяндау синхронды болуға тиіс. Рим әлемге үстемдік еткен дәуірдің куәгері болған Полибий тарихи шығарманың жаңа түрі – жалпы тарихты қалыптастырды. Дегенмен ол үшін тарих пәні әскери-саяси тақырыппен шектелсе де, ендігі кезекте негізгі мәселе ретінде соғыстың оқиғалық тарихы емес, ондағы текетірес-тегі саяси күштердің динамикасы қарастырылды.

Осылайша жалпы тарихтың бейнесі қалыптасты, оның «бөліктері» жекелеген этносаяси организмдердің тарихы болды. Полибий тарихтың мәнін табиғи циклдерден байқайды. Бұл тұрғыдан мемлекет индивидке баланады: ол жастық, ересектік сияқты кезеңдерден өте отырып, кейін қартайады, құлайды әрі жойылады. Полибий тарихты қоғамдық өмірді басқаратын, тұрақты заңдылықтарды ашатын ғылым ретінде пайымдауға жақын болды. Бұл оған тарихты жазудың пәнін және мақсаттарын нақтылауға және оны түсінуді дамытуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ Полибий алғашқы болып тарихтағы иірім идеясын ұсынды. Ол адам өміріндегі табиғи циклдерге арқа сүйеп, оларды мемлекеттің тарихына қолдана отырып, Римнің өркендеуінің соңы қай уақытта болса да оның құлдырауы мен құлауына алып келетінін болжады.

Полибий бұрынғы әрі өзінің заманындағы көптеген тарихшылар драмалық эффектiлер мен риторикалық тәсілдерді жиі қолданады деп санайды. Ол тарихи баяндаудың поэзия мен риториканың міндеттерінен бөлек өзге де міндеттерінің бар екені жайында пікір білдірген. Полибий тарихты жазудың мақсаты патриотизмді ояту және саясат өнерін үйрену деп санайды. Өйткені олар үшін әрбір оқиғаның не себептен туындағаны мен қандай деректерден алынғанын білу өте маңызды.

Полибий «іскерлік», «прагматикалық» ұғымын дамытады, оны, ең алдымен, әскери әрі саяси тарихпен байланыстырады. Ол тарихшының оқиғаның замандасы болғанын, дұрысы, бейнелеген оқиғаның қатысушысы болғанын талап етеді. Тарихшы еңбегінің пайдалы болуының ең басты шарты – оның мемлекеттік және әскери тәжірибесі. Ең дұрысы, тарихты мемлекет қайраткерлерінің өздері жазғаны абзал. Прагматикалық тарихтың маңызды белгісі – себеп-салдарлық байланыстарды ескере отырып, оқиғаларды жүйелі түрде баяндау. Тек мұндай тарих қана не себептен және не үшін болған деген сұрақтарға жауап береді. Полибий оқиғалар ішкі байланыстар арқылы біріккен әрі бірін-бірі өзара толықтырып отырады деп есептейді. Сонымен қатар Полибий бұл оқиғалардың өзінде тамыр жайып, орын алған ішкі тарихи себептерді ғана орынды санайды. Оқиғалардың арасындағы мұндай байланыстар үнемі болған, бірақ олар мейлінше анық болмаған. Сол себептен көптеген тарихшылар оларды байқамаған немесе назардан тыс қалдырған. Полибий өз заманындағы оқиғалардың өзара байланысын анағұрлым нақты баяндаумен қатар, римдік-карфагендік Батыспен грек-македондық Шығыстың саяси мүдделерінің тоғысқан тарихи процесінің сипатын толықтай анықтап бергенін бірнеше рет атап өткен еді.

Алайда тарихи оқиғалардың барысын дұрыс түсіну үшін Полибий себеп-салдарлық байланыстардың тереңдетілген талдау тәсілдерін меңгеру қажет деп есептейді. Бұл байланыстар автор тарапынан себептердің, сылтау немесе түрткі

болған жайттар мен оқиғалардың, әсіресе әскери қимылдардың тікелей басталуының бірігуі ретінде анықталады. Полибийдің пікірінше, мұндай себеп-салдарлық тізбек буындарының бірізділігі өзгеріссіз болып саналады. Оның айтуынша, көптеген тарихшылар оқиғалардың байланысын түсіндіргісі келген, бірақ көрсетілген компоненттерді шатастырып, оларды дұрыс анықтамаған. Алайда Полибий барлық оқиғаларды осылай талдауға болмайтынын мойындаған. Ол, мәселен, қуаңшылықтың, күтпеген жерден туындайтын індеттердің, апаттардың себептерін іздеуден бас тартады.

Алайда Полибий талқылауындағы оқиғалық тарихтың шеңберіндегі «табиғат заңының» көрінісін рационализм шегінен асырмаған дұрыс. Өмірдің құдіретті мистикалық тылсым күшіне арналған оның үзінділері осы жайында ескертеді. Дегенмен оның оқиғалар мен адам тағдырларының араласуы туралы ұстанымы «табиғат заңының» концептісімен толықтай үйлесе бермейді. Тағдыр туралы түсінік Полибийдің дүниетанымының айтарлықтай элементі болып саналады. Егер архаикалық және классикалық дәуірде өмір сүрген гректерге ол оракулдар мен бал ашу арқылы білуге болатын, бірақ еш нәрсені өзгерте алмайтын жеке тағдыр ретінде көрініс берсе, эллиндік дәуірдегі тағдыр ұғымы күрделене түседі. Ал оның функциялары алуан түрлі болды. Ол әлемнің толыққанды билеушісі, сый тартушы, сот, адамзат баласының көмекшісі, ұстазы немесе сынақтың қайнар көзі ретінде сипатталады.

Бірақ ең бастысы – тарихшының пікірінше, тағдыр кез келген есепке қарамас-тан, күрделі іс-әрекеттердің шешімін табады, ол әлемді жаңартады әрі оқиғалар желісін өзгертеді. Дегенмен бірқатар жағдайларда Полибий тағдырдың шешуші рөлін мойындамай, негізгі себепті адамдардың іс-әрекеттерінен іздейді. Римдіктер табысқа тағдырдың сыйы арқылы немесе кездейсоқ жағдайда емес, толықтай табиғи жолмен жетті. Әдетте римдіктердің ұрыстарда неліктен жеңіске жете беретінін оқырмандардың білгені абзал, әйтпесе олардың табысы тағдырға таңылып кетуі әбден мүмкін. Полибий танып-білуге болмайтын немесе қиындық тудыратын себептері бар құбылыстарды ғана тағдырдың жазмышына жатқызу керек деп санайды. Егер себеп нақты болса, белгілі бір әрекетті жүзеге асыру амалы адамдардың өз қолдарында. Прагматикалық тарихты жазу міндеттерінің тұрғысынан алғанда, Полибийге әлемді билеуші тағдыр ұғымы арқылы бейнелеген тылсым құбылыстардың аясын шектеу және себеп-салдарлық әдістің қолданылу алаңын барынша кеңейту маңызды болды.

## Рим тарихи шығармаларындағы грек мұрасы

Рим тарихнамасының қалыптасуына ертеректегі және эллиндік мәдениеттерде өңделіп, жетілген тарихты жазу тәсілдері айрықша ықпал етті. Сонымен қатар римдіктерде тарих идеясы дәстүр мен орын ұғымдарымен тікелей байланысты болды: олар қаланың негізі қаланған кезден бастап уақыт санағын жүргізді және Рим бүкіл әлемнің әйгілі орталығы саналды. Римдіктер тарихты ата-бабаларының, яғни аңызға айналған этруск патшаларының, сенаттың, императорлардың дәстүрлерімен байланысқан үздіксіз процесс ретінде қабылдады.

Рим тарихнамасының негізі – республика идеясы, сонымен қатар империяның, азаматтық қайырымдылықтың, дәстүрдің, әдет-ғұрыптардың идеясы болған Мәңгі қаланың тарихы. Авторлар Италияның және империя провинцияларының өткеніне ұзақ уақыт бойы қызығушылық білдірмей, немқұрайды қарап келді.

Римде қолданылған тарихи шығарманың ең көне жанры анналдар еді (лат. *annus* – жыл). Ежелгі заманнан бері Римде абыз-понтификтер (жоғарғы абыздық коллегия мүшелері) құрастырған оқиғалардың жыл сайынғы жазбалары айрықша маңызға ие болды. Ерекше күнтізбелерде жоғарғы лауазымды шенеуніктердің есімдері жазылған, ағымдағы жылда орын алған маңызды оқиғалар мен мемлекеттік құжаттардың мәтіндері беріліп отырған. Понтификтер өздерінің жазбаларында тек оқиғаны ғана атап өтеді, оларға өздерінің жеке сипаттаулары мен түсініктемелерін енгізбеген. Анағұрлым ерте кездерде анналдар деп жылдардың реті бойынша хронологиялық тәртіппен құрастырылған тарихи жазбаларды атаған. Б.з.д. 123 жыл шамасында көп жылдар бойы жинақталған материалдар «Ұлы анналдар» жинағына (сексен кітаптан тұрады) енгізілді. Анналдар Рим тарихнамасының қалыптасуына ерекше үлес қосты.

Уақыт өте келе жылнамалардан бөлек дербес тарихи дәстүр пайда болды. Көптеген шығармалар сақталмаған, бірақ кейінгі авторлардың еңбектерінде олардың үзінділері мен сілтемелері сақталғаны белгілі. Римнің ең көне тарихи еңбектері – «үлкен анналшылардың» шығармалары б.з.д. III–II ғасырларда грек тілінде жазылған. Олардан кейін «кіші анналшылардың» еңбектері жазыла бастады.

Ежелгі Римде тарих әдеби жанр ретінде зор беделге ие болды. Тарихи шығармалардың авторлары көбінесе қоғамның беделді өкілдері саналған саяси қайраткерлер, әскери басшылар еді. Олардың туындыларына саясат айрықша ықпал етті. Дегенмен ақиқатты анықтау басты постулат болып қала берді, өткеннің оқиғасын бүгінгі күнмен байланыстыру Рим авторлары үшін өте маңызды болды.

Республика ғұмырының соңғы онжылдықтарында Юлий Цезарьдың Галлияны бағындыру мен азаматтық соғыс туралы өзінің әскери әрі саяси іс-әрекеттерін ақтайтын «хабарламалары» (түсініктемелері) жазылды; Цезарьдың өлімінен кейін республиканың құлау дәуірінің тарихшысы, атақты Саллюстийдің шығармасы жазылды.

Гай Саллюстий Крисп (б.з.д. 86–35) ұзақ уақыт бойы лауазымды қызмет атқарған, квестор (қаржы және сот істерін басқарды), халық трибуны болған, азамат соғысы кезінде Цезарьдың жағында шайқасты, оның бұйрығымен Африка провинциясының преторы (жоғарғы лауазымды тұлға) болып тағайындалды. Цезарьдың өлімінен кейін мемлекеттік қызметтен кетіп, тарихи шығармалар жазу ісімен айналысты. Саллюстий тарихнамамен шұғылдануды абыройлы іс деп санады.

Тарихшы «Каталина бүлігі» (шамамен б.з.д. 41), «Югуртин соғысы» (б.з.д. 39 жылдан кейін) және б.з.д. 78–66 жылдардың аралығын қамтыған, аяқталмаған «Тарих» сынды (бізге тек үзінділері ғана жетті) еңбектер жазған.

Саллюстийдің шығармалары анналистика дәстүрімен тікелей байланысты Рим тарихнамасы үшін жаңа тарихты жазудың жаңаша формасы болып саналады.

Олар жақын арадағы өткеннің жекелеген эпизодтарына немесе автордың заманындағы саяси оқиғаларға – б.з.д. 63 жылы римдік патриций Каталинаның республикалық құрылымды жойып, жеке-дара билігін орнатуды мақсат еткен

бүлігіне; б.з.д. 111–106 жылдардың аралығындағы Нумидия патшасы Югурт арасындағы соғысқа арналған. Өзінің көптеген ізашарлары мен ізбасарлары сияқты, ол тарихпен шұғылдану барысында жалған айтпау мен шындықтан қорықпауды талап етеді, сондай-ақ әділетсіздік пен ашу-ызаға жол бермеу керек дейді. Алайда бұл бейтараптық Саллюстийдің сипатталған сюжеттерге қатысты азаматтық ұстанымының жоқтығын білдірмейді.

Катилина бүлігі туралы тақырыпты таңдауды ол мемлекет үшін қауіпті болған қылмыс туралы жазу ниетімен түсіндіреді. Саллюстийдің өзге туындыларында Югуртпен болған соғыс тәкаппарлық пен сатқындықтың салдарынан ұзаққа созылғаны баяндалады. Саллюстийдің еңбектерінен іс-әрекеттердің жалпы жай-күйі мен «Ұлы Римнің» болашағы үшін алаңдаушылық сезімін аңғарамыз. Тарихшы осы оқиғалардың өзіндік философиялық мән-мағынасын ашуға тырысты.

Мемлекеттің даңққа толы өткені мен дүрбелеңі, соғыстар мен апаттарды басынан өткізген қазіргісінің арасындағы айырмашылық көптеген Рим азаматтарын, мемлекет қайраткерлерін, ойшылдар мен тарихшыларды алаңдатты. Сонымен қатар іс-әрекеттердің мұндай ахуалының себептерін анықтау мен оларды негіздеу аса дәйекті түрде жүзеге асырылмады. Фукидид, Полибий сияқты беделді жазушылардың еңбектерін зерделеген еді, бірақ олардың шығармаларынан жоғарыда аталған мәселелерге қатысты нақты бір ой-пайымдарды таба алмады. Саллюстийдің шығармалары жалпы құлдырау барысын сипаттап, түсіндіретін нұсқаға негізделген. Бұл нұсқа оның замандастары мен ізбасарларының арасында айтарлықтай танымал болды.

Саллюстийдің пікірінше, ішкі күштер біртіндеп Рим республикасын әлсіретті. Азаматтық қауым өркендеген һәм үлгі боларлық тамаша құрылымнан «құлдыраған әрі абыройдан айырылған» мемлекетке дейінгі жолдан өтті. Б.з.д. 146 жылы Римнің соңғы қуатты дұшпаны болған Карфагеннің талқандалған уақытынан бастап ішкі дағдарыс айқын көріне бастады.

Автор шыққан тегі ақсүйек, ерекше дарын иесі, бірақ қатігез, қылмыс жасауға бейім, байлық пен билікке құмар адам Катилинаның тарихын мысал ретінде келтіреді. Саллюстий өзінің басқа шығармасында Югуртпен болған соғыстың тәкаппарлық пен ақсүйектердің сатқындығы нәтижесінде қаншалықты ұзаққа созылғанын тілге тиек етеді. «Тарихта» көптеген пессимистік көріністер сипатталады: патшалардың қуылуынан кейін Римде бірден ішкі дағдарыс басталады. Бұл процесс тек бір рет, Екінші Пуни соғысы барысында, халықтың сыртқы қауіптің алдындағы бірігуінде ғана үзілген болатын.

Осылайша Саллюстийдің шығармаларында Римнің барлық қайғы-қасіреттері мен оның біртіндеп құлауы мінез-құлықтың бұзылуынан бастау алғаны туралы теория ұсынылған. Негізгі қақтығыс қоғамдық мораль саласында орын алды. Бұдан тарихтың маңызды міндетінің бірі – замандастарға мінез-құлықтың ғибратты өнегесі мен ұрпақтарға өсиет қалдыру мәселесі туындайды. Автордың құлдырауды көрсетуі зұлымдық ешқашан жойылмайды және Рим жақын уақытта күйрейді деген пікірін білдірмейді. Саллюстийдің өзі ұзақ уақыт бойы Цезарьды қолдап, оған республикалық-демократиялық негізді нығайтады деп сенім білдірген еді. Білімді римдіктердің ұғымында қала мен мемлекет ғасырлар бойына құрылған. Тарихшы өз замандастарының кемшіліктерін көрсетіп, азаматтарды саналы түрде моральдық жетілуге шақырады.



Саллюстийдің шығармалары осы мақсатқа толығымен жауап береді. Ол Фукидидтің, Полибийдің, латын прозасының негізін қалаушы Үлкен Катонның шығармаларын бағыт-бағдар ретінде ұстанды. Саяси әрі әскери тарихты сипаттады, негізгі тұлғалардың сипаттамалары арқылы оқиғалар желісін көрсетті. Саллюстий шығармаларының мәтіндері баяндаудың негізгі сюжеті экскурстармен – шегіністермен үзіліп кетіп отыратындай жүйеге құрылған, онда автор өткен оқиғалар немесе сипатталған әрекеттің мәнін жақсы түсінуге көмектесетін фактілер туралы егжей-тегжейлі айтып берді. Мәселен, оларға римдік азаматтық қауымның пайда болуы туралы, ертедегі жағымды мінез-құлықтар жайында, Цезарь мен Катонды салыстыру жөнінде, Африканың жері мен халықтары, Сулланың мінез-құлықтары т.б. туралы экскурстар жатады.

Саллюстий тек фактілерге ғана емес, тарихи кейіпкерлерге, адамдардың қайырымды істері мен кемшіліктеріне де назар аударған еді. Автор белгілі бір оқиғалардың мерзімдерін белгілегенде қателіктерге бой алдыруы да ықтимал. Бірақ сонымен қатар олардың қатысушыларының жарқын да жанды портреттерін беріп отырды. Саллюстий кейіпкерлерінің бірінші жақтан сөйлеген сөздері адамның мінез-құлқын анықтаудың маңызды құралы болып саналады.

Римнің тарихи шығармаларында авторлардың ойдан құрастырылған сөздерінің көмегімен белгілі бір кейіпкерлердің сипаттамасын жасау тәсілі айтарлықтай кең тараған. Алайда тарихшылар оларды басынан аяғына дейін ойдан шығармаған. Римде ұзақ уақыт бойы мемлекет қайраткерлерінің сөйлеген сөздерін жазып алып, оларды тарату тәжірибесі болған, сол үшін олардың мәтіндері ерекше танымалдылыққа ие. Тарихтың авторлары сол себепті сөйлеуге құрылған сюжеттен жиі бас тартқан, оған көркемдік пен иландыра білу қуатын дарыта отырып, өзінше қайта жазған. Бұған қоса, Саллюстий өзі құрастырған, қайта көшірілген немесе қайта жазылған хаттар мен құжаттардың үзінділерін енгізіп отырған.

Римдік автордың пікірінше, оқиғаны сипаттағанда оған лайықты, дұрыс сөздерді қолдана білу керек. Саллюстийдің шебер әдеби стилі, оның архаикалық сипаттамалары мен ықшамдылыққа құрылған бай тілі ортағасырлық және жаңа заман тарихшылары мен жазушыларына ерекше ықпал етті. Әйгілі тарихшының еңбектері өзгелер үшін Рим прозасының теңдессіз үлгісі болды. Қазіргі зерттеушілер Саллюстийді Рим тарихын жоғары әдеби өнердің деңгейіне көтерген тұлға деп санайды.

Цезарь мен Саллюстийдің заманына дейін Рим мемлекетінің ортақ тарихы болған емес. Осындай тарихты жазу мәселесін республика мен империяның тоғысында өмір сүрген Тит Ливий өзінің еңбегінде жүзеге асырады.

## Дүниежүзі тарихының жанры

Саяси қайраткер немесе әскербасылық тәжірибесі болмаған Римнің алғашқы ірі тарихшысы Тит Ливий (б.з.д. 59 – б.з. 17) Август дәуіріндегі даңқты жазушының бірі еді. Ол – Падуяда дүниеге келген, философиялық әрі шешендік салалар бойынша терең білімі бар тұлға. Өзінің шығармасын Римде жазды. Ливий мемлекеттік лауазымды қызметтерді атқармағанына қарамастан, императорға жақын адам болды.



Тит Ливийдің «*Қаланың негізі қаланғаннан бергі Рим тарихы*» (шамамен б.з.д. 27 – б.з. 9) атты әйгілі еңбегі жүз қырық екі кітаптан тұрған. Бұл шығармада Ромулдан Цезарьға дейінгі Римнің тарихы баяндалады. Б.з.д. 167 жылдан Ливийдің уақытына дейінгі кезеңді қамтыған отыз бес кітабы ғана сақталған.

Ливий алғашқылардың бірі болып Римнің толық тарихын жазуға тырысты. Бұл көлемді еңбек авторды абырой мен даңққа бөледі. Қаншама ұрпақ ауысса да, аталмыш еңбек өзінің құндылығын жойған емес. Әр дәуір оқырмандарының пікірлері бойынша, бұл кітаптың басты артықшылығы – оның жеке оқиғаларды сипаттауында емес, империяның ортақ рухын жеткізе білгенінде. Алайда мұндай бағаға ие болса да, «*Тарих*» атты туынды XIX ғасырдың кәсіби тарихшылары тарапынан айтарлықтай сынға ұшыраған еді. Ливийдің өз шағырмасында көптеген дәйексіз мәліметтерді талдау жасамай пайдалануы зерттеушілердің наразылығын туғызды.

Авторлардың көпшілігі тарихшы шынайы іс барысын айқындауы қажет әрі өткеннің оқиғаларын шынайы тұрғыда жазуы керек деген көзқарасты ұстанды. Алайда біраз авторлар оқиғаны шынайы баяндау барысында жеке түсініктеріне сүйенді. Сонымен қатар нақтылық ұғымының өзі зерттеушінің шыққан ортасының мәдениетіне сай әртүрлі мағыналарда берілді. Тарихи нақтылықты тарихшы жазған мәтіндердің оның шынайы білім туралы түсініктеріне сәйкестігі ретінде, сондай-ақ мәдениетте қалыптасқан әдеби баяндаудың тұрақты ережелері ретінде түсінуге болады.

Сонымен тарихшының ақиқаты шынайы факті болуы міндетті емес. Тарихи нақтылықты бұлай түсіну тек XIX ғасырда ғана ғылыми тарих критерийлерінің анықталған уақытынан бастап ұсынылды. Өзге кезеңдер мен мәдениеттердің авторлары үшін аталған мәселе басқаша болған еді.

Өткенді танудың әртүрлі тәсілдері туралы айтуға болады. Аналитикалық тәсіл өткен кезеңнің үзінділерін алуан түрлі деректерге сын көзімен қарау арқылы қайта қалпына келтіруді білдіреді. Көркемдік тәсіл өзінің сипаты бойынша тарихтың бейнесін (Клионы тарихтың жебеуші музаларының бірі деп бекерге атамайды) нақты көркемдік құралдар арқылы құрастыруды меңзейді. Тит Ливийдің замандастары мен ізбасарлары өткенді сипаттаудың түрлі тәсілдерін бағыт-бағдар ретінде ұстанды. Ал Ливий үшін екінші тәсіл – тарихтың көркемдік шындығы маңызды болды.

Ливий өз шығармасының алғы сөзінде автордың міндеті – «ғибратты өнегелерді» пайдаға асыру мақсатында өткеннің оқиғаларымен оқырманды таныстыру деп атап өтеді. Ливийдің еңбегі иландыру мен үйретуге негізделген моральдық тарих ретінде пайымдалды. Тарихшы өзі өмір сүрген ғасырдың «бақытсыздығының көрінісіне» көңіл бөлмей, даңқты тарихқа назар аударғысы келді. Ол оны ұлылыққа толы өткенді лайықсыз бүгінгіге, бабалардың айбыны мен ерлігін өзінің замандастарының адамгершілік қасиеттерінің құлдырауына қарама-қарсы қою арқылы көрсеткісі келді.

Мемлекеттің гүлденуі мен қазынасының молаюы римдіктердің мінез-құлықтарының бұзылуына, азамат соғыстарының туындауына алып келді. Оның салдарынан республиканың құлауы жеделдеді. Бұл мәселелер Рим тарихшыларының ортақ тақырыбы болды. Саллюстий мен Тацит «мінез-құлықтың бұзылуы» теориясына өздерінің пайымдарын негіздеді. Бірақ Тит Ливий римдік азаматтық

мемлекеттің қалыптасуы, өркендеуі мен құлауын өзінің баяндауының басты арқауына айналдырды. Бұдан бөлек, Ливий Рим халқын «керемет тұтастықтың аясында» көрсетуге тырысты. Тарихшы жаңа мәліметтерді іздеуді емес, ата-бабаларының үлгілі өмір жолдарын, олардың қайырымдылық істері мен жауынгерлік даңқтарын қайта қалпына келтіруді басты міндет деп санады.

Ливийдің еңбегінде сипатталған тарих – оның замандастарының естеліктерінен әлдеқайда ерте өткеннің баяны. Мұндай баяндау өткен оқиғалардың куәгерлерінің мәліметтеріне негізделіп құрастырылуы мүмкін емес. Мәтіннің басым бөлігін алдыңғы буын өкілдерінің кітаптарынан алынған үзінділер, әртүрлі жазбалар, Римнің ерте тарихы туралы хикаялар мен аңыздар құрады. Бұл материалдардың негізінде автор өзінің кейіпкерлерімен, сюжетімен, ішкі құрылымымен өзара байланысқан әңгіме құрастыруы керек болды.

Ливий өзінің еңбегінде шығармаларын пайдаланған он екі жазушының есімдерін атап өтеді. Алайда белгілі бір дәрежеде сенім артуға тұрарлық деректерден алынған материалды құрастыра отырып, тарихшы орын алған оқиғалардың дәл нұсқасын анықтау үшін куәліктерді салыстыру қажет деп санады. Ливий түрлі ой-пайымдарды бір-бірімен сабақтастыруға тырыспай-ақ баяндады. Сондай-ақ ол оқырмандарға келтірілген куәліктердің нақтылығына сенімді емес екенін айтып, ескертіп отырады. Ливий әдеттегідей хикаялар мен өзге адамдардың пікірлерін түсіндірмеді, оларды сынаған да жоқ, оқиғаларға қатысты жеке баға беруден де саналы түрде бас тартты. Куәліктер мен фактілерді іріктеу белгілі бір идеяның иллюстрациясы есебінде жүрді. Сол себепті тарихшы өзіне белгілі құжаттарға жүгінбей, нақтылығы анағұрлым төмен деректерді пайдалана алды.

Ливийдің мәтіндерінде тарихи хаттың түрлі тәсілдеріне сілтеме жасау әрекеті байқалады. Ең алдымен, понтификтік дәстүр мен анналистика ол пайдаланған деректердің деңгейінде ғана емес, сондай-ақ мәтін бөліктерінің құрылымында да көрінді. Ливийдің бізге жеткен көптеген кітаптары әр жылдағы оқиғаларды сипаттау, магистраттарды сайлау және абыздардың ғұрыптары туралы әңгімелермен аяқталады. Ал келесі жылды магистраттың лауазымды қызметке орналасуымен, провинцияларды бөлу, елшілерді қабылдау сияқты өзге де ресми істердің тізімдерімен ашады.

Анналшылардың еңбектерінен Ливий фактілік материалдарды ғана емес, сол авторлардың бірінің пікірінше, оқиғаның қалай болғанын және оның артында қандай пиғылдың тұрғанын көрсету жөніндегі ұстанымдарды алды. Ол жарқын әрі жанды әдеби сипаттауларға ерекше назар аударды. Полибийдің шығармалары Тит Ливийдің еңбегіне айрықша ықпал етті.

Баяндау тақырыбы болған «семсер мен тоға» (лат. *toga* – ежелгі римдік ер азаматтардың сыртқы киімі. – *Ред.*) – әскери қимылдар мен институттар тарихы, соғыстар мен белгілі бір ұстанымдардың негізін қалаушылар туралы әңгімелер. Тит Ливий Геродотқа қарағанда, көбінесе Фукидидтің дәстүріне сүйенді: оның әңгімесі міндетті түрде моральдық маңызы бар оқиғаларға, адамдарға, драмалық іс-әрекеттерге толы болды.

«Қаланың негізі қаланғаннан бергі Рим тарихы» атты шығарма тамаша әдеби туынды болып саналады. Ливий оқиғаларды эпикалық стильмен суреттей отырып, ерекше екпін түсетін буынды, риторика тәсілдерін, баяндаудағы драматизмді пайдаланып, көркемдік бейнелеудің шыңына жетуге ұмтылды. Белгілі

бір тұлғалардың тарихи портреттері оның әңгімелерінің шынайылығынан хабар береді. Кейіпкерлердің сөйлеген сөздерінің негізінде, сондай-ақ бір қарағанда маңызсыз көрінетін, бірақ мұқият таңдалған эпизодтардың негізінде Ливий римдіктердің рухының асқақтығы мен қайырымды істерін – олардың отбасы мен мемлекетке деген адалдығын, қайраты мен өзін құрбандыққа шалуға даяр екенін паш етті. Хронологиялық тәртіппен құрастырылған баяндауда ежелгі римдіктердің отбасыларындағы қарапайым әрі қатал мінездері туралы әңгімелер, қауіп-қатер сәтіндегі халықтың ынтымағы мен патриоттық сезімінің көріністері біте қайнасып кетеді.

Ливийді өзге жерлердің тұрғындарының шығу тегі мен әдет-ғұрыптары аса қызықтырмады. Оның пайымынша, тарих «Рим халқы» қаһармандарының ерлік істерін мәңгілікке жадыда қалдыруы керек.

Автор тарапынан римдіктердің заңдары ерте дәуірлерден бері өмір сүріп келе жатқан құбылыс ретінде тұжырымдалады. Ливийдің пайымынша, аңыз тұлға Ромул қалың елді жиналысқа шақырып, оларға осы заңдарды берді. Тарихшының пікірінше, Рим тағдырдың еркімен қатардағы қарапайым елден қуатты әрі ұлы мемлекетке айналды. Сөйтіп, бүкіл тарих Мәңгі қаланың айналасында тоғысты. Ливийдің баяндауында Римнің тарихы өзге көптеген тарихтардың бірі ретінде емес, жалғыз әрі жалпыға ортақ тарих есебінде көрініс береді, себебі Рим бүкіл танымал әлемнің бейнесі іспетті еді.

Осындай тәсілдің арқасында Ливийдің шығармасы кейінгі кезеңде өзге халықтардың тарихының, уақыт өте келе ұлттық тарихтың үлгісіне айналды. Тит Ливий өзінің шығармасында республиканың құлайтын уақыты жақындап келе жатқанда қалыптасқан «Римдік мифті» сипаттап, оны бекітіп кетті. Өткенді жинақтау тұтас түрде, ұжымдық тарихты жазу үшін қажет болды. Әдетте дәстүрді бекіту дәстүрдің өзі бұзыла бастаған жағдайда қажет болады. Сол себептен ол айқындалады және зерттеу пәніне айналады.

## Ерте империяның тарихшылары

Тит Ливийдің избасарларының ешқайсысы да оның еңбегін қайта өңдеуге ұмтылмады. Римдіктер тарихқа деген қызығушылықтарын жоғалтпағанымен, тұтастай алғанда оның аясы тарыла түсті. Бұл көп жағдайда империялық Римнің саяси ахуалының ерекшеліктерімен байланысты болды. Б.з. I ғасырында Принципатқа (Ерте империяға) қарсылық білдірген тарихи туындыларды билік дұшпандық ниетпен қабылдады, олардың арасынан тек аздаған шығармалар ғана сақталған. Тарихты тәуелсіз позиция тұрғысынан жазу қиын әрі қауіпті болды. Замандастарына ерекше әсер қалдырған мысалды Тиберийдің билігі тұсындағы тарихшы Крецумий Кордтан көреміз. Оның соңғы республикашылар Брут пен Кассийді дәріптегені үшін өзіне-өзі қол жұмсауына тура келді, ал оның шығармасы көпшілік алдында өртелген еді. Енді тек билеуші Юлий-Клавдий (Веллей Патеркул) әулетінің мәртебесі үшін ресми тарихты жазу, ежелгі оқиғалар (Квинт Курций Руф, «*Ұлы Александрдың істері туралы*») туралы баяндау немесе тарихи әзіл әңгімелерді (Валерий Максимнің «*Есте қаларлық іс-әрекеттер мен өнегелі сөздердің тоғыз кітабы*») жинау ғана қалды.

Публий Корнелий Тацит (шамамен б.з. 55–120) б.з. 96 жылы қатігез Домицианның өлімінен кейін, «жаман цезарьлардың» дәуірі біткеннен соң ғана жаза бастады. Ақсүйек отбасынан шыққан Тацит шешендік өнер саласы бойынша терең білім алған еді. Бұл оған жас кезінде танымал шешен болуға септігін тигізді. Тацит римдік Азия провинциясында претор, консул, проконсул сынды лауазымды қызметтер атқарды. Тумысынан сенаторлық ақсүйек табына жатпағанына қарамастан, Тацит оппозициялық бағыттың өкілдеріне өзінің ұстанымдары арқылы жақын болды.

Тациттің негізгі тарихи еңбектері – Августтың қазасынан (б.з.14) бастап Домицианды өлтіргенге (б.з. 96) дейінгі Рим империясының өткені туралы баяндайтын «*Тарих*» (105–111; 14 кітаптан тек 1–4 және 5-шісінің басқы бөлігі ғана сақталған) және «*Анналдар*» (111 жылдан кейін; 16 кітаптан бізге 1–6 және 11–16 жеткен). Тацит өзінің шығармалары арқылы мемлекетте болып жатқан оқиғаларға пессимистік көзқарасын білдіріп отырды. Бұл оларды Тацитке айрықша ықпал еткен Саллюстийдің туындыларымен сабақтастырады.

Тациттің ойынша, *sine ira et studio* – ашу-ызасыз және әділ жазу қажет. Бұл ұстаным, ең алдымен, жеке алаңдаушылық сезімі мен тәжірибенің жоқтығын емес, қандай да бір зерттеу жұмысын жасау барысында әділдікті, бейтараптықты ұстану қажеттігін көрсетеді. Себебі Тацит көптеген оқиғалардың куәсі болған еді. Тацитті тарихшы ретінде өзін-өзі айыптау сезімі билеуі мүмкін. Оны император тұсындағы мемлекеттік қызметі ғана емес, өз азаматтарының Нерон мен Домициан секілді императорлардың қылмыстарына қалайша жол беріп қойғаны да мазалады.

Тациттің пікірінше, биліктің жеке-дара формасы үстемдік еткен кезде, еркіндік пен мейірімділікке үнемі қауіп төнеді. Қоғамның трагедиясы императорлық билік пен еркіндіктің сәйкессіздігінен байқалды. Дегенмен республиканың құлауы алдын ала белгілі болды. Тациттің ойынша, тарихшы жақын өткенді, оның барлық қылмыстары мен абыройсыздығын ұрпаққа өнеге болуы үшін ашық сипаттауы қажет, сонымен қатар қатал билеушілерге қарсы шығуға жүрексізбенген кейбір азаматтардың ерлік істерін дәріптеуге тиіс болды.

Міндеттердің мұндай көрінісі «*Тарих*» пен «*Анналдар*» туындыларын жазу барысында қажетті мәліметтерді іріктеу ісінде, композиция құрастыруда септігін тигізді. Тацит әр жыл сайын мемлекетте болып тұратын оқиғалар туралы жазды. Әрбір сипаттаманың соңында елшілердің, таңдаулы ресми тұлғалардың, атақты адамдардың қазасы туралы естеліктер, процестер мен соттар, табиғи апаттар туралы тізімдер келтірілген. Бірақ тарихшы орын алған барлық жайттарды тіркеуге тырыспады, ол материалдарды таңдап алды. Алып империя мен оның провинцияларының өмірі баяндаудан тыс қалды. Басты назар Римге, оның императорлық сарайына, әскердің басшылығы мен сенатқа аударылды.

Тацит тарихтағы басты орынды оның барысын анықтаған жекелеген тұлғаларға, адамдарға арнады. Ең алдымен, бұл билік басындағыларға қатысты айтылған. Шығармаларда олардың істері мен жүйелі сөздері берілген, бірақ іс-әрекеттер әдеттегідей зұлымдық пен жүгенсіздікке айналып, сөздің ешқандай мағынасы қалмады. Мемлекетті анағұрлым данышпан адамдар басқарған ертеректегі кезеңдермен салыстырғанда, билік өзінің даналығын да, мінез-құлық негізін де жоғалтты. Өткен кезеңдердегі және сол уақыттағы римдіктердің кемшіліктері оларды өзге халықтардың, нақтырақ айтсақ, қатал да ержүрек

германдықтардың («Германия» трактатында) адамгершілік қасиеттерімен және тәртіптерімен салыстырғанда анағұрлым айқынырақ бола түседі.

Тарихшы көбінесе жағдайға байланысты болатын оқиғалардың сыртқы барысын біліп қана қоймайды, сонымен қатар олардың мағынасы мен себептерін де анықтайды. Тацит заңсыздық пен құлдықтың себептерін түсіндіру барысында өзінің ізашарлары Саллюстий мен Ливийдің жолын қуды. Азаматтық рух пен қоғамдық моральды байлық ығыстырды; ашкөздік, сән-салтанат көсемдерді де, халықты да дұрыс жолдан тайдырды. Дегенмен Тацит Римнің билік құрылымындағы мұндай өзгерістердің міндетті түрде болатынын тарихшы ретінде түсінгенімен, азамат ретінде оған төзе алмады.

Барлығы адамның күш-жігеріне байланысты ма? Тациттің мәтіндерінде құдайлар адам өміріне бақыт пен байлық сыйлау үшін емес, жазалау үшін ғана араласады. Сәттілік пен тағдырдың ықпалы беймәлім күйде қалды. Саллюстийдің кезеңінен бастап Римнің тарихшыларына оқиғалардың барысын түсіндіру барған сайын қиындай түскен тәрізді.

Тациттің баяндауындағы тарихтың драмалық сипаттары болды. Мәтінде портреттер, сөйлеген сөздер, адамгершілік қасиеттен жұрдай және асқақ рухты адамдардың, императорлардың, араға от салып жүретіндердің, оппозиция өкілдерінің бейнелері ерекше көрініс берді. Кейде оның тарихы жеке тұлғалардың қақтығысы ретінде пайымдалды. Сондай-ақ Тацит өзінің кейіпкерлерін сыртқы сипатта, зұлымдық пен ізгіліктің көрінісі ретінде қарастырады. Тацит үшін, оның ізашарлары үшін де адамдардың мінездері өзгермейтін дүние ретінде көрінді. Олар әртүрлі жағдайларда зерделенген. Қылмыскер белгілі уақытқа дейін ғана өзінің шынайы келбетін жасырып келді. Кейіпкерлердің іс-әрекеттері қатігездік, билікқұмарлық, сенімсіздік сияқты мінездерден бастау алып отырған.

Тациттің шығармалары тілі жеңіл әрі сөз тіркестерінің, архаикалық өрнектерінің, кейде өте қысқа сөйлемдерінің ерекшелігімен танымал болды.

## Антикалық дәстүрдің құлдырауы

Аммиан Марцеллинді Рим тарихнамасының соңғы ірі өкілі деп есептейді (шамамен б.з. 330–400). Марцеллин өзінің еңбектерін Доминат, Кейінгі империя дәуірінде, Рим мемлекетінің аумағында жаңа қауымдастықтардың қалыптаса бастаған уақытында жазды. Римдік тарихтың негізгі факторы герман тайпалары болды. Христиандық бағыт уақыт өткен сайын мемлекетте жетекші рөлге ие бола бастады. Бұған қарамастан, Римнің ежелгі пұтқа табыну рухы түбегейлі жойылған жоқ.

Шыққан тегі грек, Антиохияның тумасы Марцеллин Рим әскерінің қатарында борышын өтеп, император Юлианның парсыларға қарсы жорығына қатысқан. Ол көптеген елдерге саяхат жасаған. Б.з. 380 жылдан бастап Римде тұрақтап қалды, сол қалада «*Іс-әрекет*» атты тарихи шығармасын жазды.

Марцеллин сенатта білім алған римдік пұтқа табынушылардың тобына жақын болды. Бұл да олар сияқты император Юлианның тұлғасы мен қызметін жоғары бағалады. Ежелгі әдет-ғұрыптарымен, дәстүрлі құндылықтарымен, пұтқа табынушылығымен әйгілі болған Рим тарихы Марцеллин үшін өте қымбат болды.



Марцеллин Тациттің «*Тарих*» атты еңбегін үлгі ете отырып, оны б.з. 96 жылдан бастап император Нерваның билігі (31 кітаптан бізге 14–31 кітаптар жетті, олар б.з. 353–378 жылдардың аралығындағы оқиғаларды бейнелейді) басталғанға дейін жалғастырады. Хронологиялық тәртіппен құрастырылған императорлардың тарихы көптеген шегіністермен, ғылыми экскурстармен байланыстырылған. Шығармада ішкі және сыртқы саясаттың оқиғалары туралы, Рим империясындағы, Балқан халықтарындағы, германдықтардағы, Алдыңғы Азиядағы жағдайлар туралы әртүрлі мәліметтер табуға болады. Марцеллиннің тарихи еңбегі Мәңгі қаланың жағдайын арқау етті, бірақ тарихшы көршілес аумақтарға да қызығушылық білдіреді. «*Рим қаласының ахуалына шолу жасау*» атты туындысы дүниежүзіне таралған провинциялардағы оқиғалар туралы әңгімелермен астасып жатыр.

Марцеллин еңбегінің кейіпкері – жеке тұлға емес, ал империя, римдік ұйым мен грек білімін үйлестіретін мемлекет, түрлі халықтар мен тайпалардан шыққан адамдардың кездесетін орны. Оның тарихында алдыңғы орынға жаңа кейіпкерлер – римдіктердің өркениетіне қарсы тұрған варварлар шығады. Марцеллиннің барлық баяндаулары Адрианопольдың түбінде болған шайқастағы император Валенттің қазасымен аяқталады (б.з. 378). Марцеллин кейіпкерлерінің мінез-құлқы өзгермейді.

Рим тарихшыларының еңбектерінде белгілі бір тұрақтылық анық байқалады. Мұның мәні – авторлардың адамгершілік қасиеттерінің төмендеуінен және өзгерістер мен құлдыраудың қаупі алдында өздерін Римнің соңғы куәгерлері ретінде сезінуінде. Сонымен қатар олардың өздері Мәңгі қаланың құлауына сенбеді. Осындай көңіл-күй Марцеллиннің «*Іс-әрекет*» атты еңбегінде көрініс берді. Тарихшының пікірінше, Римге оның барлық кінәраттары және кемшіліктері бола тұрса да, адамзаттың ғұмыры аяқталғанша өмір сүру бұйырылған.

Романданған (латын тілі мен Рим мәдениетін қабылдаған адам. – *Ред.*) грек Марцеллиннің бойында келмеске кеткен республикаға деген сағыныш сезімі болмады, өйткені ол туралы естелік жадыдан өшкен: оқиғалардың куәгерлерінен ешкім қалмады. Ол үшін Кейінгі империя құлдырап қана жатқан жоқ, ол кемеліне жетіп, бірден қартаюды басынан өткерді. Дегенмен оның ақырғы сәті туралы сөз болған да емес.

Марцеллин, өзінің ізашарлары секілді, Рим мемлекетінің моральдық дағдарысқа ұшырауының негізгі себебі биліктің басындағы жекелеген тұлғалардың мінез-құлықтарының бұзылуынан деп түсіндіруге тырысты.

Тарихшының басты мақсаты – шындық. Ой еркіндігі шектелген кезде бұл өсиетті басшылыққа алу – аса қиын мәселе. Марцеллиннің айтуынша, ол өзінің қауіпсіздігін ойлап, өз заманындағы оқиғаларды сипаттау қажеттігіне күмәнмен қарады.

Марцеллиннің грек тілінің ықпалымен қалыптасқан стилінің Тациттің стилінен айтарлықтай айырмашылығы бар: оған сөздің астарлығы, метафоралық, көркемдік бейне тән. Марцеллин өзінің туындысында өзге жазушылардың еңбектерінен алынған көптеген мәліметтерді пайдаланды.

Аммиан Марцеллин өзін пұтқа табынушы, элин ретінде сезінді. Неоплатонизмді жақтаушы тарихшы діни мәселелерде, христиандыққа қарама-қарсы өзінің тура жолдан адасу және сенім жолын берік ұстану туралы дау-дамайларда айтарлықтай ұстамды болды.

Марцеллин – римдік ұлы тарихшылардың соңғы өкілі. Ол Рим империясының мәдениетінде христиандық іліммен байланысты әлем мен тарихты пайымдау әрі түсіндірудің тұтастай жаңа тәсілдері пайда болған және империяның батыс бөлігінің құлауына ғасырдан аз уақыт қалған кезеңде еңбек етті.

## Антикалық тарихи сана және тарихты жазу

Антикалық дәуірдің тарихи санасының өзіндік ерекшелігі неде?

Ең алдымен, антикалық авторлардың тарихи процеске қатысты көзқарасы бүгінгі таңдағы адам үшін оғаш болып көрінеді. Адамның санасы жаңаеуропа-лық мәдениетті жеке тұлғаның, қоғамның немесе табиғат тарихының даму және өзгеру жолы ретінде қабылдайды. Дегенмен бұл қарқындылықтың сипаты түрліше баяндалады. Керісінше, антикалық тарихи сана үшін өткенді даму процесі ретінде қабылдау мәселесі жат болды. Тарих уақыттық тұрғыдан бүгінгінің барысындағы бір-бірінен айтарлықтай айырмашылығы жоқ оқиғалар мен құбылыстардың жиынтығы ретінде пайымдалып келді. Уақыт межесіндегі жағдайлар мен орын алған жайттар бір-біріне ұқсас күйде бейнеленді, ал тарих бір типтегі оқиғалардың қайталанған тізбегі ретінде көрініс берді. Гректер мен римдіктер тарихты антикалық тұрғыдан бірдей дәрежеде түсінді. Олар дәстүр мен бабалар мұрасын асыл қазына ретінде қабылдады. Кез келген өзгерістер мен жаңашылдық өмір сүрген қалыпты тәртіптің өзгеретінін білдірді және, жалпы алғанда, жағымсыз мағынаға ие болды. Тарихшының міндеті аға буынның баяндаған мәліметтерінің мағынасын сақтай отырып, осы сабақтастық концепциясының аясында олардың туындыларының стилі мен мәнерін өзгертумен ғана айналысу.

Алдыңғы буын өкілдерінің тарапынан зерделенбеген, тарихшының өмір сүрген кезінде орын алған оқиғалар мен фактілерді жарыққа шығару ғана жаңашылдық ретінде қабылданды.

Уақыт кеңістігінде өмір сүру қарқынды және сызықтық процесс ретінде қабылданбады: қоғамның жағдайы өзгермеген өзара ұқсас оқиғалардың циклдік қайталануымен сипатталады деп бағаланды. Тарихты қабылдаудағы тұрақтылық пен циклдік бүгінгі тарихшыларға антикалық қоғамдағы тарихи санада тарихилық идеясының жоқтығы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар олар тек антикалық тарихнама ғана алғаш рет қоғам мен жекелеген индивид үшін өткеннің маңызды идеясын пайымдап әрі оны білдіре алғанын мойындайды. Антикалық тарихшыларда өткен оқиғалар жайындағы естеліктерді сақтау міндеті олардың замандастарына арнаған әдеби мөтіндердегі қайта жаңғыртудың тәжірибелік әрекеттерінде жүзеге асты. Бұл тарихты білімнің процесі мен саласы ретінде қарау – антикалық мәдениеттің жемісі деп атауға мүмкіндік береді.

Антикалық тарихшылардың оқиғалардың өзара байланысына қатысты көзқарасы да ерекше болды. Олардың шығармалары алуан түрлі ақпараттар мен нақтылықтарға толы. Алайда бір-бірінен өзгеше мәліметтердің ала-құлалығы органикалық бірлікке, өткен дәуірдің тұтас бейнесіне енбейді. Жекелеген оқиғалардың барысы мен себептерін қалпына келтіре отырып, антикалық тарихшылар оларға оңтайлы түсініктеме береді. Олардың түп-тамырын жекелеген тарихи

қайраткерлердің немесе тұтас халықтың іс-әрекеттері мен ерекшеліктерінен байқайды. Дегенмен олардың көзқарастары үстірт қана болды. Нақтырақ айтқанда, оларды жекелеген оқиғалар мен құбылыстар тудырған әлеуметтік және мәдени өмірдің күрделі процестері қызықтырмады. Антикалық тарихшы бұл мәселеге сипатталған өткен кезеңнен тыс, бейтарап болады әрі немқұрайды қарайды. Болып жатқан жайттың мәніне терең бойлап, оны ұғына білу міндетін қоймайды.

Антикалық зерттеушілер белгілі бір оқиғаның мәнін мораль мен этика категориялары арқылы сипаттайды, олардың себептерін адамның іс-әрекеттері мен жүріс-тұрысынан іздейді. Қайырымдылық пен зұлымдық, жетістіктер мен қателіктер, азаматтық борышқа адалдық немесе одан бас тарту – осының барлығы тарихтың барысын анықтайды. Антикалық тарихнамада көсемдер, билеушілер мен қолбасшылар тәрізді саяси көшбасшылардың бейнелері айтарлықтай орын алуы кездейсоқ емес. Қоғамдастықтардың жетістігі мен күйреуі немесе оқиғалар мен адамдардың тағдырлары айтарлықтай дәрежеде олардың мінез-құлықтары мен жеке қасиеттеріне байланысты. Антикалық тарихшы, ең алдымен, өткеннің бейтарап зерттеушісі емес, моральдық құндылықтарды насихаттаушы болды. Ол оқиғалардан өзінің замандастарына пайдалы әрі ғибратты мән-мағынаны іздейді. Антикалық тарихнама тарихи қайраткерлердің бойындағы еліктеуге лайықты мінез-құлықтарының үлгісін немесе олардан қандай да бір өнеге алмай, аулақ болуды ескертіп, қасіретке душар қылатын жағымсыз қасиеттерін ашып көрсетеді. Өткеннің оқиғасы болашақта өзін қалай ұстаудың үлгісі ретінде түсіндіріледі. Антикалық тарихнама ғылыми зерттеудің нысаны емес, дидактикалық, моральдық-дидактикалық әдебиеттің жанры болды деп айта аламыз.

Антикалық тарихшылар ірі оқиғаларды немесе жаппай көтерілістерді баяндай отырып, олардың шынайы себептеріне қызығушылық білдірмейді. Біз мұнда халықтың өмір сүру жағдайын, олардың экономикалық, рухани және күнделікті өмірінің шынайы бейнесін жан-жақты пайымдаған зерттеулерді кездестірмейміз. Қоғам өмірінің бұл деңгейі антикалық тарихи шығармаларда сипаттауға лайықты мәселеден тыс қалып қояды. Демек, антикалық тарихи ой үшін шынайылық, толыққандылық пен бейтараптықтың өзіндік ерекшелігі бар. Онда бастапқыда қайта жаңғыртылған тарихи ақиқатты құрайтын фактілердің аясы тарылған. Демек, антикалық баяндаудағы тарихи ақиқат пен шынайылық ұғымдары олардың қазіргі таңдағы мазмұнымен тек сыртқы бейнеде ғана сәйкес келуі мүмкін: терминдердің сырттай ұқсастықтарының астарында олар түсіндіретін құбылыстардың принциптік айырмашылықтары бар.

## ТӨРТІНШІ ТАРАУ

# ОРТА ҒАСЫР ТАРИХНАМАСЫ

Кімде-кім өткеннің тарихын жазса,  
сол киелі Рухтың оған бұйырғанын айтады  
немесе, ең алдымен, өз кезеңі туралы баяндайтын  
ежелгі авторлардың беделіне сүйенеді.

*Лоренцо Валла*

### Тарихтың христиандық концепциясы

Орта ғасырдағы тарихи шығармалар өзінің тақырыбы мен жанры бойынша өте көп әрі алуан түрлі болып келеді: олар анналар, жылнамалар, биографиялық және автобиографиялық туындылар, жекелеген зайырлы әрі шіркеу қауымдастықтарының тарихы, билеушілер мен ақсүйектер әулеттерінің шежіресі. Өзінің тарихи мән-мағынасы мен қызметі жағынан ол агиографиялық (агиография – әулиелердің өмірі мен қызметін зерттейтін сала. – *Ред.*) шығармаларға ұқсас: бұл шығармаларда тек әулиелердің өздері туралы ғана емес, сондай-ақ олардың көзі тірі кезінде тығыз байланыста болған және қайтыс болғаннан кейін де оларға тиесілі болатын қауымдастықтар мен елді мекендер тарихының анағұрлым ауқымды очерктері сақталған. Әлеуметтік жадыны сақтаудың арнайы формасы өмірден өткендерді еске алудың әдеби тәжірибесі болды: жыл сайынғы тұрақты рәсімдерде әлеуметтік топтар (отбасылар, рулар, монастырлық қауымдар т.б.) өткен мен бүгінгінің сабақтастығы және бірлігі идеясын қолдай отырып, өздерінің бабалары мен алдыңғы буынның көрнекті өкілдерін еске алатын. Тарихи шығармалардың мақсатын түсінуде орта ғасыр авторлары көбінесе антикалық дәстүрдің жалғастырушылары болды. Олар сенім артуға тұрарлық куәліктер мен түсініктемелер арқылы нақтылығы мен шынайылығы расталған оқиғаларды адал ниетпен тіркеп отырды.

Орта ғасыр тарихшылары, антикалық ізашарлар секілді, өткенді тарихи (бұл сөздің қазіргі мағынасында) тұрғыдан қабылдауға дайын болмады. Өткен бүгінгіні тудырды, алайда мәні жағынан одан айырмашылығы бола қоймайды. Оқиғалар мәні мен адамдардың іс-әрекеттері авторлар үшін заманауи әлеуметтік шындықтың себептерімен де түсіндірілуі мүмкін еді. Алдыңғы буын өкілдерінің тәжірибесі адамдарға жол көрсетіп, бағыт-бағдар сілтеп, оларды қателіктерден сақтандырды, тіпті шынайылық пен іс-әрекеттердің тәжірибелік нұсқаулығы ретінде қабылданды. Ортағасырлық өнерде өткен заманның адамдарын өз уақыттары үшін қалыпты саналған күйде бейнелеу дәстүрі болған еді. Олар барлығына үйреншікті үлгідегі киімдермен, шаш үлгілерімен, күнделікті өмірдің нышандарымен

бейнеленген. Бұл сыртқы белгілер бүгінгі күн зерттеушілерінің тарапынан тарихи сананың принциптік анахронизмінің куәсі ретінде қарастырылады.

Орта ғасыр авторлары антикалық тарихшылардан кейін өткен кезеңді оқиғалардың қайғылы немесе бақытты сәттеріндегі типтік жағдайларын анықтайтын, мінез-құлықтың лайықты не лайықсыз үлгілерін көрсететін мысалдардың қазынасы деп қабылдады. Өткен дәуір мораль мен этика категориялары бойынша пайымдалып, өнеге мен өсиеттің дереккөзі қызметін атқарды. Орта ғасыр авторлары бұдан өздері тиесілі болған қауымдастықтарға қатысты маңызды идеялардың дәлелдемесін іздеді: тарихи шығармалар халықтар мен жекелеген әулеттердің даңқты өткені туралы куәліктер беруі, бұл идеяны ұлы бабалары мен алдыңғы буын өкілдерінің іс-әрекеттері арқылы дәлелдеуі қажет болды. Өткен туралы жады арқылы адамдар белгілі бір жерлерге, мүлікке, билік пен әлеуметтік беделге деген ұмтылысты заңдастыру құқығын бекіте алды. Бір сөзбен айтқанда, тарихи шығарма тек белгілі бір нақты мәліметтердің жай ғана жиынтығы емес, сонымен қатар ол оқыту әдісі, өзіндік сананың қайнар көзі мен өзекті мәселелерді шешудің құралы ретінде пайдаланылды.

Антика дәуірі мен орта ғасыр тарихнамасының көптеген аспектілерінің ұқсастығы олардың сабақтастығынан туған, алайда бұл абсолютті сипатқа ие емес. Ортағасырлық тарихи сана бірқатар принциптік ерекшеліктерге ие болды: оның өзіндік болмысы адамзат дамуының жалпы концепциясын – мән-мағынасын, мақсатын және қозғаушы күштерін анықтаған христиандық діни ұғымдар жүйесіне негізделген еді. Латындық орта ғасырдың ғылыми тарихнамасындағы тарих түсінігі христиандық хронологияның негізін қалаған әулие Иеронимнің, христиандық Батыстың саяси тарихының моделін жасаған Павел Орозийдің, екі әлемнің – аспан патшалығы мен жер патшалығының күресі концепциясын құрастырған, оны адамзат тарихының басты мазмұны ретінде қарастырған Аурелий Аугустиннің шығармаларында қалыптасқан. Олардың тарапынан құрастырылған тарих бейнесінің негізгі сипаты бүкіл орта ғасыр барысында өзгеріссіз қала берді.

Христиандықтың дамыған діни әрі дүниетанымдық жүйе ретінде қалыптасуы тарихи сананың дәстүрлі антикалық түрінен айтарлықтай өзгеше жаңа тарихи сананың қалыптасуына алып келді. Негізін алғашқы әрі анағұрлым беделді христиан теологтары – шіркеу әкелері қалаған тарих философиясы антика дәуірі тарихнамасының тәжірибесін басшылыққа ала отырып, оның негізгі принциптерінен бас тартты немесе оларды толықтай қарама-қарсы бағытта өзгертті. Пұтқа табынушылардың тарихи шығармалары Жаңа өсиетте сипатталған иудейлердің хикаяларымен салыстыруға келмейтін, маңызы айтарлықтай төмен дүние ретінде қарастырылды. Тарихтың библиялық моделі адамзат дамуының христиандық ұғымының негізіне айналды. Өткен кезең мен бүгінгі уақыт оқиғаларының түсіндірмесі көптеген жағдайда сенім принципіне негізделді. Сонымен қатар ол адам өміріне құдіретті Құдайдың тылсым бейнеде араласуының маңызын мойындады және оқиғаларды рационалды тұрғыдан түсіндіру мүмкіндігін шектеді.

Библияның абсолютті беделін мойындау антика дәуірі авторларының пайдаланған ақпараттарын сын тұрғысынан пайымдау принциптерін қолданудан бас тартты. Библия мен христиан дінінің дамуы барысында ғасырлар бойы дүниеге келген көптеген мәтіндердің мазмұны ешқандай күмән келтіруге болмайтын абсолютті шындық ретінде қабылданды.



Ақпараттың нақтылығы мен құндылығы деректі жеткізушінің беделіне әрі дәрежесіне байланысты бағаланды. Беделді дереккөз ұғымы тарихнамалық дәстүрмен игерілген ортағасырлық сананың маңызды категорияларының бірі болды. Библиялық мәтіндерді рационалды тұрғыдан сынау принциптерінен бас тарта отырып, ерте христиандық тарихнама олардан өзгеше аллегориялық мағына тапты. Сонымен қатар ол фактілер мен оқиғалардан тек әмбебап моральдық және мистикалық идеялардың сыртқы белгілерін ғана көрді. Құдай мен адамның арасындағы қарым-қатынастың шынайы мазмұнын ашты және болған жағдайдың терең мағынасын анықтады.

Христиан теологтары антикалық ойшылдардың рационализмін жоққа шығара отырып, антикалық философияның жетістіктері мен идеяларын, ең алдымен, қарапайым әрі жалпы заттардағы түрлі ойлардың шиеленіске толы өзара байланысын көрген кейінгі антикалық неоплатонизмді пайдаланды. Библияда баяндалған «қасиетті тарихтың» оқиғаларын талдауға негізделген бұл жүйе ортағасырлық ойдың маңызды әдісі мәртебесіне ие болды да, адамзат тарихының және қазіргі өмірдің барлық оқиғаларын түсіндіруге қолданылды. Христиан теологтарының тарихты түсіну үшін жасаған тәсілінің мәні мынада: оқиғаларды себеп пен салдар тізбегі ретінде бірізділікпен, бірақ үстіртін қарау әдісін тарихты оқиға мен адам әрекеті тек сыртқы қабатын құрайтын күрделі процесс ретінде түсіндіру тәжірибесі ығыстырып шығарды.

Сонымен адамзат тарихының негізінде не жатыр және оның шынайы мазмұнын не құрайды? Алғашқы христиан теологтары орта ғасыр барысында ешбір күмән-күдік тудырмайтын, Қайта өрлеу дәуірін бастан өткерген және айтарлықтай дәрежеде XIX ғасырдың ортасына дейін Еуропаның тарихи санасында өзінің теңдессіз мазмұнын сақтаған бұл сұраққа жауап берді. Адамзат тарихының мәні, оның шынайы мазмұны, болып жатқан барлық оқиғаның терең себебі Құдай еркінің (қалауының) айнасы ретінде пайымдалды. Мемлекеттер мен халықтардың шынайы тарихы Құдай ойымен жүзеге асқан оқиғалардың өзара байланысты тізбегі ретінде көрсетілді. Христиандық-иудейлік діни сананың бірқатар маңызды ерекшеліктерін қабылдады, онда ажырамас екі аспект болды: Құдай мен адам арасындағы тылсым мистикалық қарым-қатынасқа негізделген діни аспект және адамдардың жалпылама өмір сүруін негіздеген прагматикалық аспект. Христиандық көзқарас бойынша, Құдай мен адамзаттың қарым-қатынасы бір-біріне қарама-қайшы екі қасиетті біріктіреді: олар мәңгілік әлемде де, жердегі «тарихи» уақытта да жүзеге асырылады. Адамзат тарихының дәуірлердің ауысуымен, жекелеген мемлекеттердің және халықтардың өркендеуі әрі құлауымен байланысты даму қарқыны жақсылық пен жамандықтың, Құдай мен шайтанның үздіксіз күресі арқылы анықталады. Осы қасиеттердің біріне деген бейілділік империялар мен мемлекеттер тарихында, жеке тұлғалардың өзара қарым-қатынастарында көрініс берді.

Адамзат тарихы алғаш рет ғаламдық процестің маңызды әрі қажетті элементі болып саналды. Ол сыртқы оқиғалар мен жекелеген адамдық іс-әрекеттерден әмбебап тылсым күштердің ұдайы күресінің бейнесін көретін өзіндік бір таңғажайып эпосқа айналды. Тарихты толық деңгейде жаһандық діни процесс ретінде түсіну мәселесі латын шіркеуінің бас теологы, Гиппон епископы Аурелий Аугустиннің (Аврелий Августин, б.з. 354–430) «*Құдай патшалығы*

туралы» (б.з. 413–426) деген шығармасында негізделді. Ол қалыптастырған адамзат тарихы концепциясына сай, жақсылық пен жамандықтың, Құдай мен ібілістің қарама-қайшылығы Құдай патшалығының – барлық дін иелері мен шынайы иман келтіргендердің мистикалық қауымдастығының – Шайтан патшалығына – бұрын өмір сүрген және қазіргі таңдағы барлық пұтқа табынушылар мен сенім жолын ұстанғандардың дұшпандарына қарсы күресте көрініс тапты. Бұл екі қауымдастық мәңгі қарама-қайшы екі топқа бөлінген. Алайда таңдаулылар да, күнәһарлар да шынайы тарихтың бір уақытында, жер қауымдастығында – жер патшалығында өмір сүреді. Діндарлар мен күнәһарлардың күресі тек рухани қақтығыс емес. Бұл – қарама-қарсы екі топтың тарих пен адамзат іс-әрекеттеріндегі бейнесі. Аугустин, өзге де христиан ойшылдары сияқты, адамзат тарихының соңы мен өзіндік мақсаты болатынына сенді. Ол сенім жолына адал болғандар жеңіске жетіп, күнәһарлардың жеңіліске ұшырауы, Христостың екінші келуі мен ақырзаман соты еді.

## Тарихи уақыттың ортағасырлық концепциясы

Тарихи уақыттың айрықша концепциясы орта ғасыр тарихнамасының бейнесін анықтаған керемет жетістік болып саналады. Баяндаудың хронологиялық негізде құрылу принципі – фактілерді уақыт аясында жүйелі түрде орналастыру – орта ғасыр тарихнамасын себеп-салдарлық байланыстар ұстанымын басшылыққа алған антика дәуіріндегі тарихнамадан ерекшелеп тұрған айқын белгі болды. Орта ғасырлардағы тарихи уақыт түсінігінің негізінде үш түрлі модель бар: антикалық, библиялық және ертегермандық. Алғашқы екеуі ерте кезең теологтары мен шіркеу әкелерінің шығармаларында ақыл-ой елегінен өтіп қабылданған. Солайша олар тарихтың ортағасырлық христиандық концепциясының негізін қалыптастырды. Уақытты архаикалық герман мәдениетіне сай ұғынуды бейнелеген соңғы модель тарихтың ғылыми христиандық түсінігі тарапынан ығыстырылды. Алайда оның жекелеген элементтері уақыттың тәжірибесі мен әдеби дәстүрінде сақталған.

Ғылыми шіркеу мәдениеті қалыптастырған христиандық тарихи сана парадигмасы іргелі екі идеяға негізделді: Құдайдың тарапынан белгіленген тағдыр мен тарихи уақыттың сызықтық дамуы.

Өткенді антикалық тұрғыдан баяндау, негізінен, нақты тарихи қауымдастықтың тарихы болды. Оның өмір сүрген уақыты – оның тарихи уақыты. Салыстырмалы бірліктерге негізделген уақыт есебі шартты түрде таңдалған санау нүктесінен, әдетте саяси ағза ретінде қауымдастықты бейнелейтін билеушінің іс-әрекетінен бастау алады. Мәселен, Римде жыл санау Мәңгі қаланың негізі қаланған уақыттан басталады. Римдік саяси институттар мен қосымша санақ жүйелері – консулдық билік кезеңдері императорлардың билік құрған жылдары мен салық индиктілеріне байланысты болды. Белгілі бір саяси қауымдастықтың уақыты өзгенің уақытымен ешбір жағдайда сәйкестендірілмеді. Бұл бытыраңқы және автономды кезеңдер болды. Германдықтардың тарихи санасында уақыт көрсеткішіндегі мерзім ұғымы меже ретінде қабылданбады. Герман тарихи

хикаяларында уақыт ұрпақтың ауысуымен немесе жекелеген корольдардың билік кезеңдері ретінде пайымдалып, ұғынылды. Олардың әрқайсысының аяқталуы уақыттың біткенін, оның үздіксіз барысының үзіліп кеткенін білдірді.

Иудейлік-христиандық дәстүр орта ғасыр тарихнамасы үшін мұраға айнала отырып, оған табиғи тарихи уақыт идеясын енгізді. Әлемдік құрылыстың бастамасы Құдай жаратылысы болды және оның ақыры – Христостың екінші рет келуі. Егер тарихтың мазмұны сенім жолын ұстанғандарды құтқару болса, Құдайдың таңдаулы халқының уақыты әлем жаратылысының абсолютті уақыты, жалпы уақыт ретінде көрініс берді.

Тарихты ортағасырлық ұғымда қабылдау адам өмірін, жекелеген халықтар мен жалпы адамзатқа үстемдік еткен тағдырдың абсолютті маңызын мойындауға негізделді. Адамдардың уақыттық межеде өмір сүруі терең мәнге ие болды. Себебі оның артында Құдайдың еркі мен адамзаттың өмір сүруінің аяқталған жоспары тұрды. Құдай ойы аяқталған және абсолютті қасиеттерге ие болды. Бұл теологиялық идея нақты құбылыс ретінде белгілі бір қауымдастықпен (халықпен, қалалық және территориялық қауыммен, румен) байланысты тарих туралы түсінікті жояды. Тарих ертеде өмір сүрген немесе қазіргі кезеңде өмір сүретін халықтардың барлығы қатысатын әмбебап процесс ретінде қабылдана бастады.

Ерте христиандық кезеңнің өзінде-ақ адамзаттың бүкіл тарихын өзара байланыстағы біртұтас процесс ретінде қарастыруға талпыныс жасалды. Бұл процестің орталық өзегіне таңдаулы халықтар, шынайы сенімді сақтаушылар – иудейлер мен христиандардың тарихы орналастырылды. Өзге халықтардың тарихы иудейлер мен христиандардың арақатынастарының деңгейіне байланысты маңызы төмендеу құбылыс ретінде қабылданды. Сонымен қатар дүниежүзі тарихының христиандық үлгідегі негізгі назары Христостың келуінен кейін шынайы сенімнен безген иудейлерді алмастырған христиандарды таңдалған қауымдастық ретінде қабылдауға бағытталған еді. Ортағасырлық тарихи сананың парадигмасы «қасиетті тарих» – халықтар арасындағы сенімнің өмір сүру көрінісі мен таратылу тарихы болды.

III–V ғасырларда алғашқы христиандық хронографиялар жазыла бастады. Олар пұтқа табынушылардың шығармаларындағы танымал тарихи оқиғаларды библиялық тарихтың үлгілерімен және христиандықтың өзіндік тарихымен сәйкестендіруге тиіс болды. Дүниежүзі тарихының үлгілік схемасын жасаушы епископ Кесариялық Еусебиус (Евсевий Кесарийский, б.з. 263–339) пен латындық шіркеудің ірі теологтарының бірі Иероним (б.з. 347–419/420) болды. Олардың хронографияларында адамзат тарихын Ыбырайымнан бастап бүгінгі күндерге дейін бөлу нұсқасы берілген. Сондай-ақ библиялық оқиғалар да, орын алған шынайы оқиғалар да бетбұрыс кезең ретінде баяндалды. Бұл тарихты бес дәуірге бөлу дәстүрінің, сонымен қатар оның иудейлердің «қасиетті тарихын», одан кейін христиандар мен өзге де халықтардың тарихын бөлудің бастамасы болды.

Христиандық әмбебап тарихтың алғашқы авторы Аугустиннің сенімді шәкірті Паулус Орозиус (Павел Орозий, шамамен б.з. 380–420) болды. Ол барлық кейінгі орта ғасыр авторлары үшін үлгіге айналған *«Пұтқа табынушыларға қарсы тарихтың жеті кітабы»* атты еңбегін жазды. Бұл «дүниежүзі тарихы» варвар тайпалардың басып кіру сәтіне тап болған Рим империясының сын сағатында жазылған еді. Оның мақсаты Құдай құдіреті туралы діни түсініктердің контекстінде барлық

халықтың тарихи тағдырын пайымдау болды. Орозиус Аугустиннің жердегі ұлы империялар мен таңдаулы адамдардың тағдырын бақылайтын Құдай мен оның іс-әрекетінің құдіреті туралы идеяларын басшылыққа алды.

Орозийдің шығармасы жаратылыстан бастап мәтіннің жазылу уақытына (V ғасырдың бірінші жартысы) дейінгі ұлы империялардың өркендеуі мен құлауы тарихының очеркі болып саналады. Автордың пайымынша, Вавилон патшалығынан Рим империясына дейінгі ұлы державалар өркендеп, өздерінің қуаты мен құдіретінің шарықтау шегіне жетеді. Алайда соңында құрдымға кеткен еді, оның себебі олардың өмір сүру мақсаты шынайы сенімге негізделмегенінде еді. Аугустин секілді, Орозий де дүнияуи, өткінші жағдайды рухани, шынайы, мәңгілік салтанатқа қарама-қарсы қойды. Дүнияуи салтанат оның тарапынан зорлық пен күнәға негізделген имансыздық ретінде айыпталды. Римнің бейшара әрі варварлардың соққысынан қабырғасы сөгіліп, шайқалып тұрған тағдыры ол үшін тәкаппар әрі сенім жолынан безген халықтарды жазалайтын Құдайдың шексіз құдіретін көрсететін тарихы бар басқа да ұлы мемлекеттердің қатарындағы мысалдардың бірі болды.

Адамзат қауымдастықтарының тағдырлары әртүрлі болуы мүмкін. Дегенмен олардың барлығы Құдайдың әмбебап әрі бағдарлы жоспарының бір бөлігі саналады. Тарихтың бүкіл адамзатты қамтитын біртұтас процесс ретіндегі қазіргі идеясы – әлемдік құрылыстың иудейлік-христиандық концепциясының нәтижесі. Тарихты Құдайдың жоспары ретінде түсіндірудің тағы бір мақсаты – тарихи оқиғалардың себептері туралы жағдайды өзекті мәселеге айналдыруға деген ұмтылыс. Бұл өткенге деген нақты бейтарап қарым-қатынасты ығыстырып шығарды. Орта ғасыр тарихшылары фактілердің моральдық мәнін болып жатқан жайттың терең себептерін түсіндірумен байланыстырды. Кез келген оқиғаның күрделі себебі Құдайдың еркіне тәуелді болды. Алайда әрбір нақты жағдайда Жаратушының нені меңзегенін анықтау да қажет еді.

Ортағасырлық христиандық теология тарихының маңызды негіздемесі адамзаттың өмір сүруі Құдайдың жоспары бойынша уақыттық межемен өтетіні туралы және бірін-бірі кезекпен алмастыратын бірқатар кезеңдерден тұратыны жайындағы тұжырым болды. Адамзат тағдыры жаратылыспен басталып, ақырзаман сотында «қасиетті тарихтың» аяқталуымен бітетін жалпы процесте орын алады. Адамзат тарихының маңызды кезеңдері күнәға бату мен күнәдан арылу болды: христиандар үшін Құдайдың адам бейнесіне айналуы және Христостың креске керілу жазасы, бір жағынан, қасиетті оқиға, сонымен қатар жаңа тарихи дәуірдің басталуын бейнелейтін шынайы факті болып саналды. Құдайдың қасиетті ісі христиандық әлемді қабылдау жүйесінде тек абсолютті мифологиялық мағынаны ғана білдірмеді. Олар өзінің табиғатында тарихи, уақыттық тұрғыда жүзеге асырылды. Тарихи уақытты өзінің табиғаты мен мәні бойынша ұқсас оқиғалардың қайталануы мен жаңғыруының үздіксіз тізбегі ретінде түсіну мәселесі ығыстырылды.

Сызықтық уақыттың құрылымында әрбір оқиға айрықша әрі жеке болды. Өткен кезеңнің оқиғалары көптеген сабақтастықтар арқылы өзара байланысты болған кейінгі дәуір оқиғаларының бастауы еді. Бірақ жекелеген құбылыстар өзінің тікелей әрі тура мазмұнында жүзеге асырылмады. Қазіргі таңдағы тарихи санаға тән фактілер теңдессіз және қайталанбайды деген көзқарастың негізі

тарихты түсіндірудің ғылыми христиандық жүйесінде жатыр. Сонымен қатар Құдайдың жоспары уақыттық межеде жүзеге асатыны және адамзаттың жердегі өмірінен ажырамайтыны туралы түсінік оның даму идеясын қалыптастырды. Осыған сәйкес, әрбір жаңа дәуір өзінің алдындағы кезеңнен мақсаттары мен міндеттерінің айырмашылығы арқылы ерекшеленеді, сондай-ақ онымен үнемі байланысты болады. Себебі жаңа кезең алдыңғысының аяқталған сәтінен кейін ғана басталады. Сондай-ақ даму идеясы адамзаттың уақыттық межеде жетілетіні туралы түсінікті негіздеді. Себебі Құдай адамзатқа күнә арқалау үшін де, одан арылу үшін де теңдей мүмкіндіктерді берді. Христостың бойына қасиеттің даруы мен креске керілу жазасынан басталатын адамзаттың құтқарылу тарихы күнәға бату тарихының жай ғана жалғасы ретінде емес, сондай-ақ оның еңсерілуі ретінде пайымдалды.

Сонымен қатар тарихтың христиандық теологиясы кез келген жағдайдағы даму мен ілгерілеу туралы рационал ілімнің дәрежесіне жете алмады. Адамзаттың өмір сүру мәнін ол тек Құдайдың еркі мен жоспары деп қана қарастырады.

Адамзат дамуының сызықтық процесі, оқиғалардың құндылығы мен жеке-леген дәуірлердің ішкі ерешеліктері туралы түсініктер абсолютті мәнге ие болмады. Библиялық хикаяларда сипатталған «қасиетті тарихтың» фактілері мен адамзаттың өзіндік тарихының оқиғалары тіркелген фактілердің арасында белгілі бір ұқсастықтар бар. Өткен кезең кейінгі құбылыстардың бейнесі ретінде түсіндірілді: Көне өсиеттің кейіпкерлері мен оқиғалары жаңаөсиеттік оқиғалар мен кейіпкерлердің ізашары ғана емес, сондай-ақ олардың прототиптері де болып саналады. Аллегориялық типологияның әдісі – белгілі бір кейіпкерлер мен оқиғаларды айтарлықтай ертеректе болған өзге жайттармен байланыстыру ортағасырлық тарихи интерпретацияның басты тәсілдерінің бірі болды. Ол «қасиетті тарихтың» басты тұлғаларына (ең алдымен, Көне Өсиеттің көптеген кейіпкерлеріне прототип болған Христосқа) ғана емес, сонымен бірге адамдарға да тарады. Тарихи әрі биографиялық шығармаларда корольдар, билеушілер, дін қайраткерлері мен дін жолын ұстанушылар Киелі жазбаның және басқа да белді мәтіндердің кейіпкерлерімен салыстырылады. Шын мәнінде, мұндай типтеу кейіпкерлер мен оқиғалардың қайталануын мойындауға негізделген.

## Ортағасырлық тарихшы еңбегінің пәні мен әдістері

Ортағасырлық латын тарихнамашыларының санасындағы өткеннің оқиғасы, шын мәнінде, оған қатысты әңгімелермен анықталды. Латын Еуропасының алғашқы ғалым-энциклопедистерінің бірі Исидорус Гиспалензис (Исидо Севильский, шамамен б.з. 570–636) тарихты өткен дәуірлерде болған оқиғаларды баяндайтын әңгіме деп санады. «Іс-әрекет», «оқиға» сөздері кейде тарихи шығармалардың атауында және жекелеген халықтардың өмірін сипаттау үшін қолданылды. Тарихнама қазіргі мағынадағы зерттеу сөзі ретінде емес, ең алдымен, өткеннің оқиғалары туралы әңгіме ретінде тұжырымдалды.

Орта ғасырларда тарихнамалық жанрдың әмбебап классификациясы жасалмаған еді. Тарих (іс-әрекеттер) пен жылнаманың (анналдардың) арасындағы



айырмашылық айтарлықтай жиі қарастырылды. Тарихта (іс-әрекеттерде) баяндау үлгісіне басымдық берілді. Мұнда оқиғалар баяндалып, себеп-салдарлық байланыстар түсіндіріледі. Тарих (іс-әрекеттер) ауқымды, жылнамалар (анналар) қысқа уақыттық реттілікпен оқиғаларды тіркеуге бағытталған. Ол – тек «жалаң фактілерді» тіркеуге арналған жылдық жазбалар. Кейінгі орта ғасырдың тарихшыларына да логикалық әрі хронологиялық қос тізбекті біріктіру мүмкін болмады. Уақыт өте келе аралас жанрлық формалар – ауқымды хронографиялық перспективаны және мезгілді дәл анықтауды жүйелі тарихи баяндаулардың әдеби бейнелігімен байланыстырған туындылар көбірек жазыла бастады. Тарих пен хронографияның синтезін «тарих және хроника» деп атай бастады. Орта ғасыр тарихнамасы жанрларының ерекшелігі айтарлықтай шартты сипатқа ие болды әрі тарихи сипаттаудың өзіндік нақты пәндерін білдірді.

Орта ғасыр тарихнамасының өзіндік санасы оның пәні мен мақсатының нақты сәйкестігінде көрініс берді. Олар өткеннің терең мағыналы әрі маңызды дүниесін жадыда сақтау ниетін білдіретін ерекше ауқымдағы «жадыда сақтауға лайықты» ұғымымен сипатталды. Орта ғасыр тарихшылары әлеуметтік және шаруашылық мәселелерге мүлде назар аудармады. Кейбір тарихнамашылар антикалық дәстүрге сүйене отырып, өздерінің баяндауларында этногеографиялық кіріспелерді алғышарт ретінде пайдаланса, өзгелері картографияны таңдады. Алайда бұл екеуінің ешқайсысы ережеге айналмады. Егер қазіргі заман зерттеушісінің көзқарасына автордың белгілі бір ақпараты қарама-қайшы келсе, мұндай мәліметтер кітаби дәстүрден алынып отырды. Тарихи баяндаудың нысаны, ең алдымен, саяси қауымдастықтардың тарихи өмірі болды. Тарихшы зайырлы немесе шіркеулік билік институттарының пайда болуы, дамуы мен сабақтастығының көрінісі болған оқиғаларды (соғыстар, зайырлы әрі шіркеулік элита өкілдерінің қарым-қатынастары, шіркеу тарихының фактілері) сипаттаған. Авторлар тарихтан өзгермейтін дүниені іздеп табуға бейімделді. Өткенмен сабақтастық өмір сүру тәртібін ақтап алу арқылы түсіндірілді, сонымен қатар өзгерістер алдамшы әрі қауіпті болып суреттелді. Тарихтың барысы корольдардың, князьдардың, епископтардың іс-әрекеттері арқылы берілген. Олар жекелеген тұлғалар ретінде емес, қоғамдық пайдалы қызметтердің, белгілі бір институттардың немесе жалпы қоғамның бейнесінде көрініс берді.

Латын Еуропасының тарихнамасы өзінің ерекшелігін екі түрлі бейнеде: тарихи шығармалар жөнінде ежелгі дәуірден бері келе жатқан түсініктердің жиынтығы арқылы, сондай-ақ діни экзегетикалық контексте – библиялық мәтіндерді тәжірибе жүзінде оқу мен талдау арқылы анықтады. Библиялық экзегеза мемлекеттер мен халықтардың тарихын – «қасиетті тарихтың» ерекше дәрежедегі оқиғалары, ал тарихи мәнді оларды түсінудің айрықша тәсілі ретінде қарастырды. Библиялық мәтіндерді тарихи талдау олардың тікелей мағынасын анықтауға мүмкіндік берді. Тарихи интерпретацияның аллегориялық (астарлылық), тропологиялық (моральдық) және анагогикалық (мистикалық) пайымдаулардан айтарлықтай айырмашылығы болды. Теологтардың сөзімен айтсақ, библиялық оқиғалар мен бейнелерді тарихи тұрғыдан оқу кейінгі барлық рухани таным (Иероним) мен ғылым атаулының (Гуго Сен-Викторский) іргетасы болып саналады.

Көне өсиетте сақталған және фактілері айтарлықтай шынайы әрі мерзімі көрсетіліп баяндалған тарихи хикаялар христиандар үшін тіпті латындық Батыстың

римдік тарихы туралы естеліктерінен гөрі, өзіндік дүние болды. Көнеөсиеттік дәстүр ортағасырлық тарихи шығармалардың үлгісі ретінде саналып, тарихтың абсолютті өнегесінің бейнесіне айналды. Бұл – Құдай халқының құтқарылу жолындағы тарихы. Құдайлық уахи халыққа тарихтың сындарлы сәттерінде беріледі, Құдайдың дүниәуи істерге араласуы ғаламдық ауқымдағы және әлемдік тарихи маңызы бар салдарға алып келді. Сондай-ақ христиан Құдайы тарихтың Құдайы ретінде көрініс береді; демек, Құдайды тану үшін тарихты білу маңызды емес. Орта ғасыр тарихнамасы көбінесе ғылыми христиандық діншілдіктің қосалқы жемісі болып саналды.

Библиялық экзегеза жүйесіне маңызды әрі қажетті компонент болып қосылған тарих орта ғасырдың ғылыми мәдениетінің тарапынан ғылыми тәжірибе ретінде мойындалды, бұл антикалық дәстүрде болған жоқ. Алайда оқиғалар мен құбылыстардың мәнін талдау барысында тарихи түсіндірмеге назар аударылмаған еді. Орта ғасырлардағы тарихи процесті талдау көбінесе қасиетті мәтіндерді түсінудің аллегориялық, тропологиялық және анагогикалық тәсілдерін тарихи материалдарға қосымша ретінде қолдануды білдіреді. Оның жалғыз мәні – тарихи теология, мақсаты – «қасиетті тарихтың» жүзеге асуы барысындағы шынайы оқиғаларды орналастыру. Сонымен қатар адамдар арасындағы алдын ала болжай білу әрекеті болған діни-теологиялық спекуляция өткен кезең мен қазіргі заман туралы ой-пайымдардың өзге де деңгейлерін ығыстырып шығара алмады. Нақтылап айтқанда, жекелеген оқиғалардың ретін және нақты «дүниәуи» мотивтері қозғау салған оның қатысушыларының іс-әрекеттеріндегі өзара байланыстарының себептерін анықтау туралы сөз қозғалып отыр.

Тарихтың христиандық концепциясы барлық халықты қамтыған сызықтық (әлемнің жаратылған уақытынан бастап, ақырзаманға дейін созылған), түпкілікті және әмбебап процесс ретінде орта ғасыр тарихнамасының жекелеген ескерткіштерінде көрініс тапты. Олардың авторлары жекелеген халықтар мен билеушілердің тарихын дүниежүзі тарихының контексіне енгізуге тырысты. Боллашақ оларға өткен мен бүгінгі сияқты соншалық шынайы әрі анық болып көрінді. Орта ғасырдың көрнекті тарихшыларының бірі, епископ Фрайзингендік Отто (Оттон Фрейзингенский, 1111–1158) өзінің жеті кітаптан тұратын «*Жылнамасында*» (1143–1146) Адам атадан 1146 жылға дейінгі дүниежүзі тарихын баяндайды, ал сегізіншісінде алдағы уақытта болатын ақырзаман туралы жазады.

Орта ғасыр тарихнамасы Аугустин ұсынған тарихтың алты кезеңі туралы ілімді қабылдады: Адам атадан топан суға дейін, топан судан Ыбырайым пайғамбардың туылғанына дейін, оның дүниеге келген уақытынан бастап, Дәуіттің таққа отырғанына дейін, Дәуіттің таққа отырғанынан Вавилондық тұтқынға дейін, Вавилондық тұтқыннан Христостың азапталуына дейін; заманның ақыры туралы, оның аяқталу шегі тек Христостың екінші рет келуімен байланысты болады. Төрт патшалықтар немесе империялар туралы түсініктер Көне өсиет хикаяларына (*Даниял пайғамбар кітабына*) қатысты қолданылады: Иероним оларды вавилондық, парсылық, македондық және римдік деп анықтады. Соңғысы орта ғасыр тарихнамасында герман патшаларының империяларымен байланыстырылды, олардың легитимділігі Рим империясымен тікелей сабақтастықтың идеясымен бекітілді. Римнің құлауы адамзат тарихының аяқталғанын және ақырзаман күнінің жақындағанын білдіретін оқиға саналды. Сол себептен ортағасырлық герман

империясының күйреуі мен тас-талқан болып құрдымға кеткенін күту уақыт өте келе діни сипатқа ие болды.

Осыған ұқсас әмбебап тарихи-теологиялық схемалар әдеттегідей тарихты жазудың тәжірибесінде көрініс таппады. Антикалық дәстүрге сай жыл санау орта ғасырларда да сақталды. Оқиғалардың хронологиялары императорлардың билік құрған жылдарымен немесе қалалық консулдықты (Солтүстік және Орталық Италия қалаларының анналдарында) лауазымға енгізу күнімен анықталды. Алайда уақыт өте келе Христостың дүниеге келуі, шоқынуы, азапталуы жыл санағының өлшемін көрсететін әлемдік тарихтың іргелі межесі ретінде қабылданады. Христостың дүниеге келген сәтінен басталған уақыт санағы ағылшынның алғашқы тарихшысы Қасиетті Беданың (Беда Достопочтенный, шамамен б.з. 672/673–735) тарихнамасына енгізіледі және XI ғасырда насихатталып, тарай бастайды. Әдетте тарихи баяндаулар хронологиялық қалып ретінде берілген, оның арасына өткеннің фактілері еркін түрде топтастырылған. Әлем мен қоғам дамуының шынайы бейнесі көптеген орта ғасыр тарихшыларының еңбектеріне енбеген.

Тарихтың өткен заман туралы шынайы әңгіме ретіндегі анықтамасы оның орта ғасырдағы ғылым мен әдебиет саласындағы орнын көрсетеді. Тарихи шығармаларды жазу ортағасырлық тұрақты білім беру ережесі болып саналатын «өнердің ерікті жеті саласы» жүйесіне арнайы пән ретінде енбей қалды. Бірақ зияткерлік қызметтің формасы ретінде мойындалды және интеллектуалдық қызметтің ерекше формасы ретінде танылған еді. Орта ғасыр тарихнамасы жеке формалды ережелерінің жоқтығына қарамастан, ортағасырлық ғылыми білімнің жекелеген пәндерінің негізінде жатқан принциптерге бағынды: Гуго де Сен-Виктор тарихнаманы «өнердің ерікті жеті саласына» апаратын «қосымша» деп атады. Бір жағынан, тарихнама өзінің ережелерін ортағасырлық білім беру жүйесінің бастапқы циклі – тривиум пәндерінен қабылдады: грамматикадан – еске алуға лайықты деп танылған оқиғаларды таңдау идеясын, риторикадан – хабарламалардың шынайылық талаптарын, диалектикадан ой мен дәйектерді формалды ұйымдастыру мәдениетін алды. Екінші жағынан, орта ғасыр тарихшылары «есептеу ғылымдары» (музыка, арифметика, геометрия, астрология) арқылы қалыптастырылған екінші білім беру жүйесінің сатысы квадравиумді құраған пәндердің нормаларын да басшылыққа алды. Хронографияларды уақытты есептеу құралы мен оның қозғалысын анықтау ережесі ретінде құрастыру барысында аталған ғылымдарды білу қажет болды. Осылайша орта ғасыр тарихнамасы білімнің жеке саласы ретінде толықтай қалыптаспаған еді. Мұны XV ғасырдың бірінші жартысына дейін тарихқа байланысты теориялық нұсқаулықтардың жоқтығы дәлелдейді.

Тарих ортағасырлық мектептерде де, кейін университеттерде де толыққанды оқу пәні бола алмады. Оқушылар Тит Ливий, Лукиан, Саллюстий, Светоний, Валерий Максимнің еңбектерін оқып, грамматиканы зерделеді, стильдерін қабылдады, сонымен қатар даналықты үйренді. Орта ғасырларда тарих «өмір мектебі» ретінде ғана қабылданды. Тек Роттердамдық Эразм (Эразм Роттердамский, 1466–1536) ғана алғашқы болып тарих жамандыққа да үйрететінін айтып, алаңдаушылық білдірді. Сондай-ақ тарихты «нақты ғылымдармен» салыстыру да ешкімнің ойына келмеген еді: теология, құқықтану және саяси теория салаларының қасында тарих қосалқы пән санатында ғана қалып қойды.

Озық ойлылар тарихтан сырт айналуға тырысты, өздеріне лайықты кәсіпті табуды жөн санады. Ортағасырлық интеллектуалдар тарихнамашыларды жексұрын адамдар деп есептеді. Ал ерте заман тарихшыларының еңбектеріне сенімсіздік білдіріп, ажуамен қарады. Кәсіби интеллектуалдар ортасының қалыптасуы мен ортағасырлық университеттердің құрылуы тарихнама үшін қауіпті салдарға алып келді. Тарихнама оқыту және кәсіби (теологиялық және құқықтық) эрудицияның қажеттіліктеріне бағынды. Білімді дін қызметкерлері оқу құралдары мен энциклопедияларда берілген қысқаша мәліметтер арқылы тарихқа деген үстіртін көзқарастарды қанағат тұтты.

Латын Еуропасындағы туындылар кешені өте аз болды. Библияның «тарихи кітаптарынан» бөлек жүйелі түрде жан-жақты көшірілген және пайдаланылған бар жоғы он бес шақты ғана шығармаларды атауға болады. Рим авторларының (Лукианның, Саллюстийдің, Цезарьдің, Светонийдің, Тит Ливийдің) және Иосиф Флавийдің (кең тараған «*Иудейлік соғыстар*» мен «*Иудейлік көне дәуір*» туындыларының авторы) еңбектерімен қатар бұл кешенге ерте христиандық тарихшылардың латын тіліне аударылған нұсқалары – Кесариялық Еусебиустың (Евсевий Кесарийский) «*Шіркеу тарихы*», «*Жылнама*», Паулиус Орозиустың (Павел Орозий) «*Пұтқа табынушыларға қарсы тарих*», Кассиодордың «*Үш бөлімді тарих*» және орта ғасырдың алғашқы тарихшылары Исидориус Гиспалензистің (Исидор Севильский) «*Жылнама*», Қасиетті Беданың (Беда Достопочтенный) «*Шіркеу тарихы*» атты еңбектері кірді. Аталған тарихи ескерткіштер VIII ғасырға дейін пайда болған еді. XI–XIII ғасырларда бұл тізімді тағы бірнеше шығармалар толықтыра түсті. Бұл туындылардың танымалдығы әртүрлі болды. Ағылшын тарихшысы Галфридус Монмутензистің (Гальфрид Монмутский, шамамен 1100–1154/1155) король Артур туралы баяндайтын «*Бриттер тарихы*» (1138 жылға дейін) атты шығармасы оқиға желісінің тартымдылығымен әйгілі болды. Басты кейіпкердің танымалдығымен және ресми канонмен байланысты болған империялық насихат ойдан шығарылған «*Ұлы Карл тарихының*» кең таралуына септігін тигізді. Ал оны рыцарьлық эпостарда аты аталатын Карлдың серіктесі епископ Турпиннің жазуы бұл мәселеге тың серпін берді. Ал өзге тарихи шығармалар энциклопедиялық, сонымен қатар айтарлықтай қарапайым тарихи-библиялық және тарихи-діни очерктер болды. Олар ауқымды білім беру, шіркеулік-ғибраттық және теологиялық тәжірибеде қолдану үшін өте ыңғайлы болғанымен ерекшеленді. Кітап басып шығару ісі пайда болғаннан кейін, кітаптардың айналымға ену процесінің арзандығы мен қолжетімдігіне қарамастан, латын тіліндегі осы жиырма шақты шығарманы оқырман қауым жылы қабылдады.

## Орта ғасыр тарихшылары және олардың аудиториясы

Орта ғасыр тарихшылары шынайы тарихшылар емес еді. Кейде бұл категорияға епископтар мен монахтық қауымдардың өкілдері кірді. Монастырлық тарихшылар шамамен алғанда 1000 жылы ерекше белсенділік танытады. Әсіресе бенедиктік монастырлардатарихты жазудәстүрі қарқынды дамыды, алайда клянийлік монахтар бұған аса сақтықпен қарады. Монастырлық скрипторийлерде

жазылған тарихи шығармалар көптеген адамдардың қажырлы еңбегінің нәтижесі ретінде ортағасырлық тарихи эрудицияның жемісті жетістіктері саналды. Француздың Сен-Дени және ағылшынның Сент-Олбанс аббаттықтары сияқты монастырьлар соңғы орта ғасырларда да тарихты жазудың маңызды орталықтары болғанына қарамастан, XIII ғасырда монастырьлық тарихнамашылардың мәртебесі төмендей бастады. XIII ғасырда пайда болған францискалықтар және доминикалық кедейленген ордендердің мүшелері тарихи шығармаларға жаңа серпін әкелді. Доминикалықтар қысқаша нұсқаулықтарды және барлық білімге қатысты көлемді энциклопедияларды жазуға ерекше қабілетті болды. Францискалықтар әдеттегідей сауаты төмен қала тұрғындарының алдында уағыз айтумен айналыса отырып, тақырыпты, баяндау тілін, әсіресе деректерді сынау тәсілін таңдау мәселелерінде алдыңғы кітаби дәстүрден ауытқи бастайды. Монастырьлық тарихи шығармалардың тақырыбы өз тарихына деген қызығушылық аясынан шығып кетті. Монахтардың жазған туындылары корольдік және билеуші әулеттердің даңқын дәріптейтін саяси-идеологиялық сипаттағы шығармаларға айналды. Тарихи шығармалар өткенге деген қызығушылықты қанағаттандырып қана қоймай, сонымен қатар саяси-идеологиялық және құқықтық прагматикалық қызметтерді де атқарды. Жылнамалар мен анналдар монастырьлық әрі епископтық кафедралардың шаруашылық және саяси құқықтарын құжаттамалық тұрғыда бекіту, билеуші әулеттердің тарихи құқықтарын өздері құрған мемлекеттер мен саяси құрылымдардың шеңберінде растау ретінде де қолданылды.

Тарихшының басты мақсаты шындықты анықтау болғандықтан, тарихи шығарманы жазу маңызды әрі жауапты іс деп қабылданды. Авторлар тарихты жазудағы өз жұмысын «аса ауыр іс» деп атады. Мысалы, бұл анықтама өз жұмысының түрлі кезеңдерін сипаттаған Гиралдус Камбренистің (Гиральд Камбрейский, 1147–1223) тарапынан үш мәрте тілге тиек етілген еді. Шынайы еңбекті жазудың маңызды шарты, ең алдымен, кең ауқымды дәйекті деректерді жинау болып саналады. Жекелеген ақпараттық деректердің сапасы бірдей болмады. Сол себепті оларға толықтай сенім арту мүмкін емес еді. Тарихшылар өз көздерімен көргендерін егжей-тегжейлі баяндады. Дегенмен сол заманның куәгері бола тұра, оқиғаларды сипаттау барысында авторлар тек жеке бақылауларымен және әсерлерімен ғана шектелмеді. Шынайылық деңгейінің тағы бір ақпараттық дерегі оқиғаларды өз көздерімен көрген адамдардың куәліктері болып саналады. Олар оқиғаны баяндауда абсолютті шындықтың анық-қанығына жете бермейді. Жиі тілге тиек етілетін «сенімді адам» (яғни сенім артуға болатын куәгер) анықтама-сы оқырмандар алдында өзге адамдардан жазылып алынған хабарламалардың нақтылығына куәлік беру үшін қолданылды. Жеке естеліктердің басты кемшіліктері – қысқамерзімділігі және бір ұрпақтың ғұмырынан аспайтын – 30 бен 50 жыл шамасындағы өткен кезеңді ғана қамтығаны. Куәгерлердің жеке куәліктерінен бөлек ұжымдық, қоғамдық жады да есепке алынды. Олар – адамдардың қауесеті, алыпқашпа әңгімелер мен аңыздар. Жүзжылдық мерзімі бар бұл мәліметтер анағұрлым сенімді куәліктерден бөлек қарастырылды. Жүзжылдық меже кейде «көне» және «жаңа» уақыттардың шекарасы ретінде анықталды.

Орта ғасыр тарихшылары үшін көне заман нақты ақпараттарды тек жазбаша ескерткіштерден ғана алуға болатын кезең ретінде саналады. Ауызша хикаяларға,



аңыздар мен эпикалық жырларға байланысты пікір біржақты болмады: тарихшылар оларда сақталып қалған ақпараттардың белгілі бір бөлігінің ғана шынайылығын мойындап, жазбаша дәстүрдің артықшылығын айрықша бағалады. Ауызша хикаяларға өткен кезеңнің бейнесін қалпына келтіру үшін сілтеме жасайтын өзге материалдар болмаған кезде ғана сүйенген еді.

Жазбаша ескерткіштердің ішінде жергілікті архивтерде жинақталған құжаттамалық деректер мен алдыңғы буын өкілдерінің тарихи шығармаларына ерекше назар аударылды. Құжаттармен жұмыс жасау айрықша дағдыларды, атап айтар болсақ, ең алдымен, шынайы ескерткіштерді жалғанынан ажырата білуді талап етеді. Құжаттамалық куәліктердің шынайылығын анықтау тек түпнұсқаны тексеру нәтижелерімен ғана емес, тарихи ақиқатты құбылыс ретінде қабылдау барысында да жүзеге асырылды. Сондай-ақ шынайылық ұғымын әділдік ұғымынан ажыратуға болмайды, сол себептен ешбір күмән тудырмайтын құжаттар шынайы тарихи куәліктер ретінде қолданылып келді. Мұндай жайт бұрмалаушылар белгілі бір қауымдастықтың тарихи беделіне сүйене отырып, өздерінің талаптарын бекітуге тырысқан кезде орын алған еді. Ал тарихшылар болса, осы қауымдастықтардың өкілі әрі қорғаушысы болды. Жылнамалар мен анналдардың авторлары кейде осы тәрізді жалған дүниелерді еңбектеріне енгізіп еді.

Орта ғасыр тарихшылары үшін архив негізгі дереккөз болмады. Олар жазбаша дәстүрді, ізашарлардың еңбектерін алмастыра алмады. Ортағасырлық Еуропадағы жүздеген томдық туындылары бар ірі кітапханалар санаулы әрі қолжетімсіз болды. Әдетте оларда жаңа тарихи шығармалар болмады. Зерттеуші замандастарының ішінде тағы кімдердің тарихпен шұғылданатынынан толықтай бейхабар болып, оқшауланған жағдайда жұмыс істеді. Бұл мәселе кейінгі орта ғасырда кітапханалар желісінің кеңеюімен біртіндеп өзгере бастады. Алайда тарихшылар көптеген құнды жаңа шығармалармен XV–XVI ғасырлардың аралығында кітап басып шығару ісінің дамуы тұсында ғана таныса алды. Өз ісіне тиянақты автор әрдайым іздене отырып жұмыс істеді. Ізденіс барысында көптеген кедергіге тап болды. Қажырлы еңбекпен жинақталған мәліметтерді сыни тұрғыдан пайымдау жағы кемшін болып, ол көбінесе формалды түрде жүргізілді. Бұл жағдай өткеннің фактілеріне ғана емес, деректер мен ақпараттарға да тән болды. Ортағасырлық жазбаша шығармалар олардың шынайылығы мен дәлдігі тұрғысынан нақты иерархиялық жүйемен орналастырылды: олар беделді, сенім артуға тұрарлық және күмәнді болып бөлінді. Жекелеген ескерткіштер сенім артуға лайықты, беделді шығарма мәртебесіне ұзақ уақыт қолданылу дәстүрінің негізінде ие болды. Сондай-ақ олардың авторларының абыройы мен діни әрі моральдық пайдалылығын мойындау маңызды критерийлердің бірі болды.

Деректің шынайылығын мойындау тарихи шығарма авторының оны еркін пайдалануына (еркін баяндау мағынасында) рұқсат беріледі дегенді білдірмейді: тек мәтіннің сөзбе-сөз қайталануы ғана қателіктер мен бұрмалаушылықтардың болмауына кепілдік береді. Кейде жазушылар анналдардағы жазбаларға ұқсас қысқа тарихи куәліктерді ғана пайдалануға тырысты. Бірқатар орта ғасыр авторлары өздерінің еңбектерінде алдыңғы буынның тарихшысы жазған жалғыз мәтінге ғана сілтеме жасады. Басқалары өткен заман туралы көптеген баяндаулардың негізінде өздерінің шығармаларын құрастырды. Ортағасырлық

«тарихтар» өзінің құрылымы мен мазмұны жағынан компилятивті шығармалар болды. Ол, өз кезегінде, гуманистік тарихнаманың тарапынан сынға ұшырады және орта ғасыр тарихнамасының интеллектуалдық құндылығының төмендігі туралы таптаурын түсініктерді қалыптастырды. Бұл сын – анық анахронизм; ол тарихи контекст пен ортағасырлық тарихшылар жетілдірген ережелерді есепке алмайды.

Тарихнамаға латын ойшылдарының білімі мен әдеби дәстүрі айрықша ықпал етті. «Білімділер» қатарындағы барлық өкілдер жүріп өткен ортағасырлық латын мектебі кейбір мәтіндерді, ең алдымен, библиялық мәтіндерді зерттеуге және олардың даусыз беделін мойындауға негізделген еді. Осындай жолмен алынған білім айтарлықтай дәрежеде таптаурын бейнелер мен әдеби формулалардың жиынтығымен шектелді. Сондай-ақ библиялық экзегезаның интерпретацияның әдісі ретіндегі әмбебап маңызы туралы да естен шығармаған жөн. Библия белгілі бір діни әрі моральдық ой-пайымдарға негізделген ұқсастықтардың қайнар көзі ретінде қарастырылды. Нақты тарихи оқиғаларды ой таразысынан өткізудің кез келген әрекеті міндетті түрде библиялық ұқсастықтарды іздеп табу талпынысын тудырды: оларды табу арқылы фактілерге шынайы мән-мағына беруге ұмтылды. Тарихи шығармаларда Библияның стилін пайдаланудың екі түрлі салдары болды: әдеби-риторикалық және тұжырымдамалық.

Тарихшы тарихи оқиғалар немесе кейіпкерлер туралы баяндай отырып, дайын риторикалық қалыпты – әдеби формулаларды, бейнелерді, ұғымдарды қолданды. Тура және жанама сілтемелер, библиялық реминисценциялар шынайылықтың типтелуіне, оның әдеби тұрғыдан библиялық модельдерге ұқсауына алып келді. Шынайылықты қасиетті прототиппен салыстырудың бұл процесі тек риторикалық деңгеймен ғана шектеліп қалмады, библиялық оқиғаларды бүкіл адамзаттың кейінгі тарихының бейнесі ретінде қабылдады. Формалды түрде болса да, өздері өмір сүрген уақыттағы кейіпкерлердің бойынан библиялық прототиптердің үлгілерін тапты. Мұндай типтендіру ортағасырлық тарихи ойдың әмбебап әдісіне айналды. Әрбір опасыз адам міндетті түрде Иуда болып, бауырын өлтіруші Қабыл болып суреттелді. Сенім жолын берік ұстанғандар Христосқа, библиялық пайғамбарлар мен әулиелерге ұқсатылды.

Тарихнама халықтың тарихи жадысын ешқашан бейнелеген емес және оны нақты түрде қалыптастырған да жоқ. Ол халық жадысының кездейсоқ рудиментін (мифтерін, хикаяларын, өлеңдерін) сақтай алды. Бірақ тарихи сана және онда көрініс тапқан тарихтың жалпы бейнесі адамдардың шектеулі бөлігі, ең алдымен, білімді дін қызметкерлерінің қатарындағы аз топтың ғана үлесінде қала берді. Тарихнаманың қоғамның мәдениеті және өміріндегі функциялары мен маңызын оқырман қауымдағы жеке шығармалардың танымалдығы әрі олардың мазмұны арқылы бағалауға болады: біржақтылық, тарихи-идеологиялық құрылымдардың жиынтығы. Сонымен қатар тарихи материалдарды жеткізе білу тәсілдері формаларының варианттылығы мен заңдылығының даму факторлары да – назар аударуға тұрарлық дүние.

Тарихи шығармалар адамдардың бос уақыттарында көңілдерін көтеріп, олардың танымдық қызығушылықтары мен құлшыныстарын қанағаттандыруға тиіс болды. Бұл функциялар тарихи шығармаларды әдебиетпен, оның ішінде беллетристикамен жақындата түсті. Дауыстап оқуға арналған ортағасырлық тарихи

шығармалардың көпшілігі ұйқас пен ырғаққа құрылған. Тарихи сюжеттерді пайдаланған тарихи шығармаларды басқа да әдеби жанрлармен сабақтастырған рыцарьлық батырлық эпостар, рыцарьлық және авантюралық романдармен қатар, оқырманды бірден баурап алатын қызықты әрі қарапайым баяндалу үлгісі де жекелеген мәтіндердің кең көлемде таралуына ықпал етті. Түрлі үлгідегі белгілі тарихи шығармалар оқырман қауымның арнайы интеллектуалдық дайындығын талап етпеді, сонымен қатар олардың әлеуметтік мәселелерін, соның ішіндегі ең маңыздысы болған өзіндік әлеуметтік сананы қалыптастыру қажеттіліктерін қанағаттандырды. Соңғысы айтарлықтай дәрежеде тарихи ұқсастықтан – шығу тегі мен өткеннің батырлық дәстүрі туралы мифтердің жиынтығынан алынды.

Күрделі әрі іргелі тарихи еңбектерді тек білімді дін қызметкерлері мен оқымысты адамдардың аз тобы ғана оқыды. Олар бұл шығармаларды танымдық қызығушылықтарының негізінде немесе нақты шіркеулік әрі саяси институттардың тарихын терең зерттеу мақсатында зерделеген еді. Мұндай шығармалар аз көлемде қолжазбалық көшірме түрінде сақталған. Ал олар белгілі бір қауымдастықтардың шеңберінде ғана таралды. Бұлардың қатарына көптеген монастырьлық жылнамалар мен анналдарды, сондай-ақ саяси мақсатты көздеген – билеуші әулетті дәріптеген және халықтың саяси тарихын зерделеуге арналған шығармаларды жатқызамыз. Соңғыларының қатарында тарихи-саяси және саяси-теологиялық ойдың құнды ескерткіші саналатын отыз бесінші тізімде сақталған Мэлмсберийлік Уильямнің (Уильям Мальмсберийский, 1090/1096–1142) «*Англия корольдарының іс-әрекеттері*» (шамамен 1125) еңбегін, отыз сегізінші тізімде сақталған Фрайзингендік Оттоның «*Жылнама*» еңбегін атап өтуге болады. Аталған екі шығарма Англия мен Оңтүстік Германияда жазылса да, қос мемлекеттің аумағында кең көлемде таралмаған еді.

Көптеген тарихи шығармалардың аймақтық деңгейде таралуы ортағасырлық қоғамдағы тарихи сананың маңызды ерекшеліктерін көрсетеді. Тарихқа деген қызығушылық прагматикалық және функциялық сипатта болды: оның маңызы ретінде нақты бір қауымдастықтың саяси өзіндік бірегейлігін атауға болады. Өмірдің саяси әрі әлеуметтік тұйықталу процесіне тарихи партикуляризм сай келді. «Менікі» деп қабылданған тарих қана қауымдастықтардың назарын аударды.

Ортағасырлық қоғамның саяси және институттық құрылымының өзгеріске ұшырауы тарихнамалық шығармалардың формаларының дамуында көрініс тапты. Тарихнама ерте орта ғасырлар дәуірінен XI–XII ғасырларға дейін халықтың этностық қауымдастық ретіндегі тарихын жазу міндеттерін жариялағанымен, корольдік және императорлық биліктің тарихын жазумен ғана шектеліп келді. Кейінгі жүзжылдықтарда тарихшылар жекелеген епископтықтардың, монастырьлардың, қалалардың, аумақтардың, әулеттердің тарихын жазуға бейімделе бастады. Еуропалық тарихнаманың дамуындағы маңызды оқиғалардың бірі ретінде олардың өз ана тілдерінде еңбек жазуға талпынысын атауға болды. Өткен кезең биліктің легитимдігінің қайнар көзі ретінде қарастырылды. Сонымен қатар оның әлеуметтік интеграциялық функциясы – ұжымдық бірдейлікті қалыптастыру, жекелеген әлеуметтік әрі аумақтық қауымдастықтарды біріктіру мәселесі барған сайын айқын біліне бастады. Өткенін зерделеп және «тарихи тамырлары туралы мифті» қалыптастыра отырып, ортағасырлық ақсүйектер

өздерінің ертедегі ерліктері, рыцарьлық этиканың негізіне айналған еркіндік пен діни еңбектері туралы аңыздарды дүниеге әкелді. Тарих ақсүйектерге корольдар мен аумақтық билеушілердің биліктеріне қарсы тұратын күшке айналған топтық ынтымақтастықтың нормаларын қалыптастыруға мүмкіндік берді. Ең алдымен, Италиядағы қалалық коммуналар өткеннен сабақ ала отырып, өздерінің әкімшілік әрі саяси дербестігінің қалпына келтірілуін талап етті.

Латын тарихи шығармаларының, сондай-ақ Ұлы Карл, римдіктер мен трояндықтар туралы түпнұсқа мәтіндердің алғашқы ежелгі француз аудармаларының пайда болуы француз королі Филипп Августтың белсенді түрде жүргізген орталықтандыру саясатының нәтижесінде өздерінің әлеуметтік позицияларының біраз бөлігінен айырылып қалу қаупімен бетпе-бет кездескен фландриялық ақсүйектердің тарапынан қарсылық тудырған болатын. Осы шығармалар ақсүйектердің әлеуметтік беделі мен саяси автономиясының есебінен күшеюді көздеген монархиялық билікке қарсы жасырын қарсылықты білдірді. Бұл әлеуметтік топтың тарихи ұлылығы мен құдіретінің бейнесін қалыптастыра отырып, аристократияның теңдессіз рөлі мен қажырлы еңбегін растайтын дәйекті дәлеліне айналады.

Ежелгі француз тарихи прозасының пайда болуы аристократиялық оппозицияның тәжірибелік міндеттерін ғана көрсетіп қойған жоқ. Бұл зайырлы қауымдастықтардың өзіндік артықшылықтарға ие болған бөлігінің тарихи санасында нағыз революцияның орын алғанын айғақтайды. Бұл революция тарихи жадының анағұрлым рационалды және жүйелі сипат ала бастаған жалпы құрылымдарының өзгеруімен байланысты болды. Ол ғылыми латыннан халықтық тілге ауысудан, поэзиялық формадан прозалық формаға ауысудан, ауызша дәстүрден жазба дәстүрге көшуден анық көрінді. Дегенмен процесс барысындағы жетекші рөл король билігіне тиесілі болып қала берді.

Тарихнаманы монархиялық үстемдікті нығайтудың саналы әрі мақсатты түрде бағытталған құралы ретінде пайдаланудың алғашқы әрі анағұрлым жарқын мысалын француз Капетингтердің бастамасынан байқаймыз. XIII ғасырдың соңында негізі Ұлы Карл дәуірінен бастау алған алдыңғы буын өкілдерінің тарихнамалық дәстүрінің баға жетпес ескерткіштерінің жинағы – *«Француздардың үлкен жылнамасы»* (1274) еңбегінің алғашқы редакциясы жасалды. Ежелгі француз тілінде құрастырылған бұл теңдессіз компиляцияның басты бағыты король әулеті мен ол басқаратын халық және мемлекеттің мәртебесін негіздеу болып саналды. Франция тарихының кезеңдері жылнамаларда тікелей сабақтастық арқылы байланысты болған Меровингтер, Каролингтер, Капетингтер әулеттерінің ауысуымен анықталады. Сонымен қатар жылнамаларда корольдар үшін ғана емес, сондай-ақ ұлттық тарихтың белсенді қатысушысы ретінде сипатталған ақсүйектерге де назар аударылды. Алайда олардың мемлекеттік басқарудағы орны шектеулі ғана болды.

Тарихнама орта ғасырлардың соңына қарай өзіне тән теологиялық, діни-тағылымдық және құқықтық т.б. әртүрлі функцияларын жоғалта бастайды. Ол барған сайын, бір жағынан, әлеуметтік және саяси бірегейліктің, екінші жағынан, ұлттық интеграцияның қайнар көзіне айналды. Осы арқылы бір уақытта білімді адамдардың ортасында тарихқа деген жаңа көзқарас қалыптаса бастады. Өткенге деген қызығушылық христиандық теология мен саяси легитимация мақсаттары үшін прагматикалық пайдалылыққа тәуелді емес дербес құндылыққа ие болады.

## Қайта өрлеу дәуірінің гуманистік тарихнамасы

Қайта өрлеу дәуірі мәдени әрі әлеуметтік өмірдегі бірқатар өзгерістердің болуымен ерекшеленді. Алайда бұл өзгерістер алдыңғы дәстүрлерден түбегейлі ажырау сипатында болған жоқ. Қайта өрлеудің тарихи санасында әлеуметтік болмыстың басқа да салаларындағыдай тарихты жазу мен оның мәнін түсінудің ортағасырлық тәжірибесінің сабақтастығы сақталды. Алайда осы кезеңдегі тарихи еңбектер тарих туралы идеялар жүйесіндегі бірқатар жаңа белгілермен, тарихшының жұмыс әдістерімен және тақырыптарымен ерекшеленді. Қайта өрлеу дәуірі мәдениетінің аясындағы әдеби ағым, тарихи тақырыптарға арналған шығармалар гуманизм деп аталады. Бұл атау адамның мүдделері мен мүмкіндіктеріне деген қызығушылықтарының күрт артуынан пайда болды. Ол, өз кезегінде, ортағасырлық шіркеулік мәдениеттің аскеттік және діни-тағылымдық дәстүріне қарсы бағытталған әрекет іспетті болды. Сондай-ақ Қайта өрлеу дәуіріне қатысты алғанда, тарих өзіндік зерттеу тәсілдері, өткенді тану мен түсіндіру әдістерінің жиынтығы бар, тарихи шығармалардың шынайы бейнесін анықтауды басты мақсат еткен ғылыми пән ретінде пайда болды деп айту ағаттық болар.

Бұдан бөлек, Қайта өрлеу дәуіріндегі еуропалық тарихнама біртекті болған жоқ. Италия гуманитарлық тарихнамасының антикалық авторларға еліктеу, тарихи оқиғаларды діни тұрғыдан түсіндіруден бас тарту, конфессиялық бейтараптық, қоғам дамуының мағынасын ұғудың зайырландырылуы мен оңтайландырылуы сияқты маңызды жақтары өзге жерлерде жазылған тарихи шығармаларда толыққанды жүзеге асырылмады. Германиядағы Реформация сияқты дәуірдің басқа да маңызды әлеуметтік-идеологиялық және дүниетанымдық қозғалысы аясында тарихты діни әрі теологиялық тұрғыдан түсіндіруге айрықша назар аударылды, сонымен қатар ол рим-католик теоретиктерімен де пікірталасты одан әрі дамытуға серпін берді. Тарихнамада реформация мен контрреформацияның конфессиялық қозғалыстарының нәтижесінде туындаған оқиғалардың байланысы мен олардың себептерін түсіндірудің тиімді дәйектерін кеңейтуге ұмтылыс байқалды. Сондай-ақ деректермен жұмыс жасауда жаңа тәсілдерді, ең алдымен, оларда сақталған мәліметтерді анағұрлым қатал түрде іріктеу және сыни тұрғыдан талдау сияқты тенденциялар қалыптасып, өзінің жалғасын тапты.

## Антикалық дәуір Қайта өрлеудің тарихи санасы мен тарихнамасында

Ренессанстық және гуманистік тарихи кезеңнің жемісі ретінде, ең алдымен, антикалық заманға деген қызығушылықтың артуы мен бұл дәуірдің маңызын қайта бағалау мәселесін атап өтуге болады. Дегенмен орта ғасыр тарихшыларының антикалық кезеңге деген көзқарастары бірдей болмағаны және оны пұтқа табынушылар мен төкаппарлықтың дәуірі ретінде айыптаумен ғана шектелмегенін естен шығармауымыз қажет. Антикалық заман туралы жады ортағасырлық мәдениетке тән болды. Ғылым мен білімнің барлық жүйесі грек



және Рим дәстүрлерінің оқыту тәжірибесі мен интеллектуалдық жетістіктеріне негізделді. Алайда антикалық білім христиандық теология мен догматиканың интеллектуалдық контексіне дәйекті түрде енгізілді. Гуманистік қозғалыстың өкілдері, өз кезегінде, антикалық мәдениеттің құндылықтарын оның барлық дүнияуи және рационал мазмұнымен қоса қабылдауды дұрыс деп санады. Мәселе олардың шығармаларына антикалық тарихтың бейнелері мен сюжеттерінің орта ғасырларға қарағанда анағұрлым қарқынды түрде қабылдануы жөнінде ғана емес, антикалық мәдени мұраны жалпы қабылдау жайында болып отыр.

Сондай-ақ гуманистердің антикалық мәдениетті қайта жаңғырту туралы тезисі бірқатар ескертпелерді талап етеді. Гуманистердің антикашылдығы көбінесе олардың дәуір туралы жеке түсініктеріне негізделген еді. Өйткені олар классикалық мәдениеттің рухын қайта жаңғыртқаннан гөрі, дәуірді өздерінің идеалы деп есептеді. Гуманистік мәдениетте тарихи кейіпкерлердің, антикалық тарихи тұлғалар мен сол заманда өмір сүрген адамдардың арасында айтарлықтай айырмашылық болған жоқ. Ежелгі тарихтың шынайы және ойдан шығарылған кейіпкерлері дидактикалық үлгі ретінде қарастырылып, олардың тәжірибесіне сүйенді. Өткенді Қайта өрлеу дәуірі тұрғысынан қабылдау мәселесі орта ғасырлардағыдай тарихилық сипатынан айырылды, яғни антикалықтың өзіндік ерекшелігінен әлеуметтік байланыстар жүйесі және қауымдастықты ұйымдастыру принциптері бар дәуір ретінде зерделенбеді. Гуманистік мазмұндағы тарихи шығармалардың авторлары өз дәуірінің әлеуметтік әрі саяси шындығын көрсету үшін антикалық ұғымдар мен терминдерді сын тұрғысынан талдамай-ақ қолданып, асырасілтеушілікке жол берді. Қайта өрлеу дәуірі мәдениетінің антитарихилығы бейнелеу өнері саласында ерекше көрініс тапты. Суретшілер антикалық тарихтың кейіпкерлерін өздерінің замандастары ретінде костюмдерде, ішкі көріністерде, Қайта өрлеу дәуірінің архитектуралық контекстерінде бейнеледі.

Қайта өрлеу дәуірі тарихнамасының өкілдері антикалық мәдениетті тікелей ізашар әрі еліктеуге лайықты үлгі ретінде қабылдап, оны зерттеумен және лайықты дәрежеде қайта жаңғыртумен ғана емес, сондай-ақ антикалық әдеби дәстүрдің риторикалық формалары мен бейнелерін қалпына келтірумен де айналысты. Мұндай тенденцияның алуан түрлі сипаттары болды: антикалық баяндаудың тілі мен мәнеріне еліктеу, антикалық тарихтың сюжеттері мен кейіпкерлерін бүгінгі өмірдің сипатын түсіндіру үшін пайдалану, антикалық тарихи шығармаларды тікелей баяндап беру, антикалық авторлардың саяси өмірді ұйымдастырудың қажетті тәсілдеріне қатысты теориялары мен идеяларын үлгі ету. Антикалыққа қайта оралу оның тарихи, мәдени әрі саяси тәжірибесін пайымдау ерекшелігімен және авторлардың оны қазіргі шындық тұрғысынан қолдануының түрлі деңгейімен байланысты болды.

Антикалық деректерді қалпына келтіру мен қайта баяндау, олардың стильдеріне еліктеу, Қайта өрлеу дәуірінің көптеген тарихи туындыларына тән дидактикалық пафос қазіргі еуропалық әдебиеттің негізін қалаушы әрі көрнекті өкілі Петрарка мен Боккаччоның қаламынан туған ерте тарихи-әдеби шығармаларда көрініс тапты. Франческо Петрарка (1304–1374) Римнің тарихын оның анағұрлым көрнекті саяси қайраткерлерінің өмірбаяндары арқылы ұсынды. Оның «Танымал

*ерлер туралы»* (1337 жылдан кейін) латын тілінде жазылған шығармасында Ромулдан Цезарьға дейінгі жиырма бір ұлы римдіктердің биографиясы және антикалық дәуірдің өзге де әйгілі қайраткерлерінің өмірбаяны берілген. Петрарка бұл шығарманы ортағасырлық ойдан бас тарта отырып, Тит Ливийдің еңбегіне негіздеп жазды. Алайда ол түпнұсқа деректі қалпына келтіріп, сөйлетіп қана қойған жоқ, моральдық-дидактикалық баяндаудың міндеттерін басшылыққа ала отырып редакциялады: оның шығармасында антикалық кейіпкерлер айрықша мүлтіксіз бейнеде беріледі. Олар саяси қайраткердің жағымды бейнесін көрсетіп, XIV ғасырда Италия тарихындағы белгілі тұлғаларға қарама-қарсы қояды. Петраркаға қарағанда Джоуанни Боккачо (Джованни Боккачо, 1313–1375) антикалық тарихтан саяси даналықтың тәжірибесі мен азаматтық даңқты ғана емес, қалыпты өмірдің ғибратты мысалдарын алды. *«Даңқты әйелдер туралы»* (1360–1374) шығармасында антикалық авторлардан алынған моральдық пафосқа толы, тарихи құндылығы жоқ әзіл-оспақ оқиғалар топтастырылған.

Отаны мен орталығы Италия болған гуманистік тарихнама бастапқыда жергілікті сипатта дамыды және ол жергілікті билеушілердің іс-әрекеттері мен жетістіктерін тіркеп отырды. Шығармалар антикалық авторларға (көбіне Тит Ливийге) барынша еліктеумен ерекшеленді. Туындылардан маңызды оқиғалар туралы баяндаулардың риторикалық схемаларын, сондай-ақ оларды талдаудың логикалық модельдерін алды. Мысалы, антикалық авторлардың беделіне жығылу мен еліктеу гуманистік тарихнаманың алғашқы әрі ірі өкілі Аретино атты лақап есімді иеленген флоренциялық тарихшы Леонардо Бруниға (1370/74–1444) тән болды.

Зерттеушілердің пікірлері бойынша, автордың 12 кітаптан тұратын *«Флоренция тарихы»* (1439) атты еңбегі еуропалық тарихнаманың жаңа дәуірінің басталғанын білдірді. Бұл еңбекте өткенге айрықша қызығушылық танытумен қатар, өзекті саяси міндеттерді де шешуді өзінің уәждемесіне айналдырған жекелеген халықтар мен мемлекеттердің тарихына ерекше көңіл бөлу мәселесі де жаңа дәуірдің тарихи туындысы үшін қалыпты жағдай болып саналды. XV–XVI ғасырларда өткен заман мен ол туралы тарихи материалдар шынайы саяси күрестерде де, сондай-ақ қоғамның әділетті құрылымын сипаттайтын жекелеген теориялар мен бағдарламаларды жасауда да маңызды дәйектемеге айналды. Орта ғасыр тарихнамасына тән әмбебаптық және тек аймақтық – екі тарихи перспективаның синкреттік ұштасуының орнына жекелеген саяси бірлестіктердің: монархияның, қала-мемлекеттердің, саяси одақтардың қалыптасу барысына біртіндеп назар аудара бастады. Леонардо Бруни өзінің ортағасырлық ізашарларының тарихи шығармаларына арқа сүйеді. Бірақ ғажайыптар туралы әңгімелер мен оқиғаларды тылсым тұрғысынан талдамай, ең алдымен, фактілік материалдарды пайдалануға көңіл бөлді. Қайта өрлеу дәуірі авторларының басым көпшілігі сияқты, мұндай рационализм деректік ақпараттарды жүйелі түрде сынау әрекетінен әлдеқайда алыс болды. Бұл дәуірдің тарихшылары шынайы және жалған мәліметтердің аражігін ажырата отырып, олардың шынайылығы жайында мәселе көтермеді. Тарихшы-гуманист ортағасырлық жылнамашы сияқты өткен дәуірде жазылған ауқымды шығармаларды қолдануға ұмтылды. Шығармаларды іріктеуде еркіндік пен терең ойға жүгініп, беделді пайымға деген дәстүрлі сенімді сақтап қалды.

Бруни Тит Ливийге еліктеп, антикалық тарихнаманың риторикалық схемалары мен логикалық модельдеріне назар аударды. Флоренциядағы саяси күрестің тарихын, соның ішінде 1293 жылғы әлеуметтік революцияны сипаттай отырып, ол Рим тарихшысының ұғымдық аппаратын пайдаланады және оны абыройлы әрі айбынды көсемдер басқарған патрицийлер мен плебейлердің күресі ретінде баяндайды. Сонымен қатар Бруниді бұл оқиғаның ішкі себептері мен жағдайлары қызықтырмайды. Ол өзінің шығармасында оқиғаны шынайы әрі терең түсіндіруді ғана емес, оның әдеби бейнелігін, көркемдігін, тартымдылығы мен ғибраттық негізін анықтауды мақсат тұтты. Мысалы, бұл риторикалық тәсілдерде – баяндаудың драматизмінде, тарихи кейіпкерлердің ойдан шығарып айтқан сөздерінде көрініс берді.

Уақыт өте келе материалдардың ауқымы мен авторлардың ой-өрістері кеңейе бастады, олардың шығармалары тарихи сипат алды және өткен мен бүгінгіні біртұтас жүйеде баяндап, зерделеуге назар аударды. Италия мен одан тыс аймақтардағы гуманистер «дүниежүзі тарихының» тұтас сериясын қалыптастырды. Олар Иероним мен Орозиустың үлгі болған ортағасырлық еңбектеріне қарағанда, материалдарды анағұрлым толық әрі әділ түрде іріктеуге негізделді. Италиялық гуманистер ғана әдеттегідей монархтардың тапсырыстары бойынша ұлттық тарихтың жаңа нұсқаларын жазды. Олар бұған дейін жазылған тарихи шығармалардың мәліметтерін зерделей отырып, оларға лайықты әдеби форма мен шындыққа сай келетін мазмұн дарытты. Әдетте бұл еңбектерде оқиғалардың қандай да болмасын түпнұсқалық түсіндірмесі немесе тарихи материалдардың сыни бағасы болған емес. Алайда өткен кезең туралы оқиғалар анағұрлым тартымды және тиімді баяндалды. Өз кезегінде, ол билеушілердің саяси және әулеттік стратегиясындағы дәйектеме ретінде қолданылуы да мүмкін.

Гуманистік тарихнама орта ғасыр тарихнамасынан авторларының әлеуметтік әрі мәдени мәртебесімен және оқырман аудиториясымен ерекшеленді. Батыс Рим империясының күйреуінен кейін алғаш рет тарихи шығармаларды жазушылардың көпшілігі – бейбіт өмір адамдары және олардың діни қызметпен, не болмаса монастырьлық әрі шіркеулік мекемелермен еш байланысы жоқ, керісінше, саяси не әкімшілік қызметке қатысы бар тұлғалар болды. Авторлардың бұл әлеуметтік тиесілігі, сондай-ақ классикалық үлгілерге еліктеуге деген саналы ниеті гуманистік тарихнамада саяси оқиғалар мен билеушілердің және әйгілі тұлғалардың іс-әрекеттерін түсіндіруге алып келді. Алайда антикалық авторларға «еліктеу» XV–XVI ғасырларда Еуропаның әлеуметтік әрі саяси өмірінің барлық саласында бірдей қабылдана бастады. Бұл кезеңнің Еуропада ұлттық монархиялардың қалыптаса бастаған және Италиядағы қала-мемлекеттердің гүлденген дәуірі болғанын естен шығармаған абзал. Аталған процесс зайырлы биліктің қоғамдағы шексіз маңызы мен пайдалылығын негіздеген және шіркеудің, яғни рухани биліктің беделіне бағынуды жоққа шығарған идеологиялық тетіктердің қалыптасуымен қатар жүрді. Сонымен гуманистердің азаматтық ерлігі мен саяси мәртебесі жоғары болған антикалық дәуірге назар аударуы көп жағдайда жаңа идеалдар мен ұмтылыстарды бекіте түсетін үлгілерді табу қажеттігінен туындаған еді.

Антикалық тарих пен тарихнаманың риторикалық тәжірибесі жекелеген аймақтар мен ұлттық дәстүрлер үшін өзекті мәселе саналмады. Негізінде, бұл тенденция тарихи шығармаларда және Германиядағы Реформация кезеңіндегі дау-дамай тудырған туындылардың тарихи дәйектемелерінде айтарлықтай рөл атқармады.

## Тарихи сананың зайырлануы және тарихи сынның тәсілдері

Қайта өрлеу дәуірі тарихнамасының жаңа әрі өте маңызды аспектісі шіркеулік дүниетанымнан ажырауы еді. Тарихи шығармалардың бұл түріне, ең алдымен, адамзат тарихының барысына Құдайдың жоспары мен Оның араласуы барлық тарихи оқиғалардың негізгі әрі соңғы түсіндірмесі болған ортағасырлық концепциядан ауытқу мәселесі тән болды. Дегенмен тарихи шығармалардың мазмұнында әдеттегідей шіркеулік тарихи концепция мен ашық әрі принциптік пікірталас орын алмаса да, олар көріпкелдікке негізделген түсініктемелерге мән бермеді. Бірақ оқиғалардың оңтайлы тұрғыдан түсіндірілуі мен олардың өзара байланыстарына ерекше назар аударылды. Тарих Құдайдың емес, адамдардың іс-әрекеттерінің алаңы ретінде қарастырылады, ал бұл тарихи сананың жалпы зайырлануына алып келді.

Зайырлы материялар мен адами болмыстың діни мағыналардан тыс өмір сүретініне назар аудару антикалық құндылықтарға деген қызығушылықтың куәлігі деп есептеледі. Қайта өрлеу дәуірінің дәстүрі өткеннің оқиғаларын діни тұрғыдан түсіндірудің маңызын төмендетіп, таңғажайып әрі тылсым фактілерге деген қызығушылықты ығыстырып шығарды; оқиғалардың себептерін мистикалық мағынада емес, өздерінің жеке көзқарастары тұрғысынан түсіндірудің антикалық дәстүрін қайта жандандырды. Алайда гуманизм қайраткерлерінің басым бөлігі христиандық пен діни дүниетанымның қарсыластары емес еді: олар адамзат іс-әрекетінің діни мәнін саналы түрде жоққа шығарғаннан гөрі, оған мән бермеуді жөн санады. Гуманистік тарихнаманың басты жетістіктерінің бірі антикалық болмысқа тарихтағы лайықты орнын қайтарып беру еді. Аугустин мен Орозиустан басталған тарихи дамудың христиандық моделінің негізін қалаушылар бұдан бас тартты.

Орта ғасыр тарихнамасында басты орында болған шіркеулік тарихтың мәселесі Қайта өрлеу дәуірі авторларының туындыларында екінші орынға ығыстырылады. Шіркеу тарихы мен христиандықтың рөлі әдетте скептикалық тұрғыдан бағаланады, ал кейде әлеуметтік құлдырау мен кері кетудің факторы есебінде қарастырылады. Ал, керісінше, саяси тарихтың мәселелері – мемлекеттердің қалыптасуы, құлдырауы, құлауы, жекелеген саяси бірлестіктердің шығу тегі мен олардың түптамыры ерекше мәнге ие бола бастады. Өткенге зер салып, одан сабақ алу саяси күрестің маңызды құралына және саяси трактаттар мен мемлекеттік-идеологиялық құрылымдардың дәйектемелеріне айналады. Қайта өрлеу дәуірінің ірі саяси ойшылдары өздерінің жеке идеяларының шынайылығына көз жеткізу үшін, ең алдымен, Платон мен Аристотельдің еңбектерінде негізделген, антикалық авторлар биліктің түрлі формаларының артықшылықтары мен

кемшіліктерін сипаттау үшін қолданған мемлекеттік құрылым модельдерін пайдаланады. Сонымен қатар саяси өмірдегі жағымды және теріс мінез-құлықтардың үлгілерін көрсететін антикалық тарихтың нақты мысалдарын қайта қарастыру да өте маңызды мәселе болды. Тарих мемлекеттік-саяси дамудың тәжірибесі және сонымен бірге мемлекеттік құрылымға қатысты дидактикалық әрі теориялық ой қорыту үшін негізгі материал ретінде қарастырылды. Флоренция тарихын зерттеумен және саяси басқарудың ең үздік тәсілдері туралы ой-толғамдармен үндесіп жатқан антикалық тарихи шығармаларға деген қызығушылық жаңа заманның саяси теориясы мен санасының бастауында тұрған дәуірдің ойшылы Никколо Макиавеллиге (1469–1527) тән болды.

Тарихи процесті жалпы ұғыну саласында Қайта өрлеудің тарихи санасының қайшылықты сипаты ашылады, бұл дәстүрлі діни-шіркеулік модельдерге тәуелділік ретінде, сондай-ақ ол тәуелділікті ұтымды схемалармен және талқылау жолдарымен еңсеру арқылы анықталады. Орта ғасырлардағы италиялық гуманистердің шығармаларында әмбебап тарихтың библиялық түп негізі бар, ең алдымен, өзара алмасып тұрған әлемдік империялардың және адамзат тарихындағы Құдай жоспарының жүйелі түрде жүзеге асуының концепциясы түріндегі схемасы өзге кезеңдеумен алмастырылды. Сонымен, төрт империя тұжырымдамасы шеңберінде соңғысы Рим империясы болды, антикалық империядан Ұлы Карл империясы арқылы герман билеушілерінің ортағасырлық мемлекеттеріне дейінгі тарихи дамудың сабақтастығы (үздіксіздігі) туралы түсінік басым болды. Осылайша еуропалық қоғамның әлеуметтік әрі саяси құрылымын империялық және діни әмбебаптық түсініктерімен сипаттаған ортағасырлық дәстүр Рим империясы мен ортағасырлық христиан әлемінің арасындағы тікелей һәм үздіксіз сабақтастықтың қатарынан өзінің лайықты орнын тапты. Қайта өрлеу мәдениетінде алғаш рет тарихты үш кезеңге бөлу дәстүрі кездеседі: антикалық, орта ғасыр және қазіргі. Италиялық гуманистердің енгізген «орта ғасыр» (*medium aevum*) ұғымы бұл дәуірді тек қазіргі дәуірге ғана емес, сонымен қатар антикалық заманға да қарсы қоюды меңзеді. Соңғысы мәдениет пен қоғамдық өмірдің жоғары деңгейде дамыған дәуірі ретінде сипатталды. Бүгінгі дәуір теңдессіз әрі жарқын өткенді қайта жаңғыртуы керек болды. Бұл ұстанымға сай, орта ғасыр құлдырау кезеңі мен ертедегі ұлы жетістіктердің құрдымға кеткен уақыты болып саналды. «Орта ғасырдың» антикалық және ренессанстық дәуірлер арасындағы ерекше кезең ретіндегі сипаттамасы тарихи перспективадағы дәуірдің орнын ортағасырлық тұрғыдан бағалауға қарсы тұрды.

Орта ғасырдың тоқырау мен құлдырау дәуірі ретіндегі сипаттамасы діни әрі шіркеулік сынды да қамтыды. Антикалық рационал әрі зайырлы мәдениетке абсолютті құндылық ретінде бағдарлану кейде шіркеу мен христиандықты антикалық интеллектуалдық жетістіктер мен даналықты күйреткен фактор ретінде қарап, ашық айыптаумен қатар жүргізілді. Дегенмен Қайта өрлеу мен гуманизм қайраткерлерінің шіркеу мен дінге қатысты сыни көзқарастары белгілі бір принципке негізделген, бірақ жүйелі түрде тұжырымдалмады. Олар шіркеу мен христиандыққа қатысты туындаған мәселеде ашық пікірталасқа бармай, ынтымақтастықты ұстанды, келісімпаздық сипатта болды және олардың сыни көзқарастары тәжірибелік әрі прагматикалық себептермен анықталды.



Гуманистік мәдениеттің тарихқа қызығушылығы көбінесе филологиялық бағытта өрбіді. Ол жаңа мәтіндерді, ең алдымен, классикалық дәуірдегі мәтіндерді іздеудің жылдам қарқын алуымен, сонымен қатар оны зерттеу және түсіндіру қызметімен ерекшеленді. Өткенге деген мұндай филологиялық қызығушылықты тарихи, әдеби деректерді іріктеу, бағалау және сынау дәстүрінің қалыптасуымен байланыстыруға болады. Тарихи деректердің шынайылығын дәйекті түрде сынға алудың алғашқы әрі жарқын үлгісі ретінде *«Константин сыйының жалғандығы туралы трактат»* еңбегін атауға болады. Оның авторы Италия гуманистерінің арасындағы аса беделді тұлға Лоренцо Валла (1407–1457) болды. 1440 жылы жазылған бұл шығарма автордың көзі тірісінде басылып шықпаған, өйткені ол папалық теократияның басты негіздемелеріне қарсы болған еді. Сонымен қатар ол неаполитандық корольдікте билік жүргізген Арагон әулеті мен папалық курияның саяси текетіресін және неаполитандық билеушілердің зайырлы билік құқығына ұмтылған папалық тақтың талаптарына қарсы шықты. Валла христиандық қауымдастықтың билік иерархиясындағы жоғарғы беделге папаның құқығын негіздеген басты құжаттардың бірін сынға алды, осылайша папалық зайырлы биліктің концепциясының өзіне күмән келтірді.

Лоренцо Валланың сынға алу нысаны император Константиннің Рим епископы Сильвестрге папалық лауазымды және Римге билік жүргізу үшін берілген сыйға тарту актісін бекіткен құжат болды. *«Константин сыйы»* деп аталған грамотада императордың астананы және өзінің билік орталығын империяның шығыс бөлігіне, өзі негізін қалаған Константинополь қаласына көшіруі туралы хабарланады. Бұл заңды құжат кең ауқымды аңызға айналған оқиғалардың құрамдас бөлігі болып саналады. Онда Сильвестр папаның Константинді шоқындырғаны туралы, соның нәтижесінде императордың алапес ауруынан құлан таза айыққаны, шындығында, күнәлары үшін жазадан құтылғаны баяндалады. Бұл аңыз бен сыйға тарту жайындағы грамота Рим шіркеуінің тарапынан папаның тек рухани беделін ғана емес, сондай-ақ оның құқығын зайырлы саладағы жоғарғы абыройға негіздеген шынайы құжат ретінде де мойындалды. Құжаттың шынайылығы өзге де анағұрлым беделді канондық құқықтың жинақтарымен де дәлелденген еді. Дегенмен грамотаның өзі де, Константиннің шоқынғаны жайындағы аңыз да VII ғасырдан соң Римде құрастырылған кейінгі фальсификаттар (жалған, ойдан шығарылған деректер. – *Ред.*) болды және ол шіркеулік әрі зайырлы іс-әрекеттердегі папалық үстімдіктің идеологиялық негіздемесі жүйесіндегі элементтердің біріне айналды.

*«Константин сыйының»* шынайылығына күмән келтіру ренессанстық рационализмнің жемісі емес: ол ортағасырлық қоғамда да бірнеше рет баяндалған, сонымен қатар папаның қарсыластарының тарапынан да, егеменді билікке ұмтылған бәсекелестерінің тарапынан да сөз болған еді. Сондай-ақ бұл скептицизмнің айтарлықтай маңызы да болмады. Біріншіден, дәстүр мен шынайылыққа ортағасырлық негізде қарауға байланысты құжаттың көнелігі мен папаның толық билігі туралы тезистің әділдігіне сенім артуға және оны түпнұсқа еңбек деп тануға мәжбүрледі. Екіншіден, *«Константин сыйының»* шынайылығына қарсы топтың тарапынан илануға тұрарлық әрі жүйелі дәлелдер ұсынылмады.

Лоренцо Валла құжатты жан-жақты сынға ала отырып, оның шынайы емес екенін дәлелдейтін нақты дәйектемелерді келтіреді. Сонымен қатар қазіргі

ғылымның көзқарасы бойынша, өзінің қолданған тәсілдерінің тұрпайы әрі әдеби-спекулятивтік болғанына қарамастан, тарихи деректі сын тұрғысынан талдаудың алғашқы тәжірибесін жүзеге асырды. Жалпы алғанда, Валланың дәйектемелерін үш бөлікке бөліп қарастыруға болады. Бірінші – император билігінің өзге тұлғаға берілмейтіні сияқты, рухани басшының зайырлы билікті иелене алмайтынын формалды түрде негіздеген моральдық-діни және саяси-құқықтық спекуляция. Екінші – оқиғаның фактілік жағының тарихи бейнесі, атап айтсақ, папа Сильвестрдің Константинді шоқындырғаны мен оған Рим билігін «сыйға тарту» әрекетінің жалғандығы. Үшінші – мәтіннің лингвистикалық әрі әдеби тұрғыдан талдануы құжаттың терминологиясы мен стилінің оның құрастырылған кезіндегі қолданылған классикалық латын тілінің нормаларымен мүлдем сәйкеспейтінін дәлелдейтіні. Бүгінгі ғылымның көзқарасы бойынша, нақты әдеби талдау Лоренцо Валла еңбегінің өзекті екенін көрсетіп отыр. Ол деректерді сыни талдау әдіснамасы аясында жасалған еді. Дегенмен тарихшы-гуманистің шығармасы қазіргі таңдағы тарихнамалық стандарттардан айтарлықтай артта қалған еді: дәйектемелік, риторикалық әрі баяндау тәсілдері оның еңбегін объективті және бейтарап тұрғыдағы зерттеу жұмысынан гөрі, әдеби, дидактикалық және пікірталастық шығарма ретінде сипаттайды.

Валланың еңбегі дерекке сыни тұрғыдан талдау жасаудың бірден-бір әрі айрықша мысалы болмауы да мүмкін. Гуманистік және реформациялық тарихнаманың көптеген шығармаларында осы сияқты тәсілдерді көруге болады. Алайда олар әлі де болса белгілі бір жүйеге түсіп, реттелмеген еді. Тарихты зерттеу жұмыстарына бірқатар жаңа тәсілдерді эрудиттер деген атауға ие болған өткен кезеңді жақсы білетін ғалымдар тобы енгізді. Өткен дәуірдің куәліктерін асқан ыждағатпен, егжей-тегжейлі әрі мақсатты түрде жинаушылардың қажырлы еңбектері әдеби-риторикалық бағыттағы тарихшылардың шығармаларына қарағанда, тарихшы еңбегінің ортағасырлық парадигмасының жаңаруына айтарлықтай сүбелі үлес қосты. Тарихшы-эрудиттер өткеннің шынайы бейнеленуі үшін тарихи куәліктерді анағұрлым көбірек жинау мен олардың шынайылығын тексерудің міндеттерін өте маңызды мәселе деп санады. Бірақ мұндай жұмыстың қандай да бір жетілген тәсілдері мен әдістерін әзірлемеді.

Орта ғасырдағы эмпирикалық және діни тарихнаманы сыни әрі ғылыми жүйеге айналдыру процесіндегі гуманистік білімнің рөлін асыра бағалау мәселесіне байыппен қарады. Гуманистер, ең алдымен, тарихты жазудың әдеби бағытын жетілдіруге септігін тигізді және тарихи процесті бағалауда бірқатар өзгерістер енгізді. Оларды қасиеттіліктен дүниаяуилікке, христиандықтың тарихынан антикалық тарихқа өзгертті. Олар антикалық әрі ортағасырлық ізашарлар секілді, тарихи және әдеби еңбектің арасында қатаң межені белгілемеді. Жалпы алғанда, тарихты ғылым немесе білімнің ерекше саласы деп есептемеді.

Сонымен қатар гуманистік тарихнама орта ғасыр тарихшыларының ғажайыптарға деген сенімдерін және олардың тарапынан ұсынылған кез келген мәліметтерге деген қызығушылығын жоққа шығармады. Антикалық мәтіндердегі аңыздарды сенім артуға тұрарлық мәлімет ретінде пайдаланды. Гуманистер аңыздардан кейіпкерлері ғана ауыстырылған өткеннің гибратты үлгісін көрді. Орта ғасыр жылнамашылары үшін өткеннің мұндай өнегелі кейіпкерлері шіркеу қайраткерлері, әулиелер, сенім жолын ұстанушылар, христиан монархтары

болса, гуманистер үшін қаланың билеушілері мен еуропалық монархтар болды. Олардың басқару саласындағы іс-әрекеттері мен жетістіктері ерекше құлшыныспен және асырасілтеушілікпен дәріптелді. Тарихты жалпы түсіну, оның мөнін, қоғамдық даму себептері мен түрлі факторларын талдауда, яғни идеялар мен концепциялардың саласы ретінде анықтауға болатын мәселелерді талқылау барысында гуманизм тарихтың кейінгі антикалық және ортағасырлық концепцияларына қарағанда анағұрлым өзекті әрі маңызды қызмет атқарды.

Жаңа тарихи сананың қалыптасуына түрткі болған қоғамдық өмірдің барлық саласындағы түбегейлі өзгерістердің кезеңінде, яғни батысеуропалық тарихтың сындарлы дәуірінде өмір сүрген Қайта өрлеу дәуірінің тарихнамасының ірі өкілдері Франческо Патрици мен Жан Боденнің идеялары жаңашылдықтың үлгісін көрсетті.

Француз заңгері, абсолютті монархияның жақтаушысы Жан Боден (1530–1596) құқықтанудың әмбебап жүйесін қалыптастыру үшін материалдарды жинақтау мен реттеу барысында тарих айрықша қызмет атқарады деп есептеді. Боденнің пікірінше, дүниежүзі тарихын зерттеу қазіргі нақты жағдайдағы басқарудың үздік формасын бекітуге негіз болатын адамзат қоғамын басқаратын заңдарға қатысты нақты қорытындылар жасауға мүмкіндік береді. Өз дәуірінің озық ойлы тұлғасы болған Боден тарихты танымның өзіндік әдістері бар ғылым ретінде түсінді.

Боден тарихшының маңызды міндеті тарихи фактілердің шынайылығын анықтау деп санады. Ғалым оны табиғи фактілермен салыстырды және оқиғалар жайында объективті әрі нақты мәлімет беретін құбылыс ретінде қарастырды. Ол фактілерді іріктеудің қиындығын ескерді, деректерді зерделеу барысында салыстырмалы сыни талдау принциптерін ұстанды. Тарихшының өткеннің оқиғалары мен адамдарына баға беру құқығына күмәнмен қарады. Боден тарих пәнін адамдардың ерік-жігерімен, өмірлік қажеттіліктерімен, адамның өзіндік табиғатымен және оның өмір сүру ортасымен байланысты іс-әрекеттері ретінде анықтады.

Боден өзінің «*Тарихты оңай тану әдісі*» (1566) және «*Мемлекет туралы алты кітап*» (1576) трактаттарында Макиавелли секілді, тарихта ішкі объективті заңдылықтардың болатыны жайындағы пікірді ұстанды. Нақтылап айтсақ, ол географиялық ортаның ахуалы халықтың психикалық көңіл-күйі мен оның тарихи тағдырын анықтайды деп есептейді. Сонымен қатар географиялық фактордың жағымсыз әсері ақылға қонымды заңдармен және оларға негізделген мемлекет арқылы түзетілуі мүмкін. Боден ғылымның, өнеркәсіп пен сауданың дамуы, географиялық жаңалықтардың, өнердің шарықтауы т.б. нәтижесінде жүзеге асатын тарихтағы прогрестер туралы идеяны насихаттады.

Философ-гуманист Франческо Патрици (1529–1597) 1572 жылы өзінің «*Тарих туралы он диалог*» атты шығармасын жариялады. Патрицидің риторикалық мектептің тарихшыларынан айырмашылығы – тарихты моральдық ережелерді бейнелейтін нақты мысалдардың жиынтығы емес, тарихтың мақсаты – шындықты тану деп пайымдағанында еді. Сондай-ақ тарихты жазу қоғамның өзін-өзі анықтауының маңызды қажеттіліктерін қанағаттандырады. Патрицидің пайымынша, тарихшының басты міндеті – нақты жағдайда орын алған белгілі бір іс-әрекеттің барысын көрсету. Ол шындыққа толықтай көз жеткізу мәселесіне

күмәнмен қарады. Себебі көптеген жайттар тарихшыға беймәлім болды (астарлы оқиғалар, жасырын мотивтер), өйткені ол оқиғаны белгілі бір көзқарас тұрғысынан зерделейді.

Патрици философия мен тарихты бір-біріне қарама-қарсы қойды, бірақ соңғысынан фактілерге сүйенетін ғылымды көрді. Ол үшін бүкіл нақтылық тарихтың нысаны болды, ал тарихтың өзі баяндау ретінде емес, естелік іспетті, сол нақтылықтың құжаттамалық бейнесі тәрізді қабылданды. Тарихшы өткенді зерттей отырып, күәгерлердің хабарламаларын негізге алуы қажет; егер ол өзінің уақыты туралы жазса, онда ол қарсыласқан партиялардан өзін шеттеп ұстауы керек.

## Византиялық тарихнама

Византиялық тарихнаманың қалыптасуы антикалық тарихты жазу дәстүрінің жалғасуымен тікелей байланысты болды. Сонымен қатар кейінгі римдік және ертевизантиялық дәуірлердегі (IV–VII ғасырлар) дәстүрдің өзі де антиканың классикалық уақытымен салыстырғанда айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Антикалық тарихи дәстүрдің өмір сүруімен қатар, тарихты жазудың жаңа бағыты – христиандық шіркеу тарихының қалыптасуы жүріп жатты. Бұл екі дәстүр бастапқыда бір-бірінен дербес дамыды. Себебі жекелеген шығармалардың ерекшеліктері, яғни олардың зайырлы немесе шіркеулік тарихнамаға тиесілі жанрлары авторлардың діни біржақтылықтары мен дүниетанымдарына байланысты болмаған еді. Антикалық әдеби-риторикалық дағдыларды және тарихи еңбектің тәсілдерін сақтау уақыт өте келе христиандық теология мен шіркеулік тарихтың идеологиялық үлгісіне енгізілді.

Византия тарихының алғашқы жүзжылдықтары оның жалпы мәдени жағдайына ықпал еткен алуан түрлі факторлардың шиеленіскен жағдайымен байланысты болды. Бұл факторлардың қатарында конфессиялық әртүрлілікті, атап айтар болсақ, христиандықпен қатар әлеуметтік әрі интеллектуалдық элитаның арасында дәстүрлі пұтқа табынатын діни сенім жолын ұстанушылар да айтарлықтай көп болған атап өткен абзал. Христиандықтың үстем, кейінірек монополиялық дүниетанымдық және идеологиялық жүйеге айналуы 313 жылы империялық биліктің оған ресми мәртебе, ал одан соң мемлекеттік дін мәртебесін беруінен кейін орын алған саясатына байланысты еді. Алайда бұл процесс бір сәтте ғана іске асқан жоқ.

Византияның мәдени дамуы, соның ішінде тарихи сана саласындағы ерекшеліктері, оның Рим империясының батыс аймақтары сияқты саяси құрылымның және әлеуметтік ұйымның барлық жүйелерінің түбегейлі күйреуі арқылы жүзеге аспағанымен анықталып отыр. Византиялық мәдениет пен оның институттарының қалыптасуына варварлық халықтардың ықпалы айтарлықтай төмен болды. Жалпы алғанда, византиялық қоғам өз тарихында жабық әрі өзгелер үшін қолжетімсіз жағдайда болды. Дегенмен Византия өзімен саяси және мәдени қарымқатынаста болған мәдениеттер мен халықтардың дамуына зор ықпал етті. Ең алдымен, әңгіме византиялық қауымдастық деп аталған ұйым мүшелері туралы болып отыр, бұл ұйымның мүшелері христиандықтың константинопольдық

үлгісін қабылдаған елдер еді. Олардың қатарында бірқатар византиялық мәдени модельдер мен формаларды меңгерген Ежелгі Русь те болды. Сонымен қатар антикалық түпнұсқа білімнің сақтаушысы ретіндегі рөлге ие болған византиялық дәстүр айтарлықтай дәрежеде қатар дамыған Латын Еуропа мен исламдық Шығысқа да өз ықпалын тигізді.

Византиялық мәдениет көп жағдайда антикалық – грек-рим, эллин мәдениетінің жалғасы саналды. Сонымен қатар оның мазмұны мен өзіндік мәні, ең алдымен, византиялық қоғамның дүниетанымдық және идеологиялық парадигмасына айналған христиандықтың ықпалымен анықталып отырды. Әлем мен адамдар туралы түсініктер Библиядан және шіркеу әкелерінің беделді діни шығармаларынан алынған бейнелермен, белгілі бір қалыптар және ұғымдармен байланыстырылып, христиандық тарихи оқиғалардың мән-мағынасын айқындау барысына айрықша ықпал етті. Өткеннің құбылыстары мен адамның іс-әрекеттеріндегі мотивтердің байланысын рационалды түсіндіруді кез келген әлеуметтік шындықтың жоғарғы және бастапқы себептері ретіндегі Құдай жоспарының тарихи-теологиялық түсінігі ығыстырып шығарды. Сондай-ақ ол христиандық этикалық түсініктердің барлық жүйесіне бірқатар өзгерістер енгізді: антикалық даналықтың үлгісі, азаматтық қайырымдылық және діндарлық негізі, тақуалық және күнәсі үшін кешірім алуға ұмтылған христиандық діни бауырластық моделімен ауыстырылды.

Византиялық мәдениеттің тағы бір ерекшелігі дәстүрлі сипатта болды. Атап айтқанда, ол – император билігі мен мемлекеттің, яғни Рим империясының тікелей жалғасы, ал византиялық ғылыми мәдениет – антикалық ғылыми мәдениеттің мұрагері деген нық сенімге негізделген. Шынайы білімнің қайнар көзі ғылыми дәстүр мен беделді шығарма деп есептелді. Алайда тікелей тәжірибе тек жекелеген сыртқы және ішкі құбылыстарды тану тәсілі арқылы ғана қабылданды. Византиялық мәдениеттің дамуында әдетте бірнеше кезеңді бөліп қарастырады. Бірінші кезең (IV ғасыр мен VII ғасырдың бірінші жартысы) антикалық мәдениеттен византиялыққа өту уақыты ретінде сипатталады. Екінші кезең (VII ғасырдың ортасы мен XII ғасыр) – Византия мәдениетінің айрықша үлгі ретінде қалыптасып, гүлденген дәуірі. Үшінші кезең (XIII ғасыр мен XV ғасырдың ортасы) Византияның тарихын және онымен байланысты болған мәдени дәстүрді аяқтайды. Жалпы алғанда, Византия тарихнамасының дамуы осы кезеңдеудің аясында зерделеніп отыр.

Византиялық тарихнаманың алғашқы кезеңі тарих туралы антикалық баяндау дәстүрінің тұрақты түрде сақталуымен сипатталады. Олардың бұл дәстүрге жатқызылуы авторлардың діни ұстанымдарына қатысты болмады. Тарихтың ерте христиандық теологтар мен шіркеу тарихшылары тарапынан құрастырылған христиандық теологиялық концепциясы Римнің діни дәстүрін ұстанушы, пұтқа табынушы тарихшылардың шығармаларына ғана емес, сондай-ақ христиан авторларына да ықпал ете алмады. Аммиан Марцелин немесе Кесариялық Прокопиус (Прокопий Кесарийский) секілді IV–VI ғасырлардағы византиялық әйгілі тарихшылар тарихты адамдардың қажырлы еңбегінің нәтижесі ретінде қарастырады. Олардың іс-әрекеттерінен моральдық игі қасиеттер мен кемшіліктерін көреді. Билеушілердің тұлғасы тарихшылардың шығармаларының арқауы болып, саяси науқандар Рим империясы тарихының мағыналық және сюжеттік



негізіне айналды. Тарихшылар тарапынан қазіргі заман империяның ұлылығы мен күш-қуаты туралы түсініктің контекстінде зерделенді, ал саяси іс-әрекеттердің маңызы моральдық қасиеттер мен күнәлардың санатында сипатталып, бағаланды. Бұл дәуірдегі византиялық тарихнаманың нақты сипаты зайырлы әрі саяси оқиғаларға, Рим империясының мұрасына, тарихи шығармалардың моральдық шешендік сипаты мен дидактикалық пафосына айрықша назар аударуымен ерекшеленді. Сондай-ақ баяндаудың әдеби мәнері мен драматизміне көңіл бөлу оны антикалық дәстүрдің заңды жалғасы екенін көрсетеді. Аммиан Марцеллин соңғы антикалық әрі алғашқы византиялық тарихшы саналды.

Аммиан ежелгі римдік дәстүрдің және өткеннің пұтқа табынушысының жалғыз апологеті болған жоқ. Алайда тарихи оқиғаларды мұрагерлік, сенаторлық ақсүйектік көзқарас тұрғысынан бейнелеу, Ежелгі Римнің азаматтық айбыны мен моральдық құндылықтарын қорғау мәселесі үстемдік етуші дін мәртебесін иеленген христиандыққа қарсы шыққан пұтқа табынушылықпен ғана байланысты болмады. Мемлекет пен оның билеушілерінің өткеннің мүлтіксіз бейнесімен салыстырмалы түрде қарастырылған қазіргі жай-күйіне скептикалық тұрғыдан баға беру христиандық тарихшыларға да тән болды.

Егер Аммиан Марцелиннің және маңызы одан төмен бірқатар пұтқа табынушы тарихшылардың шығармашылығы антикалық тарихнамалық дәстүрді аяқтаса, VI ғасырдағы зайырлы тарихшылардың шығармалары енді византиялық тарихнаманың мектебіне жатқызылады.

Шыққан тегі сириялық грек, терең білім алған және Константинополь сарайында дипломатиялық әрі саяси қызметте елеулі табыстарға жеткен Кесариялық Прокопиус (Прокопий Кесарийский, б.з. 500–565 жылдардан кейін) осы дәуірдің ірі тарихшысы ретінде мойындалды. Көптеген маңызды оқиғалардың куәгері болған, византиялық саясаттың астарын жақсы білген Прокопий император Юстинианның билік құрған кезеңіне арнап бірқатар тарихи шығармаларды жазып қалдырды. Олардың арасындағы *«Юстинианның парсылармен, вандалдармен және готтармен соғысының тарихы»* (б.з. 553) және *«Юстинианның құрылыстары туралы»* (б.з. 553–555) деген екі еңбек императордың әскери әрі саяси қызметін дәріптеуге арналды. Алайда Прокопиустың *«Құпия тарих»* (шамамен б.з. 550) атты еңбегінің маңызы ерекше. Онда автор империяның ахуалы, оның билеушілері мен саяси элитаның бейнесі жайында өзінің көзқарасын білдіреді. Ол Юстиниан мен оның айналасындағыларды сынға алып, оларды моральдық тұрғыдан айыптайды, императордың билігін қатігездік деп сипаттайды. Себебі оның саясатының нәтижелерін мемлекетке қауіпті және зиянды деп санады. Ол Аммиан сияқты, империя билеушілерінің іс-әрекеттерінің саяси сипаттамасын олардың моральдық бағасынан бөліп қарастырмайды. Моральдық-этикалық аспектілер тіпті қоғамдық және саяси өмірдің барлық саласын анықтайтын тетік болып саналады: Юстинианның жағымсыз сипаттамасы және іс-әрекеттердің нақты жай-күйі мен мемлекеттің келешегіне деген пессимистік көзқарасы император басқарған билеуші элитаның адамгершілік тұрғыдан құлдырауы мен моральдық дағдарысынан туындайды. Прокопиус ұлы Римнің даңққа толы өткен кезеңі мен құлдыраған қазіргі жағдайын қарама-қарсы қояды да, оның пессимистік және күйреуік дүниетанымын айқындай түседі.

Аммиан Марцеллиндегідей империяның бейнесі Прокопиуста да маңызды категория мағынасына ие болып, тарихи әрі саяси сананың өзіндік парадигмасына айналады. Бұл категорияның мәні өткенге деген сағынышы арқылы анықталады. Қос автор мемлекеттің апатқа ұшырауы мен күйреуінің себебі әлеуметтік және саяси өмірдің дәстүрлі құндылықтары мен нормаларынан бас тарту деп біледі. Олар өткеннің ұлылығын қағидаға айналдырып қана қоймай, империя құбылысының өзін тарихи әрі саяси өмір сүрудің жалғыз формасы ретінде аңызға айналдырады. Империяның болашақ тағдырына деген пессимистік көзқарасты өзгерту шіркеу тарихнамасы дәстүрін қалыптастырды. Бұл тарихнамада қасиетті мемлекет концептісі оның діни мақсат-мұраты – христиандықты қорғау және құдайлық әлем құрылысының жердегі бейнесін жүзеге асыру идеясымен біріктіріледі.

Антикалық тарихнама дәстүрімен жанды әрі тығыз байланыс Прокопиустың іні буын замандастары – тарихшы, ақын Мириналық Агатиас (Агафий Миринейский, шамамен б.з. 536–582) пен Теофилактус Симокаттаға (Феофилакт Симокаттаға, VI ғасырдың соңы мен VII ғасырдың бірінші жартысы) да тән болды. Бұл авторлардың тарихты жазудың антикалық дәстүрімен шығармашылық сабақтастығы көптеген әлеуметтік, тұжырымдамалық, әдеби-стилистикалық аспектілерде көрініс тапты. Олар өздерінің шығу тегі бойынша дәстүрлі аймақтық ақсүйектер ортасымен, терең білімі бар, шешендік өнер мен құқық салаларын меңгерген, кәсіби қызмет бабы бойынша Константинопольдің саяси әрі интеллектуалдық элитасымен тығыз байланыста болған еді. Тарихшылардың дүниетанымдары антикалық философияның тұжырымдамаларымен анықталды: бұл уақыт, тағдыр, мәдениет және варварлық сияқты түсініктерде, сондай-ақ қоғам мен жекелеген кейіпкерлерді бағалау үшін қолданған моральдық әрі этикалық категориялардың жиынтығы ретінде бейнеленді. Олардың тарихи шығармаларды жазу барысында қолданған тәсілдері логикада, сондай-ақ әдеби дискурстың риторикасында бейнеленетін антикалық рационал дәстүрге негізделеді. Өздерінің баяндауларында жекелеген оқиғалар арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды анықтау принципін басшылыққа алады. Кез келген іс-әрекеттердің немесе орын алған жайттардың мәнін түсіндіру үшін оның себебін қандай да бір тылсым күштерден емес, жердегі құбылыстардан (мақсаттар, ұмтылыстар, пайда, моральдық ұстанымдар) іздейді. Олар тарихшының еңбегін әдеби қызметтің бір түрі ретінде қабылдайды. Оның өзіндік болмысы, бір жағынан, дидактикалық сипаттағы міндеттерімен анықталса, екінші жағынан, өткеннің нақты шындығын баяндау мақсатымен айқындалады. Ертевиантиялық тарихшылардың шығармаларында қарқынды моральдық риторика әдеби сипатта кеңінен қолданылатын көркем тәсілдермен біте қайнасып жататыны тегін емес. Бұл тарихи кейіпкерлердің портреттерін, баяндаудағы драматизмді, ойдан құрастырылған арнаулар мен төл сөздерді көбірек қолдануға деген құлшыныс еді. Агатиас пен Теофилакт авторлық еңбек принципін ұстанған: олар негізінен өздері куә әрі қатысушылары болған оқиғаларды сипаттайды, баяндалған жағдайларға берген өзіндік бағалары мен жеке көзқарастарын да ашық білдіреді. Осы кезеңнің соңына қарай христиан дінінің ықпалы барған сайын анық біліне бастады. Бұл, ең алдымен, моральдық әрі этикалық басымдықтар мен мемлекеттік биліктің мақсатын бағалау барысында нақты байқалды. Осы өзгерістер Теофилакт Симокаттаның «Тарих» атты еңбегінде көрініс тапты.

Бұл кезеңде зайырлы тарихнамалық дәстүрмен қоса, тарихи процестерді сипаттайтын библиялық және теологиялық модельдерге сүйенген шіркеулік христиандық тарихнама да қалыптасқан еді. Христиандық пен шіркеудің идеологиялық әрі әлеуметтік өмірге ықпал етуі жаңа тарихи жанрлардың туындауына себеп болды: олардың қатарына шіркеу тарихы мен дүниежүзілік жылнама енеді. Христиандық әуелі ресми, одан кейін империядағы мемлекеттік дін мәртебесін иеленгеннен кейін, ал шіркеу әкімшілік әрі саяси институттардың құрылымында өзінің орнын алған соң, христиан тарихи мифологиясы мен догматикаға негізделген тарихи шығармаларды жазу міндеті өзекті мәселеге айналды. Жоғарыда айтылғандай, Аурелий Аугустин мен Кесариялық Еусебиус тарихтың біртұтас христиандық концепциясының негізін қалаушылар болды. Кесариялық Еусебиустың «*Шіркеу тарихы*» атты туындысы византиялық тарихнаманың дамуына зор үлес қосқан шығарма ретінде бағаланды.

Кесариялық Еусебиустың туындысы христиан шіркеуінің әмбебап тарихи процестің құрамдас бөлігі ретіндегі тарихын жазудың алғашқы тәжірибесі болып есептелді. Зерттеушілердің пікірінше, Еусебиустың шығармасы діни әрі философиялық-дүниетанымдық дәстүрдің таяушығыстық-библиялық және неоплатонизмдік екі аспектісіне негізделген. Кесариялық Еусебиус Аугустинге қарағанда, адамзаттың тарихын жүйелі түрде жетілу процесі ретінде қабылдайды. Христиандықтың жер бетінде кеңінен таралуын оны империялық биліктің мойындауымен түсіндіреді. Ол діни ағарту, шынайы сенімді ұстану мен күнәдан арылудың мүмкіндігін шіркеу мен мемлекеттің өзара тығыз ынтымақтастығымен байланыстырады. «Симфония» ретінде анықталған мұндай сакралды-діни және саяси тәртіптердің бірлігі византиялық империялық идеология мен діни ойдың іргелі ұғымдарының біріне айналды. Егер Аугустиннің тарихи-діни концепциясы жердегі мемлекет пен таңдаулылардың мистикалық қауымдастығының нақты бөлінуіне негізделсе, ал күнәдан арылу жолы саяси ұйымдар шегінен тыс және шіркеудің рухани басшысы тарапынан ғана анықталса, онда византиялық доктрина христиандық мемлекетті құдайлық тәртіп пен өмірдің әділ құрылымының жер бетіндегі бейнесі ретінде көрді. Константинопольдік билеушінің басқарған қасиетті империясы христиандық қауымдастықтың жердегі мүмкін болған жалғыз формасы ғана емес, сонымен қатар діни әлемдік тәртіптің тікелей жүзеге асқан бейнесі ретінде мойындалды.

Кесариялық Еусебиустың еңбегі шіркеу тарихы мен дүниежүзілік жылнама жанрының дамуына ықпал етті. Шіркеу тарихы ресми шіркеудің аясында да, ортодоксалдық шіркеуден ауытқыған христиандық діни ағымдардың өкілдері тарапынан да жазылды. IV–VI ғасырлар ресми доктринаны негіздеген дәуір деп саналды, сонымен қатар сол кезеңде шіркеу төңірегіндегі идеологиялық күрес қызу пікірталас сипатында өрбіді. Арианизм және монофитизм сияқты дінбұзушылық сипатта деп танылған ілімдердің жақтастары өздерінің ұстанған сенім жолының дұрыстығын доктриналық талас-тартыстарда ғана емес, тарихи шығармалардың көмегімен де қорғады. Дүниежүзі тарихының жанры Византияда кеңінен танымал болды және кейбір византиялық аймақтарда мәдени ықпал етудің тарихнамалық парадигмасы ретінде қабылданды. Ол идеологиялық тұрғыда жаратылыстың алғашқы кезеңінен басталған адамзат тарихының тұтас әрі әмбебап процесс ретіндегі түсінігіне негізделген. Құдайдың болмысы мен

халықтардың христиандықты қабылдауы оның өзекті оқиғасы болды. Баяндау хронологиялық принципке сәйкес құрылды және жылнамашылардың өмір сүрген уақытына дейін жеткізілді. Дүниежүзілік жылнамалар антикалық авторлардың еңбектерінде сипатталған библиялық мәліметтер мен деректердің қарабайыр компиляциясы болып саналады. Тарихи процестің тұтастығы оқиғалар мен құбылыстардың өзара байланыстарын нақты түрде анықтаумен емес, олардың бірыңғай баяндалуы мен уақытша межеге біріктіруімен, сондай-ақ негізгі тарихи-діни идеяларды мәлімдеумен айқындалған еді. Сонымен қатар ол жылнамалар тарихи мәліметтердің белгілі бір тобын сақтауға және оқырманға христиандық ілімнің негізін жеткізуге мүмкіндік беретін ағартушылық жинақтың рөлін атқарды. Иоанн Малаланың (VI ғасыр) жылнамасы Византия аумағынан тыс жерлердегі алғашқы әрі әйгілі жылнамалардың бірі болды. Зайырлы бағыттағы тарихнамамен салыстырғанда жылнамалардың интеллектуалдық және риторикалық құрылымы қарапайым болып келеді. Сонымен қатар олар белгілі бір дәрежеде қарапайым халық пен бұқаралық мәдениетке де ықпал етті.

Византия тарихнамасының екінші даму кезеңі VII–XII ғасырларға сәйкес келеді. Бұл кезеңде бейбіт өмірдің білімді адамдарының нақты авторлық ұстаным тұрғысынан жазған зайырлы сипаттағы тарихи шығармалары бұрынғыдай емес, сирек жарияланды. Әлемнің жаратылған сәтінен басталған адамзат тарихының библиялық үлгісіне бағдарланған дүниежүзілік-тарихи жылнама негізгі жанрға айналады. Сол уақыттан бастап Византия авторларының тарихи санасы христиандықтың негізінде қалыптасқан дүниетанымдық және тарихи түсініктердің жалпы жүйесіне бағынады. Тарихи туындылардың көп бөлігі шіркеулік әрі монахтық ортада қалыптасады. Сол уақыттың жылнамалары компиляция сипатында болды және олар ауқымды тарихи кезеңдерді қамтыды. Жылнамашылар оқиғалардың өзара байланысын анықтау мен олардың маңызын бағалау міндетін ескермейді. Олар әртүрлі аңыздар мен әңгімелерді шынайы мәліметтерден ажыратып алмай, оларды кеңінен пайдаланады. Бұл кезеңнің шығармалары стилистикалық тұрғыдан қарапайым болды және классикалық риториканың үлгілерінен мүлде алыстап кетті. Оларда Византияның шіркеулік әрі діни өмірін астан-кестен еткен оқиғалар, ең алдымен, икон құрметтеушілермен күресі бейнеленген. Авторлардың икон құрметтеу тәжірибесін қолдайтыны немесе қолдамайтыны жылнамаларға полемикалық әрі саяси мазмұндағы мағынасын бере отырып, көптеген туындыларда көрініс тапты. Сондай-ақ жылнамалар түрлі шіркеулік қауымдастықтардың: монахтардың, аймақтық рухани дін өкілдерінің, константинопольдік патриархияның көзқарастарын білдірді.

X ғасыр уақытша мерзімге жоспарланған антикалық білім дәстүрі мен интеллектуалдық мәдениеттің өрлеу кезеңі болды. Бұл жағдай XI ғасырда Константинопольде зайырлы білім беру жүйесінің жалпы империялық орталығына айналған университеттің қайта жаңғыруына ықпал етті. Кейіннен жоғарғы мектептер Византияның басқа да ірі қалаларында пайда болады. Антикалық дәуірге деген қызығушылық барған сайын арта түсті әрі кейбір жерлерде шиеленіскен сипатқа ие болды. Бұл кезеңнің жетекші мәдени тенденциясы антикалық дүниетаным элементтерін христиандық идеологиямен жасанды түрде біріктіру және антикалық туындыларды компиляция түрінде пайдаланумен ерекшеленеді. IX–X ғасырларда өткен кезеңнің әдеби туындыларын сақтау мен жүйелеуге

бағытталған ауқымды компиляциялар жасалынды. «Мириобиблионда» («Көптеген кітаптарда») антикалық, сондай-ақ ертевизантиялық авторлардың бірнеше жүздеген туындыларының үзінділері жинақталған. Бұл теңдессіз компиляцияның құрастырушысы патриарх Фотий (IX ғасыр) еді. Ол мәтіндерді интеллектуалдық айналым мен білім жүйесінде сақтап қалуға ұмтылды. Алдыңғы дәстүрлер арқылы жинақталған мәліметтерді кодтау мен жалпылау тенденциясы тарихи, этнографиялық және саяси-идеологиялық мәліметтерді біріктірген император Константин Парфирогенеттің (Константин Багрянородный, 913–959) энциклопедиялық шығармаларына да тән болды.

XI–XII ғасырлар византиялық тарихнаманың өрлеу кезеңі болды. Бұл кезең әйгілі авторлардың шығуымен және дүниежүзілік-тарихи жылнамалардың каноны шеңберінен шыққан бірқатар белгілі туындылардың жазылуымен ерекшеленеді. Дүниежүзілік жылнамалар мен өзге де шіркеулік-тарихи шығармалардың (ең алдымен, тұрмыстық) орнын басқан тарихи-мемуарлық сипаттағы туындылар зайырлы тарихи дәстүрдің қайта жандануының айрықша құбылысы болып саналды.

Сол дәуірдің тарихи ойының айтарлықтай жарқын ескерткіштерінің бірі – византиялық тарихтың жүзжылдық кезеңіне (976–1077) арналған Михаил Пселдің (шамамен 1018–1096) «*Хронография*» еңбегі (шамамен 1078). Пселл – жан-жақты білімі бар антикалық философия мен әдебиет мәдениетінің сақтаушысы. Аталған салалардың стилистикалық және риторикалық тәсілдерін толық бейнеде қалпына келтіреді: ол императорлар мен оның айналасындағылардың портреттерін жасайды, олардың билік еткен кезеңдерін шығармасына арқау еткен. Автор өзінің бағалауында субъективті, кейде біржақты, моральдық үгіт-насихат пен ғибратты қорытынды жасаудан жасқанбайды. Пселл өзіне дейінгі және өзінен кейінгі тарихшылардың белгілі бір бөлігі секілді, өзінің «*Хронография*» еңбегінде көрсетілгендей, ғылыммен, риторикамен, саясатпен айналысуды құптайды.

XI–XII ғасырларда тарих жанры қайта жаңғыртылды, онда белгілі бір оқиғаға қатысып, оған куә болған адамдардың деректері мен автордың кейіпкерлер мен құбылыстарға баға беруіне айрықша назар аударылады. Мұндай туындылардың жарқын үлгісі Анна Комниннің (шамамен 1083–1155) «*Алексиада*» (шамамен 1148) атты шығармасы болды. Шығарма оның әкесі – император I Алексей Комниннің даңқты бейнесі мен саяси қызметіне арналған еді. Антикалық үлгілерге деген қызығушылық пен оған еліктеумен ерекшеленген бұл кезеңнің аяқталуы империяның саяси дербестігі мен византиялық мәдениеттің даму жүйесін бірнеше ондаған жылдарға (1261 жылға дейін) бұзған кресшілердің (1204) Константинопольді жаулап алуымен байланысты болды.

Византия тарихының үшінші – соңғы кезеңі (1453 жылға дейін) алдыңғы тенденциялардың дамуымен ерекшеленді, алайда ешқандай жаңашыл өзгерістер туындамады. Тарихнамалық туындыларда зайырлы әрі шіркеулік дәстүрлердің көрінісі бейнеленген. Зайырлы дәстүрдің өкілдеріне эрудиттердің қатарына кіретіндер мен классикалық білімді ұстанушылар жатады. Олар өздерінің шығармашылықтарында әдеби әрі интеллектуалдық қызметтің алуан түрлерін қамтыған. Мысалы, Никифор Григордың (шамамен 1295–1360) «*Ромей тарихы*» атты шығармасында ортодоксалдық дін өкілдері мен византиялық интеллектуалдардың жекелеген үйірмелері арасындағы айтарлықтай күрделі қарым-қатынастар сипатталған. Шіркеулік және гуманистік-рационал



ортаның арасындағы қақтығыс исихазмның даму процесінде әрі оның шіркеу доктринасымен сәйкес келетін діни-мистикалық ілім ретінде орнығуы процесінде ерекше сипатқа ие болды. Сонымен қатар XIV–XV ғасырлар барысында византиялық эрудиттер мен италиялық Қайта өрлеу қайраткерлерінің арасында тұрақты байланыс орнай бастайды. Соңғылары византиялық ғылыми дәстүрлерден Батыс жоғалтқан немесе ұмытқан антикалық, ең алдымен, грек мәдениеті туралы білімге қол жеткізеді. Византия тарихнамасы түріктердің Константинопольді жаулап алуы мен империяның құлауына арналған бірқатар шығармалардың дүниеге келуімен аяқталды.

## Ежелгі орыс тарихи шығармалары (XI–XVII ғасырлар)

Тарихи шығармалардың жасалу тәжірибесі христиан дінін қабылдаудың нәтижесі еді және ол ежелгі орыс жазба мәдениетінің пайда болуы мен кейінгі дамуының контекстіне кіреді. Дегенмен бұл уақытқа дейін де ауызша баяндау түрінде өткеннің естеліктерін сақтау дәстүрінің болуы және кейін олардың ежелгі жазба шығармалардың құрамына енуі әбден мүмкін. Ежелгі орыс тарихи туындыларының XVI ғасырдың ортасына дейінгі негізгі түрі жылнамалар болды. Олармен қатар византиялық тарихи шығармалар – аударма мәтіндері де қолданылған еді. Олар мәліметтерден тұратын дерек қана емес, XVII ғасырда аса танымал болған орыс жылнамашылары үшін үлгі болып саналды. Тарихи туындылар тобына жылнамалардан бөлек ортағасырлық Еуропадағыдай жекелеген оқиғалар мен адамдар туралы мәліметтер сақталған өзге жанрдағы шығармаларды да енгізуге болады. Олар – әулиелердің тұрмысы, князьдар туралы баяндаулар, соғыстар жайындағы әңгімелер. Жеке ескерткіштер ретінде пайда болған бұл шығармалардың белгілі бір бөлігі жылнамалар қатарына енді.

Орыс жерінде жылнама жазу дәстүрі XI–XVIII ғасырларда қарқынды дамыды, олар жекелеген оқиғалар туралы жазбалар еді. Әдетте бұл жазбалар болған жайтты қысқаша, шектеулі түрде ғана тіркеп отырды. Белгілі бір адамдарға арналған немесе оқиға барысын баяндаған ауқымды үзінділер жекелеген әдеби хикаяттар мен әңгімелердің жылнамасының құрамына бірден немесе қайта өңделіп енгізілді. Қазіргі кезеңге жеткен қолжазбалар жекелеген жылнамалардың алғашқы мазмұнын көрсетіп бере алмайды. Олар жылнамалық жинақтар болды, оның құрастырылуымен айналысқан авторлар оларды жаңа жазбалармен толықтырып отырды. «Жылнамалық жинақ» ұғымы ежелгі орыс авторларының еңбектерінің ерекшеліктерін нақты анықтап бере алады. Олар белгілі бір оқиғаларды жазбаша түрде тіркеп, алдыңғы буын өкілдерінің еңбектерін жалғастыруды негізгі міндетіміз деп санады. Сонымен қатар аға буынның материалдарын көшірумен шектелмей, өңдеуден өткен – қысқартылған немесе өзге деректерден алынған мәліметтер арқылы жылнамалық жинақты толықтырып отырған. Соңғыларының санатында тек өзге жылнамалық жинақтар мен ежелгі жылнамалар ғана емес, сондай-ақ ескерткіштер де болды. Жылнамалар князьдардың сарайларында және шіркеулік мекемелер – монастырьларда, митрополиттік кеңселерде де құрыстырылған. Жылнамаларды құрастыру жеке бастама ретінде емес, шіркеудің

және саяси элитаның тарапынан жасалған тапсырыс тәрізді болды. Жылнамалардың фактілік мазмұнды баяндауда, сонымен қатар жекелеген оқиғаларды бағалауда бір-біріне қарама-қайшы келген тұстары да болды. Бұл жағдай тапсырыс берушілердің ұстанымын да білдіруі мүмкін.

Орыс жылнамаларын жазуға арналған ауқымды зерттеулердің болғанына қарамастан, оның шығу тегіне, табиғаты мен әлеуметтік қызметіне қатысты бірқатар принциптік мәселелер әлі күнге дейін шешімін таппай келеді. Зерттеушілер жылнамалардың жалпы ежелгі орыс әдебиетіне тән жанрлық әртектілігі (гетерогенділігі) секілді алуан түрлі функциялары мен әдеби әмбебаптығының айтарлықтай белгілерін атап көрсетеді. Жылнамашылар өздерінің шығармаларында әртүрлі үлгідегі туындыларды (тұрмыстық, уағыздар, тарихи хикаяттар, дипломатиялық құжаттар) қоса отырып, жылнама жазу (үстіртін табиғи жазбалар) мен әдеби туындының өзге де үлгілерінің арасындағы айырмашылықтарды ашып көрсеткен емес. Жылнамалар әдеби жинақтарға айналды, олар жекелеген авторлар мен редакторлардың тарапынан қосылған мәтіндер немесе ауызша хикаялар арқылы кеңейтіліп, толықтырылуы мүмкін. Жылнама жазуды ежелгі орыс әдебиетінің негізгі әрі анағұрлым әмбебап түрі деп бекерге атамаған.

Жылнамалар өз авторларының тарапынан әмбебап, барлығын қамтыған туынды ретінде қабылданған тәрізді. Әрбір жылнамашы алдыңғы шығармалардың жалғастырушысы әрі редакторы ретінде ғана рөл атқарды. Жылнамашылар белгілі бір аумақпен, шіркеулік институтпен немесе князь сарайымен байланысты аймақтық мүддені білдіретін оқиғалар мен кейіпкерлер туралы мәліметтерді жинақтай келе, оларды алдыңғы «тарихтың» контекстіне қарай бейімдеп жазып отырды. Маңызды әрі біржақты сипаттағы ертедегі туындыларды қайта өңдеу процесі белгілі бір дәстүрдің абсолютті беделін мойындаудың шеңберінен шыққан емес және өзінің тақырыбы мен өткен кезеңге деген көзқарасы ерекше болып саналатын жекелеген шығармаларды жазуға ұмтылмады. Бұл ежелгі орыс жылнамасын жазудың антикалық немесе сол кезеңдегі византиялық және еуропалық тарихты жазу тәжірибесінен айтарлықтай айырмашылығының бірі еді. Осы тарихнама дәстүрінде түрлі формалар арқылы және жете түсінудің әртүрлі дәрежесінде жүзеге асқан авторлық тарихи шығармалардың моделі бар. Онда алдыңғы буын тарихшыларының еңбектерін қолдану мен оларға тәуелді болу жағдайы өткеннің өзіндік нұсқасын жасауға әрі оның бүгінгі күнмен байланысын түсіндіруге еш кедергі жасамайды. Ежелгі орыс жылнамашысы мағынасы мен мазмұны бойынша мүмкіндігінше жалғыз әмбебап тарихи мәтінді жасауға үлесін қосқан алдыңғылардың жалғастырушысы ғана болды.

Ежелгі орыс жылнама жазу мәселесі өзінің міндеттері бойынша өткеннің шынайы әңгімесін жазудың және бүгінгінің нақты бейнеленуінің прагматикалық міндеттерінің аясынан шығып кетті. Антикалық дәстүрмен пайымдалған тарихтың бұл міндетіне моральдық, дидактикалық, танымдық функциялар да жатады. Жоғарыда айтылғандай, тарихты жазу ісіне әдеби туындының ерекше үлгісі ретінде қарау көзқарасы Латын Еуропасында да қабылданған еді. Ол тарихи шығармалардың жанрлық шекарасын анағұрлым дәл әрі нақты сақтауға және оларды ресми құжаттар сияқты діни-ғибраттық немесе әдеби-танымдық үлгідегі туындылармен араластырмауға мүмкіндік берді. Бұл әрекет ежелгі орыс жылнамасын жазу дәстүрінде айрықша байқалды. Өткеннің шынайы баяндалуы ондағы діни,

дидактикалық және прагматикалық сипаттағы функциялармен синкреттік тұрғыдан астасып жатыр.

Византиялық жылнамалардың аудармаларына негізделіп құрастырылған тарихи шығармалар, сондай-ақ компиляциялар да дінұстарту ретінде қарастырылады. Бұл туындыларда библиялық тарихтың негізгі оқиғаларының очерктері сақталған. Оқырман қауым осы туындылардан адамзаттың жаратылыс кезеңінен бастап қияметтің сотына дейінгі өмірін баяндайтын эсхатологиялық процесс жөнінде мол мағлұмат алады. «Бағзы замандар хикаясына» (*Повесть временных лет*) (XII ғасырдың басы) алғашқы орыс жылнамасынан бастап тарихты жазу тәжірибесінде библиялық тарихтағы қысқаша баяндалған шынайы оқиғалар енген. Бұл очерктер Көне және Жаңа өсиеттерде сипатталған оқиғаларды жергілікті тарихқа қандай да бір қатысы бар оқиғалармен сабақтастырды. Сонымен орыс тарихы «қасиетті тарихтың» жалғасы және құрамдас бөлігі болып саналды. Оның мән-мағынасы Құдайдың таңдаулы халқы немесе одан теріс айналған халықтардың бейнесін сомдау арқылы ашылды. Құдайдың жоспары мен құдіретінің құралы және нысаны болған таңдаулы халық идеясы Русьтің ежелгі әдебиетіндегі тарихи-діни бірегейлігінің негізіне айналды. «Орыс жері» мен «орыс халқының» таңдаулы халық ретіндегі сипаттамасы моңғол шапқыншылығына дейінгі кезеңнің (XI ғасырдың екінші жартысы мен XII ғасырдың басы) алғашқы түпнұсқалық ескерткіштерінде – митрополит Иларионның «Заң және рақат туралы сөзі» (*Слове о законе и благодати*) еңбегінде, Борис пен Глебтің өмірлері сипаттамасында, «Бағзы замандар хикаясы» туындысында берілген.

Латын Еуропасында тамыр жайған библиялық тарихтың тарихи, діни-мистикалық және моральдық мән-мағынасының жүйелі ажыратылуының тәжірибесіне қарағанда, ежелгі орыс жылнамалық дәстүрі осындай мағыналық айырмашылықтарға назар аудармаған еді. Библиялық тарихтың кез келген оқиғасы ол үшін қастерлі болып саналды, оған ұқсас жайттар отандық тарихтың маңызды оқиғаларына қасиетті мән-мағына дарытты. Орыс жылнамаларына ұлттық тарихтың шынайы кейіпкерлері мен жекелеген оқиғаларын библиялық, оның ішінде жаңа өсиеттік кейіпкерлер мен оқиғаларға ұқсату мәнері тән болды. Библиядан немесе оның мағынасын түсіндіруге арналған мәтіндерден алынған тікелей және жанама дәйексөздер көбінесе шынайы оқиғалардың көрінісін жиі алмастырды. Соңғылары ежелгі орыс ғылыми дәстүрінің тарихи санасының мифологиялық парадигмасын көрсететін библиялық прототиптердің сөзбе-сөз қайталануы ретінде қабылданды.

Ежелгі орыс жылнамасының өзіндік ерекшелігімен байланысты оның шығу тегі, яғни тікелей жалғастырушысы болған қандай да бір алдыңғы өткен дәстүрлермен генетикалық байланыстары туралы мәселе туындайды.

Византиялық тарихнаманы өзінің қайнар көзі ретінде санаған жылнама жазу дәстүрі мен оның кейбір жекелеген ескерткіштері ежелгі орыс әдебиетінің қалыптасуына дейін-ақ Болгарияда шіркеулік-славяндық тілге аударылған және ол Киев Русіне діни әрі әдеби мәтіндер кешенінің құрамында жеткен еді. Бірқатар византиялық тарихи шығармалардың аудармалары XI ғасырда Русьте жасалуы да ықтимал. Негізінен, бұл туындылар дүниежүзі тарихын баяндаған компиляция түрінде болған еді. Жылнаманың пайда болуы ежелгі орыс жазба және әдеби дәстүрінің қалыптасуымен тығыз байланысты, оның бастамасы византиялық

ескерткіштердің тәржімалануымен жүзеге асырылды. Жылнама мен тарихи шығармалардың ұзақ уақыт бойы қатар қолданылуы жылнаманың тарихи мәні бар туындылардың құрамына енбейтін дербес жанр екенін айғақтайды. XVI ғасырдың аяғына қарай жылнама жазу ісі баяулай бастады. Бұл жылнамашылардың тарихи жазбаларды бұрынғыдай емес, өте сирек жазуына байланысты болды.

Орыс жылнама жазудың бастауын, ең алдымен, жергілікті жазба дәстүрінен іздеген дұрыс. Бір жағынан, шіркеу институттары саналатын монастырьлар мен епископтық кафедраларда сынақтан өткен бірсарынды іскерлік жазбалардың тәжірибесі болуы ықтимал. Екінші жағынан, жылнама жазу орыс тарихының алғашқы оқиғалары туралы монотақырыптық баяндауларды құрастыру дәстүрінің жалғасы ретінде дамуы мүмкін. Жалпы алғанда, алғашқы орыс жылнамасы шартты түрде «Көне жинақ» (*Древнейший свод*) (А.А. Шахматов) немесе «Орыс жерінің бастауы туралы хикая» (*Повесть о начале Русской земли*) (М.Н. Тихомиров) я болмаса «Русьте христиандықтың таралуы туралы аңыз» (*Сказание о первоначальном распространении христианства на Руси*) (Д.С. Лихачев) атты әңгімелердің (XI ғасырдың бірінші жартысында жазылған) негізінде пайда болды деген ой-пайымдар айтылды. Бұл көне әңгіме Киевтің және алғашқы орыс князьдарының пайда болуы туралы ауызша хикаялардың жазбасы ретінде немесе негізі Ольгадан Ярославқа дейінгі алғашқы христиан князьдары жайындағы әңгімелерден бастау алған христиандықтың енуі туралы тұтастай баяндаулар ретінде түсіндіріледі. Мұндай бастапқы баяндаудың өзегі туралы гипотеза тарихи естелікті тіркеудің ерекше формасы ретіндегі жылнама жазудың негізінде жатқан қалыптасу механизмдерін түсіндірмейді.

Жылнама жазу тарихын бірнеше кезеңдерге бөлуге болады. Оның біріншісі – киевтік жылнама жазу кезеңі. XI ғасырдың соңында Киевте құрастырылған алғашқы жылнамамен байланысты болды. Бізге жеткен жинақтардың бастамасы саналатын «Бағзы замандар хикаясы» XII ғасырдың басында алғашқы жылнамалық шығарма түрінде қайта өңдеуден өткен еді. Екінші кезең XII ғасырдың екінші жартысында, Киев Русінің жекелеген қалалары мен елді мекендеріне байланысты жергілікті жылнама жазу дәстүрі қалыптаса бастаған кезеңмен байланысты болды. Сол уақытта құрастырылған жылнамалар аймақтық маңызы бар оқиғалар мен олардың кейіпкерлеріне айрықша қызығушылық танытуымен ерекшеленеді. Бұл сақталған ақпараттардың ерекшелігімен, толықтығымен және нақтылығымен анықталып отыр. Сонымен қатар жалпыорыстық жылнама жазу дәстүрінің өзіндік сипатын сақтап қалды. Өйткені жергілікті тарих олардың өзіндік ерекшеліктері тұрғысынан пайымдалмады және ежелгі орыс мәдениеті мен саяси кеңістігінің өткені мен бүгінгісіне қатысты дербес сипатқа ие бола алмады. Киев Русі сияқты көптеген жеке саяси ұйымдарға бөліне отырып, жекелеген саяси бірліктердің жиынтығы ретінде өте нашар құрылымға ие болды және саяси ұйымдардың құрамдас бөлігі болып қала берді. Орыс жылнама жазу дәстүрі тарихи жадының бірыңғай әрі ортақ жүйесіне негізделді. Үшінші кезең Мәскеудегі ұлыкнязьдық биліктің күшеюімен және мәскеулік саяси әрі мемлекеттік әлемнің қалыптасуының басталуымен ерекшеленді. Ол өз алдына мәскеулік жылнама жазу дәстүрінің орыстың тарихы туралы ресми баяндау құралына айналды. Мәскеу мен оның билеушілері Киев князьдарының тікелей мұрагерлері ретінде бейнеленді. Ал олардың құрған мемлекеті ежелгі Киев Русінің заңды жалғасы

деп есептелді. Мәскеу патшалығының ресми тарихының маңызды ескерткіштері Иван Грозныйдың тұсында жазылған көптомдық жылнамалық «Беттік жинақ» (*Лицевой свод*) және «Салауатты жинақ» (*Степенная книга*) – Киевтің алғашқы князьдарынан басталатын мәскеулік билеушілердің әулеттік тарихы болып саналады.

Иван Грозныйдың бұйрығымен 1568–1576 жылдардың аралығында жазылған «*Беттік жинақ*» – мәскеулік және жалпыорыстық жылнамалық дәстүрдің ірі туындысы. Ол әлемнің жаратылысынан XV ғасырға дейінгі жалпы тарихи оқиғалар туралы және сондай-ақ орыс тарихының басталған уақытынан Иван Грозныйдың билігі кезеңіне дейінгі әңгімелерді қамтыған теңдессіз жинақ болды. «*Беттік жинаққа*» орыс жылнамаларындағы тарихи оқиғалар, Русьтегі маңызды деп саналған тарихи шығармалардың аудармалары (Библияның тарихи кітаптарынан көптеген ежелгі жазба жәдігерлерге дейінгі мәліметтердің үзінділері немесе сөзбе-сөз толықтай нұсқасы) енді. Тарихты саяси әрі мемлекеттік идеологияның құралы – билікті нығайтудың қайнар көзі ретінде түсіну Иван Грозныйдың билік құрған кезеңі туралы баяндауды редакциялау барысына тікелей қатысқаны жөніндегі фактіде көрініс тапты. «*Беттік жинақ*» жалпыорыстық жылнама жазу тарихының ерекшелігін анықтады. Ол жергілікті аймақтық жылнама деңгейіне төмендеп, өзінің мөнін жоғалта бастады.



## БЕСІНШІ ТАРАУ

# ЕРТЕ ЖАҢА ДӘУІРДЕГІ ТАРИХИ БІЛІМ

Ағартушылар тарихи шығармаларға, ең алдымен, билікті, саяси ұстанымдарды немесе нанымдарды сынаудағы еркін ақыл-ойдың жаттығу алаңы ретінде қарады.

Тарихшының рөлі туралы түсініктер де өзгерді.

Оның ендігі міндеті ақыл-ойды еркін пайдалануға негізделген түсініктерді ұсынудан, дәстүрлерге қарсы, бүлікшіл, ал кейде бүгінгі тарихи континуумда ғана

танылатынына сенім артқан реформаторлық идеяларды батыл түрде насихаттаудан тұрады.

*Гвидо Аббаттиста*

## Ғылыми революция және XVII ғасырдағы тарихи білім

Қазіргі зерттеушілер XVI–XVII ғасырлардағы Еуропа тарихының кезеңдерін ерте жаңа дәуір ретінде – саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени өмірдің жаңа формаларының қалыптасу кезеңі, әлемдік түсінік, танымал әрі мүмкін болған меженің кеңею жүйесіндегі үлкен өзгерістердің уақыты ретінде сипаттайды. Р.Тарнастың пікірінше, «Батыс өзін және өзінің еркіндігін түсінген, әлемге қатыстының барлығына қызығушылық танытқан, жеке ой-пайымдарына сенімді болған, кез келген ортодоксияға күмәнмен қараған, беделділерге қарсы шыққан, діни ұстанымы мен іс-әрекеттеріне жауапты, классикалық көне заманға ынтық болған, сондай-ақ жарқын болашағынан үміт күткен... өз ақылымен табиғаттың тылсым дүниесін игеру және оны бағындыру қабілетіне сенімді жаңа адамның дүниеге келгенін көрді».<sup>7</sup>

XVI–XVII ғасырлардағы еуропалық мәдениетте ортағасырлық және ренессанстық ғылыми дәстүрден ерекшеленетін таным принциптері қалыптасты. Әлем мен адам туралы түсініктердің жүйесін өзгерткен жаратылыстану пәндерінің, тарихи, саяси, қоғамдық, философиялық жүйелердің негіздерін қайта айқындаған кең ауқымды интеллектуалдық қозғалыс енді ғылыми революция деген атау алды. Бұл кезеңнің шекарасы шартты түрде Николай Коперниктің 1543 жылы жарыққа шыққан «*Аспан денелерінің айналуы туралы*» атты еңбегі мен Исаак Ньютонның 1687 жылы басылып шыққан «*Табиғат философиясының математикалық негіздері*» деген туындысында ашылған жаңалығының уақытына сәйкес белгіленген болатын. Коперник, Галилей, Кеплер, Декарт, Ньютон

және өзге де ғалымдардың еңбектерінің нәтижесінде ерте жаңа уақыттың интеллектуалдық мәдениетінде әлемдік құрылымның тұтас табиғи-ғылыми бейнесі жасалған еді. Ол Аристотельдің физикасы мен Птолемейдің астрономиялық теориясына негізделген планеталардың қозғалмайтын жерді айналуы туралы ортағасырлық түсінікті біртіндеп ығыстырып шығарды. Ой қорытудың құрылымдық принциптерінің өзі де өзгерді. Символдар, ұқсастықтар, аллегориялық және моральдық мағыналарды тәжірибе, себептер мен салдардың эмпирикалық тиімді түсіндірмесі ығыстырды.

Еуропада жекелеген «білімді астрологқа» немесе Аристотельдің комментаторына тиесілі емес, зерттеу жұмысының қатаң әдістерін басшылыққа алған және өздерінің еңбектерінің нәтижелерін ашық көрсете білген тәуелсіз ғалымдардың қауымдастығына қатысты білім ретіндегі ғылымның жаңа бейнесі қалыптаса бастады. Ғылыми таным табиғат әлемін эксперименттік зерттеу, пайда әкелетін шындықты іздеп табу процесі ретінде түсіндірді. Діннен дербес, белгілі бір әдіске сүйенетін, жүйелі түрде тексерілетін және ғалымдардың ұжымдық кәсібі болған ғылым Римдегі Линчеи академиясы, Лондондық корольдік ғылыми қоғам, Франциядағы Корольдік ғылымдар академиясы сынды жаңа институттарды – қоғамдастықтар мен академияларды құруды талап етті.

Ерте жаңа заманның философтары білімнің принциптік құрылымына, физика, математика, медицина, әлеуметтік ғылымдар сынды түрлі салалардағы зерттеулердің жаңа әдістерін негіздеуге айрықша назар аударды. Сондай-ақ тарих моральмен және саясатпен тығыз байланысты ғылым ретінде пәндік қайта анықтаулардың контексіне өте сирек еніп отырды. Ағылшын философы, тарихшы, ғалым, мемлекет қайраткері Фрэнсис Бэконның (1561–1626) шығармасында, нақтырақ айтсақ, оның *«Жаңа органон немесе ғылымдардың ұлы жандануы»* (1620) атты еңбегінде сол дәуірдегі адамға қолжетімді білімдердің барлық жүйесін қайта бағамдау, ғылымды жүйелеу барысына басшылық ету мен шындықты іздеудің әдіс-тәсілдерін ұсыну талпынысы жасалды. Бэконның пікірінше, өткен дәуірлердің философтары мен ғалымдарының қызметтері жалған негізге құралған еді. Зерттеулердің шынайы мақсаты табиғаттың құпия сырларын меңгеру болды. Ежелгі дәуірде Сократ білімді ізгілік қасиеті деп санаса, Ф.Бэкон білімге ие болу адамға күш беретін құбылыс деп пайымдады. Ғылыми білім адамзатқа тәжірибелік пайда мен қуат әкеліп, қалыпты өмірді түрлендіріп, сонымен қатар жаңа христиандық алтын ғасырға рухани тұрғыдан қадам басуға тиіс болды. Зерттеудің эмпирикалық әдісі бақылау мен тәжірибенің, жекелеген құбылыстар мен нысандарға эксперимент жасаудың, оның шынайы мәніне сезімдік және рационал тұрғыдан бойлай білудің маңызын арттыра түсті.

Ф.Бэкон өзінің еңбектерінде тарих пен жаратылыстанулық ғылыми білімнің бірлігі туралы жазды, оларды философия мен ғылым секілді біртұтас ұғым ретінде қарастырды. Бұл одақтың тиімділігіне Бэкон мынадай дәлелдерді келтіреді: іс-әрекеттің осы екі саласы да адамның есте сақтау қабілетіне қатысты. Ал жады дара әрі бірегей істермен байланысты болды. Азаматтық және табиғи тарих бірегей оқиғаларды зерттеумен, олардың уақыттан тыс қасиеттерін сипаттаумен айналысты. Осылайша табиғаттың құбылыстарын зерттеу мен өткеннің оқиғаларын зерделеудің арасында ешқандай принциптік

айырмашылықтар болмады. Бақылаудың нәтижесінде қорытындылар мен тұжырымдар жасалды. Философтың пікірінше, тек абстракт постулаттарды ғана бейнелеу үшін қолданылған білімнің мысалдарына қарағанда, құжаттық негізде тіркелген, жекелеген фактілерден алынған білімнің тәжірибе үшін құндылығы зор болды.

Англияда Бэконның еңбектері жаңа ғылымның сипаты мен бейнесіне айрықша ықпал етті. Көптеген ғалымдар оның бастамасын жалғастыруға ниет білдірді. Алайда өткеннің зерттеушілерінің қатарында тарихнаманың аналитикалық және эксперименттік әдістерін қолданғандар аз болды.

Еуропа құрлығында француз математигі, философ Рене Декарттың (1596–1650) «Әдіс туралы пайым» (1637) және «Философияның принциптері» (1644) шығармалары ерекше танымал болды. Декарттың еңбектері әлемнің рационал механикалық бейнесін қалыптастыруға айтарлықтай үлес қосты. Декарт пен оның ізбасарлары – картезиандықтар (франц. *cartesien* – Декарт фамилиясының латынша формасы – *cartesius*) тарихты жазу тәжірибесі мен өткен кезең туралы нақты білімді алу мүмкіндігіне күмәнмен қарады. Дегенмен саналы танымға жүгінетін субъект-зерттеуші мен оның алдында тұрған зерттеу нысаны – әлемнің ұлы кітабының бөлінісі туралы Декарттың негізгі идеяларының бірі кейіннен XVIII–XIX ғасырлардағы ғылым мен кәсіби тарихи білімге сүйенген таным тәсілінің қалыптасуында маңызды рөл атқарды. Мұндай ойша көрініс мүмкін болды, өйткені сол кезеңдердің философиясында Галилей негіздеген және екі кітаптың бейнесінде – Киелі кітап пен «табиғаттың кітабында» берілген екі түрлі ақиқат – аян мен білім туралы ой терең тамыр жайған еді. Осы логикаға сәйкес, ғылым және сенім – өзара сабақтас құбылыс. Бірақ олардың нысаны, мағынасы, тілдері мен әдістерінің дербестігі сақталды.

Физика, математика, астрономия, анатомия, механика сынды философия мен жаратылыстану ғылымдарындағы жаңашылдық XVII ғасырдың интеллектуалдық мәдениетіне айтарлықтай ықпал етті. Табиғатты зерттеудің көптеген принциптері қоғамды, оның тарихын түсінудің әмбебап құралы ретінде зерделене бастады. Жаратылыстану ғылымдарының эмпирикалық, нақты білімге деген ұмтылысы басқа да пәндерге үлгі болды. XVII ғасырдағы әлеуметтік философтар табиғи заңдар деп аталған бірқатар идеяларды ұсынды. Бұл заңдар табиғат заңдарына ұқсас, адамдар оны танып-біліп, пайдалана алады. Философтар табиғат пен адамның материалдық бірлігі идеясынан бас тартып, әлеуметтік физикаға – математика мен физикаға бағдарланған қоғам туралы ғылымды қалыптастыруға тырысты. Мұндай теориялардың бастапқы арнасы тарихи контекстен тыс, жеке, оқшауланған адам туралы түсінік болды. Қоғамның өзі адам табиғатынан туындайтын қасиеттерге ие индивидтердің жиынтығы ретінде суреттеледі. Сонымен, голландтық философ әрі заңгер Гуго Гроцийдің (1583–1645) пайымдауынша, адамдар бастапқыда қарым-қатынасқа, тілдесуге ұмтылды, соның нәтижесінде оларды біріктіруге мүмкіндік туды. Ағылшын философы Томас Гоббс (1588–1679): «Адамдарға бір-бірінен алшақтау қасиеті тән, сондықтан олар мемлекеттікке дейінгі «табиғи» жағдайда «барлығына қарсы үздіксіз соғыс» жүргізді» деген пікір білдірген еді. Жеке тұлғаның қасиеттерінен әлеуметтік механиканың салдары мен заңдылықтары шықты, бұл мемлекеттік құрылым мен оның тарихын түсіндірудің кілті болды. XVII ғасыр философтарының тарапынан

қоғамның құрылуы белгілі бір кезеңдегі адамдардың өз араларындағы уағдаластық бойынша жасаған қоғамдық келісімі ретінде сипатталады. Мемлекеттің заңдары адамның болмысынан туындайтын табиғи құқықтарының негізінде құрастырылуы қажет. Бұл теориялардың әлеуметтік әрі философиялық еңбектерде кең таралғанына қарамастан, XVII ғасырдың тарихи шығармаларына мұндай идеялар өте баяу енді. Тек келесі ғасырда ғана бұл теориялар өткен дәуір туралы білімге айтарлықтай ықпал етті.

Тарих әлі де болса білімнің адам, қоғам, әлем туралы басқа салаларынан толықтай бөлініп шықпаған, дербес пән ретінде қалыптаспаған да еді. Өткеннің зерделенуі көбінесе гуманистердің әдебиетпен, риторикамен тығыз байланыстағы ғылыми контекстің негізінде қарастырылды. Университеттерде тарихты меңгеру көбінесе көне тілдерді зерттеу деңгейіндегі қолданбалы сипатқа ие болды. Антикалық әдебиетке деген жаппай қызығушылықтың негізінде классикалық өткенге жіті назар аударыла бастады. Грек пен Рим тарихының оқиғалары туралы әңгімелер көп жағдайда антикалық жазушылардың туындыларына түсініктемелер ретінде қолданылды. Тарихи шығармалардан моральдық тағылымдар, типтік шындықтар, саяси шешімдердің мысалдары алынды. Сондай-ақ XVII ғасырдағы тарихты зерттеудің сәнге айналуымен сипатталады. Тарих даналықтың қайнар көзі ретінде мойындалды және оны бірінші кезекте саяси әрі саяси-заңгерлік тұрғыдан түсіну орын алды. Оксфорд пен Кембрижде азаматтық тарихтың алғашқы кафедралары ашылған еді. XVII ғасырда өткен заман туралы білім саяси күрестегі маңызды факторға айналды. Сөйтіп, Ағылшын революциясы кезеңінде корольдың жақтастары да, парламентті қолдаушы тарап та өткеннің құжаттарынан монархтың шексіз билігінің немесе Англияның «ежелгі еркіндігінің» негіздемесін іздеді.

Ф.Бэкон ғылымды жіктей отырып, тарихи білімнің қалыптасқан бағыттарын «кемел» және «кемел емес» тарих ретінде сипаттады. «Кемел» тарихқа жылнамалар, ұлы тұлғалар туралы өмірбаяндар мен баяндаулар, олардың моральдық, дидактикалық астарлы мағынасы бар мемлекеттік қызметтері сынды саяси тарихнама жатады. Орта ғасыр жылнамалары, ауызша куәліктер мен естеліктер дереккөз ретінде қабылданды. Кейінірек осы ағымның саласында мемлекеттік және қоғамдық институттардың орта ғасырлардағы тарихын зерделеу жұмыстары басталды. Саяси, саяси-құқықтық тарих бағытындағы шығармалардың авторлары кей кездерде өздерінің еңбектерін тәжірибелі әрі нақты ғылымдардың үлгісіне бағдарлай отырып, оларды жаратылыстану-ғылыми және математикалық білімдермен байланыстырды. Алайда олар гуманистік тарихнаманың үлгілеріне айрықша назар аударды.

Ф.Бэконның өзі «VII Генрихтің тарихы» (1621) сынды шығарманың авторы болды. Бұл еңбекті ол Англияның Алқызыл және Ақ раушандар арасындағы соғыстың аяқталуынан бастап, Англия мен Шотландияның ортақ монархы I Яковтың билігінің қол астына бірігуіне дейінгі кезеңдегі тарихтың бастамасы ретінде жазуды ойластырған. Автор VII Генрихті Тюдорлар әулетінің алғашқы өкілі ретінде ұлықтауға және корольдың даналықпен басқарған принциптерін зерделеуге ұмтылды. Тарихи баяндау желісі билеуші тұлғасының негізінде құрастырылды. Бэкон құқық тарихына қатысты материалдарды енгізе отырып, Қайта өрлеу дәуірі үшін дәстүрлі тарихтың аясын біршама кеңейтті.

XVII ғасырдың ортасы мен екінші жартысында Британияда жақын арада болған оқиғалар – революцияларға, азаматтық соғыстарға, монархияны қайта қалпына келтірілуіне арқау еткен граф Кларендонның «Бүлік тарихы», Г.Варнеттің «Менің уақытымның тарихы», Дж.Локктың «Басқару туралы екі трактат» және «Толеранттық туралы хаттар» атты бірқатар тарихи-саяси еңбектері, естеліктері мен трактаттары жазылды. Кейіннен бұл сабақтастық XVIII ғасырдың тарихнамасында өз жалғасын тапты.

Мұндай «кемел» тарих өзінің ұлттық өткеніне деген қызығушылықтың және Еуропадағы ұлттық мемлекеттердің қалыптасуының контекстінде орын алған болатын. Алайда өткен заман жайындағы білімнің өзге бағыты сол процестермен байланыста өрбіді. Бэконның пікірінше, «кемел емес» тарихты көне дәуірлерді зерттеген, өткен кезеңнен жеткен үзінділердің, түпнұсқа және өңделмеген бөліктердің, түсініктемелер мен тізбелердің авторлары жазды. Тарихи құжаттар мен ескерткіштерді іздеумен, оларды жинақтаумен, жүйелі сипаттаумен және жіктеумен айналысатын интеллектуалдық ағым антикварианизм (лат. *antiquus* – көне) деген атауға ие болды. Бэкон мен антикварлардың пікірлерінше, «кемел емес» тарих дайындық сипатына ие болды. Антиквар еңбегінің нәтижелерін саяси тарихтың авторлары пайдалана алды.

Антикварлар мен өткеннің құжаттарын жетік білетін эрудиттер өздерін шынайы тарихшымыз деп санамады, керісінше, көненің мұраларын жинаушылар мен сақтаушылармыз деп есептеді. Олар көне дәуір ұғымын өткен кезеңдердің алуан түрлі куәліктері – римдік әрі ортағасырлық тиындар, ұрандар, гербтер, жазбалар, заттар, құжаттар, сәулет қалдықтары, ескерткіштер т.б. деп түсінді. Антикварлар өткен кезеңнің мұндай туындыларынан басқа сирек кездесетін түпнұсқа заттарға да назар аударды.

Тарихшы – бірінші кезекте, жазушы, ал тарихтың өзі – жазба мәліметтеріне, жылнамаларға негізделген баяндау. Антикварлар жоғарыда аталған нарративтік деректерге сүйене отырып, ауызша куәліктерді кеңінен қолданды. Бұл олардан деректерді (кейіннен археология, нумизматика, палеография, сфрагистика сынды т.б. жаңа пәндердің негіздемесіне айналған) сынаудың жаңа әдістерін ойлап табуы талап етті.

Антикварлардың зерттеу нысаны тарихтан гөрі көбінесе біртекті әрі сараланбаған өткен өмір дүниесі болды. Олардың еңбектерінде бүгінгі өткен дәуірлерден бөліп тұратын қашықтық елеусіз түрде болса да білініп тұрды. Антикварлар тылсым дүниелер мен түсіндірілуі күрделі құбылыстарға назар аударды, алайда олар бұл сұрақтардың жауаптарын әдеттегідей өз дәуірінің мәдениетінің логикасына сүйене отырып таңдады. Бұл авторларға арналған зерттеу жұмысының белгілі жанларының бірі – хорография. Бұл – елдің жерлерін аймақтар бойынша сипаттау, табиғи байлықтар мен ерекшеліктерді тіркеуге алу, сондай-ақ өткеннің атаулы оқиғалары мен көненің қызықты жайттарын сақтау.

Англияда XVI ғасырда антикварианизмнің негізі қаланды. 1585 жылы Лондонда Елизаветалық антикварлар қоғамын құрған коллекционерлер мен зерттеушілер У.Кемден, Дж.Леланд, Дж.Стоу осы бағытта еңбек етті. Бұл қоғамның мүшелері көне заттарды жинау мен тарихи ескерткіштерді жариялау сияқты ұжымдық жұмыстарды алғаш рет тәжірибеден өткізді.



Ағылшын антикварлық тарихы XVI ғасырдың соңына қарай қарқынды дамыды. Мемлекет пен шіркеу тарихының даңқты, ерлікке толы көне дәуірлеріне деген қызығушылық Британия графтықтары мен қалаларының сипаттамаларында, азаматтық жазбаларында, құжаттардың зерттелуінде, алуан түрлі заттай айғақтарды іздеп табудың теңдессіз жұмыстарында өз көрінісін тапты. Антиквар Дж.Обридің пікірінше, Британия тарихының ерте кезеңдерін қалпына келтіруге талпынған зерттеушілер, сондай-ақ өзі де «қараңғы түнекте сипалап жүріп жол тапты» және олар кейбір кездерде «жарық сәуле төкпесе де... тастай қараңғылықты жеңіл тұманға сейілте алды».<sup>8</sup> Бұл «қараңғылық» бриттік өткеннің, аралдағы римдік үстемдіктің, англосаксондық Англияның, нормандық жаулаушылықтың кезеңдерін жайлап алған. Авторлар бұл мәселелерге терең бойлай отырып, қалай болғанда да бриттердің трояндықтардан шыққанын, Бруттың қазіргі билеушілердің арғы бабасы екенін зерделеген Галфридус Монмутензистің (Гальфрид Монмутский) кітабын, ондағы король Артур мен ежелгі батырлар туралы мифологиялық сюжеттерге назар аударды. Көптеген зерттеушілер өз жұмыстарында ұлттық мақтаныштың мұндай мәселелерін жоққа шығаруға тырыспады.

Өткен кезеңнің әйгілі адамдарының іс-әрекеттері жайында жазуға ерекше көңіл бөлген тарихшы-гуманистерге қарағанда, антикварлар жекелеген қала немесе рудан елдің тарихына дейінгі ұжымдық тарихты зерттеуге баса назар аударды. XVI ғасыр мен XVII ғасырдың соңындағы тарихшылар деректердің үзінділерінің негізінде римдік және англосаксондық Британияның тарихын біртіндеп қалпына келтіре бастайды. Сонымен қатар классикалық авторлардың және италиялық антикварлардың шығармаларында өткеннің ұлттық бейнесі сақталды.

XVII ғасырда ортағасырлық деректердің көлемді жинақтары басылып шыға бастады. Христиандықтың өткені мен Рим шіркеуінің тарихын зерттеу мақсатында католик шіркеуі деректерді іздеумен әрі зерттеумен шұғылданатын қоғамдарды құрды. Мұндай қызмет көп жағдайда Еуропадағы реформациялық қозғалыстарға жауап ретінде пайымдалды.

Аса танымал қоғамдардың бірі Франциядағы мавристер, Париждегі Сен-Жермен-де-Пре аббаттығындағы бенедикшілдер (1627 жылдан бастап) орденіндегі қасиетті Мавр конгрегациясының монахтары еді. 1648 жылы олар француз провинцияларының өткені туралы мәліметтер сақталған бенедикт орденінің, шіркеудің, құжаттар тарихының қолжазбалары енген басылымның жоспарын әзірледі. Мавристер тарапынан көптеген ортағасырлық манускриптер жинақталған болатын. Олардың әрқайсысы құжаттың барлық тізімдерін мұқият салыстыру арқылы мәтіндердің түрлі нұсқаларын салыстырмалы талдау негізінде жарияланып отырды. Эрудит-мавристер қолжазбалардың шынайылығын анықтау мен уақытын нақтылау бойынша нұсқаулықтарды да басып шығарды. 1668–1701 жылдар аралығында олар XII ғасырға дейінгі деректерді қамтыған тоғыз томдық «*Бенедикт ордені әулиелерінің өмірі*» атты еңбекті басып шығарды. Ж.Мабильон мәтіндерді сыни тұрғыдан зерделеу бағытында айрықша еңбек етті.

1643 жылы Антверпенде ортағасырлық деректерді жариялау жұмыстары басталған болатын. Бұл жұмысты өздерінің басшысы Ж.Болландтың есімімен аталған иезуит-болландшылар жүзеге асырды. «*Әулиелердің өмірі*» сериясында орта ғасыр аңыздары мен христиан әулиелерінің іс-әрекеттері туралы хикаялар қамтылған. Олардың өмірі күнтізбелік жылдың жүйесі бойынша орналасқан: әрбір

әулие туралы әңгімелер оның күніне орайластырылып жазылған. Бұл еңбек оннан астам томнан тұрады.

Германия, Италия, Англия, Польша, Чехия және Испанияда жылнамалар мен құжаттарды басып шығару ісі қолға алынды. Баспагер эрудиттердің қызметтерінің нәтижесінде қосалқы тарихи пәндер (палеография, хронология, дипломатика) мен жалпы тарихи білімнің дамуы үшін кейінгі кезеңдерде маңызды рөл атқарған қолжазба мәтіндерге сын тұрғысынан талдау жасау ережелері қалыптасты.

## Ағарту дәуіріндегі «философиялық тарих»

XVII ғасыр мен XVIII ғасырдың соңына қарай тарихнама жаңа қарқынмен дамыды. Зерттеушілер бұл кезеңді «Ағарту дәуірі» деп атайды. Бұл түсінік Еуропа, Солтүстік Америка, Ресей елдеріндегі кең өріс алған, өзіндік рухани-идеялық орталығы Францияда пайда болған интеллектуалдық қозғалысты білдірді. Қозғалыс әлеуметтік, саяси, экономикалық, мәдени өмірдің бірқатар өзгерістерімен, азаматтық қоғамның қалыптасу және жаңғыру процестерімен, дүниетанымдық жүйедегі өзгерістермен тығыз байланысты болды. Ағарту идеялары, ең алдымен, философияда, одан кейін ғылымда, тарихнамада, қоғамдық және саяси ойда, әдебиетте, өнерде көрініс тапты. Бұл дәуірдің қайраткерлері қатарында Францияда Вольтер, Ж.Ж. Руссо, Ш.Монтескье, Британияда Д.Локк, Д.Юм, Э.Гиббон, Германияда И.Кант, И.Гердер, Ресейде М.В. Ломоносов, В.Н. Татищев, Н.М. Карамзин сынды танымал авторлар болды.

Ағарту дәуірі философтарының, тарихшыларының, жазушылары мен ғалымдарының көзқарастары айтарлықтай әр алуан болды. Алайда олардың шығармаларында бір-біріне ұқсас мәселелер көтерілді және мазмұны жағынан өзара жақын ой-пайымдар айтылды. Осы кезеңнің интеллектуалдық мәдениетінде «адам» және «қоғам» сынды өзекті ұғымдарды тағы бір ой елегінен өткізуге талпыныс жасалды. Адам табиғаты дегеніміз не? Қоғамдық құрылым қалай пайда болады? Әлем халықтарының көпшілігін не нәрсе біріктіреді және олардың айырмашылығы неде? Ғылымның жетістіктері мен өнегенің жетілгеніне қарамастан, адамдар не себепті бақытсыз? Мемлекеттер мен халықтардың үйлесімді өмір сүруі үшін қазіргі таңдағы тәртіпті өзгертуге бола ма? Бұл аталған сұрақтарға рационал философия мен тәжірибелік ғылымның негіздемесі арқылы жауап табу көзделді.

Ағарту дәуірі қайраткерлерінің билік пен дәстүрге қатысты көзқарастары сыни тұрғыда сипатталды. Құндылықтардың жаңа жүйесінде наным-сенімдерге, сословиелік теңсіздікке, шіркеулік үстемдікке қарама-қарсы қойылған ақыл-ой мен парасат негізгі критерийлер болып саналды. Өнеркәсіптік революциямен байланысты экономикадағы, әлеуметтік саладағы, күнделікті өмірдегі үлкен өзгерістер прогрестік идеяға сол кезеңдегі философиялық жүйелердің қатарынан өз орнын белгілеп алуға мүмкіндік берді. Ақылдың күшіне сену адамзат қарқынды мәдени прогреске қол жеткізеді – өзінің қателіктерінен, надандық, соқыр сенім, жабырқаушылық сезім сияқты қасиеттерінен құтылады деп үміттендіреді.

Ағартушылардың идеяларына сай, табиғаттағының барлығы танымдық мәні бар ортақ тәртіпке бағынады. Адам болмысы – әлемдегі барлық адамдарға ортақ әмбебап және өзгеріссіз дүние деп пайымдалды, барлығы әуелгі бастан тең әрі еркін болып жаратылды. Қоғамды ақыл-ойдың заңдылықтарымен адамның табиғи құқықтарына сәйкес құру қажет болды. Бүгінгінің және жақын болашақтың міндеті – қоғамды рационалды түрде қайта құру, өткеннің маңызын ой елегінен өткізу. Философтар пайда әкелетін және көптеген адамдардың игілігіне айналған білімді айрықша құндылық деп есептеді.

Француз ағартушыларының іргелі еңбектерінің бірі Жан Д’Аламбер (1717–1783) мен Дени Дидроның (1713–1784) басшылығымен жарыққа шыққан *«Энциклопедия немесе ғылымдар, өнерлер мен қолөнерлердің түсіндірме сөздігі»* (1751–1772) атты ұжымдық туындысы болды. Оған мәтіндердің 17 томы мен гравюралардың 11 томы енді. *«Энциклопедияда»* философияның, алуан түрлі ғылымдар және «механикалық өнердің» маңызды принциптері мен ережелерін, өнеркәсіптерде қолданылатын жаңалықтар мен пайдалы тәжірибелердің мәнін түсіндіруді сипаттайтын мақалалар басылып шығады. Бұл білім жинағында тарих ерекше орын алды. Д’Аламбердің пікірінше, адамның тарихының нысаны – оның іс-әрекеті немесе оның білімі, демек, ол азаматтық және ғылыми болып бөлінеді.

Ағартушылар жазған тарих философияның ерекше ықпалында болды. Алайда XVIII ғасырдың ағартушылық «философиялық тарихы» тарихи баяндау дәстүрінің барлық тәсілдерін толықтай жасамаған еді. Бұл жылдары еуропалық қауым соғыстарды, корольдардың, қолбасшылар мен епископтардың іс-әрекеттері, ғажайыптар мен аңыздар сипатталған компиляция түрінде құрастырылған қателіктерге толы «тарихты» оқыған еді. XVIII ғасырда тарих ғылыми білімнің саласы болып есептелмеді, ол тек көркем сөз өнерінің ерекше жанры болып қала берді. Университеттерде филологтар, көне тілдер мен мәтіндердің білгірлері, құқықтанушылар тарих пәнінен дәріс оқыды.

Дегенмен де өткенге, бүгінгіге және болашаққа деген бірыңғай христиандық көзқарас уақыт өте келе өз маңызын жоя бастады. Бұған гуманистік сынның мәтіндерге ықпал етуі, антикалық пұтқа табынушы авторлардың көптеген еңбектерімен таныс болуы, географиялық жаңалықтарға байланысты әлем бейнесінің түбегейлі өзгеруі, Реформация дәуіріндегі шіркеудің беделіне нұқсан келуі, жаңа философиялық әрі ғылыми теориялар сияқты бірқатар факторлар әсер етті.

XVIII ғасырдың шығармаларында Көне өсиетте ежелгі халықтардың нақты тарихы баяндалған, ал адамзаттың тарихында Құдай оқиғаларға жиі араласады деген пікірге күмәнмен қарады. «Қасиетті тарихтың» маңызды кезеңі саналатын әлемнің жаратылуы, Христостың өмірі мен өлімі, қиямет сотын күту тәрізді мәселелер өткен кезеңді сипаттау үшін уақыт өткен сайын сирек қолданылды. Дегенмен тарихты теологиялық тұрғыдан түсіндіру тәсілі әлі де болса қолданылғанымен, көпшілік жағдайда антикалық, орта ғасырлар және қазіргі кезеңдер туралы бейтарап әңгімелер сұранысқа ие болды. Философ-ағартушылардың шығармаларының маңызды ерекшелігі рационал білім мен христиандық сенімнің аражігін ажыратуда еді.

XVIII ғасырдың авторлары XVII ғасырдағы антиквар-баспагерлердің дәстүрін ұстана отырып, өткеннің құжаттарын сыни тұрғыдан зерттеуге айрықша мән берді. Тарихи мәліметтердің шынайылығы дұрыс мағынасымен бағала-

нып отырды. XVIII ғасырда өткен заманды зерттеушілер тарих тек саясаттан, дипломатиядан және әскери шайқастардан тұрмайды, ал тарихнама фактілерді жинақтаудан гөрі анағұрлым маңызды деген қорытындыға келді. Саяси өмірмен қатар, мәдени және әлеуметтік өмірдің оқиғалары тарихи баяндау процесіне де ене бастады.

Зерттеліп отырған кезеңнің тарихи әдебиетін кем дегенде тарихшы-эрудиттердің еңбектері және тарихшы-философтардың шығармалары деп екі негізгі бағытқа бөлуге болады. Ендігі кезекте оларды жан-жақты қарастырайық.

XVIII ғасырдың тарихшы-эрудиттері өздерін алдыңғы ғасырдың коллекция жинаушы ғалымдардың мұрагерлері санап, олардың қызметін жалғастырды. Олар өткеннің мәліметтерін жинап, сақтау мен зерттеуді негізгі міндет деп қарастырды. Эрудиттер тек коллекция жинау ғана емес, сондай-ақ сыни тұрғыдан іріктеу, деректерді жүйелеу, алуан түрлі құжаттарды жариялау ісіне айрықша үлес қосты. Әлбетте, зерттеушілердің басты назары халқы мен мемлекетінің өткенін зерттеуге немесе аймақтық графтықтардың, князьдіктердің, провинциялардың, қалалардың жеке тарихын қайта қалпына келтіруге бағытталған еді.

Эрудиттер қолжазбалардың мәтіндерін сынау әдістерін, археологиялық бұйымдарды, жазуларды, тиындарды, эмблемаларды, генеологиялық әрі хронологиялық кестелерді және өзге деректердің түрлерін зерттеу тәсілдерін жасады. Өткеннің коллекцияларының негізінде Еуропа елдерінде, Лондонда британ музейі (1753), Эдинбургта ежелгі дәуірге арналған Ұлттық музей (1780) және өзге де қоғамдық музейлер ашылды. Тарихи білімнің дамуында эрудиттер баспаға әзірлеген ортағасырлық деректердің көптомдық жарияланамы маңызды рөл атқарды.

Францияда әулие Мавр конгрегациясы мүшелері жинақтаған мәтіндерді жарыққа шығару ісі жалғаса берді. 1737 жылы мавршы Буке 1328 жылға дейінгі деректерді қамтыған *«Галлия мен Франция тарихшыларының жинақтары»* сериясын шығара бастайды.

Италияда ортағасырлық танымал әрі іріктелген мәтіндердің бірі Л.А. Мураторидің (1723–1751) 21 томнан тұратын *«Италиялық деректер»* сериясы болды. Бұған ұқсас еңбектер Испанияда, Австрияда, Скандинавияда жарық көрді, алайда олар өзінің танымалдылығы жағынан жоғарыда аталған басылым деңгейіне жетпеді.

Британия антикварларының елдің тарихында аз уақыт бұрын болған Ағылшын революциясы мен Реставрация кезеңдеріне деген қызығушылығы арта түсті. XVIII ғасырдың 40–70-жылдары аралығында мұнда өткен ғасырдың парламенттік актілері, құжаттары мен памфлеттері басылып шықты.

Германияда эрудиттер орталық билік аппараты әлсіз, аймақтық князьдардың билігі қуатты болған бытыраңқы мемлекеттің саяси құрылымы мәселелеріне қызығушылық білдірді. Негізінен, құқықтық құжаттар мен олардың ел өміріндегі маңызын зерттеді. Тарих көбіне шытырман жайттардың әлдебір қорытындыларды көрсету мысалдарының жинағы ретінде қарастырылады. Бұл жағдайда біртұтас неміс тарихы немесе католик шіркеуінің тарихы (оның протестанттық Германиядағы позициясы да әлсіз болды) бойынша мәтіндерді жариялайтын ғылыми қоғам құру өте қиын болды. Атақты неміс ғалымы Готфрид Вильгельм Лейбниц (1646–1716) брауншвейгтік герцогтардың тарихнамашысы ретінде

үштомдық «*Брауншвейгтік тарихшылар*» (1707–1711) еңбегін басып шығарды. Ол бұл еңбекке тек жергілікті құжаттарды енгізіп қана қоймай, жалпы герман тарихына қатысы бар мәтіндерді де қамтыды. 1764 жылы Геттинген университетінің профессоры И.К. Гаттерер Тарих институтын құрып, ортағасырлық неміс қолжазбаларын және антикалық авторлардың туындыларының аудармаларын жариялаудың ауқымды бағдарламасын жүзеге асыруды мақсат етті. Алайда бір-неше жылдардан соң қаржылық тапшылыққа байланысты институт жабылып қалған еді.

XVII ғасырдың екінші жартысынан бастап бүкіл Еуропада ғылыми қоғамдар қалыптаса бастады, оларда «ғылым» жаратылыстану және әлеуметтік-гуманитарлық білімдердің бірлігі ретінде түсіндірілді. Тарихшы-эрудиттер бұл қоғамдарда өздерінің лайықты орнын алды. Олар Француз академиясы (1635), Лондондық корольдік ғылыми қоғамы (1660), Британдық антикварлар қоғамы (1686) тәрізді мекемелерді құру ісіне белсене асталысты. Оларда білімге деген құштарлық жоғары бағаланды, болмыстың құпия сырларын ашуда білімнің адамға қызмет ету қабілеті атап көрсетілді. Тарих, өз кезегінде, мемлекеттік және азаматтық өмірдің құрылымы бойынша пайдалы кеңестерді берді. Қауымдастықтардың ғалымдары өздерінің жеке интеллектуалдық әлемін құрды. Эрудиттердің көптеген шығармалары жергілікті тарих, генеология, құқық мәселелері бойынша әбден тексерілген, кереметтей өңделіп жазылған жұмыс болып саналды.

Сонымен, тарихшы-эрудиттердің қызметтері толыққанды әдістемелік базаға арқа сүйеді, ал оның өзі – жалпы қолданыстағы философиялық теориялардан гөрі, зерттеу тәжірибелерін кеңейтудің нәтижесі болды. XVII–XVIII ғасырлардың барысында эрудиттер өткен дәуірлер туралы ауқымды мәліметтер жинақтады. XVIII ғасырда көне мұраларды жинаушылар мен жариялаушылар әлі де болса «нағыз» тарихшылар деп саналмаса да, эрудиттердің тарихы философиялық теориялардың үстемдік құрған кезеңінде айтарлықтай табысты болып, XIX ғасырда тарих ғылымын қалыптастырушы маңызды, құрамдас бөлікке айналды.

XVIII ғасырдағы университеттерде тарихшылар еркін өнер факультетінде шешендік өнер курсының аясында – классикалық және жалпы тарихты, теология факультетінде – шіркеу тарихын, құқық факультетінде құқықтық және саяси тарихты оқытты. Бірақ оқытушылар көбінесе жаңа философиялық тарихи білім мен эрудиттік тарих жұмыстарына тартылмады. Университеттер мемлекет пен шіркеу қызметкерлерін даярлады, тарих тек моральдық және саяси сабақ беру барысында қосымша пән ретінде пайдаланылды, алайда тарих деп аталатын курс әлі болмаған еді.

XVIII ғасырдың тарихшы-философтары әмбебап тарихи заңдар мәселелерін шешуді қолға алды. Табиғаттың құбылыстары оның жалпы заңдылықтарына бағынғаны секілді, алуан түрлі оқиғалар қандай да бір тәртіпке бағына ма екен? Ертеректе Құдайдың жоспары дәуірлер арасын байланыстырушы рөл атқарды, ол адамзат тарихының үзік-үзік көріністеріне мән-мағына дарытып отырды. Ағарту дәуірінің философтары өткенді, бүгінгі мен болашақты бір-бірімен сабақтастыра отырып, қоғамға оқиғалар желісін түсіндіретін жаңа әмбебап схеманы ұсынды. XVIII ғасырдың интеллектуалдары арасында прогресс пен тарихи циклдер концепциясы айрықша беделге ие болды.



Бұл теориялар жаратылыстану ғылымдарына, математикаға, физикаға, И.Ньютонның шығармаларына деген қызығушылықтың аясында қалыптасқан еді. Қоғам тарихын және әлем құрылымын зерделеу үшін танымның ортақ әдісін қолдану көзделді. Сондай-ақ қоғам туралы мәселелер үнемі механикалық тұрғыдан баяндалып отырды. Философтардың ой-пайымдары бүкіл адамзат болмысы өзгермейді және біртұтас деген идеяға негізделді. Адам ежелгі дәуірде де, бүгінгі күнде де осы қалпында қала берді. Ағарту дәуірінің тарихшыларында замандастарының көзқарастарын өзге дәуір адамдарының құндылық жүйесінен бөлу қажеттігі туындамағаны тегін емес еді. Әлдебір мағынада өткен кезең тарихтан тыс пайымдалды. Жалпы көзқарасқа сәйкес, барлық дәуірлердің адамдары бастапқыда бәріне ортақ ізгіліктер мен кемшіліктерге, сезім мен пайымдау қабілетіне ие болды. Қоғам рационал индивидтердің жиынтығы ретінде қарастырылды. Азаматтарға білім беру мен оларды тәрбиелеу жұмыстары бүкіл қоғамдық құрылымдардың өзгеруі үшін қажетті жағдайларды жасады.

Ерекше ақыл-ойға негізделген құрылымдар-әмбебаптықтар Ағарту дәуірі философтарының ерекше қызығушылығын туғызды, олардың көмегімен тарихи құбылыстар мен процестердің саналуандығын түсіндіру мүмкін болды. Мұндай көзқарас философиялық тарихтың авторларын өткеннің жекелеген «дауыстарына» ерекше назар аударған зерттеуші-эрудиттерден айтарлықтай ерекшелеп тұрды. Адам ақыл-ойының тұтастығына ұмтылу, тарихтың барлық процесін жаңаша бейнеде көрсетуге деген талпыныс басым болды.

Қаншалықты қарама-қарсы болса да, мұндай тәсіл интеллектуалдардың өзге елдер мен өзіндік мәдениеті бар халықтарға деген қызығушылығымен қатар тұрды. Ұлы географиялық жаңалықтардың кезеңінен бастап еуропалық ойшылдардың алдында күрделі мәселелер туындады. Халықтардың әртүрлілігін олардың бір-біріне ұқсамайтын келбеттерімен, тілдерімен, дәстүрлерімен, мінез-құлықтарымен, заңдарымен қалай түсіндіруге болады? Неліктен Батыстың озық тәжірибесі тек Көне әлемде ғана жүзеге асырылды? XVII–XVIII ғасырларда қоғамда түрлі халықтардың сыртқы белгілері де, олардың тұрмыстық ерекшеліктері, басқару, наным-сенім, түп-тамыры, өнерлерінің формалары да, бірінші кезекте, климатының, ландшафтының, жерінің, ауасының географиялық факторларына байланысты болады деген бірқатар теориялар қалыптасты.

Бұл мәселелер француз философы, тарихшы әрі жазушы Шарль Луи Монтескьенің (1689–1755) «*Заңдар рухы туралы*» (1748) атты танымал трактатында егжей-тегжейлі зерделенді. Адам өміріне ықпал ететін ішкі заңдылықтардың мәнін түсінуге тырысқан автор кез келген халықтың шаруашылық және басқару формасына, оның әдет-ғұрыптарына, дәстүріне табиғи жағдайлар айрықша ықпал етеді деген қорытындыға келеді. Сондай-ақ климаттық ерекшеліктер де әрбір халықтың ұлттық сипатын қалыптастырады. Монтескьенің пікірінше, неғұрлым жақсы мемлекеттік құрылым Англияда болған, ал ол, өз кезегінде, оның тұрғындарының сипатын анықтаған аралдардағы жайлы климаттың ерекшелігімен байланысты еді. Адамдар арасында ағартушылық қызмет жасай отырып, оларды одан сайын бақытты етуге талпынған мемлекет қайраткерлері халықтың өзіндік қасиетіне сай анықталған жаңа заңдарды енгізуге тиісті болды.

XVIII ғасырда «мәдениет» пен «өркеніет» ұғымдары кеңінен қолданыла бастады. Латын тілінен алынған бұл сөздер жаңаша мән-мағынаға ие болды.

«Мәдениет» сөзі неміс ағартушыларының қолданысындағы француздың «өркениет» ұғымының баламасы ретінде қолданыла бастады. Бұл «мәдениеттіліктің» немесе «өркениеттіліктің» қалыптасуының – өмір сүру жағдайын жақсарту, әділетті заңдарды шығару, қатал мінездерді жұмсарту, талғамдар мен жүріс-тұрыс мәдениетін жетілдіру сияқты зайырлы процестің мағынасын білдірді. «Мәдениет» пен «өркениет» сөздерін белгілі бір халықтарды сипаттау үшін пайдалану, оларды өзара бір-бірімен салыстыруды, «мәдениеттіліктің» (бұл жерде еуропалық мемлекеттердің қазіргі таңдағы жағдайы ұғынылып отыр) ортақ үлгілі өлшемімен сәйкестендіруді білдірді.

Қоғамдық өмір салты ретінде мәдениеттің тағы бір түсінігі неміс философы Иоганн Готфрид Гердердің (1744–1803) «*Адамзат тарихы философиясының идеялары*» (1784–1791) атты шығармасында ұсынылған еді. Оның пікірінше, әрбір халықтың өзінің жеке, қайталанбас мәдениетінің формасы болады. Сол себептен бірегей, нормативті мәдениет жайында емес, бір-біріне ұқсамайтын көптеген әрі өзіндік құндылығы бар мәдениеттер туралы айту маңызды болды.

Алайда бұл ұғымның осы мағынасы кейініректе – XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басындағы романтикалық тарихнамада ғана кеңінен қолданысқа ие болды. Ағарту дәуірінің философ-тарихшылары көптеген халықтарды жалпы адам болмысы тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік беретін мәдениеттің алғашқы сипаттамасын басшылыққа алды.

Осыған ұқсас мысалды француздың атақты ағартушысы Вольтердің (1694–1778) «*Халықтардың мінез-құлықтары мен рухы туралы және басты тарихи оқиғалар туралы тәжірибе*» (1756–1769) атты шығармасынан көреміз. Бұл туындыда Вольтер алғашқылардың бірі болып Еуропаның өткенін ғана емес, сонымен қатар жалпы адамзаттың тарихын қамтуға талпыныс жасайды. Мұндай тәсіл Библияда аты аталған халықтардың тарихы баяндалған, ал олардың бірлігі Адам ата мен Хауа ананың ұрпақтарынан өрбігенінің нәтижесі ретінде қарастырылған теологиялық концепцияға қарама-қайшы болды. «Философиялық тарихқа» сай, адамдар бастапқыдан күнәһар болған жоқ, олар ерекше сый – ақылдың иелері. Ертеде табиғаттың алапат күштері, сондай-ақ инстинктілер мен құмарлықтар адамдарға бұл қабілеттерін толықтай пайдалануға мүмкіндік бермеді. Вольтердің және басқа да көптеген ағартушылардың пікірінше, тек жаңа заманда ғана адамзат өзінің тағдырын өзі анықтау үшін қажетті деңгейге жетті.

Вольтердің шығармасында адамзат табиғатының өзгермейтіні туралы ереже мәдениеттің дамуы, мінездердің жұмсартуы және халықтың «батылдық» қасиеттерінің қалыптасуы сияқты өркениеттің үдемелі қозғалысы идеясына қайшы келді. Автордың ойынша, адамзат барлығы төрт рет қана қысқа мерзімге кездескен жоғарғы моральдық рух пен мінез-құлықтың арасындағы тепе-теңдікті орната алды, бұл нақты айтқанда, Александр Македонский, Рим императоры Августтың уақытында, Флоренциядағы Медичи мен Франциядағы XIV Людовиктің билігі кезеңінде болған еді.

Вольтер Ежелгі Қытай мен Үндістан, Жапония, Таяу Шығыс, Африка, Америка мен Еуропаның өркениеттері туралы жүйелі түрде жазды. Келтірілген мысалдар өркениеттік даму процесінің үздіксіздігін көрсетуге тиісті болды. Алайда түрлі халықтарда прогресс бірдей жүзеге асырылмады, сол себептен ақылдың біртұтастығы жағдайында дәстүрлер мен өмір салтының әртүрлілігі сақталды. Вольтердің

пікірінше, Батыс, әлемге деген рационал көзқарас тұрғысынан, Шығыстан, Америка мен Африкадан озып кетті. Ағарту дәуірінің философтары прогрестің тарихын ғасырлар бойына созылған жалған наным-сенімдер мен қателіктердің құрсауынан ақылдың біртіндеп босауы ретінде түсіндірді. Еуропалық емес қоғамдардың «артта қалуы» олардағы еркін ойды бұғаулайтын наным-сенімдердің, заңдардың, әдет-ғұрыптардың сақталуымен байланысты болды.

Вольтердің ойлағанындай, көптеген адамдар өздерінің жүріс-тұрыстарында және пайымдау тәсілдерінде толықтай рационал бола алмайды. Бірақ бұған қол жеткізгендер ендігі кезекте дұрыс заңдарды жасап, халыққа ақылды билеушілерді тағайындаулары керек болады. Нәтижесінде барлық адамдар прогрестің жоғарғы мақсаты болған бақытқа қол жеткізе алар еді. Мұндай «философиялық тарих» барлық адамзаттың тарихына арналған жалпы анықтамалық модельдерді ұсынады, сонымен бірге бастапқыда философтардың назарын аударған детальдар мен түрлі құбылыстарға деген қызығушылықтары аз болғанын аңғартты. Вольтер әртүрлі халықтар жайында ілтипатпен және аса бір қызығушылықпен жазды. Бірақ айтарлықтай үлкен арақашықтықты сақтай отырып, «өзінің» өркенінің құндылықтар жүйесіне назар аударды.

## Прогресс және тарихи циклдер теориялары

Көптеген философ-тарихшылар қоғамдық дамуды түсіндіре отырып, прогресс теориясы негізінде түрлі пайымдарды құрастырды. Оның басты идеясы – бүкіл адамзат өз тарихының гүлдену мен құлдырау, соғыстар мен бейбіт өмір сияқты өзге де кезеңдерінде біртіндеп жетіле берген. Өткен, қазіргі және болашақ мақсатты даму идеясымен тығыз байланысты болды.

Прогресс концепциясы көптеген еңбектерде талқыланды, ол қоғамдық әрекеттерден қолдау тауып отырды. Бұл теория француздың екі авторының: экономист, мемлекет қайраткері Анн Робер Жак Тюргоның (1727–1781) *«Дүниежүзі тарихы туралы пайымдаулар»* (1750) атты аяқталмаған еңбегі мен Жан Антуан Никола Кондорсенің (1743–1794) *«Адамзат ақылының прогресі бейнесінің эскизі»* (1793–1794) деген шығармаларында егжей-тегжейлі түсіндірілген еді.

Француздың атақты математигі, философ-ағартушы Ж.А.Н. Кондорсе өзінің еңбегін Француз революциясы кезінде жазды. Ол адамзаттың тарихын сызықтық заңды процесс, жүйелі және жеделдене түсетін қозғалыс ретінде баяндайды. Әлем туралы ғылыми білімдердің дамуы, табиғаттың «қатыгездігі», қоғамдағы қысым мен азаматтық теңсіздік прогрестің критерийі ретінде қарастырылған. Кондорсе бүкіл тарихты тоғыз дәуірге бөліп қарастырады. Алғашқы бесеуі көне дәуірден Рим империясының құлауына дейінгі кезеңдерді қамтыған. Алтыншы дәуір орта ғасырлар, яғни варварлықтың қараңғылыққа толы уақыты ретінде сипатталды. Жетіншісі мен сегізіншісі XI ғасырдан бастап XV ғасырдың соңына дейінгі аралық және «кітап басу ісінің пайда болуынан ғылым мен философия беделдің үстемдігін құлатқан кезеңге дейін» (яғни XVII ғасырдың ортасына дейін) ақылдың қайта өрлеу және еркіндікке қол жеткізу уақыты деп түсіндірілді. Соңғы, тоғызыншы дәуірде (Декарттан Францияның құрылуына дейін) ақыл «құрсауды мүлде

талқандайды». Бұл кезеңде ұлы революциялардың болғанын білеміз. Солардың бірі – Солтүстік Америкада, ал басқасы Еуропа мен Францияда орын алды.

Жалпы алғанда, қоғамдағы орын алған барлық өзгерістер бақыттың еселенуіне жол ашуы қажет. Кондорсенің пікірінше, адамзат ең соңғы, оныншы дәуірге аяқ басуға дайындалды. Ақылдың салтанат құруы нәтижесінде қоғамның өмірін басқарып келген табиғат пен заңдылықтардың құпия сырларын тереңірек ашқан сайын, ағартушылық жұмыстардың кең ауқымда таралуының арқасында бақытты қоғамды қалыптастыру үшін қажетті барлық шарттар орындалған болатын. Оның басты белгілері ретінде бейбітшілік, қоғамдық құрылымның әділетті принциптері, сауданың гүлденуі, адамдар мен халықтардың арасындағы теңдікті атаймыз.

Мұндай көзқарастар тарихи ой үшін жаңашылдық болды. Ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлер адамзаттың іс-әрекеттерін бүгінгі күнге бағыттай отырып, болашаққа үміт сыйлады. Ағартушылардың пайымдары жарқын болашаққа үмітпен қарау бүгінгінің болмысын түсінуге және өткенге баға беруге мүмкіндік берді. Сонымен қатар прогрестің зайырлы концепциясы дәстүрлі христиандық көзқараспен үндесе отырып, тарихты мақсатқа жету жолындағы адамзаттың бағдарлы сызықтық қозғалысы ретінде қарастырды. Ал мақсат – Құдай патшалығымен қауышу болмаса да, ақыл-парасаттың салтанатына қол жеткізу.

Дегенмен осы аталған көзқарастарға сай, адамзат баласы үдемелі жолмен дамыса да, тарих жабайылықтың кезеңдерін де басынан өткерген еді. Қарқынды даму қозғалысы туралы түсінік адамзаттың «балалық шағы» ретінде қабылданған ерте дәуірлердің құндылықтарын шектей түсті. Сонымен еуропалық ортағасырлық дәуір, яғни христиан діні үстемдік еткен уақыт, көптеген ағартушылардың пікірінше, діни фанатизм мен ақыл еркіндігін тұсаулағаннан басқа, адамзатқа мардымды еш нәрсе бермеді.

Сонда тарихты зерделеу ісі басқа не берді? Философтар өткеннің мәнін ұғынуға, ертедегі мәдениеттердің өз терминдері арқылы олардың ерекшеліктерін түсіндіруге ұмтылған жоқ. Тарих адамзатты оқытып, оларға білім беруі қызметін атқарды. Кондорсе адамзат баласы жүріп өткен сара жол туралы білім оның тарихының нәтижесі арқылы адамзаттың болашақ тағдырының шынайы бейнесін болжауға мүмкіндік береді деп есептеді. Орта ғасырлар туралы әңгіме ескі наным-сенімдер мен надандықтың адамдарды тығырыққа тірейтінін көрсетті. Осындай шығармалардың оқылуы үшін, ең алдымен, оның әдеби формасына, көркемдігі мен стиліне назар аудара отырып жазу керек. Сонымен тарих өткеннің жарқын мысалдарын қолдана отырып, философияның дәрістерін берді.

Философ-ағартушылардың барлығы бірдей өркениеттің дамуына оптимистік көзқараспен қарамады. Француз жазушысы, философ Жан Жак Руссо (1712–1778) ғылым мен өнердің прогресі адамдардың игілігі үшін пайдалы дүние болды деп санамады. Адамзат болмысының бір қыры – ақыл-ойдың жетілдірілуіне – сезіну мен уайымдау қабілеттерін басу арқылы қол жеткізілді. Руссо өзінің *«Адамдар арасындағы теңсіздіктің шығу тегі мен негіздері туралы толғам»* (1755) атты еңбегінде адамдар тек ерте кезеңдерде, өздерінің «табиғи қалыптарында» болған уақыттарда ғана еркін, дені сау, мейірімді әрі бақытты болды деп дәлелдейді. Кейіннен жеке меншік идеясы өмірге әртүрлі қиыншылықтарды алып келді, құлдық пен кедейлікті қалыптастырды. Сөйтіп, өркениет «табиғи қалпынан»

айырылған өнімге айналды. Адамзаттың тарихы қартаю мен құлдырау процесі ретінде де оқылуы мүмкін.

Философ-тарихшылар прогрестік теориялармен қатар, мәдени-тарихи циклдер концепцияларын да әзірледі. Ақыл-ойды жетілдіруде де, жалпыға ортақ бақытқа кенелтуде де ешқандай нәтиже бермеген бұл концепциялар прогрестік идеялар қол жеткізген қоғамдық танымалдылыққа ие болмады. Прогрестік көзқарасты ұстанушылар білімнің XVIII ғасырда үстемдік еткен бағытының өкілдері болды. Ол Ф.Бэконның, Р.Декарттың, И.Ньютонның танымдарының нәтижесінде қалыптасқан әлем бейнесіне негізделді. Оның негізінде нақты және жаратылыстану ғылымдары жатты. Олардың әдістерінің көмегімен тек табиғат қана емес, сонымен қатар адамзат қоғамының өткені мен бүгінгі өмірі түсіндірілді. Циклдер теориясының жақтастары ұстанған әлем жайындағы түсініктерде ақылмен қатар, адамның эмоция, интуиция сынды сезімдерінің де маңызы мойындалды. Бұл бағыт белгілі бір мөлшерде Қайта өрлеу дәуірімен және гуманизм дәстүрлерімен үндесіп жатты.

1725 жылы шешендік өнерден дәріс берген неаполитандық профессор Джамбаттиста Вико (1668–1744) «*Ұлттың жалпы болмысы туралы жаңа ғылымның негіздемелері*» атты еңбегінің алғашқы басылымын жарыққа шығарды. Бұл шығармада тарихи процестің және тарихты тану әдістерінің біртұтас айрықша теориясы ұсынылған еді.

Вико ақиқатты тек математикалық және жаратылыстану-ғылыми білімдердің көмегімен ғана тануға болады деген кең тараған пікірлермен, сондай-ақ бұл процестің барысында тарихқа бағынышты орын берілгенімен келіспейді. Вико табиғатты зерттеу өткенді танудан анағұрлым оңай деген пікірмен де келісе бермейді. Табиғатты Құдай жаратты, тек Ол ғана табиғат туралы барлық ақпаратты біледі. Ал тарих адамдық іс-әрекеттердің әлемі ретінде адамдар тарапынан жасалды, олардың үміттерінен, қорқыныштарынан, ниеттерінен, еңбектерінен туындады, сол себептен ол маңызды әрі зерделеуге қолжетімді құбылыс болып саналады. Адамдардың қандай болғанын және әлі де бір-біріне ұқсайтынын түсіну қажет. Сол арқылы «жаңа ғылымның» жалпыға ортақ негізін қалыптастыруға жол ашылады.

«Жаңа ғылым» антикартезиандық негізде құрастырылды. Адамдар барлық дәуірлерде сол бір табиғи қасиеттерге ие болған ерекше рационал индивидтер ретінде ғана қарастырылмаған еді. Табиғи құқық пен қоғамдық келісім теорияларының жақтастарымен салыстырғанда, Вико адамдардың ойлау жүйесі айтарлықтай өзгерген деп есептейді. Ұжымдық санада, адамдардың әлем туралы түсініктері мен пайымдау тәсілдерінде ірі өзгерістер болды. Бұл өзгерістерді түсіну, оларды адамзаттың мәдени тарихының оқиғасы ретінде зерделеу – өзекті мәселе.

Өткен заман мен қазіргі уақытта бір-бірін кезекпенен үш дәуір алмастырды: «құдайлық» (мемлекеттердің қалыптасуына дейінгі, отбасы, жазу, дін, құқық негіздері пайда болуы), «ерлік» (аристократияның үстемдігі және олардың плебейлермен күресі) және «адамдық» (ақыл-ойдың, демократияның, қалалардың гүлденуі) дәуірлер. Олардың әрқайсысына ерекше ұжымдық сана тән. Оның өзіндік ерекшелігі заңында, поэзиясында, дінінде, әлеуметтік институттарының құрылымында бейнеленген. Сөйтіп, мәдениет уақыт өте келе өзгертін біртұтас жүйе ретінде тұжырымдалды.



Үш дәуірдің өзіндік құндылықтары болды. Прогресс туралы қалам тартқан авторларға қарағанда, Вико үшінші, яғни «адамдық» кезеңді аса дәріптемеді. Өзінің қауыз жарған кезінде сола бастаған гүл секілді қоғамның құлдырауы адамдардың дәуірінде басталады. Ақыл өз күшіне енеді, заңға көзсіз бағынудың орнына азаматтық мойынсыну келеді. Пайымның тәсілдерінде – логика, ал әдебиетте проза үстемдік етеді, ғылым болмысты түсіндіреді, тең құқық демократиялық құрылысты қолдайды. Бірақ адамзаттың жетістіктері өздерін құрдымға алып барады. Тарихи цикл аяқталып, жаңа варварлық дәуір, одан кейін анағұрлым жоғары дамыған сатыдағы келесі цикл басталады. Виконың пікірінше, қоғам өзінің дамуын тежеген сәтте ғана бұл апаттан құтыла алады. Бұған еуропалықтардың үндістерді экспансиялауы немесе римдіктер талқандаған Карфагеннің тұрғындары мысал бола алады.

Виконың прогресс пен циклизмді, философиялық-тарихи құрылымды, өзіндік құндылық пен ерекше дәуірлер идеясын, өткенді өзіне тән логикаға сай көзқарас арқылы түсіну мүмкіндігін қамтыған концепциясы Ағарту дәуірінде өзінің лайықты бағасын алмаған еді. Автордың еңбегі кейін ғана мойындалды.

И.Г. Гердер Виконың ізбасарларының бірі болды. Оның шығармаларында тек ағартушылардың ғана емес, сонымен қатар ерте романтикалық көзқарастардың идеялары көрініс тапты. «*Адамзат тарихы философиясының идеялары*» (1784–1791) атты негізгі еңбегінде Гердер адамзат тарихын табиғат тарихының жалғасы ретінде қарастыра отырып, әлем халықтарының өткені мен бүгінгісінің кең ауқымды бейнесін жасауға тырысты. Климаттың әсері туралы теорияның жақтаушысы Гердердің пайымынша, тек табиғат қана адамзат тарихының барлық күйзелістерімен және бұрылыстарымен бірге өзінің жалпы әрі өзгермейтін тәртібін орнатты. Барлық адамдардың табиғаты ортақ болды, алайда оның көріністері әртүрлі болған еді. Түрлі халықтардың өмірлік тәжірибелеріне талдау жасау үшін шығармада мәдениет ұғымы қолданылды. Гердердің концепциясына сай, әрбір халықтың өмір сүру салтына, құндылықтар жүйесі мен әлемді тану тәсіліне тән өзінің мәдениеті болды. Гердердің шығармасында Ағарту дәуірінің Еуропаны өзінің дәстүрлері және ойлау стильдерімен өзге елдердің халықтарының үлгісі ретінде қарастыратын жазылмаған ережесі қайта қарастырылды. Бұл мәтінде еуроцентризм – тәкаппарлықтың көрінісі, ал Батыс мемлекеттерінің жолдары көптеген мүмкіндіктердің бірі ретінде түсіндірілді.

Гердердің ойынша, мәдениет құбылыстың әмбебап барысына бағынған: олардың әрқайсысы өз уақытында пайда болды, дамыды, шырқау шегіне жетті, одан кейін «солды». Әрбір саты бағалы, өзінің жемісін беретін мәуелі бақтай түсінілді. Адамзат дамуының мақсаты – «адамгершілікке» қол жеткізу, адамның рухани қабілетін ашу, ағартушылық пен ақыл-ойды дамыту. Өткен, қазіргі және болашақтағы қоғамдардың құрылымын мәдениеттердің органикалық қозғалысы теориясын басшылыққа ала отырып түсіндіруге болады. Гердер бұл оқиғаны «өзгерістер тарихы» деп түсіндірді, оған жалпыға ортақ және типтік деп қана қарамай, ерекше назар аударды.

## «Философиялық тарих»: тарих жазу тәжірибелері

Әртүрлі модификациялардағы философиялық тарих көптеген елдерде жасалған еді. Ағарту дәуірінің барысында оны жаратылыстану-ғылыми білім әдісі мен прогресс теориясы секілді әмбебап ережелермен сабақтастыра зерделеді (дегенмен зерттеушілер арасында табиғатты, қоғам мен тарихты танудың принциптері туралы түрлі түсініктер болды). Пікірталас алаңдарында «философиялық тарихтың» анағұрлым нәзік нұсқалары құрастырылды, олар бойынша, адам тек рационал жаратылыс ретінде ғана емес, сонымен қатар уайым, интуиция сынды бағалы қабілеттерге ие жаратылыс ретінде зерделенді. Адам табиғатының мұндай түсіндірмесі тарихшының зерттеу нысаны ретіндегі адамдарға да, сондай-ақ тарихи зерттеулердегі жаратылысты тануға да қатысты болды.

Ағарту дәуірінде Еуропада абсолютті монархиялар, қуатты, орталықтанған мемлекеттер қалыптасты. Ұлттық сана-сезімнің өсуі жаңа зайырлы тарихты қалыптастыруды талап етті. Онда халықтың өткені туралы баяндаулар адамзат тарихының негіздеріне сәйкес жазылуға тиіс, ал өткенді сипаттауда қолданылатын ортақ философиялық принциптерді жекелеген мәдениеттердің бірегей белгілерімен сабақтастыру қажет болды. Еуропалық ұлттық тарихтың негіздерінің бірі ағартудың «философиялық тарихы» болса, ал екіншісі өз елінің өткеніне, антикалық көне мұраға қызығушылық білдірген эрудиттердің еңбектері еді.

Аталған шығарманың мысалы ретінде Вольтердің «*XIV Людовиктің ғасыры*» (1751) атты еңбегін атап өтуге болады. Шығармада Францияның өткені ұлттық тарих ретінде де, «философиялық тарихтың» әртүрлілігі ретінде де сипатталады.

Жарық көрген шығармаларда тарих көне замандарда халық туралы алғашқы куәліктердің пайда болуы, ерте мемлекеттердің қалыптасуы, орта ғасырлардағы (жиі теріс бағаланған, алайда өткеннің ажырамас құрамдас бөлігі болған кезең) христиандықтың өрлеуі – қазіргі монархтың билік жүргізуі сияқты кезеңдерді басынан өткерген қоғам мен мемлекеттің үздіксіз даму процесі ретінде сипатталады.

XVII ғасырда қазіргі интеллектуалдық мәдениет кеңістігіндегі антикалық мұраның рөлі мен орны туралы «көне мен жаңаның таласы» деп аталған пікірталас өзекті мәселеге айналды. XVIII ғасырда ешбір адам антикалық өткеннің маңызын жоққа шығармады. Еуроцентристік философиялық тарих Батыс халықтарының шығу тегі бір, түп-тамыры ортақ деген идеяны ұстанды. Ежелгі Грекия мен Рим қазіргі еуропалық қоғамдардың алтын бесігі ретінде қабылданды. Вольтердің пікірінше, Римнің тарихы – айрықша көңіл бөлуге лайықты тарих, себебі римдіктер еуропалықтардың «заң шығарушылары әрі ұстаздары» болды. Алайда тарихшылар бұл мұраның аясында өздерінің мемлекетінің айрықша рөлін дәлелдеуге ұмтылды. Бұл орайда мынадай сұрақ туындайды: белгілі бір халықтың ежелгі және ерте тарихы өзара қалай байланысты болады? Бұл халық әлемдік тарихта қандай орын алды? Бұл сұрақтардың жауаптарын эрудиттер құрастырған еңбектерден таба аламыз. Олардың еңбектерінің нәтижесінде халықтардың мемлекеттігінің тарихи тамыры туралы таластарда дәйектемелік негіз боларлық құжаттар бар.

Ұлттық тарих саяси-заңдық сипатта және саясат пен құқықтың аспектілерін сипаттайтын деректердің жарияланымы ретінде құрастырылып, «өзінің» өткен бейнесі туралы пайымдаулардағы позицияларын қуаттай түсуге мүмкіндік береді. Бір қарағанда, көне дәуірлерге қатысы бар сюжеттер туралы пікірталастар қазіргі еуропалық елдердегі билікті бөлу мәселесіне тікелей байланысты.

XVIII ғасырда Францияда «германистер» мен «романистер» арасында, яғни Француз мемлекетінің пайда болуы теориясының жақтастары граф Буленвилье мен аббат Дюбо арасында пікірталас туындады. Граф Анри де Буленвилье (1658–1722) 1727 жылы жарық көрген *«Ежелгі Франция үкіметінің тарихы»* атты шығармасында германдық жаулаушылардың Галлияны басып алуы Францияда қоғам мен мемлекеттің негізінің қалануына жол ашқаны сипатталады. Жеңіске жеткен германдық франк тайпасы үстемдік етуші аристократтарға айналса, жеңіліс тапқан галл-римдіктер «үшінші сословиені», халықты құрады. Сонымен өткеннің баяндалуы бүгінгіні анықтайды: халық (Буленвилье оған тексіз «мантия дворяндарын» да жатқызды) бағынышты болып, ал аристократия, «асыл текті» дворяндар ежелгі жаулаушылық құқық бойынша оларға билік жүргізулері керек. 1734 жылы Француз академиясының хатшысы аббат Жан Батист Дюбо (1670–1742) Галлияны жаулау туралы Буленвильенің еңбегіндегі басты ұстанымдарды жоққа шығарған *«Галлияда Француз монархиясы орнауының сыни тарихы»* (1742) атты шығармасын жарыққа шығарды. «Романист» Дюбоның пікірінше, галл-римдіктер бірге қоныстанып келген франктермен біртіндеп сіңісе отырып, жаңа француз халқын қалыптастырды. Сол себептен жекелеген екі нәсіл туралы пайымдаулар жалған болып шықты, демек, дворяндар халықтың құқықтарын тартып алған. Өткенге деген мұндай қатынас тек қана эрудиттік мүдденің нысаны болған жоқ. Монтескьенің пікірінше, Буленвильенің теориясы үшінші сословиеге қарсы қастандық әрекет іспетті болса, Дюбоның теориясы ақсүйектікке қарсы бағытталған бүлік сынды болды. Аталған мәселеге қатысты пікірталастар революция қарсаңындағы Францияда өз жалғасын тапты.

Француз философтары, нақтылап айтсақ Вольтер, ағылшын мен шотландтық ағартуға айрықша ықпал етті. Британ интеллектуал мәдениетінде рационал философиялық тарихтың элементтері «дұрыс мағынаға» негізделген, абстрактілі философиялық-тарихи схемаға қатысты аса сақтықпен, деректерді зерделеуге жіті көңіл бөлуге және көркем әдеби жазбаға сүйіспеншілікпен қарайтын эмпирикалық білімнің дәстүрлерімен бірікті.

Ағылшын ағартушыларының шығармалары арасынан лорд Болингброктың (1678–1751) қайтыс болғаннан соң 1752 жылы жарияланған *«Тарихтың зерттелуі мен пайдасы туралы хаттар»* атты еңбегінің маңызы зор. Мемлекет қайраткері Болингброк үшін тарихпен айналысу философияға деген жалпы қызығушылықтың көріністерінің бірі саналған. Ол өзінің еңбектерінде Вольтер мен француз ағартушыларының пайымдарына жақын немесе ағылшын философы Джон Локктың еңбектерінің негізінде құрастырылған идеяларды дамыта түсті. Болингброктың ойынша, ақыл физиканың нысаны ретінде эксперименттік тұрғыдан зерттелуі керек. Адамдар өз білімдерінің негізін табиғаттың үйреткен дағдылары арқылы алды. Сондай-ақ адамға қолжетімді идеялардың барлығы сыртқы әсердің нәтижесінде алынған білім болып саналады. Этика мен мораль тақырыбына ерекше назар аударылды. Автордың пікірінше, христиандыққа

рационал дінді қарама-қарсы қою керек, себебі тылсым күш адамдардың ой-санасында ешқандай орын алмауы қажет. Өйткені ақылдың өзі-ақ әлемді тану үшін жеткілікті болды. Бұл жүйеде рационал эгоизмнің этикасы әрекет етті, индивидтің өзіне деген сүйіспеншілік принципінен моральдық заң мен азаматтық қоғамның негізін сақтау қажеттігі туындады.

Болингброк гуманистік ойлар мен рационал философия дәстүрлерінің тоғысуынан туындаған тарихи таным туралы идеяларын граф Кларендонның шөбересі, «*Бүліктің тарихы*» еңбегінің авторы, лорд Корнбериге жазған хатында баяндайды. Сонымен қатар бұл шығарма Еуропаның жақын уақыттағы тарихы туралы алдағы уақытта жазылатын еңбектің жалпы жоспарын көрсетіп берді. Алайда ол аяқталмай қалды. Автор тарихи процестің философиясымен байланысты жайттарға емес, өткенді зерделеудің мәні мен формаларымен тығыз байланысты мәселелерге ерекше назар аударды.

Болингброктың пікірінше, адамның өз-өзіне, өзінің өзгермейтін табиғатына деген қызығушылығы мен махаббаты оларды әр кезеңдерде тарихқа назар аударуға итермеледі. Шығарманың авторы үшін тарихи жазбаның бұған дейінгі тәжірибесі жеткіліксіз болып көрінді. Эрудиттік көзқарастағы тарихшы өз еңбегінің әртүрлі фактілерді жинау, оларға сыни тұрғыдан қарамау сияқты міндеттері мен мазмұнына философиялық рационал тәсілді қарама-қарсы қоюға тиіс болды.

Болингброк тарихи жазбаның поэтикалық және рационалистік деп аталатын екі түрін анықтады. Поэтикалық тарих адамның сезімдері мен құмарлықтарына жүгінді. Деректердің шынайылығы мәселесі ол үшін аса маңызды болып саналмады. Мұндай тарихтың шындығы типтік сипаттарды жеткізуінде ғана болды. Ойдан құрастырылған әңгімелер орын алған шынайы іс-әрекеттің мысалдарын берді. Рационалистік тарих әлі де болса жеткілікті дәрежеде игерілмеді, бірақ ол шынайы пайда әкелуі мүмкін.

Автордың ойынша, дәуірлер мен ұрпақтардың әлеуметтік, саяси тәжірибесін жеткізу барысында тарих айрықша рөл атқарады. Жеке адамның өзіндік тәжірибесі тек алдыңғы буын өкілдерінің тәжірибелеріне сүйену арқылы ғана қалыптасады. Тарих осылайша мысалдарға негізделген философия ретінде қабылданды. Бұдан бөлек, өткен дәуір туралы білім ұлт үшін әлемдік сахнадағы өзінің орнын анықтауға және өткен кезең қайраткерлерінің еңбектеріне лайықты құрмет көрсетуге мүмкіндік берді.

Болингброктың пікірінше, тарихты зерделеуде өткеннің куәліктерінің шынайылығын – фактілер мен мысалдардан алынған философиялық шындықтың нақтылығын анықтау өте маңызды. Алғашқысына қол жеткізу үшін деректерді мұқият сыннан өткізу талап етілді. Бұл тұрғыдан алғанда, библиялық мәтіндер мен антикалық тарихнаманың шынайылығы күмән туғызды. Автордың пікірінше, қазіргі тарихты Қайта өрлеу дәуірінен бастап зерттеудің өзіндік маңызы бар. Себебі сол жағдайда ғана деректермен жұмыс жасау мүмкіндігі туады.

Алайда рационалистік тарихнама тек жекелеген фактілердің ақиқатын анықтауға ғана ұмтылып қойған жоқ. Сонымен қатар тарихшы-философ деректерге талдау жасау барысында «адамдардың мысалы» мен «оқиғалардың мысалдарын» пайымдап, оқиғалардың сатыларын қарастырып, себептерін және бөлшектенген фактілердің сыртқы байланыстарын зерделеді. Болингброктың ойынша, «жалпы ережелерді» білу адам табиғатының тұтастығы мен тұрақтылығының арқасында

мүмкін болды әрі тарихтың ғибратты сабақтарын үйретті. Осылайша зерттеуші жекелеген фактілерден өткен кезеңдердің тұтас «сабақтарына» дейін индуктивті бағытта қозғалды. Мұның барлығы «тарихты оның шынайы мақсатына сәйкес зерделеуге» қызмет етті, ал шынайы мақсат – адамның өзін-өзі тануы.

Британиядағы ұлттық тарихты қалыптастыру тәжірибесін қарастырып көрейік. XVIII ғасырда Д.Юмның, У.Робертсонның, Э.Гиббонның тарихи шығармалары лайықты бағаларын алған еді. Шотланд философы, «*Адам табиғаты туралы трактаттың*» (1739) авторы Дэвид Юм (1711–1776) әлемді рационалистік көзқарас тұрғысынан түсіндіретін концепцияларға күмәнмен қарады. Юмнің пікірінше, адам айналасындағы барлық заңдылық, себептер мен салдар табиғаттың жаңалығы емес, ол – ақыл-ойдың құбылыстар арасында байланыстың бар екеніне илануы және оларды орнату қажеттігінің көрінісі. Сондықтан жаратылыстану ғылымдарының қорытындылары да, ақылдың құрылымы да шынайылықты бейнелей алмады. Юм тарихшыларды абстрактілі схемаларға емес, мұқият тексерілген эмпирикалық білімге сүйенуге шақырды (дегенмен ол өзінің пайымдарында адамзат табиғатының өзгермейтіні секілді ойша құрылымды қолдады).

Юмнің тарихи еңбегі – сегіз томнан тұратын, толық нұсқадағы ағылшынның алғашқы ұлттық тарихы «*Англияның Юлий Цезарьдің басып кіруінен 1688 жылғы революцияға дейінгі тарихы*» (1752–1762). Бастапқыда XVII ғасырда Стюарт әулетінің билігі мен Ағылшын революциясы туралы оқиғалар баяндалған шығарманың бір бөлігі жарық көрді. Бұл туындыға байланысты біраз дау-дамай туындады, себебі еңбекте жақын күндердегі өткеннің «торилік» түсіндірмесі нақты байқалған еді («тори» – корольдік билікті жақтаушылардың партиясы; анағұрлым кең тараған парламенттің дұрыстығын қорғаған тарихшы-«вигтердің» позициясы еді). Ағартушылық кезеңі авторларының көпшілігі сияқты, Юм да тарихты философиялық түйіндердің дәлелі ретінде қарастырды. Ағылшынның өткен дәуірінің жеке ерекшеліктері философиялық теориялық негізге сүйенді (қоғамның дамуы туралы, климаттың қоғамдық құрылымға ықпалы туралы түсініктер білімнің, идея мен моральдың таралуы және орын алуына байланысты болды). Юмнің пікірінше, тарих ерекше жағдайлардың әсерінен өзгермейтін адам табиғаты әртүрлі формаларды қалай қабылдайтынын көрсетті, ал оқиғалардың барысы кездейсоқ жайттарға байланысты өзгеріп отырады.

Шығармада саяси тарихқа айрықша назар аударылды. Корольдар билігінің маңына топтасқан көптеген фактілер ағылшын мемлекетінің қалыптасуына байланысты ерекше мәнге ие болды. Деректерден нақты дәйексөз келтіру принципі сынды материалды ұйымдастырудың мұндай тәсілі көптеген ағылшын авторлары тарапынан қабылданған еді. Юмнің қалың оқырманға арнаған шығармасы әдеби тілде жазылды. «*Англия тарихы*» Юмді Британияның классикалық тарихының авторы ретінде даңққа бөледі.

Шотланд тарихшысы Уильям Робертсон (1721–1793) «*Шотландия тарихы*» атты еңбек пен Үндістан мен Америка халықтарының тарихына арналған салыстырмалы туындылардың авторы. «Құрғақ» сюжеттерге арналған немесе мәселенің мән-жайын эрудиттік тұрғыдан егжей-тегжейлі зерделеуді талап ететін тақырыптардан жазушыларды сақтануға шақырған Юмнің сөзіне қарамастан, Робертсонның шығармасы ерекше табыстарға қол жеткізді. Оның Юмнен айырмашылығы –



ұлттық тарихты жазу үшін мұқият сыннан өткізген шотландтық және ағылшын архивтерінен алынған деректерді пайдаланғанында еді.

Пресвитериандық дін қызметкері Робертсон өзін Вольтердің шәкіртімін деп атады. Оның туындыларында тарихтағы прогресс идеясы, автордың ойынша, «қасиетті тарихта» баяндалған Құдайдың жоспары идеясымен сабақтасып жатыр. Азаматтық тарих адамның іс-әрекеттері туралы әңгімелейді. Философтардың ойлары Құдайдың адамзат баласын ізгілікке бағыттау мақсатымен сабақтасып жатыр. Сонымен оқиғаларда Құдайдың да, рационал жоспардың да сипаттары бар. Робертсон өзге де ағартушылар секілді, еуропалық тарихқа баға бере отырып, орта ғасырлар кезеңіне сыни көзқараспен қарады. Алайда ағартушылардағы «варварлықтан талғампаздыққа» қарай бағытталған алмасуды жеделдеткен қозғалыс белгілерін – қалалардың өсуін, сауданың кеңеюін, заңдардың шығарылуын, парламенттің қалыптасуы мен мінез-құлықтың жұмсаруын атап өтті.

Робертсонның Үндістан мен Америка халықтарының тарихы жайындағы кейініректе жазған салыстырмалы еңбектері де айтарлықтай жетістікке жетті. Автордың ойынша, «қарапайым» халықтар әлемдік тарихтың ажырамас бөлігі болғандықтан, өзгелер оларға жанашырлық көзқараспен қарауға тиіс. Робертсон олардың қазіргі жағдайынан еуропалық тарихтың ежелгі дәуірлеріне ұқсас құбылысты байқайды, мысалы, қазіргі америкалық үндістер ежелгі германдықтармен салыстырылады.

Эдуард Гиббон (1737–1794) Ағарту дәуіріндегі ағылшынның белгілі тарихшысы болды. Оның «*Рим империясының құлауы мен күйреуінің тарихы*» (1776–1788) атты негізгі еңбегі бір қарағанда ағылшын ұлттық тарихымен ешқандай байланысы жоқ шығарма болып көрінді. Алайда бұл шығарма британдық тарихнамада маңызды рөл атқарған туынды болған еді. Ол Ағарту дәуірі тарихи еңбектерінің жақсы үлгісі ретінде қабылданды.

Гиббон б.з. II ғасырдан бастап, 1453 жылы Константинопольдің құлағанына дейінгі оқиғаларды баяндады. Автор негізінен тарихтағы саяси және діни оқиғаларға назар аударды. Ұлы империяның дәуірі өткен уақыттың ең бір бақытты кезеңі ретінде сипатталады. Тарихшы империяның құлау себептерінің бірі ретінде христиан дінінің қалыптасуы мен таралуын атады.

Ағарту дәуірінің жазушылары антикалық әлемге ерекше қызығушылық білдірді. Авторлар Ежелгі Грекия мен Римнің тарихынан азаматтық бостандық пен ізгіліктің үлгілерін таба алды. Классикалық антикалық мәдениеттер таптырмас үлгі рөлін атқарды, олардың негізінде жазушылар қоғамның типтік белгілерін анықтап, оны қазіргі күнге сай етіп жоспарлауға тырысты. Гиббонның шығармасы ұлттық тарих ретінде үздіксіз оқылды. Мәтіндерде Британияның тарихы парламентаризм мен демократияның пайда болу, империяның қалыптасу, гүлдену және құлдырау кезеңдері ретінде де пайымдалады. Антикалық Рим мен Британияның арасындағы айқын параллель ұлттық тарихтың өткені мен бүгінгісін дәріптеу қызметін атқарды.

Гиббон өркениеттің құлау себептері туралы сұрақтарға жауап іздейді. Рим империясының тағдыры Батысқа да төніп тұр ма? Автордың пікірінше, Рим өзінің тәкаппарлығының нәтижесінде іштей іріп-шіріген еді. Қазіргі әлемді ұстамдылықты, талғамды, өнер мен ғылымды өркендету арқылы ғана қайтадан

жабайылыққа оралу қаупінен сақтап қалуға болады. Шығарма деректердің ауқымды қорына сүйенді және сол кезеңде өмір сүрген күәгерлер мен кейінгі ұрпақтардың пікірінше, тамаша әдеби формаға айналған еңбек болды.

Осылайша Ағарту дәуірінің британдық тарихнамасында тарихи шығармалардың философиялық теорияларына, антикваризм мен әдеби құндылықтарына назар аударылды.

Германияда біртұтас ұлттық тарихты жазу жұмыстары мемлекеттің саяси бытыраңқылығының нәтижесінде айтарлықтай күрделене түсті. Неміс тарихшылары мен философтарының еңбектерінде идеялар мен тәсілдердің кең спектрі көрініс тапты. Неміс ағартуындағы прогресс теориясы Франциядағыдай жүйелі түрде жүзеге асқан жоқ. Алайда Германиядағы философтар мен тарихшылар адам табиғаты әрі таным мәселелерін баяндауда бірқатар түйткілді мәселелерді анықтады. Олардың шығармашылығында XVIII ғасырда бір-бірінен бөлек қалыптасқан тарихты, өткенге қатысты философиялық көзқарасты және оны эрудиттік тұрғыдан қарастыруды ұсыну тәсілдерін өзара сабақтастырудың бағыттары көрсетілген. Таным тек адамзат ақыл-ойының қызметі ретінде ғана баяндалған жоқ. Бұл процесс тарихты жазу барысындағыдай анағұрлым күрделі механизмдерге – сезімге, қиялға, түйсікке басымдық береді. Философиялық тарихты жазу барысында және жеке құжаттарды эрудиттік тұрғыдан зерделеу кезінде мән-мағыналарды берудің ортақ тетіктерін қалыптастырды, тарихи зерттеулердің түрлі нұсқаларын жақындастыру үшін қажетті негізді құрастырды.

Ресейде Петрлік қайта құру заманында зайырлы ұлттық тарихты жазудың алғашқы талпыныстары жасалған еді. XVIII ғасырдағы зайырлану процестері, сондай-ақ рационал дүниетанымның біртіндеп бекітіле түсуі ресейлік мәдениеттің еуропалануы контекстінде жүзеге асты. Батыс елдерімен байланыс, еуропалық әдебиеттанушылардың, философтардың, тарихшылардың түпнұсқа және аударма шығармаларына қызығушылық білдіруі ресейлік интеллектуалдық мәдениетте басты идеялары француз, британ, неміс ағартуының көкейкесті тезистерімен тығыз байланысты болған қозғалыстың пайда болуына септігін тигізді.

І Петрдің тұсында Ресей мемлекетінің XVI ғасырдан басталған саяси тарихы бойынша жалпыланған еңбекті құрастыру жоспарланған еді. Алайда бұл міндеттер орындалмай, аяқсыз қалды. Тарихқа деген рационал көзқарас принциптері тұрақты діни дүниетанымдармен және ортағасырлық историософиялық концепциялармен біте қайнасты.

Ресейдегі ағарту тарихнамасының негізін қалыптастыруда Василий Никитич Татищев (1686–1750) айрықша рөл атқарды. Ол І Петрдің бұйрығы бойынша мемлекеттің географиялық сипаттамасын құрастырумен айналыса отырып, Ресейдің көне тарихы туралы отандық және шетелдік деректерді жинауға, зерттеуге, жүйелеуге әрі басылымға әзірлеуге өзінің көп уақытын арнады. В.Н. Татищевтің басты еңбегі саналатын «Ресейдің ең көне уақыттан бергі тарихы» (*История Российская с самых древнейших времен*) атты туындысы ол қайтыс болғаннан кейін 1768–1784, 1848 жылдары басылып шықты. Бұл шығарманы жазу үшін В.Н. Татищев отыз жылдай уақыт еңбек етті. Шығармада орыс самодержавиесінің тарихы баяндалған. Туындыдағы өткеннің әңгімелері көне дәуірден бастап 1577 жылдың оқиғаларымен аяқталады. В.Н. Татищев жылнамалардың, құжаттардың, өткеннің әртүрлі

мәліметтерінің тізімдерін жүйелі түрде салыстыра отырып сынға алды. «Ресей тарихы» (*История Российской*) шығармасының алғашқы нұсқасы стилі жағынан жылнамаларға жақын болды: барлық оқиғалар жылдар ретімен хронологиялық тұрғыдан орналастырылды, сонымен қатар ол көне орыс тілінде баяндалды. Алайда оқырмандар үшін мәтінді қолжетімді ету тілегі авторды өз еңбегін қазіргі әдеби ниеті алмастыруға мәжбүрледі.

Ресейлік зерттеушілердің алдында батысеуропалық және дүниежүзі тарихы аясындағы отандық тарихтың орны мен рөлі туралы мәселе қойылды. В.Н. Татищев орыс тарихын жалпы әлемдік процестің құрамдас бір бөлігі ретінде қарастырды. Автордың ойынша, ең алдымен, өз халқыңның өткенін білу маңызды, бірақ өзге халықтардың тарихынсыз, өзіңнің тарихың да анық болмайды.

В.Н. Татищев адамзаттың өткен уақытында негізгі үш кезеңді зерделеді: жазудың пайда болуы, Христостың келуі, кітап басып шығару ісінің қолға алынуы. Мұндай пайымдау адамзаттың сәбилік, жасөспірімдік, кемелдік және қарттық сынды кезеңдерінің христиандық идеясына сәйкес болды. Тарихтың қозғалысы сол кезеңдегі еуропалық философтар мен тарихшылардың көзқарастарына сәйкес, тағдырмен немесе атақты билеушілер және қолбасшылардың іс-әрекеттерімен емес, «дүниежүзілік ақыл-ойдың» дамуымен, адамның ақылы мен қабілетінің жетілуімен түсіндірілді.

В.Н. Татищевті отандық тарихнаманың мемлекеттік бағытының негізін қалаушы деп атайды: оның шығармасында қауымдастықтар мен орталық биліктің тарихына ерекше көңіл аударылды. Концепцияның негізінде Батыста кең тараған қоғамдық келісім – мемлекет пен белгілі бір сословиелерге табиғи құқықтың бір бөлігін ерікті түрде беру идеясы жатты. В.Н. Татищев бұл идеядан және әр елдің өмір салтына климаттың тигізетін ықпалы туралы теориядан Ресей үшін монархиялық басқарудың тиімділігі, сонымен қатар осы тәртіптің, соның ішінде басыбайлы құқықтың өзгермейтіні туралы қорытынды шығарады.

XVIII ғасырдағы Ресей тарихнамасында еуропалық ағартушылардың шығармаларынан алынған ережелер жиі көрініс тауып отырды. Қоғамдық келісім, ағартушы билік, ақыл-ойдың прогресі және мінез-құлықтың өзгеруі, халықтардың әдет-ғұрыптарының табиғи жағдайлармен байланысы теориялары орыс мәдениеті мен тарихты жазу дәстүрлерінің шындығымен біте қайнасып кетті. Философиялық тарих идеялары С.Е. Десницкийдің, И.Н. Болтиннің, А.Н. Радищевтің т.б. еңбектерінде дамытылды. «Философиялық тарих» авторларының арасында Ресейдің Батысқа бағдар ұстануын жақтаушылар ғана болған жоқ. Михаил Михайлович Щербатов (1733–1790) өзінің «Ресейдің көне уақыттан бергі тарихы» (*История Российской от древнейших времен*) (1770–1790) шығармасында Руссо мен Юмнің еңбектерін басшылыққа ала отырып, мемлекеттің өткенін сипаттады. Оның шығармаларында ағарту мен ақыл-ой мемлекеттің гүлденуіндегі негізгі факторлар ретінде баяндалды. Бірақ М.М. Щербатовтың ойынша, I Петрдің билігі кезеңінен бастау алған қазіргі дәуір Ресейде ежелгі заманның адамдарына тән ізгі қасиеттерінің жоғала бастауына және жағымсыз әдеттердің таралуына жол ашты. Руссоның концепцияларына қарағанда, М.М. Щербатовтың пайымдарында табиғи тазалық мемлекеттің қалыптасуымен жоғалып кетпеген еді. Жақын өткен кезеңде патриархалдық байланыстар сақталған, ал патша билігі шектеулі болған уақытта да Ресей дұрыс жолды

ұстанған еді. Ол тек Батысқа еліктеудің нәтижесінде өзінің табиғи жолынан ауытқыды. М.М. Щербатовты славяншылдардың алғашқы ізашарларының қатарына жатқызып, орыс консервативтік утопиясының авторы ретінде атайды.

Ресей білімінде «философиялық тарихтың» қалыптасуымен өткенді зерделеудің жаңа тәсілдерінің негізі қаланды. 1724 жылы Ресейде Петербург ғылым академиясы құрылған еді. Академияда жаратылыстану ғылымдарымен қатар, тарих та болды. Бұл ғылым мекемесінде көптеген шетелдік зерттеушілер, солардың ішінде неміс тарихшылары Г.З. Байер, Г.Ф. Миллер, А.Л. Шлецерлер қызмет еткен еді. Академия ғалымдарының қажырлы еңбектерінің нәтижесінде Ресейдің көне дәуірі негізгі зерттеу нысанына айналды. Бұған деректердің, жылнамалар мен құжаттарды деректанулық тұрғыдан сынау әдістемесінің басылып шыққан сериялары ықпал етті. 1732–1766 жылдардың аралығында Ресейде орыс тарихы бойынша неміс тілінде көптомдық материалдар жинағы жарыққа шығып тұрды.

Академияның қызметкерлері үшін Русьтегі ерте мемлекеттің пайда болуы жайындағы тақырып қызу пікірталас туғызған мәселе болды. Нормандық теорияның негізін қалаушылар әрі насихаттаушылар Готлиб Зигфрид Байер (1694–1738) мен Герард Фридрих Миллер (1705–1783) еуропалық тарихнамада кең тараған «жаулаушылық – мемлекеттік негіздердің пайда болу сәтінің өзегі» деген ойды және ресейлік мәдениеттегі самодержавиелік монархияның теңдессіз рөлі туралы тезисті басшылыққа алды. Олардың жылнамалық әңгімелерге негізделген концепцияларына сай, Русьтегі алғашқы билеушілер шақырылған нормандық князьдер (варягтар) болды: олардың «жаулаушылықтары» Ресейдің мемлекет болып қалыптасуының бастауы еді.

Михаил Васильевич Ломоносов (1711–1765) бұл теориямен ұзақ уақыт бойы келіспеді. М.В. Ломоносов өзінің 1776 жылы жарыққа шыққан «Ежелгі Ресей тарихы» (*Древняя российская история*) еңбегінде билеушілердің емес, халықтың тарихын жазуға талпынды. Автордың пікірінше, орыс тарихы Рюриктің князьдік құрған уақытына дейін-ақ басталды. Сондай-ақ ол биліктің славяндық негізін дәлелдеуге тырысты. Славяндардың көне этнос екені туралы тезисті, сонымен қатар орыс халқының «Халықтардың ұлы қоныс аударуы» кезеңінің барысында қалыптасқанын негіздеу үшін М.В. Ломоносов орыс деректерін, сондай-ақ антикалық тарихшылар мен географтардың еңбектерін пайдаланды. Мемлекеттіктің пайда болуының уақыты мен жолдары туралы сұрақ ғалым тарапынан тікелей саяси мазмұны бар мәселе ретінде баяндалды. М.В. Ломоносов қазіргі күнді сипаттай отырып, Ресейдегі үлкен өзгерістер мен қайта құру шараларына деген зор үмітті үлгі болуға лайықты тұлға, білімді әрі дана І Петрдің қызметімен байланыстырды. Кейініректе М.В. Ломоносовтың еңбектеріндегі материалдармен жақсы таныс болған Вольтер де «*Ұлы Петрдің тарихы*» атты шығармасында осыған ұқсас баға береді.

Ресей тарихнамасындағы нормандық жаулаушылық туралы мәселе төңірегіндегі пікірталас германистер мен романистер арасындағы дау-дамайларға ұқсас болды. Мемлекеттіктің пайда болуы жаңа ұлттық тарихтағы іргетас ретінде қарастырылды. М.В. Ломоносовтың жақтастары, романистер секілді, халықтардың табиғи даму нұсқасын қолдай отырып, жаулап алу немесе билікті сырттан әкелу идеясын сынға алды.

## АЛТЫНШЫ ТАРАУ

# ХІХ ҒАСЫРДЫҢ ТАРИХШЫЛАРЫ МЕН ФИЛОСОФТАРЫ: ӨТКЕН ТАРИХ ТУРАЛЫ ТҮСІНІКТЕР

Тарих – өмір сүрудің ерекше түрі,  
тарихи сана – ойдың айрықша бейнесі,  
ал тарихи білім гуманитарлық және жаратылыстану  
ғылымдарының спектріндегі дербес сала  
ретінде қарастырылды.

*Хейден Уайт*

### Романтизмнің тарихи мәдениеті

Ағарту дәуірінің философтары өздерінің еңбектерінде табиғаттағы, қоғамдағы және тарихтағы ереже туралы жаңа түсініктерді қалыптастырды. 1770 жылдан бастап әртүрлі елдерде бұл идеялар әлеуметтік әрі саяси ережені тәжірибелік жағынан қайта құрастыруға ұмтылғандарды шабыттандырды. Бұған Франция нақты мысал бола алады. 1789 жылы Ұлы француз революциясы басталды, 1792 жылы монархия құлап, республика жарияланды. Ал келесі жыл корольдың жазалануымен және якобиншілердің террорлық әрекеттерімен есте қалды. Революциядан кейін Наполеонның билікке келуі, империяның жариялануы, Еуропа картасын алапат өзгерістерге ұшыратқан әскери жорықтар мен жаулап алушылықтар орын алды.

Ұлы француз революциясы өзінің қарсыластары мен жақтастарының арасындағы шиеленіске толы талас-тартыстардың туындауына себеп болды. Замандастарының көз алдарында жүзеге асқан тарихи рационал схемаға еш қисыны келмейтін нәтижелерге алып келді. XVIII ғасыр ойшылдарының реттелген әлемінің бейнесін әлеуметтік аласапырандар астан-кестен етті. Ақыл, еркіндік және бақыт патшалығының жақын күндердегі салтанат құруы туралы теориялар өзінің мәнін жоғалта бастады. Революцияның тәжірибесін ой елегінен өткізу қоғамға деген көзқарастың өзгеруіне, яғни оған жеке тұлғалардың механикалық жиынтығы ретінде қарау, ақыл-ойдың әлемді саналы түрде өзгерте алуы және прогреске қабілеті туралы көзқарастарын қайта зерделеуге алып келді.

XVIII–XIX ғасырлардың аралығында Еуропадағы осы жағдайларда кейіннен романтизм деген атауды иеленген идеялық-көркемдік қозғалыс қалыптасады. Әдебиеттегі романтизмді Германияда И.В. Гете, И.Ф. Шиллер, Э.Т.А. Гофман, Францияда В.Гюго, П.Мериме, Британияда П.Б. Шелли, Д.Г. Байрон, В.Скотт, Ресейде



В.А. Жуковский, А.С. Пушкин сияқты қаламгерлер дамытты. Суретшілер Э.Делакруа, Т.Жерико, У.Төрнер, философтар И.Г. Фихте, Г.В. Гегель, А.Шопенгауэрлер де бұл ағымға өз үлестерін қосты. Өнер мен әдебиеттегі бағыттар мен мектептерге романтизм айрықша ықпал етті, XIX ғасырдың алғашқы жылдарында ғылымдағы, қоғамдық ойдағы және философиядағы өзгерістерге өз әсерін тигізді.

Романтизм өзінің мағынасын тарихи білімнен де тапқан еді. Тарих бұл уақытта жеке пән ретінде біртіндеп қалыптаса бастады. Егер XVIII ғасырдағы тарихи шығармалардың авторлары көп жағдайларда философтар, антикваршы-коллекционерлер, публицистер мен әдебиетшілер болса, XIX ғасырдың бірінші жартысында өткенді зерделеу ендігі кезекте маманданған қызмет сипатына ие болды. Еуропа мен дүниежүзінде О.Тьерри, Ф.Гизо, Ж.Мишле, А.Токвиль, Л.Ранке, Б.Г. Нибур, Т.Б. Маколей, Т.Карлейль, Н.М. Карамзин сияқты тарихшылардың еңбектері кеңінен танымал болды.

Романтик авторлар кей кездерде өздерінің көзқарастарын ағартушылардың теорияларына қарама-қарсы қойды. Бірақ романтизм көп жағдайда ағартудың интеллектуалдық мұрасына негізделді. Бұл екі бағыттың қайраткерлері де адамның қабілеттерін жоғары бағалады, сұрақтардың жауаптарын табиғи бастаулардан іздеді. Ағартушылар да, романтиктер де біртіндеп, әртүрлі дәрежеде адамзат қоғамының дамуы мен өзгеруі туралы концепциясын ұстанды. Ағартушылық және романтикалық көзқарастардың арасындағы көптеген үндестіктерге қарамастан, олардың арасында үлкен айырмашылықтар болды.

Ағарту дәуірінің кейінгі буын өкілдері қатаң философиялық құрылымдарды романтикалық және консервативтік ұстаным тұрғысынан алғаш рет сынға алды. Өз идеяларын қайта қарау мүмкіндігі бұл ағымның ғұмырын ұзартты, сол себептен XIX ғасырдың қоғамдық ойы мен ғылымында ағартудың ықпалы айтарлықтай күшті болды. Тарихи білім де ерте кәсіби тарихтың бейнесінде оның зерттеу жұмысының ғылыми дәлдігіне қойылатын талабымен анықталып отырды.

Романтизм идеялары әртүрлі елдерде түрліше сипатта көрініс берді. Алғашқы романтикалық қозғалыс Франциядағы революцияға қатысты қоғамдық реакцияның ықпалымен XVIII ғасырдың соңына қарай қалыптасты. XIX ғасырдың аяғына қарай романтизмнің эстетикалық, философиялық қағидалары барлық жерлерге бірдей тарады. 1830 жылдан бастап қоғамдық ойларда романтикалық дүниетанымға сыни тұрғыдан қарай бастады. Бірақ көркемдік шығармашылықтың реалистік принциптерінің бекітілуі және тарихи білімде позитивістік идеялардың кең тарауы одан толығымен бас тартуға мүмкіндік бермеді. XIX ғасырдың екінші жартысында Батыстың мәдениетінде романтизмге деген қызығушылық одан сайын арта түсті.

Романтиктердің көзқарастарының біркелкі емесіне қарамастан, осы идеялық ағымға тән бірқатар жалпы принциптерді атап өтуге болады. Романтизм табиғатты қайтадан «ашты» – Бэкон мен Ньютонның танымдық заңдарға бағынған рационал механикалық табиғатын емес, бүкіл жаратылыстың негізінде жатқан құдіретті жаратушы күшті ашты. Табиғат адамның ақыл-ойына бағынбай, ережелерді тек өзі ғана орнатты. Романтиктердің ішкі үндестікке, еркіндік пен күреске толы ұлы әрі жабайы табиғат туралы пайымдары олардың әлемге қарсы тұрған күшті һәм жоғары сезімге, құмарлықтарға ие, жоғары түйсігі бар, шабытты және шығармашылыққа қабілетті индивид – адам туралы түсініктерімен сәйкес келді.

Романтиктер үшін тарихилық принципі өзекті мәселе болды. Ағартушылар тарапынан бұл принцип даму идеясында көрініс берді: табиғат пен адам қоғамының барлығы адамдардың еркіне тәуелсіз үдемелі қозғалысқа бағынды. Романтиктердің шығармаларында мағыналық басымдық өзгеше сипатта болды: тарихтың қозғалысы органикалық процесс ретінде түсіндірілді. Барлық құбылыстарда қосымша тарихи өлшем пайда болды: оларды қалыптасу, даму, гүлдену және құлдырау аясында қарастыру керек. Тарих өзгерісті білдірді, одан өз кезегінде әртүрлілік өрбіді. Өткеннің барлық құбылыстары романтик-авторларға қайталанбас, айрықша сипатта көрінді. Олардың әрқайсысы өз уақытының, құндылығының, түсінігінің, мәдениетінің аясында түсіндірілді. Сөйтіп, романтизмнің тарихи шығармаларында бүгінгі мен өткеннің арасында белгілі бір «арақашықтық» қалыптасты. Бұл көзқарас бойынша, адамзат қоғамдастығының дамуының қажетті сатылары сияқты барлық дәуірдің өзіндік маңызы бар. Ағартушылардың пайымдауларында еуропалық орта ғасырлар жайында варварлықтың, жалған сенімдердің және надандықтың уақыты ретінде жағымсыз пікірлер айтылған еді. Романтиктер оларға қарағанда тарихтың бұл кезеңін кейде үлгі ретінде қабылдап, өлең жолдарына арқау етіп, орта ғасырларға деген қызығушылықты арттыра түсті.

Романтиктердің тұжырымдарына сай, халықтар, мемлекеттер мен мәдениеттер табиғи жолмен дамып келді. Романтикалық философиялық ой-түйіндері жүйесінің ықпалымен дүниежүзі тарихының негізін халықтардың тарихында өзін жүйелі түрде жан-жақты аша білген белгілі бір рухтың қозғалысы құрайды деген ой кең тарады (бұл Гегель үшін идея болса, Шеллинг үшін – әлемдік рух, Фихте үшін Құдай жоспарының көрінісі іспеттес эго-принцип болды). Романтиктер Ағарту дәуірінің философ-рационалистері механикалық ғылыми тәртіпті шындыққа жасанды жолмен енгізуге талпыныс жасай отырып, оның рухани негізіне жеткілікті дәрежеде көңіл аудармады деп есептеді.

Ағартушылар өткен кезеңнен ортақ әрі әмбебап заңдылықтарды іздесе, романтиктер ұлттық тарихтың өзіндік мәніне айрықша назар аударды. Аталған ерекшеліктер әрбір ұлтқа тән халықтық рухтың ұлттық белгілерімен байланыстырылды, ал мемлекет осы рухқа сай дамыды.

Романтизм Еуропа елдеріндегі өрлеу кезеңдерімен, ұлттық мемлекеттердің рәсімделуінің аяқталуымен тұспа-тұс келді. Еуропа ұлттық мемлекеттердің жиынтығы ретінде XIX ғасырдың алғашқы жылдарында әлі де болса толық қалыптаса қоймаған еді. 1870 жылға дейін Италия мемлекеттерінің, герман жерлерінің бірігу процестері біраз қиындықпен жүзеге асты. Сондықтан осы уақыттың ойшылдары үшін ұлт, ұлттық мемлекет, патриотизм сынды ұғымдардың өзекті болуы кездейсоқ емес. Олардың еңбектерінде ұлттық бірегейлік, ең алдымен, кез келген елдегі халықтардың өмір сүру ерекшеліктерінде, тілі мен мәдениетінің ішкі бірлігінде көрініс тапты. Тарихшылар халық рухының көрінісін зерделеуді өздерінің ең басты міндеті деп санады.

XIX ғасырдың бірінші жартысында тарихқа деген қоғамдық қызығушылық өте жоғары болды. 1823 жылы француз тарихшысы Огюстен Тьеррин «философияның XVIII ғасырға өз атын бергеніндей, нақты тарих қана XIX ғасырға өзінің атауын береді және ойып тұрып өзінің орнын алады» деген пікір білдірген еді. Аталған білім саласымен шұғылдану әртүрлі формаларда жүзеге асты: атақты тарихшылардың еңбектері оқылып отырды, мерзімді басылымдарда талқыланды.

ды және бірнеше рет қайта басылып шықты. Ашық дәрістер оқу ең көп тараған тәжірибеге айналды. Еуропа мен Америкада тарихи қоғамдастықтар, музейлер құрылды, тарихқа қатысты журналдар шығарылды. Бірқатар елдерде ұлттық тарих бойынша көптомдық деректер жинақтары басылып шыға бастады (бұл сериялардың кейбіреулері әлі күнге дейін жүздеген томдармен шығып келеді). 1826 жылдан бастап «Германия тарихының ескерткіштері», 1835 жылдан бастап «Франция тарихы бойынша жарыққа шықпаған құжаттар», Италияда 1836 жылдан бастап «Отан тарихының ескерткіштері» шыға бастады, АҚШ-та 1832–1861 жылдар аралығында 38 томдық «Американың мемлекеттік құжаттары» жарыққа шықты. Бұл деректерді жариялаудың екінші кезеңі ұлттық өткенге деген ауқымды қызығушылықпен ерекшеленген, уақыттың талабына жауап берген алдыңғы ғасыр эрудиттері әрекетінің жалғасы болды.

Халық шығармашылығын зерттеумен байланысты болған сюжеттердің маңызы ерекше болды. Халықтың рухы, оған тән қайталанбас дарыны оның тілінде, фольклорында, хикаяларында, әдет-ғұрыптарында анағұрлым анық формада бейнеленді. Зерттеуші романтиктер тілдің тарихилығына, ұғымдардың этимологиясына, тілдің пайда болу мәселесіне назар аударды. Деректерді зерделеу осы аталған мәселелерге жауап берді. Романтиктер халық әндерінің, аңыздардың, әдет-ғұрыптардың мәтіндерін, яғни бұрын «байыпты» тарихшылар үшін лайықсыз әрі маңызсыз саналған деректерді жинақтап, оларды жариялады. Бұл қызмет мәдени-антропологиялық зерттеулердің негізін қалады.

XIX ғасырдың ортасына дейін тарих пен әдебиет өзара тығыз байланыста болды, бірақ кейіннен ол жеке кәсіби пән ретінде бөлініп шықты. Жаңа әдеби жанр – тарихи роман қалыптасты. Ол білімді қауым арасында айрықша танымалдылыққа ие болды. Тарихи романдарға В.Скотт, В.Гюго, О. де Бальзак, А.С. Пушкин, Дж.Ф. Купер сынды қаламгерлер жоғары баға берді. Тарихи роман тек көркем проза мен поэзияға ғана емес, сонымен қатар ұлттық тарихты жазу тәсілдеріне де ерекше ықпал етті.

Бірнеше ғасырдың тарихшыларына шабыт беріп, еңбектер жазуға рухтандырған шотланд жазушысы Вальтер Скоттың (1771–1832) романдары – осының жарқын мысалы. Скоттың туындыларының («Айвенго», «Роб Рой», «Пуритандар», «Квентин Дорвард» т.б.) сюжеттері ортағасырлық және жаңа замандағы шотланд, ағылшын немесе еуропалық тарихтың аясында өрбіп отырды. Ойдан шығарылған кейіпкерлер тарихтағы әйгілі қайраткерлермен бірге әрекет етті, ал әдеби сюжет тарихи реконструкция элементтерімен бірікті. Скотт ұлттық тарихты жазу ісіне құрметпен қарап, шотландтардың, англосаксондардың тәуелсіздік үшін күресін өзінің романына арқау етті.

Жазушы шотланд тарихи қоғамының белсенді мүшесі болды, оның шығармалары әртүрлі куәліктерді мұқият зерделеу жұмыстарына негізделді. Скотт романдардан бөлек «Шотландия тарихы» мен «Наполеон Бонапарттың өмірі» атты тарихи еңбектерін жазып қалдырды.

Вальтер Скоттың романдарында өткен дәуір бейнелерінің нақты сәттерін қайта қалпына келтіруге деген талпыныс байқалады. Сонымен қатар өткен дәуір рыцарьлар мен қарақшылардың даңқты, ерлікке толы уақыты, ерліктің, бекзаттықтың, зұлымдықтың, құпиялардың кезеңі ретінде бейнеленді. Шотланд жазушысы мәдениетте романтикалық ортағасырлық бейнені қалып-

тастыруға ықпал еткен әйгілі авторлардың бірі болды. XIX ғасырдың алғашқы бөлігінде тарихи жазбаның тәсілдер жиынтығы ретіндегі әртүрлі стильдік нормалары және Вальтер Скотт ұсынған, тарихи баяндаудың бір түрі ретінде қарастырылған бағыт қатар қолданылды.

Романтизм дәуірінің шығармалары оқырманның қисынды пайымдау және дәйектемелерді қадағалау қабілетіне ғана емес, сонымен қатар оның қиялына тарихи кейіпкерлерге жанкүйер болу қабілетіне де ықпал етті. Тарихшы романтиктер дәуірлердің арасындағы айрықша және өтпелі айырмашылықтарға қызығушылық танытты. Бірақ сонымен қатар қазіргі уақыт пен өткен кезеңнің арасындағы қашықтық өткен ғасырлардың ерекшеліктерін көркемдік тұрғыдан қайта қалпына келтіру есебінен қысқарып отырды. Мәтінде белгілі бір уақыттың күнделікті өмірінің кестелі бейнелері, басты кейіпкерлердің рухани дүниесі, сезімдері мен ойлары жан-жақты сипатталды. Оқырман баяндалып отырған батырлар мен кейіпкерлерді жақыннан «көре» алды. Неміс философы Иоганн Готлиб Фихте дәл осындай тарихты қолдады: бұл тарих фактілерді хронологиялық тәртіппен баяндамайды, ол замандастарын ғажайып бір күйде тарихи өткен уақыттың қақ ортасына орналастырды.

Романтиктер тарихи жазбаларында өмірдің драмасын жан-жақты ашып көрсетуге тырысты. Ағылшын тарихшысы Томас Карлейльдің (1795–1881) «*Француз революциясы*» (1838) атты шығармасында француздардың жақын уақыттағы өткені адамзаттың алапат спектаклі ретінде түсіндірілді. Карлейльдің кейіпкерлері халық пен сол уақыттың көрнекті тұлғалары болды. Баяндаудың сипаттамалық белгілері: халықтың зардап шеккеніне, революцияға дейінгі тәртіптің қаталдығына қарсылық, француздардың патриотизмі мен рухани өрлеуіне таңғалу, революциялық фанатизмді айыптау, жаза мен террорға қарсылық білдіру, егжей-тегжейлі өңделген тарихи портреттер, сол уақыттағы үміт пен қорқынышты суреттеу – осының бәрі үрейге толы және әйгілі оқиғалардың асқақ бейнесін қалыптастырды.

Романтизмнің тарихшылары мен жазушылары даралыққа, адамның ішкі дүниесіне, шығарма авторының өмірлік тәжірибесіне айрықша көңіл бөлді. Олар дара санаға мән берді, онда әлемдегі табиғат күштерінің бейнеленуі мен Құдай күдіретінің көрінісін аңғаруға болады. Әдетте тарихи баяндау барысында кейіпкерлер өздерінің сезімдерімен, құштарлықтарымен ерекшеленіп отырды. Олар өз дәуірінде ойлары мен істері арқылы із қалдырған дарын иелерінің, ұлы тұлғалардың романтикалық нақты бейнесін көрсетті. Карлейль осы ұстаным тұрғысынан «*Батырлар, батырларды дәріптеу және тарихтағы батырлық*» (1844) атты шығармасын жазды. Бұл еңбекте тарихты көрнекті тұлғалардың қалыптастыратыны туралы идея дамытылады.

Романтикалық тарихнама өкілдері деректерге аса ыждағатпен қарап, айрықша мән берді. Оқырман қауым оқиғалардың мән-жайын саралап, оларды толықтай білуі үшін сақталған мәліметтерді пайдаланды. Баспагерлер өткен кезеңнің кейіпкерлерінің «дауысын» оқырмандарға «естірту» үшін қажырлы еңбек етті. Осындай басылымның мысалы ретінде 1845 жылы Карлейль шығарған Ағылшын революциясының қайраткері Оливер Кромвельдің хаттары мен сөйлеген сөздерін атап өтуге болады.

Ағарту дәуірінің рационал тарихнамасына қарағанда, романтикалық тарихнамада танымның сезіну мен уайымдау секілді, яғни адамзаттың ортақ тегіне

байланысты өткен кезеңнің адамдарын интуициялық тұрғыдан түсіну, уақыт арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды пайымдау сияқты таным формаларына назар аударылды. Поэзия және дін танымның философия мен ғылымнан кем емес маңызды жолдары ретінде қарастырылды. Тарихшы-романтиктер өздері айтқандай, «жанның көзі» арқылы тікелей қабылдай алатын бейнелердің жүйесін жасады. Мұндай жол олардың еңбектеріндегі түрлі қателіктерге алып келуі мүмкін еді, алайда өткеннің бейнелері тарихшының тікелей ой-қиялы арқылы жасалса да, айқын әрі әсерлі болды.

## Романтикалық тарихнаманың бағыттары

Романтизмнің тарихнамасында әртүрлі ағымдар болды. Олардың арасындағы идеялық айырмашылықтар көп жағдайда авторлардың идеологиялық ұстанымдарымен байланысты еді. XIX ғасырдың бірінші жартысында тарихтың қоғамдық маңызы арта түсті. Тарих мемлекеттердегі әлеуметтік және саяси құрылымдарды қайта құру жолдары туралы сұрақтардың жауаптарын іздеп табуға көмектеседі деген ой туды. Тарихшылардан өзгерістердің қажеттігін дәлелдейтін шығармаларды және өткенмен сабақтастықты сақтауға бағытталған еңбектерді күтті.

XIX ғасырдың алғашқы онжылдықтарында қоғамда консервативтік позиция өкілдерінің ықпалы өте мықты болды. Ойдың бұл бағыты Француз революциясын өте кереғар бейнеде бағалаған XVIII ғасырдың соңындағы авторлардың еңбектерінен бастау алды.

Англияда консервативтік романтикалық идеялардың жаршысы публицист әрі саяси қайраткер Эдмунд Бёрк (1729–1797) болды. Оның «*Франциядағы революция туралы ойлар*» (1790) атты шығармасы Еуропада бірнеше рет қайта басылып шықты.

Э.Бёрктің кітабында оның замандастары үшін маңызды болған сұрақтар қойылды. Француз революциясы тудырған апаттардың себептері неде? Ортақ мүдде үшін ойластырылған іс неліктен монархияның құлауына, жазалауға, халықтың одан сайын кедейленуі мен күйзеліске ұшырауына алып келді? Автордың ойынша, революциялық өзгерістер идеясы қателік болды. Кез келген мемлекет өзінің құқықтарымен, әлеуметтік тәртіптерімен, «ата-баба даналығын» мұра етіп және басқарудың ең тиімді формаларын біртіндеп жасай отырып, табиғи жолмен ғана дамуға тиіс еді. Бұл аталған ой-пайымның артында қоғамның органикалық табиғатының идеясы, еркіндік пен үйлесімге қол жеткізу үшін қалыптасу мен есею сатыларынан өтіп жатқан жеке тұлғалар, халық пен мемлекет туралы түсініктер тұрды.

Э.Бёрктің пікірінше, ағарту идеясы дағдарысқа алып келді. Қоғамға қатысты механикалық көзқарас, әлемнің рационал өзгерістерінің шексіз мүмкіндіктерінің бекітілуі – «ақылдың ғасыры» атанған бұл теориялар автор тарапынан трагедиялық қателік ретінде баяндалды.

Францияда XVIII–XIX ғасырлар аралығында Ж. де Местр, Л.Бональд, Ф.Р. Шатобрианның еңбектері жарық көрді. Бұл еңбектерде революцияға деген консервативтік романтикалық көзқарас тарихтың діни, болжамдық бейнесіне негізделді.



Граф Жозеф де Местердің (1753–1821) көзқарасына сай, ең күшті мемлекеттік тәртіп шіркеуге, Рим папасына бағынышты монархия болды. Мемлекеттегі билік пен тәртіп қолдан жасалған конституциямен емес, халықтық рухпен, адамдарға үстемдік еткен қағидалармен, мінез-құлықтармен және әдет-ғұрыптармен белгіленді. Де Местердің «*Франция туралы толғамдар*» (1796) атты шығармасы революция халықтың жалпы күнәсінің зардабы, тәкаппарлығы үшін тартқан жазасы деген ойға негізделген еді. Жазушы-романтик, публицист Франсуа Рене де Шатобриан (1768–1848) «*Христиандықтың данышпандығы*» (1802) атты трактатында адамзаттың тағдырын өзгерткен тек бір ғана революциялық оқиғаны – Христостың келуін білетінін жазды. Әлемді өзгертуге деген өзге де талпыныстар адамзаттың өзіне беймәлім және тек Құдайға ғана бағынышты күштерге иелік ету ұмтылыстарынан туындаған болатын. Автор романтикалық жазбаның тәсілдерін пайдалана отырып, орта ғасырдың өзіндік ерекшелігін қайта жаңғыртуға талпынды. Оның пікірінше, бұл христиандық өнерді шабыттандырып, адамгершілік қасиеттерді ізгілендіре түсті.

Осылайша консервативтік романтиктердің қоғамдық идеалы өткеннің қойнауында жатты. Замандастарының күшімен жүзеге асқан өзгерістер, азаматтық бостандықтар мен құқықтар туралы идеялардан бас тартып, «рыцарьлар мен әулиелердің уақытына», қоғамдық үйлесім дәуірлеріне, сенімнің тазалығына назар аударуға тиісті болды.

Романтизмнің алғашқы теориялары қалыптасқан Германияда тарихнамадағы консервативтік романтикалық идеялар анағұрлым толық нұсқада көрсетілген еді. Ең алдымен, бұл Пруссия мен солтүстік герман мемлекеттеріне қатысты болды. Өзін сол уақыттағы буржуазиялық мәдениетке қарама-қарсы қоя отырып, неміс романтиктері ортағасырлық өткен кезеңге көшіп кеткен сезімдер мен мистика әлемі ретінде қарады. Олар қоғамдағы үйлесімділікке қол жеткізу үшін ортағасырлық кезеңдерде сақталған патриархаттық қатынастардың формаларын қолдауды, дәстүрлерді дамытуды, мистикалық, бастапқы мән ретіндегі халықтың рухын тануға ұмтылу қажет деген ой-пікірлерді өздерінің еңбектерінде дәлелдеуге тырысты.

Романтикалық жазба құқықтың тарихи мектебі өкілдерінің еңбектерінде – Фридрих Карл Фон Савиньи (1779–1861) мен Карл Фридрих Эйхгорнның (1781–1854) зерттеулерінде көрініс тапты. Олардың туындыларында заңдардың ұзаққа созылған табиғи дамуы мен ұлттық мәдениет пен халық рухына сәйкестігі туралы тезис берілген еді. Савиньи өзінің «*Біздің заманымыздың заңдылыққа және құқық туралы ғылымға бейімділігі жөнінде*» (1814) еңбегі арқылы кез келген елдегі құқық ақылдың саналы жұмысының өнімі деген пікірді ұстанушыларға қарсы шығады. Тарихшының пікірінше, құқықты тіл және дәстүрмен қатар ұлттық даналықтың туындысы ретінде қарастыру қажет. Сондықтан жаңа құқықтық ережелерді өз қалауынша құрастыру мүмкін емес. Реформалар мен революциялар табиғатқа қарама-қайшы құбылыс ретінде түсіндірілді. Аталған бұл идеялардан бөлек, құқық мектебінің зерттеушілері тарихи деректерді дәстүрлердің іздері сақталған құнды жәдігер ретінде қарастыра отырып, оларды егжей-тегжейлі зерделеу мәселесіне айрықша назар аударды.

Тарихнамадағы романтикалық бағыттар қоғамдағы либералдық өзгерістерді жақтаушылардың еңбектерінде де көрініс берді. XIX ғасырдың 20-жылдары

Францияда (Наполеонның жеңілісінен соң және 1815 жылы Бурбондар монархиясын қалпына келтіргеннен кейін) шиеленісе түскен қоғамдық-саяси күрес 1830 жылғы буржуазиялық Шілде монархиясының орнауына, одан кейін 1848–1851 жылдардың аралығында революцияға ұласуына, республиканың құрылуына, ақырында жаңа монархияның билікке келуіне алып келді. Бұл аталған жағдайларда О.Тьерридің, Ф.Гизоның, Ф.Миньенің, А.Тьердің қызметтерімен байланысты болған либералды тарихи мектеп қалыптасты. Орта ғасырлар мен жаңа заманның саяси тарихына ерекше көңіл бөлген бұл зерттеушілердің еңбектерінде ағартушылар мен романтиктердің жемісті идеялары көрініс тапқан еді. Либералды тарихнаманың өкілдері Ағарту дәуірінен мұра болып келе жатқан басқарудың дворяндық аристократиялық жүйесін сынап, рационал танымның мүмкіндіктері мен адамзат қоғамының прогресті қозғалысы туралы пікірлерді қабылдады. Бұл көзқарастар демократияның жаңа принциптері – сөз бостандығы, ар-ұждан, баспа, халықтың сайлау жүйесі арқылы басқаруға қатысу еркіндігі туралы пайымдармен толықтырылған еді. Романтиктерден кейін тарихшы-либералдар да қоғамның органикалық дамуы, тұлғаның батырлық рухы мен оның ұлтпен бірге қол жеткізген бостандығы жайында жазды. Прогрестің мүддесі үшін реформалар ғана емес, революциялық іс-әрекеттер де дұрыс, дегенмен ең дұрысы байыппен жүзеге асырылған өзгерістер деп саналды. Тарихнаманың либералдық романтикалық бағытының өкілдері орта ғасырларға зор қызығушылық білдірді. Алайда олар бұл уақытты аса дәріптемей, оны үшінші сословиенің, ұлттардың қалыптасу дәуірі ретінде баяндады.

Олардың зерттеу жұмыстарының өзегі, Огюстен Тьерридің (1795–1856) сөзімен айтқанда, «азаматтардың тарихы, бағыныштылардың тарихы, халықтың тарихы» болды. Француз тарихшылары әдетте халықтық рух ұғымына мистикалық сипат беруге аса құлықты болмады. Халықтар өздерінің ерекше мәдениеті және рухани жүйесі бар индивидтер ретінде сипатталды. Халық ұғымының астарында көбінесе үшінші сословие – буржуа мен шығу тегі ақсүйек емес адамдар жатты. Мұндай түсіндірменің айрықша саяси мәні болды. Тьерри өзінің *«Нормандардың Англияны жаулау тарихы»* (1825) және *«Франция тарихы туралы жазбалар»* (1827) атты шығармаларында қазіргі ұлттардың тарихы жайында сөз қозғай отырып, ағылшын және француз тарихының өткен кезеңдеріндегі жаулаушылық сәттеріне баса назар аударады. Автордың пікірінше, Галлияны германдар жаулап алғаннан бастап Францияда екі ұлт өмір сүрді – қожайын-германдықтар мен бағынышты-франктер. Бұған ұқсас ой-пайымдар XVIII ғасырда А. де Буленвилье мен Ж.Б. Дюбо арасындағы германистер мен романистердің пікірталастарынан бастау алады. Бірақ тарихшы осы айтыстардан өзінің қорытындысын жасайды. Әрбір ұлт (соғысушы «нәсілдер») билігін сақтап қалу үшін немесе бостандыққа қол жеткізу жолында күрес жүргізді. Тьерридің пікірінше, XVIII ғасырдағы Француз революциясы және XIX ғасырдағы алапат оқиғалар үшінші сословиенің салтанат құруымен аяқталатын осы күрестің бейнесі болды. Бұл теория, белгілі бір дәрежеде, кейінірек XIX ғасырда жасалған таптардың ымырасыз күресінің идеясын болжаған еді. Батыс дүниесінің негізіне принцип ретінде енген күрес идеясының өзі романтикалық сипатта болды. Франсуа Гизоның (1787–1874) *«Франция тарихы бойынша тәжірибелер»* (1823), *«Еуропадағы өркениет тарихы»* атты еңбектерінде де германдық жаулаушылықтың нәтижесінде француз тарихы

жеңілген тараптың жеңімпаздармен үздіксіз күресін бейнелейтін тарих деген оймен үндеседі. Гизоның пайымынша, оның ең басты бөлігі «сословиелер арасындағы күрес», яғни әлеуметтік топтардың арасындағы қайшылықтар болды.

XIX ғасырдың 30–40-жылдары француз тарихнамасында демократиялық романтикалық ағым көрініс бере бастады. Тарихшы Жюль Мишле (1798–1874) өзінің «Франция тарихы» (17 томдық, 1833–1867), «Француз революциясының тарихы» (7 томдық, 1847–1857) атты шығармаларында халықты басты кейіпкерге айналдырады. «Қуатты түйсік» қозғау салған халық ұлттың ең үздік сапаларын бойына сіңірді. Мишле революция тарихын «төменнен» – адамдардың ұжымдық үміттері, қорқыныштары мен сенімдерін түсіну, сезіну және жанашырлық таныту жолдарымен сипаттауға тырысты. Мишле Француз революциясын зерттеуші тарихшылардың арасынан алғашқы болып архивтік құжаттармен жұмыс жасауға назар аударды.

Француз тарихшыларының еңбектерінде өткеннің қайталанбас көрінісін қалпына келтіруге назар аударылған. Ағартушылардың антикалық риторикасының орнына егжей-тегжейлі сипаттау, кейде жеңілдетілген көркемдік формадағы тарихи баяндау келді. Мишленің революцияға арнаған шығармасы стилі жағынан эпостық поэмаға ұқсас болды. Француз тарихшы-романтиктерінің еңбектерінде деректермен мұқият жұмыс жасау және мәтіннің ғылымилығы мен көркемдігін ұштастыру сипаты байқалады. Ерте кәсіби тарихнама үшін маңызды болған эрудиттік білімнің, әдеби саяси тарих пен идеяның ғылымилығы принциптері жақындастырылды.

Ресейде романтикалық тарихнама тарихшы әрі жазушы, он екі томдық «Ресей мемлекетінің тарихы» (*История государства Российского*) (1816–1829) еңбегінің авторы Николай Михайлович Карамзиннің (1766–1826) еңбектерінде жан-жақты сипатталған еді. Ол алғашқы болып Ресей тарихын жалпы оқырман қауымға қолжетімді етті, шығарма тамаша әдеби тілмен жазылды және «тартымды оқуға» бағдарланды. Еңбектің негізінде мемлекетке гүлдену мен ұлттық әл-ауқатқа кепілдік беретін абсолютті монархияның артықшылықтарын дәлелдеу концепциясы жатты, сондай-ақ бұл жерде Ресей мен Батыс бір-біріне қарама-қарсы қойылмады. Романтикалық идеяларға сәйкес, автор әртүрлі халықтар тұтас тарихи бейненің белгілі бір бөліктері екені, әрқайсысы адамзаттың белгілі бір қалыптау кезеңін бейнелейтінін арқау етті.

XIX ғасырдың 30–40-жылдары Ресей тарихшылары қалай болғанда да идеологиялық таластарға тартылды: оларға Ресейдің даму жолдары, оның Еуропаның мемлекеттерімен қарым-қатынасы туралы сұрақтарға жауап беруге тура келді. Бұл мәселенің өзектілігі – ресми халықтық мемлекеттік идеологиясымен, соның ішінде Ресей мен Батыс елдерінің тарихи даму жолдарының түбегейлі айырмашылықтары жөніндегі тезиспен күшейтілгенінде еді. Тарихшы әрі публицист Михаил Петрович Погодин (1800–1875) Ресей мемлекетінің айрықша жолы туралы идеяны негіздеуге тырысты. Ол 1832 жылы Мәскеу университетінде оқыған дәрістерінде Франциядағы әлеуметтік-саяси күрестің қажеттігін германдық жаулаушылықпен түсіндірген Тьерри мен Гизоға сілтеме жасады. М.П. Погодиннің ойынша, Ресей мемлекеті тарихының айырмашылығы оның жаулаушылық жолымен емес, варяг билеушілерінің бейбіт негізде шақырылуының нәтижесінде құрылғанымен ерекшеленеді. Бұл «патшаның халықпен

бірігуіне», помещиктер мен шаруалардың арасындағы патриархаттық үйлесімді қатынастардың орнауына жол ашты.

Осыған ұқсас дүниетанымды өздерін славяншылдарға жатқызған А.С. Хомяков, И.В. Киреевский, П.В. Киреевский, К.С. Аксаков, И.С. Аксаков сынды тарихшылар, әдебиетшілер, философтар да ұстанған еді. Славяншылдар Ресейдің тарихи кеңістіктегі орны туралы сұрақтарға жауап бере отырып, Ресейдің өзіндік болмысы туралы идеяны, «орыс рухы» үшін, К.С. Аксаковтың сөзімен айтсақ, енді тек жетістіктерге жету, тазару және өркендеу ғана күтіп тұрған, жоғарғы бастаудың иесі саналатын орыс қауымына Еуропаның үлгілерінің тигізер зардаптары жайындағы ойды дамытты. Бұл ағымның жақтастары халықтың тұрмысын, болмысын, оның мінез-құлқы мен әдет-ғұрыптарын зерттеуге ұмтылды.

Батысшыл-либералдар саналған Н.В. Станкевич, И.С. Тургенев, А.И. Герцен сияқты әдебиетшілер мен публицистер, Т.Н. Грановский, П.Н. Кудрявцев, С.М. Соловьев, Б.Н. Чичерин сынды тарихшылар осыған қарама-қайшы көзқарасты ұстанды. Батысшылдардың ойларынша, Ресейдің ғасырлық артта қалу мәселесін шешу үшін мемлекеттік басқарудың, әлеуметтік әрі экономикалық өмір сүру құрылымының батыстық үлгілеріне көңіл аудару қажет. Мәскеу университетінің профессоры Тимофей Николаевич Грановский (1813–1855) романтикалық және ағартушылық идеяларды сабақтастыра отырып, өзінің ортағасырлық Еуропа тарихы бойынша оқыған қоғамдық дәрістерінде адамзаттың ортақ құндылықтарына, жалпы тарих мәселелеріне назар аударды. Неміс философ-романтиктері сияқты, ол адамзат тарихының мәні «адамзаттың рухын дамытуда» деп есептейді. Тарихшының пікірінше, Ресей мемлекетінің еуропалық елдердің даму логикасына сәйкес үлкен либерализмге бет бұруы кезек күттірмейтін мәселе болды.

Уақыт өте келе тарих пен әдебиет бір-бірінен бөліне бастады. Әдебиетшінің еңбегі секілді, тарихшының еңбегі де кәсібилене түсті. Деректі зерттеу барысында айрықша дәлдіктің қажеттігі тарихнамада тарихи-сын әдісінің жасалуымен байланысты болған жаңа бағытты қалыптастырды. Бұл бағыт, ең алдымен, Берлин университетінің профессоры, Жерорта теңізі елдерінің, Пруссия, Франция, Англияның, папалықтың, халықаралық қатынастар тарихына арналған алпыстан астам туындыларының авторы Леопольд Фон Ранкенің (1795–1886) есімімен байланысты болды. XIX–XX ғасырларда жиі тілге тиек етілген «тарихшы тарихты тура сол қалпында жазуға тиіс» деген тезис осы Ранкеге тиесілі еді. Мұның астарында өткеннің құжаттарымен барынша ұқыпты әрі мұқият жұмыс жасау, нақтылықты ағартушылардың абстрактілі теориялары мен романтиктердің көркемдік бейнелерінен жоғары қою деген мағына жатыр.

Ранкенің еңбектері романтикалық тарихнаманың туындыларына ұқсайды. Нақтылық, тарихи ақиқат принциптері этикалық әрі эстетикалық мәнге ие болды. Ранке тарихтың барысы Құдайдың жоспарына сай анықталады, сондай-ақ өткен кезеңнің әрбір бөлігі Құдай жоспарының нұры іспетті қайталанбас дүние деген пікірді ұстанды. Тарихи реконструкцияны «дәл сол қалпында болғандай» етіп жасаудың құндылығы Құдай идеясының айрықша түрде жүзеге асуын қалпына келтіруге деген талпынысында жатыр.

Ранкенің пікірінше, тарихшы деректермен және фактілермен жұмыс істеуге тиіс. Неміс авторы үшін куәліктерді іріктеп алудың басты критерийі – оқиғалардың маңызы. Өзінің еңбектерінде ол ең алдымен елдердің халықаралық

қатынастары мен саяси тарихын зерттеді, анағұрлым шынайы, ресми деректерді қолданды. Зерттеу жұмысының объективтілігіне ден қою арқылы эмпирикалық зерттеулерге ерекше назар аударды. Ранке Берлин университетінде студенттермен жұмыс жасаудың жаңа формасы саналған семинарды енгізді. Онда Германияның орта ғасырлар тарихы бойынша деректерге сын тұрғысынан талдау жүргізу жұмысы ұйымдастырылды. Ранке негізін қалаған мектеп XIX–XX ғасырлардағы тарихи білімге зор ықпал етті, оның ізбасарларының түсінігінде тарих таным нысаны бола алады. Өткен кезең өз қызметін атқарды, оны енді жалғыз шынайы тәсіл – ғылыми танымның қалыптасқан рәсімдеріне сүйене отырып, қайта қалпына келтіру қажет болды. Осылайша тарихқа ғылыми білім мәртебесі берілді.

Тарихи деректерді сыни тұрғыдан талдау әдістемесі антикалық кезең зерттеушісі Бартольд Георг Нибур (1776–1831) тарапынан әзірленді. Бартольдтың пікірінше, тарихшы мәтіннің шынайылығын анықтауы, оның шығуы туралы, құжат мазмұнына көрсетілген дәуірдің ықпалы жайындағы сұрақтарға жауап бере алуы, оқиғаның нақты желісін анықтау үшін және дерек шынайылығын сын тұрғысынан бағалау үшін қолда бар мәліметтерді салыстыруы қажет.

## XIX ғасырдың бірінші жартысындағы философиялық жүйелердегі тарихи процестің интерпретациясы

XIX ғасырда интеллектуалдық мәдениетте әлемдік тәртіпті, қоғамның табиғатын, тарихи процесті тұтастай түсіндіруге ұмтылған бірқатар жаңа философиялық және ғылыми теориялар қалыптасқан еді. Оларға Г.В.Ф. Гегельдің, А.Шопенгауэрдың, К.Маркстің философиялық-тарихи жүйелері, Ф.Ницшенің сыни идеялары; әлеуметтану теориясының негізін қалаушылар О.Конттың, Д.Милльдің концепциялары; Ч.Дарвиннің жаратылыстану-ғылыми теориясы айрықша ықпал етті. Бұл құрылымдардың барлығы XIX ғасырдағы тарихи білімнің сипатына өз әсерін тигізді.

Неміс философы Георг Вильгельм Фридрих Гегельдің (1770–1831) «*Философия тарихы бойынша дәрістер*» (1833–1836), «*Тарих философиясы*» (1837), «*Эстетика бойынша дәрістер*» (1835–1838) атты шығармаларында дамытылған идеалистік концепция XIX ғасырдың тарихи және қоғамдық-саяси ойының қалыптасуында маңызды рөл атқарды.

Гегельдің ойынша, оның ұсынған теориясы бүкіл адамзат тарихының мәнін анықтауға мүмкіндік береді. Онда дүниедегі құдайлық және адамдық бастаулардың, рух пен материяның, табиғат пен адамның арақатынасы қайтадан анықталады. Гегельдің көзқарасының қалыптасуына Ағарту дәуіріндегі неміс философтарының еңбектері, романтиктердің туындылары, христиандық мистицизм идеялары мен антикалық философтардың теориялары айтарлықтай ықпал етті.

Гегель өзінің шығармаларын тарих философиясының саласына жатқызды. Бұл ұғымның мәні – тарихқа жалпы заңдарды, жекелеген оқиғаларды тізбектейтін, жеке құбылыстарды меңгеретін, тарихи процестің логикасын, адамзат тарихының мәнін тануға бағытталған ақыл-ой тұрғысынан қарау.



Гегельдік жүйенің негізінде диалектиканың әмбебап заңдары жатты. Оған сәйкес, рухани әрі материалдық өмірдің барлық құбылыстары үздіксіз даму барысында болады және жалпы ережелерге бағынады: кез келген құбылыстың әрбір жағдайы қарама-қайшылықты туғызады. Бұл қарама-қарсылықтар өзара күреске түседі, бұл күрес оларды біріктірумен, неғұрлым жоғары деңгейдегі синтезбен аяқталады. Қол жеткен бірлік, өз кезегінде, жаңа оппозицияны қалыптастырады, сөйтіп, ол қарама-қайшылықтардың күресі мен бірлігінің келесі толқыны үшін бастапқы межеге айналады.

Гегельдің ойынша, диалектикалық даму принциптері туралы білім шындықтың кез келген жағын – тарихтың барысын, адамдық ойды, табиғаттың құбылыстарын түсіндіруге, тіпті Құдай ойын ұғынуға бір қадам жақындауға мүмкіндік береді. Философиялық жүйе болмыстың барлық құрамдас бөлігін түсінуге бағытталған. Әлемде қандай да бір қозғалмайтын және аяқталған дүние болған емес, кез келген ойдың немесе құбылыстың өз ішінде қайшылығы болады. Мұның өзі олардың дамуына және ой мен тұрмыстың анағұрлым жоғары формаларына қол жеткізуге мүмкіндік берді. Неміс философы адамның ақылы ақиқатты тану қабілетіне ие, өйткені онда ғаламдық ақыл-сана, әлемдік рух өз көрінісін тапты деп есептеді. Адамзаттың тануға деген ұмтылысының жоғары негізі Құдайдың ақыл-ойы болды.

Гегель әлемдік тарихты құдайлық бастаманың, әлемдік рухтың өзін-өзі дамыту процесі ретінде сипаттады. Табиғат рухтың кеңістіктегі бейнеленуі болса, тарих уақыттағы бейнеленуі болып саналады. Әлемдік рух өзінің ең жоғарғы дәрежедегі бейнесіне тек адамзаттың болмысында ғана қол жеткізе алады, ал ол, өз кезегінде, өзінің Жаратушысына ұмтылумен болады. Гегельдің ойынша, адам дамудың шегіне жеткенде өзін Құдай рухымен бірліктемің деп түсінеді. Сөйтіп, адамзат мәдениетін қамтыған тарих адамға Құдай арқылы өзін-өзі тануына қызмет етеді. Осыған байланысты өткенді зерттеу адамдар үшін айрықша мәнге ие болады.

Рух түсінігі құрамдас үш бөліктен тұрады: жалпы, жекелеген және ерекше. Жалпысы Құдай рухының өзі болса, жеке бөлігі оның белгілі бір адамдағы бейнесін білдірді; ерекшенің мағынасында жекелеген халықтың рухы ұғынылды. Дүниежүзі тарихының кейіпкері ретінде халықтың өзі қарастырылған. Гегельдің пікірінше, әртүрлі кезеңдерде белгілі бір уақыттарда анықталған өзіндік миссиясы бар әлдебір халықтар алдыңғы орынға шығып отырды.

Неміс философының көзқарасы бойынша, тарихты батырлар немесе ұлы тұлғалар жасаған жоқ; билеушілер өз еріктерімен тарихтың барысын өзгерте алмады. Тарих рационалды тұрғыдан меңгеруге болатын, жекелеген ерік-жігерге тәуелді емес, объективті заңдылықтарға бағынды. Гегельдің пікірінше, халықтардың тарихындағы осындай ішкі заңдылықтар еркіндікті сезінудегі прогресс болды. Мәселен, еркіндік Ежелгі Шығыстың мәдениетінде пайда болды, бірақ оның қалыптасып дамуына Шығыс деспотизмі кедергі келтірді. Антикалық әлемде адам еркіндіктің құндылығын ұғынды, бірақ сонымен бірге оған қарама-қайшы құбылыс ретінде құлиеленушілік те өмір сүрді. Гегельдің ойынша, мемлекет адамзат тұрмысын тәртіпке келтірудің айрықша, жоғарғы міндетіне ие болды, ол ақыл мен шынайы еркіндіктің абсолютті мақсаты ретінде ұғынылды. Қазіргі мемлекеттер өз азаматтарына еркіндік орнатуға кепілдік беретін жағдайға жақын келді. Биліктің оңтайлы формасы – конституциялық монархия бытыраған неміс жерлерін біріктіріп және либерализм рухын нығайтуға тиіс еді.

Қоғамда бірнеше ондаған жылдар көлемінде Гегель еңбектерінің айналасында пікірталастар орын алды. Гегель ізбасарлары оның ой-пайымдарынан терең ойластырылған философиялық-тарихи жүйені көрді. Ол адамзаттың өмір сүру қалпының әрбір қырының лайықты орны белгіленген әлемдік тарихи процестің әмбебап бейнесін құрастыруға мүмкіндік берді. Гегельдің философиялық теориясынан XIX ғасырда тарихи білім үшін маңызды болған қорытындылар шығарылды.

Христиандық дүниетанымға сай, неміс философының концепциясында тарих жоғарғы мақсат – адамзаттың Құдаймен бірігуіне бағытталған ілгерілемелі сызықтық қозғалыс ретінде түсіндірілді. Тарих шынайы заңдылықтарға бағынды және адамзат пен Құдайдың ақыл-санасының даму деңгейіне сай белгілі бір сатылардан өтті. Тарихтың қозғалысы тек табиғи, саяси, экономикалық сынды материалдық себептерге ғана емес, сонымен қатар идеяның дамуымен байланысты болған себептерге де тәуелді болды. Гегель кез келген дамудың ішкі қозғаушы күші, негізгі принципі диалектика деп есептеді. Гегельдің пайымынша, диалектикалық қайшылықтар, ең алдымен, сананың саласында, идея шеңберінде, мәдени және адамгершілік құндылықтар жүйесінде өмір сүрді.

Гегельдің философиялық-тарихи жүйесінің сыншылары оның жүйесінде адамның жеке мүмкіндіктерін шектейтін және иррационалдық пен кездейсоқтық элементтерін ескермейтін әмбебап, алдын ала анықтама бар екенін көрсетті. Өзге ғалымдар әлемде өмір сүретіндердің барлығы гегельдік жүйеде қажет дүние ретінде баяндалатынына, сөйтіп, әділдік те, жамандық та бірдей ақтала алатынына назар аударды.

Философтың мистикалық христиандық идеялары XIX ғасырдың екінші жартысында көбінесе Еуропадағы интеллектуалдық ережелерді анықтап отырған сала – жаратылыстану және нақты ғылымдар саласындағы зерттеушілердің тарапынан бірауыздан қолдау таба алмады.

Гегельдің теориясы түрліше түсіндірілді. Неміс философы, ірі философиялық-тарихи жүйенің негізін қалаушы Карл Маркс (1818–1883) көп жағдайда Гегельдің пайымдарымен келіспеді, оның теориясы XIX ғасырда қоғамдық ықпалға ие болды. XX ғасырдың барысында бұл теорияға тарихшылар, философтар, ғалымдар, қоғам қайраткерлері жиі оралып отырған еді. Маркс концепциясы ережелерінің гегельдік жүйемен байланысына қарамастан, онда тарихи процестің өзгеше түсініктемесі берілді. Гегельдің негізгі тезисі кері «төңкерілді». Әлемдегі құбылыстардың жалпыға ортақ тәртібін не анықтайды деген сұраққа жауап беру үшін Маркс, ең алдымен, рухтың саласына емес, материалдық өмірдің саласына, өндіріс пен жеке меншіктің қатынастарына назар аударды. Маркстің теориясын Гегельдің идеалистік жүйесіне қарама-қайшы материалистік жүйе ретінде сипаттайды.

XIX ғасырдың 50-жылдарының басында еуропалық мәдениетте жаңа интеллектуалдық ахуал қалыптасты. Бұл кезеңде Еуропа мемлекеттерінде буржуазиялық революциялар кезеңі аяқталып, жалпы алғанда, парламенттік-конституциялық жүйе қалыптасқан еді. XIX ғасырдың ортасы мен екінші жартысы қалалардың және өнеркәсіптік өндірістің қарқынды дамуымен, технологиялар саласындағы, күнделікті мәдениеттегі өзгерістермен ерекшеленді. Бұл процестер қоғамда белсенді талқыланған бірқатар күрделі әлеуметтік мәселелерді тудырды.

1840 жылдан бастап ғылымда жаңа бағыт – позитивизм дами бастайды. Жалпы алғанда, уақыттың ортақ рухы ағартушылық оптимизмнің қайта жандануымен

және қоғамдық прогреске деген сеніммен анықталды. Тарихи білімде танымның ғылыми әдістерінің басымдығы қабылданды, олардың ішінде жаратылыстану ғылымдарының әдістері ерекше беделге ие болды. Тарихи процесті зерттеушілердің арасында табиғат пен адам (биологиялық және әлеуметтік жаратылыс ретінде) бағынатын табиғи заңдарға деген қызығушылық арта бастады. Ендігі кезекте басты назар жекені пайымдауға емес, үнемі әрекет ететін жалпыны зерделеуге бағытталды. Адамдар мен халықтардың есімдері мен атауларынсыз тарих зерттеу пәніне айналды.

Маркс өзінің ертеректе жазылған «Гегельдік құқық философиясына сын» (1844) атты еңбегінде Гегельдің теориясының негізгі ережелерін сынға алған еді. Автордың ойынша, қоғамдық институттар, саяси процестер, заңдық нормаларды рухтың дамуымен түсіндіруге болмайды. Олардың бәрі белгілі бір уақыттардағы адам өмірінің материалдық жағдайының салдары еді. Маркс өзінің шығармаларында осы идеяны жүйелі түрде дамытып отырды. Еңбектің материалдық жағдайларын зерттеу барысы көрсеткендей, әр дәуір техниканың, өндірістің, яғни өндіргіш күштердің түрлі даму деңгейімен ерекшеленді. Маркстің көзқарасы бойынша, өндіріс процесі барысында адамдар өз еркінен тыс қарым-қатынастарға түседі. Өндірістің төңірегінде қалыптасқан меншік пен биліктің бұл қатынастары – өндірістік қатынастар қоғамның экономикалық құрылымын құрайды және адамдардың санасын анықтайды.

Сонымен Гегельге қарама-қайшы пікірді ұстанған Маркс қоғамдық болмыс қана сананың белгілі бір формаларын қалыптастырады деп есептеді. Экономикалық базаның үстінде саяси, заңдық, идеологиялық құрылымдар орналасады. Маркстің пікірінше, өндірістік тәсіл уақыт аясында трансформациялана отырып, идеялар саласында өзгерістер туғызады. Қандай да бір дәуірде үстемдік еткен дүниетаным билеуші таптың идеялары болды.

Маркс үшін тарихи зерттеулердің басты нысаны қоғам – оның құрылымы, әртүрлі дәуірлердегі әлеуметтік топтардың, таптардың арасында орын алған қатынастар болды. Философтың қоғамның түрлерін анықтауға, оның өмірін меңгерген заңдылықтарды түсінуге деген ұмтылысы бұл зерттеулерді жаратылыстану және нақты ғылымдардың ой-түйіндеріне жақындатты.

Маркстің ойынша, еңбек адамды жануарлар әлемінен ажыратқан еді. Белгілі бір дәуірде еңбек мәжбүрлік сипат алды және өндіріс процесі жеке меншік пен мүлкінен айыру секілді ұғымдармен байланысты болды. Маркстің пікірінше, барлық өткен дәуірлер өздеріне тән әлеуметтік қайшылықтарымен сипатталды. Мемлекет пен қоғам ғасырлар бойы еркін емес қатынастарды қалпына келтіруге тырысты. Осы идеялардан Маркстің әйгілі тезисі туындады: «Философтар әлемді әртүрлі жолдармен түсіндіріп келді, бірақ мәселе оны өзгертуде болып тұр».<sup>9</sup> Алайда өмірді тек әділдікті талап етумен ғана өзгерту мүмкін емес. Демек жекеменшікті революциялық жолмен жою қажет болды. Маркстің ойынша, философиялық теория тікелей саяси нәтиже беруге тиіс еді. Осыған орай, Маркс пен оның серігі Фридрих Энгельс (1820–1895) «Коммунистік партия манифесінің» (1848) мәтінін әзірледі.

Маркс пен Энгельстің концепцияларына сәйкес, тарихи процестің негізінде сызықтық қозғалыс, адамдардың еркінен тыс үздіксіз даму идеясы жатты. Бұл таным тарих туралы христиандық түсініктерге жақын болды (дегенмен философтар өздерінің көзқарастарын әлемнің діни бейнесіне қарама-қарсы қойды).

Адамзаттың тарихы өткеннен болашаққа, құлдықтан еркіндікке, тапсыз әділетті қоғамға ұмтылды. Даму процестерін объективті заңдар басқарды. Әлемдегінің барлығы, Гегельдің идеясына сай, диалектиканың әмбебап принципіне бағынады, соның нәтижесінде тарихи процестер мен қоғамдық құрылымдардың ішкі механизмдерін зерделеу мүмкін болады. Маркс қоғамның тарихын таптар мен олардың арасындағы күрес тарихы тұрғысынан талдады.

Маркс пен Энгельстің еңбектерінде мынадай заң тұжырымдалған: кез келген қоғамда өндірістік қатынастар өндіргіш күштердің даму деңгейімен сәйкес болуы қажет. Осы сәйкестік бұзылған кезде, қоғамда қақтығыс туады да, ол революциямен және өндіргіш күштермен өндірістік қатынастардың анағұрлым жоғары деңгейге өтуімен аяқталады. Еңбек құралдарын, техниканы жетілдіруге байланысты әлеуметтік-экономикалық қатынастар өзгеріске түседі, ал ол, өз кезегінде, идеология мен қоғамдық институттарды өзгертеді. Бұл процестің әрбір сатысы қоғамдық-экономикалық формациялардың ауысуымен сипатталады, осылайша тарих қоғамдық-экономикалық формациялардың ауысу процесі ретінде қарастырылады. Маркс пен Энгельстің пікірінше, өткен, бүгінгі және болашақтағы барлық формацияларды бес түрге бөлуге болады: алғашқы қауымдық, құлиеленушілік, феодалдық, капиталистік, коммунистік.

Маркс пен Энгельстің жүйесінде әлем мен тарихқа экономикалық қатынастар айнасы арқылы қарау ұсынылған еді. Теория Батыс пен Ресейдің интеллектуалдық мәдениетіне айрықша ықпал етті. ХІХ ғасырдың соңына қарай көптеген тарихнамалық бағыттар белгілі бір дәрежеде өздерін марксизммен байланыстырды. Олар осы тарихи тұжырымдаманы қабылдады немесе жоққа шығарды, кейде оның жекелеген белгілерін бейімдеп алып отырды. Ұлттық тарихи мектептерде бірқатар зерттеушілер – Францияда П.Лафарг, Италияда А.Лабриола, Ресейде Г.В. Плеханов – нақты елдердің және кезеңдердің тарихымен байланысты мәселелерді К.Маркстің теориясына сай қарастыруға ұмтылды.

## ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы философиялық жүйелердегі тарихи процестің интерпретациясы

Маркс пен Энгельстің «біз бір ғана ғылымды білеміз, ол – тарих ғылымы» деген әйгілі сөздері ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы интеллектуалдық мәдениетті айтарлықтай дәл сипаттаған еді. Қоғамда тарихтың өткен туралы шыннайы білімді бере алу мүмкіндігі, өзекті әлеуметтік-саяси мәселелерді шешуге көмектесе алатыны жайындағы түсініктер тарихи білімнің жоғары мәртебесін дәлелдеді. Ресейлік публицист әрі сыншы В.Г. Белинский көбінесе ХІХ ғасырды тарихи ғасыр деп атай отырып, барлық іс-әрекет тарихи негізден және тарихи негізде өрбитінін атап көрсеткен еді.

Сонымен қатар жекелеген еңбектерде тарихи процесс туралы үстем түсініктерді қайтадан ой елегінен өткізу туралы немесе тарихтың мәдениеттегі орнын қайта бағалау жөніндегі идеялар айтылған болатын. Мұндай шығармалар әдетте сынға ұшырады немесе замандастары тарапынан қабылданбады.

1869 жылы Ресейде Николай Яковлевич Данилевскийдің (1822–1885) «Ресей және Еуропа: славян әлемінің герман-роман әлеміне қатысты мәдени әрі саяси қатынастарына көзқарас» (*Россия и Европа: Взгляд на культурные и политические отношения славянского мира к германо-романскому*) атты философиялық-тарихи еңбегі жарыққа шықты. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырда бұл шығарма туралы пікірлер әр алуан болды: оны күлкілі деп те, егжей-тегжейлі зерттелген деп те, О.Шпенглер мен А.Тойнби концепцияларының ізашары деп те атады. Н.Я. Данилевскийді орыс самодержавиесі мен панславизмінің идеологы, сондай-ақ өркениеттік теорияның негізін қалаушы, өз заманының озық ойлы данышпаны деп те атады.

«Ресей және Еуропа» (*Россия и Европа*) кітабының басылып шығу қарсаңында гуманитарлық, қоғамдық ғылымдарда фактілерді зерделеуге негізделген объективті білімнің беделі арта түскен еді. Түрлі пәндердің аясында жұмыс жасайтын ғалымдар табиғат әлемінде қызмет ететін және қоғамның өмірін басқаратын заңдар арасында параллельдерді жүргізе отырып, жаратылыстану-ғылыми дәйектемелерге жиі көңіл бөле бастады. Н.Я. Данилевский ботаника, зоология, этнография салаларында іргелі зерттеу жұмыстарымен айналысты. Білімнің бұл салаларының ішінен ол өркениеттердің тарихын зерделеу үшін қолданған тәсілдемелер мен түсініктерді алды.

Ғалымның ойынша, жалпыадамзаттық өркениет ешқашан болған емес, сол себептен тарих барлық халықтарды қамтыған біртұтас процесс, жалпыға ортақ прогресс деп пайымдау қате болар еді. Оның орнына жекелеген мәдени-тарихи түрлердің дамуы туралы айту орынды болады. Мұның астарында діни, әлеуметтік, тұрмыстық, өндірістік, саяси, ғылыми, көркемдік, тарихи дамудың жеке-дара түрлері ұғынылған еді. Табиғи түрде қалыптасқан халықтардың топтары олардың таратушысы болып саналды. Мәдени-тарихи түрлерге немесе өркениеттерге флора мен фаунаның алуандығы секілді табиғи және тарихи факторлардың ықпалымен қалыптасқан сипаттар тән болды. Н.Я. Данилевскийдің пікірінше, барлық халықтар өзге өркениеттердің көлеңкесінде қала отырып, өзінің даму түрін қалыптастырды деуге болмайды.

Зерттеуші он мәдени-тарихи түрлерді атап көрсетті: египеттік, қытайлық, ассирия-вавилон-финикиялық, үнділік, ирандық, еврейлік, гректік, римдік, жаңасемиттік (арабтық) және герман-романдық (еуропалық). Автор оларға өзінің дамуының толық циклінен өтіп үлгермей, жойылып кеткен мексикалық немесе перулық түрді де қосты. Олардың әрқайсысы өзінің тарихи миссиясын орындағанына қарай, олардың орнына келесі түр алмасып келіп отырды. Н.Я. Данилевскийдің пайымынша, еуропалық түр көп ұзамай өзінің орнын жаңа – славяндық түрге беруге тиіс болды.

Мәдени-тарихи түр «оқшау» (қытайлық және үнділік секілді) немесе «жалғастылықпен», өзінің қызметінің нәтижелерін келесі өркениетке қалдыра отырып дамуы мүмкін. Алдыңғы өткен мәдениеттердің мұраларын қабылдаған Батыс әлемі дәл осы жолмен жүріп өткен еді және, философтың пікірінше, бұл жайт Батыстың қарқынды даму прогресін түсіндіруге мүмкіндік береді.

Н.Я. Данилевский мәдени-тарихи түрлерді сипаттай отырып, жаратылыстану ғылымдарының терминологиясы мен ережелеріне жүгінеді. Шығармада тарихи ағза ретіндегі өркениеттің өмірі бағынған кейбір жалпы заңдылықтардың бар



екені айтылады. Кітапта тарихи дамудың бес заңы аталған. Оларға сай, мәдени-тарихи түрді жекелеген тілдермен немесе ұқсас тілдердің топтарымен сипатталған халық немесе туыстас халықтардың тобы құрады. Елдің саяси тәуелсіздігі өркениеттің дамуы үшін маңызды рөл атқарды. Егер өркениет халықтың аталған түрін, яғни «этнографиялық элементтерін» құраған, әртекті болған және бір емес, бірнеше мемлекеттерді құрған жағдайда ғана өзінің дамуының шарықтау шегіне жетеді. Әрбір түрдің өркениетінің өмір сүру кезеңі салыстырмалы түрде қысқа болды, өркениеттің бастауының өзі өзге мәдени-тарихи түрдегі халықтарға берілмеді.

Сонымен өркениеттердің барлығы шектелген, өзара ықпалдасуға қабілетсіз деп пайымдалды. Мәдени құндылықтар халықтардың бір тобынан екіншісіне берілмеді. Осы аталған пайымдардан бірнеше салдар туындап отыр.

Н.Я. Данилевскийдің пайымынша, әлемдік тарих көне, орта ғасырлар және жаңа заман деп шартты түрде бөлінді. Кез келген өркениет қалыптасу, гүлдену мен құлдырау, құлау тәрізді кезеңдерден өтеді. Тарих барлық адамзат үшін ортақ мән-мағына беретін мұндай оқиғаларды білген емес. Зерттеушінің пікірінше, Рим империясының құлауына Қытай мен Үндістанның ешқандай қатысы жоқ.

Белгілі бір дәрежеде жоғары дамыған мәдениеттерді атау немесе барлығы үшін прогрестің ортақ критерийлерін табу мүмкін емес. Дегенмен Н.Я. Данилевский тарих жүзеге асыруға ұмтылған мақсатты тұжырымдады: бұл – адамзаттың барлық бағыттарындағы тарихи іс-әрекетін жан-жақты зерттеу. Ғалымның ойынша, жалпыадамзаттық өркениеттің үлгісіне барлық мәдени-тарихи түрлердің бірізді немесе бірлескен дамуы арқылы қол жеткізуге болады.

Н.Я. Данилевский шығармасының өте күшті идеологиялық астары болды. Біртұтас өркениеттік «стандарттың» жоқтығы туралы тезис автордың еуропоцентристік концепцияны сынауына себеп болды. Роман-герман әлеміне барлық халықтар үшін және, ең алдымен, Ресей үшін үлгі болу мәртебесі берілмеуі керек. Ғалымның пікірінше, Ресей мен Батыс арасында үнемі өзара түсініспеушілік пен жақтырмаушылық орын алып келді. Мұны Еуропа мен Ресей халықтарының әртүрлі мәдени-тарихи түрлерге жататынымен, олардың біреуі дүниежүзілік сахнадан кетсе, екіншісі енді ғана тарих сахнасына шыққанымен түсіндіруге болады. Автордың пайымынша, Ресейдің мемлекет қайраткерлері мен интеллектуалдардың еуропалық мәдени нормалар мен құндылықтарды қабылдауға ұмтылуы қателік еді, мұндай қабылдау шындығында мүмкін емес: Ресейдің өзіндік даму жолы мен мәдени бағдары болды. Концепция славяндық мәдени-тарихи түрдің өрлеу заңдылықтарын негіздеуге, оның бірегейлігін және халықтар арасында алуы қажет ерекше орнын көрсетуге лайықталып құрастырылған.

Н.Я. Данилевский «Ресейдің алдында өздерінің жеке өркениетін құруға тиісті славян халықтарын біріктіру міндеті тұр» дейді. Ол славяндықты мәдени-тарихи түр, яғни эллинизммен, латындықпен, еуропашылдықпен ұқсас құбылыс деп санады. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін басшысы Ресей және астанасы Царьградта (Константинополь) болатын бүкілславяндық одақ немесе славян конфедерациясын құруға тиісті еді.

«Ресей және Еуропа» шығармасында Ресей империясының Балқан мен Қара теңіз-дегі сыртқы саяси ұлыдержавалық ұмтылыстары негізделді. Тарихи процестердің

жаңа түсініктері авторда панславизм идеяларымен және Еуропа мәдениетіне сын көзбен қарау тұрғысынан бағамдалды. Либералдық бағыттағы интеллектуалдар Н.Я. Данилевскийдің кітабына, оның идеологиясына сыни тұрғыдан баға берді. Мәдени-тарихи түрлер теориясы және автордың жаратылыстану ғылымдарының заңдары мен ережелерін тарихи білімге енгізу ұмтылысы кейінгі буын оқырмандарының ерекше қызығушылығын туғызды.

Неміс философы Фридрих Ницшенің (1844–1900) еңбектері автордың көзі тірісінде оқырмандар мен сыншылардың жағымсыз пікірлерін туғызды. Ницше өзін өз заманыммен күресушімін деп атаған.

Философтың туындысы Батыс мәдениетінің негіздерін жоққа шығару мен оны жүйелі талдауға арналған еді. Оған фактіге сенген позитивизм, прогрестік дамуға («прогресс – бар болғаны сәнге айналған жаңа, сондай-ақ жалған идея») илану және христиан дінінің (философтың айтуынша, «құлдардың мораліне» сай) негізінде құрастырылған моральдық құндылықтар жатады. Автордың пікірінше, қазіргі әлемнің ең үлкен адасушылығы – адамдардың ойдан шығарылған абсолютті ақиқаттардың, шығармашылыққа деген қабілетсіздік пен ауруға айналған әлсіздіктің пайдасына «өмірден», өз-өзінен бас тартуында. Ницшенің «Құдай өлімі» туралы, оның Батыс өркениеті тарапынан «өлтірілуі туралы» әйгілі пікірі жақын күндері келетін «құдіретті» адамның жаңа дәуірі туралы хабарлауға тиіс болды. Құдай өлімінен кейін жалғыз қалған жаңа адам дәстүрлердің, ырымдар мен жалған наным-сенімдердің шырмауынан, мемлекетке бағынышты болудан, арғы дүниенің елесінен арылып, өмірдің дүнияуи жаңа мәнін жазауы қажет еді.

Ницше туындыларының ішіндегі анағұрлым маңыздылары – *«Көңілді ғылым»* (1882), *«Заратустра осылай деген»* (1883–1885) еңбектері. 1870 жылдардың ортасында философ *«Беймезгіл ойлар»* атты жалпы атаумен шығатын шығармалар циклін құрастыруды жоспарлады. Ницше аталған циклге еруге тиіс болған жиырма еңбектің ішінен бар болғаны төртеуін ғана жазды. Олардың арасынан *«Тарихтың тіршілікке пайдасы мен зияны хақында»* (1874) трактатын атап өтуге болады.

Трактатта XIX ғасырдың соңындағы тарихтың мақсаты туралы қоғамдық түсініктер және тарихи сананың белгілері сынға алынады. Философ заманауи ахуалды «тарихтың шектен шығуы» ретінде сипаттайды. Егер тарих ғылымы «өмір ұстазы», еуропалық мәдениеттің рухани негізі ретінде баяндалып келгенін назарға алсақ, бұл сипаттама бізге түсінікті болады.

Ницшенің пікірінше, өткен дәуірлер туралы білімнің қазіргі адамға берер пайдасы жайында ойлану қажет. Осы пайдалылық тарихи пәннің мәртебесін анықтауға тиісті. Философтың пікірінше, өмір тарихтың ұстазы болуға лайық.

Ницшенің пайымынша, тарихтың үш түрі болды – монументалдық, антикварлық және сыни тарих. Монументалдық тарих өткеннің қатпарларынан кереметтей іс-әрекеттердің мысалдарын іздеді, үлгілерді, ұстаздарды, жұбаныштарды қажет еткен және өздерінің замандастары арасынан лайықтысын таба алмаған қызмет бабындағы адамдарды рухтандырды. Монументалдық тарих ұлы істерді түсінуді үйретуге және адамды іс-әрекетке шақыруға қабілетті болды. Бірақ Ницшенің көрсеткеніндей, ол адамдарды жеңіл ерлік болып көрінетін істерге үндей отырып, оларды соғыстарға, революцияларға, адам өлтіруге итермелеп,

күтпеген апаттарға ұрындыруы мүмкін еді. Бұл тарих тұтастай бір дәуірлерге немқұрайды қарауға мәжбүрледі.

Ницшенің ойынша, антикварлық тарих өткенді сақтаушылар мен құрметтеушілерге тиесілі болды. Бұл адам мен халықты өзінің отанымен, әдет-ғұрыптарымен байланыстыратын, бірақ жаңашылдықты қабылдамайтын дәстүрдің тарихы. Антикварлық тарих үшін «ұсақтың, шектеулінің, шіріген және ескіргеннің бәрі өзінің ерекше, тәуелсіз құндылығы мен өзгенің қолсұғушылығынан сақтау құқығын иемденеді, өйткені антиквар адамның консервативті әрі пәк жаны құдды бір осы заттарға көшкендей болады және оларға жайлы ұя ретінде орналасады».<sup>10</sup> Ницшенің пікірінше, мұндай тарих біртіндеп өмірмен байланысын жоғалтып, шашыраңқы, пайдасыз фактілердің жиынтығына айналады.

Осы орайда, адамға «әрі қарай өмір сүру мүмкіндігіне ие болу үшін өткенді тас-талқан етіп күйретуге» күш беретін өткенді зерделеудің жаңа тәсілдері қажет болады. Сыни тарих бүгінгіге өткенді сынауға мүмкіндік берді. Философ «өз замандастарының үкімі әдетте әділетсіз болады, себебі ол объективті тұлғадан жоғары білімнен емес, дәстүрді қайта бағалау мен еңсеруге деген ұмтылыстан туындады» дейді. Ницшенің пайымынша, өткен кезеңнің ұрпақтарына жасалған мұндай сот өте қауіпті. Ол қазіргі таңда өмір сүретін адамдарға әсер етеді, өйткені олар – алдыңғы буын өкілдерінің адасушылықтары, құмарлықтары, қателіктері мен қылмыстарының жемісі. Ұрпақтардың байланысы жойылмайды және өзі үшін өткеннің жаңа нұсқасын жасау ниеті адамдарды өздерінің болмысымен күресуге мәжбүрледі. Сондай-ақ өткенді сыни тұрғыдан пайымдау адам өмірінің мәні болып саналатын құтқарушы иллюзияны бұзды.

Автордың пікірінше, қоғамға үстемдік еткен тарих түсінігінің пайдасынан гөрі зияны көбірек тиді. Адам өткеніне жалтақтап өмір сүрді. «Тарихқа қанығу» өзіндік бейшаралықты, қарттықты, шығармашылық қабілетсіздікті сезіндірді. Кім тарихқа сенсе, сол өзіне-өзі сенуден қалды. Философтың жазғанындай, тарихты тек мықты тұлғалар ғана көтере алады, ал әлсіздерді ол басып-жаншып тастайды.

XIX ғасырда тарихи білімді сынау тарихи танымның объективтілігі мәселесі төңірегіндегі маңызды пайымдармен толықтырылған еді. Ницше фактілердің күші мен «объективті тарихтың» елесіне сенім артудың дәрменсіздігін көрсетуге ұмтылды. Философтың ойынша, фактілер өздігінен мәнсіз болып келеді; тарихшы оларды түсіндіру арқылы оларға мән-мағына береді. Ницшенің пікірінше, тарихшыдан объективтілікті талап ету «сәтсіз мифология» болды. Жазатын тарихшы өнер туындысын жасайтын суретшіге ұқсайды. Сол себептен тарихи зерттеулердің нәтижесі тарихи шынайы бейне емес, тек көркемдік шындық қана болды. Ницшенің пайымынша, тарихты объективті тұрғыда пайымдау – аса ыждағатпен драматургтың жұмысын жасауды, дәлірек айтсақ, затты тұтастандыру қажет деген болжамға сүйеніп (ондай ой ертеде болмаса да), шашыраған дүниені біртұтас дүниеге айналдыруды білдіреді.

Неміс философының идеялары XX ғасырдың екінші жартысындағы тарихи білім үшін айрықша маңызды болды, өйткені бұл кезеңде зерттеушілер XIX ғасырдан бастап тарихи пәнге негіз болған басты принциптерді қайта зерделеуге тырысты.

## ЖЕТІНШІ ТАРАУ

# ХІХ ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ МЕН ХХ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ТАРИХИ ОЙ ЖӘНЕ КӘСІБИ ТАРИХНАМА

Тарихи заңдар тек идея жүзінде,  
постулаттар ретінде өмір сүреді.  
Сол секілді жапшай құбылыстар саласында да...  
қандай да бір заңдар жоқ,  
тек өзара ұқсас эмпирикалық  
қорытындылар ғана бар...  
Шындығында, бұл жалпыламалар фактілерді  
анықтау мен топтау барысында жолсілтер  
ретінде қызмет етеді және үнемі  
ықтималдықтың жоғары деңгейін болжайды.  
Бірақ әрбір жорамал әрдайым фактілік материалдың  
негізінде арнайы тексеруді қажет етеді.

*Эдуард Мейер*

XVII–XVIII ғасырлардағы тарих философиясы мен тарихи ойға негізделген көптеген тенденциялар кейіннен XIX ғасырдың ортасында қалыптасқан тарихи таным мен тарихи білімнің мазмұны мәселелері төңірегінде дамыды және XX ғасырдың бірінші жартысында интеллектуалдық ахуалды анықтау ісін жалғастыра берді. XIX ғасырда прогресс идеясы сенімнің нышанына айналды. Бұл ілімнің түп-тамыры XVIII ғасырда қалыптасқан тарихтың рационалдылық жолындағы адамзаттың прогресі ретіндегі концепциясы болды. Алайда XIX ғасырда білім жаратылыстану ғылымдарымен, ал жаратылыстану ғылымдары техникалық прогреспен теңестірілді.

Тарих адамзат қоғамының төменгі формаларынан жоғарыға қарай дамуының үдемелі процесі ретінде қарастырылды. Тарихи процесі және оның барлық құрамдас бөліктерін объективті талдау мүмкіндіктері мойындалды. Деректерді сынауға және зерттеу әдістерін жетілдіруге ерекше назар аударылды. Сонымен бірге тарихшылар арасында өткенді зерделеу мен оны бағалау тәсілдерінде күрделі идеялық айырмашылықтар болды. Философиялық мектептің әрбір бағыты дамуды анықтайтын белгілі бір факторға негізделді және аталған негіздің нәтижесінде тарихи процесінің жалпы теориясы құрылды. Бұл абсолютті рух, Құдайдың көрегендігі, адам ақылының прогресі немесе өндіргіш күштердің дамуы

болуы мүмкін. Бірақ барлығын қоғамдық дамуды қамтамасыз еткен әлдебір анықтаушы бастаудың өмір сүретініне деген сенім біріктірді.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы өзінің танымдық мүмкіндіктеріне сенім артқан тарихнаманы бекерге классикалық деп атамады. Осы кезеңде оның әлеуметтік мәртебесі бұрын-соңды болмаған жоғары деңгейге көтерілді. Бұл уақыттағы тарихи ойдың жетекші бағыттарына тарихтың ғылымилығына сенім арту, тарихи білімнің деректерді сынауға және қоғамдық пайда, адамгершілік, құқық, ерік-жігер бостандығы, мемлекеттік институттар ұғымдарында көрініс тапқан өткенді тану критерийлері бар объективті әрі нақты ғылым ретінде көрсету тән болды.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бірінші жартысында тарихтың ғылым ретіндегі біліктілігі мәселесіндегі қарама-қайшылықтар (номотетикалық және идеографиялық деп аталатын әдістерді жақтаушылар арасындағы конфликт) алдыңғы орынға шығады. Гуманитарлық білімнің арнайы мәселелеріне назар аудару талпыныстары туындады, дара, индивидуалдық және қайталанбас құбылыстарға, тарихи тұлғалардың қызметі мен оқиғалық тарихқа деген қызығушылық арта түсті.

## ПОЗИТИВИЗМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ТАРИХ

XIX ғасырдың екінші жартысындағы тарих ғылымының дамуы өте күрделі жолмен жүрді. Бір жағынан, тарихнамаға романтикалық идеялар (әсіресе, бұл кезеңнің алғашқы онжылдығында) ықпал етті, екіншіден, айтарлықтай өзгерген формада рационалистік концепция тағы да алдыңғы орынға шығады.

XIX ғасырдың ортасында тарихи танымды әлеуметтік танымға бағындыруға талпыныс жасалды. Тарих өзінің нысаны мен зерттеу әдістері бар жеке ғылыми пән ретінде қарастырылмады, ал өткенді зерделеуде мемлекет қайраткерлері мен саяси-құқықтық институттарға басты назар аударылды. Тарихи материализм зерттеу тәжірибесіне айтарлықтай ықпал ете қоймады. Нақты қатынастар мен бұрынғы және қазіргі процестерді зерделейтін әдіснама дамуында позитивизм ерекше рөл атқарды. Сондай-ақ тарихи дамудың ғылыми және техникалық білімінің айқындаушы рөлін дәлелдейтін позитивизм қоғамның шексіз прогресіне сенім артуды XVIII ғасырдың рационализмінен қабылдады.

XVIII ғасырдағы рационализм математика мен механиканың жетістіктеріне негізделсе, позитивизм жаратылыстану ғылымдарының, әсіресе тірі табиғат туралы ғылымның зор табыстарға жеткен дәуірінде пайда болды. Ч. Дарвиннің ілімінде өзінің шарықтау шегіне жеткен бұл ғылымдардың ықпалы қоғамның механикалық дамуы туралы түсінікті оның органикалық дамуы идеясымен ауыстыруға мүмкіндік берді. Позитивистер ғылымның нысаны ретінде тек зерттеліп отырған құбылыстардағы ортақ сипатты ғана мойындады. Жаратылыстану ғылымы олар үшін үлгі болып саналды.

Дарвиннің *«Табиғи сұрыптау жолымен түрлердің пайда болуы»* (1859) атты еңбегі жарыққа шыққаннан кейін табиғаттың статикалық жүйе ретіндегі түсінігі қабылданбады және ертеректе пәні өзгеріссіз деп есептелген тарих пен нысаны өзгермейді деп саналған табиғат туралы ғылым арасындағы қатынастар түбегейлі өзгерді. «Эволюция» ұғымы олар үшін ортақ түсінікке айналды,



ал жаратылыстану ілімінің әдістері тарихи процестерді зерделеу үшін әбден лайықты болып көрінді. Сөйтіп, тарихи және ғылыми жаратылыстану танымдарының арасындағы принциптік айырмашылықтар жойылды.

Позитивистер ғылым біріншіден, фактілерді анықтау (олардың тура қабылдауы); екіншіден, фактілерді индукция арқылы жалпылау жолымен заңдар жасау сияқты екі элементтен тұрады деп санады. Философ-позитивистер егер тарих фактілерді қарапайым түрде ашу міндеттерін тезірек қоймаса, ол өткенді дұрыс бейнелей алмайды және ғылымылығынан айырылады деп есептеді. Өйткені кез келген жаратылыстану ғылымы өз жұмысын фактілерді анықтаудан бастайды, алайда кейін олардың арасындағы себептік байланыстарды айқындауға көшеді. Позитивистер тарихи танымның объективтілігі туралы түсініктерге сүйене отырып, қоғамдағы статика мен динамиканы физикадағы тиісті ұғымдарға сәйкестендіріп, қоғамдық динамиканың мәңгі және өзгермейтін табиғи заңдарын анықтау міндеттерін қойды. Олардың көмегімен өткенді және бүгінгіні түсіндіріп қана қоймай, сондай-ақ болашақты болжау мүмкін болады деп есептеді. Позитивистер тарихтың мақсаты қоғамдық дамудың заңдылықтарын тану деп жариялады. Дүниежүзі және ұлттық тарих әмбебап заңдардың жүзеге асырылуы ретінде түсіндірілді. Қоғам жалпы жағдайлардың талабын түсінген тұлғалардың іс-әрекеттерінің жиынтығы ретінде пайымдалды. Зерттеушінің зерделеніп отырған дәуірдің тарихи-мәдени контекстіне үңілу қажеттігі туралы мәселе мүлдем көтерілмеді.

Позитивистердің арасында «тарих – бір-бірінен алшақ жатқан оқиғалардың жиынтығы» деген көзқарас орын алды. Қатаң позитивистік формулаға сәйкес, олардың әрқайсысы өзіндік ерекшелігі жоқ, белгілі бір түрдегі оқиғалар ретінде қарастырылуы қажет болды, ал оны түсіндіру аталған сипаттағы оқиғалардың барлығына ортақ себептерді анықтауды білдірді. Позитивистік философия тарихи факті туралы түсінікке ұзақ уақыт бойы айрықша ықпал етіп келді.

Тікелей бақыланатын жаратылыстану-ғылыми фактіге толығымен ұқсас деп саналған тарихи факті басқа фактілердің барлығынан және зерттеушіден тәуелсіз жеке нысан ретінде қарастырылды. Фактілер деректерде дайын күйінде кездеседі және олардың әрқайсысын өзгелерімен байланыссыз түрде айқындауға әрі зерттеуге болады деп санады. Бұл жердегі міндет – оларды анықтау, одан кейін тарихи концепцияның берік негізін қалау болды, ал зерттеушінің көзқарасы мен фактіні бағалауға қатысты барлық субъективті әрекеттерге шектеу қойылды.

Позитивистік бағдарламаның бірінші бөлімі – барлық фактілерді анықтау жұмысының орындалу нәтижесі тарихи деректерді зерттеудегі нақтылыққа, олардың әрбір қырын егжей-тегжейлі зерделеуге негізделген тарихи білімнің жоғарғы деңгейдегі өсуі болды. Тарихшылардың қажырлы еңбектерінің нәтижесінде көптеген деректер – корольдың жарлықтары, жазбалар, жылнамалар, актілер, археологиялық материалдар басылып шықты және оларға сыни баға берілді. Жаңа фактілерді анықтау жұмысының қызықты болғаны соншалық – аталған бағдарламаның екінші бөлігі, яғни заңдарды әзірлеу жұмыстары кейінге ысырылып қала берді.

Позитивизмнің негізін қалаушылардың бірі, француздың әйгілі философы Огюст Конт (1798–1857) тарихқа ғылыми танымдағы қосалқы рөлді берді. Ол «жоғарғы тарихқа» айналатын жаңа теориялық ғылымды – әлеуметтік физиканы

немесе әлеуметтануды жасауды ұсынды. Оның міндеттеріне адам өмірінің фактілері арасындағы тарихшылар анықтаған себептік байланыстарды талдау мәселесі енді. Әлеуметтанушылар тарихи фактілерді ғылыми пайымдау, ғылыми тұрғыдан белгілі бір заңдарды ашу мен сол арқылы тарихты ғылым деңгейіне көтеруге тиісті болды. Конттың философиясындағы тарихтың жалпы барысының схемасы ойлаудың үш түрінің бірізділігі ретінде берілген: ежелгі және орта ғасырлардағы теологиялық (жалған), XVI–XVIII ғасырлар аралығындағы метафизикалық (дерексіз), жаңа заманның тәжірибелі біліміне негізделген ғылыми (позитивті). Аталған ойлау түрлеріне қоғам дамуының үш сатысы сәйкес келді. Конт әлеуметтік факторлардың адам қызметіне, әлеуметтік-саяси контекстің мәдениеттің дамуына тигізер ықпалына ерекше мән берді. Сонымен бірге ол идеялардың әлемді басқаратынын және оны «төңкеретінін» атап өткен еді.

Позитивизмнің тағы бір белгілі өкілі ағылшын Джон Стюарт Милль (1806–1876) өзін Виконның тарихи оқиғалардың заңды байланыстары және прогресс заңы туралы идеясының жақтаушысымын деп жариялады. Ол бақылаудағы құбылыстың белгілерін қарапайым түрде есептеу арқылы заңды анықтауға болады деп топшылады. Милль адамдар қоғамдық өмірде тек жеке адамның табиғатының заңдарынан туындайтын қасиеттерге ғана ие және оларды жинақтауға болады, ал себептердің жиынтығы қоғамдық құбылыстардың жалпыға ортақ заңы болып саналады деп дәлелдейді. Мұның өзінде тарихтың әдіснамасы жеке индивидтердің қызметтерін зерделеуге емес, тарихи тұлғалардың индивидуалдық қызметіндегі қоғамдық қатынастар мен дүниетанымның атқаратын рөлін анықтауға бағытталуы қажет деп есептеді. Адамдардың іс-әрекеттері адамзат табиғатының жалпы заңдары мен осы тұлғаның жеке сипаттамасының жиынтық нәтижесі ретінде түсіндірілді.

Конттың идеяларын И.Тэн мен Г.Спенсер биология жетістіктерінің тікелей ықпалы арқылы одан әрі дамытты. Ағылшынның әйгілі философ-позитивісі Герберт Спенсер (1820–1903) әлеуметтік эволюцияның біртұтас моделін жасады. Қоғамды тірі ағзамен салыстыра отырып, ол міндеттердің саралану және күрделену процесінен бүкіл адамзат тарихының негізгі даму заңын көрді. Конт сияқты, Спенсер де өткеннің құбылыстарының қайталанатынын және тарихи фактілерді себеп-салдарлық тұрғыдан түсіндіру мүмкіндігін көрсетті. Ол адамзаттың ішкі (табиғи) және сыртқы (түрлі биологиялық және психологиялық) даму факторларын бөліп қарастырды. Олардың әрқайсысы алғашқы фактор ретінде көріне отырып, жеке тұлғалар мен қоғам арасындағы өзара байланыстар, оның материалдық және рухани дамуының нәтижелері, табиғи ахуалдың өзгеруі сияқты екінші қатардағы факторларды туғызды.

Француз тарихшысы, әдебиеттанушы, өнертанушы әрі философ Ипполит Тэн (1828–1893) өз еңбектерінде қоғамның дамуына тіршілік үшін күрес туралы Дарвиннің ілімін және прогресті қамтамасыз ететін қоршаған ортаның анықтаушы рөлі жайындағы тезисті қолданды. Ол тарих ғылымын «психологиялық анатомия» деп атады. *«Қазіргі Францияның пайда болуы»* (1876–1893) атты негізгі тарихи еңбегінде «психологиялық әдіс» деп аталған өзі негізін қалаған әдіске сүйене отырып, қоғамдық психологияны «нәсілдің» (ұлттық ерекшеліктердің), «ортаның» (табиғи-географиялық әрі әлеуметтік-саяси жағдайлардың) және тарихи сәттің өзара әрекетінің жиынтығы ретінде түсіндірді.

Философ-позитивистер еңбектерінің нәтижесінде жаңа пән – әлеуметтану пайда болды. Ол тарихи деректер негізінде әрі жаратылыстану ғылымдарының әдістерін пайдалану жолымен барлық қоғамдық дамудың жалпы және мызғымас заңдарын анықтау міндетін иемденуге ұмтылды. Алайда әлеуметтанушылар мен тарихшылардың арасындағы қоғамның даму заңдарын ашу құқығы қайсысына тиесілі екені жөніндегі таластарға қарамастан, позитивистік тарихнама тарихи процестің заңдылығына деген нық сенімнің негізінде қалыптасты.

Генри Томас Бокльдің (1821–1862) «*Англиядағы өркениеттің тарихы*» (1857–1861) атты еңбегі позитивизм принциптерін тарихнамаға бейімдеудің классикалық үлгісі болып саналады. Конттың ізбасары Бокль «фактілерді әңгімелеуді өздерінің негізгі жұмыстары деп ойлайтын» тарихшыларды сынға алады. Ол тарихтың ғылыми мәртебесін атап өтті және оның басты міндеті – жекелеген фактілерді жалпылау мен табиғи факторлардың адамдар мен олардың қызметіне ықпал етудің нәтижесі ретіндегі «адамзат рухының» әмбебап заңдарын ашу деп көрсетті. Бокльдің пікірінше, бүкіл адамзаттың тарихы – Еуропадан тыс жерлерде орын алған, адамның табиғатқа тәуелділігінің тарихы немесе еуропалық өркениетке тән болған адамның табиғатқа үстемдік етуге деген ұмтылысының тарихы. Осылайша мәдени-тарихи дәстүрлер сыртқы табиғи жағдайлардың тікелей туындысы болды. Сонымен бірге Бокль білім мен идеялардың дамуы өркениетті халықтардағы тарихи прогрестің негізгі қайнар көзі деп есептеді.

Бокль барлық позитивистер секілді адамзат тарихын табиғат тарихының жалғасы ретінде қарастыра келе, статистикаға сүйенді. Автордың пікірінше, бұл ғылым жеке іс-әрекеттердің, уәждер мен құмарлықтардың көріністері теңестірілетін және сіңірілетін сандарды талдай отырып, қоғам тарихының заңдарын ашуға бәрінен де қабілетті болды. Бокль статистика тек адамдардың материалдық мүдделері туралы ауқымды ақпарат беріп қана қоймайды, сонымен қатар олардың адамгершілік ерекшеліктері жайында да мәлімет береді деп есептеді. Тарихшы жекелеген танымал тұлғалардың өмірбаянын жазумен ғана шұғылданбауы керек, ол қоршаған табиғи ортаны, байлықтың бөлінісін, халықтың өсімін және әсіресе білім деңгейін зерделеуі қажет. XVIII ғасыр ағартушылары сияқты, Бокль да қоғамның прогресін ғылымның прогресімен байланыстырды.

Жалпы алғанда, тарихтың позитивистік әдіснамасы тең құқылы, өзара әрекеттесуші факторлардың теориясына негізделді және ғылыми жұмыстың мынадай негізгі принциптерінен бастау алды: айрықша заң тарихи құбылыстарды себептік қатарларға біріктіреді; бұл құбылыстар қатары заңды дамудың немесе эволюцияның біртұтас тарихи процесін құрайды; дамудың негізгі қозғаушы күші жекелеген тұлғалар емес, халық бұқарасы болып саналады. Теорияда позитивистік тарихнама ғылыми зерттеудің бейтараптығы және бағалаушы пайымдауларды алып тастау принципін ұсынды, бірақ бұл тәжірибе жүзінде әрдайым сақтала бермеді.

## Тарихнамалық мектептердің қалыптасуы

XIX ғасырдың 60–80-жылдарында жаңа мектептер мен бағыттар қалыптасты. Позитивистік тарихнаманың аясында жекелеген мектептер арасында айтарлықтай айырмашылықтар болды.

Базель университетіндегі өнер тарихының профессоры Якоб Буркхард (1818–1897) тарихшылардың тұтастай бір буынын тәрбиелеп, өзінің жеке мектебін қалыптастырды. Өзінің жалпы тарихи концепциясында ол Ранкеге қарама-қайшы түрде мемлекет пен саясатты емес, адамзаттың рухани және материалдық мәдениетін – тұрмысын, техникасын, өнерін, поэзиясын, ғылымын бірінші орынға қояды. Буркхардт кейінгі тарихнамаға ерекше ықпал еткен еуропалық мәдениеттің даму схемасын жасады. Ғалым өзінің концепциясында Қайта өрлеу дәуіріне айрықша назар аударды және оған «Италияның Қайта өрлеу дәуіріндегі мәдениеті» (1860) атты еңбегін арнады.

Ранкенің рухындағы дипломатиялық тарих және XIX ғасырдың 70–80-жылдары Германиядағы мәдениет тарихымен қатар, экономикалық тарихтың мәселелеріне деген қызығушылық арта түсті, саяси экономикада тарихи мектеп дами бастады. «Экономизм» шаруашылық өмірге қоғамдық дамудағы шешуші рөлді берсе де, экономикалық тарихтың мәселелері барған сайын өзін саяси тарихқа қарама-қарсы қоятын мәдениет тарихының құрамдас бөлігі ретінде қарастырылды. Жас немесе жаңа тарихи-экономикалық мектеп деп аталған экономикалық бағыттың басты өкілдері Густав Шмоллер (1838–1917), Луйо Brentано (1844–1931) мен Карл Бюхер (1847–1930) болды. Олар тарихты шаруашылық түрі (үй шаруалығы – тәуелсіз табиғи; қалалық – тұрақты айырбаспен; халықтық) және өнеркәсіптік өндірістің даму сатылары бойынша (тапсырыс арқылы – үй, қолөнер өндірісі, нарық бойынша – қолөнер өндірісі, үй шаруашылығы және фабрикалық өндіріс) экономикалық кезеңдеуді ұсынған еді.

Өткенді танудың позитивистік принциптерінің одан әрі дамуы немістің әйгілі тарихшысы Карл Лампрехттің (1856–1915) және оның мәдени-тарихи синтез мектебінің шығармашылығымен тығыз байланысты болды (ол 1890 жылдары Лейпциг университетінде мәдениет тарихы пәнінен семинар жүргізді, кейінірек соның негізінде мәдениет тарихы және жалпы тарих институты құрылды). Лампрехт бір-бірін алмастыратын адамзат рухынан мәдениеттің дамуын анықтайтын өзгермейтін тәртіпті көрді. Ғалым «әрбір экономикалық әрекеттер психологиялық шарттарға тәуелді болады, сол себептен тарих әлеуметтік-психологиялық ғылым болуы керек, тарих қоғамдық санадағы өзгерістерді түсіндіретін қолданбалы психологиядан басқа ештеңе емес» деп санады. Бұл өзгерістер мәдени-тарихи дәуірлердің немесе барлық өркениеттердің тарихы үшін әмбебап деп жарияланған «даму фазаларының» (анимизмнің, символизмнің, типизмнің, конвенционализмнің, индивидуализмнің, субъективизмнің) жүйелі ауысуының қатаң тарихи-әлеуметтанулық схемасына енді. Анимизм дәуірі – рулық құрылыстың, ұжымдық меншіктің және тұрпайы коммунизмнің өмір сүруімен, символизм дәуірі – еңбек бөлінісі және әлеуметтік теңсіздіктің пайда болуымен, типизм дәуірі – мемлекеттің пайда болуымен, конвенционализм

дәуірі – феодалдық жер иелігі мен табиғи шаруашылықпен, индивидуализм дәуірі – корпорациялардың құлдырауымен және жеке бастаманың дамуымен, субъективизм дәуірі сословиелік құрылыстың толық ыдырауымен және еркін экономикалық әрекеттің дамуымен байланыстырылды. Лампрехт өзінің басты еңбегі саналатын үштомдық «Германия тарихы» (1891–1909) туындысында неміс халқының бүкіл тарихын осы схеманың аясында көрсеткен еді.

Зерттеу саласын кеңейтуді, бұрын-соңды болмаған көлемде фактілік материалдарды жинақтауды, әлеуметтік, экономикалық және мәдени тарих мәселелерін бірінші орынға қоюды, әрине, позитивистік тарихнаманың жетістіктеріне қосуға әбден болады. Қарастырылып отырған кезеңнің тарихи білімі тек елдер мен дәуірлер бойынша ғана емес, сондай-ақ жекелеген мәселелер негізінде жеке салаларға бөліне отырып, уақыт өткен сайын мамандана түседі. Салыстырмалы-тарихи әдісті жүйелі түрде қолдану, жазбаша және заттай жәдігерлерге, соның ішінде қайта ашылған ескерткіштерге қарқынды талдау жұмысын жасау – осының бәрі айтарлықтай табыстарға жетуге септігін тигізді. Зерттеу техникалары жетілдіріле бастады. Қосалқы пәндер – дипломатика, нумизматика, палеография, сонымен қатар аралас ғылым салалары – археология, тарихи география, филология, этнография дамыды.

XIX ғасырдың соңғы ширегінде тарих ғылымының ұйымдық құрылымы мен кәсіби білім беру жүйесі қалыптасты. Барлық жерлердегі университеттерде тарих кафедралары мен тарихи семинарлар құрыла бастады. Егер ғасырдың басында Германия университеттерінде барлығы он екі тарих кафедрасы болса, ғасыр соңында олардың саны жүз жетпіс беске жетті. Өзге елдердің студенттері мен оқытушылары Германияға келіп, Берлин, Мюнхен, Лейпциг және басқа да университеттердегі тарих семинарларында білім алды. Бірте-бірте бүкіл Еуропаға Ранке семинарларының үлгісі бойынша мамандарды даярлау тәжірибесі кеңірек тарай бастады. Академиялардың жанынан оларға тәуелді болмайтын тарих институттары құрылды, маңызды тарихи журналдар шығарылып, көптеген ғылыми қоғамдар пайда болды. Францияда 1876 жылдан бастап «Тарихи шолу» («*Revue historique*») журналы шыға бастады, оның негізгі міндеті тарихи білімді насихаттау мен Франциядағы тарихи білімді беруді қайта ұйымдастыру болды. Германияда шығып тұрған жетекші «Тарихи журналмен» («*Historische Zeitschrift*», 1859 жылдан бастап) қатар Геттинген, Лейпциг, Гейдельберг академияларының мерзімді басылымдары пайда болды. Сонымен қатар өздерінің баспа орындары мен жыл сайын конференция өткізетін көптеген жергілікті тарихи қоғамдар мен комиссиялар құрылды. Англияда 1886 жылдан бастап «Ағылшын тарихи шолуы» («*English Historical Review*») жарыққа шыға бастады.

Көптеген жеке монографиялармен, деректерді (жылнамаларды, актілер мен басқа да материалдарды) жариялаумен, ғылыми мерзімді басылымдардағы мақалалармен қатар, алуан түрлі анықтамалықтар мен көптомдық ұжымдық еңбектер жарыққа шығады. Атап айтсақ, олар дүниежүзі тарихы бойынша сериялық басылымдар, мысалы, Эрнест Лависсва (1842–1922) мен Альфред Рамбоның (1842–1905) редакциясымен жарық көрген он екі томдық «IV жүзжылдықтан біздің уақытымызға дейінгі жалпы тарих» (1887–1903) еңбегі. Бұл еңбекті құрастыруға француздың жетпіс тарихшысы қатысты. Сорбонна профессоры, Жоғары қалыпты мектептің директоры академик Лависс Франциядағы кәсіби және



мектептік тарих пәнін дамытуға сүбелі үлес қосты. Позитивизмнің негізгі принциптерін ұстану оған өзінің барлық оқулықтары мен жалпылама еңбектерінде, соның ішінде «Францияның пайда болуынан революцияға дейінгі тарихында» (1900–1911) патриоттық позицияны ашық түрде баяндауға және ұлттық тарихи сананың қалыптасуына барынша қолдау көрсетуге кедергі бола алмады.

## Тарихтың пәні мен мәртебесі туралы пікірталастар

Тарих ғылымында позитивистік бағыт ғасырдың соңына дейін үстемдік етті. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында тарихи таным дұрыс таңдалған объективті критерий (онымен нақты шындық салыстырылады) мен деректерге қатаң түрде сыни талдау жасау негізінде зерттеулер жүргізуге айрықша көңіл бөлді. Классикалық позитивизмнен бастау алған номотетикалық бағыттың өкілдері қоғамды оның құрамдас бөліктерінің өзара функциялық байланыстары ретінде түсіне отырып, қайталанбалы және себеп-салдарлық тәуелділік идеяларына сүйеніп, әлеуметтік-тарихи танымның объективті әрі позитивті сипаттарына баса назар аударды.

XIX–XX ғасырлар аралығында француз әлеуметтанушысы Эмиль Дюркгейм (1858–1917) О.Конттың көптеген қағидаларын сынға алған еді. Ол әлеуметтік шындық жекелеген тұлғаларға ерекше әсер ететін, индивидтердің әрекеттерімен тең әсерлі құбылыс деп санады. Дюркгейм, бір жағынан, жеке дәлелді қызметке қатысты алғанда, сыртқы және оған әсер ететін әлеуметтік факторларды, екінші жағынан, құндылықтық-нормативтік факторларды есепке алды. Сонымен қатар әлеуметтік статика да, әлеуметтік факторлардың күрделі құрылымы ретінде көрсетілген қоғамның эволюциясы да қарастырылды.

Дюркгеймнің әлеуметтану мектебінің өкілі Франсуа Симиан (1873–1936) тарих пен әлеуметтануды бір-біріне қарама-қарсы қоя отырып, тарих ғылым емес және ол еш уақытта ғылым бола алмайды деп пікір білдірді. Өйткені ғылым тек жалпы, ал тарих тек жеке және бір рет қана болған жайттармен айналысады деп есептеді. Тарихи синтез теориясының негізін қалаушы француздың әйгілі философы әрі әлеуметтанушысы Анри Берр (1863–1954), керісінше, XIX ғасырдың соңында-ақ позитивистік эмпиризмді сынға алып, тарих пен басқа білім салаларының арасындағы бытыраңқылықты еңсеруді ұсынды. Тарихты ойдың нақтылануы деп атай отырып, ол тарихтың маңызды міндеттерін – тарихи фактілерді сыни әрі ғылыми талдауға негізделген синтезден, ал дамудың басты жолын – дәстүрлі эрудиттік тарихнаманы әлеуметтанумен және тарихтың философиясымен біріктіруден көрді. Берр «Тарихи синтезге шолу» («*Revue de synthese historique*», 1900–1914, содан кейін «Синтезге шолу» «*Revue de synthese*») атты теориялық журналдың негізін қалады, тарихшылар, әлеуметтанушылар, философтар, экономистер, этнографтар мен әртүрлі елдердегі жаратылыстану ғылымының өкілдерін біріктірген Халықаралық синтез орталығын құрды, сондай-ақ «Адамзаттың эволюциясы. Ұжымдық синтез» атты көптомдық тарихи монографиялардың сериясын жасады. Берр өзінің басты идеяларын «Тарихтағы синтез» (1911) атты кітабында баяндады. Ол тарихта каузалды (себептік)

байланыстардың үш түрі бар деп есептеді: қарапайым бірізділіктер – кездейсоқ фактілер, тұрақты себептер – қажетті фактілер, тарихи дамудың логикасын қалыптастыратын, оның бағдарын және қарқынын білдіретін ішкі рационал байланыстар. Сонымен қатар «ішкі себептілік» адамның іс-әрекеттерінің мотивтерімен байланыстырылды, яғни жеке психологияның саласымен шектелді.

Тарихи сын әдісі пайда болған ел – Германия тарихшыларынан басқа XIX ғасырдың соңында нақты-тарихи зерттеулермен айналысқан тарихшыларды тарихи білімнің теориялық мәселелері аса қызықтыра қоймады. Неміс тарихшылары сол уақыттарда әлемдік тарихнамада жетекші орынға ие болды, өткен кезеңді бейтарап әрі шынайы ғылыми зерттеу жұмыстарын жасауға анағұрлым қолайлы пән ретінде көрді. Сол себепті олар XVIII ғасырдың авторларын «партиялығы», яғни идеялық-саяси текетіресте кез келген тарапты ашық түрде қолданғаны үшін сынға алды.

Алайда бұл кезеңде позитивизмді сынау әрекеті белең алып, тарихи танымның ғылыми-жаратылыстану танымынан өзгешелігі туралы идеяны бекіту және оның ғылыми мәртебесін қорғау ұмтылыстары қолға алынды. Дегенмен қорытындыларының объективтілігі олардың жалпы қабылданған немесе айтарлықтай дәйектелген критерийлерге сәйкестігі ретінде ғана шектеулі түрде қарастырылған еді. Қабылданған дәстүрлі түсініктерге қарама-қарсы тарихи таным процесінде таным субъектісінің белсенді рөлі бекітілді.

Бұл мәселелер төңірегіндегі ымырасыз келіспеушіліктер, әсіресе XIX ғасырдың 90-жылдары көптеген көрнекті неміс тарихшылары қатысқан әдіснамалық пікірталастарда анық көрінді.

Бұл пікірталастардың бастамашысы тарихшы Карл Лампрехт болды, оның полемикалық мақалалары сыни пікірталастар туғызды. 1897 жылы ол ғылымның мақсаты детальдармен жұмыс жасау және құбылыстардың айырмашылығы туралы фактілерді растау емес екенін жазды. Ғылым біз табиғатта және тарихта бақылап жүрген көптеген жекелеген фактілерді жалпы ұғымдардың жүйесіне енгізуге тиісті. Бұл анықтама тарихта да, сондай-ақ өзге де ғылымдарда да қолданылуға әбден лайық. Дегенмен Лампрехт кездейсоқтық пен ерік бостандығын тарихи процестің факторы ретінде мойындағанына қарамастан, тарихи зерттеулер себептердің толық тізбегін эмпирикалық тұрғыдан анықтау мен нақтылауға ешқашан қол жеткізе алмайды деп есептеді. Лампрехт өзін тарихшы-психологпын деп атай отырып, кез келген іс-әрекет психологиялық жағдайларға тәуелді болатынын тілге тиек етті. Бірақ бұл жердегі сөз тіптен жеке психология төңірегінде емес, әлеуметтік санадағы өзгерістерді түсіндіруге қабілетті әлеуметтік психология жөнінде болып отыр. Бұл өзгерістер ғалым тарапынан, қоғамдық өмірге ықпалы тұрғысынан не жеке, не ұлттық айырмашылықтары маңызды деп мойындалмаған қатаң схемаға енгізілді.

Табиғат туралы ғылымдар мен мәдениет туралы ғылымдардың ең маңыздысы болып саналатын тарих ғылымының ерекшеліктері пікірталастағы өзекті мәселе болды. Табиғат туралы ғылымдар – номотетикалық (табиғат заңдарын зерттейтін) және генерализациялайтын (жалпылайтын), мәдениет туралы ғылымдар идеографиялық (суреттейтін) және даралайтын болып белгіленді.

Немістің әйгілі мәдениет тарихшысы әрі философы Вильгельм Дильтей (1833–1911) рух пен табиғат туралы ғылымдардың қарама-қайшылығын оларда

қабылданған материалды зерттеу тәсілдеріне сай құрды. Ол тарих объективті әлемді емес, субъективті ұстанымдардың, мақсаттардың, жоспарлар мен уәждердің жүзеге асырылуын зерттейді деп есептеді. Сондықтан түсіндіруді әдіс ретінде таңдаған жаратылыстану ғылымдарына қарағанда, тарих өз алдына түсіну, яғни өткеннің адамдарының психикаларына интуитивтік (тікелей «бірлесе уайымдау» арқылы) тұрғыдан ену міндетін қояды. Түсіну айрықша әдіс ретінде ғылыми-жаратылыстанулық танымда қолданылатын тиімді құралдардан ерекшеленетін танымдық құралдардың арнайы жиынтығына назар аударды. Оларға ғылыми тұрғыдан тексеруге бағынбайтын «сіңісу», «сезіну» жолдары және өзге де иррационал тәсілдер арқылы қол жеткізіледі. Әркімнің өткен және оның маңызды оқиғалары туралы өзіндік түсінігі болуы мүмкін, оның өзі саяси, ұлттық мүдделерден бастап тарихты игеру үшін қажетті қиял, интуициямен аяқталатын, өзге де құштарлықтармен сипатталатын тұлғалық қасиеттермен анықталады.

Егер номотетикалық бағыт көп жағдайда позитивизммен байланысты болса, идеографиялық бағыттың теориялық алғышарттары мақсатты тұжырымдау мен ерік еркіндігі туралы И.Канттың идеяларынан бастау алды. Тарихтың неокантшылдық философиясының ірі өкілдері В. Виндельбанд пен Г.Риккерт тарихи танымның шегін анықтауға талпыныс жасады.

Вильгельм Виндельбанд (1848–1915) жаратылыстану (жалпылық туралы номотетикалық ғылымды) мен тарихты (жекелік туралы идеографиялық ғылымды) бір-біріне үзілді-кесілді қарама-қарсы қойды. Жалпы заңдардың формуласын жасау жаратылыстанудың міндетіне кірсе, жекелеген фактілерді сипаттау тарихтың міндеті саналды. Тарихи ақиқат жекелеген қайталанбас оқиғалардың әлемі ретінде бейнеленді.

Осыған жақын пікірді Генрих Риккерт (1863–1936) білдірген еді: тарих – рух туралы ғылымдардың бір түрі, табиғат туралы ғылымдардан бөлек идеографиялық білім, философияға да, әлеуметтануға да бағынбайтын номотетикалық білім. Философ Виндельбанд іс жүзінде ғылым мен тарихтың арасындағы бір емес, екі айырмашылықты анықтағанын атап өтті. Біріншісі жалпылайтын және жекелейтін ойдың аражігін ажырату болса, екіншісі – бағалайтын және бағаламайтын ойды жіктеу деп көрсетті. Оларды біріктіре отырып, ғылымның төрт түрін бөліп көрсетті: бағаламайтын және жалпылайтын немесе таза жаратылыстану ғылымы; бағаламайтын және жалпыламайтын табиғат туралы квазитарихи ғылымдар (мысалы, геология); бағалайтын және жалпылайтын әлеуметтану немесе экономика сынды квазиғылыми тарихи пәндер; бағалайтын және жекелейтін ғылым немесе өз мағынасындағы тарих ғылымы. Сонымен ғылымның төрт түрі біртұтас шкаланы қалыптастырады. Оның бір жағында – абстрактілі ойлаудың шекті жағдайы, ал екіншісінде шындықты білудің жеке өмір сүру аясындағы шекті жағдайы тұрды. Тарихи зерттеулердің ерекшелігі оның нәтижелерінің жалпыланған ой-пайымдарда емес, жекелеген мазмұндары бар топтық ұғымдарда көрініс беруінде. Бұл жерде салдар себептердің тікелей қажеттілігінен туындап отырған жоқ. Тарихи зерттеулердің нәтижелерін бағалау кейбір ғылымға дейінгі критерийлерге және маңызды әрі маңызды емес түсініктерге негізделген құндылықтардың жүйесіне сәйкес жүргізіледі.

Риккерт тарихи заңдардың бар екенін, сондай-ақ тарих ғылымының оларды түсіну қабілетін де жоққа шығарды. Ол тарихи даму ұғымы мен тарихи заңдар

түсінігі бір-бірін жоққа шығаратынын дәлелдейді, өйткені заңда кез келген құбылыс бірнеше рет қайталануы мүмкін, ал даму тарихқа бұрын-соңды болмаған құбылыс ретінде енеді. Риккерттің пікірінше, тарихтың міндеті жалпыны зерттеуге және заңдарды ашуға бағытталған жаратылыстануға қарама-қарсы түрде шындықты оның шексіз әртүрлілігімен бейнелеуде деп атап өтті. Тарихи зерттеулердің нәтижелерін бағалау кейбір ғылымиға дейінгі критерийлерге және маңызды әрі маңызды емес түсінікке негізделген құндылық жүйесіне сай жүзеге асырылады.

Заңдылық идеясын тарихи танымның жетекші принципі ретінде жоққа шығарып және жекелеген құбылыстармен, ал олардың міндетін аталған құбылыстарды жүйелеумен шектей отырып, неокантшылдар тарихи танымды субъективтіліктің аясынан шығаруға бағытталған құндылықтар туралы ілім қалыптастырды. Виндельбандтың жіктемесі бойынша, діни құндылықтар, ал олардан кейін эстетикалық, этикалық және логикалық құндылықтар жоғарғы құндылықтар деп жарияланды. Бұл жерде құндылықтарды мәдени қауымдастықтың барлық мүшелері бірдей мойындағандықтан, ол жалпыға ортақ сипаты бар және жорамал ретінде түсінілді. Дәл осы жалпыға ортақ мәдени құндылықтарда «объективтілік» орын алды, өйткені, Риккерттің пікірінше, тарихи маңыздылық белгілі бір жеке тұлға үшін ғана емес, барлығы үшін де маңызды болды.

XIX–XX ғасырлар аралығында орын алған пікірталастар тарихшылардың өздерін табиғат және тарихи танымның әдістері туралы ойлануға мәжбүр етті. Осы уақытта еуропалық университеттерде тарихтың әдіснамасы жүйелі түрде оқытыла бастады, тарихи танымның ерекшеліктерін, сонымен қатар жаңадан бастаушылар үшін «тарихқа кіріспені» анықтайтын алғашқы жалпылама зерттеулер жарыққа шықты.

XX ғасырдың басында неміс тарихнамасының көрнекті өкілі, антикалық дәуірдің тарихшысы Эдуард Мейер (1855–1930) тарихтың міндеттері мен табиғатына қатысты позитивистік көзқарастарды сынады, сондай-ақ әлеуметтанулық жалған тарихқа қарсы шықты. Ол 1890 жылдары тарихнамада үстемдік еткен, өздерінің міндеттері тарихи құбылыстарды байланыстыратын себептік заңдарды ашу деп есептеген атақты тарихшы-позитивистердің (К.Лампрехттің, К.Брейзигтің т.б.) идеяларына қарсы пікір білдірді. Мейер былай деп жазды: «Тарихи заңдар тек идеяларда, постулаттар түрінде ғана өмір сүреді. Сол секілді жаппай құбылыстардың шеңберінде, мысалы экономикалық тарихта, қандай да бір заңдар жоқ, тек ұқсастық жолымен шығарылған эмпирикалық жалпыламалар ғана бар... Шындығында, бұл жалпыламалар фактілерді анықтау мен топтау барысында айрықша рөл атқарады. Сонымен қатар белгілі бір дәрежеде болжамды ықтималдылыққа айналдырады, бірақ мұндай әрбір болжам фактілік материалдардың негізінде арнайы тексеруді қажет етеді».<sup>11</sup>

Егер тарихтың міндеті – тарихи оқиғалардың барысын анықтайтын жалпы заңдарды ашу десек, онда, Мейердің пікірінше, жағымсыз элементтер ретінде маңызды үш фактор жойылады: кездейсоқтық, ерік еркіндігі және адамдардың идеялары. Тарих үшін маңыздылық қалыпты немесе қайталанбалығымен теңестіріледі, ал даралық, бар болғаны, жалпы заңдардың орындалуының мысалына айналады. Мейердің ойынша, тарихи ойдың шынайы нысаны тура мағынасындағы оқиға, өзіндік қайталанбас факті болып саналады, тарихи заңдар

деген мүлде жоқ, ал жағдай мен ерік еркіндігі тарих қатпарларынан оның мәнін бұзбай жойылмайды.

Өз уақытында болған көптеген оқиғалар мен тарихшылар тарапынан зерттелуі мүмкін санаулы ғана оқиғалардың аражігін ашу зерттеушілерге қиындық туғызған еді. Мейер үшін тек белгілі бір салдары бар оқиғалар ғана тарихи оқиғалар санатына жатты. Өзі өкілі болған қоғамның және тарихшының мүдделеріне негізделген іріктеудің жаңа принципін енгізе отырып, тарихшының назарын аударатын нысандардың санын шектеуге тырысты. Тарихшы шешімін табуға тырысқан мәселелерді туындатады, сөйтіп, материалды зерделеу үшін қажетті шарттарды құрастырады. Бұл субъективті элемент – кез келген тарихи білімнің маңызды факторы. Біз қандай да бір кезең туралы анағұрлым құнды ақпаратты иеленгенімізге қарамастан, осы уақытқа дейін айтарлықтай сенімді болған зерттеулердің нәтижелерін өзгерте отырып, ол туралы бұрынғыдан көп мөлшерде біле аламыз.

Мейердің концепциясы немістің әйгілі ойшылы Макс Вебердің (1864–1920) тарапынан сынға ұшырады. Вебер оқиғалық-жеке тарихты мойындаса да, шындықтың жалпы белгілерінің танымалдығына назар аударды. Олардың зерттеушілердің өз арасында зерделеніп отырған ақиқаттың сипатты белгілеріне қатысты белгілі бір келісіміне негізделген теорияның, ғылыми модельдің деңгейінде құрастырылған мінсіз түрмен сәйкестігін атап көрсетті. Вебер мінсіз түр – бұл зерттеушінің өз еркімен емес, «ақиқаттың белгілі бір элементтерін ойша күшейту» жолымен құрастырған аналитикалық құрылым деп атап көрсетті. Ол жалпылау тәсілін пайдалану арқылы неокантшылдыққа тән табиғат пен мәдениет туралы ғылымдарды бір-біріне қарама-қарсы қоюға үзілді-кесілді қарсы болды. Вебер Мейермен болған пікірталас барысында тарихтың міндеті – «шынайы ғылыми жұмыстың» іргетасын қалайтын фактілерді жинау деген ойдың негізінде әлеуметтік және жаратылыстану ғылымдары арасында қатаң шекаралар орнатуға қарсы шықты. Неокантшылдық тарихнаманы сынға алуды жалғастыра отырып, ол «өкінішке орай, тарихшылар тарихтың кәсіп ретіндегі ерекшелігін негіздеуге ұмтыла отырып, осыған байланысты тарихи зерттеудің ғылыми жұмысқа қарағанда сапасы мүлде басқа нәрсе деген жаңсақ ұғымның туындауына өздері мұрындық болған еді» деп пікір білдірді. Алайда тарих ғылымы теориялық, тіпті номотетикалық ғылым болып саналады, өйткені ол эмпирикалық зерттеудің қажетті алғышарты ретінде теориялық білімді қажет етеді.

Мәдени құбылыстардың бірегейлігіне назар аударған Риккертке қарағанда, Вебер қайталанбалы элементтерге ие шындықтың сипатты белгілерін іздеді. Сол себептен оның құрастырған ұғымдары тек мінсіз ғана емес, сондай-ақ түрлі болып саналады. Вебердің пікірінше, тарихшылар болған оқиғаны «сол күйінде» қалпына келтіріп, тарихи ақиқатты нақты бейнелей алмайды, олар тек оқиғаның шынайы белгілеріне негізделген өздерінің бастапқы ой түйініне сүйене отырып, сондай-ақ ғылыми ұғымдар жүйесінің көмегімен олардың мазмұндық сипаттамасын анықтай келе, оқиғаның ғылыми бейнесін шығармашылық тұрғыдан құрастырады. Сонымен мінсіз түр тарихи ақиқаттың элементтерінен құрастырылады және оны тану үшін қызмет етеді. Сонымен қатар болашақтағы ойлау құрылымы ретіндегі мінсіз түр сол бір тарихи құбылыстың өзге де гипотетикалық құрылымдарының, ғылыми модельдерінің өмір сүру



мүмкіндіктерін меңзейді. Соған орай, шындықты зерттеу үшін қолданылатын әртүрлі тәсілдерді, белгілі бір мәдени-тарихи құбылыстың жалпылама бейнесін жасау үшін түрлі әдістемелерді пайдалану мүмкіндігін жоққа шығармайды.

Бірақ егер танымның басты құралы субъективті категория болса, оның көмегімен алынған білім шындықты талап ете ала ма? Вебер бұл сұраққа жауап бере отырып, неокантшылдық құндылықтар теориясын айтарлықтай дәрежеде жаңғыртты, соңғыларын тарих әлеміне көшіре отырып, оларды қоғамның мәдени дамуының өніміне айналдырды. Зерделеніп отырған құбылысты өзінің табиғаты бойынша тарихи құндылықтарға жатқызу абсолютті емес, бірақ гипотетикалық шындықты алуға мүмкіндік береді. Веберлік мінсіз түр танымдық процесте тарихи материалдың схемасын жасамайды, бірақ, керісінше, осы материалға байланысты өзінің де түрін өзгерте алатын немесе керек десе, зерттеуші тарапынан мүлдем жоққа шығарылатын ғылыми модель ретінде көрінеді. Мінеки, осылайша қазіргі тарихи эпистемологияның тарихи таным теориясы негізі қаланды. Дегенмен мінсіз түр туралы веберлік ілім әлемдік ғылымда XX ғасырдың соңына қарай ғана мойындалған еді.

Макс Вебердің еңбектерінде XIX ғасырдың парадигмасымен белгілі бір сабақтастығын сақтап қалған тарихтың жаңа парадигмасының негіздері бейнелене бастады. Алайда тарих ғылымының әдіснамалық тұрғыда қайта құрылуының табиғи процесін ғасырдың басында оның жалпы дағдарысын тудырған апаттық жағдайлар тас-талқан еткен еді.

## Ресей тарихнамасы және «орыс тарихи мектебі»

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында Ресейде еуропалық әйгілі мектептердің өкілдері жиналған еді. Орыс ғалымдарының көпшілігі деректердің сын тұрғысынан талдануы мен материалды әділ, бейтарап түрде баяндауға негізделген тарихи танымның ғылыми және сонымен қатар өзіндік сипатын мойындады.

Тарихи білімнің позитивистік концепциясы ұзақ уақыт бойы өзінің позициясын сақтап келді және оның кейбір нұсқалары айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізді. Тұжырымдаманы (белгілі бір толықтыруларымен) В.О. Ключевский, Н.И. Кареев, М.М. Ковалевский сынды ресейлік белгілі тарихшылар қолдады.

XIX ғасырдың 50-жылдарында сыни әдістің негізінде тәрбиеленген «петербургтік тарихи мектептің» (М.С. Куторга, М.М. Стасюлевич т.б.) ғалымдары жетекші рөл атқарды. Бірақ 1860–1870 жылдары тарих ғылымының орталығы Мәскеуге ауысқан еді. Онда Т.Н. Грановский мен оның шәкірттері, ең алдымен, П.Н. Кудрявцев (1816–1858) пен 1864–1870 жылдар аралығында тарих-филология факультетінің деканы, 1871–1877 жылдар аралығында университеттің ректоры қызметтерін атқарған С.М. Соловьевтің (1820–1879) дәстүрі берік сақталған еді.

Тимофей Николаевич Грановский (1813–1855) тарихтың әлеуметтік қызметін жандандыруға деген ұмтылысымен ерекшеленді. Бұл жайында Н.Г. Чернышевский «Грановский қызметінің барлық сипаты оның жеке өзінің ғылыми абыройы үшін емес, қоғамға қызмет етуімен түсіндіріледі» деп атап өткен еді.

Т.Н. Грановский терең білімімен, тарихи синтезге деген айрықша қабілетімен, тұтас дәуірді жарқын бейнеде сипаттай алу шеберлігімен ерекшеленді. Романтикалық тарихнаманың бағытында көп жылдар еңбек еткен Т.Н. Грановский 1852 жылдың өзінде-ақ «Жалпы тарихтың қазіргі жағдайы мен дамуы туралы» өзінің сөйлеген сөзінде «тарих жаратылыстану ғылымдарының әдістерін алып, шынайы ғылым болуға ұмтылуы қажет және осы мақсатта тіпті форманың көркем аяқталуына деген талабы мен әрекетінен бас тартуы керек» деген тезисті ұсынған еді. Сол кезде ол орта ғасырлар тарихы жайындағы дәрістерін позитивистік бағытқа бейімдей бастайды.

Ресейдің әйгілі тарихшысы Владимир Иванович Герье (1837–1919) Т.Н. Грановскийдің дәстүрін тікелей жалғастырушы болды. Ол Т.Н. Грановскийдің профессорлық қызметі кезінде Мәскеу университетінде оқыды, кейіннен ұстазы кафедра меңгерушісі болған уақытта тарих кафедрасының маңызы университеттік аудиторияның аясынан әлдеқайда асып түскенін және орыс қоғамдық санасының барлық саласын терең қамтығанын атап көрсетті. Жалпы алғанда, Герье позитивистік тарихнамаға қарсы шықты, нақтырақ айтар болсақ, Бокльдің «*Өркениет тарихын*» сынға алды. Ол тарихшының басты дерегі – адамның туындысы, ал зерттеудің басты нысаны адамдардың іс-әрекеттері болғандықтан, тарихи таным психологиялық талдау жұмысына негізделуі қажет деп түсіндірді. Тарихшы идеялардың халықтың тағдыры мен өркениеттердің даму барысына ықпал ететінін атап өтті.

Герье алғаш рет Ресейде білім беру тәжірибесіне неміс үлгісіндегі тарих семинарларын енгізген еді. Өзінің тарихи еңбектерінде идеялар тарихын зерделесе де, ол студенттермен сабақ жүргізу үшін әлеуметтік және экономикалық тарих бойынша алуан түрлі тақырыптарды таңдады.

Осы семинарлардың аясында кейінірек көптеген Ресей университеттеріндегі жалпы тарих кафедраларын басқарған және орыс тарихнамалық мектебінің мақтанышына айналған бірқатар әйгілі орыс тарихшыларының (Н.И. Кареев, П.Г. Виноградов, Р.Ю. Виппер, М.С. Корелин т.б.) көзқарастары қалыптасты.

Герьенің досы, орыстың белгілі тарихшысы Василий Осипович Ключевский (1841–1911) «мемлекеттік мектептің» теориялық қағидаларынан түбегейлі бас тартып, Ресей тарихын жалпы тарихтың құрамдас бөлігі ретінде қарастырады. Адамзат қоғамдары құрылымының өтпелі жергілікті жағдайларға тәуелсіз түрде қолданылатын жалпы заңдары туралы ғылымды қалыптастыруды армандай отырып, ол өзінің айрықша тарихи тұжырымдамасын құрастырды. Тарихи зерттеудің нысанын не құрайды деген сұраққа В.О. Ключевский адамдар одақтарының шығу тегі, дамуы мен құрамы деп жауап береді. Ол тарихтың әртүрлі кезеңдерінде халықтың өмірін бейнелеген ерекше жағдайларды анықтай отырып, халықтың тарихынан неғұрлым мағыналысын іздеді және орыс тарихының басты ерекшелігін халықтың үздіксіз миграциясын туындатқан табиғи фактордан көрді. В.О. Ключевский тарихи процесті анықтайтын төрт «тарихи күштерді» – елдің табиғатын, адамның физикалық табиғатын, тұлғаны және қоғамды бөліп көрсете отырып, табиғи жағдайлар мен адамның әлеуметтенуін байланыстыратын синтездік концепцияны қалыптастырды.

В.О. Ключевский «Орыс тарихының әдіснамасы» (*Методология русской истории*) курсына ғылыми-жартылыстану білімінің принциптеріне бағдарланған

позитивистік рухта тарихтан қоғамдық тәрбиенің құралын жасайтын субъективті әдісті және өткенді ғылыми тануға бағытталған объективті әдісті ажырату туралы мәселе көтерді. Оның пікірінше, субъективті әдістің жүйесінде адамзаттың қазіргі мәдениетінің түп-тамыры мен оның біртіндеп қалыптасуын негіздеуге ұмтылу жатыр. Сондықтан тек осы процеске қатысы бар тарихи фактілер ғана іріктеліп алынады. Бірақ адамзат біртекті емес, демек, фактілердің іріктелуі мен оларды әртүрлі мәдениеттерге жататын тарихшылардың бағалауының бір-бірінен айырмашылығы болуы қалыпты жағдай. В.О. Ключевский: «Мұндай тарихи зерттеулер тарихи құбылыстарға емес, зерделеушінің жеке ой-өрісіне, яғни зерттелініп отырған объектіге емес, зерттеуші субъектіге сүйенеді, демек, зерттеудің бастапқы межесі зерттеушінің көзқарасы болып саналады»,<sup>12</sup> – деп жазды. Объективтік әдіске келер болсақ, оның негізінде қазіргі мәдениетті адамзаттың дамуының нәтижесі ретінде емес, оның жағдайының бірі ретінде көретін көзқарас жатыр, ал әдістің міндеті «тарихи қозғалыстың өзін» зерттеу болып саналады. Бұл жағдайда құбылыстардың хронологиялық реттілігінің өзі маңызынан айырылады, өйткені құбылыстан кейін не болатыны емес, неден бастау алғаны маңызды. Соған орай, зерттеудің құбылыстарды бақылау, салыстыру және жалпылау секілді өзге де тәсілдері қажет болады.

Жалпы тарихтың «орыс тарихи мектебінің» (бұған мұндай атауды ресейлік әріптестерінің ғылыми жетістіктерін жоғары бағалаған шетелдік ғалымдар берген еді) қалыптасуына тарихшылардың Мәскеу университетімен байланысы ерекше ықпал етті. Мектептің ғылыми мәселелері мен белсенді қоғамдық позициясының қалыптасуына реформадан кейінгі Ресейдің әлеуметтік-саяси жағдайы да өз әсерін тигізді. Өзекті тақырыптар әлеуметтік қатынастар мен әлеуметтік күрестер тарихының төңірегінде, әсіресе қоғам дамуының күрделі кезеңдері аясында топтасты. Тарихшылар тарих ғылымының тәрбиелік әрі қоғамдық функцияларын ерекше атап көрсетті. Ғалымның міндеті деп саналған публицистикалық және ағартушылық қызметтермен де жүйелі түрде айналысты.

Мәскеу университеті бойынша, Герьеңнің жақын ізбасары, орыстың атақты медиевисі Павел Гаврилович Виноградов (1854–1925) болды. Оның ғылыми зерттеу жұмысының негізгі нысаны батысеуропалық феодализмнің пайда болуы және даму мәселелері еді. П.Г. Виноградов позитивистік тарихнаманың көрнекті өкілдерінің бірі болды. Ол әлеуметтік тарихқа ерекше қызығушылық білдірді, ал оның зерттеу еңбегінің басты нысаны болған құқық тарихы әлеуметтік тарихтың бір аспектісі ретінде қарастырылды. 1901 жылы П.Г. Виноградов демалысқа шығуға және Англияға кетуге мәжбүр болды, ол елде оны білетін әрі құрметтейтін еді, оған Оксфорд университетіндегі кафедрада қызмет етуге мүмкіндік жасады. П.Г. Виноградовтың оксфордтық семинарларына еуропалық және америкалық жас ғалымдар қатысатын еді. П.Г. Виноградов XX ғасырдың басындағы ғылымның қол жеткізген жетістігі ретінде «қоғамдық даму кездейсоқтықтардың емес, заңдардың жүзеге асуының нәтижесі» деген түсінікті бағалады. Алайда ол тарихқа тек қана құбылыстардың себептерін анықтайтын ғылым ретінде баға берген көзқарасқа қарсы шыға отырып, көптеген тарихи фактілердің өзі қызығушылық тудырады, мұның өзі олардың заң арқылы байланыстырудың кез келген мүмкіндіктеріне қарамастан, зерттеуге лайықты екенін көрсетеді деп түйіндейді.

Герьенің шәкірттерінің бірі, көрнекті ғалым әрі педагог Николай Иванович Кареев (1850–1931) өзінің ғылыми қызметін жаңа заманның тарихына арнаған еді. Н.И. Кареевтің зерттеу жұмысының басты нысаны Ұлы француз революциясы мен оның алғышарттарының тарихы болды. Тарихшылар әдістемелік мазмұндағы тарихи нұсқаулықтар бойынша емес, беделді ғалымдардың тарихи шығармаларын оқи отырып және тәжірибелі оқытушылардың көмегімен тарихи тапсырмаларды орындау арқылы жұмыс жасап үйренеді деп сенген Н.И. Кареев тарихтың теориясымен көбірек айналысқан еді. Ол – тарих ғылымының философиялық әрі әдістемелік мәселелеріне қатысты көптеген еңбектердің авторы. Орыс ғалымының әлеуметтанудың рөлі мен тарихтың ғылыми мәртебесі туралы көзқарастарының конттық және неокантшылдық көзқарастардан айтарлықтай айырмашылығы болды. 1883 жылы тарихи ойдың қарқынды дамуының алдында ол тарихты да қамтитын феноменологиялық және номологиялық ғылымдардың арасына белгілі бір айырмашылықтарды енгізді. Оның пікірінше, тарих жеке әрі қайталанбайтын фактілері бар сипаттаушы пән ретінде баяндалады. Бұл ерекше тарихи заңдардың өмір сүретінін жоққа шығару болды (сол себептен автор әріптес-позитивистердің тарапынан сынға ұшыраған еді). Өйткені тарихты ол құбылыстардың бірізді ауысуынан тұратын процесс деп түсінді, сол жиынтықта әрбір құбылыс бір рет қана көрініс табады. Н.И. Кареев тарихта, табиғаттағы секілді, барлығы заңды екенін мойындағанымен, бұл заңдылықтар өздерінің сипаты бойынша тарихи емес, психологиялық және әлеуметтанулық деп пайымдады. Ғалым табиғатты да, тарихты да екі әдіспен, яғни жалпылайтын және жекелейтін әдістермен тануға болады деп есептеді. Тарихты зерттеу барысында танымның әртүрлі деңгейлері болуы ықтимал: нақты жеке сәттерден жалпы абстрактілі сипаттамаларға дейін. Сонымен қатар Н.И. Кареев тарихтың міндеті қандай да бір заңдарды ашу, болашақты болжау немесе тәжірибелік нұсқаулар беру емес, өткеннің жекелеген оқиғаларын мұқият зерттеу деп білді.

Н.И. Кареевтің пайымынша, тарихтың жалпы теориясының тұтас концепциясы тарихтағы тұлға мәселесін әзірлеуге ерекше мән берілген историологияны (тарихи процестің теориясы); историканы (тарихи танымның теориясы) және тарихи оқытудың теориясын қамтыды. Н.И. Кареевтің тарихтың барлық бөлімдерін қамтыған көптеген оқулықтары әдістемелік жағынан үлгі болды.

Орыс тарихнамасындағы позитивистік бағыттың көрнекті өкілі Иван Васильевич Лучицкий (1846–1918) еді. Ол жалпы тарихи заңдардың болатынына және оларды танудың принциптік мүмкіндігіне сенім артты. Ғалым статистикалық өңдеуге келетін көптеген құжаттық материалдарға сүйенді. Оның еңбектерінің басым бөлігі әлеуметтік-экономикалық тарихқа, орта ғасырлардағы, XVIII ғасырдағы Ұлы француз революциясы қарсаңындағы және кезіндегі шаруалар тарихының мәселелеріне арналған еді.

П.Г. Виноградов, Н.И. Кареев пен И.В. Лучицкийлердің замандастары болған Максим Максимович Ковалевский (1851–1916) орыстың әйгілі тарихшы-позитивісі еді. Ол құқық тарихымен және экономикалық тарихпен айналысты. Сонымен қатар, Н.И. Кареев сияқты, әлеуметтанудың мәселелерімен де шұғылданды. Ол жалпы теориялар мен гипотезаларды әзірлеместен, нақты-тарихи зерттеулердің фактілік материалдарын жалпылай отырып, өзінің жаңа ғылыми әдісін құрастырды. Конттың ізбасары болса да, ол ұзақ уақыт бойы Маркстің

ықпалында болған еді. Маркс оны өзінің ғылымдағы достарының бірі деп атады. М.М. Ковалевский, бір жағынан, көптеген еуропалық тарихшы-либералдарды қызықтырған тақырып – ағылшынның жергілікті өзін-өзі басқару ұйымының пайда болуы мен қызмет етуі туралы мәселелерге, екінші жағынан, ортағасырлық Англияның әлеуметтік-экономикалық тарихына қызығушылық білдірген еді.

XIX ғасырдың соңғы ширегінде Ресей тарихнамашылары Батыс қоғамының тарихына ерекше назар аударды. «Орыс тарихи мектебі» өкілдерінің Батыс Еуропаның орта ғасырлар мен жаңа заман дәуірлерінің тарихын зерделеуге деген ерекше ынта-ықылас білдіруі – олардың кейбір ортақ заңдылықтарды түсінуге ұмтылысы және болашақта Ресей жүруге тиісті жолдан өткен елдердің тәжірибесіне сүйенуге деген талпынысы болды. «Орыс тарихи мектебінің» белгілі тарихшылары нақты-тарихи зерттеулерді теориялық-әдіснамалық және тарихи-әлеуметтанулық мәселелермен байланыстыруға тырысты. Олар тарихи заңдылықтардың өмір сүретінін, өткен мен бүгінгінің органикалық байланысын, құқықтық және саяси формалардың тарихилығын мойындады. Олар өздерінің нақты-тарихи зерттеулерінде Ресейдің батыстық жолмен феодализмнен капитализмге өту перспективаларын түсіну мәселесімен айналысты. П.Г. Виноградов Батыс Еуропада антикварларға берілген сұрақтар Ресейде әлі де болса көкейкесті дегенде дәл осы жағдайды меңзеген еді. «Тарихтың сабақтарына» сенген орыс ғалымдары Батыстың тәжірибесінде құнды болып саналатын дүниелерін ерекшелік көрсетуге және оны Ресейдің бүгінгі мен болашағы үшін «пайдаға» жаратуға ұмтылды.

Осы мектептің өкілдері өздерінің кәсіби қызметтеріндегі уәждеменің идеологиялық жақтарын көрсете отырып, оның 1861 жылы реформаның салдарын байқаған және орыс шаруаларының тағдыры туралы ойлаған сол ұрпақтың зиялыларының саяси мүдделермен байланыстарын атап өткен еді. Ресейдегі өмірдің сұраныстары мен қажеттіліктері «орыс мектебі» тарихшыларының ғылыми ізденістеріне белгілі бір бағыттар ұсынып отырды, сондай-ақ оның географиялық және хронологиялық шеңберін нақтылай түсті. Бірақ ғалым мен азаматтың ойлау жүйесін қалыптастыратын басқа да факторды – ғылыми-танымдық белсенділікті арттыруға бағытталған тарихи материалдың, мәдени-тарихи контекстің кері әсерін естен шығармаған абзал. Бұл кері байланыстың өзіндік қоры бар. Қазіргі кезеңдегі алаңдаушылықтармен қандай да бір нақты байланыстарды білдіретін бөгде өткенмен интеллектуалдық кездесу тарихшының қоғамдық позициясына ықпал етпей қоймайды. Бұл жағдайда әңгіме либералдық немесе либералдық-демократиялық рухтағы әлеуметтік өзгерістерге бағыт алу жөнінде болып отыр. Сөйтіп, Француз революциясының тарихымен, сонымен қатар дәстүрлі қоғамнан заманауи қоғамға алғашқы болып өтуді жүзеге асырған Англияның тарихымен кәсіби тұрғыда айналысу мәселесі мамандарға реформадан кейінгі Ресейде ішкі қуаты әбден сарқылған феодалдық құрылыстың тарих сахнасынан кеткенінің дәйекті дәлелдерін келтірді. Белгілі бір идеялық алғышарттарға негізделген өзіндік белсенді зерттеушілік тәжірибе айтарлықтай жеке қабілеттерге ие бола отырып қалыптасқан ұжымдық психологияның стереотиптерін, априорлық пайымдарды, жеке ұстанымдар мен саяси бағаларды түзетуге қабілетті болды.

Жалпы тарихтың құрамдас бір бөлігі саналған «орыс мектебінің» ғалымдары әрдайым Ресейдің өзіндік ерекшелігін мойындады және тіптен оның маңызына



тоқталып отырды. Әрине, бұл жерде дамудың танымдық заңдылықтарына негізделген қоғамдық өмірге белгілі бір мақсатпен саналы түрде ықпал етудің мүмкіндіктерін позитивистік тұрғыдан мойындау жағдайы орын алды. Бірақ біртұтас ішкі дамудың ұлттық дәстүрлерін және ерекше белгілерін, мәдени-тарихи мұраның ерекшелігін – біз қазіргі таңда тарихи процестің өркениеттік негіздері деп айтатынымыздың барлығын ескеру қажет екені көрсетілді.

Айрықша тарихи-философиялық ойлау қабілетіне ие жоғары категориядағы кәсіби маман бола отырып, батысшыл тарихшылар ескі тәртіптен жаңасына көшудің уақыт сынынан өткен үлгілерінің болуы бұл ауысуды жеңілдетіп әрі жеделдетіп, келешектегі перспективаларды айқындауға және келесі қадамдарды «айтып» отыруы мүмкін екенін жақсы түсінді. Алайда өзгелер жүріп өткен даңғыл жолмен қозғалу механизмі тек нақты қоғамның әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайларымен, оның шынайы қажеттіліктерімен анықталатын ұқсас тарихи жағдайда ғана «іске қосылады».

Тарих ғылымының даму логикасының диалектикалық бірлігі мен оған әлеуметтік-саяси шындықтың тигізген әсері зерттеулердің өзекті мәселелерін қалыптастыру барысында айқын көрінді. Ресей тарихнамасында алғашқы орында қоғамда орын алған өзгерістердің шарасыздығын түсінумен толықтай сәйкес келетін, аграрлық мәселені шешудің және конституциялық кепілдіктерді енгізудің тәжірибесін тікелей бейнелейтін мемлекеттік-құқықтық құрылым мен шаруалар тарихы мәселелерінің жиынтығы тұрды. «Орыс мектебі» өкілдерінің зерттеу тәжірибесі мынадай белгілерімен ерекшеленді. Олардың біріншісі – әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан пайымдауды саяси құрылыс, азаматтық қоғам мен заманауи құқықтық мемлекеттің қалыптасуы, конституциялық монархияның және жергілікті өзін-өзі басқарудың дамуы процестерін жан-жақты зерттеу мәселелеріне қызығушылықпен жүйелі түрде ұштастыру. Бұл органикалық бірлік саяси құрылыстың қоғамдық құрылысқа тәуелді екенін көрсетуді өзінің міндеті санаған М.М. Ковалевскийдің ғылыми шығармашылығында айтарлықтай айқын көрінді. «Орыс мектебінің» екінші ерекшелігі деп аграрлық тарихтың мазмұнын әлеуметтік тарих ретінде кең мағынада түсінуді айтуға болады. Аграрлық тарихтың осылайша қарапайым адамдардың шынайы тағдырларына, халықтың өткеніне деген қызығушылықпен органикалық негізде ұштастыра қарау сол кезеңдегі батысеуропалық тарихнамада болған емес, бұл кейінірек XX ғасырдың ортасында қалыптасты. Үшінші сипатты белгі тарихи динамика және тарихи преспективадағы түрлі құбылыстар мен процестерді зерттеуге деген қызығушылықпен байланысты болды. «Орыс мектебінің» соңғы, төртінші ерекшелігі ретінде зерттеліп отырған құбылыстарды салыстырмалы-тарихи тұрғыдан зерделеу сияқты ұлттық тарихнама дәстүрінің ерекшелігін бейнелеуді атаймыз. Бұл жерде сөз салыстырмалы тарихтың тәжірибесін Ресейдің қоғамдық-саяси дамуы мен болашағын қалыптастыру жолдарын таңдау барысында қолдану жөнінде болып отыр. Ресей ғалымдарының тарихи ойларының дәл осындай ерекше белгілері олардың ортағасырлық және жаңа тарихтың анағұрлым маңызды мәселелеріне деген тәсілдерінің сонылығын, олардың әлемдік тарих ғылымына қосқан теңдессіз үлесін көрсетті.

Тарих пен бүгінгі күннің арақатынасының теориялық-әдіснамалық мәселесінің өзге де аспектілері бар. Әрине, тарих ғылымы бүгінгінің білімімен қордалана

отырып, заманына сай өзінің түсініктері мен бағаларын өзгертеді. Бірақ тарихи білімнің жалпы мәдени контексте зерделенуі, ұлттық мәдени ерекшелік «бөгде» өткеннің бейнесін өзгеше түрде өзгерткен кезде, бір ұлттың, елдің, өркениеттің тарихи тәжірибесін басқаның қоғамдық санасымен қабылдау және бағалау мәселесіне ерекше тұрғыдан қарауды ұсынады.

Басыбайлылық пен самодержавиенің қалдықтарымен күрес шынайы өмірде тарихқа деген сезімтал көзқарасты ғана қалыптастырып қойған жоқ. Ол сондай-ақ қазіргі қоғамдық санаға ғылыми қорытындылар мен түсініктерді белсенді түрде жүзеге асыруға қозғау саларлық жағдайды да қалыптастырады. Тарихтың әлеуметтік әрі тәрбиелік қызметі ажырамас бірлікте және олар оның танымдық қызметінің табиғи жалғасы ретінде қабылданды.

Тек жоғары санатты кәсіпқой ғалым ғана емес, сонымен бірге ірі қоғамдық қызмет өкілдері бола отырып, орыс тарихшылары өздерінің белсенді педагогикалық қызметтері мен көптеген тамаша публицистикалық әрі ғылыми-ағартушылық сипаттағы жұмыстарымен жаңа тарихи сана мен саяси мәдениетті қалыптастырды. Сонымен қатар дәріс оқып, мерзімді басылымдардың оқырман аудиториясын құраған Ресей қоғамының қалыптасуына елеулі үлес қосты.

1899 жылдан бастап «Дүниежүзі тарихының хабаршысы» (*Вестник всемирной истории*) атты тарихи-көпшілік журнал жарыққа шыға бастады. Аталған журналда орыстың әйгілі тарихшыларының қызықты аударма еңбектері мен мақалалары жарияланды. Бірақ ол журнал төрт жылдан кейін жабылып қалды. Ресейдегі тарих ғылымының дамуы мен институттық ресімделуінің көптеген қиындықтары елдегі саяси жағдайға байланысты болды. Атап айтқанда, бұған 1890 жылы негізі қаланған Санкт-Петербург университетінің жанындағы Тарих қоғамының ұйымдастырушыларының полиция мен цензуралық тәртіптің кедергілеріне тап болуы мысал болды. Толық мүшелер ретінде орыстың көрнекті тарихшыларын өз құрамына қосқан, екі секторы (орыс және жалпы тарих) болған бұл қоғам «Тарихи шолу» (*Историческое обозрение*) журналын шығарды. Алайда мәжілістері жастар бұқарасын жинау арқылы өтетін бұл қоғам сол кезеңдердегі студент жастардың толқуларына байланысты полицияның жіті бақылауына алынды. Кейіннен адамдардың қатысуымен өтетін қоғамдық отырыстарды ұйымдастыруға тыйым салынды.

Санкт-Петербург университетінің жанынан ашылған Тарих қоғамынан басқа Мәскеу университетінде және өзге де шет аймақтарда да осындай ұйымдар құрылды. 1913 жылдан бастап «Тарихи шолумен» қатар Н.И. Кареевтің редакциясымен «Өткеннің үні» (*Голос минувшего*) мен «Ғылыми тарихи журнал» (*Научный исторический журнал*) атты мерзімдік басылымдар жарыққа шықты.

## Ғылыми зерттеудің сыни әдісі мен принциптері

Деректерді ғылыми тұрғыдан зерттеудің принциптері бірте-бірте жасалды, олардың қалыптасуына әртүрлі елдер мен түрлі дәуірлердің ғалымдары өз үлестерін қосты. Соның негізінде шынайы оқиғалар аңыздармен араласып кеткен дәстүрлі тарихнама қайта зерделенді. Сыни талдаудың әдістері тарихнаманың дамуына жол ашты.

Сыни әдістің негізін қалаушы неміс ғалымы Б.Г. Нибурдің айрықша еңбегінің нәтижесінде тарих ғылымы тамаша жетістіктерге қол жеткізді. Ол тарихшының еңбегі мынадай екіжақты міндетті орындаумен анықталады дейді. Біріншіден, шынайы ақпаратты анықтау мақсатында деректерге сыни талдау жасау, екіншіден, алынған мәліметтердің негізінде тарихи ақиқатты қалпына келтіру.

XIX ғасырдың ортасындағы тарихшылар тарихи фактілердің объективтілігі туралы мәселе көтермеді. Ғалымдар «өздері үшін өзі сөйлейтін» фактілерді жинауды негізгі қызметтері деп санады. Фактілер жайында белгілі бір сенімге негізделген ұстаным болды. Тарихи мәтіндерді сын тұрғысынан мұқият тексергеннен кейін ондағы фактілердің шынайылығы анықталған және бұл мәтіндер қандай да бір түсініктемені қажет етпейді деген нық сенім мен фактілердің культі орын алды. Өз заманының (зерттеушілердің көптеген буындарына үлгі болған) беделді тарихшысы А. фон Ранке осы әдісті қолданған еді. Ғалым тарихшының негізгі миссиясы өткен тарихи кезең «шын мәнінде қалай болса», оны дәл солай зерделеу деп білді. Зерттеушінің өткеннің құжаттарын талдау барысында өзінің жеке «менін», субъективті ойын, мүддесін, дүниетанымын шектей білуі ол үшін мүлтіксіз әділетті міндет болып саналды. Тарихшы фактілерді дәлме-дәл, боямасыз сипаттауы керек. Ол үшін түпнұсқа тарихи мәтіндерге, беделді деректерге назар аудару басты ереже болды. Деректерге жан-жақты әрі объективті талдау жасау үшін өткеннің оқиғасын қайта қалпына келтіруді тарихи нарратив түрінде, яғни баяндау түрінде ұсыну қажет. Ранкенің, оның көптеген замандастары мен ізбасарларының пікірлерінше, оқиғалардың жүйелілігін сипаттау әрекеті ғана дүниежүзі тарихының шынайы барысын анықтауға жол ашады.

Тарихи фактіні түсіну барысында XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы позитивистер Ранкеге анағұрлым жақын болды. Олардың бірі – фактіге табынуды жазба деректерге табынуға айналдырған француздың әйгілі тарихшысы Ньюма Дени Фюстель де Куланж (1830–1889) еді. «Мәтіндер, тек мәтіндер, мәтіндерден басқа ештеңе емес» ұстанымына сүйене отырып, ол өткен кезең тарихшы үшін деректер түрінде көрінеді деп сенді, сондықтан тарих ғылымын «құжаттарды ақылдың тезіне салып талдау» деп түсінді.

Фюстель де Куланждың отандастары Шарль Виктор Ланглуа (1863–1929) мен Шарль Сеньобос (1854–1942) XIX ғасырдың тарихнамалық тәжірибесін қорытындылай келе, өздерінің «*Тарихты зерттеуге кіріспе*» (1897) атты әйгілі еңбектерінде деректерді сыни тұрғыдан талдаудың ережелерін ұсынды. Ұзақ уақыт «позитивістік тарихшылықтың библиясы» іспеттес болған бұл шығармада мынадай ойлар айтылды: «Тарих құжаттар арқылы жазылады. Құжаттар – белгілі бір кезеңдерде өмір сүрген адамдардың қалдырған ойлары мен іс-әрекеттері. Адамзат баласының ойлары мен іс-әрекеттерінің тек өте аз бөлігі ғана өзінің соңында айқын із қалдырады. Кей кезде бұл іздер ұзаққа бармайды: оларды санадан өшіру үшін қарапайым кездейсоқтық та жеткілікті. Артында із қалдырмаған немесе іздері жоғалып кеткен кез келген ой мен іс-әрекет тарихтан ешқашан орын алмайды. Құжаттардың болмауының салдарынан адамзаттың өткен кезеңдерінің ауқымды тарихы мәңгілікке беймәлім болып қалады. Еш нәрсе де құжаттарды өзгерте алмайды: олар болмаса, тарих та жоқ».<sup>15</sup>

Сонымен қатар олар әрбір құжаттың нақты әдістерге сүйене отырып және аса сақтықпен сыни тұрғыдан зерттеуді талап ететініне ерекше назар аударды.

Ал бұл іс-шара тарихшы жұмысының негізгі әрі ең басты бөліктерінің бірін құрайтын эвристикаға (белгілі бір мәселені зерттеу үшін қажетті құжаттарды іздеу және жинау) жол ашуға тиіс болды. Жеткіліксіз деректерді талдау барысында барлық ережелерді қолдану айтарлықтай қателіктер мен бұрмалауға алып келеді. Қосалқы пәндерге, олардың тарихшыны кәсіби тұрғыдан даярлау барысындағы рөліне ерекше мән берілді. Құжатты дайындаудың бұл жолдарына сәйкес келетін екі мәселені анықтап алу қажет: біріншіден, құжат авторының ойын анықтау, өйткені ол адал («шынайылықты сынау») болмауы мүмкін; екіншіден, оның шынымен сол мәселені білетінін анықтау керек, өйткені ол қателесуі («дәлдікті сынау») де мүмкін. Авторы белгісіз жағдайда жаңа мәселе туындайды: сынау автордың жұмыс жағдайын ойша жүзеге асыра отырып қана жасалады, ал беймәлім куәліктер берілген жағдайда тек бір ғана тәсілді – құжаттың жалпы сипатын зерттеу тәсілін қолдана алады.

Ланглуа мен Сеньобос тарихи танымның өзіндік қиындықтарын ескере отырып, тарихшының өткен кезеңнің шындығын толықтай бақылай алмайтынын, оның тек қазіргі күндегі шындықпен ұқсастығы бойынша ғана біле алатынын тілге тиек етті. Сонымен қатар факті ұғымы мен оның абсолютті объективтілігіне деген сенім, ғылыми әдістің әмбебаптығына деген ұстаным өзгерді. Тарихи фактілерді жанама жолмен, сондай-ақ олардан қалған белгілер арқылы ғана білу мүмкін болғандықтан, тарихи білім тікелей бақылауға негізделмейді. Демек, тарих ғылымының әдісі оңтайлы ғылымдардың, яғни тікелей бақылауға негізделген геологиядан басқа барлық ғылымдардың әдісінен түбегейлі ерекшеленуі қажет. Шынында да, тарихшы тарихи ескерткіштер деп аталатын өткеннің ізін тікелей бақылай алады, одан әрі қарай ол тарихи сынның принциптерін басшылыққа ала отырып, ой-тұжырымдар арқылы әрекет етеді. Ланглуа мен Сеньобос бақылауға негізделген барлық ғылымдарда ой-тұжырымдар үшін бастапқы нүкте бақылау фактісі болса, тарихшының бастапқы нүктесі – құжат, зерттеу жұмысының соңғы нәтижесі өткеннің фактілері болып саналатынын ерекше атап өтеді. Осы аталған бастапқы нүкте мен соңғы нәтиженің арасында қателікке жол берілетінін білсе де, оған тәуекел ете отырып, бір-бірімен тығыз байланысты бірқатар қорытындылар жасалуы керек. Тарихи немесе жанама әдіс жоғарыда аталған жайттарға байланысты тікелей бақылауға негізделген әдістен анағұрлым әлсіз болып келеді. Бірақ осы әрекет қана тарихшыларға шындықты анықтауға көмек береді.

Ланглуа мен Сеньобос тарихи әдістің маңызды бөлігі саналатын деректерге сыртқы және ішкі бағытта сыни талдау жүргізумен қатар, алынған шашыраңқы фактілердің синтезі мәселесіне ерекше назар аударып, шектелген фактілерді ғылыми тұтастықта біріктіру үшін қажетті әрекеттердің біртұтас жүйесін құрастырды. Біріншіден, бұл – тарихшының қиялында өткеннің фактісіне тікелей бақылау жасау арқылы алатын бейнеге өте ұқсас бейне туғызу. Екіншіден, бұл – қазіргі құбылыстардың жиынтығы өткен кезеңнің құбылыстары жиынтығымен сәйкес деген болжамның негізінде алынған фактілердің жиынтығы. Үшіншіден, бұл фактілердің қатарындағы (сақталған деректердегі іздердің жоқтығына қатысты) беймәлім мәселелерді пайымдар мен ой-тұжырымдар жасау арқылы толтыру еді. Төртіншіден, бұл жалпы белгілерді (аталған процесс соңғы нәтижеге алып келеді және тарихи құрылымды ғылыми көзқарас тұрғысынан қарастырады) анықтауға

мүмкіндік беретін кейбір формулаларға қатысты көптеген фактілердің мәліметтері болып саналады. Бесіншіден, бұл – жұмыстың нәтижесін баяндау.

Әлем әдебиетінде тарихи танымды неокантшылдық позиция тұрғысынан пайымдаған алғашқы іргелі зерттеу ретінде орыстың әйгілі тарихшысы Александр Сергеевич Лаппо-Данилевскийдің (1863–1919) екітомдық «Тарих әдіснамасы» (*Методология истории*) (1910–1913) атты еңбегін атауға болды. Бұл туынды Санкт-Петербург университетінің студенттеріне оқылған дәрістерінің негізінде құрастырылған оқу құралы ретінде жарияланған еді. Аталған оқулықта алғаш рет тарих әдіснамасының анықтамасы тарихи-ғылыми білімнің ерекше саласы ретінде негізделген.

Неокантшылдық әдіснамасы аясында Лаппо-Данилевский осы уақытқа дейін өзінің өзектілігін жоймаған тарихи танымның маңызды мәселелерін көтерді: олар – тарихи білімнің принциптері, бағалау критерийлері, тарих ғылымының танымдық мақсаттары мен нысаны, тарихи фактінің ерекшелігі, деректанудың әдіснамасы және т.б. Лаппо-Данилевский тарихи білім теориясының (тарихи танымның бастапқы принциптерін анықтайтын), деректану әдіснамасының (принциптер мен тәсілдерді анықтайды, тарихшы олардың негізінде өзіне жақсы таныс деректерді пайдалана отырып, өзін қызықтырған фактінің болғанын растайды) және тарих құрылымы әдіснамасының (тарихшы оның принциптері мен тәсілдері арқылы, сондай-ақ оның көмегімен бұл фактіні түсіндіре алады) арасындағы тығыз байланысты атап өтті. Дерек адам психикасының жүзеге асқан өнімі, адам шығармашылығының іске асқан формасы ретінде қабылданды. Автордың тарапынан деректердің негізгі түрлері, оларды классификациялаудың принциптері, интерпретация әдістері мен сыни тұрғыдан зерделеу мәселелері қарастырылған еді.

Тарихшы жекелеген оқиғаларды зерттейді, алайда шынайылығы әртүрлі болғандықтан, оны өзіндік ерекшелігімен бейнелеуге болады. Онда фактілік материалды оның тарихи маңызы мен құндылығы идеясына сай іріктеу жұмысын жүзеге асыру қажет. Алайда тарихшы жеке тұлғаның тарихи маңызы жайында тек оның құнды мазмұны бойынша ғана емес, сонымен қатар оның шындық деңгейі немесе ықпалы бойынша да баға береді. Жекенің құндылығы мен әсерінің ұштастырылуы тарихи фактілерді іріктеп алудың критерийі болып саналады. Тағы бір мәселе – зерттеліп отырған нысанның құндылығын түсіну мен сезіну негізінде оның тұтас бейнесін құрастыру. Сонымен бірге әрбір жекелеген факті өзінің даралығында тұтастықтың ажырамас бөлігі ретінде анықталады.

Тарихи танымның субъективті жағын тану барысында тарихшының жоғары кәсібилігі, деректерді қатаң түрде сыни тұрғыда талдауы, синтездік жұмысты жүргізудің нормалары мен ережелерін қолдануы тарихи тұрғыдан сипаттаудың ғылымилығы мен объективтілігін қамтамасыз етуі мүмкін. Зерттеудің ғылыми әдістерін пайдаланатын және өткеннің куәліктерін сыни тұрғыдан зерделейтін тарихшының негізі берік. Ғылым деректің құндылығын анықтауға бағытталған тәсілдердің жиынтығын сын деп атайды. Ғылыми сынның міндеті – деректердегі әртүрлі кемшіліктер мен олқылықтарды ашып көрсету, оны түсіну мен оның шынайы мәнін қалпына келтіру.



Әрине тарихшының қолындағы материалдар өзінің мәні бойынша зерттеліп отырған нысанның тек бір бөлігін ғана көрсетеді. Ал өткеннің біртұтас бейнесі әлдеқашан жоғалып кеткен және ол тек тарихшы қайта қалпына келтірген дәрежеде ғана болады. Демек, тарих – қолда бар деректер мен тарихшы пайдаланатын жанама мәліметтердің негізінде саналы түрде қалпына келтірілген адамзаттың өткенінің бір бөлігі ғана. Сонымен қатар Ланглуа мен Сеньобос қосымша деректердегі өзге тарихшылардың қорытындыларын пайдаланбау талаптарын сынға алды: «Қорытынды жасау үшін алдымен миллиондаған фактілерді жинауға тура келетін тарих сияқты, күрделі ғылым үнемі қайта-қайта жазылмайды. Тарихи құрылым қолжазбалар бойынша жасалмайды, сондай-ақ тарих та тек уақытты үнемдеу үшін ғана жазылмайды. Ғылымды дамыту үшін мыңдаған жеке-леген жұмыстар арқылы қол жеткізген қорытындыларды біріктіру керек».<sup>14</sup>

## СЕГІЗІНШІ ТАРАУ

# XX ҒАСЫРДАҒЫ ТАРИХ: ТАРИХИ ТАНЫМДАҒЫ DAҒДАРЫСТАР МЕН РЕВОЛЮЦИЯЛАР

Уақыты өтіп кеткеніне қарамастан,  
кез келген оқиғалар қазіргі жағдайдың қажеттігіне  
бағытталып, фактілерді түсінуге көмектеседі.

*Бенедетто Кроче*

XX ғасырдың барысында тарих ғылымы бірнеше рет түбегейлі өзгерістерді ба-  
сынан кешірді, ғалымдар оны бетбұрыстар деп атады. Бұл өзгерістер ғылымның  
нысанын, оның мазмұнын, мәселесін, зерттеу әдістерін және ең соңында кәсіби-  
ғылыми әрі әлеуметтік мәртебесін түсінуге бағытталған еді.

XX ғасырдағы тарихнаманың дағдарысы ғылыми парадигмалардың, таным-  
ның принциптері мен әдістерінің ауысуымен, сондай-ақ тарих ғылымының  
әлеуметтік мәртебесінің өзгеріске ұшырауымен байланысты болды. Кейбір  
сәттерде кез келген білім саласында оның үстемдік ететін ғылыми моделі ғы-  
лыми қауымдастықтың жаңа нәтижелерін түсіндіруге қауқарсыз болады. Ғы-  
лымның эмпирикалық мәліметтері мен оның теориялық постулаттарының  
арасында айырмашылық алшақтай түсті. Дағдарыстың кезеңі – ғылымның ескі  
парадигмасын бұзу мен өзгерген өмір шындығына сәйкес келетін оның жаңа  
бейнесін белсенді түрде іздеу кезеңі. Сол себептен ол қызу әдіснамалық пікір-  
таластармен, өзара бәсекелес зерттеу стратегияларының пайда болуымен, ғы-  
лымның танымдық алаңының айтарлықтай кеңеюімен сипатталады.

XX ғасырдағы тарих ғылымының дағдарысы кейінгі жүзжылдықтағы тарихи  
танымның қарқынды дамуының заңды жалғасы болып саналады. Соның нәти-  
жесінде тарих туралы теориялық білімді оның анағұрлым кеңейе түскен эмпи-  
рикалық базасымен сәйкестендіру қажеттігі пайда болған еді.

Ескі ғылыми парадигманы қайта зерделеу процесі XIX–XX ғасырлардың то-  
ғысында-ақ тарихи және жаратылыстану-ғылыми танымдардың арасындағы  
принциптік айырмашылықтың мойындалуынан басталған еді, мұның нәти-  
жесінде тарихтың бейнесі түбегейлі өзгерді. Алайда XX ғасырдың алғашқы он-  
жылдығында тарих нақты, жалқы, қарапайым элементтерге бөлінбейтін тарихи  
фактімен жұмыс істейтін ғылым екенін ешкім жоққа шығармады. Бірінші дү-  
ниежүзілік соғыстың қарсаңында және оның барысында позитивизмге қарсы  
батыл шабуыл жасалды. Ғасырлардың тоғысында басталған әдіснамалық дағда-  
рыс соғыс жылдарында шарықтау шегіне жетіп, тарих ғылымының да мәселесі-  
не айналды.

Тарих қоғамның өзіндік санасының формасы бола отырып, оның әрбір мәселесіне жіті көңіл бөледі және бұл жағдай өзекті болған сайын, олардың ғылымның ахуалына деген ықпалы арта түседі. Мінеки, сол себептен тарих ғылымындағы дағдарыс мәселесінің анық байқалатын және оны күрделендіре әрі шиеленістіре түсетін әлеуметтік аспектісі болды. Ғасыр басындағы алапат аласапыран өзінің барлық мәселелерін үйлесімді жолмен шешуге қабілетті Батыс өркениетінің үдемелі дамуы туралы оптимистік сенімнің тас-талқанын шығарды. Прогресс теориясы өзінің мәнін жоғалтып, өткеннен қандай да бір үлгі іздеп табуға деген қызығушылық арта түседі. Оптимистік сеніммен қатар, өткенді жан-жақты, терең түсінуге негіздейтін қабілеті бар, болашақты болжай алатын өмірдің дана ұстазы ретіндегі тарихтың бейнесі де бұлыңғырлана түсті. Тарих қажет пе деген өзекті мәселе туындады.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы ғылыми ойдағы – физикадағы революция тарихи танымның негізгі принциптерін қайта зерделеуде маңызды рөл атқарды. Альберт Эйнштейннің салыстырмалылық теориясы мен физика, математикадағы өзге де әйгілі жаңалықтар әлемнің жаңа, релятивистік бейнесін (механикалық теорияның орнына келген) негіздеген еді. Ал ол материяның қозғалысы арқылы кеңістік пен уақыттың органикалық байланысын және жаратылыстану-ғылыми заңдардың ықтимал сипатын, соған орай ғылыми шындықтың ықтимал, салыстырмалы табиғатын мойындаудан шығады.

Люсьен Февр бұл ғылыми революцияның жаһандық маңызы туралы нақты атап өткен еді: «Ғалымдар (дұрысы, ғылымды қалыптастыратын, дамытатын және зерттеулерді жай ғана ой елегінен өткізіп қана қоймай, көбінесе олармен толығымен айналысатын зерттеушілерді) меңгерген барлық жаңа концепциялардың нақты бастапқы нүктесі – ғылымды дүр сілкіндірген, менің замандастарымның жас кездерінде оларға ерекше әсер еткен салыстырмалылықтың ұлы өрі драмалық теориясы».<sup>15</sup>

## Тарихи білімнің салыстырмалығы

Тарихи білімнің позитивистік эпистемологиялық негіздерін қайта зерделеу релятивизм мен презентизмнің аясында жүргізілді. Позитивизмнің анағұрлым беделді әрі тұрақты сыншылары XX ғасырдың әйгілі ойшылдары Б.Кроче мен Р.Дж. Коллингвуд болды. Олар да Гегель сияқты, тарихи процесті рухтың даму тарихы ретінде қарастырды. Олар тарих зерттеушінің санасында табиғатқа қарағанда, объективті тұрғыдан бейнелене алмайды деп пайымдады. Табиғат пен тарих фактілерінің мағынасы бірдей емес. Табиғаттың фактілері – ғалымның тарапынан тікелей бақыланатын немесе оның зертханада жүзеге асыратын фактілері. Өткен заманда болған оқиғалар мен бүгінгі таңда енді қайталанбайтын жағдайларды тарихтың фактілері деп атаймыз. Олар бұдан былай тікелей қабылданбайтындықтан тарихи ойдың нысанына айналады. Тарихшының қолында тек құжаттар мен өзге де жәдігерлер, өткен кезеңнен сақталып қалған деректер ғана бар. Тарихшы қалай болғанда да олардан фактілерді құрастырып шығуға тиіс. Тарихи танымның ерекшелігі де осында, ал оны қазіргі кезде бар және бір-біріне қарама-қарсы қойылатын субъект пен объектінің арасындағы тікелей қарым-қатынас ретінде түсінетін танымның барлық теориялары тарихты ғылым

ретінде көрсете алмайды. Алайда Р.Коллингвудтың пайымынша, «ақылдың аясындағы тарихи танымның теориясы» шындықтың өзіндік критерийлерін ұсынады, бұл – тарихшының ой-тұжырымдарының беделді тұлғалардың еңбектерінен алған ой қорытындыларына сәйкес келуі. Осы принциптердің арасында шынайылықтың жаңа критерийлерін іздеп табудың алаңы жатыр, онсыз деректерді сыни тұрғыдан талдау мүмкін емес.

Италия тарихшысы әрі философы Бенедетто Кроче (1866–1952) өзінің алғашқы зерттеу жұмыстарын позитивист ретінде бастаған еді. Алайда «адам үшін немесе адамның тарихы үшін» ешқандай орын қалдырмаған позитивизмге тән болған тарихқа деген натуралистік тәсілдің шектеулі екенін ұғынған зерттеуші оқиғалардың жылнамасы ретінде емес, «сезім мен рухани өмірдің тарихы» ретінде қабылданған ұлттық тарихты қалыптастырудың қажеттігін ұғынады. Кроченің философиялық көзқарастары айтарлықтай күрделі эволюцияны басынан өткереді. Ол неокантшылдық пен марксизмнің ықпалында бола отырып, соңында гегельдік «абсолютті рух» философиясына келеді.

Кроче «абсолютті тарихилық» деп атаған тарихи таным әдіснамасының негізгі теориялық постулаттарын «*Тарихнаманың теориясы және тарихы*» (1915) атты еңбегінде баяндап өтеді. Ол әрбір халықтың рухани дамуының үздіксіз сабақтас-тығын анықтауға ұмтылды, тарихты өткен мен бүгінгінің органикалық байланысы ретінде баяндады. Вико мен романтикалық тарихнаманың көзқарастарына жақын болған оның концепциясының басты пафосы тарихи даму процесіндегі, сондай-ақ таным процесіндегі өздерінің адамгершілік, құндылық негіздеріне сәйкес тарихты жасаушы белсенді тұлғаның рөлін мойындауға негізделген еді. «Абсолютті тарихилықтың» негізгі постулаттарының бірі – тарихтың заманауилығы туралы тезис: кез келген шынайы тарих әрдайым заманауи болады, өйткені дәл қазіргі сәтте біз үшін маңызды болған тарихты ғана білеміз.

Тарихи сана – іс-әрекеттің қажетті алғышарты, ал Кроченің концепциясында тарихты жасаушы еркін, ойшыл индивид болып саналады. Ол өзінің іс-әрекеттерінде нақтыланған қоғамдық құндылықтар мен ережелердің жиынтығын, сондай-ақ адамдар танып біле алмайтын Құдайдың еркін басшылыққа алады. Тарихты жасаушы тұлға бүгінгі күннің тұрғысынан өткенді басынан қайта өткізуге және пайымдауға тырысады. Оқиғалардың себептерін түсіндіруді Кроче басқа да идеалистік және позитивистік концепциялар мен тарихи материализмге тән сыртқы факторлардан (Құдай немесе заң) емес, ой процесінен іздеген еді.

АҚШ-та XX ғасырдың 20–30-жылдары тарихи білімнің салыстырмалығына сүйенген позитивизм сыншыларының (америкалық релятивизм деп аталған) қоғамдағы позициялары өте мықты болды. Олардың негізінде тарихтың объективті бейнесін жасайтын зерттеушілерден тәуелсіз фактілердің – қатты «кірпіштерге» негізделген тарихтың классикалық парадигмасы қабылданбады. Америкалық белгілі ғалымдар Ч.Бирд пен К.Беккер зерттеу жұмысының нәтижесіне тарихшының жеке ықпалының болмай қоймайтынын, өткенді объективтік тұрғыдан танудың мүмкін емес екенін, алдағы уақытта тарихи процестің табиғатына байланысты, тарихшы өзінің зерттеп отырған жұмысына немқұрайды қарай алмайтынын атап өтті.

Карл Лотус Беккер (1873–1948) зерттеушілерді «тарих – сыртқы әлемнің бір бөлігі және тарихи фактілер шынайы оқиғалардан тұрады» деген ой-пайымнан

бас тартуға шақырды. Америкалық негіздегі релятивизм презентистік нұсқаға айналды, оның бастапқы принципі өткенді осы күннің өнімі деп мойындауға негізделді. Өткен заман бүгінгінің проекциясы ретінде, шын мәнінде, зерттеушіден басқа тірегі жоқ, қиялдағы бейне ретінде суреттелді. 1930 жылдары америкалық тарихнаманың жетекші мектептерінің бірінің басшысы Чарлз Остин Бирд (1874–1948) осы ережені дамыта отырып, Кроченің тарих – бар болғаны «өткен кезең туралы қазіргі таңдағы ойлар» деген тұжырымын қолдады. 1933 жылы өзінің Америкалық тарих қауымдастығына (оның жаңадан сайланған президенті ретінде) жазған әйгілі хатында Бирд мына ойды айтқан еді: «Тарих шындық, құжат немесе арнайы білім емес, ой ретінде бұл, шын мәнінде, «тарих» терминінің ең кең және жалпы мағынасын білдіреді».<sup>16</sup> Бирд тарихи білімнің тарихшының фактілер мен зерттеу концепцияларын еркін түрде таңдауына негізделген сенім актісі ретіндегі субъективті табиғаты туралы түсінікті дамытты. Өйткені тарихшының күші шектеулі, ол жаңа және қазіргі заманның кез келген оқиғасы туралы барлық фактілерді бірдей пайдалана алмайды. Сонымен қатар оларды субъективті тұрғыдан зерттеу үшін өмірдің жағдайлары мен табиғи қасиеттеріне сай іріктеп алады. Нақты тарихи зерттеудің тәжірибесінде нәтижелердің салыстырмалы шынайылығы оның қорытындыларының ұсынылып отырған концепциялардың гипотетикалық негіздеріне сәйкестігімен анықталады.

Әрине, релятивизмнің «екпесі» тарихтың пәндік даралығын қамтамасыз ету үшін және өзіндік ғылыми құралдарын дамыту үшін қажет болды. Бірақ тарихтың танымдық мүмкіндіктерін соншалықты – радикалды тұрғыдан қайта қарау ғылыми мәртебеден толықтай айырылып қалу қаупін төндірді. Тарихты түсіндірудің кез келген мүмкіндіктері мойындалды: Беккер өзінің бір мақаласының атауында айтып өткеніндей, әрбір адам өзіне-өзі тарихшы болды. Алайда тарихи білімнің объективті сипаты туралы түсініктерді жоққа шығарушылар кәсіби деректерді сынау жұмыстарына негізделген еңбектерді мойындады. Демек, олар тарихтың позитивистік әдіснамасының барлығын немесе барлығына жуығын тәжірибеде қолданды.

Тарихи танымның ерекшелігі мен оның субъективті жағына назар аударатын ұстамды релятивизмнің презентизмнен айырмашылығы – оның кең ауқымды әдіснамалық базасы болды және ол синтездік концепцияларды құрастырудың бірқатар ұмтылыстарында көрініс тапты. Бірінші дүниежүзілік соғыс пен Қазан революциясы тудырған жаңа тарихи ақиқатты пайымдаудың, соған орай тарих ғылымының орны мен міндеттерін айқындаудың алғашқы тәжірибесі орыстың әйгілі ғалымы Роберт Юрьевич Випперге (1859–1954) тиесілі болды. Ол Батыс мәдениетінің терең дағдарысын қалыпты тәртіптің күйреуімен сипатталатын дәуірдің тікелей салдары ретінде қарастырды. Бұл тарихи түсініктердің барлық жүйесін түбегейлі түрде қайта зерделеуге алып келді. Мұның мәнін Виппер тарих пәнін қайта пайымдау қажеттігінен байқады: жағдайлар тарихының орнын оқиғалардың тарихы басуы қажет. Басқаша айтсақ, ол зерттеу жұмыстарында да, оқытуда да әлеуметтік және мәдени тарихтың орнына алдымен саяси тарих және халықаралық қатынастар тарихы шығады деген ойда болды. Сөйтіп, соғыс пен революция жылдарында жинақталған өмірлік тәжірибе оқиғалардың, тұлғалардың, идеялардың басымдығын көрсете отырып, тарихқа деген көзқарасты түбегейлі түрде өзгертеді. Виппер әрқайсысы жекелей алынған материалистік тәсілдің де



және идеалистік тәсілдің де жеткіліксіз, біржақты болатынын мойындай отырып, дегенмен де соңғысының жаңа буын адамдарының сұраныстарына жауап бере алатынын тілге тиек етті.

«Тарих әдіснамасы» атты ауқымды жүйелі курстың негізін қалаушы орыс ғалымы А.С. Лаппо-Данилевский таным процесіндегі субъектінің рөлін, ғылыми фактінің зерттеу шарттарына тәуелділігін, зерттеу нысаны мен тарихшы үшін шынайы болып саналатын нәрсенің арасындағы пайда болған және қалыптасқан дүниетанымдар мен құндылық ережелерінің рөлін атай отырып, тарихи білімнің синтездеуші сипатын барынша қорғаған еді.

Көрнекті орыс тарихшысы әрі діни философ Лев Платонович Карсавин (1882–1952) жалпы жүйелі тарих концепциясында адамзат тарихын зерделеудегі жалқылау және жалпылау тәсілдерінің бір-біріне қарама-қайшы қойылуына қарсылық білдірді. Өйткені кез келген жалқылық белгілі біртұтастықтың абсолютті көрінісі ретінде қабылданады. Л.П. Карсавин прогресс идеясы даму процесінің қарама-қайшылығын ескермейді, осылайша өткенді де, бүгінгіні де дұрыс түсінуге мүмкіндік бермей, тарихтың мәртебесін төмендетеді деп есептеді. Ол тарих пәнін әлеуметтік (яғни, қоғамдық, саяси, материалдық және рухани мәдени) дамуда бірде-бірі өзгелерін анықтайтын себеп бола алмайтын біртұтас және үздіксіз процестегі адамзат тарихы ретінде айқындады.

Л.П. Карсавиннің «Тарихқа кіріспе: тарихтың теориясы» (*Введение в историю: Теория истории, 1920*) және «Тарих философиясы» (*Философия истории, 1922*) атты еңбектерінде дамытылған тарихты зерделеудің тәсілдері туралы идеяларына оның замандастары тарапынан лайықты баға берілмеді. Ол идеялар отандық тарихнама үшін тек ХХ ғасырдың соңында ғана сұранысқа ие болды.

Британдық белгілі тарихшы әрі философ Робин Джордж Коллингвуд (1888–1943) тарихи білімнің пәнін «*res gestae* – адамдардың өткен дәуірде жасаған іс-әрекеттері» деп анықтады. Тарихи фактіні әрекет етуші тұлға ойының тарихшы санасындағы қайта түрленуі ретінде ұғына отырып, ол дәлелдемелер мен ой-пайымдардың сипаттамаларына айрықша назар аударды. Коллингвудтың пікірінше, нақты ғылымдардағы білімді ұйымдастырудың бастауы болжам болса, тарихта фактілер болып саналады. Тарихи әдіс – «жеке алғанда құжаттар деп аталатын» фактілік мәліметтерді түсіндіру. Тарихи таным беделге де, жадыға да тәуелді емес. Коллингвуд тарихшы оқиға туралы қандай да бір мәліметтердің жоғалуы нәтижесінде толығымен ұмыт болғанды қайтадан қалпына келтіретінін тілге тиек етті: ол өзіне дейін ешкімнің біле алмағанын да аша алады деп атап көрсетті. Ғалым дереккөздерден алынған пікірлердің арасында олар болжаған өзге де пікірлерді интерполяциялайды (интерполяция – бір автордың шығармасына өзге бір адамның сөзін немесе пікірін қосу. – *Ред.*). Алайда интерполяцияның бұл әрекеті ерікті түрде емес, бұл құрылым тарихи роман жазатын жазушының әдісінен өзгеше болып келеді, ол қолда бар мәліметтердің қажеттігінен туындайтыннан басқа ештеңені қамтымайды.

Коллингвуд кәсіби тарихтың принциптерін былайша негіздеген еді: «Тарихшы тарих ғылымына тән әдістерді пайдалана отырып, жұмыс барысында алдында тұрған кез келген бағдарламаның дұрыс шешімі қандай болатыны жөнінде өзінің жеке пайымын құрастыруға міндетті әрі оның оған құқығы бар».<sup>17</sup> Басқаша айтсақ, тарихшы әрдайым ертеректе зерттелген фактілерді қайтадан зерделейді.

Оның қорытындылары, физиканың жалпыға маңызды қорытындыларына қарағанда, үнемі оның жеке алаңдаушылығы мен пайымдарына толы болады.

Коллингвуд тарихшы өткеннің кез келген оқиғасын зерттей отырып, аталған оқиғаның ішкі және сыртқы деп атауға болатын тұстарының аражігін ашып көрсетеді деп мәлімдеді. Оқиғаның сыртқы жағы деп ол денелер мен олардың қозғалыстарына қатысты терминдерде сипатталуы мүмкін барлық дүниелерді атады: Цезарьдің белгілі бір уақытта Рубикон атты өзеннен адамдардың жәрдеммен өтуі немесе басқа бір уақыттағы сенат ғимаратының еденіне оның қан тамшыларының тамуы. Оқиғаның ішкі жағы деп ол тек ой категорияларының көмегі арқылы ғана сипаттауға болатын құбылысты түсінді: Цезарьдің республика заңдарына қатысты пікірі немесе императордың конституциялық саясатының оны өлтіргендердің саясатымен қарама-қайшылығы. Коллингвуд тарихшының жұмысы оқиғаның сыртқы жағын анықтаудан басталатынын, бірақ ол мұнымен ешқашан аяқталмайтынын атап өтті: «Ол оқиғаның іс-әрекет екенін және оның басты міндеті – осы әрекетке ойша ену, оның мақсаты бұл іс-әрекетті жасаушының ойын тану болғанын үнемі ұмытпауы қажет».<sup>18</sup> Коллингвуд тарихшы оқиғалардың себептері мен заңдылықтарын іздеумен айналыса отырып, табиғат зерттеушілеріне еліктей алмайтынын және еліктеуі міндетті емес екенін дәлелдей келе, «себеп» секілді термин тарихи оқиғаларды сипаттауда ерекше мағынада қолданылады деп атап көрсетті. Тарихшы: «Брут Цезарьді не себептен өлтірді?» деп сұрағанда, оның сауалының астарында мынадай ой жатуы мүмкін: «Брутты Цезарьді өлтіру туралы шешімді қабылдауға итермелеген қандай ой болды екен?». Тарихшы үшін оқиғаның себебі оны туындатқан адамның ойымен үндес болып келеді.

Коллингвуд «тарих адам өзін-өзі тануы үшін қажет» деп жазды: «Өзіңізді тану сіздің қандай іс-әрекеттер жасай алатыныңызды тану дегенді білдіреді, әрекет етпей, ешкім мұны біле алмайды. Сонымен адам нені жасай алады деген сұрақтың жауабы оның өткен кезеңдердегі іс-әрекеттерінде жатыр. Сол себептен тарихтың құндылығы сонда – оның арқасында біз адамның не жасағанын, сонымен бірге оның кім екенін біле аламыз».<sup>19</sup>

Коллингвуд ғылыми емес «қайшы мен желімнің тарихын» және «ғылыми тарихты» бір-біріне қарама-қарсы қойды. Оның пікірінше, біріншісі өмірдегі шынайы куәліктерді іріктеу мен топтауға негізделеді және ол кейінгі антика дәуірі мен орта ғасырлар үшін пайдалы болды. XVII ғасырдан бастап сыни тарих кең қолданысқа ие болады. Коллингвуд оның негізінде дерек мәліметтерінің шынайылығын анықтау мәселесі жатқанын аңғарып, оны бар болғаны «қайшы мен желім тарихының» алуан түрлерінің бірі деп есептеді. Әрине, XIX ғасырда да деректердің шынайылық деңгейі қызығушылық тудырды, алайда «ғылыми тарихтың» шеңберінде зерттеуші деректерден нені алғысы келетіні жайындағы мәселені шешуде жауапкершілікті сезіне отырып, деректерге талдау жасайды. Егер «қайшы мен желімнің тарихшысы» деректерді оқырманға берер ештеңесі жоқ дүние деген жорамалға сүйене отырып зерделесе, «тарихшы ғалым» сол мәліметтен бір қарағанда мүлдем басқа нәрсені айтып тұрғандай көрінетін, ал, шын мәнінде, ол өзі қойған сұраққа жауап беретін ақпарат алады. Ғалым тарихи интерпретацияның тарихшының зерделеніп отырған дәуірдің контексіне ену ұмтылысына негізделген принциптерін әзірледі.

Коллингвуд алғашқы болып «тарихи ойдың екінші өлшемі» немесе «тарихтың тарихы» туралы өзекті мәселені көтерді. Ол тарихи қиялдың әрекеті мен оның тәжірибесінің мақсаты арасындағы айырмашылықтар турасында ойлана келе былай деді: «Негізінде, кез келген әрекеттің мақсаты – осында және қазір қабылданған құбылыстың барлық жиынтығын бастапқы материал ретінде, дамуы оның пайда болуына алып келген тарихи өткен дәуір туралы логикалық қорытынды жасау үшін қолдану болды. Алайда тәжірибе жүзінде бұл мақсатқа қол жеткізу мүмкін емес. Мұндағы ұғым енді ешқашан тұтастық ретінде қабылданбақ емес, сондай-ақ оны түсіндіру де мүмкін емес, ал өткен ешқашан толығымен қамтыла алмайды».<sup>20</sup> Сонымен қатар тарихи зерттеулердің деректік базасындағы әдістері мен теориялық негіздеріндегі үздіксіз өзгерістерге байланысты қандай да бір нәтижелер түпкілікті болмайды. «Әрбір жаңа ұрпақ тарихты өзінше қайта жазуы қажет, ал әрбір жаңа тарихшы бұрынғы сұрақтарға берген жаңа жауаптарына қанағаттана бермейді: ол сауалдардың өзін қайтадан зерделеуге тиіс. Ал тарих дегеніміз екі рет бойлауға болмайтын ағын су болғандықтан, белгілі бір уақыт көлемінде белгілі бір нысанмен жұмыс жасай отырып, жекелеген тарихшының өзі де ескі мәселеге оралуға тырысқанда, оның да өзгеріп кеткенін байқайды».<sup>21</sup> Коллингвуд атап өткендей, мұның бәрі тарихи скептицизмнің пайдасына шешілетін дәйектер емес. Бұл тарихи-тарихнамалық зерттеудің маңызды принципінің тамаша негіздемесі болып саналады: әрбір зерттеушінің тарихи процестегі алатын белгілі бір орны болады және ол оған дәл қазіргі сәтте ұстанатын көзқарасы тұрғысынан ғана қарайды.

## Экономикалық тарих

Барлық айқын өзгерістерге қарамастан, XIX ғасырда позитивистік тарих ғылымының «қоры»: қоғамды әлеуметтік ағза ретінде түсіну, прогресс концепциясын ұғыну, ұлы адамдардың іс-әрекеттерінің артында тұрған оқиғалар мен процестердің заңдылықтарын әрі себепті байланыстарын толықтай түсіну, объективтілік пен субъективтілікті, материалдық және рухани факторларды бір-біріне қарама-қарсы қою – міне, осылардың бәрі XX ғасырда толық шешімін табуға тиіс мәселелер еді. Релятивизм өткенді қайта қалпына келтіруді өзінің кәсіби борышы деп санай отырып, тарих ғылымының фактологиялық негізінің шынайылығын барынша қорғаған көптеген тарихшылардың ой-пайымдарына қарсы келді. Тарихшы-практиктердің бұл ойлары антипозитивистік бағытпен қатар дамыған неопозитивистік концепциялардан философиялық негіздеме тапты. Атап айтқанда, неопозитивизмнің аясында ғылыми білімнің логикалық принциптері белсенді түрде әзірленді, сондай-ақ тарихшының талдау қызметіне негізделген нормалар мен ережелер де зерттеу нысанына айналды. Тарихтың неопозитивистік философиясы тарихтағы ортақ әлеуметтанулық әрі психологиялық факторлардың ролін мойындаумен, соған орай тарихи танымдағы түсіндірмелік әрекеттермен – зерделеніп отырған құбылыстарды мінез-құлықтың, ойлаудың, типтердің, күнделікті өмірдегі қарым-қатынас құрылымдарының стандарттарымен салыстыру арқылы сипатталды.

Карл Раймунд Поппер (1902–1994) «историцизмді» болашақты болжауға мүмкіндік беретін «эволюция заңдарын» анықтауға ұмтылғаны үшін қатаң сынға алды. Сонымен қатар ол тарих ғылымындағы зерттеу тәртібін талдау жұмыстарына ерекше мән бере отырып, жаратылыстану-ғылыми, әлеуметтік және тарихи танымның ұқсастықтары мен айырмашылықтарының белгілерін дұрыс атап көрсетті. Оның пікірінше, бұл тәртіп көп жағдайда физикада қолданылатын әрекеттерге ұқсас болып келеді. Поппер жалпы тарихи заңдардың бар екенін жоққа шығармаса да, олардың көбінесе қарапайым сипатта болатынын және теориялық ғылымдардың заңдары атқаратын функцияларды орындай алмайтынын тілге тиек етті.

Неопозитивистік тәсіл жаңа тарихи пән – қазіргі таңдағы мәселелермен өте тығыз байланысты болған және дүниежүзілік экономикалық дағдарыстардың аясында қарқынды дамыған экономикалық тарихта анағұрлым айқын түрде көрініс берген еді. XX ғасырдың басында ол Америка, Британия және Франция университеттерінде оқытылды. Әрине, алғашқы кезеңдегі еңбектер мемлекеттің экономикалық саясатына қатысты болды және саяси тарихпен айналысудан оған өтудің ең қолайлы жолы болып саналды. Бірақ көп ұзамай тарихи-экономикалық зерттеулер алдымен бағаның тұрақсыздығын зерттеуге, ал одан кейін бүкіл дүниежүзіндегі мамандардың ерекше қызығушылықтарын тудырған индустрияландыру құбылысы туралы зерттеулерге баса назар аударды. Нәтижесінде өнеркәсіптік революцияны басынан өткерген алғашқы ел – Британияға ерекше көңіл аударылды.

Тарихи-экономикалық зерттеулердің ішінде мамандану мәселесі жоғары қарқынмен дамыды: өндірістің саласы, аймақтар, корпорациялар бойынша бірте-бірте өткеннің барлық экономикалық өмірінің аспектілерін, яғни өндіріспен, айырбас және тұтынумен байланысты кез келген қызметті қамти бастады. Алайда сақталған деректердің сипаты мен хронологиялық және географиялық тұрғыдан теңдей бөлінбеуі экономикалық тарихты тұтастай зерттеу мүмкіндігін шектеді, өйткені экономика туралы ақпараттарды жүйелі түрде жинақтау тек XIX ғасырдан басталған еді. Тарихшыларға анағұрлым ерте кезеңдер туралы білімді ыждағатпен біртіндеп жинауға тура келді: билік тарапынан қол астындағы халықтың экономикалық жағдайына деген қызығушылық оның алым-салық төлейтін бөлігімен ғана шектеліп отырды. XVIII ғасырға дейінгі экономикалық тарих мәселелерінің шеңбері зерттеушілердің нақты сеніммен жауап бере алатын деректердің аздығымен шектелді.

Экономикалық тарихта көрнекті тұлғаларға емес, қоғамдық өмірдің басқа да салаларына әсер ететін объективті факторларға ерекше назар аударылды. Экономикалық тарихқа қатысты неғұрлым ертеректегі еңбектер негізінен суреттеу сипатына ие болды: оларда белгілі бір кезеңдегі шаруашылық өмірдің көрінісі қалпына келтірілді және экономикалық өзгерістердің механизмдеріне деген аса бір қызығушылық байқалмады. Кейінірек көптеген зерттеулер экономиканың жалпы даму және құлдырау қарқынын зерделеуге, сонымен қатар жекелеген маңызды салаларды анықтауға бағытталды. Осы өзгерістердің векторлары мен механизмдеріне қатысты қызу пікірталастар болды.

Француз ғалымдары Франсуа Симиан (1873–1935) мен Эрнест Лабрусс (1895–1988) экономикалық циклдердің (өсуі мен құлдырауы) ауысу себептерін ақша құнының өзгеруінен, баға мен еңбекақының тұрақсыздығынан көреді.

Алайда олардың еңбектерінде статистикалық әдістерді кеңінен қолдану туралы мақсат болған емес: зерттеушілер экономикалық процестердің динамикасын әлеуметтік қатынастардағы және ұжымдық психологиядағы өзгерістермен, қоғамдық-саяси қозғалыстардың белсенділігімен байланыстаруға тырысты. Бри-тандық тарихшы Ричард Тоуни (1880–1962) Ағылшын буржуазиялық революциясының әлеуметтік-экономикалық алғышарттарын зерттеді, ал Джон Клэпэм (1873–1946) өзінің «*Ұлыбританияның экономикалық тарихы*» (1926–1938) атты үштомдық еңбегінде ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басындағы ел экономикасының барлық салаларының даму тарихын сипаттады.

Тарихшылар біртіндеп жаңа әдістерді меңгере бастады, соның ішінде экономикалық ғылымдардан сандық әдістерді ала отырып, зерделеніп отырған құбылыстар мен процестерді экономикалық өсу теориясы тұрғысынан пайымдауға тырысты. Тарихшы-экономистердің бір бөлігі марксистер болды, ал көпшілігі өздерінің түсіндірмелерінде экономикалық материализм деп аталатын принципті ұстанды. Кейінірек ғасырдың орта тұсында тарихшы-экономистердің көпшілігі негізгі тәсіл ретінде сандық тәсілді таңдады, олар үшін зерттеудің мәселесі мен әдістері көп жағдайда тарихпен емес, экономикалық теориямен анықталып отырды. Бұл уақыттардағы негізгі әңгіме, ең алдымен, экономикалық даму және индустриялық (кейіннен постиндустриялық) қоғам теориялары деп аталған неопозитивистік мазмұндағы эволюциялық теориялар жайында болды. Бұл теориялардың заңдары жалпыға бірдей емес, шектеулі кеңістікке ғана тарады. Эволюциялық теорияның жақтастары экономикалық тарихтың әрбір кезеңінің өз заңдары бар деп есептеді. Кезеңдерге бөлу мәселесі әрбір кезеңнің негізгі сипаттамалары (яғни, сол бір экономикалық заңдар) болып саналатын критерийге сай жүзеге асырылды. Осылайша «сиқырланған шеңбер» пайда болды.

ХХ ғасырдың ірі теоретиктерінің бірі Людвиг Фон Мизес (1881–1973) өз уақытында осы концепцияларды сынға алған еді. Экономикалық тарихтың кезеңделуі әрбір кезеңге тән экономикалық заңдарды білу қажеттігін талап етеді, ал бұл заңдар осы уақыт аясынан тыс болған оқиғаларға қандай да бір сілтеме жасамай-ақ, тек жекелеген кезеңдерді зерттеу жолымен ғана ашылуы мүмкін. Белгілі бір тәртіп бойынша, экономикалық эволюцияның әрбір кезеңдерінің барысында экономикалық заңдар еш өзгеріссіз қалады деп болжанды, бірақ бір кезеңнен екіншісіне өту туралы еш нәрсе айтылмады. Өтпелі кезеңнің өзінің жеке заңдары бар ма екен? Сондай-ақ егер экономикалық қалыптасу заңдары тарихи факті екенін және сол себептен тарихи оқиғалар ағынымен өзгеріп отыратынын ескерсек, бұл белгілі бір уақыт бойы ешқандай өзгерістер орын алмайтын кезеңдердің болатыны туралы тұжырымға қайшы келеді.

ХХ ғасырдың 60–70-жылдары жаңа экономикалық тарихтың мектебі қалыптасты, оның әдіснамасы, ең алдымен, экономикалық процестерді сандық талдау мен модельдеуге негізделді. АҚШ бұл бағыттың қарқынды дамуының нәтижесінде сандық әдістерді ұстанатын тарихшы-клиометристердің (Р.Фогелдің, С.Энгерманнның, Д.Норттың т.б.) айрықша тобының бөлініп шығуымен ерекшеленді. Олардың жұмыстары экономикалық тарихтың проблемалық шегінен асып, әлеуметтік және саяси процестерді зерттеу саласын да қамтыған еді. 1970–1980 жылдары жаңа экономикалық тарихтың аясында зерттеудің ерекше саласы – бизнес тарихы пайда болды.



## Өткенді зерттеуге өркениеттік және мәдени-тарихи тұрғыдан қарау

Неміс тарихшысы әрі философы Освальд Шпенглер (1880–1936) өзінің «Еуропаның ақыры» (1918–1922) атты әйгілі кітабында «ғылыми тарихты» дәйекті түрде жоққа шығаруға тырысқан. Зерттеуші табиғат пен тарихтың кереғарлығы ғылыми және өмірлік тәжірибенің қарама-қайшылығымен тең болған танымның екі бөлігінің арасындағы үлкен қарсылықты қалыптастырады деп санады. Басқаша айтқанда, тарих – өмірлік тәжірибенің бастапқы және түпнұсқа формасы ретінде ғылыммен ешқандай байланысы жоқ сала. Шпенглер тарапынан тарихтың ғылымилығын мойындамау тарихи құбылыстар әлеміндегі сабақтастықты жоққа шығару арқылы жүзеге асырылады. Оның құрылымдарында тағдыр идеясына айрықша көңіл бөлінді. Тағдырды ұғыну, яғни тағдыр үстемдік етіп отырған тарихты түсіну ғылыми танымның тәсілдеріне бағынбайды. Түйсік тарихи танымның басты әдісі болып саналады.

Неміс ғалымының пікірінше, тарих – өзара тұйықталған мәдени білімнің тізбегі. Әрбір мәдениеттің өмір сүруі мен дамуының әртүрлі қырларын білдіретін ерешке сипаты бар, алайда олардың барлығы биологиялық ағзаның өмірлік циклін еске түсіретін ұқсас циклдерден өтеді. Шпенглер тарих арқылы өркениеттердің өміршеңдігін сипаттауға тырысады, олар пайда болады, қалыптасады, дамиды, құлдырайды және жойылады, оның пайда болуын, өзгеруі мен жоғалуын өзінің табиғаты анықтайды. Цикл алғашқы қарабайыр дәуірден басталады, одан кейін саяси ұйым, өнер және ғылым дамиды – гүлдену дәуіріндегі архаикалықтан классикалыққа дейінгі формалары декаданс дәуірінің консерватизмімен алмасады; соңында мәдениет жаңа варварлықпен ауысады және оның соңы болады. Сонымен ойшыл жергілікті құрылымдардың тұйықталу идеясын мәдени-тарихи циклдердің теориясымен ұштастырады. Бұл жерде Шпенглердің теориясы мәдениеттің циклдік даму фазаларын ғана емес, сондай-ақ олардың мерзімін де анықтайды. Мәдениеттің әрбір фазасы сол уақыттарда өмір сүрген индивидтердің өздерін қалай ұстағандарына қарамастан, оңтайлы сәті келген кезде келесі фазаға автоматты түрде ауысып кетеді. Шын мәнінде, ешқандай тарихи процесс болған емес. Адам қандай да бір іс-әрекет жасаса да, ақырғы нәтиже үшін оның ешқандай маңызы болмайды.

Шпенглердің әдіснамасы объективтілікке үміткер өткеннің анықталған бейнесін қалпына келтіруге арналмаған. Ол тарихи егжей-тегжейлікке жол бермей, болашақтың теңдессіз әрі кең ауқымды бейнесін жасауға арналған. Ғалымның тарихты ұғынуға деген ұмтылысы Батыс өркениетінің сын сағатындағы тағдырын түсіну мақсатымен байланысты еді. XX ғасырдағы тарихи ойдың тарихында өткенмен тілдесу бар болғаны болашақты батыл түрде болжайтын бастапқы меже ғана болып саналатын болжамдардың қатарын толықтырды. Тарихи деректерді талдаудың орнын ешқандай межемен шектелмеген авторлық қиялдың еркіндігі басады. Мұнда қандай да бір тексерілетін дәлелдемелер туралы сөз болмайды. Сол себепті Шпенглердің әдіснамасы кәсіби тарихшылардың өткір әрі әділ сынына тап болғанына таңданбайсың.

Британдық көрнекті ғалым Арнольд Тойнбидің (1889–1975) 1934 жылдан бастап жарыққа шыға бастаған он екі томдық «Тарихты ұғыну» («Тарихты зерттеу») атты еңбегінде адамзаттың қоғамдық өмірі тарихи зерттеулердің нысанына айналды. Тойнби адамзат тарихын дамудың өзара ұқсас ішкі схемасы немесе функциялық заңы бар бірқатар жергілікті өркениеттерге (өз кезегінде, бастапқы, екінші, үшінші болып бөлінетін) бөледі. Өркениеттің пайда болуы, қалыптасуы мен құлдырауы сыртқы құдайлық түрткі, үндеуі мен жауабы, ақырында, кетуі мен қайта оралуы сияқты факторлармен сипатталады. Осылайша кейбір шеңбер бойынша заңды қозғалыстар мойындалады. Тарихи уақыт антикалық тарихнама мәнерінде белгілі бір дәрежеде циклдік деп түсініледі. Циклдерді анықтауға, уақыт бойынша дамуын бағалауға мүмкіндік беретін салыстырулар мен ұқсастықтар ерекше маңызға ие болады. Сондай-ақ тарихшы көрсеткен негізгі бес өркениеттердің (батыстық, шығыс-христиандық, исламдық, үнділік, қиыршығыстық) әрқайсысы алдыңғы өткен кезеңдегі өркениеттердің белгілерін иемденеді.

Тарихшының көп міндеттерінің ішінде анағұрлым маңыздылары – тарихи процестің қоғам деп аталатын негізгі құрылымдық элементтерін тану және ажырату, сондай-ақ олардың арасындағы қарым-қатынастарды зерттеу. Әрбір қоғам қарабайыр немесе өркениетті болып келеді. Қарабайыр қоғамдардың көпшілігі әдетте салыстырмалы түрде ірі емес, олардың географиялық тұрғыда қоныстануы мен өсіп-өну кеңістігі шектеулі және ғұмырлары ұзақ болмайды, ол өркениетке жетпеген қоғамның шапқыншылығының салдарынан немесе өркениетті қоғамның зорлығынан көбінесе қасіретпен аяқталады.

А.Тойнби негізгі катеогрияларға жалпыға ортақ мемлекет пен шіркеуді жатқызды, олар – қоғамның ішінде пайда болған және соған орай қоғамның барлық саяси әрі діни өмірін өздеріне шоғырландырған ұйымдар. Тойнби осы алғышарттарды негізге ала отырып, басты мәселеге – өркениеттерді салыстырмалы түрде зерттеуге кіріседі: олар қалайша және неліктен пайда болады, дамиды, өледі. Содан кейін, зерттеу жоспарына сәйкес, ол әмбебап мемлекеттер мен шіркеулердің табиғатын, ерлікке толы дәуірлерді және өркениеттердің арасындағы кеңістік пен уақыттағы байланыстарды зерделеуге ден қояды.

Тойнбидің пікірінше, тарихты Құдай идеясы басқарады, оны түсіну үшін тек түйсік мен шабыт қажет. Жеке тұлғалардың шығармашылығы Құдайдың жоспары аясындағы прогресті тасымалдаушы болады. Соған қарамастан, ол объективтік танымның мүмкіндіктерін жоққа шығармайды. Тойнби тарихты тарихшы тарапынан бақыланатын, тіркелетін және сұрыпталатын дайын фактілердің жиынтығы ретінде қарастырады.

Шпенглер мен Тойнбидің көзқарастарында көптеген ортақ белгілер бар. Мұндағы басты айырмашылық – Шпенглердегі мәдениеттер бір-бірінен оқшау жатады. Кеңістік пен уақыт аясында оқшауланып қалған бұл мәдениеттердің өзара байланыстарын, олардың арасындағы ұқсастықтарды тек тарихшы ғана анықтай алады. Тойнбиде бұл қарым-қатынастар сыртқы сипатқа ие болса да, өркениеттер өмірінің бір бөлігін құрайды. Ол үшін кейбір қоғамдар өзгелермен біріге отырып, тарихи процестің үздіксіздігін қамтамасыз етуі керек.

Соғыс жылдарының аралығында тарихи-мәдени мәселелер аясында тарихи өткенді түсіну мен оны зерделеу әдіснамасын айтарлықтай байытқан

тамаша нәтижелерге қол жеткізілді. Ол нәтижелер көпшілік жағдайда ХХ ғасырдағы тарихи ойдың тарихында өзінің айшықты қолтаңбасын қалдырған нидерландтық ғалым Йохан Хейзинганың (1872–1945) қызметімен байланысты болды. Хейзинга XIV–XV ғасырлардағы Франция мен Нидерландтағы өмір салты мен ойлаудың формаларын зерттеуге арналған өзінің «*Орта ғасырдың күзі*» (1919) атты әйгілі кітабында тарихи білімнің жаңа бағыты – менталдылық тарихы жайында алғашқы болып пікір білдірді. Ғалым бұл ұғымды пайдаланбай-ақ, өткенді танудың маңызды деректерінің бірі ретінде адамның жан дүниесінің күйзелістеріне, ішкі сезімдеріне назар аударды. Автор әртүрлі деректердің ауқымды материалдарының негізінде көмескіленіп бара жатқан ортағасырлық мәдениет өкілдерінің ішкі алаңдаушылықтарының, сезімдерінің, құштарлықтарының, үміттері мен үрейлерінің, әлемге көзқарастарының ерекше сипаттарын, сол уақыттағы адамдардың мінез-құлық стереотиптері мен өмірлік ұстанымдарын қайта қалпына келтіретін оның өмірінің соңғы сатысының керемет бейнесін суреттейді.

Хейзинганың тарихилығы оның XV ғасырдың мәдениеті элементтерінің үздіксіз өзгеріп отыратыны туралы жалпы баяндауында айрықша көрінеді. Оның бейнелеуінде бұл әлем динамикаға толы, түрлі-түсті, мұнда ескі жай солып қана қоймай, өзгермелі тарихи ақиқатпен күрделі қарым-қатынасқа түседі.

Хейзинга тарихи детерминизм мен тарихтағы болжам мүмкіндігін жоққа шығарады. Ол: «Тарих бір жағдайдан басқа еш нәрсені болжай алмайды: адами қарым-қатынастардағы маңызды өзгерістердің ешқайсысы алдыңғы буын өкілдерінің ойында бейнелеген формаларымен сәйкес келмейді. Біз оқиғалардың өзімізге елестете алатыннан мүлдем бөлек бағытта дамидынын білетін сияқтымыз»,<sup>22</sup> – дейді.

Зерттеуші тарихи білімнің қажеттігін адамға тән абсолютті қажеттілік деп есептеді және мәдениеттің біріктіруші элементі ретінде тарихтың басты мәнін толықтай негіздеп берді. Ол «тарихи білім дегеніміз – мәдениет» деген пікір білдірді. Сондықтан тарих дағдарыс кезеңінде адамдардың рухани келісімге қол жеткізуінің қажетті құралы бола алады. Хейзинга тарихты рухани форма ретінде анықтады, онда мәдениет өзінің өткені туралы есеп береді. Оның шығармашылығында тарихтағы адам тақырыбы бұрынғы тарихи-философиялық еңбектерде байқалмаған теңдессіз шабытпен бейнеленеді. Ол тарихи антропология мен мәдениеттану сынды қазіргі кезеңдегі ғылымның қарқынды дамып келе жатқан бағыттарының бастамасы болды.

## «Идеологияның қызметшісі»

Саяси-идеялық жағдайлар антикалық дәуірден бастап бүгінгі күнге дейін тарихнамаға әрдайым елеулі әсерін тигізіп келді (әлі де ықпал етіп келеді). Тек белгілі бір елдегі саяси режим мен әлеуметтік жағдайларға тікелей тәуелді ғылымның ішкі әлемі мен оның қамтыған саласындағы ықпалдың қарқыны ғана өзгеріп отырады. Алайда әртүрлі елдердің тарихындағы идеологиялық қысым бейтарап жылнамашы еңбегіне айтарлықтай кедергі келтірді. Мәселен, ХХ ғасырдағы кеңестік тарихнамада саяси-идеялық мазмұнға ерекше назар аударылды.

Әрине, революцияға дейінгі Ресейде кәсіби даярлықтан өткен және жан-жақты жетілген ғалымдар ретінде қалыптасқан тарихшылар елде жұмыстарын жалғастыра берді, бірақ партиялық және мемлекеттік бақылау жыл сайын үдей түсті.

Ресейде кеңестік биліктің орнауымен бірқатар жаңа ғылыми-тарихи орталықтар пайда болды. 1919 жылы Ленинградта Материалдық мәдениет тарихының мемлекеттік академиясы (ММТМА), ал 1921 жылы Мәскеуде Халық ағарту комиссариатына бағынған тарих институты құрылды. Ол институт қоғамдық ғылымдардың ғылыми-зерттеу институттарының ресейлік ассоциациясына (ҚҒҒЗИРА) біріккен бес мекеменің бірі болды. 1927 жылы Ленинградта институттың бөлімшесі құрылды. 1926 жылы назарын орыс тарихының ескерткіштеріне аударған тұрақты тарихи-археологиялық комиссия құрылған болатын. 1926 жылы Коммунистік академияның жанынан тарихшы-марксистердің қоғамы құрылды, оның «Тарихшы-марксист» атты жеке баспа ұйымы болды. Сонымен бірге орта мектептерде тарих пәнін қоғамтану пәні алмастырды, университеттерде тарих факультеттері жабылып, тарихтың ерте кезеңдері оқу бағдарламасына енгізілмеді.

1920 жылдардың соңы мен 1930 жылдардың басында ғылыми мекемелердің жұмыстарының басты мазмұны қоғамдық-экономикалық формациялардың мәні мен сипаты туралы бітпейтін пікірталастарға арналды. Уақыт өте келе партия тарих мекемелерінің жұмысына араласа бастады, пікірталастардың барысы мен ғалымдардың тағдырлары Халық комиссарлары кеңесінің және БКП (б) ОК қаулыларымен анықталып отырды. Мысалы, «БКП (б) ОК тарихының қысқаша курсының» (1938) шығуына байланысты партиялық үгіт-насихат жұмыстарын жөнге қою туралы» БКП (б) ОК қаулысында «М.Н. Покровскийдің тарихи мектебінің антимарксистік бұрмалаушылықтары» туралы сөз болды. Зерттеушілер 1930 жылдардан бастап 1940 жылдардың басына дейін ғылымның партиялық-идеологиялық жүйенің талаптарына толық бағынғанын, марксизмнің кез келген ғылыми баламаларын жою мен өзіндегі ғылыми ізденістерге жол бермеу шараларының болғанын көрсетті.

1934 жылы мектептерде тарихты оқытудың жаңа реформасы жүргізіліп, университеттерде тарих факультеттері қайта қалпына келтірілді. Кейінірек КСРО-ның барлық республикаларындағы ғылыми-тарихи мекемелер қайта құрылып, Ғылым академиясының құрамына біріктірілді. Сол уақыттардағы газет беттерінде жазылғандай, тарих ғылымы үнемі партия мен Сталиннің тікелей «қамқорлығында» әрі жіті бақылауында болды. Мұндай «қамқорлықтың» соңы зерттеушілердің шығармашылық ізденістеріне қатаң шектеулер қоюға алып келді, олардың міндеті марксизм-ленинизм классиктерінің негізгі қағидаларын дәлелдеу ғана болды.

Шығыс пен Батыстағы тоталитарлық режимдердің ресми идеологиясы ұлттық тарихнама мен тарих жөнінде білім беру ісін жүйелі түрде «қолға ала бастады». Соның айқын мысалы ретінде нәсілшілдік ресми идеология мәртебесіне ие болған гитлерлік Германияда рацизмнің тарихи концепцияларының таралуын айтауға болады. «Неміс тарихы – нәсілдің тағдыры», «Тарих – нәсілдердің күресі», «Неміс халқының нәсілдік және территориялық тарихының негізі», «Нәсілдік негіздегі дүниежүзі тарихы» т.б. сол кезеңдерде жарыққа шыққан тарих

саласындағы монографиялар мен жалпылама еңбектердің атауларының өзі біраз дүниені аңғартады. Ресми идеологияға сай келмейтін еңбектерді жазуға тыйым салынды. 1935 жылы жаңа Германия тарихының империялық институты құрылды. Нәсілдік және саяси көзқарас бойынша, немістің көптеген әйгілі тарихшылары дәріс беруден шеттетілді немесе жер аударылды. 1943 жылдың соңында «жаппай соғысқа» көшуге байланысты тарихқа қатысты көптеген журналдар мен ғылыми мекемелер жабылды.

Сол кезеңде «жалғыз ғана шынайы ілім» саналған марксистік-лениндік іліммен қаруланған кеңестік тарихнама XX ғасырда таптық күрес жылдарында түрлі сатылардан, ұзақ әрі ауыр жолдардан өтті. Алайда саяси-идеялық жүйе Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін тарихнамаға толықтай өз үстемдігін жүргізді. Екі қоғамдық-саяси жүйенің сұрапыл тайталасында тарих маңызды рөлге ие болды. Тарих әрбір қарсылас тараптың әрқайсысы бағдарламалық ережелері мен саяси доктриналарын идеологиялық тұрғыдан қамтамасыз ете отырып, бұл рөлді жан-қиярлықпен атқарған сайын, тарихи өткен кезең туралы ғылыми білім алуға лайықты пән ретінде өзінің беделін төмендетіп алды. Соның нәтижесінде мұндай білімді алудың принциптік мүмкіндіктеріне күмәнмен қарай бастады.

Қырғи-қабақ соғыс атауымен халықаралық қатынастар тарихына енген бұл екі жүйенің қақтығысы соғыстан кейінгі өмірдің түрлі салаларына, соның ішінде тарихты жазу ісінің дамуына ерекше ықпал етті. Бұл қақтығыстың ортасында екі ұлы әлемдік державалардың тайталасы мен өз жүйелерінің құндылықтарын қорғаған өзара бәсекелес екі ұлттық тарихнама тұрды. Бұл міндетті оңтайлы орындау бір-біріне қарама-қарсы құндылықтар жүйесін белсенді түрде әшкерелеуді талап етті. Алайда бұл істе аталған екі тараптың қайсысының белгілі бір жетістікке жеткенін анықтау өте қиын. Кеңестік тарихшылар «әлемдік жандармның доңайбат танытуы мен оның идеологиялық итаршылығын» тынымсыз әшкерелесе, олардың америкалық әріптестері «кеңестік коммунизмнің адам баласын жеккөрушілік тәжірибесін» әшкерелеуге бар күшін салды. Бір-бірін айыптау үшін екі тараптың да өзіндік дәлелдері болғанын мойындау қажет. Бірақ сонымен бірге өзара жойқын айтыстардың себебі тарихи ақиқатты білуге деген ұмтылыс болмағанын атап өткен жөн.

Соғыстан кейінгі жылдарда екі елдің рухани дүниесінде қызықты параллельдер орын алды. КСРО-дағы «ждановшылдық» АҚШ-тағы «маккартизмге» сәйкес келді. Алғашқы ұғым 1946–1948 жылдар аралығында КСРО-да абыройсыз идеологиялық науқандарға негізделген кеңестік компартияның қайраткері А.А. Ждановтың есімімен байланысты еді (олардың құрбаны кеңестік мәдениеттің көптеген көрнекті қайраткерлері болды). «Маккартизм» АҚШ конгресінің үкіметтік мекемелердің қызметі мәселелері бойынша сенаттық комиссиясының төрағасы Д.Р. Маккартидің есімімен байланысты болды. Ол антиамерикалық қызметті тексерудің науқанын жүзеге асырды. Нәтижесінде америкалық мәдениет пен ғылымның мыңдаған көрнекті өкілдері, оның ішінде тарихшылар зардап шекті. Бұған екі елде де мақсатты түрде бағытталған өзара күмән туғызушылықты, қорқыныш пен жеккөрушілік ахуалын қосуға болады. Одан қырғи-қабақ соғыстың ең ауыр жылдарындағы тарихи ой қандай қоғамдық-саяси контексте дамығанын байқаймыз. Бір-бірін әлемдік зұлымдықтың иесі ретінде әшкерелей отырып, кеңестік және америкалық



тарихшылар қырғи-қабақ соғыстағы өздерінің орнын жақсы түсінді. Өйткені олар соғыстың идеологтары болды. Дәл осы жылдары көптеген кеңестік ғалымдар өздерін «идеологиялық майданның күрескерлеріміз» деп аса бір мақтаныш сезіммен атаулары да сол себептен еді. Олар, шын мәнінде, осы қызметті өткен туралы өздерінің пайымдарының шынайылығымен байланыстырды.

Америка тарихнамасының өкілдері қырғи-қабақ соғыстың идеологиясын қалыптастырып, негіздеді. Бұл батыстық рухани құндылықтарға қатысты кез келген күмәнға тыйым салған ресми қорғаушы идеология болды. Осы құндылықтарға негізделген АҚШ-тың бүкіл тарихы сынға ұшырамады.

Мұндай тарих ғылыми пән мәртебесіне ие бола ала ма? Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Батыс тарихнамасының жай-күйін зерделегенде, оның сол кезде басқа да әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдардың тарапынан мықты бәсекеге тап болғанын ескеру қажет. Аталған жағдайларда тарихтың субъективизмі мен сипаттамасы пәнді оқытудың ғылыми тәсіліне қарсы қойылды. Сонымен қатар өткен бүгінгіден алшақтап кетті де, өткеннен сабақ алу өзінің барлық әлеуметтік-тәжірибелік маңызын жоғалтып алғандай көрінді.

Мұндай рухани жағдайда қазіргі заманды зерттеуге бағытталған әлеуметтік ғылымдар тарихты дәстүрлі орнынан ығыстырып шығарып қана қоймай, оның қоғамдық маңызы бар пән ретінде жойылғанын «ғылыми» тұрғыдан негіздеуге тырысты. Бір жағынан, соғыстан кейінгі тарихнама презентизмге бой алдырып, өзіне нигилистік тұрғыдан қарауға жол ашқанын мойындау қажет. Тарихи таным бүгінгі күннің өткен кезеңдегі қарапайым проекциясына айнала отырып, қандай да бір объективті негізден айырылды, ал оның таратушылары ретінде тарихшылармен бірге тарихи білімге қандай да бір қатысы бар өзге де мамандық өкілдері, бәрінен бұрын жазушылар, публицистер мен журналистер де атсалысты. «Тарих әдебиет пен журналистикадан өткен кезең туралы шынайы білімді меңгеруге бағытталған өзіндік зерттеу әдіснамасы мен әдістері арқылы ерекшеленеді» деген пікір күмән туғызды. Тарихшылар өздерінің танымдық дәрменсіздігін мойындай келе, өз пәндерінің ғылым ретіндегі мәртебесін жоққа шығара отырып, байыбына бармай-ақ, тарихқа үкім шығарды, қалай болғанда да ол үшін жеткілікті негіздемелерді дайындап берді. Тарихтың алдында тек екі таңдау ғана тұрғандай көрінді: шынайы өмірден алыс антикварлық жәдігерлердің жинағы болу немесе саясаттың қолшоқпарына айналу. Тарихшылар соңғысында жетістіктерге неғұрлым жеткен сайын, тарихтың ХІХ ғасырда үстемдік еткен парадигмасының жемісі болған ғылымнан соншалықты алшақтай берді.

1950 жылдардың ортасынан бастап 1960 жылдардың ортасына дейінгі «жылымық» кезеңде КСРО-да мемлекеттік-партиялық органдардың тарапынан идеологиялық бақылау әлсірей бастады. Жаңа жағдайлар марксистік парадигманың аясындағы әдіснамалық ізденістерге мүмкіндік жасады, алайда көп ұзамай бұл 1980 жылдардың ортасында тоқтап қалды. Батыс тарихнамасында 1950–1960 жылдардың аралығында тарихилықтың дағдарысы деп аталған кезең аяқталды.

## «Тарих үшін шайқас». Тарих мәселесі

Мәселенің қойылуы кез келген тарихи зерттеулердің басы мен соңы болып саналады. Мәселе болмаған жерде тарих та жоқ, тек бос сөздер мен компиляциялар ғана... «Ғылыми тұрғыдан жүргізілген зерттеу» формуласы қазіргі заманғы барлық ғылыми жұмыстардың негізінде жатқан екі әрекетті қамтиды: мәселені зерделеу және гипотезалар жасау». <sup>23</sup> Бұл өзінің жақтаушылары әрі серіктестерімен бірге тарихта әдіснамалық төңкеріс жасаған, XX ғасырдың бірінші жартысындағы ғылыми білім әлемінде қалыптасқан жағдайдың драматизмін өзгелерден анағұрлым жарқын бейнеде сипаттаған француздың белгілі ғалымы Люсьен Феврдің (1878–1956) сөзі еді. «Бір ғана соққыдан ғасырлар бойы ғалымдардың көптеген буыны қалыптастырған әлем – абстрактілі, жалпыланған, өзі туралы түсінік беретін әлем туралы тұтастай түсініктердің күл-талқаны шықты... Ескірген теорияларды жаңасымен ауыстыру қажеттігі туындады. Бүгінге дейін біздің дүниетанымымызға негіз болған барлық ғылыми түсініктерді қайта зерделеу қажет болды». <sup>24</sup> Февр тарихтан көңілі қалу мен оған деген сенімді жоғалтудан арылудың бірден-бір жолы – тарихпен айналысу деп түсінді. Сонымен қатар ол уақыты босқа жоғалту сезімінен тек қана тарих пен оған жақын пәндердің арасындағы байланысты анық сезіне отырып және олардың арасында тығыз одақты орнату арқылы ғана құтылуға болатынын аңғарды. Ол тарихшылар, әлеуметтанушылар мен психологтардың арасындағы ынтымақтастықты қолдады. Өйткені адам тұлғасын зерделеу олардың ортақ мақсаты болды. Әлеуметтік психология өткеннің ескерусіз қалған бұқарасын зерттеу үшін қолданылса, жеке психология тарихи тұлғалардың іс-әрекеттерін зерделеу үшін қолданылады.

Тарих ғылымының дағдарысын еңсеру барысында француз тарихнамасының бірнеше буыны айрықша рөл атқарды. Олардың алғашқылары тарихи білімге жоғалған гуманистік мазмұнды қайтарған, қазіргі қоғамның өмірімен тығыз байланысты мәселелер арқылы көрермендердің қызығушылығын, оқырмандардың ауқымды аудиториясын тарта білген мәні бар революцияны жүзеге асырған нағыз жаңашылдар Февр мен Марк Блок (1886–1944) болды. Олар мықты тарихнамалық бағыттың және тарихи ойдың жаңа кезеңінің бастауында тұрды: жаңа мәселелерді күн тәртібіне қою, ескі деректерді жаңаша пайымдау, оларды зерттеу үшін жаңа, дәстүрлі емес әдістерді қолдану олардың әлемдік тарихнамаға қосқан үлестері еді.

М.Блок пен Л.Февр 1929 жылы «*Әлеуметтік және экономикалық тарихтың анналдары*» атты ғылыми журналдың негізін қалады. Атауын бірнеше рет өзгерткендіктен, бұл журналды «*Анналдар*» деп те атайды. Журналдың алғашқы санында тарихқа жан-жақты, ауқымды көзқарас тұрғысынан қараудың қажеттігі туралы ұсыныстар айтылды. Пәнаралық тарих пен бірлескен зерттеу жұмыстарына экономика, әлеуметтану, әлеуметтік психология т.б. қоғамдық ғылымдардың өкілдерін тарту қолға алынды. Осындай пәнаралық байланыстардың негізінде «Анналдар мектебінің» ғалымдары тұтас тарихтың түпкі нұсқасы саналатын жан-жақты «жалпы («жаһандық») тарихқа» сәйкес тарих ғылымының мазмұны мен әдіснамасын кеңейтуді және жетілдіруді жалғастырды. «Тұтас тарих» дүниежүзілік

ауқымдағы мәртебеге ие болуға ұмтылмайды, ол тек жергілікті масштабта: қалалық немесе ауылдық, жекелеген елді мекендердің тарихында, сондай-ақ айтарлықтай шектеулі уақыттарда ғана жүзеге асырылады. Бұл – түрлі жағдайлар мен оған түрткі болған себептермен астасып жатқан өздерінің өмірлері мен қызметтерінің барлық аспектілерін қалпына келтіруді мақсат еткен адамдар мен белгілі бір қоғамдардың тарихы. «Анналдар мектебінің» тарихшылары адам өмірін саяси, шаруашылық, діни және басқа да салаларға бөлген жоқ, ол әрбір адамның шынайы өмірінде де бөлінбейді. Олардың зерттеулері тарихи өткеннің шынайы стереоскопиялық, көпдеңгейлі әрі «адамдық» бейнесін қалпына келтіреді.

Л.Февр былай деп жазды: «Экономикалық және әлеуметтік тарих деген жоқ. Тарих өзінің барлық тұтастығымен ғана тарих. Ол өз табиғатына байланысты әлеуметтік болып саналады... Адам – біздің түсінігімізде өзіне тән барлық қызмет түрлерінің жиынтығы. Тарихшыға осы қызмет түрлерінің біріне, мысалы, экономикалық қызметке ерекше қызығушылық танытуға мүмкіндік береді. Бірақ оның тек жалғыз шарты бар: осы түрлердің кез келгені әрдайым барлық адамға әсер ететінін ұмытпау керек... Біздің зерттеулеріміздің нысаны – шындықтың қандай да бір үзіндісі мен адам қызметінің жекелеген бір аспектілері емес, әлеуметтік топтардың аясында қарастырылатын, өзі оның мүшесі болып саналатын адамның өзі... Тарих – адам туралы ғылым, біз оны жадымыздан шығармауға тиіспіз».<sup>25</sup>

Сонымен зерттеу нысаны (ол тарихтағы адам болды) және тарих ғылымының өзі де өзгерді.

Марк Блок «*Тарихтың апологиясы немесе тарихшының кәсібі*» (1940–1942) атты еңбегінде тарих ғылымының енді ғана қалыптасып келе жатқанын, оның әдістерінің толық жетілмегенін және тарихтың аналитикалық пән ретінде даму барысындағы іргелес әлеуметтік ғылымдардың рөлін атап өткен еді. Дюркгеймнің әлеуметтанулық мектебін ерекше атай отырып, былай деп жазды: «Ол бізді анағұрлым тереңірек талдауға, мәселелерді айтарлықтай қатаң түрде шектеуге, тым қарапайым ойламауға үйретті. Біз оны құрметтей отырып шексіз алғыс айтатын боламыз. Ал бүгінгі күні ол басым болып көрінсе, онда ерте ме, кеш пе, барлық ой ағымдарының жемісті болуы үшін құн төлейтін болады».<sup>26</sup> М.Блоктың тарих ғылымына қосқан зор үлесі ретінде оның жаңа зерттеу мәселелерін шешуге септігі тиген, эвристикалық құралдар деп саналған компаративтік (салыстырмалы-тарихи) тәсілдердің бір-бірімен ешқашан алмастыруға болмайтын түрлерін көрсеткенін атай аламыз. Ол француздың аграрлық тарихының процестерін зерттеу барысында дәл осы әдіске сүйене отырып, бұрын тарихшылардың назарына ілінбеген XV–XVII ғасырлардағы Прованстағы ағылшынның қоршау саясатына ұқсас өзгерісті ашты. Сондай-ақ Марк Блок мәселені қарастырудың компаративтік әдісі белгілі бір құбылыстың терең себептерін ашуға қауқарлы екеніне және сол арқылы ол құбылысты түсіндіре алатынына назар аударды. Ақырында Блок салыстырмалы әдіс жекелеген, бір қарағанда өзара ұқсас болып көрінетін процестердің ерекшелігін анағұрлым анық бейнелейтінін, ал оларды егжей-тегжейлі салыстыру олардың арасындағы айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік беретінін байқады.

Блок пен Февр Францияда аса қуатты болған позитивистік тарихнаманың дәстүрлерімен байланыстарын үзді. Олар ғылыми тарих үшін тарихи әңгімеден бас тарта отырып, дәстүрлі баяндауға құрылған және эрудиттік тарихнамаға

қарсы күресті. Тарихтың проблемалық концепциясын жасап, соның нәтижесінде тарихтың өткенін зерделеу үшін қарапайым оқиғалық тәсілді меңгерді. Олар оқиғалар туралы баяндау тәсіліне тарихи ақиқаттың терең қатпарларын зерттеуді қарама-қарсы қойды. Сонымен қатар деректердің мәтіндерінде байқаусыз және еріксіз айтылған, сондай-ақ тарихи мәтіндердің авторлары өз еркінен тыс айтқан пікірлерді, олардың цензурасына ұшырамаған «қалдықты» іздеп табуға тырысты. Феврдің «білетін адам тарихшы емес, іздеуші адам – тарихшы» деген ұраны бұл ғылыми ұстанымды өте жақсы анықтаған еді.

## «Жаңа тарих ғылымы»

Пәнаралық принцип ертеректегі «Анналдардың» зерттеушілік стратегияларының негізіне айналды. XX ғасырдың 60-жылдарынан бастап тарих пен қоғамдық ғылымдардың арасындағы байланыстардың сипаты туралы түсініктердің өзгеруімен пәнаралық байланыстардың «алтын ғасыры» басталады. Онда қоғамды зерттеуге интегралдық тұрғыдан қараудың негізінде «жаңа тарих ғылымын» қалыптастыру жолында тең құқылы ынтымақтастыққа бағыт алу байқалды.

«Жаңа тарих» (*la nouvelle histoire*) немесе XX ғасырдағы «жаңа тарих ғылымы» позитивизмге де, марксизмге де қатысты сыни көзқарастағы интеллектуалдық қозғалыс ретінде қалыптасты. Ол оқиғалық-сипаттамалық тарих пен өткеннің оқиғаларын әмбебап заңдылықтардың әрекетімен түсіндіруге қарсы шықты. Оны қалыптастыруда «Анналдар» журналының айналасында топтасқан француз тарихшылары ерекше рөл атқарды. Шын мәнінде, «Жаңа тарих» тарих мамандығында үлкен төңкеріс жасады. М.Блок пен Л.Феврдің ізбасарлары XX ғасырдың ортасындағы тарихшылардың кәсіби санасында терең орныққан ғалымның құжаттарға толықтай тәуелділігі туралы түсінікке қарсы шықты. Олар зерттеушінің шығармашылық белсенділігіне және деректердің іріктелуі мен олардың зерттелу бағытын анықтайтын ғылыми мәселеге ерекше назар аударды.

Блок пен Феврдің негізгі принциптері «жаңа тарих ғылымының» проблемалық алаңы аясында дами түсті. Соғыстан кейінгі алғашқы онжылдықтықтағы «жаңа тарих» француздың белгілі тарихшысы, «Анналдар» мектебінің» танымал жетекшісі, гуманитарлық ғылымдар саласындағы пәнаралық зерттеулердің орталығы – «Адам туралы ғылымдар үйінің» (1962) негізін қалаушы Фернан Бродельдің (1902–1985) есімімен әрі оның іргелі синтездік «Жерорта теңізі және II Филипп дәуіріндегі Жерорта теңізінің әлемі» (1949), «Материалдық өркениет, экономика және капитализм: XV–XVIII ғасырларда» (1979) атты еңбектерімен байланысты болды. Оның туындыларындағы «жаңа тарих ғылымының» пәнаралық бағдары толықтай ашылды. Бродельдің идеалы – шексіз мүмкіндіктері бар жүйелі «жаһандық» («тұтас») тарих. Ол экономикалық тарихтың өндіріс пен айырбастың механизмдерін, абстрактілі тауар-ақша қатынастарын зерттеумен ғана шектелмейтінін, оның қамтитын аясы аталған шеңберден анағұрлым ауқымды екенін көрсетті. Ғалым адамның қоршаған ортамен қарым-қатынасының «мүлдем қозғалмайтын» тарихын (геотарихты), «баяу өзгеретін» құрылымдық тарих (экономиканың, қоғамның, мемлекеттің және өркениеттің дамуын) пен адамзат өмірінің уақытымен тең оқиғалық тарихты қарастырды. Ол өзін структуралистпен

деп атады және «эфемерлік оқиғалардың» тарихын мойындамады. Бродельдің пікірінше, күнделікті өмірдің материалдық мәдениеті мен құрылымдары жеке әрі ұжымдық мінез-құлықты реттейтін тиісті өзара қарым-қатынастарды, ниеттерді, құндылықтар мен ережелерді қоса алғандағы адам өмірін құрайтынның барлығын қамтиды. Зерттеушінің басты міндеті – тұрмыстың, айырбастың, неке мен отбасының, діни культ пен саяси ұйымдардың барлық формаларында болатын адам санасы мен әлеуметтік мінез-құлықтың инвариантын анықтау.

Бродельдің «тұтас» тарихының концепциясы батыстық тарихнамаға айрықша ықпал етіп, Франция мен дүниежүзінде өзінің ізбасарларын тапты. Оның айрықша ықпалы «жаңа тарихтың» құрылымдық нұсқасына қанағаттанбаған және тарихшының зерттеу алаңына тек адамды емес, оқиғаларды да қайтару керек деп есептеген «анналдар мектебінің» Жорж Дюби мен Жак Ле Гофф басқарған үшінші буыны өкілдерінің 1970 жылдары тарихи зерттеулердің жаңа жолдары мен әдістерін іздеуі барысында байқалған еді. Менталдылық тарихы аясында әлеуметтік ықпалдасудың мәдени механизмін зерделеу мен тарихи ақиқат пен оның репрезентациясы – «қиял әлемінің» арақатынасы мәселесіне назар аударылды. Менталдылық тарихы түрлі дәуірлердегі әлемнің бейнесін қалпына келтіруді – адамдардың дүниені қабылдау ерекшеліктерін, олардың өмір салттарын, бұқаралық санасын, индивидтер мен қоғамның түсініктерін, діни сенімдерін және құндылық бағдарын зерделеуді басты орынға қойды.

1970 жылдары пәнаралық жағдайдың жаңашылдығы басқа да пәндердің мәліметтері мен әдістерін пайдалану жайында ғана емес, олардың ғылыми қызығушылықтарының нысаны деңгейіндегі интеграция туралы және пәнаралық нысандарды құрастыруында болды. Сонымен басты зерттеу нысаны қоғамдағы адам болған «жаңа тарих ғылымы» толыққанды пәнаралық тарих еді, бірақ оның танымдық басымдықтары, соған орай ғылыми әдіснаманы іздеу барысында тарихшы назар аударған әлеуметтік ғылымдар саласындағы негізгі контрагенттері уақыт өте өзгеріп отырды. «Жаңа тарихтың» қалыптасуындағы шешуші кезең болған 1960 жылдар мен 1970 жылдардың басында әлеуметтану, әлеуметтік антропология, демография және сандық әдістерге айрықша назар аударылды. Бұл уақыттарда тарихты зерттеудің ескі және жаңа жолдары жайында, саяси әрі оқиғалық тарихтың басымдықтарынан арылу мен дәстүрлі тарихнамадағы әдіснамалық дағдарысты еңсеру жөніндегі пікірталастармен қатар тарих пен әлеуметтану арасындағы байланыстар туралы талқылаулар орын алды. Жақындасу тенденциясы екі жақтың тарапынан да байқалды. Бірақ әртүрлі елдерде мұндай бастама әр қырынан көрінді: бір жағдайларда ол бастама тарихшыларға тән болса, енді бірінде әлеуметтік ғылымдар өкілдеріне тән болды. Егер Францияда тарих пен әлеуметтанудың арасындағы диалогтың белсенділері тарихшылар болған болса, АҚШ-та бұл рөл әлеуметтанушыларға тиесілі болды, ал тарихшылар бұл кезде екі ғылымның жақындасуына барынша қарсылық білдірді. Ұлыбританияда да бұл пікірталас ұзаққа созылды. Жалпы алғанда, пікірталас барысында жаңа тарихнаманың бір бөлігінің теориялық тарихқа және жекелеген зерттеулерді байланыстыруға, салыстыруға әрі оларды жалпылауға, тарихты қоғамдық ғылымдар категориясына бекітуге мүмкіндік беретін ортақ модельдерді іздеуге деген бетбұрыс байқалды. Алайда пәнаралық байланыс тарихшылардың ұстанымдарындағы айқын айырмашылықтардың нәтижесінде күрделене түсті.



## Әлеуметтік тарих және тарихи антропология

Адамдардың тарихты әлеуметтік өзара әрекеттесу ретінде түсінуі тарихи өмірдің ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі уақытта белгілі бір формада көрінді. Әлеуметтік тарихтың «барлық уақыттарға» арналған толық әрі нақты анықтамасын беру ұмтылысы белгілі бір қиындықтар мен сәтсіздіктерге тап болды. Тарих ғылымының саласы ретіндегі әлеуметтік тарих ұғымының тарихи сипатын ескере отырып, оны интеллектуалдық эволюцияның әрбір кезеңінде талдау барысында оның пәнін түсіндіру, басты мәселелерін қарастыру және оны қай тұрғыдан зерделеу, әлеуметтік-тарихи зерттеулердің әдістері мен техникалық тәсілдерін анықтау сынды мәселелер маңызды рөл атқарады.

Әлеуметтік тарихтың жетекші тарихи пән ретінде қалыптасуы мен дамуы соғыстан кейінгі онжылдықтарда белең алған тарих ғылымының әдіснамасын жаңартудың қарқынды процесімен байланыстырылады. XX ғасырдың ортасындағы тарихнаманың дамуының басты әрі анықтаушы ерекшелігі дәстүрлі тарихқа қарама-қарсы қоғамдық ғылымдардың теориялық модельдері мен зерттеу техникаларымен байытылған, тек гуманитарлық білімнің саласы ретінде ғана қарастырылған аналитикалық пәнаралық тарихты дамытуға деген ұмтылысында болды. XX ғасырдың екінші жартысында осындай кең ауқымдағы интеллектуалдық қозғалыстың барысында «жаңа әлеуметтік тарих» қалыптасты. Ол әлеуметтанудың, қоғамның, оның жекелеген топтары мен олардың арасындағы қатынастарының ішкі ахуалын сипаттайтын терминдері арқылы тарихи өткенді түсіндіру міндетін қойды.

«Жаңа әлеуметтік тарихтың» қалыптасуы ежелгі немесе классикалық деп аталатын әлеуметтік тарихтың жіктелуінің ұзақ кезеңі мен дәстүрлі әрі сциентистік тәсілдердің айырмашылықтарының жинақталуының алдында болды, ол тарихнамалық дәстүрдің үзілуімен аяқталды. Егер әлеуметтік тарихтың тарихи білімнің саласы ретіндегі маңызды ерекшеліктерін қысқаша тұжырымдауға тырыссақ, онда, ең алдымен, оның таңғажайып қозғалғыштығын әрі қарқынды дамып келе жатқан қазіргі тарихнаманың радикалды өзгерістеріне бейімделу қабілетін атап өткеніміз дұрыс болады. Бұл ғылыми пән өзінің дамуының түрлі кезеңдерінде бірнеше рет өз нысанын қайта анықтау және зерттеулер мен жалпылама-лардың үйреншікті модельдерін жаңарту қажеттігімен бетпе-бет келді.

Бірнеше онжылдықтар бойы «жаңа әлеуметтік тарихтың» дамуының логикасын анықтаған өзгергіштігімен және сезімталдығымен өзінің интегралдық таным объектісінің табиғатына сай білімнің тарихи, гуманитарлық, әлеуметтік-ғылыми салаларымен ықпалдасуға міндетті болды.

1960 жылдар мен 1970 жылдардың басында әлеуметтік қатынастарды зерделеуге деген ұмтылыс тарихи-әлеуметтанулық зерттеулердің аясында байқалды. Ал әлеуметтік тарихты түсінуде қоғамды тұтас ағза ретінде зерделеуге бағытталған тұтастық әрекеті үстемдік етті. Дәл осы жылдары тарихи және салыстырмалы әлеуметтануға, сондай-ақ қоғамдық процестерді (яғни тарихи әрі әлеуметтанулық тәсілдерді) зерделеудің нақты-тарихи, салыстырмалы-типологиялық, идеалдық-типтік әдістерін тамаша үйлестірген, сондай-ақ тарих пен

әлеуметтануды екі түрлі пән ретінде емес, ғылыми мүдденің екі бағыты ретінде қарастырған Макс Вебердің мұрасына деген қызығушылық арта түсті. 1970 жылдар мен 1980 жылдардың басында «жаңа тарих ғылымы» сияқты «жаңа әлеуметтік тарихтың» және оның қосалқы пәндерінің де қарқынды дамуы айтарлықтай эклектикалық әдіснамалық негізде өрбіді. Бірақ бұл уақытта әлеуметтік тарих ұғымының өзі айтарлықтай кеңейген еді: таптар, сословиелер және өзге де адамдар тобымен бірге ол отбасы, қауым, түрлі қоғамдар мен корпорациялар сияқты индустриялық дәуірге дейінгі кезеңде кең тараған әлеуметтік микроқұрылымдарды да зерттеу нысанына айналдырды. Әлеуметтік қарама-қайшылықтардың, мемлекет саясатының, дін мен шіркеудің рөлі идеологияның түрлі формаларының ерекше сипатына мүмкіндік беретін әлеуметтік құрылымдар мен страталардың анағұрлым күрделі бейнесі – тұзу сызықты таптық тәсілге қарсы қойылды. Классикалық факторлық талдаудан (оның монистік, сондай-ақ плюралистік нұсқаларында) біртіндеп бас тарту дұрыс бастама еді. Қоғамға барлық тарихи дамуды анықтай алатын, салыстырмалы түрде тәуелсіз кез келген факторды шектеу және табу мүмкіндігін жоққа шығаратын тікелей әрі кері байланыстың күрделі жүйесінде өзара әрекет ететін тұтас ағза ретінде қарайтын көзқарас бастапқы принциптік ережеге айналды.

Алайда құрылымдар мен процестерді талдауды жеңілдететін ғылыми-әлеуметтік теориялар, жалпы алғанда, оны тарих субъектілерінің қызметін зерттеумен байланыстыра алмады. Әлеуметтік тарихқа антропология мен әлеуметтік психологиядан алынған тәсілдерді енгізуі ізденістің жаңа бағытын анықтап берді. Сондай-ақ 1970 жылдардың ортасы мен 1980 жылдардың басында мәдени антропология пәнаралық өзара әрекеттестіктің алдыңғы қатарына шықты. Оның ықпалы арқылы әлеуметтік тарихшылар объективті құрылымдар мен процестерді зерттеуден гөрі, мәдениетті антропологиялық тұрғыдан пайымдауға, яғни бұрынғы дәуірдегі адамдардың әдеттегі санасының нақты мазмұнын, бұқаралық сипатымен және менталдық түсініктерді, символдық жүйелерді, әдет-ғұрыптар мен құндылықтарды, психологиялық көзқарастарды, қабылдау мен мінез-құлықтың стереотиптерін зерделеуге қызығушылық білдірді.

1970–1980 жылдардың аралығында менталдылық тарихын сын тұрғысынан пайымдау мәселесі, шын мәнінде, оны әлеуметтік тарихқа айналдыруға бағытталған еді. Бұл мәселе мәдени мінез-құлықтардың әлеуметтік жіктелуі мен менталдық кешендердің бағыныштылығын мойындаудан, сонымен қатар олардың жеке өзіндік дамуын жоққа шығарудан және менталдылық тарихын өмірдің шынайы жағдайлары мен оларды түйсіну тәсілдері арасындағы диалектикалық өзара байланыстарды табу арқылы құрылымдардың тарихымен біріктіру талаптарынан көрінеді. Адамзат қоғамына тән әлем бейнесін қалпына келтіру немесе белгілі бір әлеуметтік топтың мүшелері өздерінің мінез-құлқында басшылыққа алған бейнелердің, түсініктер мен құндылықтардың жиынтығы әлеуметтік жүйені талдаудың құрамдас бөлігі және әлеуметтік ортаны зерттеуді талдаумен байланыстыруға мүмкіндік беретін қажетті топ ретінде қабылданды. Әлеуметтік шындықты, тарихи оқиғалар мен құбылыстарды қалыптастыратын адамзаттың іс-әрекеттерін түсіндіруде әрекет етуші субъектілердің санасының мазмұндық жағына, ең алдымен, олардың әртүрлі қоғамдық топтар арасындағы өзара байланыстары туралы, әлеуметтік иерархия және ондағы өзінің орны жайындағы түсініктерге ерекше

назар аударылды. Менталдылық тарихы мұндай түсіндіруде өзінің мәні және өзекті мәселелерді тұжырымдауы бойынша менталдылықтың әлеуметтік тарихына айналды.

Әлеуметтік тарихшылар өткен кезең адамдарының әлеуметтік-мәдени стереотиптері мен рефлекстелмеген түсініктері туралы қосымша мәліметтерден шынайы ақпараттарды іздеу барысында еуропалықтарға жат әрі түсініксіз ежелгі тайпалардың мәдени кодын анықтау (өмір тарихын және отбасы тарихын немесе рудың тарихын, көріністерді, оқиғаларды т.б. талдау әдістері) үшін антропологтардың жасаған ерекше әдістері мен танымдық тәсілдерін пайдаланды. Сөйтіп, қазіргі тарихнамадағы әлеуметтанулықтан кейін антропологиялық бетбұрыс болды: пәнаралық өзара ықпалдасудың басты арнасы тарихи антропология кеңістігіне ауыстырылды. Антропологиялық бағдар әлеуметтік тарихқа антропологияның басты міндеттерін – белгілі бір әлеуметтік топ мүшелерінің субъективті менталдық әлемін ұғынуды және кез келген адамдық іс-әрекеттердің негізінде жатқан идеялар мен ұғымдардың жүйелерін анықтауды енгізді.

1970–1980 жылдар жеке әрі ұжымдық мінез-құлық пен сананы зерттеу саласында шынайы бетбұрыс жасаған жекелеген әлеуметтік-тарихи зерттеулердің серпіліс кезеңі болды. Тарихи процестің адамдық өлшемін анықтауға бағытталған зерттеу мәселелерінің түбегейлі өзгеруі тұжырымдамалық аппарат пен зерттеу әдістерін жаңалауды талап етті. Осылайша әлеуметтік өмірдің ажырамас құрылымы ретінде адам санасының саласын өзінің зерттеу нысанына айналдырған әлеуметтік тарихтың жаңа парадигмасының қалыптасуына жол ашылды.

Дәл сол кезде, бір жағынан, әлеуметтік-құрылымдық тарихтың, екінші жағынан, тарихи антропологияның белсенді жақтастары мен теоретиктері арасында қызу пікірталастар болды. Соңғысының жақтастары мен теоретиктері әлеуметтік-құрылымдық тарихтың өкілдерін тарихтың гуманистік жағын ескермегендері үшін айыптады әрі тұлғадан жоғары (немесе тұлғасыз) құрылымдар мен процестерден бас тартуға және қарапайым адамға бет бұруға шақырды. Сонымен әлеуметтік-тарихи зерттеулерде екі парадигма бір арнаға тоғыса бермейтін жағдай қалыптасты олар: әлеуметтік және антропологиялық бағдардағы әлеуметтік-мәдени тарих еді. Алайда антропологиялық тарих немесе тарихи антропология біртіндеп басымдыққа ие бола бастады. Ол адам санасындағы (субъективті шындықтағы) барлық тарихи ақиқатты синтездеу міндетін қойды, өз кезегінде, соңғы ақиқатқа және қазіргі тарихнамадағы үстемдікке наразылық білдірді.

Төменгі тапты зерттеуден басталған антропологиялық тарих қоғам иерархиясындағы (олардың түсініктеріндегі бір-біріне деген қарама-қайшылықтың өлшемінің бейнесін қоса алғанда) орнына қарамастан, өзінің зерттеу нысанына барлық әлеуметтік таптар мен топтардың мінез-құлықтарын, әдет-ғұрыптарын, құндылықтарын, түсініктерін, діни нанымдарын енгізді. Дегенмен тарихшылар қалыпты сананың анағұрлым тұрақты әрі жалпыға ортақ стереотиптерімен ғана шектеліп қалмай, әртүрлі әлеуметтік топтарға тән, анағұрлым құбылмалы әлеуметтік-мәдени түсініктердің ауқымды бөлігіне де қызығушылық білдірген еді. Әлеуметтік универсумның мәдени дәстүрлерінде сақталған адам қызметінің барлық түрлерінің бағдарламаларын қалпына келтірудің жаңа міндеттерін зерттеу жобасына енгізу әлеуметтік тарихқа антропологиялық тұрғыдан қараудың бірден-бір жетістігі болды. Санадағы өзгерістердің механизмін тарихи тұрғыдан

түсіндіру мәселесі өз шешімін таппаса да, антропологиялық бағдар әлеуметтік тарихтың жаңа таным деңгейіне көтерілуіне жол ашты.

1980 жылдары әлеуметтік тарих «жаңа тарих ғылымының» нақты зерттеулерінің жетекші саласына айналды: пәнаралық тарихнаманың көптеген жаңа салалары осы арнада тоғысты. Пәндердің бірқатар топтарының пайда болуы өзіндік тарихи санасының қалыптасуын қажет еткен және халықтың езілген әрі қаналған бөлігінің, яғни «тарихы жоқ» немесе «тарихтан жасырылған» халықтардың өткеніне деген қызығушылықты ынталандырған қоғамдық қозғалыстардың дамуымен байланысты болды. «Төменнен басталған тарих» немесе халық тарихы үшін қозғалыстар әлеуметтік тарихты байыту мен оның мәнін қайта анықтауда айрықша рөл атқарды, сондай-ақ «жұмысшы табының жаңа тарихы», «әйелдер тарихы», «шаруалар зерттеулері» (негізінен, Азия, Африка және Латын Америкасы елдерінің тарихы бойынша) сияқты қосалқы пәндердің бөлініп шығуына жол ашты. Сонымен бір мезетте зерттеу әдістері арқылы біріктірілген «жергілікті» әрі «ауызша» тарих пайда болды.

Жаңа қосалқы пәндердің қалыптасу процесінде әлеуметтік тарихпен «бүркемеленген», өзіндік сипаты бар әртүрлі сюжеттер мен формаларға құрылған зерттеу жұмыстары көбейе бастады. Сондай-ақ пәнаралық тарихтың көптеген жаңа салалары өзара іргелес салаларды біріктіре отырып, әлеуметтік тарихтың барлық кеңістіктерін қамтып, іргелес гуманитарлық және әлеуметтік пәндер арасында байланыс орнатты. Бірақ барынша бөлшектенген жаңа пәнаралық нысандарды зерттеу барысында алынған мәліметтерді жалпылау үшін теориялық тұрғыдан өңделген негіздеменің жоқтығына байланысты күтілетін синтездің болашағы барған сайын бұлыңғырлана түсті.

Ғылыми бағдардың антропологиялық революция деп аталған кезекті ауысымы үшін әртүрлі зерттеу тәсілдерінің жетістіктерін тәжірибе жүзінде «иеленуге» ықпал ететін қажетті теориялық жұмыстар жүргізілмеді. Пәнаралық синтездің болашақ бағдарламасына қатысты келісімді, сондай-ақ негізгі принциптік мәселелер бойынша пәннің ішкі консенсусының болуын да еш нәрсе дәлелдемеді. Әлеуметтік тарихтың саласындағы түрлі бағыттардың өкілдері оның пәні мен әдістерін түсіну мәселесінде екіге бөлінді. Теориялық-әдіснамалық және саяси-идеялық алауыздық әлеуметтік тарихтың қоғамдық функциясына және зерттеулердің мазмұны мен міндеттеріне қатысты тәсілдердің әртүрлілігіне де байланысты еді. Кейбір зерттеушілер әлеуметтік тарихты экономикалық және саяси тарихтың арасындағы аралық сала ретінде қарастыра отырып, оның міндетін тар мағынада әлеуметтік құрылымды, яғни әлеуметтік ұйымдарды, топтарды, институттар мен қозғалыстарды (әлеуметтік-құрылымдық тарихты) зерттеумен шектеді. Өзгелері индивидтердің арасындағы әлеуметтік байланыстарды «Анналдар мектебінің» «тұтас тарихы» немесе «жүйе ретіндегі қоғамның тарихы» бағытында зерттей отырып, адамзат қоғамын түсінуге тырысты.

Бұл контексте әлеуметтік тарихтың интеграциялық табиғатын бейнелейтін және сонымен қатар оның ішкі мазмұны мен синтезінің негізін әртүрлі тұрғыдан түсіндіретін ғылыми бағдарламалар қалыптасты. 1970 жылдар мен 1980 жылдардың басындағы пікірталастарда әлеуметтік тарихтың нысаны мен мазмұнын анықтаудың түрлі тенденциялары айқын көрінді. Әлеуметтік тарихтың

мәртебесі жайындағы мәселе тек субъективті бағалаудың айырмашылығымен ғана шектелмеді. Адамдарға тікелей қатысы бар адамаралық, тұлғааралық байланыстар әлеуметтік мәселе, сондай-ақ әлеуметтік сала интеграциялық болғандықтан, бұл жағдайларды реттеу барысында объективті қиындықтар орын алды. Әлеуметтік тарихтың мәртебесі мен нысаны туралы қалыптасқан кереғар түсініктерге сәйкес, соңғысы, бір жағынан, тарихи өткен кезеңді зерделейтін тарихи білімнің өрісі ретінде, ең алдымен, әлеуметтік қатынастардың саласы мен адамдардың белсенділігі туралы білімнің саласы ретінде, екінші жағынан, пәнаралық негізде құрылған тарих ғылымының ерекше, жетекші формасы ретінде көрініс тапты. Аталған қарама-қайшылықтар тәжірибелік әдіснама саласына да таралып, оның принциптерін талқылау өзекті мәселелердің біріне айналды.

Сыншылар (әлеуметтік тарихшылардың арасындағы да, айналасындағы да) мынадай жағымсыз жағдайларды атап өтті: әлдебір қоғамдық ғылымның белгілі бір мәселесіне қатысты және тарихи өзгерістерге қатысы жоқ әлеуметтанулық, экономикалық және басқа да теорияларды, әдістерді, модельдер мен концепцияларды механикалық тұрғыдан қолдану; құрылымдық әрі сандық талдаулардың әдістерін дұрыс пайдаланбау; зерттеудің техникалық тәсілдерін (квантификация, ауызша тарихтың әдістемесі, жетілдірілген антропологиялық әдіс немесе барынша егжей-тегжейлі сипаттау әдісі т.б.) асыра бағалау. Арнайы теориялық зерттеулер болмағандықтан, тарихи әдіснаманы қазіргі әлемнің құбылыстарын немесе «қозғалмайтын мәдениеттерді» тануға бағытталған зерттеулердің техникалық тәсілдерімен алмастыру, тарихи контекст пен даму динамикасын ескеретін өзіндік концепцияларды жасаудан бас тарту және т.б. – мұның бәрі әлеуметтік тарих пен «жаңа тарихтың» дамуына кедергі болды. Зерттеу әдістері де, мазмұндық жағы мен «жаңа әлеуметтік тарихты» баяндау тәсілі де сынға ұшырады. Бұл әсіресе саяси тарихтың мәселелерін арнайы түрде қабылдамау мен материалды проблемалық тұрғыдан баяндау дәстүрінде қалыптасқан зерттеу нысанының шексіз бөлшектенуіне қатысты болды. Соңғысы саяси тарихты бұқаралық санадағы билік, саяси жүйе мен оның институттарына қатысты өзіндік түсініктері бар саяси мәдениеттің концепциясы арқылы әлеуметтік тарихпен байланыстырған тарихшылардың қажырлы еңбегінің нәтижесінде айтарлықтай жүйеленіп, реттелген еді.

1980 жылдары өткен кезеңнің түрлі құбылыстарын, құрылымдары мен аспектілерін ғылыми талдаудың бытыраңқы нәтижелерін жүйелі ұлттық, жергілікті, құрлықтық немесе дүниежүзі тарихының аясында біртұтас негізде қалай зерделеуге болады деген мәселе туындады. Қоғамды талдау мен антропологиялық ғылымның танымдық бағдарындағы мәдениетті зерттеуді біріктіретін тәсілді іздеп табу қажет болды. Бірақ оның өзінде әлеуметтік әрі мәдени антропологияның (қоғам мен мәдениеттің категорияларының арасындағыдай) нысандық алаңының байланысы туралы көп жылға созылған пікірталастар әлі де басылмаған еді. Әлеуметтік және мәдени антропологияның арасындағы таластың салдары екі пәнге де кері әсерін тигізді. Жағдай тек балама шешімдерден бас тарту арқылы ғана жол табуға болатынын көрсетті. Антропологиялық талдаудың бұл екі перспективасының тарихи зерттеудің контекстінде бірігуі нәтижелі болды. Сонымен қатар зерттеу тәжірибесінде өздерінің негізгі орнын сақтап қалған жаңа



пәнаралық әрі дәстүрлі тарихи әдістердің бір-бірін өзара толықтыра алатынын түсіну кеңінен өріс алды.

1980 жылдардың ортасындағы пікірталастарда әлеуметтік тарих өзінің ерекше мәртебеге ие екенін батыл мәлімдеген еді. Оның өкілдері әлеуметтік тарихтың тарихи пәндер жүйесіндегі интеграциялық функциясын ерекше көрсете отырып, тарихи өткен кезеңнің әртүрлі жақтары мен процестерінің зерттелу деңгейін, оның түсіндірмесін синтездеу мәселесін негізгі міндеттердің бірі ретінде белгіледі. Сциентистік және гуманистік тенденциялардың, құрылымдық әрі антропологиялық тәсілдердің, тарихи процестің жүйелі, қарқынды түрде жүруінің қарама-қайшылықтарын еңсеруге жиі үндеу тастады. Интеграциялық тенденция сол уақыттағы әлеуметтік тарихтың барлық қосалқы пәндерінде және барлық Батыс елдерінің тарихнамаларында біркелкі болмаса да байқалған еді.

Әртүрлі елдерде әлеуметтік тарихтың дамуының бірқатар ерекшеліктері болды. Олар, бір жағынан, әртүрлі дәстүрлердің ұлттық тарихнамалардағы арақатынастарының, екіншіден, оның дамуына әсер еткен сыртқы факторлардың ерекшеліктерін бейнеледі. Мысалы, Англиядағы әлеуметтік тарихтың өзіндік ерекшеліктерін көрсеткен факторлардың қатарында марксистік бағыттағы әлеуметтік тарихшылардың беделі мен белсенділігін; адам мен оның табиғи-әлеуметтік ортасының өзара ықпалдасуының қарқынын зерттеу ісінде біраз еңбек сіңірген жергілікті тарих пен тарихи географияның әртүрлі мектептерінің ғасырлық дәстүрлерін; өте бай тәжірибесі бар ағылшын әлеуметтік антропологияның айрықша ықпалын атауға болады. Сонымен, тек маңызы бойынша емес, реті бойынша жүйеленген соңғы мәселені атап өтейік. Көптеген энтузиаст-әуесқойларды отбасы, туған ауыл, әкімшілік аймақ пен қалалар тарихын, «төменнен басталған әлеуметтік тарихты» бұқаралық тарихи сананың маңызды элементіне айналдырған, әуесқой, өлкетануды халық тарихының контексіне қосуды қолдаған тарихшы-социалистермен біріктіру болды.

Әлеуметтік антропологияның мәселелері мен әдістерін қолдану Ұлыбританиядағы «жаңа әлеуметтік тарихты» дамытуда маңызды рөл атқарды. Тарихнама мен әлеуметтік антропологияны өзара байланыстыру екі пәннің өзара ықпалдасуын қызу қолдаған, нақтырақ айтсақ, «теориялық тұрғыдан артта қалған» тарихнаманы қазіргі әлемнің әр түкпіріндегі түрлі этностық қауымдастықтарды зерттеу барысында жинақталған концепциялармен және әдістермен сабақтастырған жетекші әлеуметтік антропологтардың әрекеттері нәтижесінде жүзеге асқан еді. Тарихшылар әлеуметтік антропологияның дәстүрлі үлгідегі жергілікті қауымдастықтарды кешенді талдау, ішкі әрі топаралық әлеуметтік байланыстарды модельдеу мен типтеу және басқа әдістерін өздерінің зерттеу нысаны – өткеннің жергілікті қауымдарына қатысты қолданды. Француздың менталдылық тарихының өзіндік ағылшын баламасына айналған халық мәдениеті әлеуметтік-антропологиялық тәсілдің негізінде, сондай-ақ фольклорлық және жергілікті-тарихи деректерді пайдалану арқылы қалыпты сананың мәселелерін зерттеумен айналысты. Ол жергілікті-тарихи және әлеуметтік-топтық ерекшеліктері бар адамдардың рухани өмірі мен мінез-құлықтарын сипаттайтын ауқымды деректік материалдарды ғылыми айналымға енгізді.

## «Жаңа жергілікті тарих» және микротарих

Адамның тарихи болмысының барлық жақтарының әлеуметтік аспектілерін өз пәніне қосқан социотарихи жобаны жүзеге асырудың анағұрлым нәтижелі жолы «жаңа жергілікті тарихта» көрініс берді. Отбасы тарихын кешенді түрде зерттеу жұмыстары оң нәтиже берді. Олар өздерінің табиғи субстрат ортасында барлық қоғамдық байланыстар мен процестерді бақылауға мүмкіндік беретін жеке әлеуметтік талдаулар аясында жүзеге асырылды. XX ғасырдың 70–80-жылдары белгілі бір жергілікті қауымдастықты дамушы әлеуметтік ағза ретінде жан-жақты зерттеуге, оның толыққанды ұжымдық өмірбаянын жасауға бағытталған жергілікті-тарихи жұмыстар жүргізіле бастады. Жергілікті қауымдастықтың ұжымдық өмірбаяны әлеуметтік тарихтың түрлі қосалқы пәндерін біріктірген «төменнен жазылған тарихтың» негізгі әдісіне айналды. Оның жүзеге асырылуы мәдени-әлеуметтік аспектіні қоса отырып, демографиялық әрі жергілікті талдауды біріктіруді білдірді. Жергілікті тарих саласындағы көптеген зерттеулерде, әсіресе орта ғасырлардағы және жаңа заманның алғашқы жылдарында жекелеген елді мекендер мен әкімшілік аймақтардың тарихында тек негізгі демографиялық сипаттамалар, отбасы мен үй шаруашылығының құрылымдары, меншікті мұра етудің тәртібі мен ережелері, туыстық әрі көршілік байланыстардың жүйесі ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік және географиялық мобильдік, адамдардың әлеуметтік функциялары, жергілікті саяси құрылымдар мен әлеуметтік-мәдени түсініктер талданды.

Жүргізілген зерттеулер адамзат қауымдастығын зерделеуге қатысты «жаңа жергілікті тарихта» қалыптасқан негізгі екі тәсілдің бар екенін көрсетті. Олардың біріншісі қауымды құрайтын жеке тұлғалардың тарапынан мәселені шешуге оңтайлы болды және оның зерттеу нысаны әлеуметтік рөлдері мен мінез-құлықтарының стереотиптерінің ауысуы арқылы сипатталатын әрі оның әлеуметтік өмір кеңістігінің аясында, яғни адамның дүниеге келгеннен бастап қайтыс болғанға дейінгі өмір жолы негізінде қарастырылды. Екінші тәсіл әлеуметтік ортаның ішкі ұйымы мен қызметін анықтауға негізделеді: жергілікті әлемнің физикалық шындығын бейнелейтін тарихи ландшафтыны, адамның әлеуметтік экологиясын, қауымдастықтың микрокосмосын, адам қауымдастығының әртүрлілігін, формалды және формалды емес топтарды, түрлі қауымдастықтар мен корпорацияларды қоса алғанда, олардың бір-бірімен арақатынасын, сондай-ақ әлеуметтік страталардың, сословиелік топтар мен таптардың өзара байланыстарын анықтайды. Бұл жерде индивидтердің қызметінің әртүрлі аспектілерін белгілейтін жергілікті деректер қолданылады.

Сайып келгенде, сөз адамдардың жеке, табиғи байланыстары ретінде қызмет ететін жергілікті қауымдастықтағы өмірді ұйымдастыру мен әлеуметтік қарым-қатынастардың заттай сипатын анықтайтын әлеуметтік-таптық құрылымның арасындағы байланыстар жайында болып отыр. Бұл үлгідегі жергілікті-тарихи зерттеулер кешенді тәсілдің мүмкіндіктерін анағұрлым кеңейтті. Оның жақтаушылары адам қарым-қатынасының шынайылығы тек олардың субстратты ортасында, жеке тұлғаға жақын әлеуметтік өмір шеңберінде, жеке әрі топтық

жағдайлардың қайталанатыны мен өзгеретінін тікелей белгілейтін деңгейде ғана түсінікті болатынын негіздеді. Бірақ бұл жағдайда зерттелетін объектіні оны қоршаған әлеуметтен ажыратудың барлық шарттарын жақсы түсінді.

Кейде микрокосмостық деп дұрыс аталатын жергілікті зерттеулерді социотарихтың жобаларында алғашқы блоктардың орнына қолданды. 1980 жылдардың басында-ақ тарихтың жекелеген кезеңдеріне арналған көптеген жергілікті зерттеулер ұлттық деңгейде жалпылау үшін жаңартылған, анағұрлым жетілдірілген базаны әзірледі. Жаңа синтездің ең табысты талпыныстарының бірі британдық әйгілі тарихшы Кит Райтсонның «Ағылшын қоғамы: 1580–1680 жылдар» (1982) атты еңбегінде жүзеге асырылды. Оның отбасы, жергілікті қауымдастық және ұлттық деңгейдегі әлеуметтік дифференциация жүйесі тәрізді үш элементті қамтыған теориялық құрылымындағы басты орынды жергілікті қауым иеленді; «күш контурына» отбасылық, әлеуметтік-таптық құрылымның элементтерін, әлеуметтік тұтастық пен қоғамдық қатынастардың кеңістіктегі сәйкестендіру белгісін көрсететін басқа да үзінділері кірді. Райтсон ұсынған Британияның «жаңа әлеуметтік тарихының» интегралдық моделі бастапқыда дамудың орта немесе әдеттегі жолын анықтауға емес, олардың ұлттық тұтастықпен ерекше байланысы бар жергілікті өзгерістерді барынша есепке алуға бағытталғанын көрсетті.

Британдық көрнекті әлеуметтік тарихшы Чарльз Фитьян-Адамстың бұл тәсілді одан әрі жетілдіре түсуі интеграцияның түрлі деңгейі мен әртүрлі дәрежесінің әлеуметтік-кеңістіктік құрылымдарын – қауымдастықтың өзегін, тұтас қауымды (ауылдық немесе қалалық), көршілес қауымдардың топтарын, жалпы мәдени-әлеуметтік сипаттамасы бар анағұрлым ауқымды саласын, графтықты, аймақты есепке алған жаңа теориялық моделін жасауға түрткі болды. Шектеулі және өзара сабақтас әлеуметтік байланыстар салаларын қамтитын әлеуметтік кеңістік концепциясы бұл модельге негіз ретінде алынды. Осылайша аралық әлеуметтік-кеңістіктік құрылымдардағы әлеуметтік макро және микротарихтардың әдіснамалық жағынан өзара тоғысу перспективасы белгіленді. Микро тәсілдер зерттелетін нысандарды барынша нақтылауға және даралауға негізделген жергілікті тарихтың жаңа түрінің шеңберінде ғана таралып, жүйелі түрде дамыды.

Макротарихи қорытындылардың толық еместігі және сәйкессіздігі, орташа статистикалық көрсеткіштердің күмәнді болуы, үстемдік етуші парадигманың тарихи өткеннің ауқымды панорамасын жетекші тенденциялардың тар арнасына енгізуге бағытталуы, тарихи динамиканың көптеген нұсқаларының жалған нормативтік үлгілерге айналдырылу әрекеті анықталғаннан кейін микротәсілдер одан сайын тартымды бола түсті. Әлеуметтік тарихтың антропологиялық нұсқасы аясында микродеңгейге өтуі бастапқыда жаңа негіз арқылы (микро және макроталдау құралдарының кезекті комбинацияларына бағыт беретін) жалпылыққа қайта оралуды білдіреді, дегенмен алдағы уақытта осы жолда әртүрлі қиындықтар мен кедергілердің кездесетіні де назардан тыс қалмады.

## ТОҒЫЗЫНШЫ ТАРАУ

# МЫҢЖЫЛДЫҚТАР ТОҒЫСЫНДА: ЖАҢА МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ЖАҢА ТӘСІЛДЕР

Білетін адам тарихшы емес,  
іздеуші адам – тарихшы.

*Люсьен Февр*

XX ғасырдың соңына қарай тарихи зерттеулердің мазмұны әжептәуір кеңейе түсті, алайда 80-жылдары тарихнамалық тәжірибе тек белгілі бір жетістіктерге жетіп қана қоймай, сондай-ақ құлдыраудан да өтті.

Тарихи процестің жүйелі-тұтас көрінісіне негізделген тұтастық тәсілі ғылыми идеал ғана болып қалды. Әлеуметтік тарих, менталдылық тарихы, тарихи антропология жаңа синтездің негізі ретінде өзінің жеке нысанын: әлеуметтік қатынастарды, әлемнің көрінісін, күнделікті өмір саласын, қиял әлемін т.б. белгіледі. Бұл бастама ұзақ уақыт бойы әлеуметтік тарихшыларға тиесілі болды. Бірақ тарихшылар ұзақмерзімді процестер шеңберінде ұлттық және аймақтық деңгейлерде әрекет етті, ал жергілікті зерттеулерде стандарттау мен типтендіруге деген ұмтылыс басым болды.

Әлеуметтік құрылымның нормативтік және категориялық талдауларды біріктіру мәселесінің оңтайлы шешімі табылмады. Жаңа синтездің мәселесін тікелей антропологиялық ғылымдағы пәнаралық тәжірибенің жолымен шешу талпынысы нәтиже бермеді.

## Әлеуметтік тарихтан әлеуметтік-мәдени тарихқа дейін

Мәдени антропологияның әдіснамалық ережелеріне бағдарланған тарихи антропологияның позициясы тұрғысынан көппәндік синтезді жүзеге асыру перспективасы оның зерттеу нысанынан көрінді, ол – өмірінің барлық көріністері анықталған мәдени-тарихи адам. Бұл тарихи субъектінің әлеуметтігі тұлғааралық қатынастың ерекшелігі және салдары ретінде қабылданды. Тарихтың міндеттері бұл түсіндірмеде тек адамдардың мінез-құлықтарының стереотиптерін зерделеумен ғана шектелді, ал макропроцестерді талдау тарихи зерттеулердің аясынан тыс қалды. Алайда бұл тәсілдің өзін-өзі қамтамасыз ету талаптары

айтарлықтай күмән тудырды. Әрине, күрделі процестер мен құрылымдар белгілі бір мөлшерде адамдардың қалауы мен іс-әрекеттерін толығымен анықтай алмайды. Олар тек осы әрекеттер мен тарихи оқиғаларда ғана көрініс табады, оның өзінде толықтай емес және белгілі бір бұрмалауларға жол береді. Бірақ құрылымдардың пайда болу, өзгеру және жіктелу процестері де тарихтың жеке-леген субъектілерінің ниеттері мен іс-әрекеттерінен туындамайды. Сондықтан «жаңа әлеуметтік тарихтың» көптеген елдердегі жетекші өкілдері менталдық саланы тарихи синтездің анағұрлым қолайлы құралдарының бірі ретінде мойындай отырып, әлеуметтік тарихтың әртүрлі аспектілерін адам субъективтілігі тарихы және мінез-құлық тарихымен байланыстырмай, әлеуметтік тарихтың түрлі аспектілерін зерттеуге назар аударды.

1970–1980 жылдардағы тарихшылардың пікірталастарында тарихи антропология мен әлеуметтенген тарихтың қарама-қайшылығына назар аударылса, 1980 жылдардың ортасында жағдай екі танымдық стратегияны сабақтастыруға қарай өзгерген еді. Тарихи тұрғыдан адамдар өздерінің іс-әрекеттерінде басшылыққа алған немесе басшылыққа алуы мүмкін ұғымдар мен құндылықтарды түсіндіру мәселесі жеткіліксіз болды. Негізгі міндет осы түсініктер мен құндылықтардың мазмұны мен өзгерістерін белгілейтін факторларды анықтауда еді.

Бұл жағдайда әлеуметтік тарихтың тарихи пәндер жүйесіндегі интегративті қызметін атап көрсетуге бейім зерттеушілер жүйелі-құрылымдық және әлеуметтік-мәдени тәсілдердің бірізді комбинациясына негізделген әлеуметтік талдаудың кешенді әдісін нақты-тарихи зерттеулерде іс жүзінде қолданатын жаңа, анағұрлым күрделі теориялық модельдер мен тұжырымдамалық аппаратты жасап шығаруға ерекше назар аударды. Осы және осыған ұқсас түсіндірмелерде сөз әлеуметтік-тарих жөнінде (немесе кең мағынасындағы әлеуметтік тарих туралы) қозғалған еді, оның нысаны қоғамдық институттардың тарихы мен әлеуметтік топтардың тарихынан және менталдылық тарихынан мүлдем өзгеше болды. Әлеуметтік тарих құрылымдарға, адамның санасы мен мінез-құлықтарына ғана емес, дамушы қоғамдық жүйеде және осы жүйені қолдайтын әрі ақтайтын өзгермелі мәдени ортада өзара әрекеттесу тәсіліне де назар аударады. Тәжірибе (жеке, ұжымдық, тарихи) мен алаңдаушылықтың синтездік категориялары социотарихтың жобасында негізгі рөл атқарады. Мұнда тарих субъектісінің ішкі байланыстары оның қызметінің объективтік материалдық әрі рухани шарттарымен – жеке, ұжымдық мінез-құлықтың табиғи, әлеуметтік және мәдени детерминанттарымен тұжырымдалады. Кейінірек синтездің категориялық аппараты биліктің жаңа концепцияларымен және саяси мәдениетпен, мәдени үстемдік ету және мәдени дәстүрлерді иелену ұғымдарындағы мәдениеттің түрлі деңгейлерінің өзара байланыстарының түсініктемелерімен толықтырылды. Сонымен қатар әлеуметтік тәжірибе мен мәдени түсініктерді өзара негіздеудің теориясымен, әлеуметтік және мәдени бірегейлікті құрастыру идеяларымен, әлеуметтік-мәдени жүйенің шектеулі қорлары бар еркіндік кеңістігіндегі таңдау моделімен де кеңейтілген еді. Тарихнаманың тәжірибесінде анықталған және тек сыншылар ғана емес, жаңа тарих ғылымының белгілі өкілдері де үнемі атап көрсететін эпистемологиялық қиындықтар жаңа ұсыныстарға байыппен қарау қажеттігін көрсетті.

Сонымен, 1980 жылдардың ортасынан бастап жаңа түсіндірмелік модельдерді іздеу әлеуметтік құрылымның, мәдениет пен адам белсенділігінің өзара



байланыстарының диалектикалық сипаты туралы түсініктерге негізделген түсіндірмелердің аясын айтарлықтай кеңейтті. Бұл уақыт «интегралдық түсіндірмелік директиваны» (Ежи Топольскийдің терминологиясында) жүзеге асыруға ұмтылған тарихшылардың теориялық әрі тәжірибелік ізденістерінің шарықтау шегі болды және ол «жаңа тарихи білім» перспективаларын оптимистік түрде бағалаумен сипатталды. Алайда бұл жерде бір парадокс бар: дәл осы сәтте «жаңа тарихи білімнің» мәртебесі күмән туғызды, ал 1980–1990 жылдардың аралығында тарихнамадағы дағдарыс немесе сыни бетбұрыс туралы дәйектеме таптаурын түсінікке айналды. Бірақ зерттеудің қауымдастықтар мен әлеуметтік топтардың құрамдас бөлігі тарихи жеке тұлғаларға ауыстырылуы тарихнаманың болашағы үшін ең маңызды сәт болып саналады.

1990 жылдары ғылыми-тарихи мерзімдік басылымдарда «дағдарыс» сөзімен қатар, «лингвистикалық бетбұрыс» және «семиотикалық қарсылық» тіркестері жиі көрініс берді. Эмоциялық сипаттағы көптеген шолулар мен полемикалық, тіпті қызу пікірталастар пайда болды, ал жетекші ғылыми журналдар мен ғалымдардың форумдарында күрделі теориялық пікір алмасулар өткен еді. Соңғы онжылдықтарда жарыққа шыққан жарияланымдар, монографиялық зерттеулер мен мақалалардың ұжымдық жинақтары екі ғасыр мен дәуірлердің (тіптен, мыңжылдықтардың) тоғысында тарихшылар тап болған қиындықтарды ғана емес, сондай-ақ аталған мәселелерді шешудің жолын да ұсынды.

Тарихтың негізгі постмодернистік қарсылығы тарихи ақиқат концепциясы мен тарихи таным нысанына қарсы бағытталған еді. Олар жаңа түсіндірмелерде таным субъектісіне жат нәрсе ретінде емес, тіл мен дискурсивті (сөйлеу) тәжірибе арқылы құрастырылатын құрылым ретінде қабылданды. Тіл бейнелеу мен қарым-қатынастың жай ғана құралы ретінде емес, бұдан былай ойлау мен мінез-құлықты анықтайтын басты фактор ретінде қарастырылды. Тарихи нарративтің өткеннің дұрыс қалпына келтірілген формасы ретіндегі түсінігі мен ерекшелігі негізгі мәселеге айналды. Жүйелі түрде сақталмаған, үзік-үзік және көбіне арнайы іріктелініп алынған мәліметтерді өз бетінше реттеуге негізделген тарихи баяндаулардың шығармашыл, жасанды сипаты атап өтілді.

Тарихи түсініктің тереңдігі туралы ғана емес, сонымен қатар зерттеушінің өзінің жеке шығармашылық қызметін бақылау тәсілдері мен шынайылық критерийлері жайындағы мәселе де жаңаша қойылып отыр. Тарихшыдан мәтіндердің мәнін мұқият зерделеу, айтылған пікірлердің шынайы мазмұнын анықтау үшін жаңа тәсілдерді пайдалану әрі бір қарағанда деректен байқала бермейтін мағынаны айқындау, тарихи мәтінді белгілі бір аудиторияға лайықтап жүйелеудің ережелері мен тәсілдерін талдау т.б. талап етіледі. Алмасып кеткен пәнаралық ұмтылыстар тағы бір өзекті мәселені алға тартты: көптеген ғалымдардың пікірінше, тарих, бір жағынан, әлеуметтанулық және психологиялық редукационизмге қарсы тұру үшін өзіне қажетті әрі тиімді «у қайтарғышқа» ие болса, екінші жағынан, тәжірибені мәтінмен, шындықты тілмен, тарихты әдебиетпен сабақтастырған оның жаңа формасы ретінде жарияланды.

Тарихнамада постмодернистік парадигманың қалыптасуына байланысты тарихшылардың кәсіби санасы мен өзіндік санасы саласында елеулі өзгерістер болды. Олар өзінің мамандығы туралы, тарихтың гуманитарлық-ғылыми білімнің жүйесіндегі орны, оның ішкі құрылымы мен қосалқы пәндердің мәртебесі,

зерттеушілік міндеттер жөніндегі дәстүрлі түсініктердің қайта қаралуымен байланысты болды. Өйткені қазіргі әдебиеттанудағы үстемдік етуші ұстанымды иеленіп алған постмодернистік парадигма гуманитарлық білімнің барлық саласына ықпал етті. Тарихтың бір сатыдан екінші сатыға өтетін біртұтас қозғалыс ретіндегі идеясын, сонымен қатар жоғары жалпылаудың нәтижесі болып саналатын (демек, барлық талпыныстарды тарихи баяндаудың концепциясымен байланыстыратын) суперидеяларды (прогресс, еркіндік, демократия, таптық күрес), кез келген жалпылама схемаларды немесе метанарративтерді жоққа шығарумен шектелмеді. Аталған парадигма тарихи ақиқат ұғымына, сонымен қатар тарихшының жеке бірегейлігі мен кәсіби дербестігіне (тарих пен әдебиеттің арасындағы мызғымастай болып көрінген межені жоя отырып); деректің шынайылық талаптарына (факті мен ойдан шығарылғанның арасындағы шекараны бұза отырып) және тарихи танымның мүмкіндіктеріне деген сенім мен объективті шындыққа ұмтылысына күмәнмен қарады.

Міне, сол себепті көптеген тарихшылар постмодернистердің бастамаларына қарсылық білдірген еді. Мұнда, әрине, парадигмалардың ауысуының психологиялық аспектісі маңызды рөл атқарды. Бұл тарихи білімнің әлеуметтік беделіне, тарихтың ғылым ретіндегі мәртебесіне қауіп төндірді және кәсіби қауымдастықты қайта құруға себеп болды, соның нәтижесінде «жаңа» және «ескі» тарихтың арасындағы бұрынғы «майдан шебі» жойылды. Кейбір қарсыластар одақтастарға, ал бұрынғы достар мен серіктестер дұшпанға айналды. 1960–1970 жылдары ғылыми қауымдастықта жетекші орындарды иеленген тарихшылар буыны үйреншікті әлемнің қалыптасқан компаративтік нормаларының күйреуіне алаңдады. Сонымен бірге постмодернизмнің «темірдей әрекеті» ұлттық тарихнамада қалыптасқан өзгерістер мен жағдайларға байланысты АҚШ пен Францияда, Германия мен Ұлыбританияда әртүрлі қабылданған еді. Дегенмен барлық жерде шектен шыққан түсінбеушіліктер орын алды: мәтіннен тыс ештеңе жоқ, тарихшылар түсініп, сипаттай алатын, тілден тыс ешқандай шындық жоқ деген мәлімдемелер жасалып, жаңа тенденцияларды қабылдамау және оларды жоққа шығару белең алды.

Америкалық академиялық ортада қызу пікірталастар болғанымен, іргелі жұмыстар да жүргізіліп жатты. Тарихи шығармаларды талдауға арналған жаңа теориялар мен тәсілдердің насихатталуы америкалық гуманитарлық білім өкілдерінің, ең алдымен, тарихнамалық сынның постмодернистік, теориялық және әдіснамалық тұрғыдан жаңартылуын қолдаған Хейден Уайттың тропологиялық тарих теориясымен байланысты болды.

1990 жылдардың екінші жартысында бастапқыда ақылға қонымсыз болып көрінген идеялардың меңгерілуіне орай, өзара түсіністік пен татуласуға шақырған «ұстамдылар» ерекше белсенділік таныта бастады. Ымыраға келуді мақсат тұтқандардың арасында эпистемологияның мәселелерімен айналысқан философтар жетекші рөл атқарды. Кейінірек бірқатар мақалалар жарыққа шықты, онда «лингвистикалық бетбұрыстың» шектен шыққанына қарсы болған тарихшылар дискурсқа енгізілмеген тәжірибенің тұжырымдамасына негізделген «орта» немесе «қалыпты» деп аталатын позицияның дәйекті дәлелдерін ұсынды. «Постмодернистік қарсылық» жағдайында осы ұстанымның жақтастары объективістік және лингвистикалық тұрғыдағы позициялардан ерекшеленетін шындықты

тікелей қабылдаудың мүмкін еместігі тарихшының оны «құрастырудағы» шексіз еркіндігін білдірмейді деген идеяны негізге алды.

Орталық позиция, бір жағынан, ол туралы біздің түсініктерімізге тәуелді емес және осы көріністерге ықпал ететін дискурстан тыс шындықтың болмайтыны жөніндегі идеяға негізделеді. Алайда оның жақтастары жаңа перспективалар аясында өздерінің тәжірибелерін қайта ой елегінен өткізеді және «лингвистикалық бетбұрыс» тарихындағы оң әсерін мойындайды. Өйткені оның факті мен ойдан құрастырылған дүниенің бір-біріне ұқсап, оларды ажырата алмайтын, яғни тарих ұғымы әдебиет ұғымынан ерекшеленетін деңгейге жеткенге дейін пайдалы болатынын мәлімдеді.

Орталық позицияны ұстанған тарихшылар өз тұжырымдамаларын сыни тұрғыдан зерделей отырып, жаңашылдығы ұзақ уақыт бойы беймәлім болып келген әлеуметтік тарихтың осы нұсқаларының эпистемологиялық принциптерін айқындады. «Лингвистикалық бетбұрыс» жалпыға ортақ мәдени өзгеріс көріністерінің бірі бола отырып, ұзақ уақыт бойы сұранысқа ие болмай, өзін жоғалта бастаған еді. Бірақ бірте-бірте тарихнаманың өзінде жетіле бастаған, сондай-ақ ол «жаңа тарихтың» пәнаралық аясында өңделгеннің барлығын бір өзінің бойында жүзеге асырды. Сөйтіп, 1980 жылдары микротарихқа деген қызығушылықтың артуы әлеуметтік тарихтың макротарихи нұсқасының эвристикалық әлеуетінің сарқылуына жауап болды. Бұл қазіргі таңдағы қоғамтануда қордаланған микроталдаудың теориялық қорын пайдалана отырып, оның нысанын, міндеттері мен әдістерін қайтадан анықтауға деген қажеттілікті туғызды. Жалпы алғанда, 1970 жылдардың екінші жартысы әлемдік тарихнамада макроәлеуметтанулық теорияға сүйенген сциентистік парадигмаға, сондай-ақ оның қалыптасып келе жатқан постмодернистік антиподына ғылыми-тарихи балама іздеу уақыты болды.

«Лингвистикалық бетбұрысқа» дейін біраз уақыт бұрын тарихи пәндерді құрылымдық жағынан қайта құру қажеттігі анық байқалды: экономикалық, саяси, әлеуметтік тарих және идеялар тарихы деп бөлінетін ескі құрылымның мәні түбегейлі өзгерді. Алайда бұл қайта құру белгілі бір уақытқа дейін өзара астасып жатқан және бір-бірінен анық бөлінбеген пәндері бар «жаңа әлеуметтік тарих» иемденіп алған, үнемі кеңейіп отырған зерттеу алаңында жасырын түрде жүзеге асты.

1970–1980 жылдары әлеуметтік тарих саласында әлеуметтік-құрылымдық тарихтан әлеуметтік-мәдени тарихқа қарай түбегейлі бетбұрыс жасалды. Бұл мәдени антропологияның, әлеуметтік психологияның, лингвистика (ең алдымен, менталдылық тарихы мен халық мәдениетінде) әдістерінің таралуына орай микротарихқа деген қызығушылықты қалыптастырумен, жеке тұлғадан тыс құрылымдарды талдаудан индивидтерді, жеке өмірлік жағдайларды зерттеуге қайта оралумен байланысты болды. Бұл әсіресе 1980 жылдары символикалық антропологияның ықпалымен қалыптасқан және антропологияға бағытталған «жаңа мәдени тарихтың» көптеген жақтастары пайда болған кезде анық байқалды.

Тарихи ақиқатты қалыптастыру мен сипаттауда тілдің, мәтін мен нарративтік құрылымдардың белсенді рөлін мойындау тарихқа қатысты мәдениеттанулық тәсілдің базалық сипаттамасы болып саналады. Әдетте оны «жаңа мәдени тарихтың» анағұрлым жалпы теориялық және әдіснамалық принциптерінің жиынтығы ретінде түсінуге болады. Соңғысы әлеуметтік мәдени тарих арсеналындағы барлық әлеуметтік категорияны қайта анықтау мен жұмылдыру

процесіндегі өсу межелеріне айналған «жаңа әлеуметтік тарихтың» ауыр кезеңдерінде қалыптасты. 1990 жылдардың басында эпистемологиялық дағдарыс жағдайында постмодернизмнен сабақ ала отырып және өткеннің жақын күндердегі тарихнамалық тәжірибесін қайта ой елегінен өткізіп, ғылыми қауымдастықтың жетекші бөлігі қазіргі таңдағы қоғамтану саласында жинақталған микроталдаудың теориялық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, өзінің тәжірибесіне сырттай баға беріп, әлеуметтік тарихты тар формалардан арылтуға, жаңа идеяларды бейімдеуге және жаңа зерттеу кеңістігіне шығуға бағытталған жаңа модельдерді әзірлеуге қабілетті екенін көрсетті.

Сонымен, тәжірибе жасаушы тарихшылардың көпшілігі британдық белгілі әлеуметтанушы Энтони Гидденстің құрылымдық теориясын жақсы қабылдады. Әлеуметтік-мәдени кеңістіктегі тәртіп бойынша, реляциялық структурализмнің әдіснамасы макроқұрылымдардан (мысалы, мемлекеттер тобы немесе олардың экономикалық, әлеуметтік әрі мәдени жүйелері) орта деңгейлі құрылымдар (ішкі саяси институттар, бюрократиялар, корпорациялар, әлеуметтік ұйымдар, аймақтық қосалқы мәдениеттер) мен «жоғарыдағы», «төмендегі», «орталықтағы» және қоғамдық перифериядағы микроқұрылымдарға (олигархия, элиталық клубтар, маргиналды топтар, отбасылар) дейінгі индивидтердің немесе топтардың іс-әрекеттерін сипаттау мен түсіндіруді қамтиды. Бұл жағдайда макро және микроқұрылымдардың өзара байланыстарын анықтайтын қандай да бір формула жоқ: олар әртүрлі схемаларда ұйымдастырылуы мүмкін. Сондай-ақ құрылымдық қарым-қатынастар түрлі қарқынмен өзгереді және субъектілердің мүмкіндіктері де олармен бірге түрленіп отырады.

Индивидтер әлеуметтік немесе мәдени факторлардың ықпалымен толықтай қалыптасады деп санайтын әлеуметтік және мәдени детерминизмнің жалған баламасын сынау әрекеті осы теориялық платформа негізінде жүргізіледі. Интегралдық модель әлеуметтік шындықтың барлық деңгейлерінің талдауын бір арнаға тоғыстырады. Сондай-ақ әрекет етуші тұлғалардың белсенділігі ескеріледі: индивидтер өздеріне ережені, рөлдерді, құндылықтарды, нышандарды және интерпретациялық схемаларды үйрететін билікке қарсы шығып қана қоймайды, сонымен қатар олардың оқытқанды үйренбейтін тенденциялары тағы бар. Өйткені олар алған білімдері мен дағдыларын өздерінің қажеттіліктеріне, ниеттері мен мәжбүрлі жағдайға байланысты түсіндіреді және өзгертеді. Осылайша әлеуметтену мен «мәдениеттену» бірыңғай нәтижелерді бермейді. Мұндай плюралистік әрі динамикалық болжамдардың мынадай салдары болады: әлеуметтік-мәдени әртектілікті неғұрлым толық түсіну, әлеуметтік-мәдени өзгерістердің әлдеқайда күрделі бейнесін көру, жеке әрі ұжымдық іс-әрекеттер мен кездейсоқтық үшін ауқымды кеңістік бөлу.

Қазіргі таңдағы өзге әлеуметтік модельдердегі ұқсас теориялық ойлардың әдіснамалық сипаттағы өте маңызды бір салдары бар. Бұл – өзара ықпал етуші әлеуметтік агенттердің тәжірибелік қызметіндегі олардың үздіксіз түсіндірмесі, қолдаулары мен өзгерістерінің призмасы арқылы әлеуметтік өмір мен әлеуметтік топтардың формаларын талдаудың процессуалдық тәсілі. Осылайша әлеуметтік-мәдени тарихтағы өміршең әлеуметтік категорияны қайта анықтау мен жұмылдыру процесі құрылымдық (нормативтік) және феноменологиялық (интерпретациялық, конструктивистік) тәсілдерді біріктіруге негізделеді.

Осыған байланысты әлеуметтік-мәдени тарихты мәдениеттің әлеуметтік тарихынан әлеуметтік мәдени тарихқа немесе мәдени тәжірибе арқылы әлеуметтік болмысты құрастыруды көздейтін қоғамның мәдени тарихына қайта бағыттауға назар аударылды. Оның мүмкіндіктері, бұл бағыттың жетекшісі, француздың белгілі тарихшысы Роже Шартъенің нұсқасына сай, өз кезегінде, күнделікті қарым-қатынастардың тәжірибесімен анықталып, шектеледі. Зерттеушінің басты міндеті – алдыңғы буынның ұжымдық құрылымдарының мәдени тәжірибесі құрастырған, объективті тұрғыдан шектеулі мүмкіндіктердің кеңістігінде индивидтердің субъективті түсініктерінің, ойларының, қабілеттерінің, ұмтылыстарының қалайша әрекет ететінін көрсету әрі олардың ықпалын сезіну. Бұл күрделі бірлесу «шындықтың үш регистрін» жеке-жеке айқындауға мүмкіндік беретін құрамы бойынша өзара ұқсас репрезентация түсінігімен сипатталады: а) ұжымдық түсініктер – индивидтердің әлеуметтік әлемді қабылдау схемасын ұйымдастыратын менталдылық; ә) символдық түсініктер – қоғамға өзінің әлеуметтік мәртебесін немесе саяси қуатын көрсету, кіріктіру формалары; б) өкілдің – репрезентанттың (нақты немесе абстрактілі, жеке немесе ұжымдық) бәсекелестік күресте орныққан және қоғам тарапынан мойындалған әлеуметтік мәртебесі мен саяси өкілеттігін бекіту.

Мұндай теориялық модельдерде әлеуметтік-таптық қақтығыстар репрезентациялардың күресіне ұласады. Бәсекелес репрезентативтік стратегиялар концепциясының аналитикалық әлеуеті түрлі деңгейдегі әлеуметтік процестердің динамикасын сипаттау мен түсіндіруде жаңа перспективаларды ашуға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік-мәдени тәсілді ұстанған тарихшы, ең алдымен, өткен кезең адамдарының нақты өмірдің тікелей қарым-қатынастарында қалыпты жағдайдан ауытқығанға дейінгі әртүрлі ахуалдарда өздерін қалай ұстағанын анықтауы керек. Зерттеудің мазмұнын күрделендіретін әрі танымдық әлеуетін арттыратын аналитикалық перспективаның төңкерісі жүріп жатыр. Тарихшы индивидтердің белгілі бір болмыс ретіндегі әлеуметтік топтарға тиесілі екенін қабылдап, субъектілердің арасындағы қарым-қатынастарды негізсіз бекітілген заңдылық ретінде қарастырудың орнына осы өзара қатынастардың қандай тәсілдер арқылы одақтар мен мүдделердің ортақтығын қалыптастыратынын немесе, басқаша айтқанда, әлеуметтік топтарды құратынын зерттейді. Сонымен негізгі мәселе барлық әлеуметтік категорияларды жоққа шығаруда емес, олардың пайда болуына себеп болған әлеуметтік қатынастармен байланыстыруда.

Индивид пен қоғамның дихотомиясынан бас тарта отырып, кейбір авторлар Михаил Михайлович Бахтиннің (1895–1975) диалогтік концепциясына және лингвистикалық, әлеуметтік әрі психологиялық процестерді кешенді түрде зерттеуге негізделген мәдени тәжірибені зерделеуге бағытталған әлеуметтік тәсіліне сүйенеді. Жеке тәжірибе мен мағыналық қызмет «бәсекеге қабілетті қоғамдастықтар» түріндегі өзіндік «полифонияға» ие осы тарихи социумның ішінде – тұлғааралық және топаралық қатынастардың контекстінде түсіндіріледі. Олардың әрқайсысы «бәсекеге қабілетті қоғамдастықтар» индивидке белгілі бір жағдайларда мінез-құлықтың жеке бағдарламасын ұсынады. Бір жағынан, әр мәтінді оқу оның көкжиегін анықтайтын дискурстық және әлеуметтік тәжірибелердің контекстіне енуді қамтиды. Екіншіден, әрбір мәтінде бұл контекстердің



түрлі қырлары ашылады және оларға тән қарама-қайшылықтар мен қақтығыстар анықталады.

Тарихты зерделеу барысында символдық жүйелерді, ең алдымен, лингвистикалық құрылымдарды талдауға басымдық беріледі. Олар арқылы өткен кезеңнің адамдары шындықты қабылдап, танып әрі талқылап, өздерінің ой-қиялдарында болашақты бейнеледі. Әлеуметтік мәдени тарих ұғымдарды, түсініктерді талдай отырып, әлеуметтік тәжірибенің кең мағынадағы дискурстық аспектісіне баса назар аударады.

Қазіргі әдіснамалық пікірталастарда тарихтағы микро және макротәсілдердің арақатынасы мен өзара үйлесу мәселесі ерекше орын алады. Микротарихтың ерекшелігі оның нысанының көлеміне байланысты емес: белгілі бір объект бірдей дәрежеде макро және микротарихи зерттеулердің нысаны бола алады. Негізгі мәселе бұл нысанның қай қырынан қарастырылуында, яғни өзінің теориялық платформасына және тарихи процесті өрістетудің қабылданған моделіне сай бақылаушының таңдаған позициясына байланысты зерделенеді. Басқаша айтқанда, басты ерекшелік зерттеу ойының қозғалу бағытына байланысты: ол бүгінгінің, яғни қазіргі кезеңдегі біздің өмір сүріп отырған әлеміміздің қалыптасуын ретроспективті түрде бақылай отырып, бүгінгі күннен өткенге қарай жүретінін немесе қалыптасу сатысындағы өткен кезеңнің өзіне назар аударатынын анықтайды. Соңғы жағдайда бұл қозғалыс өткен кезеңнен бүгінгі күнге бағытталған және зерттеуші мынадай сұрақтарға жауап іздейді: тарихи таңдаудың жүйелі жағдайларында қандай әлеуетті мүмкіндіктер жасырын болды; бұл процестерде өзге емес, дәл осы мүмкіндіктер қалайша және неліктен жүзеге асырылып отырды; индивидтердің субъективті түсініктері, ойлары, қабілеттері, ұмтылыстары бұрынғы мәдени тәжірибе қалыптастырған объективті ұжымдық құрылымдармен шектелген еркіндіктің кеңістігінде қандай жолдармен әрекет етті? Алғашқы көріністе біз дамудың траекториясындағы өткен шындықтың бірөлшемді проекциясын аламыз және осылайша тарихтың жүзеге асырылған нұсқасын ғана көреміз. Екіншісінде келмеске кеткен бұл шындықты болжанбаған болашақ ретінде, өзіндегі әртүрлі, тіпті қарама-қайшы әлеуетті мүмкіндіктер – даму нұсқалары ретінде қарастырамыз, яғни оның барынша мүмкін болған әртүрлілігі мен толық нұсқасын байқаймыз. Басқаша айтқанда, микротарихтың деңгейінде балама дамудың бастамасын көруге болады.

Жаңа әлеуметтік-мәдени тарихта әлеуметтік өмір мен әлеуметтік топтардың формаларын талдауда процессуалдық тәсіл өзара әрекет етуші индивидтердің тәжірибелік қызметіндегі үздіксіз түсіндіру, қолдау немесе өзгерту арқылы қолданылады. Әлеуметтік-мәдени көзқарасты ұстанған тарихшы өткен кезең адамдарының әртүрлі жағдайларда қалай әрекет еткенін елестетуге тиісті.

Жалпы тарихнамалық панорамада кездейсоқтық пен казусты зерттеудің ерекше нысаны саналған бағыттар қалыптасты. Қазіргі тарихшылардың арасында айрықша жағдайларға қызығушылық танытып, олардан үлкен бір құбылысты көруге тырысады: жасырын процестерді немесе тенденцияларды тауып, сол арқылы өткен кезең туралы бүгінгі түсініктерді байыта түсуге ұмтылады. Тарихшы нақты казустарды талдау арқылы маңызды сұрақтарға жауап іздейді: өткен кезеңнің адамы өзінің таңдауын қалай жасайды, ол қандай уәждерді басшылыққа алады, өмірде өзінің мақсатын қызықты етіп қалай жүзеге асырады, ол өзінің

даралығын қалайша көрсете және өзінің «қолтаңбасын» қаншалықты деңгейде қалдыра алады? Саяси тарихтағы казустық тәсілдің қызықты нұсқаларының бірі – «бір оқиғаның тарихы» деп аталатын талдау. Әрбір оқиға орын алған сәттен бастап өзгеше түсіндірілетіні ақиқат. Бірақ бүгінгі күні оқиғаның тарихы туралы сөз қозғағанда, біз оның іске асу процесі мен оған әсер еткен құбылыстарды, сондай-ақ кейінгі тарихта ол жайында сақталған естеліктерді меңзеп отырмыз. Фактілер уақыт өте келе аңыздармен толығып, өзгеше мағынаға ие болады. Кейінірек фактілер мифке немесе символға айналып, сол күйінде тарихқа енеді. Осылайша тарихи жадының қалыптасуында оқиғаның өзі ғана емес, қоғамдық сана үшін маңызы бар тарихи немесе мифтік мәні бар түсініктер, оның ойдағы бейнесі айрықша рөл атқарады.

1991 жылдан бастап қазіргі мәдени тарихта француздың әйгілі тарихшысы Жак ле Гофф ұсынған тарихтың жаңартылған әдіснамасының кешенді бағдарламасы қолданылып келеді. Ол төмендегідей үш бағыттың нәтижелі перспективалары туралы атап өткен еді: ойлаудың дағдыларын зерделейтін интеллектуалдық өмірдің тарихы; менталдылық тарихы, яғни қалыпты сананың ұжымдық автоматизмінің тарихы; құндылық бағдарының тарихы. Идеялардың, стереотиптер мен құндылықтардың бұл үштігі макро және микродеңгейлер тәрізді рухани саланың тарихи даму динамикасын қамтуға мүмкіндік береді.

Сонымен қазіргі тарихнамалық жағдайдағы постструктурализм жасаған өзгерістер 1960–1980 жылдары қалыптасқан және үстемдік еткен әлеуметтік тарихтың парадигмаларына күмән туғызды. Алайда қоғам мен мәдениет арасындағы жаңаша қойылып отырған қарым-қатынастар әлеуметтік тұжырымдаманы жоққа шығармайды. Ал субъективтіліктің жасампаз рөлі мен оның әлеуметтік тәжірибесін түсінудегі айқындаушы мәнін мойындау трансұлғалық деп аталатын іс-әрекет шарттарын талдауды қажетсіз деп санамайды.

Әлеуметтік тарихтың тарихи білімнің саласы ретіндегі әрекетіне күмән туған жағдайда, дағдарысты еңсеру оның зерттеу перспективасын барынша кеңейтуді талап етеді. Соңғысы әлеуметтік құрылымның, мәдениеттің, индивидтің концепцияларын теориялық тұрғыдан қайта пайымдау нәтижесінде жүзеге асуы мүмкін. Олар енді бір-бірінен ажыраған онтологиялық болмыс ретінде қарастырылмайды және өзара байланысқан аспектілер немесе өлшемдер, адамның мінез-құлықтары мен әлеуметтік әрекеттестік ретінде қабылданады. Әлеуметтік тарихтың аяқталғанын жариялауға асығатындар ұзаққа созылған әрі үздіксіз шығармашылық процесс саналатын тұжырымдамалық негіздерді сын тұрғысынан қайта зерделеу және әлеуметтік тарихшылардың зерттеу стратегияларының әлеуметтік-мәдени талдау бағытына ығысуы нәтижесінде бірінші орынға шыққан әлеуметтік-тарихи білімнің формалары туралы айтады.

1990 жылдары әлеуметтік тарихтың екі нұсқасындағы (қызмет шарттарын анықтауға бағытталған әлеуметтік және әрекет етуші тұлғалардың санасын зерттейтін антропологиялық) өзгерістер нәтижесінде мәдени субъектілердің («прагматикалық бетбұрыс») қызметіндегі әлеуметтіктің қалыптасу процесін қамтыған тарихи әлеуметтену туралы жаңа түсініктер пайда болды. Жаңа әлеуметтік тарих өткенді зерттеудің әлеуметтік-мәдени аспектісін сәтті қолданды, бай және әр алуан тәжірибесіне сүйене отырып, өзінің мазмұнын қайта зерделеді.

Жаңа әлеуметтік тарихтағы өзгеріс адам қызметінің құрылымдық саралануы мен қайта ұйымдастырылуын ғана емес, сонымен қатар «ақыл-ойды қайта ұйымдастыруды» – құндылықтар мен ұғымдардағы өзгерістерді, яғни әлемге өзгеше көзқараспен қарайтын белгілі бір жаңа сананы немесе жаңа мәдениетті қамтитын процесті зерделейді. Бұл сондай-ақ тарихи қоғамды көптеген алдыңғы буын өкілдерінің әрекеті нәтижесінде қалыптасып, әрекет етуші тұлғалардың шынайы өмірінің шарттары мен мінез-құлық модельдерін ұсынатын олардың жеке және ұжымдық тәжірибелері процесінде өзгертін біртұтас динамикалық жүйе ретінде қайта қалпына келтіруді білдіреді. Негізгі себептерді (шарттарды) адам қызметінің нақты мотивтеріне айналдыру механизмін зерттеу оның екі жағын бірдей кешенді түрде талдауды көздейді. Бұл – тұлғалар мен топтардың мінез-құлықтарына ықпал ету әрекетін анықтайтын макротарихқа, сондай-ақ жеке іс-әрекетті ұжымдық қызметке қосу тәсілін зерттеуге, соның нәтижесінде нақты тарихи тәжірибенің деңгейінде жекені әлеуметтікте және әлеуметтікті жекеде белгілеуге мүмкіндік беретін микротарихқа назар аудару деген сөз.

## Гендерлік тарих деген не?

Жаңа мәдени тарихтың мәселесі қазіргі тарихи білімнің әртүрлі салаларында байқалды. Мысалы, гендерлік тарихтың қалыптасуы жоғарыда қарастырылған жалпы процестермен тікелей байланысты болды, ал кейінгі өзгерістер өзіндік қарқынымен ерекшеленді.

XX ғасырдың 70-жылдарының аяғы мен 80-жылдардың басында жаңа пәнаралық ғылыми бағыттың, яғни гендерлік зерттеулердің бөлігі ретінде гендерлік тарих қалыптасты. Дегенмен гендерлік тарих қарқынды дамып келе жатқан әйелдер қозғалысының аясында феминистік санаға өзіндік тарихи ретроспективасын беруге талпыныс жасаған 1960 жылдардан басталады. Сол кезде Батыс Еуропа мен Американың жас ғалымдары өткенді зерделеп, қазіргі күнге талдау жасау барысында екі жынысқа қатысты ақпараттарға да назар аудару керек деген пайымға сүйене отырып, әйелдердің тарихымен айналыса бастады.

Кейінгі ширек ғасырға жуық уақыт аралығында әйелдердің тарихы бұрынсоңды болмаған өзгерісті басынан өткерді. Бұл тақырыпты арқау еткен мақалалар ғылыми журналдардың жеке бөлімдеріне айналды. Жыл сайын көптеген зерттеулер жарыққа шығып, түрлі деңгейдегі жалпылама еңбектерде өткен дәуірлердегі әйелдердің өміріне қатысы бар барлық мәліметтер жарияланды.

1970 жылдардың ортасына дейін «әйелдердің тарихи өмірін қалпына келтіруге», ерекше «әйелдердің тарихын» жазуға деген ұмтылыс басым болды. Осы бағытты ұстанушылар әртүрлі дәуірлер мен халықтардағы әйелдер тарихының сол кезеңге дейін беймәлім болып келген сырларын ашты, алайда мұндай сипаттамалық тәсіл өзінің шектеулі екенін көрсетті. 1970 жылдардың ортасында алдыңғы орынға шыққан өзге бағыттың өкілдері неомаркстік ағымның феминистік теориясына сүйене отырып, әртүрлі әлеуметтік категориядағы әйелдердің қақтығысқа толы мүдделері мен альтернативтік өмірлік тәжірибесін түсіндіруге тырысты. Олар дәстүрлі таптық талдауға жыныстық айырмашылық факторын

енгізе отырып, жеке, жыныстық, отбасылық-топтық және таптық сипаттамалардың арнайы құрылымы ретінде тарихи тұлғалардың мәртебесін анықтады.

XX ғасырдың 70–80-жылдарының аралығында феминистік теорияның жаңартылуы, пәнаралық зерттеулердің әдіснамалық базасының кеңейтілуі, жаңа кешенді түсіндірмелік модельдердің құрастырылуы «әйелдер тарихының» бейнесіне де әсер етті: ерлер мен әйелдер ұғымдары қайта анықталды. 1980 жылдары гендер (ағыл. *gender* – жыныс) талдаудың негізгі категориясына айналады, ол жыныстық бірегейліктің қалыптасуы мен жүзеге асу процесін субъектінің жеке отбасылық тәжірибесімен байланыстыра отырып, оның құрылымдық шектеулері мен тарихи ерекшеліктеріне назар аудармай, ер мен әйел бастауларының қарама-қайшылығының өзгермейтін шарттарын негіздеген биологиялық және психологиялық детерминизмді жоюға бағытталды.

Әйелдерді зерттеу мен гендерлік зерттеулердің айырмашылығы «жыныс» пен «гендер» секілді өзекті ұғымдардың мазмұндарымен анықталады. Гендерлік мәртебе, иерархия мен мінез-құлық модельдері табиғи түрде берілмейді, оны әлеуметтік бақылау институттары және мәдени дәстүрлер белгілейді. Индивидтің деңгейінде гендерлік сананың жаңғыртылуы барлық салалардағы үстемдік ету мен бағыну қатынасының қалыптасқан жүйесін қолдайды. Бұл контексте гендерлік мәртебе әлеуметтік иерархия мен билікті, бедел мен меншікті бөлу жүйесін құрайтын элементтердің бірі ретінде көрініс береді.

Гендерлік зерттеулердің интегративтік әлеуеті «тарихқа екі жынысты да қайтаруға» ұмтылған «әйелдер тарихы» өкілдерінің назарын аударып қана қоймай, сонымен бірге әлеуметтік тарихтың тұтастығын қалпына келтіруге ұмтылды. Гендерлік тәсіл әлеуметтік тарихшылар мен мәдениет тарихшылары арасына жылдам тарап, ол ортадан көптеген жақтастарын тапты. Әйелдер тарихының тұжырымдамалық аппараты мен әдіснамалық принциптерін қайта зерделеу нәтижесінде гендерлік тарих пайда болды, ол гендерлік қарым-қатынасты өзінің зерттеу нысанына айналдырды. Гендерлік тарихшылар жыныстық айырмашылықтар мен иерархияның кешенді әлеуметтік-мәдени детерминациясы туралы түсініктерді негізге ала отырып, олардың тарихи контексте жүзеге асуын талдайды. Бұл ретте тарихи дамудың жалпы концепциясы сөзсіз өзгерді, өйткені оған гендерлік мәселелер де қосылған еді.

Гендерлік талдауды тарихи зерттеу әдістерінің ерекшеліктеріне бейімдемей, жаңа құралдарды тәуелсіз теориялық жұмыстың зерттеушілерінен талап ететін тарихи дереккөздердің материалдарымен сабақтастырмай, гендерлік талдау ұсынған мүмкіндіктерді жүзеге асыру мүмкін емес. Гендерлік тарихтың негізгі әдіснамалық қағидаларының жаңартылған нұсқасы америкалық тарихшы Джон Скоттың «*Гендер – тарихи талдаудың пайдалы категориясы*» атты бағдарламалық мақаласында зерделенген. Джон Скоттың түсіндіруі бойынша, тарихи талдаудың моделі бір-бірімен тығыз байланысты төрт кешеннен тұрады. Бұл – біріншіден, аталған мәдени дәстүрге жататын қауымдастықтың мүшелерінде көптеген (кейде кереғар) бейнелерді қалыптастыратын мәдени символдардың кешені. Екіншіден, бұл – қолда бар символдардың түсініктемесін анықтайтын және діни, педагогикалық, ғылыми, құқықтық әрі саяси доктриналарда көрініс табатын нормативтік тұжырымдар. Үшіншіден, бұл – әлеуметтік институттар мен ұйымдар, олардың қатарына тек туыстық, отбасылық және үй шаруашылық

жүйелер ғана емес, сонымен бірге еңбек нарығы, білім беру жүйесі мен мемлекеттік құрылым да енді. Соңғы, төртінші айқындаушы элемент – тұлғаның өзін-өзі тануы. Сөйтіп, бірегей синтездік модель құрастырылады, социумның барлық өлшемдерінің сипаттамалары оның іргетасын қалайды: жүйелі-құрылымдық, әлеуметтік-мәдени, жеке-тұлғалық. Бұл модельдің ұзақ уақыт бойы жүйелі түрде дамуы гендерлік пресективадағы тарихи динамиканы қайта қалпына келтіруге бағытталған.

Жаңа тұжырымдаманы ғылыми айналымға енгізу әйелдер тарихының әдіснамалық мәселелері жайындағы пікірталастарды туғызып қана қойған жоқ, сонымен қатар бұл мәселенің «ең өзекті» тұстарын анықтап берді. Тап пен жыныс ұғымдарының арақатынасы, әлеуметтік және гендерлік иерархия, мифология, тарих туралы мәселелер қызу талқылана бастады. Гендерлік-тарихи талдаудың іргелі мәселелерін шешу жылдам дамып бара жатқан нақты зерттеулерден тәжірибелік қажеттіліктерді талап етті. Бұл зерттеулер, бір жағынан, әйелдердің экономикалық, саяси, интеллектуалдық процестердегі әртүрлі рөлдерін көрсетсе, екіншіден, бұл процестердің олардың өміріне кері әсер ететінін, сондай-ақ таптық әрі гендерлік шектеудің, әлеуметтік, этностық, конфессиялық, жыныстық бөлінудің өзара тоғысуынан туындайтын жеке және ұжымдық тәжірибенің айырмашылығын анықтап берді.

Гендерлік тарих тақырыбында оның түсіндірмелік стратегиясы үшін маңызды болған түйіндер анық байқалды. Олардың әрқайсысы өткен дәуірлердегі адамдардың өмір сүруінің белгілі бір саласына сәйкес келеді, онда индивидтердің рөлі олардың «отбасы», «үй шаруашылығындағы еңбек», «қоғамдық өндірістегі жұмыс», «құқық», «саясат», «дін», «білім алу», «мәдениет» т.б. салалардағы гендерлік белгісіне тікелей байланысты. Гендерлік айырмашылықтарға негізделген әлеуметтік тәртіпті қамтамасыз ете отырып, тарихи социумдағы материалдық және рухани құндылықтардың, билік пен абыройдың тең түрде бөлінуін реттеумен айналысатын әлеуметтік бақылаудың маңызды институттарына айрықша назар аударылды. Тұлғааралық өзара байланыстардағы гендерлік түсініктердің жанама рөлін талдауға, олардың тарихи сипаты мен динамикасын анықтауға айрықша көңіл бөлінді. Гендерлік зерттеулердің ерекшелігі мен категориялық аппараты тарихшының зерделейтін нысанының табиғатын түсіну мен тарихи ақиқатты мүмкіндігінше терең тануы арқылы анықталады.

Гендерлік тарихтың болашағын айқындаған маңызды сөт оны басқа тарихи пәндермен байланыстыру мен қайта біріктіру мәселесінің шешімін табуында. Бұл мәселені дұрыс шешудің белгілері, атап айтқанда, гендерлік тарих мәселелерінің басты түйіндері мен «әйелдер тарихын» жалпы тарих кеңістігіне кіріктірудің ықтимал тәсілдерінің қиылысу нүктелерінде пайда болады. Мұндай пресективалар материалдық мәдениет пен күнделікті өмірде, ал соңғы онжылдықта жеке өмір мен индивидтердің тарихында айқын көрінді. Зерттеушілер гендерлік-дифференциациялық кеңістіктік сипаттамалары мен өмір сүру ырғағына, заттық әлем мен әлеуметтік ортаға, ерлер мен әйелдердің байланыс жүйелерінің ерекшелігіне, «әйелдердің субмәдениетінің» магиялық сипатына, «ерлер идеологиясына» т.б. назар аударады.

Жеке және көпшілік арасындағы өзара байланыс мәселесі гендерлік тарихта ерекше орын алады. Антропологтар мен әлеуметтанушылар әртүрлі мәдениеттер



мен қоғамдардағы ер-әйел оппозициясы мен жеке-көпшілік дихотомиясының жартылай немесе толық үйлесімін дәйектейді. Гендерлік тарихшылар жыныстардың теңсіздігін адам қызметінің жеке әрі көпшілік салаларға тікелей бөлінуімен және әйелдердің соңғысынан ығыстырылуымен байланыстыратын антропологиялық зерттеулерге сүйенеді. Биліктің, абырой мен меншіктің бөлінуін көрсететін жеке және көпшілік арақатынастарының түрлі тарихи модельдері қарастырылады. Билік өзінің мақсатына жету үшін адамдарға ықпал ету тәсілі ретінде түсіндіріледі және өзге де адамдардың немесе топтардың шешімдері мен іс-әрекеттеріне әсер ету мүмкіндігі тұрғысынан қарастырылады.

«*Women's power*» (әйелдер билігі) ұғымы әйелдердің экономикадағы рөлін, олардың саяси шешімдер қабылдауға тигізер әсерін, сондай-ақ әйелдер арасындағы тұлғааралық байланыстар түрінде ұғынылатын әйелдердің ықпал ету желісі дегеннің ерекшеліктерін талдайтын еңбектерде қолданылады. Бұл тұжырымдама әйелдердің жаңа мәдени стереотиптерді өзгертуге және оның таралуына белсенді түрде ықпал ету тәсілдерін зерделеу барысында пайдаланылады.

Әйелдер ресми беделге өте сирек ие болса да, шын мәнінде, бейресми ықпалдың тиімді жолдарын жақсы меңгерді. Олар жаңа отбасылық байланыстарды орнатады; ақпараттармен алмаса отырып және қауесет тарату арқылы қоғамдық пікірді қалыптастырады; қамқорлық көрсете отырып, ерлердің саяси мансапқа қол жеткізуіне көмектеседі немесе кедергі болады; толқулар мен көтерілістерге қатыса отырып, биліктің ресми құрылымдарының сапасын тексереді және т.б. Бұл ықпалдың құралдары мен формалары жеке және көпшілік арақатынастарының түрлі модельдерінің аясында қарастырылады. Осы модельдер әрбір қоғамдағы ер мен әйел ұғымдарының нақты-тарихи мазмұнын анықтайтын саяси, мәдени, экономикалық институттардың жүйесі арқылы биліктің, бедел мен меншіктің бөлінісін бейнелейді.

Көптеген еңбектерде нормативтік ережелер, гендерлік идеология мен әйелдер жайындағы әртүрлі түсініктер зерттеленді. Олар әдетте бұл пәнге қатысты тек қана ер адамның көзқарасымен санасатын және ішкі қайшылықтарға қарамастан, ер адамды қабылдаудың жағымсыз стереотиптері мен сөз бостандығын қатаң түрде шектейтін қоғамның тарапынан таңылған әйелдің мінез-құлқының модельдерін сипаттайды. Барлық дәуірлердің ойшылдары әйелдерді еркектерден ерекшелеп тұратын құбылысты анықтауға және әйелдің мінез-құлықтары мен репрезентациясының үлгілерін жасауға тырысты. Олардың идеялары діни әдебиеттерде, ғылыми және басқа да шығармаларда сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа тарады. Бұл оларды тарихи талдау үшін қолжетімді етіп қана қоймайды, сонымен қатар осы идеялардың тарихтың барлық кейінгі дәуірлері мен кезеңдеріндегі адамдардың санасына өзінің ықпалын тигізгенін білдіреді.

Әйгілі әрі беделді деп есептеліп келген авторлардың идеялары өз ойларын тұжырымдай алмайтын ерлер мен әйелдердің көпшілігінің санасына сіңіп қана қоймай, сондай-ақ мінез-құлықты реттейтін құқықтық нормаларға негіз болды. Авторлардың бұл пікірлері бұдан былай дұрыс деп есептелмеді, ол енді діни шындық немесе ғылыми факті ретінде ғана қарастырылды. Олардан алынған мінез-құлық ережелері әйелдердің іс-әрекеттерін ерлердің ұғымдарына сай келетін қалыпқа салды. Бұл түсініктердің көпшілігі антика дәуірі және орта ғасыр жазушылары мен діни ойшылдардан мұра болып жеткен еді.

Авторлардың пікірлері өзге мәселелер бойынша айтарлықтай өзгеше болғанымен, әйелдер тақырыбына келгенде бір арнаға тоғысты: олар әйелдерді еркектермен салыстырғанда анағұрлым төмен сатыдағы жаратылыс ретінде қарастырды және кейінгі ұрпаққа әйел мінезінің жағымсыз қасиетерінің көптеген мысалдарын көрсетті. Барлық гендерлік идеология бір жағы – әйелдерге, екінші жағы еркектерге бағытталған, өзара байланысты концепциялардың негізінде құрастырылды. Бірақ оның көрінетін жағында «әйел» бейнесі болды, өйткені оны қалыптастырушылар қарама-қарсы алаң туралы пайымдауды жөн санады. Олардың әйелдерге қатысты барлық идеяларының және осы идеяларға сүйенген заңдарының негізінде ер адамдардың өздерінің гендерлік мінездемелерін ұғынғаны туралы түсініктер жатты.

Гендерлік тарихтың ең белсенді дамып келе жатқан бағыттарының бірі – гендерлік рөлдер мен айырмашылықтар туралы бұқаралық, үйреншікті, таптаурын идеяларды зерттеуге бағытталған «қиялдағы әлем» бағыты. Бұл бағыт қазіргі гуманитарлық білімнің түбегейлі бетбұрысымен және тарих пен әдебиеттің өзара жақындасуының жаңа талпыныстарымен тығыз байланысты болды. Кейбір зерттеушілер барлық әдеби жанрлардың шарттылығын мойындай отырып, көркем бейнелер мен шындықтың арасындағы кез келген байланыстарды жоққа шығаруды да, сондай-ақ әдеби шығармалардан нақты қарым-қатынастар мен бұқаралық түсініктердің бейнесін көруді де тиімсіз деп санады. Әдебиет пен өмірдің өзара байланыстарының механизмін былайша түсінуге болады: шартты әдеби кейіпкерлер қоғамдық көзқарастардың тікелей көрінісі болған емес, бірақ олардың қалыптасуында ерекше рөл атқаруы, замандастары мен кейінгі ұрпақ өкілдерінің мінез-құлықтарына ықпал етуі мүмкін. Бір жағынан, әдеби шығармаларда еркек пен әйел туралы үнемі өзгеріп отыратын түсініктер бейнеленсе, екіншіден, әдебиеттің өзі гендерлік түсініктердің өзгеруіне айрықша ықпал етеді.

Гендерлік зерттеулердің өзге тұжырымдамаларынан постмодернистік бастауларды анық байқаймыз: кез келген мәтіннің (сондай-ақ тілдің өзі сияқты) бұлыңғырлығы және оның объективті шындықты бейнелемейтіні туралы түсінік, ақиқатты құрастырудағы белгілер жүйесінің рөлін атап көрсетіп, барлық гендерлік тарихты гендерлік ұғымдардың тарихына айналдыру. Осыған байланысты әдебиеттанулық талдауды әлеуметтік тарихтың тәсілдерімен және жетістіктерімен біріктіру талпынысы ерекше қызығушылық тудырады. Бұл бағыттағы бастама түсініктер мен шындықтың, әдебиет пен әлеуметтік аяның, индивид пен қоғамның, элиталық мәдениет пен халықтық мәдениеттің, шығармашылық пен мәдени мәтіндерді қабылдаудың (немесе қалыптастыру мен тұтынудың) дуализмінен бас тартуға ұмтылған, сондай-ақ әдеби шығармалар жасалған әлеуметтік-тарихи контексті терең білетін зерттеушілерге тиесілі болды. Олардың еңбектерінде осы контексті құрайтын әлеуметтік қатынастар мен ұғымдар «өзіндік дүние» деп түсінілетін әдеби мәтінді оқуда міндетті емес мәселе ретінде қарастырылмайды. Керісінше, оларға ұжымдық қызметтің (соның ішінде тілдік) барлық түрлеріне қатысты тікелей, ал гендерлік сананы қалыптастыруда жанама анықтаушы рөл беріледі. Әдебиеттің әйгілі жәдігерлерін ғана емес, сондай-ақ екінші және үшінші қатардағы туындыларды да пайдаланатын зерттеулер гендерлік түсініктер мен гендерлік бірегейлік тарихы тұрғысынан қарағанда көп үміт күттіреді.

Тікелей зорлық-зомбылықтан басқа гендерлік асимметрияны қолдаудың маңызды құралы әйел сексуалдығының барлық шынайы әрі қиялдағы көріністерін бақылау болды. Қоғам өз мүшелерінің сексуалдық мінез-құлқын зайырлы әрі шіркеу соттарынан бастап, моральдық нормаларды бұзғандарды қоғамдық кемсіту арқылы жазалайтын халықтық әдет-ғұрыптар сияқты құралдардың көмегімен қадағалап отырды. Егер сот заң мен ережелердің негізінде әрекет етсе, қоғамдық адамгершілікті сақтаушы еріктілер өздерінің топтық түсініктері мен жергілікті әдет-ғұрыптарды басшылыққа алды. Сексуалдық мінез-құлықтың қалыпты стандарттары елдер мен әлеуметтік топтарда әртүрлі болды, дегенмен бұл қалыптың шегінен шығып кеткен әйелдің абыройына нұқсан келеді. Әрине, әйелдердің мінез-құлқының жағымды әрі жағымсыз үлгілерін ер адамдар анықтады, бірақ олар әйелдердің де санасына енгізілді және әйелдер әлеуметтену процесінің барысында басқа да мәдени құндылықтармен қатар оларды да қабылдады. Конформизмді моральдық тұрғыдан ынталандырумен қатар, әйелдердің материалдық әрі әлеуметтік жағынан қамтамасыз етілуі көп жағдайда оның парасатты әйел және ана үлгісіне сай болуына және осы стандарттан ауытқыған адамдарға қарсы әрекет етуіне байланысты болған жағдайда да маңызды рөл атқарды.

Барлық еуропалық этностардың фольклорында кездесетін «сыртқы әлем еркектерге тиесілі, ал әйелдің орны үйде» деген ежелгі халық даналығы (кейбір ерекшеліктермен) жеке тұлғаға тұтас мәдени модельді, яғни тұтастай қамтитын бейнені берді. Адамға өзінің барлық түрлері сияқты бейберекет әрі шиеленіскен шынайылыққа мән беруге, өмірді тәртіпке келтіруге, бастан өткізген оқиғаларды қабылдауға және талдауға, мінез-құлықтардың желісін құруға көмектесті. Әйелдер әдетте «ерлердің әлеміндегі» өздерінің орындарын жақсы түсінді, өйткені бұл сөз тіркесі оларға тиесілі міндеттемелер мен шектеулерді және тыйымдарды білдіретін мінез-құлық үлгілерінің белгілі бір жиынтығын түйіндеді.

Әйелдердің гендерлік тарихын толықтыруға бағытталған еркектердің гендерлік тарихы көп жағдайда осындай жолмен, бірақ анағұрлым жылдам қарқынмен жүріп келеді. Гендерлік түсініктер әйелдердің болуына немесе болмауына қарамастан, әлеуметтік өмірдің барлық аспектілерін қаншалықты қамти алатынын дәл «ерлердің тарихының» тұрғысынан анық көруге болады. Бүгінгі күннің мәселесі гендерлік және әлеуметтік тәсілдерді нақты тарихи талдау жүйесінде біріктіруге мүмкіндік беретін концепциялар мен әдістерді әзірлеу болып саналады.

Жалпы алғанда, қоғамдағы құрылымдық трансформацияларды белгілейтін кезеңдеуді сақтай отырып, гендерлік тарих еркектер мен әйелдер үшін аталған өзгерістердің түрлі салдарына назар аударады. Гендерлік жүйенің асимметриясы ертерек кезеңдерде анағұрлым әлсіз болды; дәстүрлі түрде құлдырау кезеңі болып саналатын дәуірде әйелдердің мәртебесі ерлерге қарағанда төмен болмаған, ал прогресс дәуірі деп аталатын уақыттарда прогресс жемісі әйелдер мен ерлер арасында тең бөлінбеген. Алайда мәселені осы бір қырынан зерделегенде, ерлер мен әйелдердің тарихи тәжірибесі кезеңдерінің сәйкес келмеуіне қарамастан, тарихи дамудың кезеңделу міндеттері екінші орынға ығыстырылады да, негізгі әңгіме оны бағалау мен қайта түсіндіру жайында өрбиді.

XX ғасырдың екінші жартысындағы тарихнама мынадай кезеңдерді қамтиды: формасы бойынша жыныссыз, әмбебап деп көрсетілгенімен, шын мәнінде, әйелдердің тарихын жоққа шығару, кейін «бір жынысты», «әйел» тарихын

бейнелеу, одан кейін жалпы гендерлік тарих, әрі қарай тұлғааралық қатынастардың барлық саласын қамтыған, өзінің пәндік алаңын кеңейтуге талпынған жаңа әрі кеңейтілген әлеуметтік тарих кезеңі. Шындығында, бұл жерде әңгіме тек қана өршіл міндетті – жалпы тарихтың ғасырлар бойы үстемдік еткен «ерлер шовинизмі» мен «әйелдер» тарихының ұзаққа созылған оқшаулығын жоя отырып, барлық тарихты гендерлік қатынастардың тарихы ретінде қайтадан жазуды көздеген жаңа тарих пәні туралы қозғалып отыр.

Гендерлік тарихты дамыту жаңа пәнді жалпыға ортақ тарихқа біріктірудің ықтимал жолдары туралы қызу пікірталастарға қуатты серпін берді. Гендерлік-тарихи талдау бүгінгі таңда жаңартылған әлеуметтік-мәдени тарихтың айрықша түпкі мақсаты болып саналатын өткен кезеңнің тұтас бейнесін өзгертуге ерекше үлес қосып келеді.

## Тарихи биография және «жаңа биографиялық тарих»

Плутархтың заманынан белгілі тарихи биография, уақыт өте келе жағдайының өзгергеніне қарамастан, еуропалық тарихнаманың ажырамас бөлігі болып қала берді. Қасиетті адамдардың биографиясы ретіндегі ортағасырлық инкарнацияда ұзақмерзімді «тоқыраудан» кейін Қайта өрлеу дәуірінде биография қайта жанданды, жаңа кезеңде көптеген формаға ие болып, тарихи кезеңнің ең танымал жанрына айналды. XIX ғасыр мен XX ғасырдың бірінші жартысында ол дәстүрлі саяси тарихта кеңінен қолданылды, оның маңызды бөлігі мемлекет қайраткерлерінің биографияларынан тұрды. Дегенмен мұндай биографияларда кейіпкерлердің қоғамдық жұмыстарына ғана емес, біртіндеп жеке және ішкі өміріне де көбірек көңіл бөліне бастады.

Әртүрлі тараптардың жиі айтылған сынына қарамастан, тарихи-биографиялық жанр (әсіресе енді ғана аяқталған XX ғасырда) өзін-өзі танытуға (кем дегенде кейіпкерді таңдауда) барынша мүмкіндік берген кәсіби тарихшылар мен көпшілік оқырман қауымның арасында елеулі табысқа жетті. Өткен дәуірлердің танымал адамдарының пір тұтқан немесе «сырын ашқан» моральдық өсиет немесе ерліктің жиынтығы, адвокаттық сөз, яки айыптаушы үкімдер, марапаттар тізімі немесе психиатрдың қорытындысы түріндегі биографиялары әрқашан айна (оның «қисық» деңгейі туралы мәселе үнемі талқыланады) ретінде қызмет атқарды, оқырман оған қарап өзі туралы көптеген нәрсені біле алады.

Әлбетте, кәсіби тарихшы қауымдастық нормаларға сүйене отырып, кейіпкерді оның өмір сүрген дәуірінің контекстінде қарастырып, барынша түсінуге тырысады. Тарихи зерттеулер жанры ретінде биографияның талқыланған әдіснамалық мәселелерінің бірі осы екі субъектілердің өзара әрекеттесуі болып қала бермек: бір жағынан, «өз заманына етене жақын және сол уақытпен тығыз байланысты биография кейіпкері, екінші жағынан, өзінің дәуіріне, өз уақытына соншалықты тәуелді автор, биограф. Биография жанрының өзіндік ерекшелігін осы диалектілік қайшылық анықтайды. Басқа жанрдағыдай емес, биографияда автор өзін зерттеу нысаны болған кейіпкер арқылы көрсетеді, ал өзі арқылы дәуірінің ерекшеліктерін, талаптарын және мәнін түсіндіреді».<sup>27</sup>

Мамандардың зерделеуінше, тарихи биография тек тарихи тұлғаның биографиясы ғана емес, сонымен бірге тарихи зерттеудің жанры болып саналады: бұл тарихи тұлға арқылы көрсетілетін оқиға. Бірақ толық мағынасындағы биографияға қайталанбайтын және жеке тұлғаның дамуына, оның ішкі дүниесін ашуға бағытталатын өмірбаян жатады.

Осыған байланысты тарихи тұлғаның өзіне емес, тарихи оқиғалардағы олардың рөліне байланысты зерттеуге бағытталған әлеуметтік биография деп аталған еңбектердің жанрлық айқындылық мәселесі пайымдалады.

Демек, толық мағынасындағы биография көрнекті тұлғаның (оның психологиялық өлшемін қоса алғанда) өмірін зерттеу мен сипаттауға арналады және тарихи-биографиялық канонға толығымен сай келеді. Тарихи биографияға мынадай классикалық анықтама берілген: «Адамзат тарихында бір кездері пайда болған, кейін ғасырлар, мыңдаған жылдар бойы дәуірлер мен ұрпақтардың ауысуына байланысты жадыда сақталатын тұлғалар болады. Мұндай адамдар – шын мәнінде, адамзаттың «мәңгілік серіктері»... Сөз саяси және мемлекеттік қайраткерлер, ғылым, мәдениет және өнер өкілдері жайында болуы мүмкін. Бұл мағынада ешқандай шектеулер мен шарттар жоқ. Нақтырақ айтсақ, шарт тек біреу ғана: адамзат қоғамының оның материалдық әрі рухани болмысының дамуына қосқан елеулі үлесі».<sup>28</sup>

Алайда ХХ ғасырдың соңғы ширегінде биографиялық әдісті қолдану аясы едәуір кеңейді әрі өзінің конфигурациясын өзгертіп отырды: ұжымдық биографиялармен қатар, көрнекті тарихи қайраткерлер ретінде атай алмайтын адамдардың жеке өмірбаяндары да көбейді. Көп жағдайда бұл адамның жеке қасиеттеріне деген көзқарастың жалпы өзгеруіне және тарих пәнін дербестендіру тенденциясына байланысты болды. Сонымен қатар айрықша үлесі жоқ адамдардың биографиялары бай құжаттық қорға негізделсе, өткен кезеңнің зерттелмеген қырларын ашуға жәрдемін тигізді.

ХХ ғасырдың соңғы он жылдығында әлемдік тарихнаманың әдіснамалық ізденістері микротарихқа шоғырланды. Дәл осы жеке тұлға тарихы мен «жаңа биографиялық тарихта» микро және макроанализдің үйлесімділігі мен арақатынасының негізгі әдіснамалық мәселесі көтерілді. Егер тарихи антропология соңғы уақытқа дейін адамның өзін-өзі тану, жеке мүдде, мақсат-мұраты, жеке рационал таңдау мен бастамашылдық мәселесін назардан тыс қалдырып келсе, ендігі кезекте мұрагерлік мәдени дәстүрлер, әдет-ғұрыптар мен идеялар нақты тарихи жағдайлардағы адамдардың мінез-құлқын (тұтастай оқиғалар мен олардың салдарын) қалайша анықтайды деген сұрақтың жауабы жеке сананы, тәжірибе мен іс-әрекетті талдауды талап етті.

Тарихшылардың қызығушылығының белгілі бір жеке тұлғаға аударылуының әдіснамалық тұрғыдан айтарлықтай салдары болды: қазіргі заманғы микроқұрылымдық көзқарас тұрғысынан алғанда, тарихи-биографиялық зерттеулердің сыртқы түрі жаңа мазмұнмен толықты. Ол қазіргі уақытта осы саладағы айқын тенденциялар белгілі бір зерттеу міндеттері мен өзіндік тәртіптері бар жаңа бағыттың пайда болғанын көрсетеді. Бұл жеке адам тарихының негізгі зерттеу нысаны – жеке мәтіндер, ал оның зерттеу тақырыбы – бірегей әрі толыққанды өмірдің тарихы. Белгілі бір әдіснамалық эклектизміне, әртүрлі зерттеу стратегиясына (рационал таңдау моделінен мәдени және гендерлік бірегейлік



теориясына немесе психотарихқа дейін) бағдарлануына қарамастан, бұл бағыттың жалпы мақсаты – белгілі бір тарихи тұлғалардың жеке өмірі мен қайталанбас тағдырын қалпына келтіру, олардың ішкі әлемінің қалыптасуы мен дамуын, олардан қалған «іздерді» пайымдау, олар өмір сүрген, қуанған әрі қайғырған, ойланған, әрекет еткен тарихи қоғамды танып білу.

Ресейдің көрнекті тарихшысы Ю.Л. Бессмертный аталған мәселелер төңірегінде міндеттер мен принциптерді былайша түсіндіреді: «...Біздің ізденісіміздің жоспарында белгілі бір адам, оның жеке мінез-құлқы мен өз таңдауы тұр. Біз бұл сюжеттерді адамның іс-әрекеттерінің типтік (немесе типтік емес) екенін білу үшін ғана зерттейміз. Керісінше, ол бізді қызықтырғандықтан оны түсіну үшін зерделейміз. Бұл адам тіпті зерделеуге тұрмаса да, біз оны зерттеуге лайықты деп танымыз. Өйткені оның бірегейлігі оның дәуірінің бірегейлігінен хабар беріп, өз заманының көрсеткіші ретінде құпияны ашатын болады».<sup>29</sup>

Бұл жеке адам мен оның тағдырына ерекше назар аударуға, сонымен қатар әлеуметтік кеңістіктің әртүрлі деңгейлерінің ерекшелігі мен нұсқалығын, жеке тұлғаның осы мәдени-тарихи контекстегі мүмкіндіктерінің толық спектрі мен шегін анықтауға қатысты бастапқы принципті айқындайды. Мұндай зерттеулерде тек екі танымдық стратегиялардың өзара үйлесімі бар. Бір жағынан, олар мәдени мәжбүрлеу деп аталатын, сондай-ақ адамдар өздерінің әлемін бейнелейтін әрі түсінетін тұжырымдамаларына назар аударады. Екінші жағынан, оларда тарихтағы тұлғалардың белсенді рөлі дәйекті түрде анықталады. Сонымен қатар бұл әр қоғам үшін ерекше, тарихи жеке тұлға толық бақылай алмайтын жағдайларда, тіпті егер бұл іс-әрекеттің нәтижесі әрдайым оның мақсатына толығымен сәйкес келмесе де, «өз тарихын» жасайды дегенді білдіреді.

Әрине, дербес мәтіндерді талдауға немесе тұлғалардың жеке тәжірибесі мен эмоциялық сезімін бейнелейтін дереккөздерді зерделеуге ерекше назар аударылады. Бірақ «жаңа биографиялық тарих» немесе дербес тарих, жеке сипаттағы пікірлер (хаттар, күнделіктер, естеліктер, автобиографиялар), сондай-ақ сыртқы көріністі тіркейтін жанама мәліметтерді немесе объективті ақпарат деп аталатын әртүрлі материалдарды дереккөз ретінде пайдаланады. Әлбетте, ежелгі және орта ғасырға арналған биографиялық еңбектерге, элитаның аздаған өкілдеріне қатысты құжаттардан өзге жеке сипаттағы құжаттардың болмауы биографиялық еңбектерге біраз шектеулер қояды. Мұндай мәтіндердің аздығы зерттеушілерге оларды оқып, түсінудегі қиындықтарға қарағанда әлдеқайда көп кедергілер туғызады. Мұндағы өз даусынан (және визуалды бейнесінен) айырылып қалған тарихи кейіпкер өзінің сипатын көрсете алмай, дәуірдің аясындағы көмескіленген бейне ретінде әрекет етеді. Сондықтан тарихшылардың жеке архивтердің әртүрлі материалдарына және Қайта өрлеу мен Ағарту дәуірінің көптеген әдеби ескерткіштеріне қызығушылық танытқаны түсінікті әрі заңды, дегенмен мұнда ғалымдар, негізінен, мәдени элитаның аз ғана өкілдеріне жүгінуге мәжбүр болады.

Адамның ішкі әлемі, оның эмоциялық өмірі, ақыл-ой мен рухтың ізденістері, отбасындағы туыстарымен және одан басқа жақындарымен қарым-қатынас жасауы әрдайым биографиялық зерттеулердің назарында болады. Сонымен бірге индивид қызмет субъектісі ретінде, отбасылық-туыстық топ және олардың жақындары, ресми әрі бейресми қауымдастықтар, әлеуметтік институттар мен түрлі деңгейдегі билік құрылымдары тарапынан бақылау объектісі ретінде

де әрекет етеді. Зерттеушілердің көпшілігін дәстүрлі нормалар мен әлеуметтік тұрғыдан мойындалған альтернативтік модельдердің шегінен шығып кететін қалыпты емес мінез-құлық, саналы таңдау жағдайындағы субъектінің жігерлі шешімін қажет ететін әрекеттер қызықтырады.

Ең дұрысы, зерттеушінің ойлау әрекеті жеке әрі айрықша фактіні, яғни индивидті зерделеуден басталады. Дегенмен оның қазіргі уақыт пен болашаққа ғана емес, сондай-ақ өзінің өткен дәуіріне де қатысы бар, тіпті оның өзін өткен өміріндегі жеке тәжірибесі, сондай-ақ мәдениетте көрініс табатын ұжымдық, әлеуметтік-тарихи жады қалыптастырады.

Сондықтан «жаңа биографиялық тарих» әртүрлі құжаттардың автобиографиялық құрамдас бөліктерін анықтауға, өмірбаяндағы жеке өмір тарихын талдауға ерекше мән береді.

Жалпы алғанда, қазіргі тарихи биография туралы айтар болсақ, барлық табиғи шектеулермен және күрделі эпистемологиялық қиындықтарға қарамастан, жаңартылған әрі микротарихтың принциптерімен байытылған биографиялық әдіс тиімді болуы мүмкін. Мұндай дербес тәсілдің артықшылықтарының бірі – зерттеушінің қазіргі тарихнамалық жағдайды алдына қоятын, күрделі теориялық мәселелерді тәжірибелік тұрғыдан шешуге барынша бейімделген эксперименттік алаңда «жұмыс істеуі». Негізгі сұрақтарға жауап берудің қажеттігі: не себеп болды, немен шектелді, шешімдерді таңдауға қалай бағытталды, оның ішкі себептері мен негіздемелері қандай болды? Жалпы стереотиптер мен жеке тұлғаның нақты іс-әрекеттері қалай сәйкес келді, олардың арасындағы алшақтық қалай қабылданды, сыртқы факторлар мен ішкі импульстер қаншалықты күшті әрі тұрақты болды – осының барлығы тарихшыны микроанализдің қалыптасқан дағдысынан макротарихтың зерттеу кеңістігіне қарай «итермелейді».

Әлбетте, кез келген биографияның негізгі нысаны – жеке адамның туғаннан қайтыс болғанға дейінгі өмір жолы. Алайда биографиялық талдау әртүрлі зерттеу міндеттеріне сәйкес жіктеледі. Автордың кейіпкер әлемін психологиялық тұрғыдан зерделеп, оны әлеуметтік талдаумен ұштастырған осындай тарихи биографияның тартымдылығына қарамастан, зерттеушінің әдіснамалық таңдауы әдетте әртүрлі болып келеді. Егер дихотомиялық тұрғыдан зерделесе, онда биографтың негізгі зерттеу нысаны психологиялық әлем, оның динамикасы, адамның бірегей экзистенциялық тәжірибесі (экзистенциялық биография) немесе сипатталған өмірге тарихи мән-мағына беретін әлеуметтік және мәдени жағдай («жаңа биографиялық тарих») болуы мүмкін. Бірақ эксперименттер үшін ашық кеңістікте осы екі полюстің арасында көптеген қызықты дүниелер анықталды.

## Қазіргі интеллектуалдық тарих: мәселелері және перспективалары

«Интеллектуалдық тарих» термині онымен айналысатын ғалымның жұмысының сапасын емес, зерттеудің негізгі мақсаты адам қызметінің бір аспектісі мен салаларының біріне (экономикалық немесе саяси тарихтағы сияқты) бағытталғанын көрсетеді. Өткен кезеңді зерделеуде үлкен бір бұрмалаушылықтар жоқ, әрине тарихшы өзінің кәсіби қызметіне зиян келтірмей, бір ғана мамандық

аясында шектеліп қалмайды. Алайда тарихнамада еңбекті шартты түрде бөлу мәселесі қарастырылған, оның әрбір даму кезеңінде осы процестің нәтижелері қайта қаралып, бағаланады. Өзге әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарға қарағанда, тарих пәні кейінірек қосылған тарихи танымдағы қазіргі революция тарихнама мен оның қосалқы пәндерін өзінің әдіснамалық, мазмұндық әрі пәндік негіздерін белсенді түрде қайта анықтауға жетеледі.

Осы өзгерістердің маңызын түсіну үшін пәннің тарихына назар аудару керек. Ұзақ уақыт бойы (XIX ғасырдан бастап) екі ұғым – «интеллектуалдық тарих» пен «идеялар тарихы», шын мәнінде, бір ұғымды білдіріп, негізінен, философия тарихымен сабақтастырыла қарастырылды. Америкалық белгілі философ әрі тарихшы, интеллектуалдық тарихтың классикасына айналған «*Болмыстың ұлы тізбегі: бір идеяның тарихы*» (1936) атты әйгілі кітаптың авторы Артур Лавджой (1873–1962) «идеялар тарихы» терминіне басымдық берді. Бұл оның өзіндік тәсілінің ерекшелігін көрсетті. Ол әртүрлі оқу-жаттығулар мен теориялардың құрамдас бөліктері ретінде жүйелі түрде қолданылған әмбебап «идея-блоктарды» оқшаулау мен зерттеуден тұрады. А.Лавджой «идеялар тарихы ой тарихының өзге салалары айналысқан мәселемен шұғылданады, алайда оны арнайы түрде ерекше жолмен «оқытады» деп пайымдады. Бұл аналитикалық химия әдісіне ұқсас: ол құрылымның ішіне еніп, одан құрамдас элементтерді ажыратуға бағытталған. Идеялар тарихының мұндай әдіснамасында ірі идеялық кешендер мен философиялық жүйелер тарихшының негізгі зерттеу нысанының басты тақырыбы болып саналатын идеялық бірліктерді бөлу үшін бастапқы материалға ғана айналды. Зерттеудің негізгі мақсаты – зерделенетін идеяның толық өмірбаянын жасау, сонымен қатар философия, ғылым, әдебиет, өнер, дін немесе саясат болсын, оның тарихи дамудың барлық сатылары мен интеллектуалдық өмірдің түрлі салаларындағы көріністерін сипаттау болды.

А.Лавджой интеллектуалдық өмірдің әртүрлі салаларына әсер ететін факторлардың қызықты типологиясын берді, олардың арасында мыналарды атап өту орынды. Бұл, біріншіден, «жасырын немесе айқын емес жорамалдар, көп немесе аз түрдегі бейсаналы менталдық әдеттер», яғни «формалды түрде ұсынылған немесе бекітілмеген, орнықсыз тұжырымдалған» нанымдар, «олар сыни тұрғыдан зерделеуге жатпайтын табиғи әрі өзгермейтіндей болып көрінетін ойлау тәсілдері». Екіншіден, осы «ойлау әдеттері» ықпалының салдарынан қалыптасқан ойлау барысы, индивидтің, философиялық мектептің, тұтас ұрпақтың немесе дәуірдің ой-пікірлері үстемдік ететін логикалық тәсілдер. Идеялар тарихының алдында өте күрделі міндеттер тұрды: «жаңа нанымдар мен интеллектуалдық формалардың қалай пайда болатынын әрі қалай таралатынын түсіну, белгілі бір идеялардың танымалдығы мен ықпалының өзгеруіне әсер ететін процестердің психологиялық табиғатын жариялау; мүмкіндігінше бір ұрпаққа үстемдік ететін ұғымдар адамдардың ақыл-ойының алдында билігін жоғалтады әрі өзгелерге жол береді».<sup>30</sup> Идеялар тарихының бағдарламасына тағы бір маңызды тармақ енгізілді. Ол белгілі бір идеялардың тек қана әйгілі ойшылдардың ілімдері мен пайымдарындағы көрінісін ғана емес, сонымен қатар адамдардың үлкен топтарының ұжымдық ой-пікірлерінде бейнеленуін зерттеу, сондай-ақ әртүрлі факторлардың наным-сенімдерге, ойға, алдын-ала қарсылықтарға, бейімділікке, бір немесе бірнеше ұрпақтарға тигізетін әсерін талдау. Қысқаша айтқанда, бұл

жерде кеңінен таралған және көптеген адамдардың ойының бір бөлігі болған идеялар жайында сөз қозғалып отыр.

Сонымен, мәлімделген бағдарламада интеллектуалдық тарихты тұтастай өзгертудің қажетті алғышарттары болды, алайда оны автор да, оның ізбасарлары да жүзеге асырмады. Сонымен қатар олардың еңбектері идеялардың тарихын әлеуметтік контекст деп аталатын адам белсенділігінің өзге де түрлеріне қатысы жоқ, өзінің ішкі даму логикасы бар идеяларды автономды абстракциялар ретінде зерделеу деп түсінуге негіз болды.

А.Лавджой мен оның шәкірттері негізін қалаған «Идеялар тарихы журналының» (*Journal of the History of Ideas*) нәтижесінде мұндай тәсіл бірнеше онжылдықтар бойы үстем болды. XX ғасырдың 60–70-жылдары интеллектуалдық тарих тарихнамадан шеттеп қалды. Ол теориялар мен доктриналарға назар аударғаны үшін әрі ғылымның әлеуметтік функциялары мен идеялардың әлеуметтік контекстін елемегені, «буржуазиялық элитарлығы» үшін, ұлы ойшылдар мен канондық дәстүрлерге ерекше қызығушылық танытып, жергілікті дәстүрлер мен халық мәдениетіне назар аудармағаны үшін сынға ұшырады.

Келесі кезеңде бұл әрекет қисынды негізде қарама-қарсы бағытқа бет бұрды: интеллектуалдық тарих пен әлеуметтік тарих идеясында әлеуметтік контекстің рөліне басымдық берілді. Менталдылық тарихы мен идеялардың әлеуметтік тарихы оның әртүрлі формаларында идеялар тарихын қайта зерделеуде шешуші рөл атқарды. Идеялар тарихы өзінің пәндік өрісін түбегейлі кеңейтуді білдіретін неғұрлым қолайлы термин ретінде қайта қабылдана бастады: бұл «ұлы идеялардан» бастап оқымысты адамдардың үлкен тобы қолдаған және айтқан, белгілі бір кезеңде немесе белгілі бір қоғамда қолданылатын (танымалдан эрудиттік идеяларға дейінгі) барлық идеяларды қамтыды.

Бүгінгі таңда интеллектуалдық тарих идеялардың тарихын бұзбай-ақ, тұтастай ауқымды зерттеу кеңістігін қамтып жатыр және ол бір ғана ғылыми парадигмаға негізделген бағыт емес. Сонымен қатар ықтимал теориялық-әдіснамалық перспективалардың ауқымын шектемеу әрекеті толықтай саналы позиция болып саналады. Беделді мамандар әдетте интеллектуалдық тарих қандай да бір тәсілді ұстануы керек деген пікірге қарсы шығады өйткені олардың әрқайсысы өз алдына жеткіліксіз деп тұжырымдайды. Бұл көбінесе интеллектуалдық тарихтың пәнаралық мәртебесімен және онымен өзара іргелес пәндердің арасындағы айырмашылықтармен тығыз байланысты. Өйткені қазіргі заманғы интеллектуалдық тарих өзінің «тектік» ерекшеліктерін осы уақытқа дейін сақтап келген әртүрлі құрамдас бөліктерді де қамтиды. Бұл жерде идеялар мен идеялық жүйелердің дәстүрлі философиялық негізде бағдарланған тарихы, жаратылыстану мен техника тарихы, қоғамдық, саяси, философиялық, тарихи ой жайында ғана сөз қозғалып отырған жоқ, бұлардың басым бөлігі «ішкі тарихқа» енгізіліп, жалпы тарихи контексті зерделемейтін еді. Бұл жерде өзінің басты мәселесі ретінде танымдық әрекеттің әлеуметтанулық және ұйымдастырушылық аспектілерін алған XX ғасырдың 70–80-жылдарындағы әлеуметтік-интеллектуалдық тарих туралы да сөз қозғалып отыр. Жаңа жалпы перспективаны әзірлеудің күрделі процесі постмодернистік қарсылықтың сабақтарын меңгерген және оған балама ұсынған қазіргі әлеуметтік-мәдени тәсілдің эпистемологиялық әрі әдіснамалық принциптері негізінде зерттеу тақырыбын қайта

пайымдаумен қатар жүреді: интеллектуалдық тарихтың иелігіндегі көп аумақтар «жаңа мәдени тарихтың» құрамына енеді.

Қазіргі заманғы интеллектуалдық тарихтың бастапқы алғышарттарының бірі – бір жағынан, идеялар мен идеялық кешендер тарихы, екінші жағынан, интеллектуалдық қызметтің шарттары мен нысандарының тарихы арасындағы тығыз байланысты ұғыну. Қазіргі кезеңде идеялар қозғалысы мен олардың тарихи «өмір сүру ортасын» – идеялар туындайтын, тарайтын, дамитын әлеуметтік, саяси, діни, мәдени контекстер арасындағы өзара әрекеттесуді есепке алу өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Мұндай перспективада гуманитарлық, әлеуметтік және жаратылыстану-ғылыми білім саласындағы интеллектуалдық қызмет пен процестерді олардың әлеуметтік-мәдени аясында зерттеуді өзінің негізгі міндеті деп санайтын «жаңа мәдени-интеллектуалдық тарих» жобасын жүзеге асыру туралы сөз қозғалуы мүмкін.

«Жаңа мәдени тарих» ХХ ғасырдың 70–80-жылдарының тарихнамасында қалыптасқан халықтық және ғылыми мәдениеттерді, өндіріс пен тұтынуды, мәдени мазмұн мен құндылықтарды қалыптастыру мен иеленудің қатаң қарама-қайшылығын алмастыруды, соңғысының белсенді әрі жемісті нәтижесін атап көрсетеді. Осылайша жаңа көзқарас тұрғысынан адамның субъективтігі сана мен ойлаудың категорияларын біріктіріп, оның шынайы тұтастығында көрініс табады. Дәл осы нұсқада мәдени және интеллектуалдық тарих өзара біріктіріледі. Біріншісі адамдарға өз өмірін немесе оның жекелеген аспектілерін түсінуге көмектесетін мифтерге, символдар мен тілдерге назар аударады. Екіншісі динамикалық суретті «кенепке кестелей» отырып, осы негізге интеллектуалдардың шығармашылық ойын орнықтырады.

Интегралдық ұстаным қазіргі интеллектуалдық тарихтың қолданыстағы концепцияларында әртүрлі дәрежеде жүзеге асырылады: оны кең мағынада, барлық мәдени формалардың өзара үйлесімінен құралған мәдениет тарихының бөлігі ретінде түсінуден бастап адам интеллектісін зерделеуге бағдарланған, өткеннің тамаша ойлары мен жоғары мәдениеттің мәтіндеріне ерекше назар аударған оның нысаны мен зерттеу міндеттерін қатаң түрде нақтылауға дейін іске асырылады. Ойлаудың тарихи категорияларына, адамның интеллектуалдық қызметі мен өніміне, сонымен қатар интеллектуалдық саланың тарихи дамуына (оның көркемдік, гуманитарлық-әлеуметтік, жаратылыстану-ғылыми, философиялық құрамдас бөліктерін қосқанда) деген айрықша қызығушылыққа қатысты нақтылау мәселесі мен «жаңа мәдени-интеллектуалдық тарихтың» теориялық моделі жемісті жетістіктерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Мұндай түсініктемеге – интеллектуалдық тарихтың зерттеушілік алаңына ойлаудың әртүрлі құралдарының, қорғашан орта мен социумды (яғни әртүрлі деңгейдегі интеллектуалдардың субъективтілігі) ұғынудың нақты тәсілдерін талдау мен интеллектуалдық қарым-қатынастың барлық формаларын, жолдарын, институттарын (формалды және формалды емес), сонымен қатар олардың мәдениеттің «сыртқы» әлеммен күрделі байланыстарын зерделеу тәсілдері енгізілуі мүмкін.

Бүгінгі таңда мамандар жалпы презентациялық позициямен де, интеллектуалдық тарихты мозайка принципі бойынша, яғни қазіргі интеллектуалдық кеңістіктің құрылымдарын өткен кезеңмен сабақтастыратын ғылымның тарихынан, саяси ойдың тарихынан, философия тарихынан, әдебиет тарихынан т.б.



құрастырудың мүмкіндігі туралы қарапайым түсінікпен де бөліспейді. Керісінше, институттық тұрғыдан рәсімделмеген, кәсіби қызмет түрлеріне немесе қазіргі академиялық пәндерге айналмаған өткеннің интеллектуалдық өміріндегі білімге көбірек көңіл бөлінеді. Белгілі бір мәселеге бағытталған интеллектуалдық тарих идеялар мен мәтіндердің «сыртқы» және «ішкі» тарихының, сондай-ақ олардың мазмұндары мен контекстерінің арасындағы қарама-қайшылықты еңсеруге ұмтылады. Мысалы, ғылым тарихында доктриналар мен теорияларға емес, керісінше, ғалымдардың алдында тұрған нақты мәселелерді (олардың міндеттері мен шешімдеріне енген нормалар мен тәжірибелердің барлық түрін қоса алғанда) шешуге, олардың тарапынан зерделеніп отырған жайттардың оң шешімін табуға, энциклопедиялық және оқу бағдарламаларында көрсетілген анағұрлым жалпы интеллектуалдық контексті, ұйымдастырушылық құрылымдар мен білімнің құрылымын қалпына келтіруге назар аударылады.

Өзгерістер дәстүрлі салаларда, мысалы, саяси ойдың тарихында да орын алды: әдіснамалық арсенал тек «көкпен таласқан шынды» ғана емес, өзге тарихи кезеңнің түрлі деңгейдегі интеллектуалдық жағын зерттейтін, кейде «төменгі интеллектуалдық тарих» деп аталатын тарихи-антропологиялық зерттеулердің есебінен ұлғайған болатын. Бір жағынан, бұқаралық сананың түпнұсқалығына үміткер бола алмайтын бұрынғы идеялардың қайсысы қабылданғанын және ұзаққа сақталғанын (таңдау арқылы және жүйесіз болса да) анықтауға ерекше назар аударылды. Екінші жағынан, жаңа идеялар, нақтырақ айтсақ, танымал әдебиеттер арқылы сындарлы кезеңдердегі таралу жолдары мен тәсілдері зерттелді. Бұл екі перспективалардың арасында еркіндік, теңдік, әділдік, прогресс, тирания, басқа да шешуші ұғымдар сияқты «иесіз» идеялардың тарихын зерттеуге, сондай-ақ 1980 жылдары танымал болған қандай да бір интеллектуалдық дәстүрлерді зерделеуді неғұрлым ықпалды мәтіндердің мазмұнын талдаумен шектейтін әдіске орын берілді. Алайда бұл бағыттар үнемі сынға ұшырап отырды. Саяси ойдың тарихшылары интеллектуалдық контекстің негізінде туындаған «әйгілі мәтіндер» мен олардың өзгеруіне қосқан үлестерін анықтау мақсатында идеялар, мәтіндер мен дәстүрлерді емес, саяси «тілді» немесе «тілдерді» (белгілі бір кезеңнің толық саяси сөздігін) зерттеуге назар аударды.

Діни тарихтың мысалында интеллектуалдық тарихтың барлық бағыттарында іргелес пәндермен ықпал аймағын бөлісу мәселесі қалай шешіліп жатқаны анық көрінеді. Діни тарих, бір жағынан, институт ретіндегі шіркеудің тарихы емес, екінші жағынан, ресми шіркеу доктринасының тарихы да емес, тіпті, соңғысына қарсы шыққан дінбұзар секталардың тарихы да емес. Бұл – жеке әрі топтық бағдарланудың шешуші факторларының бірі саналатын рухани және дүнияуи наным-сенімдер мен мұраттар ретінде бөлінген діни сана мен ойлау жүйесінің тарихы. Дегенмен жаңа тенденциялар интеллектуалдық тарихтың зерттеу кеңістігінің барлық аумағын қамтыды.

Білім тарихы, ғылым тарихы және пән ретіндегі тарих – қазіргі интеллектуалдық тарихтың ажырамас бөлігі. Адамзаттың ақиқатты тануға деген қарқынды қозғалысын жүзеге асыратын жаңалықтардың тарихы болған дәстүрлі ғылымның тарихына қарағанда, бүгінгі таңда ол өткеннің білімдерін тек қазіргі ғылыми ортодоксия тұрғысынан түсіндіруден бас тартады. Ғылым тарихын зерделеуде әртүрлі тәсілдер бар, бірақ негізгі тенденция интернализм (ғылымға

бағытталған) тәсілді ғылымды қазіргі қоғаммен байланыстыратын кең ауқымды тәсілмен алмастыруға бағытталған. Ғылымның жаңа тарихнамасы оны (сондай-ақ білімнің басқа да салаларын) қоғамдық қызметтің формаларының бірі және мәдениеттің бөлігі ретінде қарастырады. Ғылым мен жалған ғылым туралы түсініктің мәдени-тарихи нақтылығын мойындау, табиғи әрі ғылыми білімнің әлеуметтік және мәдени білімнен айырмашылығы туралы маңызды алғышарты болып саналатын ғылымның әлеуметтік қана емес, сондай-ақ оның мәдени тарихын да заңдастыру мәселесі жүзеге асырылды.

Жаратылыстану мен техника тарихы аса мамандандырылған пән болып қала берді және белгілі бір дәрежеде өзінің дербес жағдайын сақтап қалды. Дегенмен ол (қалай болғанда да өз бағыттарының бірінде) әлеуметтік және гуманитарлық білімнің тарихымен қатар, интеллектуалдық тарихтың маңызды бөлігін құрайды. Интеллектуалдық тарих – білімнің әрбір саласы мен формаларының (ғылымға дейінгі және ғылымның айналасындағы діни, эстетикалық білімдерді қоса алғанда) тарихи өткенін қайта қалпына келтіруге бағытталған, әрі уақыт өте келе сөзсіз өзгеріске ұшырайтын біртұтас интеллектуалдық жүйенің бір бөлігі. Сонымен қатар ол танымның іргелі принциптері, категориялары, әдістері мен мазмұнының тарихи өзгерістерін анықтауға, нақты дәуірдің рухани мәдениетінің, әлеуметтік-ұйымдастырушылық және ақпараттық-идеологиялық шарттарының жалпы контекстінде әлемнің ғылыми бейнесінің, ойлау стилінің, ғылыми зерттеулердің тәсілдері мен формаларының қалыптасуы мен даму процестерін анықтауға бағытталған.

Соңғы онжылдықтағы тарихнама үнемі дағдарыстық жағдайда деп сипатталады. Дүниежүзі тарихы ғылымы өзінің ішкі дамуындағы қордаланған мәселелермен, сондай-ақ интеллектуалдық саладағы жалпы процестермен және гуманитарлық білімнің эпистемологиялық негіздерін қайта қарауға алып келген мәдени парадигманың күйреуімен байланысты болған қайшылыққа толы ауыр кезеңді басынан өткеруде.

Тарихнаманың зерттеу бағдарларындағы өзгеріс ғылым идеалының қайта пайымдалуы және әлеуметтік-ғылыми тарихпен қоса «жаңа тарихнаманың» анағұрлым «жұмсақ» антропологиялық нұсқаларының беделінің күрт төмендеуімен қатар жүрді. Мұның барлығы ХХІ ғасырда тарих ғылымын жаңарту және одан әрі дамыту құралы ретінде тарихи зерттеулердің тәсілдерін, әдістерін, тұжырымдамалары мен модельдерін түзету мен кеңейтудің маңызды құралы ретінде әрекет ететін тарихнамалық сынның рөлін күшейтеді.

ХХ ғасырдың соңындағы тарихнамадағы бетбұрыс зерттеушілер өткен кезеңнің шындығын қаншалықты деңгейде зерделейтіні жөнінде алаңдаушылық білдіріп, шындық пен ол туралы түсініктердің арақатынасы жайында мәселе көтерді. Бірақ шындықты бұрмалайтын деректің өзі тарихилығын жоғалтпайды. Оның субъективтілігі өз уақытының мәдени-тарихи ерекшелігін, сонымен қатар белгілі бір әлеуметтік топтар мен жалпы қоғамға тән әртүрлі дәрежедегі түсініктерді көрсетеді. Деректердің субъективтілігінде олардың авторларының көзқарастары мен мүдделері, құндылықтар жүйесі бейнеленеді.

Жаңа және қазіргі тарихты зерделеу барысында бізге жеткен мәліметтердің аздығы емес, керісінше, олардың шектен тыс көптігі қиындық тудырады. Іріктеу жұмыстарын жасау қажеттігі оның (тек көлемі жағынан ғана емес, сондай-ақ

деректердің түрі мен жанры бойынша да) репрезентациясы үнемі жасала ма деген мәселені көтереді.

Қазіргі тарихшылар үшін ауызша тарихтың маңызы зор. Бұл – тарихи процес-тегі қатардағы қатысушылардың берген айғақтары. Олардың жадыларында жеке өмірлеріне қатысты оқиғалар ғана емес, сонымен қатар үлкен тарихта орын алған оқиғалар да сақталған. Оқиғаның замандасы немесе қатысушысы болған адам оқиғаны қалай қабылдайды, оларды қалай бағалайды, ақпаратты қандай жолдармен сақтайды – мұның бәрі ерекше қызығушылық туғызады. Ауызша тарих, оның қамтитын уақыты адам жадысымен (міндетті түрде жеке емес, мәселен, оның аға буын замандастарының жадысымен) шектелсе де, зор әлеуетке ие және қазіргі зерттеушілердің назарын аударып отыр. Дегенмен ауызша әңгімелер мұқият әрі жан-жақты сынауды талап етеді. Бұл куәгерлер мәліметтерді беру барысында оны саналы түрде бұрмалайды дегенді білдірмейді. Олар шындықты ақыл-ойында таразылайды, оның бұрмаланған, біржақты немесе бұлыңғыр бейнесі шынайы әңгіме ретінде жадыда сақталып қалады. Алайда куәгердің санасындағы алғашқы ақпаратты өңдеу механизмі тарихшының жұмысына кедергі болмайды.

Лингвистикалық бетбұрыстың және «жаңа интеллектуал тарихшылардың» үлкен тобының жұмысының ықпалымен тарихнама тарихы түбегейлі өзгеріске ұшырады. Ол өзінің зерттеу мәселесінің ауқымын барынша кеңейтіп, тарихшының дискурсивтік тәжірибесін зерделеуге назар аударды. Әдеби сынға бет бұрса, ол оның көшірмесі болған тарихи сынға айналады, ал одан бас тартса «орталық позицияға» жаңартылған күйінде оралып, шын мәнінде, дербес әрі құнды тарих пәні болу мүмкіндігіне ие болады.

# ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі таңдағы қоғамтану және гуманитаристикада орын алған түрлі пәндер мен қосалқы пәндердің мамандануының, ішкі жіктемесінің, бірлесуі мен бөлшектенуінің күрделі әрі қайшылықты процестері кәсіби сана алдында жаңа мәселелер қояды. Қандай да бір пәннің тарихы туралы ой-пайымдар әдетте шиеленіске толы дағдарыс кезінде белсенді бола түседі. Ол ғылыми танымның жаңа мәселелеріне ғана емес, сонымен бірге ғылымның өткеніне де қызығушылық тудырады. Сондықтан тарихтың академиялық пән ретінде өзін түсінуге деген ұмтылысы – заңды құбылыс.

Тарих – ең алдымен, қоғамның өзін-өзі тану мен бірегейлендіру тәсілі. Миф, эпос, қасиетті хикая тәрізді әртүрлі формаларға бейімделсе де, тарих әрдайым болды. Тарих тек модерн дәуірінің қоғамдарында ғана ақиқатты іздеуге бағытталған және тарихи сын мен жалпы қабылданған шынайылық критерийлеріне сүйенген рационал ғылыми білім ретінде мойындала бастады. Бірақ тарих қоғамның қажеттілігіне жауап беретіндіктен, ол үнемі қайта жазылып отырды. Бүгінгі күні тарихтың ғылым ретінде дәрменсіз күйге ұшырағанын жиі тілге тиек ететіндер оның ерекшеліктерін түсінбейді, одан өзгермейтін ақиқатты анықтауды, қоғамдық дамудың әмбебап заңдары мен оның болжамдарын күтеді.

Қазіргі кәсіби тарихнаманы және тарихи мәдениетті жаңарту мәселесі жаңаеуропалық рационализмнің дағдарысынан, классикалық детерминизмнен, әлемді жалпыға ортақ заңдылықтар призмасы арқылы көруден бас тарту талпынысынан туындады. XX ғасырдың барысында әлем бұрын-соңды болмаған қарқынмен өзгеріп отырды, осындай түбегейлі ауыс-түйістерде ғылыми прогресс айрықша рөл атқарды. Бірақ бұл өзгерістер ғылымның мәртебесіне де ықпал етті: алдымен оны қоғамдық құндылықтар жүйесінде жоғарғы орынға шығара отырып, ғасыр соңына қарай оның негізгі бағдарларына күмәнмен қарады. Бұл процестің ішкі себептері де бар. Бүгінгі таңда адамзат қызметінің ғылым деп аталатын түрінің критерийлері қайта зерделенуде. Барлық ғылымда, жаратылыстануды қоса алғанда, заңдылықтар мен тұрақтылықты талдаудың орнына жекені, бірегейлікті, кездейсоқтықты зерттеу мәселесіне ерекше назар аударылады. Дағдарыс жағдайы ғылымның философиясында да, сондай-ақ тарихқа қатысты көзқараста да орын алды. Ғылыми, діни, эстетикалық тәрізді білімнің әр алуан түрлерінің арасалмағы да өзгеріске ұшырады.

Дегенмен постмодернистік бағдарламаның қиратушы қызметі танымның жаңа жолдарын көрсетіп берді. Біртіндеп әлемнің жаңа моделі қалыптаса бастады, қазіргі әлеуметтік-гуманитарлық білім аясында ізденістер жүріп жатыр. Келмеске кеткен ескінің орнына келген тарихтың жаңа парадигмасын жасау процесі өте күрделі және қарама-қайшылыққа толы болса да, мәдениет категориясын басты орынға қойған бағыттардың жемісті даму мүмкіндіктерінің бар екені анық. Бұл алдымен міндеттерді жаңаша түсінуге, одан кейін тарихи зерттеулердің нысандық алаңындағы, концептуалдық аппаратындағы және әдіснамалық базасындағы сапалы өзгерістерге алып келеді. Осылайша барлық критерийлер бойынша жаңару немесе жаңа ғылымның қалыптасуы жүріп жатыр. Оның трансформациялық процесі ұзаққа созылып кеткен дағдарыс ретінде қабылданатыны түсінікті.

Постмодернистік интеллектуалдық бағдарлама өткен кезең туралы түсініктердің өзгеріске ұшырауы арқылы болашақтың табиғатын анықтайды. Тарихта жаңа жолдарды үнемі іздестірудің негізі – қазіргі кезеңнің өткені туралы сұрайтын сауалдардың тұрақты өзгеруіне орай өткеннің және бізге жеткен кез келген ескерткіштердің сарқылмауында. Тарихи ескерткіштерде таңбаланған өткеннің белгілерін түсіндіруге бағытталған тарихшының ойы қазіргі таңдағы алғышарттардан туындайды: тарихтың концепциясы хаостық фрагменттік материалды ұйымдастыратын күш алаңы ретінде әрекет етеді. Тарихшы мен тарихи дерек арасында үнемі әртүрлі біржақтылықтардың, жалған сенімдердің, тілдік және мәтіндік құрылымдардың тұтас қабаты бар. Тарихтың функциялары шартты түрде танымдық-аналитикалық, әлеуметтік және эстетикалық болып бөлінеді. Соңғы екеуі, шын мәнінде, тарихты жазудың әлдебір жаңа субъективті шындықты құру қабілетіне негізделген. Әртүрлі кезеңдерде аталған функциялардың біріне басымдық беріліп отырды. «Төменнен жазылған тарихтың» жақтастары тарихтың әлеуметтік функциясын күшейтті, олар тарих түрлі мақсаттары мен формалары бар белгілі бір әлеуметтік контекстің ішінде жазылады және пайдаланылады, ал оның жазылуы мен қолданылуы саяси бәсекелестіктің элементтері болып саналатынын атап өтті. Бірақ тарихты әдебиет және өнермен теңестіретін постмодернистік парадигманың жақтастарының тарихтың эстетикалық функциясына ерекше назар аударуы да айтарлықтай маңызды.

Ғылымның ішкі логикасының дамуы мен қоғамдық өзгерістері оны алаңдатпай қоймайды: жаңа деректермен толығады, ескілері қайта зерделенеді, ғалымдардың буыны ауысады, зерттеудің жаңа әдістері мен бағалау критерийлері пайда болады. Бірақ бұрынғы бағыттар мен жинақталған тәжірибе із-түссіз жоғалып кетпейді, дамудың жаңа серпіні тарихнаманың дәстүрлі мектептерінен бастау алады.

Қазіргі таңда тарих ғылым ретінде нысанын, әдістерін және мазмұнын қайта анықтаудың ең қиын әрі күрделі кезеңдерін басынан өткеруде. Бұл жаңашылдық бір жарым ғасыр бұрын қазіргі тарих ғылымының негізі қаланған кезеңнен басталған әдіснамалық серпіліс ретінде сипатталады. Зерттеу тақырыбының шексіз және үздіксіз кеңеюі тарих ғылымының өзіндік жеке пәнінің жоғалуына алып келуі мүмкін деген пікірлер айтыла бастады. Бірақ тарих барлық әлеуметтік-гуманитарлық пәндер арасындағы ең бір синтездік пән болып қала береді: олардың әрқайсысы тек қазіргі шындықтың бір ғана саласын зерделесе, тарихты өткеннің барлық аспектілері қызықтырады. Міне, сол себептен бүгінгі адам мен қоғам туралы білімнің дамуы тарихи танымның нысаны туралы біздің түсінігімізді тереңдетеді және қазіргі тарихи білімнің мазмұнын байыта түседі.

Интеллектуалдық тарихтың ең қызықты саласының бірі – тарихи сананың тарихы. Тарихты әдебиетпен біріктіру тарихи ақпаратты шығару, сақтау, және тарату тәсілдеріне және онымен айла-шарғы жасауға деген қызығушылықты арттырды. Тарихи сана ахуалының қарқыны оның кәсіби-элиталық және қарапайым-бұқаралық секілді екі деңгейінде де көрініс табады. Ғылыми дәйектеме мен әдеби репрезентация полюстері арасындағы тарихнама қозғалысының траекториясымен оның күрделі тарихының бір нұсқасы жазылуы мүмкін.

Түрлі мәдениеттер мен дәуірлер адамдарының өткені туралы түсініктерді зерделеуде тарихи қиял мәселесіне, сондай-ақ индивидтің алғашқы қауымдастықтарда



және ұлттық мектептегі білім жүйелеріндегі әлеуметтену процесі барысында қалыптасатын тарихи сананың базалық деңгейінің концепциясына айрықша назар аудару қажет. Өйткені өткен кезең адамдарының өмірлері туралы ойдан шығарылған әдеби әңгімелерден айырмашылығы – тарих сабағындағы әңгімелер әрқашан шындыққа негізделіп құрыстырылады. Оқушы тарих сабағында ақпаратты жүйелеуді, жазуды, қолдануды үйрене отырып, «жауапты тұлғалар» растаған және «бұл шын мәнінде болды» деген нақты мәліметке көз жеткізеді, осылайша оның санасына сіңірілген ақпараттық топтамалардың нәтижесінде уақыт өте келе өткеннің әлеуметтік-сараланған және саясиландырылған түсіндірмесі жасалады.

Тарихи мәдениет тарихы саласындағы зерттеулердің аталған бағыттарымен қатар, жоғарыда тілге тиек етілген «орталық позиция» тұрғысынан тарих ғылымының тарихына жаңа көзқарасты білдіру мәселесі нәтижелі болып көрінеді. Бұл жерде әңгіме дәстүрлі тарихнамалық тәсілден барған сайын алшақтай түскен және тарихи идеяларды, бағыттар мен мектептерді сипаттау мен «түгендеуден» мәдени-тарихи антропологияның немесе жаңа мәдени тарихтың принциптеріне негізделген олардың анағұрлым нәзік талдауларына көшуге ұмтылған ғылыми тарихи сын жөнінде болып отыр. Осы талдаудың басты нысаны ретінде тарихшылардың зерттеу санасы саласындағы сапалы өзгерістерді атауға болады. Мұның өзінде тарихи сын тек «соңғы өнімдерге», яғни кәсіби қызметтің нәтижелеріне ғана емес, барлық шығармашылық зертханаларға, зерттеу психологиясы мен тәжірибесіне және, жалпы алғанда, тарихшының шығармашылық мәдениетіне ерекше назар аударады.

Тарихшы тек өзінің қазіргі жалпы мәдени ортасына ғана емес, сондай-ақ «жаңа» сөзі басты болып саналатын құрылымдар мен бағыттарды анықтау тарихнамасындағы үнемі қайталанып тұратын жаңашылдық терминологиясына қарамастан, өзіндік дәстүрі бар жергілікті кәсіби мәдениетке «толығымен бойлай енеді». Дәл осы жағдайларға байланысты жаңа сапаны қалыптастыратын шарттардың бүкіл кешенін жан-жақты талдау мен анықтау қажеттігі туындайды. Бұл, сөзсіз, тарихи танымның міндеттері мен әдістеріне ғана емес, тарихты жазу тәсіліне де қатысты.

Күрделі тарихи құбылысты зерттеудің мұндай біртұтас тәсілі уақыт өте келе міндетті түрде болатын өзгерісті бастан кешірген белгілі бір интеллектуалдық жүйе, әлеуметтік-гуманитарлық білім ретіндегі тарихтың нақты формаларын дәйекті және жүйелі түрде талдауға бағытталуы мүмкін. Бұған «жаңа тарих ғылымының» тарихты проблематизациялау, дерекпен жұмыс істеудегі тарихшының белсенді рөлін мойындау, біржақты факторлық талдаудан бас тарту сияқты негізгі ұстанымдарының бірін құрайтын пәнаралық ұғымы өзгеріске ұшыраған метоморфоз фактісін мысал ретінде келтіруге болады.

Интеллектуалдық саладағы жалпы процестің құрамдас бөлігі болып саналатын тарихнамалық революция тарих ғылымының тарихындағы алғашқы әрі соңғы өзгеріс емес. Мұндай сәттерде тек ағымдағы жағдайды және ашылып отырған көкжиекті түсіну қажеттігі ғана туындамайды, сонымен қатар өткенді қайта пайымдау мен бағалауға мүмкіндік беріледі, әрине, біріншісі екіншісінен жүзеге аспайды. Кез келген қоғамда және саяси құрылымда тарихшылардың қазіргі дәуір мен оның қысылтаяң жағдайларына толықтай тәуелділігі, олардың шындыққа тереңдеп еніп кеткені анық байқалады. Сыртқы күштердің әсерінен

және қазіргі уақыттың қарқынды оқиғаларын, күрделі мәселелері мен сабақтарын зерделеу нәтижесінде оларға өздерін жетілдірген тарихнамалық дәстүрді, тарихшылардың қаншама буындары жинақтаған тәжірибе мен білімді қайта пайымдауға, өткен кезең туралы өзінің көзқарасын өзгертуге, оны танудың жаңа жолдарын іздеуге тура келеді.

Сондықтан тарихи зерттеу мәселелеріндегі өзгерістерді, жеке түсініктер мен әлеуметтік процестер контекстіндегі ғылыми тұжырымдамалардың, тәсілдердің дамуы мен өзгеруін әлеуметтік-саяси және идеологиялық қайшылықтар, сондай-ақ дәуірдің интеллектуалдық қарсылықтары ретінде жеке әрі кәсіби қабылдау призмасы арқылы қарастыру қажет. Осыған орай, тарихи ой мен тарихи білімнің тарихындағы бағалау критерийлерінің мәселесімен тығыз байланысты ғылыми объективтілік пен идеологиялық біржақтылықтың тарихнамадағы арақатынасы туралы мәңгілік әрі өзекті мәселе туындайды.

Ғылымның егемендігі қай жерде аяқталатынын және саясат пен идеология үстемдігінің қай уақытта басталатынын анықтау – күрделі міндеттің бірі. Қазіргі таңда ғылыми немесе объективті тарихтың қарсыластарының пікірлерін жиі естуге болады. Бұл сыншылардың пікірінше, тарихшылар шындығына келгенде, өткенді сипаттаумен айналысудың орнына әрқашан өз уақытының тарихын немесе өмірбаянын ғана жазады.

Бұл белгілі бір дәрежеде шындық, өйткені тарихшылардың әрбір буынының өткен кезеңді зерделеу барысында көтеретін жаңа мәселелері міндетті түрде осы ұрпақтың мүдделері мен қорқынышын бейнелейді. Сонымен қатар оптимистер скептиктерді жоққа шығармай-ақ, зерттеуші жаңа сұрақтардың жауабын бүгінгі күннен емес өткеннен іздегенге дейін, оның өз жағдайына, қоғам мен мәдениетіне деген тәуелділігін тарихи таным үшін еңсерілмейтін кедергі ретінде көрмейді.

Әрине, абсолютті объективтілік қолжетімсіз: тарихнамада қандай да бір саяси бағдар, әлеуметтік позиция, құндылықтар иерархиясы әрдайым көрініс табады. Алайда жаңа миф жасаушылыққа қарсы дәстүрлі және қазіргі тарихнаманың сыни аппаратын пайдалана отырып, шындықтың дәнін арамшөптен тазалап, жалған нәрсені анықтауға мүмкіндік беретін «ар-намыс кодексі», кәсіби нормалар мен критерийлер бар.

Тарихшы қазіргі кезең мен өткен дәуірдің арасындағы бітпейтін диалогтың белсенді делдалы бола отырып, тарихнамалық дәстүрде өзінің қолтаңбасын қалдырады. Қазіргі зерттеуші «орналасқан» әлем тоқтаусыз жылдам өзгеріп отырады, өз кезегінде, осы диалогтың шарттары мен мазмұнын өзгертеді. Күрделене түскен әрі кейбір тұстарда үзіліп кеткен өрнектердің түйінін шешу үшін жалпы заңдылықтарда емес, бірсәттік жағдайдың бірегейлігі (жағдайлардың барлық жиынтығын ескере отырып) мен мифтерді әшкерелеп, тарихи санадағы (әдеттегі және кәсіби) көнерген таптаурындарды еңсерген ғалымның шығармашылық даралығында жатқан дәнекер буынды табу қажет.

Постмодернистік қарсылықтан сабақ алған қазіргі тарихнаманың жаңа бағыттары бізге тарихи білім мен тарих ғылымының дамуын анықтаған процестерді тереңірек түсінуге, олардың кең ауқымдағы интеллектуалдық және мәдени контекстіндегі жаңа өзгерістерді анықтауға нақты мүмкіндік бере отырып, өзінің құндылығын дәлелдей алады.

# ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Февр Л.* Бои за историю. – М., 1991. – С. 22.
2. *Коллингвуд Р.* Идея истории. Автобиография. – М., 1980. – С. 235.
3. *Гуревич А.Я.* Территория историка // *Одиссей.* 1996: Человек в истории. – М., 1997. – С. 92, 94.
4. *Аристотель.* Сочинения. В 4 т. – М., 1984. Т. 4. – С. 655.
5. *Геродот.* История: В 9 кн. – Л., 1972. Кн. 1. – С. 11.
6. *Мойра* (гр. *Moirai*) – в древнегреческой мифологии: каждая из трех богинь человеческой судьбы.
7. *Тарнас Р.* История западного мышления. – М., 1995. – С. 237.
8. *Aubrey J.* Monumenta Britannica / Ed. by Fowles J., Legg R. Boston-Sherborri. 1980. P. 25.
9. *Маркс К., Энгельс Ф.* Сочинения. Издание 2. – М., 1955. Т. 3. – С. 4.
10. *Ницше Ф.* Сочинения. В 2 т. – М., 1990. Т. 1. – С. 174.
11. *Мейер Э.* Теоретические и методологические вопросы истории: Философско-исторические исследования. – М., 1911. – С. 36–37.
12. *Ключевский В.О.* Сочинения. В 9 т. – М., 1989. Т. 4. – С. 72.
13. *Лангду Ш., Сеньобос Ш.* Введение в изучение истории. – СПб., 1899. – С. 13.
14. *Лангду Ш., Сеньобос Ш.* Введение в изучение истории. – СПб., 1899. – С. 184.
15. *Февр А.* Бои за историю. – М., 1991. – С. 32.
16. *Beard Ch. A.* Written History as an Act of Faith // *American Historical Review.* 1934. Vol. 39. P. 219.
17. *Коллингвуд Р.* Идея истории. Автобиография. – М., 1980. – С. 244.
18. *Коллингвуд Р.* Идея истории. Автобиография. – М., 1980. – С. 203.
19. *Сонда.* Б. 14.
20. *Коллингвуд Р.* Идея истории. Автобиография. – М., 1980. – С. 236.
21. *Сонда.*
22. *Хейзинга Й.* Homo ludens: В тени завтрашнего дня. – М., 1992. – С. 357.
23. *Февр Л.* Бои за историю. – М., 1991. – С. 24.
24. *Сонда.* Б. 34.
25. *Февр Л.* Бои за историю. – М., 1991. – С. 25, 36.
26. *Блок М.* Апология истории. – М., 1983. – С. 12.
27. *Павлова Т.А.* Психологическое и социальное в исторической биографии // *Политическая история на пороге XXI в.: Традиции и новации.* – М., 1995. – С. 86.
28. *Утченко С.Л.* Цицерон и его время. – М., 1973. – С. 3.
29. *Бессмертный Ю.А.* Метод // *Человек в мире чувств: Очерки по истории частной жизни в Европе и некоторых странах Азии до начала нового времени / под ред. Ю.Л. Бессмертного.* – М., 2000. – С. 23.
30. *Lovejoy A.O.* The Great Chain of Being: A Study of the History of an Idea. Cambridge (Mass.), 1936. P. 7–11.

# ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР

## Негізгі

1. *Барг М.А.* Эпохи и идеи: Становление историзма / М.А. Барг. – М., 1987.
2. *Барг М.А.* Категории и методы исторической науки / М. А. Барг. – М., 1984.
3. *Биск И.* История исторической мысли в новое время / И. Биск. – Иваново, 1983.
4. *Бычков С.П.* Введение в отечественную историографию XX в. / С.П. Бычков, В.П. Корзун. – Омск, 2001.
5. *Гутнова Е.В.* Историография истории средних веков / Е.В. Гутнова. – М., 1985.
6. Историография истории нового времени стран Европы и Америки / под ред. И.П. Дементьева. – М., 1990.
7. Историография истории нового и новейшего времени стран Европы и Америки / под ред. И.П. Дементьева, А.И. Патрушева. – М., 2000.
8. Историческая наука и историческое сознание / под ред. Б.Г. Могильницкого. – Томск, 2000.
9. *Ковальченко И.Д.* Методы исторического исследования / И.Д. Ковальченко. – М., 1987.
10. *Коллингвуд Р.Дж.* Идея истории; Автобиография / Р.Дж. Коллингвуд. – М., 1980.
11. *Косминский Е.А.* Историография средних веков: V в. – середина XIX в. / Е.А. Косминский. – М., 1963.
12. *Кроче Б.* Теория и история историографии / Б.Кроче. – М., 1998.
13. *Могильницкий Б.Г.* История исторической мысли XX в. Вып. I–II / Б.Г. Могильницкий. – Томск, 2001–2003.
14. *Насонов А.Н.* История русского летописания XI – начала XVIII в. / А.Н. Насонов. – М., 1969.
15. *Немировский А.И.* У истоков исторической мысли / А.И. Немировский. – Воронеж, 1979.
16. Портреты историков: Время и судьбы. В 2 т. / под ред. Г.Н. Севостьянова, Л.Т. Мильской. – М., 2000.
17. *Про А.* Двенадцать уроков по истории / А.Про. – М., 2000.
18. *Румянцева М.Ф.* Теория истории / М.Ф. Румянцева. – М., 2002.
19. *Савельева И.М.* История и время: В поисках утраченного / И.М. Савельева, А.В. Полетаев. – М., 1997.
20. *Тош Дж.* Стремление к истине: Как овладеть мастерством историка / Дж. Тош. – М., 2000.
21. *Шапиро А.Л.* Историография с древнейших времен по XVIII в. / А.Л. Шапиро. – Л., 1982.

## Қосымша

1. *Алпатов М.А.* Русская историческая мысль и Западная Европа (XIII – первая половина XIX в.) / М.А. Алпатов. – М., 1985.
2. *Барг М.А.* От Макиавелли до Юма: Становление историзма / М.А. Барг, К.Д. Авдеева. – М., 1998.

3. *Вандалковская М.Г.* История и политика / М.Г. Вандалковская, П.Н. Милоков, А.А. Кизеветтер. – М., 1992.
4. *Вандалковская М.Г.* Историческая наука российской эмиграции: «Евразийский соблазн» / М.Г. Вандалковская. – М., 1997.
5. *Вен П.* Как пишут историю: Опыт эпистемологии / П.Вен. – М., 2003.
6. *Гене Б.* История и историческая культура на средневековом Западе / Б.Гене. – М., 2002.
7. *Гуревич А.Я.* История и сага / А.Я. Гуревич. – М., 1972.
8. *Гуревич А.Я.* Исторический синтез и «школа «Анналов»» / А.Я. Гуревич. – М., 1993.
9. *Долин В.М.* Историки Франции XIX–XX вв. / В.М. Долин. – М., 1981.
10. XX век: Методологические проблемы исторического познания. Ч. 1–2. / под ред. А.Л. Ястребицкой. – М., 2001–2002.
11. *Дербов Л.А.* Исторические взгляды русских просветителей второй половины XVIII в. / Л.А. Дербов. – Саратов, 1987.
12. *Заборов М.А.* Историография крестовых походов / М.А. Заборов. – М., 1971.
13. *Зимин А.А.* Русские летописи и хронографы конца XV–XVI вв. / А.А. Зимин. – М., 1960.
14. *Золотарев В.П.* Историческая концепция Н.И. Кареева: Содержание и эволюция / В.П. Золотарев – Л., 1988.
15. Историк в поиске: Микро и макроподходы к изучению прошлого / под ред. Ю.Л. Бессмертного. – М., 1999.
16. История ментальностей, историческая антропология / под ред. А.Я. Гуревича. – М., 1998.
17. Историческая информатика / под ред. Л.И. Бородкина и И.М. Гарсковой. – М., 1996.
18. Историческая наука России в XX в. / отв. ред. Г.Д. Алексеева. – М., 1997.
19. Историческая наука и историческое сознание / Б.Г. Могильницкий, И.Ю. Николаева, В.М. Мучник, Н.В. Карначук. – Томск, 2000.
20. Историческая наука на рубеже веков / под ред. А.А. Фурсенко. – М., 2001.
21. Историческая наука российской эмиграции 20–30-х гг. XX в. / отв. ред. М.Г. Вандалковская. – М., 1998.
22. История и историки высшей школы России: Уроки, проблемы, идеи / науч. ред. С.Н. Полторака. – СПб., 1998.
23. История и сталинизм / сост. А.Н. Мерцалов. – М., 1991.
24. История культуры стран Западной Европы в эпоху Возрождения / под ред. Л.М. Брагиной. – М., 1999.
25. К новому пониманию человека в истории: Очерки развития современной западной исторической мысли / под ред. Б.Г. Могильницкого. – Томск, 1994.
26. *Карагодин А.И.* «Философия истории» В.О. Ключевского / А.И. Карагодин. – Саратов, 1976.
27. *Кобрин В.Б.* Кому ты опасен, историк? / В.Б. Кобрин. – М., 1992.
28. *Кузнецова Т.И.* Античная эпическая историография: Геродот. Тит Ливий / Т.И. Кузнецова, Т.А. Миллер. – М., 1984.
29. *Лурье Я.С.* Общерусские летописи XIV–XVI вв. / Я.С. Лурье. – Л., 1976.
30. Мир историка: XX век / под ред. А.Н. Сахарова. – М., 2002.
31. *Мягков Г.П.* Научное сообщество в исторической науке: Опыт «русской исторической школы» / Г.П. Мягков. – Казань, 2000.



32. *Нечкина М.В.*, В.О. Ключевский: История жизни и творчества / М.В. Нечкина. – М., 1974.
33. *Пештич С.Л.* Русская историография XVIII в. Ч. I–III / С.Л. Пештич. – Л., 1961–1971.
34. *Погодин С.Н.* «Русская школа» историков: Н.И. Кареев, И.В. Лучицкий, М.М. Ковалевский / С.Н. Погодин. – СПб., 1997.
35. *Поляков Ю.А.* Историческая наука: Люди и проблемы / Ю.А. Поляков. – М., 1999.
36. *Приселков М.Д.* История русского летописания XI–XV вв. / М.Д. Приселков. – СПб., 1996.
37. Проблемы исторического познания / под ред. Г.Н. Севостьянова. – М., 1999.
38. *Рамазанов С.П.* Кризис в российской историографии начала XX в. Ч. 1–2 / С.П. Рамазанов. – Волгоград, 1999–2000.
39. *Реизов Б.Г.* Французская романтическая историография / Б.Г. Реизов. – Л., 1956.
40. *Репина А.П.* «Новая историческая наука» и социальная история / А.П. Репина. – М., 1998.
41. Россия в XX в.: Судьбы исторической науки / под ред. А.Н. Сахарова. – М., 1996.
42. *Сафронов Б.Г.* Историческое мировоззрение Р.Ю. Виппера и его время / Б.Г. Сафронов. – М., 1976.
43. *Сафронов Б.Г.* Вопросы исторической теории в работах М.С. Корелина / Б.Г. Сафронов. – М., 1984.
44. *Сафронов Б.Г.*, Н.И. Кареев о структуре исторического знания / Б.Г. Сафронов. – М., 1995.
45. *Севостьянова А.И.* Русская провинциальная историография XVIII в. / А.И. Севостьянова. – М., 1998.
46. *Сидорова Л.А.* «Оттепель» в исторической науке: Советская историография первого послесталинского десятилетия / Л.А. Сидорова. – М., 1997.
47. *Синицын О.В.* Неокантианская методология истории и развитие исторической мысли в России в конце XIX – начале XX в. / О.В. Синицын. – Казань, 1998.
48. Советская историография / под ред. Ю.Н. Афанасьева. – М., 1996.
49. *Соколов А.Б.* Введение в современную западную историографию / А.Б. Соколов. – Ярославль, 2002.
50. *Уайт Х.* Метаистория: Историческое воображение в Европе XIX в. / Х.Уайт. – Екатеринбург, 2002.
51. *Хвостова К.Д.* Проблемы исторического познания в свете современных междисциплинарных исследований / К.Д. Хвостова, В.К. Финн. – М., 1997.
52. *Шмидт С.О.* Путь историка: Избранные труды по источниковедению и историографии XVIII в. / С.О. Шмидт. – М., 1997.

## Альманахтар

1. Диалог со временем: альманах интеллектуальной истории. Вып. 1–11. – М., 1999–2003.
2. Казус: Индивидуальное и уникальное в истории. Вып. 1–5. – М., 1996–2003.
3. Одиссей: Человек в истории. М., 1989–2003.
4. Теоретические проблемы исторических исследований. Вып. 1–4. – М., 1998–2002.
5. THESIS: Теория и история экономических и социальных институтов и систем. Вып. 1–6. – М., 1993–1994.

## **«Тарих ғылымының тарихы» пәні және іргелес пәндер бойынша жарыққа шыққан жаңа басылымдар**

1. *Историография истории России: учебное пособие для академического бакалавриата / А.А. Чернобаев [и др.]; под ред. А.А. Чернобаева. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Издательство Юрайт, 2017.*
2. *Наумова Г.Р. История исторической науки. Историография истории России в 2 ч. Часть 1: учебник для академического бакалавриата / Г.Р. Наумова. – М.: Издательство Юрайт, 2017.*
3. *Наумова Г.Р. История исторической науки. Историография истории России в 2 ч. Часть 2: учебник для академического бакалавриата / Г.Р. Наумова. – М.: Издательство Юрайт, 2017.*
4. *Репина Л.П. История исторического знания: учебник для академического бакалавриата / Л.П. Репина, В.В. Зверева, М.Ю. Парамонова; под общ. ред. Л.П. Репиной. – 4-е изд., испр. и доп. – М.: Издательство Юрайт, 2017.*
5. *Соколов А.Б. История исторической науки. Историография новой и новейшей истории: учебник для академического бакалавриата / А.Б. Соколов. – 2-е изд., испр. и доп. – М.: Издательство Юрайт, 2017.*
6. *Соколов А.Б. История исторической науки. Современные западные направления: учебное пособие для академического бакалавриата / А.Б. Соколов. – 2-е изд., испр. и доп. – М.: Издательство Юрайт, 2017.*

## АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

*Репина Лорина Петровна* – тарих ғылымдарының докторы, профессор, РҒА корреспондент-мүшесі. РҒА Жалпы тарих институты директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары, Ресей мемлекеттік гуманитарлық университеті филология және тарих институты тарих-филология факультеті гуманитарлық білім теориясы мен тарихы кафедрасының меңгерушісі, «Жоғарғы экономика мектебі» ұлттық зерттеу университеті А.В. Полетаев атындағы гуманитарлық тарихи-теориялық зерттеулер институты идеялар тарихы және білімнің әлеуметтануы орталығының аға ғылыми қызметкері.

*Зверева Вера Владимировна* – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент. РҒА Жалпы тарих институты интеллектуалдық тарих орталығының аға ғылыми қызметкері.

*Парамонова Марина Юрьевна* – тарих ғылымдарының докторы. РҒА Жалпы тарих институты тарихи және мәдени антропология орталығының жетекші ғылыми қызметкері.

### *Рецензенттер:*

Қазан мемлекеттік университеті тарих факультеті тарихнама және деректану кафедрасы.

*Т.А. Артеменкова* – педагогика ғылымдарының докторы. Өнер, мәдениет және туризм қызметкерлерін қайта даярлау академиясы көркем білім беру кафедрасының меңгерушісі.

## КІТАПТЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ БАСЫЛЫМЫН ӘЗІРЛЕГЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТОП

Аудармашы – *Ұстағалиев Ернар Опағалиұлы*, Сулейман Демирел университетінің құқық және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті әлеуметтік ғылымдар кафедрасының аға оқытушысы, тарих ғылымдарының магистрі. XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ-орыс қатынастары, қазақ даласындағы әскери өнер мәселелерін зерттеп жүр.

Әдеби редактор – *Мұхамедиев Дәурен Бақдәулетұлы*, филология ғылымдарының кандидаты. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. Қазақ әдебиетінің тарихы, абайтану, әуезовтану мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуда. «Абайтанушы» (2013) атты монография мен «Сан қырлы ғалым» (2014) әдеби зерттеу еңбегінің авторы.

Ғылыми редактор – *Көкебаева Гүлжаухар Кәкенқызы*, тарих ғылымдарының докторы, профессор. Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты дүниежүзі тарихы бөлімінің меңгерушісі. Тарих ғылымының негізгі салаларының бірі – Батыс елдерінің қазіргі заман тарихының жетекші маманы.

Жоғары оқу орындарына арналған «Германия – Россия – СССР: политика, война и плен» (2009), «Новейшая история стран Европы и Америки. 1918–1945» (2012), «Польша – Қазақстан: тоғысқан тағдырлар» (2012) атты монографияларының, «Еуропа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы (1918–2014)» (2015), «Новейшая история стран Европы и Америки. 1945–2015» (2016) оқу құралдарының, жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған «Дүниежүзі тарихы» (2018), «Всемирная история» (2018) оқулықтарының авторы.



ҚР БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ  
ТАПСЫРЫСЫ БОЙЫНША АУДАРЫЛЫП БАСЫЛДЫ

Репина Лорина Петровна  
Зверева Вера Владимировна  
Парамонова Марина Юрьевна

# ТАРИХИ БІЛІМ ТАРИХЫ

АКАДЕМИЯЛЫҚ БАКАЛАВРИАТҚА АРНАЛҒАН ОҚУЛЫҚ

Жалпы редакциясын басқарған Л.П. Репина

4-басылым



Редакторы *Д. Мұхамедиев*  
Корректоры *Н. Тыныбаева*  
Дизайнын әзірлеген  
және беттеген *М. Әмірайым*

Басуға 10.02.2020 ж. қол қойылды. Офсеттік басылым.  
Қаріп түрі «PT Serif». Пішімі 70x100<sup>1</sup>/<sub>16</sub>.  
Көлемі: 14,75 б.т. Таралымы 10 000 дана.  
Тапсырыс № 185

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,  
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.  
E-mail: [priemn1@dauir.kz](mailto:priemn1@dauir.kz), [zakaz@dauir.kz](mailto:zakaz@dauir.kz)